Том 14

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

14 ТОМ

Сентябрь 1906 — февраль 1907

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1976

ЗК 2
Л 40

Л $\frac{10102-116}{401(07)-76}$ 3—76

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының он төртінші томына оның 1906 жылғы сентябрьден 1907 жылғы февральға дейін жазған шығармалары кіреді.

Россияда бұл кезге дейін қалыптасқан саяси жағдай революцияның онан әрі құлдырап, контрреволюция шабуылының өрістеуімен сипатталды. I Дума таратылып, Свеаборгта және Кронштадтта болған июль көтерілістері жаныштралғаннан кейін патша үкіметі қуғындау әрекеттерін күшейтті, революцияшыл жұмысшылар мен шаруаларды жазалау үшін әскери-дала соттарын құрды. Үкіметтік және буржуазиялық реакцияның біріккен күштері ең алдымен пролетариатқа және оның революциялық авангарды — большевиктер партиясына шүйлікті. Капиталистер жаппай локаут арқылы жұмысшы табына қарсы батыл шабуылға шықты. Өнеркәсіптегі депрессия, үкіметтің жұмысшыларды қудалауы стачкалық қозғалыстың бәсеңдеуіне әкеп соқты. 1906 жылдың соңғы тоқсанында стачкашылар саны 63 мыңға дейін кеміді, бұл сол жылдың екінші тоқсанындағы стачкашылар санының 13 процентіне тең еді. Мұнымен бір мезгілде шаруалар қозғалысының құлдырауы да байқалды: май — августа бұл қозғалыс 250 уезді қамтыса, сентябрь — декабрьде 72 уезді ғана қамтыды.

Буржуазиялық-демократиялық революция басылуға айналды, бірақ ол әлі біржолата жаныштралып біткен жоқ-ты. Россияның күреске шыққан еңбекшілер бұ-

қарасы ұрыс жүргізе отырып шегінді. Революция қайтуға айналған күрделі жағдайдың өзінде революциялық қозғалыстың ішінара жанданғаны байқалды, жұмысшылар мен шаруалар шегінуді тоқтатуға әрекет жасап көрді. Ленин, большевиктер өзгерген жағдайды жаңа революциялық өрлеу алдындағы уақытша толастау деп бағалады.

Патша үкіметінің қуғындауынан бой тасалаған Ленин бұл кезде Финляндияда тұрады және партияға басшылық ету жөнінде үлкен жұмыс жүргізеді. Ол партияның Петербург комитетінің жұмысына бағыт сілтеп отырады, басқа комитеттермен де байланыс жасайды, партия конференциялары мен кеңестерінде сөз сөйлейді, большевиктік құпия және жария баспасөзге басшылық етеді.

Том «Партизан соғысы» деген мақаламен ашылады; мұнда Ленин Россиядағы революцияның тәжірибесін талдай отырып, революциялық қозғалыстың әр түрлі формаларын — жұмысшылардың бытыранды экономикалық стачкаларынан бастап Бүкіл россиялық саяси стачкаға дейінгі, бейбіт парламенттік күрестен бұқаралық қарулы көтеріліске дейінгі формаларын жинақтап қорытындылады. Ленин бұл еңбегінде революциялық күрестің формалары туралы мәселені қарастырғанда әрбір марксист басшылыққа алуға тиісті аса маңызды қағидаларды тұжырымдады. Ленин марксизм революциялық қозғалысты қандай болсын белгілі бір формамен ғана шектемейтінін, ал күрестің мейлінше алуан түрлі формалары бар деп білетінін, бұл күрес формаларының алуан түрлілігін бұқараның революциялық қозғалысы мен саяси саналылығының өсуі, экономикалық және саяси жағдайдың шиеленісуі анықтайтынын көрсетіп берді. Ленин күрестің формалары туралы мәселені нақты-тарихи тұрғыдан алып қарау қажеттігі жөніндегі маңызды маркстік қағиданы ашып көрсетті. Осымен байланысты ол пролетариаттың қарулы күресінің бір формасы саналатын партизан соғысына терең талдау жасады. Батыс европалық оппортунистер сияқты, революциялық партизан соғысын анархизм, бланкизм, терроризм, бұқарадан қол үзген жекелеген

адамдардың жұмысшы қозғалысына іріткі салатын әрекеттері деп жариялаған меньшевиктердің партизан соғысына көзқарасын Ленин мейлінше қатты сынады. Ленин партизан соғысының терроризммен ортақ ештеңесі де жоқ, өйткені оны заговоршы-интеллигенттер жүргізбейді, ұйымдасқан жауынгер-жұмысшылар жүргізеді деп атап көрсетті. Партизан соғысына берілген меньшевиктік бағаның либералдық-буржуазиялық мәнін әшкерелей келіп, Ленин меньшевиктер партизан күресіне басшылық етуден социал-демократтарды бұрып әкетуге тырысқанын, революциялық қозғалысқа іріткі салатын партизандық қимылдар емес, керісінше ұйымдаспағандық, бұл қимылдарға шалағай басшылық етушілік екенін көрсетіп берді. Соғысуды үйрене білу керек, деп жазды Ленин. Сонық өзінде ол пролетариат партиясы еш уақытта партизан соғысын күрестің бірден-бір немесе басты құралы деп есептемейтінін, партизан соғысы күрестің басқа формаларына бағындырылуы тиістілігін ескертті. Халықаралық жұмысшы қозғалысы үшін, ұлттық тәуелсіздік және демократия үшін күресіп жатқан пролетарлық партиялар үшін Лениннің «Партизан соғысы» деген мақаласының зор маңызы бар.

1906 жылдың жазында патша үкіметі өзінің үмітін ақтай алмаған I Мемлекеттік думаны таратып жіберді де, таяу уақытта II Думаны шақырмақшы ойы бар екенін жариялады. Жаңа жағдайда большевиктер II Думаға қатысып, оның трибунасын революциялық үгіт жүргізу және самодержавие мен контрреволюциялық буржуазияны әшкерелеу мақсатына пайдалануды ұйғарды.

Революциялық социал-демократияның парламенттік күреске көзқарасы туралы мәселенің ерекше маңызы бар еді. Лениннің бұл мәселені жан-жақты талдап шешуі марксизм теориясына қосылған ірі үлес болды. Томға енгізілген бірқатар мақалаларда, әсіресе «Социал-демократия және сайлау келісімдері» деген мақалада, Ленин большевиктер күрестің парламенттік формасын пайдалану қажеттігін мойындай отырып, оны жұмысшы қозғалысының жалпы мүдделері мен рево-

люциядағы пролетариаттың ерекше міндеттеріне бағындыратынын, парламенттік күресті бұқараны саяси ағарту және самодержавие мен буржуазияның саясатын әшкерелеу құралы ретінде пайдаланатынын түсіндіріп берді. Батыс европалық мемлекеттерден өзгеше, Россияда конституция болмады, орныққан парламенттік режим жоқ еді, бүкіл өкімет билігі патша үкіметінің қолында болды. Сондықтан Ленин самодержавие жағдайында помещиктер мен буржуазияның қолынан өкіметті парламенттік жолмен тартып алуға болмайды деп атап көрсетті. Большевиктердің міндеті халықтың қалың бұқарасының революциялық күресі бұрынғысынша күрестің басты формасы болып қалатынын жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіру еді. Парламентаризмді қандай жағдайда болмасын саяси күрестің бірден-бір және басты құралы деп есептеген меньшевиктердің «парламенттік кретинизмін» большевиктер аяусыз әшкереледі.

Ленин партияны өзінің тактикасын дұрыс анықтап алу үшін саясатта әрекет істеуші барлық күштердің тенденциясын қатаң есептеп отыруға үйретті. Революцияның барысында таптардың арақатынасының өзгеруі, думалық күрестің қиын жағдайы социал-демократиядан пролетарлық емес партияларға өзінің көзқарасын айқын белгілеп алуды талап етті. «Орыс саяси партияларын жіктеу тәжірибесі», «Мемлекеттік жаңа төңкеріс әзірленіп жатыр!», «Петербургтегі сайлауда қалай дауыс беру керек?» деген және басқа мақалаларында Ленин революцияның нәтижесінде қалыптасқан таптық күштердің қалай орналасқанын және әр түрлі таптар мен партиялардың ұмтылатын шын талаптары мен мүдделерін көрсетіп берді. Россиядағы неғұрлым елеулі саяси партияларға ғылыми тұрғыдан таптық сипаттама бере келіп, Ленин революциялық социал-демократияның өзінің құрамы жағынан да, өзінің аса ұстамды пролетарлық көзқарасы жағынан да бір өзі ғана саналы және күресуші пролетариаттың партиясы болып табылатын, еңбекшілердің мүдделерін қорғайтын бірден-бір жұмысшы партиясының айрықша ролін ерекше атап көрсетті.

Лениннің шығармаларында «еңбек» партияларын (Еңбек тобы, эсерлер, энестер) сипаттауға үлкен орын берілген. Ленин Россия секілді ұсақ буржуазиялық, шаруалар елінде саяси тұрлаусыздығы ұсақ буржуазияның тұрлаусыз жағдайын бейнелейтін, идея жағынан тұрақсыз ұсақ буржуазиялық «еңбек» партияларының құрылуы сөзсіз екенін көрсетіп берді. Пролетарды ұсақ өндірушімен қосып жіберуге, олардың арасындағы таптық айырмашылықтарды бүркемелеуге, тек шаруаларға ғана сүйенуге тырысушылық мұндай партияларға тән нәрсе. Трудовиктердің негізгі бұқарасы жер үшін, демократия үшін помещиктермен және патша самодержавиесімен күреске шықты, бірақ та бұл күреске сеніммен шықпады, либерал-монархиялық буржуазияның ықпалына оңай беріліп кетіп отырды. «Еңбек» партиялары қандай болсын бір тұрақты және бұқаралық ұйым құра алған жоқ және де дербес әрекет те жасай алмады. Россиядағы революцияның немен тынуы көбіне-көп ұсақ өндірушілердің саяси әрекетіне байланысты екенін атап көрсете келіп, Ленин пролетарлық партияның ұсақ буржуазиялық партиялар жөнінде дұрыс тактика ұстауына зор маңыз берді, большевиктерді оларға пролетарлық рухта барынша ықпал жасап отыруға шақырды.

Ленин революциялық-демократиялық күштердің бірлігін бұзуға, сөйтіп революцияны құртып бітіруге тырысқан либерал-монархиялық буржуазияның партиясы — кадеттерді ерекше күшті әшкереледі. Кадет дегеннің кәдімгі буржуазиялық интеллигент және либерал помещик екенін, оның барлық ниеті буржуазиялық тәртіптерді мәңгі-бақи сақтап қалуға, монархиямен жең ұшынан жалғасу арқылы революцияны тоқтатуға бағытталғанын көрсетіп берді Ленин. «Демократиялық бостандықтар» туралы екіжүзділікпен даурыққан және патша үкіметімен астыртын келісім жасаған кадеттердің сатқындық, контрреволюциялық саясаты революцияның барысында біржолата анықталды. «Столыпиннің әскери-далалық жазалаулары мен кадеттердің «реформалары», бұл екеуі — бір езушінің екі қолы»,— деп жазды Ленин (Шығармалар, 12-том, 200-бет). Ленин

пролетариаттың аса маңызды міндеті орыс революциясының осы бір «көзі ашық» сатқындары — кадеттердің жалған демократизмін аяусыз әшкерелеу болып табылады деп есептеді. Ленин капиталистік елдердің бәрінде де буржуазиялық саясатқұмарлар сайлау алдында батыл ұрандар мен программалар ұсынады да, сайлау өткен күннің ертеңіне-ақ бәрін ұмытып, халықты әрдайым алдайды деп көрсетті. Олар өздерін *«тек бір ғана мақсат үшін,* көбірек дауыс алып, халықты алдап кету үшін өздерін либерал деп те, прогрессист деп те, демократ деп те, тіпті «радикал-социалист» деп те атайды» (осы том, 156-бет).

Ленин оңшыл партияларға — октябристер мен қаражүздіктерге дәл және толық сипаттама берді. Ол кәдімгі октябрист — ірі кәсіпкер-буржуа екенін, ол буржуазиялық қоғамның идеологы емес, қайта оның тікелей қожасы екенін көрсетті. Капиталистік қанаушылыққа нағыз тікелей мүдделі октябристер кадеттерге тән «демократизмге» дәме атаулының қайсысын болсын лақтырып тастай береді. Патша өкіметінің шексіз үстемдігін қорғаушылық оларды халықтың ашық жауы — қаражүздіктермен топтастырады. Қаражүздіктер, деп жазды Ленин, әскери-дала соттары үкіметінің тікелей қорғаушылары болып табылады, олар орыс халқының қараңғылығын, надандығын және қорғалақтығын сақтап қалу үшін бар күшін салып күреседі. Россиядағы саяси партиялардың құрылу процесі мен қызметі буржуазиялық-помещиктік партиялардың халыққа қарсы сипаты жөніндегі маркстік қағиданы тамаша дәлелдеп берді.

Томның негізгі мазмұны Лениннің II Мемлекеттік дума сайлауы науқаны кезіндегі большевиктік тактиканы дамытып, нақтылаған және меньшевиктердің оппортунистік тактикасын қатты сынаған шығармаларынан құралады. Бұл шығармаларға мыналар жатады: «Кадеттермен блок жасасу туралы», «Үкіметтің Думаның өңін айналдыруы және социал-демократияның міндеттері», «Саяси жағдай және жұмысшы табының міндеттері», «Дума сайлауына буржуазиялық партиялар мен жұмысшы партиясы қалай қарайды?» деген мақалалар,

«Социал-демократия және Дума сайлауы», ««Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң»... (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)» деген кітапшалар және басқалар. Ленин бұл еңбектерінде сайлау науқаны екі тактикалық бағытты: революциялық және оппортунистік бағытты айқын бейнелегенін көрсетіп берді. Большевиктер өздерінің сайлау науқанындағы міндеті патша өкіметін құлату жолында күресу қажеттігі туралы партияның программалық қағидаларын бұқараға түсіндіру болып табылады деп есептеді. Большевиктердің Дума жөніндегі тактикасы жалпы демократиялық күресте пролетариаттың гегемондықты жеңіп алуына бағытталды. Большевиктер сайлау науқанына қатысудың жетекші принципі революцияшыл пролетариат партиясының ұйымдық және идеялық дербестігін сақтау болып табылады деп санады. Ленин бұқараның ілтипаты мен сенімін социал-демократия жағына шынымен мықтап бұрудың ең таңдаулы құралы тура, принципті саясатта деп білді. Солқылдақ, тұрлаусыз ұсақ буржуазиялық демократияны пролетариат тек өзінің дербестігімен, ұстамдылығымен және беріктігімен ғана өз жағына тартып ала алатын еді.

Дума сайлауы кезінде партияның толық дербестігін қорғай отырып, Ленин «солшыл блок» тактикасын, сайлау кезінде және Думаның өзінде революциялық пиғылдағы шаруалар мен қала ұсақ буржуазиясының едәуір топтарын ол кезде соңынан ерткен партиялар ретіндегі трудовиктермен және эсерлермен уақытша келісімдер жасасу тактикасын ұсынды. «Солшыл блок» тактикасын жүргізу арқылы большевиктер деревня мен қаланың демократиялық элементтерін либерал буржуазияның ықпалынан босатып алып, бұқаралық халықтық қозғалыстың бастаушысы болу міндетін алдарына қойды. «Солшыл блоктың» лениндік идеясы 1905—1907 жылдардағы революцияның сипаты мен қозғаушы күштеріне берілген жалпы бағадан туды; бұл революция буржуазия шеттетілген жағдайда пролетариат шаруалармен одақтаса отырып жасайтын буржуазиялық-демократиялық революция еді. «Пролетариат және оның орыс революциясындағы одақтасы», «Жұмысшы пар-

тиясының міндеттері және шаруалар» деген мақалаларында Ленин жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту большевиктік сайлау тактикасының негізі болуға тиіс деп көрсетті.

Ленин II Дума сайлауында «солшыл блок» тактикасын дұрыс, принцип жағынан ұстамдылықпен іске асыруға көп көңіл бөлді. Сайлаудың алғашқы сатысында большевиктер басқа партиялармен ешқандай келісімдерге жол берген жоқ. Пролетарлық партия сайлауда бұқара алдында дербес әрекет жасауға тиіс, деп атап көрсетті Ленин. Большевиктер орындарды бөлісу үшін және тек қарулы көтерілістің қажеттігін мойындайтын, демократиялық республика үшін күресуші партиялармен ғана сайлаудың екінші сатысында (уәкілдер және сайламшылар жиналыстарында) ғана ішінара келісімдер жасауға жол берді. Халықтық немесе «еңбек» партиялары жөніндегі большевиктердің саясатын негіздей келіп, Ленин бұл партиялармен бірлесіп әрекет жасау большевиктік программа мен тактикадан қандай болса да шегінушілікке ешқандай мүмкіндік бермеуге тиіс, келісімдердің идеялық-саяси мазмұны социалистік мақсаттарды, пролетарлық партияның тиянақты таптық позициясын дәйектілікпен қорғау болуға тиіс деп үзілді-кесілді атап көрсетті.

Кейініректе, 1920 жылы, большевиктік партияның тәжірибесін талдай және жинақтай келіп, Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында большевиктер тактикасының икемділігін, олардың «өзімізге тіпті мейлі уақытша, солқылдақ болса да, берік емес, сенімді емес, шартты одақтас болса да бұқаралық одақтасты тауып алу» (Шығармалар, 31-том, 57-бет) мүмкіндігінің қандайын болса да, тіпті ең кішкентайын да пайдалана білгенін атап көрсетті.

Томға енгізілген шығармаларында Ленин II Мемлекеттік дума сайлауы кезіндегі меньшевиктердің сатқындық, оппортунистік тактикасын бастан-аяқ біртіндеп әшкерелейді. Ленин меньшевиктердің тактикасы жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар бұқарасының күштеріне, орыс революциясының жеңетіндігіне сенбеушіліктен туғанын көрсетіп берді. Меньшевиктер Думаға

барғанда революцияны одан әрі өрістету жолында күресу үшін барған жоқ, онда «заң шығару» жұмысымен шұғылдану үшін барды, Думаны патша үкіметін тежей, ауыздықтай алатын мекеме деп есептеді. Олар қаражүздік партиялардың күшейіп кету қаупін желеу етіп, сайлау науқанында кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин кадеттермен блок жасасу қажеттігі туралы меньшевиктердің айтқан дәлелдерінің мүлдем дәйeксіздігін әшкереледі. Сайлау науқаны оңшыл партиялардың еңбекшілер бұқарасы арасында беделі жоқ екенін көз жеткізе дәлелдеді. Реакцияның бұқараға идеялық ықпалының күші мен өміршеңдігінің себебі қаражүздік ықпалдан гөрі кадеттік ықпалда болатын. Сондықтан, реакцияны іс жүзінде талқандау үшін, деп көрсетті Ленин, революциялық пролетариат партиясы бұқараны кадеттердің идеялық ықпалынан босатып алуға тиіс.

Пролетариат пен либерал буржуазияның сайлау науқанындағы міндеттері арасындағы түбегейлі таптық айырмашылықтарды меньшевиктердің бүркемелеуге тырысқан әрекеттерін Ленин әшкерелеп берді. Ол меньшевиктер Думаға кадеттерді өткізе отырып, қаражүздік қауіппен күреспейтіні былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, бұл қауіптің шын мәнін көлеңкелей түсетінін көрсетті. II Мемлекеттік дума сайлауы кезіндегі меньшевиктердің тактикасы олардың I Думада кадеттерді қолдау жөніндегі тактикасының жалғасы болды; бірінші Думада кадеттер думалық, яғни кадеттік, министрлік құру ұранын ұсыну арқылы бұқараны конституциялық жалған үміттермен аздырған болатын. Ленин меньшевиктердің кадеттік министрлік ұранын қолдауы, сондай-ақ кадеттермен тікелей блок жасасуды қорғауы революциялық күрестен бас тарту, революцияға басшылық жасауды либерал-монархиялық буржуазияның қолына беріп қою болды деп көрсетті. Меньшевиктердің саясаты, деп жазды Ленин, айбынды саясат емес, «конституциялық-ойыншық шайқас, парламенттік кретинизм» (125-бет).

Томға енгізілген еңбектерінде Ленин оппортунизмнің шын мәнісін, оның дағдылы және тән белгілерін терең

ашып көрсетті. «Оппортунизм дегеніміз,— деп жазды ол,— партияның ұзақ уақыт бойғы және өзекті мүдделерін оның бір сәттік, өткінші, екінші дәрежелі мүдделеріне құрбан ету деген сөз» (40-бет). Лениннің оппортунизмге қарсы бағытталған шығармалары коммунистік және жұмысшы партияларына осы күнгі ревизионизмнің мәнісін әшкерелеп, оның барлық көріністеріне қарсы күресуге көмектеседі.

Лениннің 1906 жылғы ноябрьде Таммерфорста өткен РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясында, сондай-ақ Петербург партия ұйымының конференцияларында жасаған баяндамасы мен сөйлеген сөздері осы томға кіргізілді; олар меньшевиктердің оппортунистік бағытына қарсы большевиктік партияның II Дума сайлауы науқанындағы маркстік тактика мен саясат жолындағы табанды күресін ашып көрсетеді. РСДРП екінші конференциясы делегаттарының көпшілігін жергілікті партия ұйымдары сайлаған жоқ, керісінше меньшевиктік Орталық Комитет іріктеп алғанды. Конференцияда меньшевиктердің басым болуының себебі осыдан еді. Ленин конференцияда кадеттермен келісім жасасуға қарсы, большевиктік бағытты қорғап сөз сөйледі. Конференция қабылдаған меньшевиктік қарарға қарама-қарсы, Ленин конференцияның 14 делегаты атынан «Ерекше пікір» ұсынды. Маңызы большевиктік платформамен бара-бар бұл документте сайлау науқанындағы революциялық социал-демократияның негізгі міндеттері мен ұрандары қысқаша тұжырымдалған болатын. Ленин жұмысшылар мен шаруалардың түбегейлі талаптарын жүзеге асыру үшін Думаның мүлде жарамсыздығын, нақты өкімет билігі патша үкіметінің қолында қалып отырғанда саяси бостандықтарды жеңіп алу мүмкін емес екенін халыққа түсіндіруді ұсынды. Большевиктердің «Ерекше пікірінде» тек қарулы көтеріліс жолымен ғана самодержавиені құлатуға болатыны атап көрсетілді. «Кадеттермен блок жасасу туралы» және «Кадеттенуші социал-демократтармен күрес және партиялық тәртіп» деген мақалаларында Ленин кадеттермен блок жасасу жөніндегі меньшевиктік қарарды мінеп, бұл қарар жұмысшы партиясының оппортунистік

қанаты ретіндегі меньшевиктердің бет-бейнесін айқын әшкерелегенін көрсетті.

1907 жылы январьда Ленин РСДРП Петербург ұйымының жалпы қалалық және губерниялық конференциясында баяндама жасады; бұл конференция II Мемлекеттік дума сайлауы кезіндегі сайлау келісімдері туралы мәселені шешуге тиісті еді. Кадеттермен блок жасасуды конференцияның қабылдамайтындығына көздері жеткен соң, меньшевиктер конференцияны тастап кетті. Алайда конференция жұмысын одан әрі жүргізе берді. Ленин өзінің сөйлеген сөзінде меньшевиктердің оппортунистік тактикасын қатты сынады және революцияны одан әрі дамыту мақсатында қаражүздіктер мен кадеттерге қарсы күресуге бұқараны ұйымдастыру үшін «еңбек» партияларымен уақытша келісім жасасу қажеттігін атап көрсетті.

«Социал-демократия және Дума сайлауы», «Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» деген кітапшаларында, «Жұмысшы партиясының Петербургтегі сайлау науқаны», «Социал-демократияның Петербургтегі сайлау науқаны», «31 меньшевиктің аразылығы» деген және басқа мақалаларында Ленин меньшевиктердің іріткі салушылық және жікке бөлушілік әрекетін толық әшкереледі. Ленин меньшевиктердің конференциядан кетіп қалудағы көздеген мақсаты Петербург ұйымы көпшілігіне бағынбау, сайлау қарсаңында жікке бөлінушілік туғызу, сөйтіп бұл арқылы кадеттермен блок жасасу үшін өздеріне еркіндік алу деп атап көрсетті. Меньшевиктердің сатқындық жасауы либерал буржуазияның жұмысшы партиясын жікке бөлуге, сөйтіп сайлау науқанында өзінің ықпалын күшейтуге ұмтылған ниетіне сай келді.

Бойкот жасауға қарағанда, Думаға қатысу анағұрлым күрделі, амал-айлалы тактика болғандықтан, ол бұқара арасында орасан зор ұйымдастырушылық және идеялық жұмыс жүргізуді, самодержавие мен түрлі саяси партиялардың саяси және сайлау айла-шарғысының бәрін сергектікпен сезіп, біліп отыруды талап етті. Ленин большевиктерді бұқараны қайткенде жақсы, оңайырақ, тезірек ағартуға, олардың санасын артты-

рып, дербестігін дамытуға болатынына үйретті. Пролетариаттың революциядағы алдыңғы қатарлы ролін дәлелдеу үшін, деп жазды Ленин «Социал-демократия және сайлау келісімдері» деген кітапшасында, социалистік ілім мен марксизмнің жалпы теориясын тек баяндап беру жеткіліксіз. Бұл үшін іс жүзінде, бұқараны толғантып отырған мәселелерді талдау үстінде, жұмысшы партиясының мүшелері революцияның мүдделерін ол толық жеңіп шыққанға дейін бәрінен де дәйектірек, дұрысырақ, батылырақ және анағұрлым шебер қорғайтынын көрсете білу керек. Ленин социал-демократтарды сайлау науқанында еңбекшілер алдында қарапайым тілмен және айқын сөйлеуге, «қиын терминдердің ауыр артиллериясын», шетелдік сөздерді, жаттанды, дайын, бірақ та бұқараға әлі түсініксіз ұрандарды үзілді-кесілді лақтырып тастауға үйретті; социализм мәселелерін, революция мәселелерін артық сөзсіз, фактілер, цифрлар келтіре отырып түсіндіре білуге үйретті. Лениннің бұқара арасындағы түсінік жұмыстарының формалары мен әдістері туралы нұсқауларының маркстік жұмысшы партияларының практикалық қызметі үшін аса зор маңызы бар.

Дума сайлауында бұқаралық сайлау науқанын большевиктер лениндік документтермен — «Сайлаушыларға арналған үндеудің жобасы» және «Мемлекеттік думаға кімді сайлау керек?» деген листовкамен бастады; олар 1906 жылғы ноябрьде «Пролетарий» газетіне қосымша ретінде басылып шығарылған-ды. Бұл документтерде Дума сайлауында күресуші саяси партияларға мейлінше тұжырымды, түсінікті әрі саяси өткір сипаттама берілді, бұл партиялардың шын мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді. «Мемлекеттік думаға кімді сайлау керек?» деген листовка сұрақтар мен жауаптар түрінде жазылған, ол саяси өмірдің күрделі мәселелерін бұқараға қысқаша, оңай түсіндірудің айқын үлгісі болып табылады. Листовка социал-демократтарды жақтап дауыс беруге шақырды; ол көптеп таратылды, сөйтіп Дума сайлауында большевиктердің табысқа жетуіне көп жәрдемін тигізді.

Томға енгізілген бірқатар мақалалар Петербургтегі

сайлау науқанының қорытындыларын шығаруға арналған; астанада сайлау науқаны өте шиеленіскен жағдайда өтті және, Лениннің сөзімен айтқанда, «...орыс революциясының тарихында ірі және дербес кезең...» (397-бет) болды. «Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау», «Петербургтегі сайлаудың маңызы», «Петербургтегі сайлаудың қорытындылары» деген және басқа мақалаларында Ленин II Дума сайлауы большевиктердің революциялық тактикасының дұрыстығын дәлелдегенін көрсетіп берді. Сайлау кезеңінде буржуазиялық партиялардың шын табиғаты мен мәні қай уақыттағыдан болса да анық көрінді. Дума сайлауы «солшыл блок» тактикасын табысқа жеткізді. Сайлау алдындағы үгіттің барлық қиындығына қарамастан, революциялық социал-демократия трудовиктер мен эсерлердің қолдауымен сайлаушылардың едәуірін кадеттердің ықпалынан шығарып ала алды. Петербургте солшыл блок дауыстың жалпы санының 25 процентіне ие болды. Бірінші Думаға қарағанда, құрамы жағынан II Дума анағұрлым солшылдау болып шықты. Тек меньшевиктердің штрейкбрехерлік саясаты, олардың жұмысшы табына сатқындық жасауы ғана Петербургте солшыл блоктың толық жеңуін болдырмай тастады.

II Дума сайлауы науқанындағы лениндік тактика жаңа, революциялық-маркстік парламенттік тактиканың үлгісі болды, бұл тактика Россияның және басқа елдердің пролетариатын революцияны дамыту және жеңіске жеткізу мақсатында барлық революциялық-демократиялық күштерді топтастыру үшін күресудің жария және құпия, парламенттік және парламенттік емес формаларын ұштастыру тәжірибесімен жарақтандырды.

Томда жарияланып отырған шығармалар революциялық маркстік партияны нығайту жолындағы, оның идеологиялық және ұйымдық принциптерінің тазалығы жолындағы, оның қатарларының бірлігі жолындағы күрес идеясына толы. Ленин меньшевиктердің оппортунистік тактикасы мен олардың ұйымдық мәселедегі оппортунизмі арасындағы логикалық байланысты көрсете отырып, кең көлемді «бейпартиялық партияны» құру үшін социал-демократтардың, эсерлердің және анархис-

тердің қатысуымен «жұмысшы съезі» деп аталатынды шақырудың меньшевиктік жоспарын әшкереледі. «Меньшевизмнің дағдарысы», «Революциялық ортадағы тоғышарлық», ««Социал-Демократтың» 1-номері жөнінде заметкалар», «Партияның төтенше съезін шақыру туралы», «Жұмысшы съезі және эсерлермен бірігу» деген мақалаларында Ленин «жұмысшы съезін» шақыру идеясы жұмысшы табының алдыңғы отрядын ұсақ буржуазиялық ортаға араластырып жіберуге бағытталған оппортунистік әрекет екенін әшкереледі. Меньшевиктердің істеп отырғанындай әрекет жасау, деп жазды Ленин,— бұл пролетариат партиясына тұрлаусыз, қорқақ, өзіне сенімі жоқ, оқиғалар реакцияға қарай бет бұрыс жасаған сайын ұнжырғасы түсетін мещандардың толып кетуін, тоғышарды партияның ұйытқысы етуді тілеу деген сөз. Ленин меньшевиктердің мақсаты партияның программасынан аса маңызды революциялық талаптарды сылып тастауға дейін барып, партияны жария жағдайға көшіруге, батыс европалық реформистік социалистік партиялардың типімен партияны қайта құруға тырысу болып табылатынын көрсетті. «Революциялық серпілістер мен контрреволюциялық жанкештіліктің арпалыса аумасуынан гөрі,— деп жазды Ленин меньшевиктердің тактикасы туралы,— шағын, күйкі, жартымсыз болса да жаңға жайлы заңдылық жақсы» (51-бет). «Жұмысшы съезін» шақырудың меньшевиктік идеясынан болашақтағы «жойымпаздықтың» — меньшевиктердің осынау ашық сатқындығының ұрығын Ленин сол кездің өзінде-ақ көре білген еді. «Бейпартиялық партияны» құрудың меньшевиктік жоспарына қарама-қарсы, Ленин көбінесе пролетарлық элементтер есебінен және тек қана марксизмнің идеялық туы астында социал-демократиялық партияны едәуір ұлғайту ұранын ұсынды, жұмысшы табының дербес революциялық партиясының принциптерін қорғап қалды. Меньшевиктердің жұмысшы табының партиясында жастар тым көп деген шағымын Ленин бұл хвостизмнің белгісі, меньшевиктердің «авангард-партия» болуын емес, оңайлықпен қозғалмас арьергард-партия болуын тілейтіндігі деп бағалады. Ленин «ескі қоқсық-

пеп» жан аямай күресуші, әлдеқашан күні өткен шаблондарға көз жұма догмашылдықпен табынушылықты теріске шығарушы батыл жаңашылдар партиясы ғана пролетариаттың революциялық партиясы бола алатындығын атап көрсетті.

Ленин пролетариаттың қимыл бірлігінің, партия тәртібінің және партияны ұйымдық жағынан нығайтудың маңыздылығына большевиктердің ерекше назарын аударады. Партия тәртібі, деп түсіндірді Ленин, оппортунистерге қарсы аяусыз идеялық күрес жүргізуді талап етеді. Алдыңғы қатарлы таптың демократиялық партиясына талқылау және сынау еркіндігіне негізделген тәртіп қана лайық.

Ревизионистер меньшевиктік «теорияларды» қайта жаңғыртып, маркстік-лениндік партиялардың басшылық роліне қарсы, партия құрылысының лениндік принциптеріне қарсы шығып отырған қазіргі жағдайларда большевиктердің партияны сақтап қалу және нығайту жолындағы күресінің тарихи тәжірибесінің барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін ерекше маңызы бар.

Меньшевиктік Орталық Комитеттің Дума жөніндегі оппортунистік тактикасын және «жұмысшы съезін» шақырудың жойымпаздық идеясын жергілікті партия ұйымдарының басым көпшілігі қатты айыптады. Партия ішінде қалыптасқан жағдай партияның съезін дереу шақыруды талап етті. Орталық Комитеттің қарсылық әрекеттеріне қарамастан, съезді шақыруды жақтаған үгіттің кең өрістетілгені соншалық, партия съезін шақырудың қажеттігі туралы Петербург комитетінің шешімін октябрьдің қарсаңында-ақ бірқатар аса ірі ұйымдар — Москва комитеті, орталық Россия социал-демократиялық ұйымдарының Облыстық бюросы, Польша және Литва социал-демократиясының Бас басқармасы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті қолдады. Съездің шақырылуын сонымен бірге мына комитеттер: Брянск, Қорған, Минск, Нижний Новгород, Омск, Урал және басқа комитеттер қолдады. Жергілікті ұйымдардың қысымымен РСДРП

екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы, онда меньшевиктердің басым болғанына қарамастан, 1907 жылы 15 (28) мартта съезд шақыруға қаулы етті.

Петербург ұйымының конференциясында Дума науқаны және думалық тактика (1907 жылғы февраль) туралы мәселе жөнінде жасаған баяндамасында, «Партияның төтенше съезін шақыру туралы» деген мақаласында және басқа еңбектерінде Ленин демократиялық централизмнің ішкі партиялық принциптерін дәйектілікпен қорғай отырып, партия съезін дереу шақыру қажеттігін табандылықпен қорғайды. Пролетариаттың және оның партиясының негізгі міндеттерін белгілеу, буржуазиялық-демократиялық революцияның өтіп жатқан кезеңіндегі социал-демократияның бірыңғай тактикасын жасау партия съезінің аса маңызды міндеті еді. Партияның жаңа съезін кешеуілдетудің қандайы болсын, деп көрсетті Ленин,— «енді партияның демократиялық негізде ұйымдасуының бүкіл рухы мен бүкіл мәнін тікелей бұзу ғана болып қоймайды, сонымен қатар пролетариаттың ең таяудағы думалық және жалпы революциялық күресіне ең қауіпті кедергі жасау болып табылады» (71-бет).

Томға К. Маркстің Л. Кугельманға жазған хаттарының орысша басылуына Лениннің алғы сөзі енгізілген. Ленин осы алғы сөзде Маркстің хаттарының орасан зор теориялық және саяси маңызы бар екенін көрсетеді. Орыс тілінде тұңғыш рет жарияланған бұл хаттарды зерттеу орыс социал-демократтарына пролетариаттың революциялық күресі мәселелері жөніндегі марксизмнің аса маңызды қағидаларымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Большевиктер Маркстің хаттарынан орыс революциясының тікелей міндеттеріне қолдануға боларлықтай көптеген маңызды нұсқаулар тапты. Ленин меньшевиктердің оппортунизмімен күресте Маркстің хаттарын теориялық қару ретінде пайдаланады. Ол Маркстің жұмысшы қозғалысы үшін ең ауыр уақытта революцияның таяп қалғанын қалай болжай білгенін және пролетариаттың санасын озық, революциялық міндеттер дәрежесіне дейін қалай көтере білгенін көрсетіп берді. Маркс Париж Коммунасын бұ-

қараның тарихи инициатива көрсетуі ретінде бағалады, мұны Ленин Кугельманға жазылған хаттардың «шыңы» деп атады. Меньшевиктердің революция күштеріне сенбеушілігіне Ленин Коммуна жұмысшыларының қаһармандығы туралы Маркстің революциялық құштарлыққа толы сөздерін қарсы қояды. Орыс меньшевиктеріне, деп жазды Ленин, «революцияға сене білуді, жұмысшы табын өзінің тікелей-революциялық міндеттерін ақыр-аяғына дейін қорғауға шақыра білуді, революция уақытша сәтсіздікке ұшырағаннан кейін жасып сары уайымшылдыққа жол бермейтін берік рухта болуды» (407-бет) Маркстен үйренген жөн болар еді. Ленин марксизмге тән белгі — революциялық теорияны революциялық саясатпен біріктіру, пролетариаттың тап күресінің теориясы мен практикасының ажырамас бірлігі Маркстің революцияға көзқарасында айқын көрінді деп атап көрсетті.

Революцияшыл пролетариаттың өкілдері және идеологтары — большевиктер ғана революциялық ұрандар көтеріп, табандылықпен, ерлікпен күресті. «Біз,— деп жазды Ленин,— көтеріліс жолына *ең алдымен* түскенімізді, ал бұл жолмен жүру іс жүзінде мүмкін болмай қалған кезде, оны жұрттың *ең соңынан* тастап шыққанымызды мақтаныш етеміз» (184-бет). Ленин революциялық күрестің тәжірибесін жинақтай келіп, орыс жұмысшылары мен шаруаларының 1905—1907 жылдардағы революциядағы қаһармандық инициативасын жоғары бағалады; оның шығармалары Россия жұмысшы табының күштеріне, оның революциялық творчествосына және жеңістің сөзсіз келетіндігіне шексіз сенімге толы. «Россия жұмысшы табы,— деп жазды Ленин,— өзінің «аспанға атой салуға» қабілеттілігін бір рет дәлелдеді және бұдан былай да талай рет дәлелдейді» (412-бет).

* *
*

Он төртінші томға Лениннің РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясында жасаған баяндамасы, қорытынды сөзі және сөйлеген сөздері енгі-

зілген, бұлар тұңғыш рет жарияланып отыр. Лениннің конференцияға ұсынған «Ерекше пікірінің» толық тексті, «Жұмысшы съезі және эсерлермен бірігу» деген мақала және Лениннің 1907 жылы январьда РСДРП Петербург ұйымының жалпы қалалық және губерниялық конференциясында жасаған баяндамасы да осы томда бірінші рет басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

ПАРТИЗАН СОҒЫСЫ

Партизандық қимылдар жөніндегі мәселені білуге біздің партия мен жұмысшы бұқарасы өте құштар. Бұл мәселені біз бұдан бұрын да талай рет жол-жөнекей көтерген едік, ал енді уәде бойынша өз көзқарасымызды неғұрлым толығырақ баяндауға кіріспекшіміз *.

I

Басынан бастайық. Күрестің формалары туралы мәселені қарастырғанда әрбір марксист қандай негізгі талаптар қоюы керек? 1-ден, социализмнің барлық қарапайым формаларынан марксизмнің айырмашылығы: ол қозғалысты күрестің қандай да болсын бір белгілі формасымен ғана байланыстырып қоймайды. Марксизм күрестің мейлінше алуан түрлі формалары бар деп біледі және оларды «ойдан шығармайды», қозғалыстың барысында революцияшыл таптар күресінің өздігінен туатын формаларын жинақтап, ұйымдастырып, оларға саналы сипат беріп қана отырады. Дерексіз формула атаулының, доктринерлік рецепт атаулының бәріне де сөзсіз дұшпандықпен қарайтын марксизм жүріп жатқан *бұқаралық* күреске мұқият қарауды талап етеді; ал бұл күрес қозғалыс дамыған сайын, бұқараның саналылығы артқан сайын, экономикалық және саяси дағдарыстар шиеленіскен сайын қорғаныс пен ша-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 402-бет. *Ред.*

буылдың толып жатқан әр түрлі жаңа әдістерін туғызады. Сондықтан марксизм күрестің ешқандай формасынан безе алмайтыны сөзсіз. Белгілі бір әлеуметтік жағдай өзгерген кезде күрестің сол дәуір қайраткерлеріне беймәлім жаңа формаларының *тумай қоймайтындығын* мойындай отырып, марксизм күрестің тек осы кезеңде пайда болуы ықтимал және пайда болып отырған формаларымен еш уақытта да шектелмейді. Марксизм бұл жөнінде кабинетте отыратын «системашылардың» ойдан шығарған күрес формаларын бұқараға *үйрету* ниетінен аулақ болып, былайша айтқанда, бұқаралық практикадан *үйренеді*. Әлеуметтік революцияның формаларын қарастыра келіп, мысалы, Каутский былай деген-ді: болашақ дағдарыс күрестің біз қазір болжай алмайтын жаңа формаларын тудыратынын біз білеміз.

2-ден, марксизм күрес формалары жөніндегі мәселені сөзсіз *тарихи* жағынан алып қарауды талап етеді. Бұл мәселені нақты-тарихи жағдайдан тысқары алып қарау — диалектикалық материализмнің әліппесін түсінбеу деген сөз. Экономикалық эволюцияның түрлі кезеңдерінде, түрліше саяси, ұлттық-мәдени, тұрмыстық және т. б. жағдайларға қарай күрестің түрліше формалары бірінші орынға қойылып, күрестің басты формаларына айналады, ал осыған байланысты, өз орайымен күрестің екінші дәрежедегі, жанама формаларының да түрі өзгеріп отырады. Қозғалыс дамуының белгілі бір сатысында осы қозғалыстың нақты жағдайын бастан-аяқ мұқият қарастырмай тұрып, күрестің белгілі бір құралы жөніндегі сұраққа болады не болмайды деп жауап беруге әрекеттену — марксизм негізінен мүлде безу деген сөз.

Біздің басшылыққа алуымызға тиісті теориялық негізгі екі қағида осындай. Марксизмнің Батыс Европадағы тарихы бізге осы айтылғанды дәлелдейтін толып жатқан мысалдар береді. Европалық социал-демократия қазіргі кезде парламентаризм мен кәсіптік қозғалысты күрестің басты формалары деп есептейді, ол көтерілісті бұрын да мойындаған және, орыс кадеттері [1] мен беззаглавияшылдары [2] сияқты либерал буржуаның пікіріне қарамастан, конъюнктураның өзгеруіне қарай

оны келешекте де мойындауға толық әзір. Социал-демократия 70-жылдарда жаппай стачканы барлық дертке ем болатын әлеуметтік панацея ретінде, буржуазияны саяси емес жолмен бірден құлату құралы ретінде теріске шығарды,— бірақ социал-демократия бұқаралық саяси стачканы (әсіресе Россияның 1905 жылғы тәжірибесімен кейін) *белгілі* жағдайларда қажет болатын күрес құралдарының *бірі* ретінде әбден мойындайды. Социал-демократия XIX ғасырдың 40-жылдарында көшедегі баррикадалық күресті мойындады,— белгілі бір деректерге сүйене отырып, XIX ғасырдың аяқ кезінде оны теріске шығарды,— ал, Каутскийдің айтуынша, баррикадалық жаңа тактиканы туғызған Москва тәжірибесінен кейін жаңағы соңғы көзқарасты қайта қарауға және баррикадалық күрестің қолайлы екендігін мойындауға бүтіндей әзір екендігін білдірді.

II

Марксизмнің жалпы қағидаларын анықтап алған соң, енді орыс революциясына көшейік. Орыс революциясы туғызған күрес формаларының тарихи дамуын еске түсірейік. Ең әуелі жұмысшылардың экономикалық стачкалары болды (1896—1900), онан соң жұмысшылар мен студенттердің саяси демонстрациялары (1901—1902), шаруалар бүліктері (1902) болды, түрліше тәсілдер арқылы демонстрациялармен ұласып, жаппай саяси стачкалар бола бастады (Ростов 1902, 1903 ж. жазғы стачкалар, 9 январь, 1905), әр жерде баррикадалық күрес туғызған бүкіл россиялық саяси стачка болды (октябрь, 1905), жаппай баррикадалық күрес пен қарулы көтеріліс (1905, декабрь), парламенттік бейбіт күрес (апрель — июнь, 1906), бірлі-жарым әскери көтерілістер (июнь, 1905 — июль, 1906 жж.), бірлі-жарым шаруалар көтерілістері (1905 жылдың күзі — 1906 жылдың күзі) болды.

Жалпы күрес формалары тұрғысынан қарағанда 1906 жылдың күзінде істің жайы осындай еді. Самодержавие күресінің «жауап» формасы — 1903 жылдың көктемінде Кишиневтен бастап, 1906 жылдың күзінде

Седлецпен аяқталған қаражүздік ойран болды [3]. Қаражүздік ойран ұйымдастырып, еврейлерді, студенттерді, революционерлерді, саналы жұмысшыларды ұрып-соғу бүкіл осы дәуірдің ішінде барған сайын үдеп, өрши берді, сатылған надан тобырдың зорлығы мен қаражүздік әскердің зорлығын ұштастырды, селолар мен қалаларда артиллерия қолдануға дейін барды, жазалау экспедицияларымен, жазалау поездарымен, тағы сондайлармен қосылып отырды.

Жағдайдың негізгі көрінісі осындай. Бұл көріністен,— сөз жоқ, бейне бір жеке, екінші дәрежелі, жапама құбылыс ретінде,— осы мақалада зерттеліп, баға берілмекші болып отырған құбылыс келіп бой көрсетеді. Мұның өзі нендей құбылыс? оның формалары қандай? оның себептері қандай? ол қашан пайда болды және қаншалықты тарады? оның жалпы революция барысындағы маңызы қандай? оның социал-демократия ұйымдастырып, басқарып отырған жұмысшы табының күресіне қатысы қандай? Жағдайдың жалпы көрінісін суреттегеннен кейін біздің қарастыруға тиісті мәселелеріміз осындай.

Біздің білгіміз келіп отырған құбылыс — *қарулы* күрес. Мұны жеке адамдар мен адамдардың шағын топтары жүргізіп келеді. Олардың біразы революциялық ұйымдарға жатады, ал біразы (Россияның кейбір жерлерінде *көпшілігі)* революциялық ұйымдардың ешбіреуінде де жоқ адамдар. Қарулы күрес *әр түрлі* екі мақсатты көздейді, бұларды бір-бірінен *қатаң* айыра білу керек;— атап айтқанда, бұл күрес, біріншіден, жеке адамдарды, әскери-полициялық қызметтегі бастықтар мен бағыныштыларды өлтіруге;— екіншіден, үкіметтің де, жеке адамдардың да ақша қаражаттарын конфискелеуге бағытталған. Конфискеленген қаржылардың бірсыпырасы партия жұмысына, бірсыпырасы арнаулы түрде қару-жараққа және көтерілісті әзірлеуге, бірсыпырасы біз сипаттап отырған күресті жүргізушілердің қажетіне жұмсалады. Ірі-ірі экспроприациялар (200 мың сомнан астам Кавказ экспроприациясы, 875 мың сом Москва экспроприациясы) [4] ең алдымен нақ осы революциялық партияларға жұмсалды,— ұсақ

экспроприациялар ең алдымен, ал кейде түгелдей «экспроприаторлардың» қажетіне жұмсалады. Күрестің бұл формасы, сөз жоқ, 1906 жылы, яғни декабрь көтерілісінен кейін ғана кең өрістеп, жер-жерге тарала бастады. Саяси дағдарыстың қарулы күрес дәрежесіне дейін жетіп шиеленісуі және әсіресе деревнялар мен қалаларда мұқтаждықтың, аштаршылық пен жұмыссыздықтың өрши түсуі осы суреттеліп отырған күресті туғызған себептердің ішінде үлкен роль атқарды. Әлеуметтік күрестің артықша, тіпті *айрықша* формасы ретінде күрестің осы формасын халықтың жалаңаяқ элементтері, люмпендер мен анархистік топтар қабылдады. Ал енді соғыс жағдайы жариялануын, жаңа әскерлердің мобилизациялануын, қаражүздік ойрандарды (Седлец), әскери-дала соттарын самодержавие тарапынан жасалған күрестің «жауап» формасы деп қарау керек.

III

Қарастырылып отырған күреске әдетте берілетін баға мынаған саяды: бұл — анархизм, бланкизм [5], ежелгі террор, бұқарадан қол үзген жалғыз-жарым адамдардың жұмысшыларды аздыратын, олардан халықтың қалың бұқарасын бездіретін, қозғалыстың берекесін алатын, революцияға зиян келтіретін әрекеттері. Осылай бағалауды растайтын мысалдарды газеттерде күн сайын хабарланатын оқиғалардан оңай табуға болады.

Бірақ бұл мысалдар дәлелді ме? Мұны тексеру үшін күрестің осы қарастырылып отырған формасының *көбірек* өрістеген жері — Латыш өлкесін алып көрелік. Латыш социал-демократиясының қызметіне «Новое Время» [6] газеті (9 және 12 сентябрьде) былай деп шағым айтады. Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы (РСДРП-ның бір бөлегі) өз газетін [7] 30 000 дана етіп дұрыс шығарып отыр. Газеттің ресми бөлімінде шпиондардың тізімі басылады, оларды құрту әрбір адал адамның міндеті. Полицияға жәрдемдесушілер «революция дұшпандары» деп жарияланып, өлім жазасына берілуге тиіс, оның үстіне өзінің мүлкімен де жауап береді. Социал-демократия партиясына ақша

бергенде мөр басылған квитанция арқылы ғана беру керек деп халыққа жарлық етіледі. Партияның соңғы есебінде бір жылдың ішінде түскен 48 000 сом табыстың ішінде экспроприация арқылы қолға түсірілген, қару-жараққа Либава бөлімінен түскен 5600 сом бар.— «Новое Время», әрине, осы «революциялық заңға» қарсы, осы «айбарлы үкіметке» қарсы қаһарын төгіп, зәрін шашады.

Латыш социал-демократтарының бұл қызметін анархизм, бланкизм, терроризм деп атауға ешкімнің батылы бармайды. Бірақ не себепті? Себебі, күрестің жаңа формасының декабрьде болған және тағы да қайта пісіп-жетіліп келе жатқан көтеріліспен байланысы бұл жерде *айқын* көрініп тұр. Бүкіл Россия жөнінде айтқанда бұл байланыс онша айқын көрінбейді, бірақ мұндай байланыс бар. «Партизан» күресінің жер-жерге нақ декабрьден кейін тарағандығы, оның экономикалық дағдарыстың ғана емес, сонымен қатар саяси дағдарыстың шиеленісуімен де байланысты екендігі күмәнсыз. Бұрынғы орыс терроризмі заговоршы-интеллигенттің ісі болды; қазір партизан күресін, жалпы ереже бойынша, жауынгер жұмысшы немесе жай ғана жұмыссыз жұмысшы жүргізеді. Бланкизм мен анархизм шаблонға бейім адамдардың аузына тез түседі, бірақ Латыш өлкесіндегі айдан анық көтерілістің жағдайында бұл жаттанды айдар тағудың жарамсыздығы бірден көрінеді.

Партизан соғысын көтеріліс жағдайымен байланыстырмай талдаудың, біздегі соншама дағдылы осы бір талдаудың бүтіндей терістігі, ғылыми еместігі, тарихи еместігі латыштардың мысалынан айқын көрінеді. Бұл жағдайды ескеру керек, көтерілістің ірі шайқастарының арасындағы аралық кезеңнің ерекшеліктері жөнінде ойлану керек, бұл жағдайда қандай күрес формалары сөзсіз туатынын түсіне білу керек, кадет те, нововремяшыл да бірдей айтатын: анархизм, тонаушылық, жалаңаяқтық деген жаттанды сөз тіркестерімен тайқып шыға келмеу керек!

Партизандық қимылдар жұмысымыздың берекесін кетіреді деушілер бар. Бұл пайымдауды 1905 жылғы

декабрьден кейінгі жағдайға, қаражүздік ойрандар мен соғыс жағдайлары дәуіріне қолдануға болады. *Мұндай* дәуірде қозғалыстың берекесін көбірек кетіретін не нәрсе: тойтарыстың жоқтығы ма әлде ұйымдасқан партизан күресі ме? Орталық Россияны оның шеткері батыс аймағымен, Польшамен және Латыш өлкесімен салыстырып қараңыз. Партизан күресінің шеткері батыс аймақта әлдеқайда кең таралып, мейлінше өрістегендігі даусыз. Сонымен қатар, жалпы революциялық қозғалыс та, оның ішінде әсіресе социал-демократиялық қозғалыс та Россияның шеткері батыс аймағынан гөрі орталық Россияда *көбірек берекесіздікке* ұшырағаны да күмәнсыз. Әрине, бұдан партизан соғысының *арқасында* поляк және латыш социал-демократиялық қозғалысы онша берекесіздікке ұшыраған жоқ деп қорытынды жасау біздің ойымызға кіріп те шықпайды. Жоқ. Бұдан шығатын қорытынды мынау ғана: 1906 жылғы Россиядағы социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының берекесі кетуіне партизан соғысы кінәлы емес.

Бұл арада жұрт екінің бірінде ұлттық жағдайлардың өзгешелігін сылтау қылады. Бірақ бұл сылтау көп айтылып жүрген дәлелдің әлсіздігін өте айқын көрсетеді. Егер мәселе ұлттық жағдайларда болатын болса, онда мәселе анархизмде, бланкизмде, терроризмде емес — жалпы россиялық, тіпті тек орыстық күнәларда емес,— басқа бір нәрседе болғаны ғой. Сол басқа бір нәрсені *нақты* тексеріп қараңыздар, мырзалар! Сонда сіздер ұлттық езгінің немесе антагонизмнің ешқандай түсінік бере алмайтынын көресіздер, өйткені ондай нәрселер әрқашанда шеткері батыс аймақтарда болған, ал партизан күресін туғызып отырған тек осы тарихи дәуір ғана. Ұлттық езгі мен антагонизмі бар, бірақ кейде ешбір ұлттық езгісіз-ақ өрістейтін партизан күресі жоқ жерлер толып жатыр. Мәселені нақты алып талдаған жағдайда істің тетігі ұлттық езгіде емес, көтерілістің жағдайларында екені жақсы көрінеді. Партизан күресі дегеніміз бұқаралық қозғалыстың өзі іс жүзінде көтеріліске дейін жеткен кезде және азамат соғысындағы «үлкен шайқастар» аралығында үлкенді-

кішілі толастар туған кезде сөзсіз пайда болатын күрес формасы.

Қозғалыстың берекесін кетіретін нәрсе — партизандық қимылдар емес, осы қимылдарды дұрыстап *қолға ала* білмейтін партияның әлсіздігі. Міне, сондықтан бізде, орыстарда, партизандық бой көрсетулерге қарсы айтылатын дағдылы қарғыстар партияның шынымен берекесін кетіретін құпия, кездейсоқ, ұйымдаспаған партизандық қимылдармен ұштасып жатады. Бұл күресті қандай тарихи жағдайлар туғызатынын түсіне алмасақ, оның жаман жақтарын жоюға да біз дәрменсіз болып шығамыз. Ал бірақ күрес қайткенде де жүріп жатыр. Оны өте күшті экономикалық және саяси себептер туғызып отыр. Бұл себептерді жойып, бұл күресті болғызбауға біз дәрменсізбіз. Біздің партизан күресі жөнінде шағым айтуымыз, бұл өзі — көтеріліс ісіндегі біздің партиялық әлсіздігімізге шағым айтқандық болып шығады.

Біздің жоғарыда қозғалыстың берекесі кетуі туралы айтқандарымыздың аздыру мәселесіне де қатысы бар. Аздыратын — партизан соғысы емес, партизандық қимылдардың *ұйымдаспағандығы,* тәртіпсіздігі, бейпартиялығы. Партизандық қимылдарды айыптап, оны қарғап-сілеу бізді мұндай *аса күмәнсыз* азғындаудан сәл де болса құтқара алмайды, ойткені бұл сияқты айыптаулар мен қарғыстар экономикалық және саяси үлкен себептерден туатын құбылысты тоқтатуға мүлде дәрменсіз. Ал бірақ мұндай жөнсіз, аздырғыш құбылысты тоқтатуға біз дәрменсіз болсақ, онда мұның өзі *партияның* жөн-жосықсыз, аздырғыш күрес құралдарына көшуіне дәлел болмайды ғой, деп дау айтушылар болар. Бірақ мұндай қарсылық енді маркстік емес, нағыз либералдық-буржуазиялық қарсылық болған болар еді,. өйткені марксист азамат соғысын немесе соның формаларының бірі ретіндегі партизан соғысын *жалпы* жөн-жосықсыз, аздырғыш соғыс деп санай алмайды. Марксист әлеуметтік татулықты емес, тап күресін жақтайды. Шиеленіскен экономикалық және саяси дағдарыстардың белгілі бір кезеңдерінде тап күресі нағыз азамат соғысына дейін, яғни халықтың екі жақ бөлегі-

нің арасындағы қарулы күреске дейін жетеді. Мұндай кезеңдерде марксист азамат соғысын қуаттауға *міндетті.* Азамат соғысын моральдық жағынан теріске шығарудың қандайы болса да марксизм тұрғысынан мүлде жол беруге болмайтын нәрсе.

Азамат соғысы заманында пролетариат партиясының мұраты — *соғысушы партия.* Бұл мүлде даусыз нәрсе. Біз былай деп әбден айта аламыз: белгілі бір кезеңде азамат соғысының белгілі бір формаларының *қолайсыздығын* азамат соғысының тұрғысынан дәлелдеуге және дәлелдеп беруге болады. Азамат соғысының әр түрлі формаларын *әскери қолайлылық* тұрғысынан алып сынауды біз толық мойындаймыз және *мұндай* мәселедегі шешуші дауыс жеке алған әрбір жердің социал-демократиясының практик адамдарынікі болатынына сөзсіз келісеміз. Бірақ марксизмнің принциптері үшін біз мынаны сөзсіз талап етеміз: жұрт азамат соғысының жағдайларына талдау жасаудан анархизм, бланкизм, терроризм жөніндегі ығыр қылған, шаблон сөздермен жалтармайтын болсын, пәлендей кезеңде пәлендей Поляк социалистік партиясының ұйымы [8] қолданған партизандық қимылдардың мағынасыз тәсілдері социал-демократияның өзінің жалпы партизан соғысына қатысуы жөніндегі мәселеде құбыжық етіп алға көлденең тартылмайтын болсын.

Партизан соғысы қозғалыстың берекесін кетіреді деген сылтауларға сын көзбен қарау керек. Жаңа қауіптерсіз, жаңа құрбандықтарсыз болмайтын күрестің жаңа формасының *қандайы болса да* осы жаңа күрес формасына әзір емес ұйымдардың «берекесін кетіретіні» сөзсіз. Біздегі бұрынғы насихатшылар үйірмелері үгітке көшудің берекесін кетірді. Біздің комитеттер кейіннен демонстрациялар жасауға көшудің берекесін кетірді. Соғыс атаулыдағы соғыс қимылының қандайы болса да соғысушылар қатарына белгілі бір берекесіздік енгізеді. Осыдан келіп соғыспау керек деген қорытынды шығаруға болмайды. Бұдан шығарылатын қорытынды: соғысуды *үйрене білу* керек. Тек сол ғана.

Біз анархист емеспіз, ұры емеспіз, тонаушы емеспіз, біз олардан жоғарымыз, біз партизан соғысын мойын-

дамаймыз деп паңданып, маңғазданатын социал-демократтарды көргенде, мен өзімнен: осы адамдар өздерінің не айтып отырғандарын түсіне ме екен? — деп сұраймын. Бүкіл ел ішінде қаражүздік үкіметтің халықпен қарулы қақтығыстары мен шайқастары болып жатыр. Революция дамуының қазіргі сатысында бұл мүлде болмай қоймайтын құбылыс. Халық бұл құбылысқа стихиялық, ұйымдаспаған түрде келіп, ол да қарулы қақтығыстармен, шабуылдармен жауап береді, бірақ сол ұйымдаспағандықтан да онысы көбінесе сәтсіз және *нашар* формада болып шығады. Ұйымымыздың әлсіздігінен және дайындығы жоқтығынан белгілі бір жерде және белгілі бір кезеңде *бұл* стихиялық күреске партиялық басшылық етуден біз бас тарта аламыз, мен мұны түсінемін. Бұл мәселені жергілікті практик адамдар шешуге тиіс, дайындығы жоқ әлсіз ұйымдарды қайта құру оңай іс емес, мен мұны түсінемін. Ал бірақ социал-демократияның теоретигі немесе публицисі осы дайындықсыздыққа қынжылмай, қайта паңдана маңғазданып, өзінен-өзі мәз болып: анархизм, бланкизм, терроризм жөніндегі бала жасында жаттап алған құрғақ сөздерін екілене қайталағанын көргенімде, мен дүние жүзіндегі ең революциялық доктринаның осылай қор болғанына қынжыламын.

Партизан соғысы саналы пролетариатты азып-тозған маскүнемдерге, жалаңаяқтарға жақындатады деушілер бар. Бұл рас. Бірақ бұдан тек мынадай ғана қорытынды шығады: пролетариат партиясы партизан соғысын ешқашан да күрестің бірден-бір немесе тіпті басты құралы деп санай алмайды; бұл құрал басқа құралдарға бағындырылуға тиіс, күрестің басты құралдарымен орайлас болуға тиіс, социализмнің ағартушылық, ұйымдастырушылық ықпалымен ізгілендірілуге тиіс. Ал осы *соңғы* шартсыз буржуазиялық қоғамда күрестің *барлық*, тіпті барлық құралдары пролетариатты өзінен жоғары не төмен тұрған әр түрлі пролетарлық емес жіктерге бір табан жақындатады, сөйтіп күрестің бұл құралдары стихиялық ағымға түсіп кетеді де, тозғындап, бүлініп, азғындай береді. Стихиялық ағымға түсіп кеткен стачкалар «Alliances»-ке — жұмысшылардың

қожайындармен бірге, тұтынушыларға *қарсы* жасасқан келісіміне айналып азғындайды. Парламент жәлептер үйіне айналып азғындайды, мұнда буржуазиялық саясатқұмарлар шайқасы «халық бостандығын», «либерализмді», «демократияны», республиканизмді, антиклерикализмді, социализмді және басқа өтімді товарларды түгелдей де, бөлшектеп те саудаға сала бастайды. Газет азғындап, жұрттың бәріне ортақ жеңгетайға, бұқараны аздыратын, қара тобырдың жаман ындынын өрескел дәріптейтін құралға айналады, т. т., т. с. Социал-демократия күрестің сегіз қырлы құралдары, пролетариаттан сәл жоғары не сәл төмен тұрған халық топтарынан оны қытай қорғанымен бөліп тастайтын құралдар бар деп есептемейді. Социал-демократия әр түрлі заманда әр түрлі құралдар қолданады, оларды қолдану үшін *әрқашан да барынша* анық идеялық және ұйымдық шарттар қойып отырады*.

IV

Европадағы буржуазиялық революциялармен салыстырғанда орыс революциясындағы күрес формаларының тіптен толып жатқан өзгешеліктері бар. Каутский мұны ішінара болжап айтты да, ол 1902 жылы былай деген-ді: болашақтағы революция (*бәлкім,* бұған Россияны қоспағанда дегенді қоса айтты) халықтың үкіметке қарсы күресі болудан гөрі халықтың екі бөлегі

* Социал-демократ большевиктерді партизандық қимылдарға жеңіл-желпі әуестікпен қарайды деп жиі кінәлайды. Сондықтан мынаны еске сала кетудің артықтығы жоқ: партизандық қимылдар туралы қарардың жобасында («Партийные Известия» [9], № 2 және съезд туралы Лениннің жасаған баяндамасы [10]) большевиктердің партизандық қимылдарды жақтайтын *бөлегі* бұл қимылдарды мойындаудың мынадай шарттарын ұсынған болатын: жеке меншіктегі мүлікті «экспроприациялауға» тіпті де жол берілмейді; қазына мүлкін «экспроприациялау» ұсынылмайды, ал оны экспроприациялауға *жол берілген* күнде тек *партияның бақылауымен* жүргізілсін және түскен қаржы *көтерілістің қажетіне* жұмсалатын болсын. Террор формасындағы партизандық қимылдар үкімет зорлықшылары мен *белсенді* қаражүзділерге қарсы *қолданылсын,* онда да мынадай шарттар сақталатын болсын делінді: 1) қалың бұқараның ниетімен санасу керек; 2) белгілі бір жергілікті жердегі жұмысшы қозғалысының жағдайларын еске алу керек; 3) пролетариат күшінің босқа жұмсалмауы жағын ойлау керек. Бірігу съезінде қабылданған қарардың бұл жобадан практикалық айырмашылығы *тек қана* мынада: онда қазына мүлкін «экспроприациялауға» жол берілмеді.

арасындағы күрес болады. Россияда біз күрестің бұл *екінші түрінің* Батыстың буржуазиялық революцияларындағыға қарағанда, сөз жоқ, анағұрлым кең өрістегенін көріп отырмыз. Біздің революцияның халық ішінен шығатын жаулары аз, бірақ күрес шиеленіскен сайын олар ұйымдаса түсіп, буржуазияның реакцияшыл топтарынан қолдау табуда. Сондықтан, *мұндай,* бүкіл халықтық саяси стачкалар заманында, *көтеріліс* бұрынғыдай өте азғана уақыт ішінде өте шағын ғана жерде болатын жекелеген шайқастар формасына айналып кете алмайтыны әбден табиғи және сөзсіз нәрсе. Көтеріліс ұзаққа созылатын, бүкіл елді қамтитын азамат соғысының, яғни халықтың екі бөлегінің арасындағы қарулы күрестің неғұрлым жоғары, күрделі формасына айналатыны әбден табиғи және сөзсіз нәрсе. Мұндай соғысты араларында біршама ұзақ уақыт толас болып тұратын ірі шайқастар мен осы аралық уақыттарда болатын толып жатқан ұсақ қақтығысулар деп қана ұғынуға болады. Бұл осылай болған соң,— ал бұл өзі сөзсіз осылай,— социал-демократия осы ірі шайқастарда да, мүмкіндігінше, осы ұсақ қақтығыстарда да бұқараға басшылық ету қолынан әбден келетін ұйымдар құру ісін қайткенде де өзінің міндеті етіп қоюға тиіс. Социал-демократия азамат соғысына дейін шиеленіскен тап күресі заманында тек *осы азамат соғысына* қатысуды ғана емес, сонымен қатар *онда* басшылық роль атқаруды да өзінің міндеті етіп қоюға тиіс. Социал-демократия өзінің ұйымдарын дұшпан күштеріне зиян келтірудің бірде-бір мүмкіндігін қапы жібермейтін, нағыз *соғысушы жақ* ретінде қимылдайтын ұйым етіп баулып, соған әзірлеуі керек.

Бұл — сөз жоқ, қиын міндет. Оны бірден шеше қоюға болмайды. Азамат соғысының барысында бүкіл халықтың күрес үстінде қайта тәрбиеленіп, күресуді үйренетіні сияқты, біздің ұйымдарымыз да тәрбиеленуге тиіс, бұл міндетке сай келу үшін тәжірибе деректері негізінде өзін қайта құруға тиіс.

Бізде практиктерге күрестің пәлендей бір ойдан шығарылған формасын таңайық деген немесе тіпті Рос-

сиядағы азамат соғысының жалпы барысындағы партизан соғысының белгілі бір формасының ролі туралы мәселені кабинетте отырып шешейік деген ешбір ой жоқ. Біз белгілі бір партизандық қимылдарға берілген нақты бағаны социал-демократияның *бағыты* жөніндегі мәселе деп түсінуден аулақпыз. Бірақ біз күрестің өмір алға тартып отырған жаңа формаларына *теориялық* дұрыс баға беруге шама келгенше көмектесуді, саналы жұмысшылардың жаңа, қиын мәселені дұрыс қоя білуіне, оны шешуге дұрыс кірісуіне бөгет жасайтын шаблондар мен соқыр сенімдерге қарсы аяусыз күресуді өзіміздің міндетіміз деп білеміз.

«Пролетарий» № 5,
30 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАҢА ТӨҢКЕРІС ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР!

Егер біздегі сатқын газеттер мен аман қалған бірен-саран либералдық газеттерді саяси баспасөз деп атауға болатын болса, осы баспасөз Гучковтың Трубецкойға жазған хатына [11] көп уақыт назар аударып келді және ішінара қазір де назар аударуда. Бұл хаттың шынында да белгілі бір маңызы бар. Бұл хат Россияның ірі буржуазиясының қалың топтары арасында контрреволюциялық бағыттың дамуында ірі қадам болып табылады. Бұл топтар үшін октябрь саяси стачкасының өзі [12] үзілді-кесілді бет бұрыс пункт ролін атқарды. Ірі буржуа: 17-октябрьден[13] кейін «жетер!» — деп бірден айтты. Сондықтан да орыс революциясының өзіндік бір — өте ерекше — сипаты мынадай болды: жаңа конституцияны самодержавиеге ыңғайлауға кіріскен патша үкіметінің жағына шыққан ірі буржуазиялық элементтер конституциялық манифест жарияланған мерзімді партияның аты ретінде пайдалана қойды. Октябрь — Россиядағы революцияның осы уақытқа дейінгі бірден-бір ішінара жеңіске жеткен мерзімі. Октябристер [14] деп бізде контрреволюциялық ірі буржуазия партиясы аталады.

Осы бір қайшылықты салыстырудан орыс революциясының таптық қайшылықтары өте айқын көрінеді. Мұны Россиядағы қазіргі революцияға маркстік көзқарас тұрғысынан түсіндіруге болады. Бұл — буржуазиялық революция. Ол, қалай дегенмен де, капитализмнің негұрлым кең және тез дамуына жол ашады.

Жер үшін күресте революцияшыл шаруалардың толық салтанат құруын «еңбек негізінің» жеңісі деп, «социализацияға» көшу деп санау бастан-аяқ ұсақ буржуазиялық жалған үміт болып табылады. Алайда капитализм үшін сөзсіз жол ашу ірі-ірі екі бағытпен жүре алады. Крепостниктік Россияны буржуазиялық Россия етіп қайта құру шаруалар мен пролетариат бұқарасының әл-ауқатын капитализм тұсында неғұрлым мүмкін болатын дәрежеде жақсартуды қамтамасыз ететін жағдайларда ғана мүмкін болады. Сонымен қатар бұл қайта құру көбінесе дәулетті таптардың, помещиктер мен капиталистердің, мүдделерін қамтамасыз ететін жағдайларда да болуы мүмкін. Осы уақытқа дейін біздің революция екінші жолмен келе жатыр. Ал егер ол бұдан былайғы жерде бірде-бір ірі жеңіске жетпейтін болса, онда, 1848 жылғы жартыкеш неміс революциясының өсиетін орындаушы юнкер Бисмарк болғаны сияқты, Россия революциясының өсиетін орындаушылар контрреволюцияшыл буржуа октябристер болып шығатыны күмәнсыз.

Гучков мырза онша ақымақ адам емес. Ол революция біржолата жеңілгеннен кейін биліктің тізгінін өз қолына алып, іскер, гешефтмахерлік буржуазиялық «либерализмді» «төменгі» наразыларға қарсы аяусыз әскери-полициялық жазалау шараларымен ұштастырудың ләззатына күні бұрын бөгіп отыр. Жылпос, идеясыз буржуазиялық епшіл ретінде Гучков мырза біздің буржуазиялық интеллигенцияның көптеген философтары мен сөзуарларына қарағанда шын саяси жағдайды жақсы аңғарды. (L'ignorance est moins éloignée de la vérité que le préjugé! — надандық соқыр сенімнен гөрі шындыққа бір табан жақынырақ.) Гучков мырза кадеттердің буржуазиялық мұраттарын жермен-жексен етті. Бұл жөнінде оның хатының біздегі құрша жорғалаушы баспасөз бағалай алмаған мына бір жері өте тамаша:

«Революцияның салтанат құруы,— деп жазады Гучков Трубецкойға,— немесе тіпті революциялық дағдарыстың жаңадан шиеленісуінің өзі біздің балғын саяси бостандығымызды да, біздің мәдениетіміз бен дәулеті-

міздің қалдықтарын да жер жастандыратыны қазір күмәнсыз болып отыр».

Бұл — қазіргі саяси жағдайға капиталист пен помещик мүдделерінің тұрғысынан өте дұрыс және өте дәл берілген баға. Гучков мырза тоқ етерін бір-ақ айтып отыр. Қазіргі саяси жағдайдың барлық түйіні расында да: біздің алдымызда *революциялық дағдарыстың жаңадан шиеленісуі* бар ма, жоқ па деген мәселеде болып отыр. Біз сіздің ашық айтқандығыңыз үшін ризамыз, Гучков мырза! Сіздің батылдығыңыз, турашылдығыңыз, шапшаңдығыңыз бен тегеуріңділігіңіз, сіздің — тұрпайы сөз қолданғанымызға кешіріңіз — «былш еткізіп» айта салуға қабілеттілігіңіз «Речьтегі» буржуазиялық профессорлар мен дипломаттарға ұнамайтындығын біз әбден түсінеміз, бірақ біз, социалистер, сіздің бұл қабілетіңізге барынша сүйсінеміз. Бізге керегінің өзі сол.

Сонымен, қазіргі саяси жағдай туралы шындап мәселе қойғысы келген адам *революциялық дағдарыстың жаңадан шиеленісуіне* өзі қалай қарайтынын барынша айқын анықтауға тиіс. Гучков мырза нақ осылай істеп отыр. Ол өзінің хатында бастан-аяқ «мен қарсымын» деп отыр. Мен бәр-бәрін осы шиеленісуге қарсы күрес мүдделеріне, оған бастап апаратын нәрселердің барлығын басып-жаншу мүдделеріне бағындырамын деп отыр. Себебі айқын. Жаңа шиеленіс *революцияның салтанат құру* қаупін туғызады да, ал мұның өзі, өз орайымен, Гучков, Романов, Столыпин сияқты мырзалардың және басқа ойраншылар шайкасының помещиктік имениелерінің... «қалдықтарына», пролетариаттың бұдан былайғы күресінен қорғаныш боларлықтай буржуазиялық пурсаттылықтардың «қалдықтарына», бір сөзбен айтқанда, *«біздің* (Гучковтардың, Романовтардың, Столыпиндердің) дәулетіміздің қалдықтарына» қауіп туғызады.

Гучков мырза дұрыс айтып отыр, оның ойы қазір оның өзіне қарсы байбалам салушы кадеттерден анағұрлым дұрыс, анағұрлым дәйекті; ал кадеттер тобындағы әр түрлі Виноградовтар, Струвелер, Изгоевтар, Бердяевтар, Милюковтар «ақылсыздық стихиясы» жең-

ген күнде «бостандық пен мәдениет» болашақта жойылады деп көздерінің жасын талай рет көл қылған болатын.

Қазіргі саяси жағдай туралы, *яғни* «революциялық дағдарыстың жаңадан шиеленісуі» туралы мәселені дәйекті түрде қоя білуді революционерлер де реакциядан үйренсе артық емес. Бұл шиеленіс бұрынғы бой көрсетуден гөрі, россиялық ұлы революцияның ұлы жылының тәжірибесімен молыққан сөзсіз әлдеқайда бұқаралық бой көрсету болып шығады. Ал енді бұл жылдың тәжірибесі октябрь стачкасынан бастап декабрь көтерілісі[15] арқылы, бейбіт Дума арқылы және оның қуылуы[16] арқылы күрестің қосымша, көмекші құралы ретіндегі ереуілі бар бүкіл россиялық тегеурінді қарулы көтеріліске барып ұласады.

Үкімет өзінің бүкіл саясатын революциялық дағдарыстың осы, жұрттың бәрі күтіп отырған, жаңадан шиеленісуіне ыңғайлап отыр. Ол өзінің қолын байламау үшін, бүкіл халықтық күрес қатты шиеленісе қалған жағдайда кенеттен сайлау тағайындау арқылы оны бөлшектеп жіберуге әрекет жасау үшін жаңа Думаның сайлауы мерзімін әдейі тағайындамай отырғаны күмәнсыз. Тағы бір күмәнсыз нәрсе — жаңа Думаны шақыру керек пе жәпе *ескі сайлау заңын қалдыру керек пе* деген мәселенің өзін қазір үкімет пақ әлгі тұрғыдан барынша мұқият зерттеп отыр. Сондықтан бұл мәселеге социал-демократияның бейқам қарауға тіпті қақысы жоқ.

Үкіметтің алдында: жазалау шараларын күшейте отырып, сайлауға қысым жасай отырып, қаражүздіктерді ұйымдастыра отырып, қазіргі сайлау заңы негізінде Думаны тағы да шақыруға әрекет жасау керек пе,— әлде «іске қабілетті», яғни қаражүздік Думаны сөзсіз қамтамасыз ететіндей етіп, екінші Думаның *алдында* сайлау заңын өзгерту керек пе деген дилемма тұр. Помещиктік таптың арасындағы реакция, қаражүздік помещиктердің земствода жеңістерге жетуі, халық арасында наразылықтың көрінсу өсуі,— осының бәрі үкіметті қазіргі сайлау заңын дереу жоюға, сай-

лау правосына Витте Думасынан Булыгин Думасына [17] қайта оралу рухында, тіпті онан да сорақылау рухта шек қоюға немесе земстволардан сайланған өкілдерді екінші Думаға жай шақыра салуға тікелей итермелейді. Біздегі сатқын баспасөз «ықпалдылар» арасында, яғни сарай маңындағы сұрқиялар шайкасы арасында осындай жоспарлар бар деп қазірдің өзінде көкіп жүр, сөйтіп самодержавиенің Думасыз-ақ жаңа сайлау заңын шығаруға «правосы» бар екендігін дәлелдеуге тырысып, соған негіз дайындап жүр.

Үкімет саясатының бұл «бағыттарының» қайсысы көбірек ықтимал екендігін қарастырып көрейік. Конституциялық «заңдылық», саяси сақтық, адалдық 11 декабрьдегі сайлау заңын [18] сақтап қалу жағында. Көріп отырсыздар, мұның бәрі көкейдегі «тамаша» пікірлер ғана, ал Романовтар мен Победоносцевтер бұларды аяққа басып дағдыланған. Басынан аяғына дейін қанға боялып, белшесінен батпаққа батқан адамдар, ақырғы, жанталас күресте өздерінің құл иелену праволарын сақтап қалуға тырысатын адамдар бұл сияқты пікірлерді басшылыққа алады деп ойлау шынында да адам күлерлік нәрсе. Дәл сол 11 декабрьдегі заңды, 20 февральдағы заңды [19], т. т. шығаруға қымсынбаған, қазір де «заң» атаулыны түп-түгел аяққа басуға қымсыпбай отырған патша шайкасын «заңдылықтан» қымсынар деп ойлау адам күлерлік нәрсе. Жоқ, бұл дәлелдердің бәрі түкке тұрмайды!

Европаның пікірі ме? Заем алу қажеттігі ме? Бұл — ең ділгер қажеттік. Және европалық капитал тек «тәртіп» кепілдігі болса ғана ақша береді. Бірақ бұл «тәртіптің» қандай екенін капитал талғамайды, тіпті ол үшін мола тәртібі де ұнамдырақ. Ал енді екінші кадеттік (немесе, құдай сақтасын, неғұрлым солшыл!) Дума финанс жөнінде жаңа әшкерелеулер, жаңа «тәртіпсіздік» туғызуы ықтимал ғой! Жоқ, каражүздік Думаның шақырылуын және оның неше түрлі заем алуын қамтамасыз ету үшін нақ осы европалық заем тұрғысынан қарағанда үкіметке қазіргі сайлау заңын жою өте тиімді.

Әрине, шындығында самодержавие мен либерал-монархиялық буржуазияның арасында келісім жасалуы мейлінше терең экономикалық және саяси себептерден *қажет* болып отырғанын ұмытуға болмайды. Бірінші Дума арқылы келісім жасау жөніндегі бірінші әрекеттің сәтсіздікке ұшырағандығы мұндай әрекеттердің бәрі бірдей іске аспайтындығын ешбір дәлелдемейді және дәлелдей алмайды да,— ал мұндай әрекеттер әлі де талай рет болады. Бірақ дәл осы кадеттік Дума арқылы келісім жасауды қазірде онша ықтимал нәрсе деп санауға болмайды (самодержавие де санай алмайды).

Революционерлер революция тәжірибесінен сабақ алады, бірақ бұл тәжірибеден самодержавие де сабақ алады және өте мұқият сабақ алады. Қазіргі сайлау заңы тұрғанда Думаның бұдан оңшыл құрамы болады деп үміттену мүлде бекершілік, мұны жұрттың бәрі көріп отыр. Екінші Думаның шақырылатын уақыты қыстың дәл аяғына келеді, ол кезде ашаршылық, жұмыссыздық, халықтың қалың бұқарасының жоқшылығы әдетте ерекше шиеленісетін болады. Күмән жоқ, кадеттерден солшылдау тұрған партиялар либерал-монархиялық буржуазияның жетегінде жүруге қазір, бұрынғыға қарағанда, онша бейім емес, олар дербес, батыл және белсенді саяси қимыл жасауға енді анағұрлым қабілетті болады. Жоқ! Біз жалған үміттермен алданбауымыз керек, жауды мүлде ақылсыз, аңқау, ұшқалақ деп ойламауымыз керек. Қаражүздік үкіметтің «ақылды, іскер сабаздары» кадеттік Дума тәжірибесін қайталауды мүмкін етпеу үшін қазір барынша жан салып жүргеніне біз күмәнданбауымыз керек.

Думаның қуылуы үкіметке кең және бүкіл халықтық жедел көтерілістің болмағандығын корсетті. Тыптыныш, жасырын дайындалған coup d'état (мемлекеттік төңкеріс) «ықпалдыларға» ұнады. Революцияға сәтті және батыл қысым жасау сияқты болып көрінетін нәрселердің бәрі оларға қатты әсер етіп отыр. Олар «революциялық дағдарыстың жаңадан шиеленісуінің» алдын алу түріндегі нақ осындай қысымның тағы бір қайталану қамын қазірде *күні бұрын* ойламай тұра алмайды. Патша сарайының маңындағылар — әскери

адамдар. Шабуылға шығуды, соғыс қимылдарының инициативасын өз қолына алуды,— мұндай тактиканың артықшылығын олар өте тамаша түсінеді. Көтерілістен қорқу ма? Белгілі бір дәрежеде котеріліс бәрі бір болмай қоймайды — жұмысшы ереуілдері, әскери және шаруалар көтерілістері мұны бүтін бір жыл бойы *дәлелдеді*. Кадеттік екінші Дума котеріліс үшін халыққа бұрынғыдан да тиімді жағдай туғызады: «әскери-далалық либерализм» саясаты біржолата күйрейді, халық жазалау шараларынан қажиды, т. т. және т. с. Егер «революциялық дағдарыстың жаңадан шиеленісуі» болмай қоймайтын болса, онда *біз* бірінші болып шабуыл жасауға тиіспіз,— Игнатьев, сірә, анық осылай ойлайтын болуы керек. Сөйтіп ол шабуыл жасайды да,— патша сайлау алдында 11 декабрьдегі сайлау заңын бұзады, Думаның қаражүздік құрамын *қамтамасыз ететін* жаңа заң шығарады.

Біз пайғамбар боламыз деп және қазіргі өте күрделі саяси жағдайдан туатын әр қилы нәтижелердің бәрін есептей аламыз деп дәмеленбейміз. Бірақ өз тактикасын дұрыс бағыттау үшін социал-демократия саясаттағы әрекет жасайтын барлық күштердің тенденцияларын мұқият салмақтап көріп отыруға міндетті. Мұндай салмақтап көру созсіз мынадай қорытындыға келтіреді: жұмысшылар! сайлау қарсаңында үкімет қаражүздік сайлау заңын енгізбек, осыған дайын болыңдар! Шаруалар! үкімет сайлау тәртібін Думаға шаруа депутаттары, трудовиктер ене *алмайтындай* етіп өзгерту жоспарын ойластырып жатыр, біліп қойыңдар!

Біз озімізді үкіметтің қапы соқтыруына жол бермеуіміз керек. Біз төніп тұрған қауіпті түсіндіріп, бұқара арасында мейлінше жігерлі үгіт жүргізуге тиіспіз,— біз «конституциялық» мекеме ретіндегі сайлау заңының беріктігіне сенетін аңқаулықты жоюға тиіспіз,— біз конституциялық жалған үмітті сейілтуге тиіспіз,— біз сайлау заңдарын жиі-жиі озгерткен европалық революциялардың мысалдарын ескертіп отыруға тиіспіз,— біз қазірде шиеленісіп келе жатқан дағдарыстың парламенттік дағдарыс емес, конституциялық

дағдарыс емес, революциялық дағдарыс екені жөніндегі ұғымды бар күшімізді сала дамытуға тиіспіз, ал бұл дағдарысты тек қана күш шешеді, мұны тек қана жеңімпаз қарулы көтеріліс шешеді.

«Пролетарий» № 5,
30 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПАРТИЗАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ [20]

Біз бұл қарарды принцип жағынан дұрыс деп санаймыз және оның «Партизан соғысы» деген мақалада өзіміз дамытқан қағидаларға үйлесетінін атап көрсетеміз. Қарар текстінің өзіне біз бірнеше жеңіл-желпі түзетулер мен толықтырулар енгізуді ғана ұсынар едік. Дәлелдердің 3-пунктінде біз былай дер едік: «революция *дәл қазіргі кезде* күші келмейтіндіктен» және т. т. Қарардың шешім шығаратын бөлімінің өзіне біз, съездің қаулысына сәйкес, «экспроприацияларға» жол берілмеуін қосар едік, сонан соң партизандық қимылдарды қалың бұқараның пиғылымен және жұмысшы қозғалысының жағдайларымен үйлестіру керек деген нұсқауды қосар едік. Оның бер жағында, москвалық жолдастар мұны өзінен-өзі түсінікті нәрсе деп есептейтіні анық.

«Пролетарий» № 5,
30 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ОРЫС САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫН ЖІКТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

РСДРП Бірігу съезі, жұртқа мәлім, Россиядағы саяси партияларға таптық талдау жасау және оларға пролетариаттың көзқарасын анықтау міндетінен жалтарып кетті. Амстердам қарарын[21] жалпы қостау жалтарудың бір түрі болды, одан басқа түк те емес. Ал оның бер жағында, түсінікті себептермен басқа жерлердің қайсысынан болса да Россияда тезірек және күштірек болып отырған партиялардың құрылуының терең де қызықты процесін баяндауға маркстік әдіс пен маркстік теорияны қолдануды революция бізден барған сайын мейлінше қатты талап етіп отыр.

Әрине, бұл процесс әлі тіпті де аяқталған жоқ және әлі ешқандай толық тыңғылықты нәтижелер берген жоқ. Бірақ бұл процесс капиталистік қоғамда *ешқашан* да аяқтала алмайды, ал мұның нәтижелері бүкіл ескі саяси қондырманы шұғыл күйретуші революцияның тоқырауы кезінде ғана «тыңғылықты» бола алар еді. Сондықтан буржуазиялық партияларға талдау жасау міндетін біз ешбір кейінге қалдыра алмаймыз, оның үстіне, бір жағынан, октябрь бостандықтары дәуірі және, екінші жағынан, бірінші Дума дәуірі, күмәп жоқ, қазірдің өзінде есептеспеуге болмайтын *ірі* нәтижелер беріп отыр. Стачка, көтеріліс, т. с. формасындағы ашық революциялық күрес те, жаңа сайлау науқаны да біздің партиядан әр түрлі партияларға өз көзқарасын айқын, анық белгілеп алуды талап етеді,

ал мұның өзі оларды ғылыми, яғни таптық тұрғыдан талдағанда ғана мүмкін болатын нәрсе.

Азды-көпті елеулі саяси партияларды (немесе, айталық, партия *типтерін**) «оңшылдарынан» бастап «солшылдарына» қарай рет-ретімен атап өтудеп бастайық. 1) Орыс халқының одағы [25], монархистер [26], т. с. 2) Праволық тәртіпшілдер. 3) Октябристер. 4) Бейбіт жаңартушылар [27]. 5) Демократиялық реформалар партиясы [28]. 6) Кадеттер. 7) Еркін ойлылар [29], радикалдар [30], беззаглавияшылдар, т. с. 8) Халықтық еңбек социалистері [31]. 9) Социалист-революционерлер [32]. 10) Максималистер [33]. 11) Социал-демократтар — меньшевиктер және большевиктер. Анархистерді біз есептемейміз, өйткені оларды (бәлкім, максималистерді де) саяси партия деп атау тым әбестік болар еді.

Партиялардың осы ала-құла тізбегінен біздегі саяси партиялардың негізгі *бес типі* айқын көрінеді: 1) қаражүздіктер; 2) октябристер; 3) кадеттер; 4) трудовиктер және 5) социал-демократтар. Бұлай топтаудың дұрыстығы белгілі бір партияның таптық жаратылысын талдағанда дәлелденіп отыр.

Социал-демократияны ерекше тип етіп бөліп алудың қажеттігінде күмән жоқ. Бұл — жалпы европалық тип. Мұның өзі Россиядағы бірден-бір *жұмысшы* партиясы, өзінің құрамы жағынан да, өзінің өте ұстамды пролетарлық көзқарасы жағынан да *пролетариат* партиясы.

Онан соң, *трудовиктерді* ерекше тип етіп болу қажеттілігі де сондай айқын. Бұған жататындар: «халықтық-социалистік еңбек партиясы», кәдімгі эсерлер және, ақырында, максималистер. Бұлардың бәрі «еңбек негізінің» принципті көзқарасын жақтайды. Пролетарды ұсақ өндірушімен біріктіріп, бірыңғай «Еңбек тобына» қоса салуға ұмтылу — бұлардың бәрі-

---

* Партиялардың *типтері* туралы айтып отырған себебіміз: 1-ден, барлық ұсақ-түйек бөлімшелердің ұшы-қиырына жету мүмкін емес және олар маңызды да емес (мәселен, қайдағы бір прогрестік-өнеркәсіп партиясының [22] немесе конституционалистердің демократиялық одағы [23] праволық тәртіп партиясынан [24] айырмашылығы болмашы ғана), 2-ден, айқын белгіленген саяси ағымдарды ескермей, ресми бой көрсеткен партиялармен ғана есептесу қате болар еді. Саяси жағдай сәл ғана өзгерсе болды, өлгі ағымдар бірнеше апта ішінде *партиялар* формасына келе қалады.

не тән қасиет. Бұлар көбіне-көп шаруаларға сүйенуге ұмтылады. Ал Мемлекеттік дума шаруа депутаттарының көпшілігін Еңбек тобына[34] бөліп шығарып, шаруалардың саяси ұйымының шынымен негізін салуға (белгілі бір дәрежеде) жоғарыда көрсетілген бағыттардың мүмкіндік алғанын іс жүзінде дәлелдеді.

Рас, бұл типтегі саяси партиялар социал-демократиямен салыстырғанда өздерінің қалыпты, тиянақты ұйымдасуы жағынан өлшеусіз төмен жатыр. Максималистер партиясы әзір өз бетімен өмір сүрмейді, бірақ олардың социалист-революционерлерден ажырасуы әдеби де, террорлық та әрекеттердің дербестігімен дәлелденген нақты факт. Трудовиктердің *бір бөлегінің* сыртынан әрекет еткен эсерлер Мемлекеттік думада өз фракциясын құрған жоқ. «Халықтық-социалистік еңбек партиясы» қазірдің өзінде әдеби жағынан таза эсерлермен блок жасасып та, тіпті әбден дербес те бой көрсетіп отырғанымен, ол партия енді ғана туғалы отыр; оның басшылары да Думада ішінара эсерлермен бірге, ішінара олардан бөлек өз алдына қимыл жасады. «Социалист-революционерлер партиясының бірінші съезінің протоколдары» да (Париж. 1906) әлгі халықтық еңбек социалистерінің өздерін эсерлер партиясынан тәуелсіз ұстайтын ерекше *«топ»* ретінде әрекет етіп отырғанын көрсетеді. Қысқасы, бұл лагерьден біздің көріп отырғанымыз: (1) астыртын (социалист-революционерлер) партия; ол азды-көпті тұрақты, аздыкөпті бұқаралық ұйым құруға мүлде дәрменсіз, Мемлекеттік думада да, бостандықтар дәуіріндегі әдебиетте де өз ұранымен дербес қимыл жасауға дәрменсіз болып отыр; (2) туғалы *отырған* жария партия (халықтық еңбек социалистері), мұның өзі, топ ретінде, эсерлердің съезінде (декабрь, 1905 ж.) бой көрсетті, бірақ осы күнге дейін тіпті бұқаралық ұйым құра бастауға да дәрменсіз болып, әдебиетте де, Мемлекеттік думада да көбінесе эсерлермен одақтаса әрекет жасап отыр.

Біршама бостандықтың екі дәуірінен («октябрь» дәуірі мен «дума» дәуірінен) кейін трудовиктердің саяси жағынан әлі де болса қалыптаспай отырған фактісін, әрине, кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Күмән

жоқ, бұл арада пролетариатқа қарағанда ұсақ буржуазияның (әсіресе деревняларда) ұйымдасу қабілетінің кемдігі әсер етіп отыр. Күмән жоқ, трудовиктердің идеялық тұрлаусыздығы да ұсақ өндірушінің қазіргі қоғамдағы мүлде тұрақсыз жағдайын көрсетеді: трудовиктердің барып тұрған оң қанатының (Пешехонов мырзалар бастаған «халықтық-социалистік еңбек партиясы») кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр; трудовиктердің барып тұрған солшылдарының, максималистердің, анархистерден өзгешелігі мүлде болмашы ғана.

Осы екі ұшқарылық, былайша айтқанда, еңбекші ұсақ буржуазияның саяси ауытқу шектерін белгілеп беріп отыр. Дәл ұсақ буржуазияның осындай тұрақсыздық көрсетіп отырғанын экономикалық жағынан толық түсіндіруге болады. Орыс революциясының жуық арадағы болашағы бұл тұрақсыздықты бәсеңдетуден гөрі, қайта күшейте түсетіні күмәнсыз. Бірақ, бұл тұрақсыздықты айта, түсіндіре отырып, біз, әлбетте, трудовиктер типіндегі партиялардың зор саяси маңызын ұмытпауға тиіспіз. Нағыз саяси бостандық *көбінесе нақ осы* партияларды күшейтеді, неге десеңіз, саяси бостандық болмаған жағдайда бұл партиялардың ұйымдасу қабілеті буржуазиядан гөрі әлсізірек, сондайақ пролетариаттан да әлсізірек. Екінші жағынан, Россия сияқты көбінесе ұсақ буржуазиялық және шаруалар басым елде идеялық жағынан солқылдақ, саяси жағынан тұрақсыз, бірақ өте ірі ұсақ буржуазиялық немесе «еңбек» партияларының ұйымдасуы әбден сөзсіз нәрсе.

Россия сияқты елде буржуазиялық революцияның нәтижесі көбінесе ұсақ өндірушілердің саяси құлқына байланысты. Ірі буржуазияның опасыздық жасайтыны күмәнсыз (қазірдің өзінде оның үштен екісі опасыздық жасап отыр). Пролетариат ең сенімді күрескер болады, мұны октябрь мен декабрьден кейінгі жерде орыс жұмысшылары жөнінде тіпті дәлелдеп жатудың да керегі жоқ. Ал енді нақ нәтижені белгілейтіп ауыспалы шама — ұсақ буржуазия. Сондықтан ұсақ бур-

жуазияның кадеттік таза ниетті бейшаралық пен батыл, қатаң революциялық күрес арасында қазіргі саяси ауытқушылығын социал-демократтар айрықша мұқият қадағалауға тиіс. Әлбетте, бұл процесті мұқият қадағалап қана қоймай, сонымен қатар оған пролетарлық рухта мүмкіндігінше ықпал ету де керек.

Әрі қарай барайық. Кадеттерді ерекше типке бөліп шығарудың қажеттігі күмәнсыз. Кадеттерден оңшылырақ демократиялық реформалар партиясы, олардан солшылырақ тұрған еркін ойшылар, радикалдар, т. с.— бұлар мүлде болмашы тармақтар ғана. Қазіргі саяси заман үшін кадеттер — дербес саяси тип. Оның трудовиктен айырмашылығы айқын. Кәдуілгі трудовик дегеніміз — саналы шаруа. Ол монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр. Оның мұраты — қанауды жою; бірақ ол ұсақ буржуазиялық жолмен жоюды ғана ойлайды, сондықтан да оның талабы *іс жүзінде* қанау атаулыға қарсы күрес емес, тек қана помещиктік, ірі финанстық қанауға қарсы күрес болып шығады. Кадет — кәдуілгі буржуазиялық интеллигент және тіпті ішінара либерал помещик. Монархиямен мәмлеге келу, революцияны тоқтату — оның негізгі көздейтіні осы. Күреске мүлде қабілетсіз кадет — нағыз маклер. Оның мұраты — буржуазиялық қанауды тәртіптелген, цивилизациялық, парламенттік формаларда мәңгілік ету. Оның саяси күші — капиталистік қоғамның бәрінде қажетті, бірақ, әрине, осы қоғамның тәртіптерін шындап өзгертуге азды-көпті елеулі ықпал етуге мүлде қабілетсіз буржуазиялық интеллигенцияның қалың көпшілігінің бірлесуі.

Кәдуілгі октябрист — буржуазиялық интеллигент емес, ірі буржуа. Ол — буржуазиялық қоғамның идеологы емес, оның тікелей қожасы. Капиталистік қанаудың болғанына барынша тікелей мүдделі октябрист теория атаулыны жек көреді, интеллигенцияға пысқырып та қарамайды, кадеттерге тән «демократизм» талапта-

рының бәрін лақтырып тастайды. Ол — ешпіл буржуа. Кадет сияқты, монархиямен келісім жасауға ол да ұмтылады, бірақ бұл келісімді белгілі бір саяси система, парламентаризм мағынасында түсінбейді, оралымсыз, топас, азиаттық үлгідегі сатқын орыс чиновнигін билеп-төстеуші буржуазияға тікелей бағындыру мүддесі үшін сарай маңындағы сұрқиялармен бірнеше адамның немесе шонжарлардың келісім жасауы мағынасында түсінеді. Октябрист дегеніміз — күнделікті өмірде өзінің буржуазиялық теорияларын қолданатын кадет. Кадет дегеніміз — жұмысшылар мен шаруаларды тонаудан бос уақытында мінсіз буржуазиялық қоғамды арман ететін октябрист. Октябрист парламентарлық жәдігөйлікке және демократизмді жақтағансытын саяси екіжүзділікке тағы да аздап үйренетін болады. Кадет буржуазияның іскерлік гешефтмахерлігіне тағы да аздап үйренетін болады,— сонда олар бірігіп кетеді, сөзсіз және даусыз бірігіп кетеді, бұл бірігуді нақ осы кезеңде, нақ қазіргі «бейбіт жаңартушылар» жүзеге асыра ала ма, жоқ па — оған мүлде қарамайды.

Бірақ болашақ туралы айтпай-ақ қояйық. Біздің міндетіміз — қазіргіні ұғына білу. Барлық үкімет билігі сарай маңындағы сұмырайлар шайкасының қолында тұрған жағдайда кадеттердің демократиялық сөздері мен олардың «парламенттік» оппозициясының бір өзі-ақ өздерінен солшылырақ тұрған элементтерге *іс жүзінде* көбірек қызмет еткендігі әбден табиғи нәрсе. Осы элементтерге тікелей жау октябристің ашу үстінде кадеттен іргесін аулақ салып, үкіметтік қаражүздіктерді (бірінші Дума сайлауында) қолдап отырғандығы да табиғи нәрсе.

Қаражүздіктер — біздегі саяси партиялардың соңғы типі. Олар Гучков мырзалар сияқты, «17-октябрь конституциясын» тілемейді, самодержавиені сақтап, оны ресми түрде қалпына келтіруді тілейді. Мәртебелі монархтың құдіретті өктемдігі тұсында өрши түсетін бүкіл пасықтық, оңбағандық пен сатқындық оларға тиімді-ақ. Оларды сарай маңындағы сұрқиялардың пұрсаттылығы үшін, бұрынғыша тонау, зорлық-зомбылық жасау және бүкіл Россияны тұншықтырып, үніп шы-

гармау мүмкіндігі үшін жүргізілетін жанталасқан күрес біріктіріп отыр. Қазіргі патша үкіметін қалай болған күнде де қорғау мүддесі оларды әрдайым дерлік октябристермен біріктіріп отырады, сондықтан да әлдеқандай бір праволық тәртіпшілдер жөнінде қай жерден қаражүздік аяқталып, қай жерден октябрист басталатынын айту қиын-ақ.

Сонымен, орыс революциясы орыс қоғамының барлық негізгі таптарына сәйкес келетін саяси партиялардың ірі типтерін ең қысқа уақыттың ішінде белгілеп берді. Бізде саналы, социалистік пролетариаттың партиясы бар,— радикал немесе радикалсынған ұсақ буржуазияның, ең алдымен селолық ұсақ буржуазияның, яғни шаруалардың партиялары бар,— либерал-буржуазиялық партиялар бар,— реакцияшыл-буржуазиялық партиялар бар. Саяси құрылымдардың экономикалық, таптық жіктерге сәйкессіздігі тек мынада ғана: соңғы екі топқа қарсы тұратын саяси партиялардың екі тобы емес, үш тобы бар: кадеттер, октябристер жәпе қаражүздіктер. Бірақ бұл сәйкессіздікті қазіргі кезеңнің уақытша ерекшеліктерімен әбден түсіндіруге болады, қазір революциялық күрес мейлінше шиеленісіп кетті, қазір самодержавиені қорғауды қайткенде де монархияны қорғау әрекетінен бөліп алу практика жүзінде өте қиын болып отыр, қазір экономикалық белгіге қарай (прогресшіл капитализмді жақтап не реакцияшыл капитализмді жақтап) топтау саяси (қазіргі үкіметті жақтап не оған қарсы болып) топтаумен табиғи түрде араласып кетіп отыр. Ал бірақ кадеттер мен октябристердің біртектес екендігі тым-ақ айқын, сондықтан ірі және «іскер» либерал-буржуазиялық партияның сөзсіз құрылатындығына дау айтатын ешкім де табыла қоймас.

Қорытынды: Россияда саяси партиялардың құрылу процесі марксизм теориясын растайтын ең тамаша дәлелдеме болып табылады.

P. S. Мақала «17-октябрь одағында» жік тумай тұрып жазылған. Қазір Шиповтың шығуы және келешекте баяу-либералдық партияның (солшыл октябристер, бей-

біт жаңартушылар жəне оңшыл кадеттер) құрылатындығы орыстың барлық саяси партияларын əрбір капиталистік елде болатын негізгі төрт типке біржолата ықшамдағалы отыр.

«Пролетарий» № 5,
30 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТЫҢ» [35] 1-НОМЕРІ ЖӨНІНДЕ ЗАМЕТКАЛАР

Біз жаңа ғана алған «Социал-Демократтың» (РСДРП Орталық Комитетінің *басылымы*) 1-номеріндегі «Партизандық қимылдар» деген мақала осы тақырыпта көп айтылып жүрген тоғышарлық пікірлердің шаблондығы туралы, тарихилыққа жанаспайтындығы туралы «Пролетарийдің» [36] 5-номерінде айтқан пікірімізді өте жақсы дәлелдеп берді*. Автор топаушылықты, анархизмді, бланкизмді, ткачевизмді [37], жол торыған қарақшылықты (неміс тілінен аударылған жаман аударманың тілімен айтқанда, «жол қарақшыларын») қатты талқандайды, талқандағанда да нақ либералдарша талқандайды. Либералдар үкіметке қарсы қарулы күрес *атаулының бәрін* «анархия» деген сылтаумен теріске шығарғанда, олар өз дегенінен таймайды. Сөз жүзінде мұндай күресті теріске шығармайтын, бірақ мәселені іс жүзінде *осы тұрғыдан* қарастырмайтын социал-демократ шындығында либерализм позициясына көшеді. Айтуға тұрарлық бір мысал мынадай. «Революциялық партиялар анархияны өз қамқорлығына өздері алады екен, онда олар буржуазия мен ұсақ буржуазия таптарын өздеріне қарсы ашындырып алады, сөйтіп реакцияның сойылын соққан болып шығады». Сонымен, не *анархиялық* қарулы күресті қамқорлыққа алу керек, не қарулы күрестен мүлде бас тартып шығу керек! Автордың ойынша, бұдан басқа амал жоқ. Ұйымдасқан,

* Қараңыз: осы том, 1—13-беттер. *Ред.*

жоспарлы, идеялық, саяси жағынан тәрбие беретін қарулы күресті ол *мойындамайды*. Таңдау шеңбері неткен тар десеңізші!

«Революционерлердің партизандық қимылдарының бір түрі: жеке меншік және қазыналық мүлікті экспроприациялау түрін өмірдің өзі жерледі». Мұныңыз шіп-шикі өтірік қой, жолдас! Бірігу съезінен *кейін* қазыналық мүлікті экспроприациялау ісіне, *олжаны «пайдалануға»*, т. с. тікелей немесе жанама түрде қатысқан *меньшевиктік* ұйымдарды сіздің білмеуіңіз мүмкін емес. Социал-демократтың сөзі ісінен алшақ кетсе, бұл мүлде жаман-ақ. Мұның өзі екіжүзділікке апарып соғады. Мұның өзі не ардың таза еместігіне байланысты (біз мұндай түсінікті теріске шығарамыз), не ойластырылмаған, қисынсыз теорияға байланысты.

«Социал-Демократта» Аксельрод жолдас «Пролетарийдің» 1-нөміріндегі заметкамыз * жөнінде бізге ашулы жауап қайтарыпты. Оның жұмысшы съезін шақыру жолындағы үгітін партиядан «жасырын» үгіт деп атағанымыз үшін петитпен терілген бір жарым бағана бойына аң-таң болады, екіленеді, ант-су ішеді, қайта-қайта бізге кінә тағады. Аксельрод мұның мәнісі не екенін түсіне алмайды. Ал сөйте тұра өзі былай дейді: «Жұмысшы съезі туралы мәселені *саяси жағынан талқылау майданына* шығару үшін мен жуық арада оны (өзімдегі мүмкіндікті) *пайдаланамын*» (курсив біздікі). Бәсе, баяғыда-ақ сөйту керек еді ғой! Әңгімені үйірмелік сыпсыңнан емес, «мәселені *саяси* жағынан талқылау майданына шығарудан» *бастау* керек еді. Сонда сіздің үгітіңіз революциялық тапқа лайықты партиялық дұрыс, ашық үгіт болған болар еді. Онда буржуазиялық баспасөз жаңағы үйірмелік сыпсың жайында сенсациялық заметкалар басып, толып жатқан түсінбеушіліктер туғызып, социал-демократияға лаң сала алмаған болар еді, оның беделін түсіре алмаған болар еді. Ең бір өкінішті жері, тіпті кеңеуілдетіп, тым шұбалаңқы жазған

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 406-бет. *Ред.*

В. И. Лениннің
«„Социал-Демократтың"
1-номері жөнінде
заметкалар» деген
қолжазбасының бірінші
беті.— 1906 ж.

Кішірейтілген

(1

Заметки по поводу №1 „Социалдемократа".

Статья „Партизанскія выступленія" в только-что полученном нами №1 „Социалдемократа" (издание Ц.К. Р.С.Д.Р.П.) подтверждает как нельзя лучше сказанное нами в №5 „Пролетария" о шаблонности и неподвижности ходячих, опошлевших рассужденій на эту тему. Автор громит грабежи, экспропріаціи, бланкизм, пугачевщину, разбой на большой дорогѣ („дорожных разбойников", как гласит плохой перевод с нѣмецкого), громит совершенно так же, как дѣлают это либералы. Либералы вѣрны себѣ, когда они под видом „анархіи" отвергают всякую вооруженную борьбу с правительством. Социалдемократ, на словах не отрицающій такой борьбы, но на дѣлѣ не разбирающій вопроса с этой точки зрѣнія, переходит фактически на позицію либерализма. Вот характерный пример. „Поскольку революціонныя партіи сами берут под свое покровительство анархію, онѣ направляют озлобленіе буржуазных и мелкобуржуазных классов против себя и тѣм самым играют на руку реакціи". Иначе либо покровительствовать анархической вооруженной борьбѣ, либо отказаться вовсе от вооруженной борьбы! Другого выхода, по автору, нѣт. Организованной,

<u>Заметки по поводу № 1 „Социалдемократа".</u>

Статья „Партизанскія выступленія" въ только-что полученномъ нами № 1 „Социалдемократа" (<u>изданіе</u> Ц.К. Р.С.Д.Р.П.) подтвердила как нельзя лучше сказанное нами в № 5 „Пролетарія" о <u>шаблонности</u> и несерьезности ходячих, обывательских разсужденій на эту тему. Автор громит грабежи, экспропріаціи, бланкизм, нечаевщину, разбой на большой дорогѣ („дорожных разбойников", как гласит плохой перевод с нѣмецкаго), громит совершенно так же, как дѣлают это либералы. Либералы вѣрны себѣ, когда они под видом „анархіи" отвергают <u>всякую вооруженную</u> борьбу с правительством. Социалдемократы, на словах не отрицающіе такой борьбы, но на дѣлѣ не разбирающіе вопроса <u>с этой точки зрѣнія</u>, переходят фактически на позицію либерализма. Вот характерный примѣр. „Поскольку революціонныя партіи сами берут под свое покровительство анархію, онѣ направляют озлобленіе буржуазных и мелкобуржуазных классов против себя и тѣм самым играют на руку реакціи". Иначе: либо покровительствовать <u>анархической</u> вооруженной борьбѣ, либо отказаться вовсе от вооруженной борьбы! Другого выхода, по автору, нѣт. Организованной,

«редакцияға хатының» өзінде де Аксельрод мәселенің мәніне *соқпай кетіп* отыр, оның ұсынып отырғаны дәл қандай съезд, оны қашан, қандай негізде, кім, дәл қандай мақсатпен шақырады — бұл жөнінде ол *бір ауыз сөз* айтпайды. Аксельрод мына сияқты жалаң сөздермен құтылмақ болады: съезді әзірлеу жөніндегі жұмыс социал-демократияға жанды әсер етеді, оның әсері «бұл жұмыс шын социал-демократиялық мазмұнға қаншалықты сәйкес келетін болса, яғни бұл жұмыста жұмысшы табының өмірлік мүдделеріне нағыз тікелей қатысы бар әлеуметтік-саяси мәселелер мен міндеттер үйірмелік мүдделер мен фракциялық араздықтарды қаншалықты ығыстырып шығаратын болса, дәл сол дәрежеде» болады.

Марқабат етіңіз, жолдас! Мұныңыз сырты күмпиген, іші желкеуек сылдыр сөз ғой оңшең. Съезд қаншалықты шын социал-демократтық сипатта болса, ол социал-демократияны дәл соншалықты жандандырады! Жаңалық та, тапқырлық та ғой бұл. «Фракциялық араздықтарды» әлеуметтік-саяси мәселелер мен міндеттер ығыстырып шығаруға тиіс,— ал бірақ дәл осы мәселелер мен міндеттерді түрліше түсінушіліктен барып партия фракцияларға бөлінді ғой! Кәдімгі ақ өгізше жайындағы ертегінің өзі.

Ал соның қасында Плеханов партия съезін шақыру жолындағы күрестің себептері жөнінде дөрекі пасықтық жала жабады және Аксельродтың жұмысшы съезін *«мүмкіндігінше тезірек»* шақыру керек деген «тапқырлық пікірін» дәл сондай дөрекілікпен мадақтайды. Иә, иә... расында да, нағыз социал-демократиялық жұмыс социал-демократияны жандандырады дегеннен басқа қандай сәтті пікір болмақ?

«Социал-Демократтың» редакциялық бас мақаласынан: «Қазір, II съезден кейінгі кездегі сияқты, екі фракция да (большевиктер мен меньшевиктер), сірә, сан жағынан бірдей күшті болса керек» дегенді оқимыз, ал осыдан сәл төменірек екінші рет: «Қазір, II съезден кейінгі кездегі сияқты, екі фракция да партия-

да бірдей ықпалды» делінген. Автордың пікірі айқын. Ресми «Орталық Комитет басылымының» бас мақаласында бұл пікірге ерекше маңыз беріліп отыр. Өз «фракцияларының» кімдерден құралып отырғанын және олардың қаншалық күшті екенін жұмысшы табының партиясы анық білуге тиіс. Сонда олардың тепе-теңдігі туралы пікір неге негізделген?

Екінің бірі: не автор партияның тек орыс бөлегін (Кавказды қоса) айтып отыр, не ол поляктарды, латыштарды және Бундты [38] қосып отыр. Егер бірінші жорамалды алатын болсақ, онда, демек, IV (Бірігу) съезден кейін «көпшіліктің» «азшылық» есебінен орасан күшейгенін автор мойындап отыр, өйткені ол съезде 13 000-дай большевик пен 18 000-дай меньшевиктің өкілдері болды. Бірақ мұндай жорамал қисынсыз, өйткені ұлттық социал-демократиялық партиялардың РСДРП-ға түгел біріккеніне бір айдан асты. Демек, екінші жорамалды алу керек. Онда автордың поляктар мен латыштарды большевиктерге, ал *Бундты меньшевиктерге* жатқызып отырғаны анық. Ұлттық социал-демократиялық партиялардың соңғы съездерінің мәліметі бойынша, поляктар мен латыштарды 40 000-дай деп, Бунд мүшелерін 33 000-дай деп есептесек, онда біз шынында да екі фракцияның шамамен тепе-тең екендігін көреміз.

Бірақ, айтыңызшы, Бундты меньшевиктерге қосу дұрыс па? Әрине, егер Орталық Комитет осылай деп отырса, біз оған сенуге тиістіміз. Бірақ осылайша топтастырудың мәнісін анықтап алуымыз қажет нәрсе. Бундтың соңғы қарарларының бәрін қоса алғанда мұның өзі тактика жағынан расталмайды. Демек, мұның мәнісін Бундтың *ұйымдық* позициясынан іздеу керек. Сірә, Орталық Комитеттің басылымы Бундтың төтенше съезд шақыруды талап етпей отырғанын *нақты* факт деп есептейтін болар. Кімде-кім партияны тұтас деп қарап, оның саясатын, яғни Орталық Комитеттің саясатын шынымен өзгерткісі келсе, ол адам съезді талап етуге тиіс; кімде-кім мұны талап етпейді екен, онда оның елеулі өзгерісті тілемегені,— бұл пікір желісінің мәні осындай.

Бұл — даусыз дәлел, сондықтан біз партиямыздың барлық ұйымдарының мұны анықтап алуына және бұған дұрыс баға беруіне көмектесуді өзіміздің борышымыз деп есептейміз. Шынында да, демократиялық ұйымда бейтараптық мүмкін емес дерлік нәрсе, ал қалыс қалу көбінесе әрекет жасағанмен бірдей. Ондай «әрекеттің» нәтижесі көрініп отыр. Орталық Комитеттің басылымы «жұмысшы съезі» жөнінде нағыз бұлдыр идеяларды насихаттап, тактикада ашықтан-ашық, дәйекті түрде меньшевиктік позиция ұстап отыр. Сайлау науқаны бола қалған күнде немесе тағы да қимылға шақыра қалған күнде мұның бүкіл партияға тигізетін зардабының қандай боларын Орталық Комитеттің Дума кезіндегі және Дума қуылғаннан кейінгі «ұрандары» жеткілікті түрде көрсетті. Бунд өзінің қазіргі «қалыстығы» арқылы шынында да өзін Орталық Комитеттің меньшевиктік тактикасы мен саясатына сыбайлас етіп отыр.

1906 ж. октябрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРЫС РАДИКАЛЫНЫҢ АҚЫЛЫ КЕЙІН КЕЛЕДІ!

20 сентябрь күнгі «Товарищте»[39] осы газеттің қызметкері В. В. Х — ов мырзаның көзқарасын білдіретін неғұрлым солшылдау саясатшы біреумен (трудовик болар ма?) сөйлескен кадеттің ерекше ғибратты «әңгімесі» басылған. Кадетті радикал былайша жазғырады:

«Керісінше емес пе екен?» — деп сұрайды ол өз правоңа кәміл сену ғана бойыңа күш бітіре алады деп шешенсінген кадеттен. «Правоның бұзылмайтындығына сенім туғызатын күштің өзі емес пе екен?» «Сіздің партияңыздың қызметін... мен саяси донкихоттық деп санаймын... Сіздер өтірікке өріс бердіңіздер»... «Сіздердің конституциялық жалған үміттеріңіз кінәлы... Сіздердің барлық айтқандарыңыз және асыра айтқан сөздеріңіз Думаның құдіреттілігіне шектен тыс сенім туғызды. Ал мұның өзі қоғамдық күштерді жинастыруға сеп болған жоқ... Сіздердің Думада және Думадан тыс сөйлеген сөздеріңізді тыңдаған кезімде, сіздер Думаны конституциялық орган деп есептеуді қойып, Думаны қоғамдық еріктің екінші бір ерікпен күресетін органы ғана деп білсе екен деп мен әрқашан да тілеген едім... Істің жайы көбіне-көп әркімнің өз күштерін ұйымдастыруын талап етіп келді... Дума бар күшін өзіне заңның бермеген аппаратын өзі құру үшін жұмсауға тиіс еді... Сіздер өздеріңіздің Ахиллестің өкшесі тәрізді осал жерлеріңізді — конституциялық жалған үміттеріңізді байқатып алып отырсыздар... Менің әрқашан да көзімнің айқын жеткені — сіздердің партияңызда конститу-

циялық жалған үміттердің қаншалық берік орын тепкені... Менің (сіздерді, кадеттерді) сөгетінім, сіздер өздеріңізді күресуші жақпыз деп сезуден қалып, күрестің қайдағы бір жойымпаздары болып алдыңыздар. Айтпақшы, сіздер басқа елдерде екі жақтың күресі нәтижесінде бұрын пайда болған нәрсені ұсындыңыздар».

Шынында да қандай ғибратты сөздер емес пе? Бірақ «әңгімеде» сөзбен жығу үшін біздің мақғазданған бернштейншілдің[40] тым ақымақ кадетті «көлденең тартуы» бекер-ақ болған. Қалай дегенмен де, ақылдырағы да бар ғой. Меньшевиктік әдебиетті және әсіресе Плехановтың жазғандарын мұқият қадағалап отыратын кадеттер де бар. Мұндай кадет өзімен әңгімелескен адамға басқаша жауап берер еді.

Ол былай дер еді: менің сүйкімді радикалым! Qui prouve trop, ne prouve rien. Тым көп дәлелдеген ештеңе дәлелдей алмайды. Ал сіз *тым* көп нәрсені, күмән жоқ, өзіңіздің жеке позицияңыз тұрғысынан дәлелдеп отырсыз. Дума сайлауында біздерді қолдап, бойкотшылдармен күрескен сіздер емессіздер ме? Ал бірақ сайлаудың *артқан міндеттері бар* еді ғой. Бұл сайлау *түгелімен* сіздің қазір «конституциялық жалған үміттер» деп отырған ұранмен өтті ғой (па! па! сіз большевиктік шығармаларды көп оқығаннан саусыз ба?). Егер сайлауда «халық бостандығы» партиясы жеңіп шықса, ақымақ министрлердің отставкаға кетуіне тура келеді деп орыстың аңқау тоғыларын сіздің (тура сіз болмағанмен, сіздің пікірлестеріңіздің) нандырған жеріңізді — бір емес, бірнеше жерді! — өзіңіздің газетіңіз «Товарищтен» мен сізге, сүйікті радикал, көрсете алар едім. Ә? Немене? Сіз мұны ұмыттыңыз ба, менің сүйкімді радикалым? Біз мұны ұмытқанымыз жоқ, өте жақсы білеміз. Адал болуға уәде бермейінше, күрестің тек бір ғана конституциялық әдістерін қолдануға серт бермейінше, құрметтім, сайлауды өткізуге болмайтын еді. Ал біз, біз, халық бостандығы партиясы, біз уәде берсек, оны орындау үшін, тек сол үшін ғана береміз!

Сіз Думаның құдіреттілігіне біздер тым сеніп қалдық, сондықтан «өз» күшімізді жинай алмадық дейсіз бе? Бірақ, құдай үшін, өздеріңізге анық беделді жазушы

Плехановтың не жазғанын оқып шығыңызшы. Асылында, анық, анық социал-демократтар біз едік деп, егер... егер социал-демократия түгелдей Плехановтың жағына шыққан болса, өзімізді социал-демократтармыз деп жариялар едік деп жеке әңгімелерде көйітуді сүйетін әсте де кадеттер емес, дәл сіздер, сіздердің пікірлестеріңіз ғой. Конституциялық жалған үміттер туралы тек анархистер ғана даурыға алады деп РСДРП-ның Бірігу съезінде айтқан Плеханов емес пе еді? Думаның *өкімет* деп аталуы былай тұрсын,— бұл атты социал-демократияның Бірігу съезі мақұлдаған-ды!! — мұның үстіне оны «патшаның өзі дүниеге келтірген және заң бекіткен» өкімет деп атайтын қарарды ұсынған Плеханов емес пе еді? Думадағы етене жұмыстың өте үлкен үгіттік маңызы бар деп меньшевиктердің құрметті органында жазған Плеханов емес пе еді? — ал меньшевиктердің осы тенденцияларын үнемі мақтап келген де сіздер ғой, «Наша Жизнь» [41] төңірегіндегі мырзалар! Плехановқа қол шапалақтаған да сіздер, «бланкизмге» қарсы күресте оның «ерлігіне» (иә! иә! сіздер дәл осылай дегенсіздер!) баспасөз бетінде масайраған да сіздер! Осы оқиға болғаннан бері сіздер осы сөздің шын мағынасында айтқанда бір байпақ та тоздырған жоқсыздар, ал енді келіп сіздер бланкистердің күйініштi ағаттықтарын өздеріңіз қайталап отырсыздар!!

Егерде кадет осылайша қорғанған болса, оның қорғанысы шабуылға айналған болар еді де, радикалдың тасталқаны шығар еді...

Бұл радикал конституциялық жалған үміттерге қарсы өзінің қазіргі партизандық қимылы арқылы, жаназашыларды көргенде: «көмер көбейсін» деп айқайлаған халықтық эпос кейіпкерінің кебін киіп отыр. Шынында да, ойлап қараңызшы: конституциялық жалған үміттерге қарсы күрес қай кезде маңызды және аса қажет еді? Әлбетте, әр алуан «үшбу сабаздарды» еліктіргіш сол жалған үміттердің қаулап тұрған кезінде, *үлкен* зиян келтіре алатын, іс жүзінде *үлкен* зиян келтірген кезінде қажет еді. Басқаша айтқанда: қалың бұқараға конституция бар сияқты көрінген, көрінуге *тиіс болған* кезде, ал шындығында ешқандай конституция жоқ кез-

де қажет еді. Бірінші Думаның сайлауы кезінде және Думаның мәжілістері кезінде, яғни 1906 жылғы март—июньде дәл осындай кезең болды. Конституциялық жалған үміттер дәл сол кезде *үлкен* зиян келтірді. Бірақ ол кезде ағынға қарсы тұрып, конституциялық жалған үміттермен үнемі күрескен тек қана социал-демократ большевиктер болды. Ол кезде «Наша Жизнь» төңірегіндегі Х—ов мырзалар мен басқа да жазушылар большевиктермен «соғысып», кадеттерді қатты сынағаны үшін большевиктерге ұрсып, осы жалған үміттерді *қолдады*.

Қазір Дума қуылды. Кадеттер талқандалды. Енді ешкімге де конституция бар сияқты болып көрінбейді. Қазір тіпті пәлендей киелі емес мақұлықтар да кадеттерді тепкілей алады («менің оларды сөгетінім» — жоғарғы «әңгімені» қара) және екі сөзінің бірінде конституциялық жалған үміттерді қарғай алады. Рас, радикал мырзалар-ай! Жұмыртқа христос күндері қымбат деген осы!..

Х—ов мырза мен К⁰-нің мысалы өздерін білімді саясатшылармыз, тіпті еркін ойлаушылармыз немесе радикалдармыз деп есептейтін адамдардың дәрменсіз, идеясыз, шалажансар, әлсіз ғана заманның ағымымен жүре беретінінің бір тағылымды үлгісымағы болып табылады. 1906 жылдың март — июнінде олар Думаны өкімет деп атап, конституциялық жалған үміттерді қолдайды, кадеттердің соңынан сүйретіледі, сол кездегі жұртқа сән көрінген осы партияны аяусыз сынау жөнінде маңғазданып мұрындарын шүйіреді. 1906 жылдың сентябрінде олар кадеттерді «сөгеді», конституциялық жалған үміттермен «соғысады», сөйтіп олар өздерінің тағы да артта қалғанын, қазір мұның жеткіліксіз екенін, революциялық күрестің белгілі (бұдан бұрынғы тарихи даму арқылы белгіленген) формасына тура шақыру керек екенін түсінбейді.

Егерде осындай сүмелектердің талайын туғызып жатқан орыс интеллигенциясы әлгіндей мырзалардың мысалы арқылы оппортунизмнің бүкіл зиянын ұғына білсе, жақсы-ақ болар еді. Бұл сөздің байыбына бармастан, бізде кейбіреулердің мұны көбінесе «тек ұрсу» деп

ойлайтыны бекер-ақ. Оппортунист өз партиясын сатпайды, оған опасыздық жасамайды, одан қол үзбейді. Ол оған шын ниетімен, бар ықыласымен қызмет ете береді. Бірақ оның өзіне тән, ерекше бір сипаты — бір сәттік көңіл күйіне берілгіштігі, сәнге қарсы тұруға қабілетсіздігі, саяси өресіздігі, ынжықтығы. Оппортунизм дегеніміз партияның ұзақ уақыт бойғы және өзекті мүдделерін оның бір сәттік, өткінші, екінші дәрежелі мүдделеріне құрбан ету деген сөз. Өнеркәсіп біраз өрге басса, сауда біршама өркендесе, буржуазиялық либерализм аздап жанданса болғаны,— оппортунист: буржуазияны шошытпаңдар, одан қашқақтамаңдар, әлеуметтік революция туралы «бос сөзді» тастаңдар! — деп дереу даурыға бастайды. Дума жиналады екен, полициялық-конституциялық «көктем» сезіле бастайды екен,— оппортунист дереу Думаны өкімет деп атайды, «қатерлі» бойкотты қарғап-сілей бастайды, думалық, яғни кадеттік министрлік жөніндегі талапты қолдау ұранын ұсынуға асығады. Толқын толастайды екен,— оппортунист кадеттерге тағы да шын ниетімен, тағы да орынсыз «ұрса» бастайды, конституциялық жалған үміттерді сөге бастайды.

Осы секілді интеллигенттік пиғылдар үстем болып тұрғанда, барлық ұсақ ауытқулар мен қобалжулардан сүріндірмей өткізіп, дұшпанға қарсы үзілді-кесілді жан қиярлық-батыл шайқасқа әзірленуге іркілмей жеткізетін нағыз революциялық тапқа лайықты ешқандай ұстамды саясат жүргізу мүмкін емес. Міне, сондықтан да саналы пролетариат өз жағына шыққан интеллигенцияға сын көзімен қарай білуге тиіс, саясаттағы оппортунизммен аяусыз күрес жүргізуді үйренуге тиіс.

«Вестник Жизни» № 12,
18 октябрь, 1906 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Вестник Жизни» журналының текстi бойынша басылып отыр

КАДЕТТІК СЪЕЗДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ [42]

Самодержавиенің пролетариат-шаруа революциясына қарсы күресі либерал оппозицияға да сөзсіз шарпуын тигізетінін біз бұдан бұрын да бірнеше рет анықтағанбыз. Пролетариат үндемейді екен, онда ойраншылар үкіметі, әрине, кадеттің де үнін өшіру мүмкіндігін қалт жібермейді. Қазір ол бейбіт жаңартушыны тұншықтырып жатыр. Қазір ол тіпті октябриске де онша жылы шырай білдіріп жүрген жоқ. Ал енді әскери-далалық соттың арқасында браунингтер мен бомбалардың гүрсілі тіпті уақытша басылса да және «көтер қолды!» дейтін дағдылы айқайлар тоқталса да, мұның өзі, ақырында, кадет пен бейбіт жаңартушының жария, конституциялық күрестің көксеулі тыныштығына жетуі үшін, әрине, сәл де болса кепіл болмайды.

Құтырынған реакцияның салдарынан либерал оппозицияның басшы топтары солға қарай көп ығыстырылып тасталатындай көрінуі мүмкін еді. Думаның қуылуы конституциялық жалған үміттерді түбірімен жойды. «Товарищтің» немесе «Столичная Почтаның» [43] енді мұны түсінбейтін бірде-бір қызметкері жоқ. Кадеттік баспасөздің (бүкіл провинциялық баспасөз бен астаналық баспасөздің едәуір бөлегінің) жойылуы, съезге тыйым салынуы, партияның жария жұмыс істеуіне рұқсат берілмеуі, Выборг үндеуіне [44] қол қойған адамдардың түгел сотқа тартылуы қоғамдық пікірді ұйымдастыру көзқарасын тастап, ақырында, қоғамдық күштерді ұйымдастыру көзқарасына көшуге кадеттерді мәж-

бүр етуге тиіс сияқты еді. Ал сонан соң, егер кадет көсемдерінің астыртын жағдайға жігермен көшуге бел байлауға батылы жетпесе, онда армия дәл сол жерде бұл көсемдерді тастап кетуге тиіс сияқты еді.

Кадеттік съезд бұл есептің теріс екендігін көрсетті. Қалай болғанда да, әзірге осылай болып отыр. Съезд орталық комитеттің «бір орында тыпырлау» жөніндегі немесе, дұрысырағын айтқанда, «бір орыннан қозғалмау» жөніндегі ұсынысын, рас, онша құлшынып қарсы алмаса да, мақұлдады. Съезд қоғамдық күштерді ұйымдастыру туралы қарар қабылдады, бірақ бұл қарар мүлде тұрлаусыз, ешкімді еш нәрсеге тура міндеттемейтін, тіпті бұл күштердің қандай жағдайда, қай істің қамы үшін ұйымдаса алатынын, ұйымдасуға тиіс екенін мүлде көрсетпейтін қарар еді. Съезд,— рас, біршама болмашы көпшілік дауыспен,— төменгі халық бұқарасында стихиялы түрде өсіп келе жатқан және Выборг үндеуі ұсынған енжар қарсылық білдіруге қарсы партияның енжар қарсылығын жариялайтын тактикалық қарардың атышулы 4-пунктін қабылдады. Съезд бірыңғай, біртұтас «халық бостандығы партиясының» съезі ретінде аяқталды.

Күмән жоқ, мұның өзі осылай болуға тиіс те еді. Кадеттер партиясының жікке бөлінер сағаты әлі соққан жоқ. Егер таптық қайшылықтар ірі буржуазияның қалың топтарын нағыз контрреволюцияның шеңберіне қазірдің өзінде-ақ біржолата тығып үлгірген болса, бұл қайшылықтар сайлауда кадеттерді жақтап дауыс берген орташа және ұсақ буржуазияның қалың топтарын жеткілікті дәрежеде әлі ыдыратып үлгірмегені. Революция алдында пайда болған буржуазиялық үрейдің Гучков тектес «жендет гуманистерді» қазірдің өзінде түгел билеп алғанымен, провинция тоғышарларын да қамтыды дерліктей объективті белгілер әзірге жоқ.

Бұл ыдыраудың қарқыны шапшаң. Сондықтан «халық бостандығының» кадет көсемдері құрған ала-құла *блогы* шиеленісе түскен әлеуметтік-саяси күрестің тегеуріміне төтеп береді дегенге, әрине, кадет көсемдерінің өздері де сенбейді.

Россия революциясында бұл блокты жікке бөлетін қатерлі шек, күмән жоқ, болуға тиіс, осы шектен әрі бұл блок сөзсіз жікке бөлінеді. Пролетариат-*шаруа* көтерілісінің ірімі ұсақ буржуазияның, ішінара қалалық *орташа* буржуазияның да, нағыз қалың топтарын өзіне біржолата тартқан кезде, революция жаңағы қатерлі шегіне жетіп, одан әрі өтеді. Сонда, тек сонда ғана, орасан зор кадеттік блокта шындығында кілең дәулетті орташа буржуазия қалады, сөйтіп, сайып келгенде, Гучков мырзаның буржуазиялық үрейіне ортақтасу сөзсіз оның маңдайына жазылған болады. Сонда қазір әлі де өте күшті болып отырған, Россия революциясындағы таптық қайшылықтардың шын мәнінде орасан зор творчестволық ролін тиісінше бағалауда көп жұртқа кедергі болып отырған ұлттық революция елесі сейіледі. Қоғамдық *пікірді* ұйымдастыруға сүйеніп келген зор саяси партия осы шектің тұсында әлдеқашан күні өткен анахронизмге айналады, ал нағыз бұқаралық қозғалыстың барлық элементтері, оң жақтағылары да, сол жақтағылары да, күшке, жалаң материалдық күшке қиратушылық қана емес, сонымен бірге творчестволық та ұлы роль алып бермек, ол рольсіз революцияны шынымен аяқтау, әрине, мүмкін емес. Бірақ материалдық күш өзінің жоғары правосын алған жерде кадеттік-буржуазиялық гегемонияға орын жоқ. Мұны біздің күресіміздің бүкіл өткен шағы дәлелдеп отыр; егер революцияның жаңа өрлеуін басымыздан кешіретін болсақ, дәл осындай жағдайдың болатынын қатесіз болжап айту үшін сәуегей болудың қажеті жоқ. Кадеттің сиқы — революцияның олжасын бөлісуге «заңды» қатысушы,— тек осы ғана.

Міне, сондықтан да, Выборг үндеуі енжар қарсылық көрсету тактикасына *тікелей* шақыратындықтан, кадет көсемдерінің ішінен бұл үндеуді жай елігуден туған қателік деп тану керек дегендердің пікірі дұрыс пікір еді. Өйткені күрестің қазіргі қызу жағдайында тура болсенді шабуылға айналмайтын бұқаралық енжар қарсылық болмайды, болуы да мүмкін емес. Күрестің мұндай мәдениетті әдісі (байқайсыз ба, нағыз революциялық, тегеурінді әдіске қарама-қарсы әдіс) тек мә-

ниетті, конституциялық үкіметке қарсы бағытталғанда ғана орынды деген Струве мырзаның пікірі әбден дұрыс. Жаппай алым-салық төлемеушіліктің және жаппай рекрут бермеушіліктің белгілері білінісімен-ақ столыпиндік банды өзінің жазалаушы экспедицияларын қаптататынына кім бір сәтке болса да күмәндана алады. Ал сонда халықты қорғанысқа көшуден, қолына қару алып белсенді шабуылға шығудан кім тоқтатады?

Сөйтіп Выборг үндеуі, оған тіпті таза кадеттік мағынада қол қойылған кезеңнің өзінде де, әсте практикалық ұран болған жоқ, мықтағанда әлгіндей күреске көшу жөнінде үкіметке қарсы жасалған қоқан-лоққы ғана болды. Ал бұл үндеуді практикалық ұран деп түсінген провинциялық кадеттердің саяси аңқаулығы үшін бұл ретте Милюков пен Струве сияқты мырзалар тіпті де жауапты емес. Үндеудің провинциядағы тағдыры осыны дәлелдеп отыр. Зәре-зап болып қалған баспасөз осы тағдыр туралы өте аз, өте көмескі пікір айтты, бірақ оның айтқандары, біздің ойымызша, мынаны көрсетеді: «халық бостандығы» партиясы, партия ретінде, үндеуде ұсынылған енжар қарсылық принципін осы үндеудің өзі жөнінде мықтап қолданды. Сондықтан съезд кадеттердің осы позициясын нығайтумен ғана тынды. Осы нығайтуға қарсы бұлқан-талқан болуға ыңғайланған съездің азшылығы, ақырында, райынан қайтып, партияда қалды.

Ал енжар қарсылық идеясының халық бұқарасы арасында пікір туғызғаны туралы елдің түкпір-түкпірінен күн сайын хабарлар келіп жатыр. Алым-салық төлемеушілік, рекрут бермеушілік, өкімет орындарына бойкот жасау — шын практикалық ұранға айнала бастап отыр. Осы қозғалыстың өршуінде зор ұйымдастыру олқылықтары бар екенін ешкім бекер демейді. Онда аласапыранның сөзсіз болатындығына ешкім таласпайды. Бірақ осы аласапыранның өзі тәртіп орнатады — революция тәртібін орнатады, мұның өзі аласапыранды, стихиялық халық дүмпулерінің ең жоғарғы сатысы болады. Әскери-далалық конституцияның орасан зор қысымымен қайнаған халық бұқарасының ашу-ызасы бұзып-жарып сыртқа шықпай қоймайды және

шыпында да бұл ашу-ыза ашық қарулы күреске ұласып, о жер-бұ жерден бұрқ-бұрқ шығып отыр. Рекрут алу, алым-салық жинау кезінде тіпті ең болмағанда біршыңғай енжар қарсылық түрінде болса да, жалпы халықтық көтеріліс бұрқ ете түседі деп қатесіз болжап айту үшін сүйенерлік мәліметтер бізде жоқ, алайда бұл күрестің көріністері болатындығы сөзсіз. Сондықтан кадеттер дер кезінде бой тасалап кете бастады. Кадеттер съезі партияның орталық комитетінің мүшесі Тыркова ханымның сөзімен: «Бұл қауіпті экспертизаны мақұлдауға ұжданымыз бармайды», деп мәлімдеді.

Бірақ ұжданды ауызға алғанмен, әрине, істің жайы өзгермейді. Егер төніп келе жатқан оқиғалар халық революциясының жеңетін күні жақын екенін тіпті математикалық дәлдікпен сипаттаса да, кадет басшылары мәселеге бәрібір басқаша қарамаған болар еді. Кадет партиясының бүкіл өткен өмірі — бұған айғақ, ал министрлік портфельдер туралы ойраншылармен келіс сөз жүргізу кадет партиясы тарихының асқан шыңы болды; бұл келіс сөз кадет партиясы үшін шындығында Выборг үндеуінен гөрі анағұрлым дағдылы нәрсе еді. Мұны партияның өте беделді өкілдерінің бірі, профессор Гредескул бізге айдан анық дәлелдеп отыр («Речь», № 180) [45]: «Біз өз халқымызбен бірге болдық,— дейді ол,— біз оның асқақ шабыттарын қолдадық». Бірақ бұл — «асқақ, албырт жастықтың» шағы еді; қазір «қажырлы, табанды кәмелеттік» шағы туды. Ал осы кәмелеттіктің тірегі — сайлау науқаны, патшаның тақтан сөйлеген сөзіне платформа ретінде Думаның жауап адресін тапсыру.

Кадет партиясы халықтың «асқақ шабыттарын» ешқашан да қолдаған жоқ және қолдауы мүмкін де емес еді, құрметті профессор қызыл тілдің қыздырмасы үшін жай көкіп отыр. Бірақ кадет партиясы өз съезі арқылы оңға қарай да кеткен жоқ. Ол өз орнында қалды. Ол қазіргі революциялық дағдарысқа қатысқанда бұрынғысынша бұл дағдарыс *таза парламенттік* дағдарысқа қаншалықты айналатын болса, соншалықты ғана қатыспақшы.

Біз тек съездің өз қаулыларын осы мағынада анық та айқын баяндағанын құптап қарсы аламыз. Әрине, Выборг үндеуін кадеттердің «солшылдана бастағандығының» және Россия революциясының ұлттық сипат ала бастағандығының айқын белгісі деп жүрген адамдарды бұл съезд қатты түңілдіруге тиіс.

Революцияны парламенттік күрес мағынасында ғана түсінетіндігін мәлімдеп, съезд осы арқылы өкіметті алу жолындағы ашық күрес туралы мәселені демократияның қалың бұқарасы алдына тікелей қойды. Россия революциясының бүкіл аяқ алысына қарағанда, демократия бұл мәселені кадеттерден басқаша шешпек. Сондықтан осы мәселені шешерде қала мен деревня кедейлері дәл соны, социал-демократияны, революция дәуіріндегі өзінің шын гегемоны деп білетін болуына социал-демократия әзірленуге тиіс.

«Пролетарий» № 6,
29 октябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ТОҒЫШАРЛЫҚ

Контрреволюциялық дәуірлердің бір белгісі — ол кезде контрреволюциялық идеялар дөрекі, тікелей формада ғана тарап қоймайды, сонымен қатар неғұрлым жымысқы формада, атап айтқанда революциялық партиялардың арасында тоғышарлық пиғылдың көбеюі түрінде де тарайды. Мартов жолдас «Россиядағы саяси партиялар» деген жаңа кітапшасында революциялық партиялар деп социал-демократтар мен социалист-революционерлер партияларын бір жерге қосады. Біз Мартовтың қызғылықты кітапшасына тағы бірде оралып соқпақшымыз; ал Мартов кадеттерді меньшевиктік әдебиетке дағдылы қалыптан өзгеше, тікелей, ашықтан-ашық сынайды, бірақ сөйте тұра біздегі саяси партияларды марксизмге жатпайтын мүлде теріс жолмен жіктейді, сөйтіп октябристер типіндегі партияларды «центр» партияларына жатқызып, меньшевизмнің негізгі қатесін қайталайды.

Алайда, бұл жол-жөнекей ғана айтылған нәрсе. Қазіргі біздің сөз қылғалы отырғанымыз — социал-демократтардың және эсерлердің әдебиетіндегі кейбір басқа жаңалықтар. Біз осы ортадағы контрреволюциялық пиғылдардың ең ірі белгілерін, дұрысырақ айтқанда, ең ірі көріністерін атап өтпекшіміз. Декабрь көтерілісі жеңілгеннен кейін контрреволюциялық пиғылдардың демократия ішіндегі неғұрлым ірі көрінісі кадеттер бет бұрысы болды, олар құрылтай жиналысы ұранын лақтырып тастап, қарулы көтеріліске қатысушыларды

және оның идеологтарын «Полярная Звезданың»[46], т. с. басылымдардың беттерінде барынша балағаттап, күйе жақты. Дума қуылып, июльдегі халықтық қозғалыстар[47] сәтсіздікке ұшырағаннан кейінгі демократиядағы контрреволюциялық пиғылдардың бір жаңалығы — эсерлердің оң қанатының олардан біржола бөлініп шығуы, жартылай кадеттік, «халықтық-социалистік» партияның құрылуы болды. Октябрь — декабрьдегі алғашқы үлкен өрлеуден кейін жауынгер, айбынды демократиядан кадеттер бөлініп кетті. Май — июньдегі екінші, шағын өрлеуден кейін одан энестер кете бастады.

«Пролетарийдің» 4-номерінде біз осы энестердің идеялық-саяси бет-бейнесінің негізгі белгілерін баяндағанбыз *. Содан бері олар толық ресми бой көрсетіп үлгірді, «еңбек (халықтық-социалистік)» партиясының программасын жариялады — эсерлік программаны революциялық программадан оппортунистік, мещандықжария программа етіп қайта жасады,— жаңа партияның ұйымдастыру комитетінің құрамын жариялады. Рас, осы ұйымдастыру комитетінің 17 мүшесінің ішінде (Анненский, Елпатьевский, Мякотин, Пешехонов мырзалар және т. б.) «Еңбек тобынан» Думаның бар болғаны *бір* ғана бұрынғы мүшесі бар, бұл — реалдық училищенің оқытушысы, публицист-жазушы Крюков мырза. Жаңа еңбек партиясын құрушылардың ішінде *нағыз* «трудовиктерден» азды-көпті белгілі бірде-бір адам жоқ! Кейбіреулердің энестерді бояма трудовиктер деп атауы таңырқарлық нәрсе емес. Газеттерде қазір басқа бір еңбек партиялары туралы да хабарлардың пайда болуы таңырқарлық нәрсе емес. Әлбетте, мүлде белгісіз Крюков мырзадан гөрі, Думадағы қызметі бойынша анағұрлым көрнекті және халыққа таныс «трудовик» Седельников мырзаның *халықтық-еңбек* партиясын құрып жатқанын «Товарищ» хабарлаған болатын. «Товарищ» баяндаған көпшілік жиналыста Седельников мырза социалистің атағына ұмтылмайақ, «демократиялық монархияның» туын көтеріп, өз

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 436—447-беттер. *Ред.*

идеяларын ашықтан-ашық тура қорғады. Сол хабарға қарағанда, халықтан шыққан трудовиктің турашылдығы мен бүкпесіздігі журналистикадан шыққан трудовик Мякотин мырзаның қатты ашуын келтіріпті; ол қарсы пікірлер айтып, энестердің көзқарасын жақтапты.

Бұл үй ішілік таластың егжей-тегжейі біз үшін қызықты емес. Бізге керегі — кешегі эсерлер мен кейбір «трудовиктердің» арасындағы оппортунистік тенденциялардың түрлі көріністерін атап өту ғана. Пешехонов мырза бұл жөнінде елден ерекше «прогресс» жасап отыр (біздегіден гөрі эсерлерде анағұрлым батыл «жаңашыл-прогрессистер» бар). «Русское Богатствоның» [48] сентябрьдегі кітапшасында ол революционерлерден кадеттерге қарай беталған жолында одан сайын ұзай түсіпті. Ол революциялық «алу» мен кадеттік «алудың» арасындағы айырмашылықты жоюға тырысады. Еріктіде, жерді де түгел алуға болмайды деп августа «дәлелдегеннен» кейін, ол енді «ерікті төменнен алуға» болмайды деп «дәлелдеп» отыр. Ce n'est que le premier pas qui coûte * немесе орысша айтқанда: бірінші рюмка өзегіңді өртейді, екіншісі қылқ ете түседі, қалғандары — судай сыңғып кете береді. Жаңа кадеттік [публицист] жария журналдың беттерінде қарулы көтеріліс идеясын, революциялық уақытша үкімет идеясын соге жамандайды, бірақ әр нәрсені, әрине, тура өз атымен атамайды, революциялық партиялардың ол өзі «теріске шығарып отырған» манифесін толық келтірмейді, құпия баспасөзде көтеріліс идеясын, революциялық уақытша үкімет идеясын қорғаған адамдардың пікірлерін оңды-солды бұрмалап, берекесін кетіреді. Шынында да энес мырзалар өз партиясын жария еткенде белгілі бір мақсат көздеді ғой! Әрине, олар өз партиясын көтеріліс идеясын қорғау үшін емес, ол идеяны теріске шығару үшін жария етті!

Социал-демократия әдебиетінде контрреволюциялық шығылдардың көрінісі жөніндегі ірі жаңалық Москвада апта сайын шығып тұратын «Наше Дело» [49] болды.

---

* Дәлме-дәл аудармасы: бірінші адым ғана қиын. *Ред.*

Кадеттік баспасөз меньшевиктердің осы жаңа, ірі «прогресі» туралы дабыл қағып, құлақтың етін жеп болды;— олар, жұртқа мәлім, революционерлерден кадеттерге қарай прогресс жасап барады. «Речь» ерекше құттықтау мақала басып шығарды, «Наше Делоның» басты пікірлерін «Товарищ» масаттана қайталады, «Товарищтің» айтқан пікірлерін «Речь» қайталады, «Речьке» сүйеніп, «Товарищ» өз козқарастарын растады,— қысқасы, орыс революциясының білімді сатқындарының оқымысты қауымы мейлінше үлкен шаттыққа кенеліп, дүрлігіп қалды. «Наше Делоны» көрнекті меньшевиктер, Маслов, Череванин, Громан, Валентинов мырзалар басқарып отырғанын «Речь» тіпті біреуден біліп те алған.

Барлық меньшевиктік істер жайында өзін ылғи толық хабардармын деп есептесе де, «Речьтің» бұл деректерінің дұрыс-бұрысын біз білмейміз. Бірақ біз Череваниннің «Наше Делоның» 1-номеріндегі бас мақаласын білеміз. Оның кадеттерді қуантқан бір жерінен цитат келтірген теріс болмас:

«Кейбіреулердің ұсынып отырғанындай, толық билікті, бүкіл халықтық құрылтай жиналысы үшін шаруалармен бірлесіп, үкіметке де, буржуазияға да қарсы күрес жүргізуге әрекеттену пролетариат үшін мағынасыз және ессіздік нәрсе болар еді» (4-б.). «Жаңа Думаның шақырылуын талап ету керек». Министрлік Думадағы көпшіліктен құралуға тиіс. «Ал енді шаруалардың қазіргі мейлінше ұйымдаспағандығы мен барып тұрған надандығы жағдайында бұдан артығырақ бірдеңе дәме ету қиын» (6-б.). Көріп отырсыздар, әулиедей-ақ... ағынан жарылып отыр. Революциялық партияның ішінде отырып-ақ Череванин жолдас жаңа «жария партия» құрған Пешехонов мырзадан әлдеқайда оңға ауып кетті. Пешехонов мырза құрылтай жиналысы ұранынан *әлі* бас тарта қойған жоқ, ол думалық министрлік жөніндегі талапты жеткіліксіз деп *әлі де болса* сынап отыр.

Оқушыларымызды жәбірлемеу үшін біз, әрине, Череваниннің позициясын теріске шығарып жатпаймыз. Ол онсыз да қай фракциядағы болсын барлық социал-

демократтардың арасында «жалпы әңгіме» болып отыр. Бірақ біз оқушыларды көрнекті және жауапты меньшевиктің осылайша мүлде оп-оңай либералға айналуын түсіндіретін себептерге барынша мұқият зер салуға шақырамыз. Оппортунизмнің бірден көзге түсетін «ұшқарылығын», «эксцесін» мінеу, теріске шығару қиын емес. Социал-демократты ұялтып-қызартатын қателердің неден екенін ашу одан анағұрлым маңыздырақ. Біз оқушыларды мынаған зер салуға шақырамыз: Череванин мен біздің Орталық Комитеттің арасындағы айырмашылық Седельников пен Пешехоновтың арасындағы айырмашылықтан соншалықты алшақ па?

Осы «төрттіктің» барлығының да талаптарының астары бір. Тоғышарлық, ұсақ буржуазиялық типтегі адамдар революциядан қажып бітті. Революциялық серпілістер мен контрреволюциялық жанкештіліктің арпалыса аумасуынан гөрі шағын, күйкі, жартымсыз болса да жанға жайлы заңдылық жақсы. Революциялық партиялардың өз ішінде бұл талап осы партияларды қайта құру тілегінен көрінеді. Партияның негізгі ұйтқысы мейлі тоғышар бола берсін: «партия *бұқаралық* болуға тиіс». Құпияшылдық жойылсын, конституциялық «прогреске» кедергі жасайтын астыртын жұмыс жойылсын! Революциялық ескі партияларды жария ету керек. Ал бұл үшін олардың программаларына негізгі екі бағытта: саяси және экономикалық бағытта түбегейлі реформа жасау керек. Республика және жерді конфискелеу жөніндегі талапты шығарып тастау керек, социалистік мақсатты дәлме-дәл айқын, ымырасыз қатаң, өте ұғымды түрде баяндауды шығарып тастау керек, Пешехонов мырзаның тамаша мәнермен айтқанындай, социализмді «алыстан бұлдырайтын болашақ» етіп көрсету керек.

Біз мысалға алған осы «төрттіктің» әр түрлі өкілдері әр түрлі себептермен әр түрлі формада нақ осы талаптарды білдіріп жүр. Седельниковтың демократиялық монархиясы;— «халықтық-социалистік» партияның трудовиктен кадетке қарай «прогресс» жасауы; — Череванинның құрылтай жиналысы жолындағы революциялық күресті жоюы;— Аксельрод пен Плехановтың

жұмысшы съезі;— біздің Орталық Комитеттің «Дума үшін» деген ұраны;— нақ сол Орталық Комитет шығарып отырған «Социал-Демократтың» 1-номерінде жасырын жұмыс пен астыртын жұмыстың кертартпалығы туралы, «жалпы ұлттық буржуазиялық революцияға» көшудің прогрестігі туралы айтылған сөздер — осының бәрі жалпы негізгі бір талаптың көрінісі, осының бәрі революциялық партиялар арасында бас көтеріп отырған тоғышарлықтың бір ағыны.

Партияны жария ету, оны бұқараға «жақындату», кадеттермен келісім жасау, жалпы ұлттық буржуазиялық революциямен жақындасу тұрғысынан қарағанда, Череванин *әбден қисынды* түрде құрылтай жиналысы жолындағы күресті «мағынасыз және ақылға сыйымсыз нәрсе» деп жариялады. Біздің Орталық Комитет өзінің әйгілі «Партия ұйымдарына арналған хаттарында» (№№ 4 және 5) орташа буржуазиямен, офицерлермен және т. с. одақтасуды уағыздап және сонымен қатар олар үшін *жарамсыз* құрылтай жиналысы ұранын ұсынып, өзіне-өзі сорақы түрде қайшы келіп отыр деп, біз «Пролетарийдің» 1-номерінде-ақ көрсеткенбіз*. Пешехонов мырзалардан немесе біздің Орталық Комитеттен гөрі, Череванин бұл жөнінде дәйектірек және дұрысырақ немесе адалдырақ, айқынырақ пікір айтады. Орталық Комитеттің «Социал-Демократы» не қулық жасап, не барып тұрған шалалық корсетіп отыр, өйткені ол, бір жағынан, «пролетариатты жалпы ұлттық қозғалыстан басқа жаққа ауытқытатын», «оны саяси оқшаулыққа душар ететін маршруттарды» талқандайды, ал екінші жағынан, құрылтай жиналысы ұранын қолдап, «көтеріліске әзірлену керек» дейді.

Жұмысшы съезін алыңыз. Жақында (6 октябрьде) кадеттік «Товарищ» газеті, ақырында, бұл съездің сырын ашып қойды. Осы газеттің деректеріне қарағанда, «жұмысшы съезі туралы мәселені ұсынған социал-демократияның ең байырғы көсемдерінің біреуі» таяуда жасаған баяндамасында былай депті: «Олар («жұмысшы съезінің» мүшелері) социал-демократия-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 383—401-беттер. *Ред.*

ның бүкіл программасын, бәлкім, кейбір өзгертулермен қабылдауы мүмкін, сонда партия өзінің астыртын ұйымынан шығады». Мәселе айқын. Партияның жария жағдайға көшуі үшін партия программасына өзгерістер енгізуді қалайтынын байырғы көсемдер тура айтуға ұялып отыр. Айталық, республиканы, құрылтай жиналысын және пролетариаттың социалистік диктатурасы туралы сөздерді шығарып тастау керек, партия тек заңды жолдармен ғана күреседі деп (ерекше заң шыққанға [50] дейін неміс социал-демократиясының программасында осылай делінген болатын) және т. с. қосу керек делік. *«Сонда партия өзінің астыртын ұйымынан шығады»* — деп қиялданады «байырғы көсемдер», сонда «кертартпа» жариясыздықтан, революцияшылдықтан, астыртын жұмыстан «прогресті» конституциялық заңдылыққа көшу аяқталатын болады. Жұмысшы съезінің бетінен басып жасырып отырған сыры нақ осындай. Жұмысшы съезі дегеніміз — хлороформ, мұны байырғы көсемдер «кертартпа» социал-демократтарға ем ретінде қолданбақ, сөйтіп оларға Пешехонов мырзалардың эсерлер партиясына жасағанындай жапқа батпайтын операция жасамақ. Айырмасы тек мынау ғана: Пешехонов мырзалар — тәжірибелі, іскер және қайда бара жатқанын біледі, ал біздің байырғы көсемдер жөнінде мұны айту күнә болар еді. Қазіргі саяси жағдайда жұмысшы съезі дегеніміз — тек бос сөз екенін олар түсінбейді; осы жағдай революциялық өрлеу мағынасында өзгеретін болса, жұмысшы съезі тоғышарлық-тыныштық заңдылықтың жеңісіне тіпті де жеткізбейді, тек ылайым бұл жағдайда революциялық социал-демократиялық партияның ұлғаюы жұмысшы съезін керексіз етіп жүрмесін деңіз; ал егер қазіргі жағдай реакцияның толық, баянды жеңісі мағынасында өзгеретін болса, онда жұмысшы съезі социал-демократиялық программаны тіпті Аксельродтың өзін де үрейлендіретін дәрежеде *қысқарта* алады.

Кадет баспасөзі жұмысшы съезі идеясын жанын сала қолдап отыр, бұл әбден түсінікті, өйткені ол осы әрекеттің тоғышарлық, оппортунистік тенденцияларын бірден аңғарды. Өзін бейпартиялық социалист деп

есептейтін кадет Португалов мырзаның Аксельродтың «данышпандық позициясына» қуануы, оның «үйірмелік ұйым» деп партия туралы айтқан кекесін сөздерін («үйірме» деп отырғаны — 100—150 мың мүшесі бар, яғни, европалық көлемде алатын болсақ, сайлауда бір миллионнан бір жарым миллионға дейін дауыс алады!) іліп әкетуі тегін емес, сөйтіп ол маңғаздана келіп мынадай сұрақ қояды: «тап партия үшін керек пе әлде партия тап үшін керек пе?». Осы ақылды сұраққа біз де буржуазияшыл жазушыларға сұрақпен жауап берейік: бас қарын үшін керек пе әлде қарын бас үшін керек пе?

Ақырында, Орталық Комитеттің газеті — «Социал-Демократтың» пікірлерін алыңыз. Дәл сол Португалов мырза атақтылығы жағынан Череваниннің мәлімдемелерінен кем соқпайтын бір цитат келтіріп, сол пікірлердің мәнін дұрыс аңғарған. «Ол (меньшевиктік ағым) пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарына сүйенуші интеллигенцияның астыртын революциялық күресінің жалпы ұлттық буржуазиялық революцияға сөзсіз айналуын қарсы алуға тырысты». Португалов мырза былай деп түсіндіреді: «Осы таяуда ғана мұндай қоқан-лоққылар (?қате басылған ба? мұндай идеялар шығар?) сөзсіз «буржуазиялық-демократиялық» сарындағы сандырақ деп жарияланатын еді. Қазір бұл пікірлерге «буржуазияшыл демократтар» еш нәрсе қоса алмай отыр».

Португалов мырзанікі дұрыс. «Социал-Демократтың» бас мақалашысының пікірі осыдан аз уақыт бұрын да, қазір де, әрқашан да буржуазиялық-демократиялық идеялардың нәтижесі деп саналып келді, қазір де, болашақта да солай деп саналады. Шынында да, осы пікір жөнінде ойланып қараңызшы. Астыртын күрес ашық күреске айнала алады; интеллигенттік күрес халықтық немесе бұқаралық күреске айнала алады; таптың алдыңғы қатарлы топтарының күресі бүкіл таптың күресіне айнала алады; бірақ астыртын революциялық күресті жалпы ұлттық буржуазиялық революцияға айналады деу — барып тұрған былшыл. Бұл пікірдің шын мағынасы — пролетариаттың көзқарасын

буржуазиялық демократияның көзқарасымен алмастыру деген сөз.

«Екі жылға созылған азамат соғысы бізде ұлттық революция жасады. Бұл факт...» дейді «Социал-Демократтың» бас мақалашысы. Бұл факт емес, сылдыр сөз. Россиядағы азамат соғысы, бұл сөздің дұрыс мағынасында алатын болсақ, екі жылға жетпейді. 1904 жылдың сентябрінде ешқандай азамат соғысы болған жоқ. Азамат соғысы деген ұғымды шексіз ұлғайтып көрсету — *нағыз* азамат соғысы дәуірінде жұмысшы партиясының *ерекше* міндеттерін елемейтіндерге ғана тиімді. Орыс революциясы қазіргіден гөрі 1905 жылғы 17 октябрьге дейін анағұрлым жалпы ұлттық революция болды. Помещиктердің реакция жағына шығып кеткенін айтсақ та жеткілікті. «Октябристер» типті контрреволюциялық партиялардың құрылғанын және 1905 жылдың жазындағы освобождениешілдермен салыстырғанда 1906 жылдың жазындағы кадеттердің контрреволюциялық белгілері сөзсіз күшейе түскенін еске түсірсек те жеткілікті. Освобождениешілдер бұдан бір жыл бұрын революцияны тоқтату туралы әңгіме еткен жоқ және әңгіме ете алмайтын да еді, Струве революция жағына шыққан болатын. Қазір кадеттер біздің мақсатымыз — революцияны тоқтату деп тура айтып отыр.

Сонымен, астыртын революциялық күресті осылайша жалпы ұлттық буржуазиялық революцияға айналдыру іс жүзінде неге сайып отыр? Орыс революциясының барысында-ақ әйгіленген таптық қайшылықтарды елемеуге немесе көмескілеуге сайып отыр. Пролетариатты *дербес* революциялық саясат жүргізетін алдыңғы қатарлы күрескерден буржуазиялық демократияның көбірек көзге түскіш, «жалпы ұлттық» тілектердің өкілі болуға көбірек дәмеленгіш фракциясының шылауына айналдыруға сайып отыр. Осыдан келіп буржуазияшыл либералдың: біздің бұған еш нәрсе қосарымыз жоқ, біз толық келісеміз, біз атап айтқанда пролетарлық күресті жалпы ұлттық күреске айналдыруды жақтаймыз,— деуге тиіс болған себебі енді түсінікті. Жалпы ұлттық күреске (немесе, бәрібір, жалпы

ұлттық революцияға) айналдыру дегеніміз кадеттерде және басқа, неғұрлым солшыл партияларда бар ұқсас нәрсенің бәрін қабылдау, осы ұқсас нәрсені міндетті деп мойындау деген сөз; ал бұдан басқаның бәрін «пролетариатты саяси оқшаулыққа душар ететін» нәрсе деп алып тастау деген сөз. Басқаша айтқанда: кадеттердің талаптарына қосылу деген сөз, өйткені бұдан басқа талаптардың қандайы болса да енді «жалпы ұлттық» болмайды. Әрине, осыдан келіп, жартыкеш социал-демократиялық оппортунизмнің: «құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы ретіндегі Думаны жақтайық» немесе «құрылтай жиналысын жеңіп алудың құралы» ретіндегі Думаны жақтайық («Социал-Демократ», № 1) деген ұрандары туып отыр. Осыдан келіп, дәйекті социал-демократиялық оппортунизмнің: құрылтай жиналысы үшін күресу мағынасыз және ақылға сыйымсыз нәрсе, өйткені құрылтай жиналысын талап ету «пролетариатты саяси оқшаулыққа душар етеді», «жалпы ұлттық буржуазиялық революцияның» шеңберінен шығып кетеді дейтін, т. с. ұраны туып отыр.

Революцияшыл социал-демократтар басқаша ойлауға тиіс. «Жалпы ұлттық буржуазиялық революция» туралы тым жалпылама, буржуазиялық бұрмалауға тым оңай келетін сылдыр сөздердің орнына, біз анық белгілі таптар мен партиялардың революцияның түрлі кезеңдеріндегі нақты жағдайын талдауға тиіспіз. Ескі «Искра»[51] мен «Заряның»[52] 1900 және 1901 жылдары социал-демократияны жалпы ұлт бостандығы идеяларын таратушы деуі, барша жұртты, дворяндардың либерал басшыларына дейін, өз жағына тартушы алдыңғы қатарлы күрескер деуі әбден орынды еді. Ол кезде бұл шындық еді, өйткені үкімет саясатында ең жұпыны буржуазиялық либерализмді қанағаттандыра алатындай әлі түк жоқ еді, мүлде еш нәрсе жоқ еді. Бүкіл россиялық октябрь стачкасы осы шындықты дәлелдейді, өйткені пролетарлық күрес ол кезде әр алуан буржуазиялық либерализмді, тіпті оның ішінде ең жұпынысын да, тарта алатын орталық болған еді.

17 октябрьден кейін бұл жағдай басқаша болды, бас-

қаша болуға тиіс те еді. Либерал-монархиялық буржуазия (Мартов жолдас оны «либерал-демократиялық» буржуазия деп бекер атайды [53]) монархия мен помещиктік жер иеленушілікті қорғауға тиіс болды, тікелей (октябристер) немесе жанамалай (кадеттер) қорғауға тиіс болды, өйткені революцияның бұдан арғы жеңістері осы сүйікті мекемелерге елеулі және тікелей қауіп туғызатын болды. Революция ілгерілеген сайын, оның міндеттері өскен сайын халықтың осы міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күреске қатыса алатын таптары мен элементтерінің құрамы да өзгеретінін ұмытатын адамдар қатты қателеседі. Пролетариат буржуазиялық революция арқылы социализмге барады. Сондықтан ол буржуазиялық революцияда халықтың неғұрлым революцияшыл топтарын революциялық күреске көбірек аттандырып, көбірек қатыстыруға тиіс. Пролетариат 1901 жылы земство либералдарын оятты. Қазір оның басты міндеті, объективті жағдайлардың талап етуі бойынша, революцияшыл шаруаларды ояту, көзін ашу, күреске тарту, оларды таза кадеттердің ғана емес, сонымен қатар Пешехонов типтес трудовиктердің де идеялық және саяси қамқорлығынан қалай да құтқару болып отыр. Егер революция жеңе алатын болса, онда пролетариаттың оппортунистік шаруалармен емес, *тек қана* нағыз революцияшыл шаруалармен одақ жасауы арқасында жеңеді. Сондықтан егер біз революцияны (тек конституцияны ғана емес) жақтаймыз деп шын айтатын болсақ, «жаңа революциялық өрлеу» туралы шын айтатын болсақ, онда біз құрылтай жиналысы ұранын мүлде лақтырып тастау әрекеттерінің бәрімен немесе Думаны (құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы ретіндегі Дума немесе құрылтай жиналысын жеңіп алудың құралы, т. с. ретіндегі Дума) міндетті түрде қосу арқылы пролетариаттың міндеттерін кадеттік немесе жалпы ұлттық деліметін буржуазиялық революцияның шеңберіне түсіре төмендету жолымен бұл ұранды әлсірету әрекеттерінің бәрімен батыл күресуге тиіспіз. Шаруалар бұқарасынан тек ауқатты және орта шаруалар ғана сөзсіз оппортунистік, тіпті бара-бара реакцияшыл шаруалар бо-

лады. Бірақ бұлар — шаруалардың азшылығы. Кедей шаруалар пролетариатпен қосылғанда, бұлар халықтың, ұлттың басым көпшілігі болады. *Бұл* көпшілік буржуазиялық революцияда жеңе *алады* және толық жеңеді де, *яғни бүкіл ерік пен бүкіл жерді ала алады,* жұмысшылар мен шаруалардың әл-ауқатын капиталистік қоғамда мүмкін боларлық дәрежеде барынша оңдай алады. Керек десеңіз, ұлт көпшілігінің осындай революциясын жалпы ұлттық буржуазиялық революция деп те атауға болады, бірақ бұл сөздердің әдеттегі мағынасы мүлде басқаша екені, қазіргі уақытта бұл сөздердің шын мағынасы кадеттік мағына екені кімге де болса айқын.

Біз бұрынғы революциялық тактиканы жақтаймыз, осы мағынада алғанда біз — «консервативтік» социал-демократтармыз. «Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жапыштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті ақырына дейін жеткізуге тиіс» («Екі тактика») *. Бұл 1905 жылдың жазында жазылған. Қазір күрестегі мақсат ірірек, міндет анағұрлым қиын, алда тұрған шайқас анағұрлым күшті. Буржуазия атаулының, оның ішінде интеллигенттік буржуазияның, оның ішінде шаруалар буржуазиясының да, тұрақсыздығын күрмеп тастау керек. Үзілді-кесілді революциялық күреске қабілетті кедей шаруалар бұқарасын пролетариатқа қосып алу керек. Дәл *осы* ұлы міндеттер «революцияның жаңа өрлеуі» алдына біздің тілегімізбен емес, объективті жағдайлар себепті *қойылады.* Саналы пролетариат өз борышын ақырына дейін орындауға тиіс.

P. S. Мартов жолдастың «Товарищтегі» хатын оқығанымызда бұл мақала баспаға беріліп қойған еді. Л. Мартов кадеттермен блок жасау туралы мәселеде Череваниннен безіп отыр. Мұнысы өте жақсы. Бірақ таңғажайып, аса күйінішті нәрсе — Л. Мартов Череваниннің: «құрылтай жиналысы үшін күресу мағынасыз және ақылға сыйымсыз нәрсе» деген жаңалығынан

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том. 95-бет, *Ред.*

безбейді; ал өзі цитат келтірген «Товарищтің» 73-номерінен бұл жаңалықты оның *білмеуі мүмкін емес.* Шынымен-ақ Мартов та Череванинннің дәрежесіне жеткені ме?

«Пролетарий» № 6, 29 октябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МАРТОВ ПЕН ЧЕРЕВАНИННІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗДЕГІ ПІКІРІ [54]

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН ЛАҚАПТАР ТАРАТУ ҮШІН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ БІРЕУЛЕРДІҢ «ТОВАРИЩ» СИЯҚТЫ, АЛ СОЛ АРҚЫЛЫ «НОВЫЙ ПУТЬ» [55] СИЯҚТЫ ДА БУРЖУАЗИЯЛЫҚ, КАДЕТТІК ГАЗЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНЫП ОТЫРҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ.— ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ.— БАҒА БЕРУ.— —ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Л. МАРТОВТЫҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗ АРҚЫЛЫ ТАРАТЫП ОТЫРҒАН ӨТІРІГІ

12 октябрьде шыққан буржуазиялық, кадеттік «Товарищ» газетінде (№ 85) тағы бір кадеттік «Новый Путь» газетінің мынадай сөздері ешқандай ескертусіз *көшіріп басылған:* «Біз («Новый Путь») олардың (большевиктердің) барып тұрған солшылдармен тұрақты блок жасауды талап еткенде (біз мұны Мартов мырзаның хатынан біліп отырмыз) Мартов мырзадан гөрі дәйектірек екенін мойындамай отыра алмаймыз».

Сонымен, «Новый Путь» большевиктер жөніндегі өзінің жалған хабарын дәлелдеу үшін тура Л. Мартовқа сүйеніп отыр.

Фактілерді еске түсіру қажет.

«Большевиктік» «Пролетарийдің» 1-номеріндегі «Бойкот туралы» деген мақалада былай делінген болатын (3-бет): «Біз партияның бесінші съезін шақырамыз; бұл съезде біз: *сайлау бола қалған жағдайда* бірнеше аптаға трудовиктермен сайлау келісімін жасасу қажет деп қаулы шығарамыз (партияның бесінші съе-

зін шақырмайынша сайлау науқанының тыңғылықты өтуі мүмкін емес, ал «басқа партиялармен блок жасаудың» қандайына болса да төртінші съездің қаулысы сөзсіз тыйым салған болатын). Міне, сонда біз кадеттерді қирата жеңеміз» *.

Большевиктердің сайлау келісімдеріне көзқарасы туралы бізге белгілі социал-демократиялық әдебиетте әзірге бар нәрсенің *бәрі* осы. «Новый Путьті» адастырып отырған Л. Мартов екені айқын. «Барып тұрған солшылдармен тұрақты блок жасауға» большевиктердің *ешқашан да* күш салмағаны былай тұрсын, тіпті оны ауызға да алған емес. Бұл бір. Екінші: *қандай да болсын* «блоктар» жасау үшін большевиктер бұрын алынған қаулыны жаңа съезде *қайта қарауды* талап ететін. Мұны социал-демократиялық жұмысшы партиясының жаңа съезін шақырудан *қорқатындардың* ауызға алмауы бекершілік. Сондай-ақ, социал-демократтарда блок *атаулыға* ресми түрде салынған тыйым *жоқ* деп, өз оқушыларына жалған деректер беріп отырған немесе жалған пікір туғызып отырған буржуазиялық газеттердің де мұны ауызға алмауы бекер-ақ.

Үшінші: буржуазиялық газеттерге жазып тұратын Л. Мартов қасақана, әлде ұқыпсыздығынан, әлде надандығынан, кадеттік «Товарищ» газеті арқылы оқушыларға мынадай пікірді тықпалап отыр: большевиктер сайлаудың *төменгі* сатысында да, яғни *бұқара алдындағы* үгітте келісімдер жасауға болады дейді, ал оның өзі, Л. Мартов, «біздің көп сатылы сайлау системасының жоғарғы сатыларында жеке келісімдерді» ғана тиімді деп таниды.

Мұндай пікір айту үшін Л. Мартовтың *ешқандай мәліметтері жоқ*. Л. Мартов буржуазиялық баспасөз арқылы *өтірік сөз* таратып отыр, өйткені большевиктер келісім жасауды ұсынғанда *тек* жоғарғы сатыларда ғана, *тек* трудовиктермен ғана, тек бірнеше аптаға ғана, *тек бесінші съездің рұқсатымен ғана* келісім жасауды ұсынған болатын.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 378-бет. *Ред.*

Кадет газеттерінің меньшевиктерге тілектестік білдіруге бейім екендігі және солардың большевиктер жөнінде ойларына келген өсек-аяңының бәрін тілектестікпен көшіріп басуға бейім екендігі барша жұртқа белгілі, сондықтан бұқара арасына оп-оңай өтіп кете алатын осы *өтірікті* тарату үшін Л. Мартов «Пролетарийдің» көзқарастарын *«қысқартып»* беру әдісін қолданған. Осы көзқарастардың бәрі жоғарыда келтірілген баспаның бес жолына түгелдей сыяды, бірақ солай бола тұрса да, Л. Мартов оларды *қысқартуды,* оның үстіне тіпті *өз сөздерімен беруді* қажет деп тапқан. Сондықтан Л. Мартовтың қысқартылған хабарының *толық бұрмалаумен* пара-пар екенін оқушы көріп отыр.

«Пролетарийдің» бес жолында мәселе жол-жөнекей қозғалған. Мұнда сайлаудың төмен, жоғары сатылары туралы да, кезеңдері туралы да арнайы айтылмайды. Сондықтан осы бес жолда бірінші кезеңдегі келісім туралы әңгіме болып отырған жоқ деуге менде де ешқандай негіз жоқ деп, бәлкім, маған да қарсы дау айтушылар болар? Бірақ әріп қуалап, басқаның пікірінің айқын мағынасын бұрмалағысы келетін адам ғана осындай қарсы дау айтар еді.

Мәселенің бес жолда баяндалуында көп кемістіктер бар екені күмәнсыз, бірақ мақаланың жалпы рухы мен оның бүкіл мазмұны жеткізе айтылмаған нәрсені тар мағынада емес, кең мағынада (келісімдер жасау жөнінде) түсіндіруге мүмкіндік бере ме?

Тіпті сол келтірілген цитаттың «әрпінің» өзі де (егер оны Л. Мартов á la «қысқартпаса») кең мағынада түсіндіруге сөзсіз қарсы, өйткені сайлаумен аз да болса таныс әрбір адам *бірінші* сатыдағы келісім «бірнеше аптамен» шектеле *алмайтынын,* оған *айлар* керек екенін түсінеді. Мынаны айтсақ та жеткілікті: сайлауда кадеттермен блок жасағысы келетін партиялар Петербургте *қазірдің өзінде-ақ* аталып отыр, Петербург қаласындағы депутаттық орындардың кадеттер мен сол партиялар арасында мөлшерлеп бөлініп қойғаны *қазірдің өзінде-ақ* айтылып жүр. Сайлау уақыты 17 декабрьге ұйғарылған деседі. Төменгі кезеңде шынымен келісім жасағысы келетін адамдар екі ай бұрын-ақ

тікелей немесе араға кісі салу арқылы сөз байласа бастайды. Сонан соң, сайлаудың қаншаға созылатынын еске алыңыз, мәселені *партиялық* жолмен шешуге, орталықтан бүкіл Россияға *партиялық* директивалар беруге кететін уақытты қосыңыз,— сонда сіз сайлаудың төменгі кезеңінде партиялар арасында келісім жасау үшін *айлар* керек болатынын көресіз, ал «бірнеше апта» ішінде жоғарғы кезеңдерде келісім жасауға ғана, яғни күрестен кейін, сайлаушылардың өздерінің тікелей дауыс беруі арқылы байқалған күштердің есебін шығару негізінде, орындарды бөлу ісін жүргізуге ғана болады.

Ақырында, бұл мәселе жөнінде мені баспасөз бетінде пікір айтуға мәжбүр еткендіктен, мен жеке өз пікірімді баяндаудан тартынып қалуды ыңғайсыз деп есептеймін. Қазіргі саяси жағдайға сәйкес мен бесінші съезде мына көзқарасты қорғаған болар едім: социал-демократияға сайлаудың төменгі кезеңінде басқа партиялардың қайсысымен болса да ешқандай блок және келісім жасауға мүлде болмайды. Сайлау кезінде біз бұқара алдында мүлде дербес көрінуіміз керек. Жоғарғы кезеңдерде тек орындарды үйлестіре бөлу туралы ғана трудовиктермен келісім жасауға болады, оның бер жағында трудовиктердің ішіндегі оппортунистерді және жартылай кадеттерді (энестер, халықтық-социалистер, «халықтық-социалистік партия» және т. с.) революциялық буржуазиялық демократтарға қарсы қоя отырып, біз бейпартиялық трудовиктерді партиялық *«етуге»* тиіспіз.

МАРТОВ ПЕН ЧЕРЕВАНИН

Л. Мартов Череваниннің кадеттермен келісім жасау туралы айтқан сөзін «Товарищте» теріске шығарған болатын. Черевании дәл сол «Товарищте» енді «жаңсақтық» болғанын түсіндіріп отыр. Бұл түсіндірулерден Черевании «Наше Делоның» 1-номерінде төменгі сатылар мен жоғарғы сатылардың қайсысында келісім жасауға болатыны жөнінде анықтап еш нәрсе айтпаған болып шығады. Ал істің мәніне келгенде ол *төмен-*

гі сатылардың өзінде-ақ *деревняларда да, қалаларда да* келісім жасауға *болады* дейді. Қандай партиялармен келісім жасауға болады деп ойлайтынын Череванин айтпайды. Ол үшін (сірә, Мартов үшін де) революцияшыл буржуазия мен оппортунистік буржуазия арасында, эсерлер мен кадеттер арасында, думалық «33» [56] типтес трудовиктер мен «энестер» типтес трудовиктер арасында және т. с. арасында айырмашылық жоқ. Ол ол ма, Череванин тіпті *төменгі сатыларда буржуазиялық кандидатуралар үшін келісім жасамай-ақ дауыс беруге болады* деп ойлайды!

Сонымен, Череваниннің позициясы толық айқындалып отыр. Осынау тек көрнекті (буржуазиялық баспасөз оны осылай деп таныстырады) ғана емес, сонымен қатар әрі жауапты меньшевик, мұның үстіне апта сайын шығатын «Наше Дело» басылымын басқарып отырған меньшевик блок атаулының бәрін мақұлдайды, тіпті социал-демократтардың буржуазиялық кандидатураларды жақтап дауыс беруін де мақұлдайды. Демек, меньшевиктер жұмысшы табын либерал-монархиялық буржуазияның құйыршығына айналдырып отыр, социал-демократияны кадеттік құйыршықтың роліне дейін төмендетіп отыр деген большевиктердің пікірі толығынан сөзсіз дұрыс болып шықты.

Революцияның органы немесе құралы немесе қаруы және т. с. ретіндегі *Думаны* жақтайық деген кәдімгі меньшевиктік ұранның шын мәні жөнінде енді ешкім адаспайтын болсын. Революцияны қолдау үшін меньшевиктер жалпы «Думаны» қолдайды. Ал енді жалпы Думаны қолдау үшін олар революцияны тоқтатқысы келетін кадеттер партиясының кандидатуралары үшін, тіпті келісімсіз-ақ, дауыс беруге әзір!

Мильеран, Вивиани, Бриан сияқты француз социалистерін еске түсіріңіз, қазір олар Клемансоның бастауымен архибуржуазиялық Францияны алаңсыз басқарып, стачка жасаушыларға қарсы әскер жіберіп отыр және т. т. Социализмді қолдау үшін олар жалпы республиканы қолдауға, әйтеуір аты республиканы қолдауға шақырды. Республиканы қолдау үшін олар келісіммен де, келісімсіз де, кәдімгі буржуазиялық сая-

сатқұмарларды жақтап, оппортунистерді жақтап дауыс берді. Сөйтіп, олар бірте-бірте құлдырай беріп, өздері де буржуазиялық езгіні дәл сондай жақтаушылардың біріне айналған халге жетті.

Череванин және оның пікірлестері кәдімгі қара жолға, шыйыр жолға түсіп отыр!

Ал Мартов ше? Ол төменгі сатыларда келісім жасауға қарсы. Ол Череванинді теріске шығарды. Мұның өзі өте-мөте қуанышты нәрсе. Бірақ... бірақ мұның оны *қалай* теріске шығарғанын қараңыз. Әрбір байсалды саясатшы әрқашан да өзінің сайлау тактикасын өзінің жалпы саяси тактикасына бағындырып отырады. Кадеттік газеттердің жарамсақтығы арқасында Череваниннің тактикасы енді жұрттың бәріне белгілі болды: «Кейбіреулердің ұсынып отырғанындай, толық билікті, бүкіл халықтық құрылтай жиналысы үшін шаруалармен бірлесіп, үкіметке де, буржуазияға да қарсы күреске кірісуге әрекеттену пролетариат үшін мағынасыз және ақылға сыйымсыз болар еді». Череваниннің осы атышулы қағидасы «Товарищтің» кейіннен Л. Мартов «жауап берген» номерінде де *цитатқа келтірілген* болатын. Енді, міне, Череваниннің сайлау тактикасын теріске шығара отырып, Л. Мартов Череваниннің *бүкіл* саяси тактикасының осы негізгі қағидасына қарсы *ләм деген* жоқ.

Осы екеуінің қайсысы дәйектірек? Қайсысы екі аяғын нық басып тұр? Думаны жақтау керек пе әлде революцияны жақтау керек пе? Жалпы Думаны жақтау — демек: кадеттерді жақтау деген сөз — демек: құрылтай жиналысына қарсы болу деген сөз. Революцияны жақтау — демек: белгілі бір шарттармен Думаның тек белгілі бір бөлегін жақтау деген сөз — демек: кадеттерге қарсы шығу деген сөз — демек: қазір құрылтай жиналысы ұранын лақтырып тастау немесе тіпті оны әлсірету мағынасыз және ақылға сыйымсыз деген сөз.

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ГАЗЕТТЕРДЕ

Социал-демократтың буржуазиялық газеттерге қатысуы лайық па?

Жоқ. Европалық социал-демократияның теориялық пікірлері де, саяси дәстүрлері де, практикасы да мұндай қатысуға қарсы келіп отыр. Неміс социал-демократтарының таяудағы съездерінің бірінде бұл мәселе сөз болып, талқыланғаны мәлім [57]. Жұртқа мәлім, біздің неміс жолдастар социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуын *қатаң айыптайды*, революцияшыл пролетариат партиясының бұл салада да блоктарға да, келісімдерге де жол бермеуін, дербестік сақтауын, жұмысшы партиясы әдебиетшілерінің тек сөз жүзінде емес, *іс жүзінде* ұйымшыл болуын, бақылауға бағынуын, қысқасы, қатаң партиялық болуын жақтап батыл күреседі.

Бізде Россияда осы ережелерден бас тартуға біздің правомыз бар ма?

Ережеден ауытқушылық әрқашан да болуы мүмкін ғой деушілер болар.— Бұл даусыз. Айдауда жүріп, кез келген газетке жазатын адамды айыптауға болмайды. *Кейде* ақша табу үшін буржуазиялық газеттің екінші дәрежелі бір бөлімінде жұмыс істеп жүрген социал-демократты айыптау қиын. Шұғыл бір іс бабындағы жауап жарияланса, оны ақтауға болады және т. т. және т. с.

Ал енді біздегі жағдайды қараңыз. *Социал-демократиялық* «Наше Дело» туғызған «жаңсақтықтарды» теріске шығару сылтауымен Л. Мартов кадет газетіне екі бағанадай мақала жазады; онда ол бір социал-демократтардың көзқарастарын жайбарақат баяндап шығады, екінші бір социал-демократтармен айтысады, өзіне ұнамаған социал-демократтардың көзқарастарын бұрмалайды, өзінің кадеттермен жасаған әдебиетшілдік «блогы» арқылы пролетариаттың барлық дұшпандарын сүйсіндіріп отырғаны оның ойына да кіріп шықпайды. Кадеттік газеттер Л. Мартовтың кадет баспасөзіндегі мақаласын қағып алып, оны мадақтай жөнеледі, революцияшыл социал-демократтар туралы Мартовтың та-

ратқан өтірігіне өздері жанынан оны-мұны қосып жібереді, Мартовтың арқасынан қағады («Речь») және т. т. Соған Череванин елігіп те қалды. Егер Мартов Череваниннің «жаңсақтықтарын» «Товарищте» теріске шығарып, мұнымен қатар қайдағы жоқ бірдеңелерді құжынатып және басқа толып жатқан бірдемелерді айтып отырса, онда Череванин де «Товарищте» Л. Мартовтың «жаңсақтықтарын» неге теріске шығармайды? Айтпақшы, осы жағдайды пайдаланып, кадеттік баспасөзде (социал-демократиялық баспасөзде, дегенмен, ұят қой!) тіпті келісімсіз-ақ социалистердің буржуазиялық кандидатураларға дауыс беруіне болмай ма деген мәселені талқылауды бастамайтын не бар *?

Міне, сонымен, кадет газеттерінің жанынан ерекше бөлім: социал-демократиялық оппортунистердің семьялық-әдеби хат-хабар алысу бөлімі ашылды. Мұның жазары — кадеттермен блок жасау, тіпті кадеттерге дауыс беру ықтималдығы болғандықтан, кадеттер революциялық социал-демократияның «консервативтік» ережелерінен безіп шыққан панасыз «прогресшіл» социал-демократтарға бір бұрышын ықыласпен беріп отыр.

Меньшевиктік әдебиет генералдары екі үйді бірдей мекендеп отыр. Олар ақ үйде отырып, кадеттермен блок жасау туралы игі-жақсы мырзалармен әңгіме шертіседі, сөз арасында революцияшыл социал-демократтар жөнінде анекдоттар да айтысады. Қоңыр үйде отырып,— қайдағы бір жұмысшы газетінде немесе социал-демократиялық басылымда немесе листовка сияқты бірдеңеде,— олар жұмысшыларға «бейпартиялық жұмысшы съезін» ұсынып, құрылтай жиналысы үшін күресу мағынасыз және ақылға сыйымсыз деп олардың көзін ашады. Жұмысшылар біраз сабыр етіп, күте тұрсын: кадеттік «Товарищ» газетінде социалистердің буржуазиямен блок жасауы туралы социал-демократиялық айтыс аяқталсын, сол кезде жұмысшылар да бірдеңені білетін болады... Сөйтіп, Тургеневтің бір кейіпкерінің [58] тірлік салтына бағып, біздегі жұмысшы

* Ф. Дан тіпті «жаңсақтықтарды» теріске шығару үшін де емес, жай әшейін, сыбайластық үшін «Товарищке» көшіп алыпты.

съезін жақтаушылар «Товарищке» үсті-үстіне хат жазып: біздің партия — интеллигенттік партия... дегенді сарнауда.

Осы сорақылықты тоқтату үшін жұмысшы социал-демократтар қалайша араласпай отыра алады? Жалпы партиямыздың барлық мүшелері осыған қалай немқұрайды қарай алады?

1906 ж. 13 (26) октябрьден кешірек жазылған

1906 ж. октябрьде Петербургте «Пролетарское дело» баспасында жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ ТӨТЕНШЕ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Орталық Комитет шығарып отырған «Социал-Демократтың» екі номерінде де төтенше съезд шақыруға қарсы Плеханов пен Мартовтың мақалалары басылған. Мақалалардың елеуреген, ызалы сарында жазылғаны, ондағы назалану, шамдану, бағзы біреулерге меңзеп, күдіктену дегендердің көптігі сонша, тіпті эмигранттық кикілжіңнің ең жаман заманындағы жағдайды бірден қайта көзге елестетеді. *Өзінің* басылымында съезд туралы осы, *тек қана* осы мақалаларды басып, партиямыздың Орталық Комитеті өзін өзі тура қолайсыз жағдайға қойып отыр. Шынында да, ойлап қараңызшы: демократиялық жолмен ұйымдасқан жұмысшы партиясының жауапты министрлігі жаңа съезд шақыру үшін жүргізіліп отырған үгіт жайында мүлдем терісіне сыймай, сабырлылық дегеннен мүлде айрылып отыр! Мұның өзі мүлде лайықсыз нәрсе ғой, жолдастар. *Сіздердің* өкілдіктеріңізді, *сіздердің* тактикаңызды қайта қарау үшін жүргізілген үгітке ашуланып, сол үшін сөгулеріңіздің өзімен-ақ сіздер өздеріңізге өздеріңіз ең қатал үкім шығарасыздар ғой. Съезді жақтаушы бағзы біреулер табалағысы келсе, Плеханов пен Мартовтың осы мақалаларын қайтадан бастырып, көбірек таратудан артық еш нәрсені тілемеген болар еді!

Мынадай сұрақ туады: ылғи бір жәбір-жапа шеккенсіп, жыламсырап жүретін адамдардың келіп Орталық Комитет атынан съезге қарсы шығып отырған себебі қалай? Оның себебі — жаңа съезд үшін үгіт жүр-

гізуді сөзсіз қажет еткен екі негізгі факт өте айқын да қарапайым. Бұл фактілердің біреуі партияның құрамына, екіншісі партияның тактикасына қатысты болып отыр.

Өзінің құрамы жағынан алғанда біздің партиямызда Бірігу съезі кезінде 13 000 большевик және 18 000 меньшевик болатын. Орталық Комитет, әсіресе Орталық Орган редакциясы 18 000 адамның еркін білдіреді. Қазір партияға 14 000 латыш, 26 000 поляк және 33 000 бундшыл * кіріп отыр. «Социал-Демократтың» 1-номеріндегі бас мақалада партияның ішіндегі екі фракция қазір бір шамалас деген сөз екі рет, әбден үзілді-кесілді мойындалады. Мұндай пікір, сірә, поляктар мен латыштарды большевиктерге, ал Бундты меньшевиктерге жатқызуға негізделген болса керек. Айталық, Бундты меньшевиктерге жатқызу дұрыс-ақ болсын. Тіпті соның өзінде де меньшевиктік Орталық Комитеттің біздің *бүкіл* партиямыз атынан өкілдік етуі анық сорақы нәрсе болар еді (Орталық Комитетте жеті меньшевик, үш большевик, бір латыш, екі бундшыл бар; бір поляк Орталық Орган мүшесі правосында деп есептеледі; барлық саяси мәселелер жөнінде шешуші дауыс правосымен тағы да бес меньшевик, Орталық Орган редакторлары қатынасып отырады).

Тактика жағына келетін болсақ, съезден кейінгі 5—6 айдың ішінде партия біздің революциямыздың екі ірі дәуірін: думалық дәуір мен «Думаны тарату министрлігі» дәуірін басынан кешірді. Біздің Орталық Комитеттің Думадағы тактикасы бүкіл (кадеттік) Думаны түгелінен қолдауға барып тірелді. Бұл тактиканың ең биік шыңы Думалық (яғни кадеттік) министрлікті талап етіп, соның тағайындалуын қолдау ұраны болды. Ал партияның көпшілігі бұл тактика мен бұл ұранды мойындамағаны,— бұл факт. Думалық дәуірдің өн-бойында социал-демократтар партиясы *өз* Орталық Коми-

* 11 октябрьде шыққан «Товарищ» газетінде Орталық Комитеттен алынған мәлімет бойынша-мыс деліпіп, жаңа цифрлар берілген; бұлар алайда негізгі арақатынасты өзгерте алмайды. Бұл цифрлар бойынша, біздің партиямыздың мүшелері қазір 150 000-дай екен. Оның ішінде 33 000-ға жуығы большевик, 43 000-дайы меньшевик, 13 000-дайы латыш, 28 000-дайы поляк және 33 000-дайы Бунд көрінеді.

тетінің тактикасымен *күресті*. Бұл фактіні түсіндірудің, оның маңызы туралы айтып жатудың қажеті жоқ.

Онан соң, Дума таратылғаннан кейін Орталық Комитет ішінара жаппай қарсылық нышанын білдіріп отыруды жақтады. Жалпы тактиканың ұраны: құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы ретінде Думаны жақтау болды. Ал тағы да бір күмәнсыз тарихи факт мынадай: партия, өзінің басым көпшілігін алғанда, өз Орталық Комитетінің нақты ұранын да, жалпы тактикасын да қабылдамады. Ал «Социал-Демократтың» 1—2-номерлерін зер сала оқыған адам оларда бұл жалпы тактиканың (құрылтай жиналысын шақыру құралы ретінде Думаны жақтау; кадеттер — шаруаларға қарағанда, прогресшіл қалалық буржуазия деген сияқты және т. т.) қорғалатынын, ақталатынын және дәлелденіп отырғанын көрмеуі мүмкін емес.

Осыдан-ақ жаңа бір Дума науқаны бола қойған жағдайда партия Орталық Комитеттің думалық ұрандарымен күресуге тиіс болатыны, ал таяуда бір революциялық бой көрсету бола қалған жағдайда — Орталық Комитет партия көпшілігінің атынан өкілдік ете алмайтындығы себепті партияның өз күшін ыдыратып, күрестің берекесін кетіруге тиіс болатыны айқын. Демек, партияның жаңа съезін кешеуілдету атаулының бәрі енді партияның демократиялық негізде ұйымдасуының бүкіл рухы мен бүкіл мәнін тікелей бұзу ғана болып қоймайды, сонымен қатар пролетариаттың ең таяудағы думалық және жалпы революциялық күресіне ең қауіпті кедергі жасау болып табылады.

P. S. «Социал-Демократтың» осы мақала жазылғаннан кейін шыққан 3—5-номерлері жоғарыда айтылғандардың бәрін одан сайын айқынырақ дәлелдейді. Сайлау келісімдері жайындағы мәселе жөнінде меньшевиктер біржола жікке бөлінген, ал олардың Орталық Комитеті Мартовтан Череванинге қарай ауытқи бастаған көрінеді. Мартов Череванинді жұрт алдында теріске шығарды. Плеханов Череванинді қолдау үшін кадет

газетіне жазып тұрмақшы болды. «Социал-Демократтың» 4-номеріндегі бас мақала Орталық Комитет Думаны түгел қолдау туралы және думалық министрлікті тағайындау талабын қолдау туралы өз ұрандарын партияға қарсы тағы да көтермек болып жатқанын дәлелдеп отыр.

«Пролетарий» № 7,
10 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТАРИХ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАДЫ...

Бұл — Мемлекеттік думаға бойкот жасау туралы ескі тарих. «Социал-Демократтың» 3-номерінде бір меньшевик жолдас бұл тарихты («Ситуация ма әлде позиция ма?» деген мақала) былайша жазады:

«Тарих бізге Булыгин Думасының жобасын ұсынған кезде, біз өзіміздің жалпы принциптік позициямыз тұрғысынан келіп, өзіміз кіруге жол берілмеген Булыгин Думасына қарамақарсы, сонымен жарыстыра халық думасына өз бетімен сайлау жүргізе беру жұмысын ұйымдастыруды ұсынған едік. Ал декабрь көтерілісінен кейін, біз енді...»

Сәл ғана аялдаңызшы, құрметті тарихшы! Сіздің фактілерге соқпай, Булыгин жобасынан декабрь көтерілісіне бірден секіруіңіз — бұл әлі еш нәрсе емес, бұл хронологиялық қана секіру. Ал бірақ сіздің өз тактикаңыздан және «принциптік позицияңыздың» үстінен секіріп өтуіңіз — әлгідей емес, бұл ең құрығанда... дипломатиялық секіру. Сіз *тек* «өз бетімен сайлау жүргізуді» *ғана* ұсынған ба едіңіз? сіз Булыгин Думасына *тек* «кіруге жол берілмеген» дума деп *қана* қараған ба едіңіз? Демек, сіз өзіңіздің, халықтық думаңызға бола Булыгин Думасына бойкот жасамақшы болған екенсіз ғой? немесе оны елеусіз қалдырмақ болған екенсіз ғой? Сіз ол кезде бойкотшы біреулерге қарсы күрес жүргізген жоқ па едіңіз? Болғалы тұрған «булыгиндік» сайлау науқанына мақұлдап қатынасуды жақтаған жоқ па едіңіз? сайлауда партияның солшыл либералдарды қол-

дауын және т. т. талап еткен жоқ па едіңіз? Мұның бәрін ұмытып кеткеніңіз қалай?

«Ал декабрь көтерілісінен кейін біз енді»... Тоқтаңыз, тағы бір ұсақ нәрсені ұмытып барасыз. Россия Булыгин Думасына бойкот жасады, ал енді халық думасы деген әлі күнге дейін жоқ қой... Ендеше, сіз өзіңіздің ол кездегі тактикаңыздың қате екенін мойындадыңыз ба? Жоқ, сіз өзіңіздің булыгиндік-думалық тактикаңызды жақсы еді деп, бірақ оның барынша жарқ етіп көрінуіне революция ғана кедергі жасады деп, бойкотшыларға жауап берген болатынсыз... Міне, енді *осылардың бәрін* есіңізге түсіргеннен кейін, өзіңіздің тарихыңызды әрі қарай жаза беріңіз.

«Ал декабрь көтерілісінен кейін, біз енді жаңа, Витте Думасын шақыру фактісіне душар болған кезімізде, біз екі мүмкіншілікті еске ала келіп, сайлаудың бірінші кезеңіне қатысуымыз керек дедік: не біздің қатысу фактіміздің өзі революциялық өрлеу туғызады, ол өрлеу Витте Думасын жойып жібереді...»

Тоқтаңыз, құрметті тарихшы, тоқтаңыз, сізге не болған? «Біздің қатысу фактіміз революциялық өрлеу *туғызады»*... Жоқ, бұл жай ғана әзіліңіз болар! Біздің күштерімізді аңқаулықпен асыра бағалайды деп, сіз большевиктерді әрқашан кінәлаушы едіңіз ғой,— сөйте тұрып, сіз революциялық өрлеу — өрлеу болғанда қандай: «жойып жіберетін өрлеу»... және т. т. «біздің қатысу фактімізден» *туа* қалады деп шын айта қояр ма екенсіз. Жоқ, әрине, бұл әншейін-ақ сөз болар.

Сонымен: «...не біздің қатысу фактіміздің өзі революциялық өрлеу туғызады, ол өрлеу Витте Думасын жойып жібереді, сөйтіп бізге неғұрлым қолайлы өкілдік мекеме құрып береді; не революциялық өрлеу тікелей тумайды,— ал онда біз Думаға баруға мүмкіндік алуымыз былай тұрсын, онда жағдайдың өзі бізді, Москваның Лефорт ауданында болғанындай, Думаға баруға мәжбүр етеді».

Ау, бұл екінші «не» туралы сіз, ұмытпасам, ол кезде ештеңе айтқан жоқ едіңіз ғой?

Иә, айтқанымыз жоқ-ты,— деп жауап береді біздің тарихшы.

«Рас, біріккен редакция арқылы шығарылған кітапшада біз: Думаға тікелей сайлау жүргізілсін дей алмаймыз,— деген едік. Бірақ біз мұны істедік, біз бірыңғай тактика жасап алу үшін бойкотшылармен бір келісімге келеміз бе деген үмітпен, осы ымыраға ғана бола күн ілгері өз қолымызды өзіміз байладық. Бұл біздің тарапымыздан «оппортунизм» еді, атап айтқанда — бойкотшы-жолдастардың артта қалған, өрісі тар көзқарастарына біле-тұра икемделуіміз еді, біз бұл жөнінде шын ниетімізбен өкінеміз».

Бәлі, солай деңіз! Айтқаныңыз бір басқа да, ойлағаныңыз бір басқа болған екен ғой. Осыны пролетариат пен бүкіл революцияшыл халықтың алдында айттыңыздар-ау... Енді келіп «өкінеміз» дейсіз! «Өтірік айтып алған соң, саған енді кім нанар?» деген мәтелді сіздер білесіздер ме? Ал егер сіздің «өкінеміз» дегеніңіздің өзі де біреулердің «артта қалған» немесе «өрісі тар» көзқарастарына «икемделуден» туған болса қайтесіз? Мұндай «оппортунизмнің», мұндай «ымыраға барудың» шегі қайсы? Аса маңызды тактикалық мәселелердің бірінде сіздің ұраныңыз адал айтылған ұран болмағанын өзіңіз айтып отырғанда, сіздің кез келген ұранызға қалай қарауға болады? Енді, сірә, кейбіреулер сіздің өздеріңізді социал-демократтармыз деп атауларыңыздың өзін де революцияшыл пролетариаттың «артта қалған, өрісі тар көзқарастарына икемделу» үшін ғана айтылған сөз деп ойлауы мүмкін ғой.

Жоқ, мен сізді арашалап алуға тиіспін. Айтыстың қызуына түсіп кетіп, сіз өзіңізге өзіңіз қатты жала жауып отырсыз. Сайлаудың барлық кезеңдерінде бірдей біздің шын бойкотшы болғанымыз сияқты, сайлаудың үшінші кезеңінде сіздер де шын бойкотшы болдыңыздар. Бірақ бәріміз бірге *бойкотшы* болдық қой. Nebst gefangen, nebst gehangen. Бірге ұсталған дарға бірге асылады. Сіздер енді бойкотшы болдыңдар деп бізді «дарға асқыларыңыз» келеді. Олай болатын болса, қымбатты жолдастар, өздеріңізді де дарға асуға тура келеді: сіздер де дәл сондай қылмыспен ұсталып отырсыздар ғой. «Бірақ біз өкініш білдірген болатынбыз! — дейсіздер. Несі бар, бұл, шынында да, сіздердің кінәларыңызды жұмсартады. Бірақ бұл сіздерді ақтамайды және жазадан да құтқармайды. Сонда сіздерді дарға ас-

пағанмен, бәлкім, дүрелеп алатын болар. Осыны тілеп отырсыздар ма?

Ал біз — өкініш білдірмей-ақ қойдық. Біз бұрын да айтқанбыз, әлі де айтамыз: бойкот жасау-жасамау принциптің мәселесі емес, тиімділіктің мәселесі болып табылады. Бірінші Думаға бойкот жасауымыз тиімді болды. Ол бойкот Дума дегеніміз революцияның түбегейлі мәселелерін шешуге дәрменсіз мекеме екен деп, халық бұқарасының оған тәжірибе жүзінде, нақты формада пролетарлық баға беруіне жол ашты. Қазір Думаның таратып жіберілуі және одан кейінгі оқиғалардың бәрі бұл бағаны растап отыр; конституцияшыл жалған үміттерден ештеңе шықпайтынын күні бұрын ескерткен пролетариат бұл арада да өздерінің революциядағы табиғи көсемі болып шыққанын халық бұқарасы айқын көріп отыр. Бойкот үкіметтің назары мен күшін өзіне қарай алаңдатты да, сонысымен сайлауда буржуазиялық оппозицияның жеңуіне көмектесті. Бойкот қалың пролетарлар бұқарасын революциялық қарсылықтың бірыңғай қимылына топтастырды. Оның үгітшілік және ұйымдастырушылық маңызы өте зор болды.

Бойкот үлкен іс істеді — бірақ ол оны істеп *болды*. Думаға баға берілді, думалық жалған үміттерге батыл соққы берілді — мұны қайталап жатудың қажеті жоқ. Үкімет күшін бойкот енді бәрібір алаңдата алмас еді — үкімет, әрине, өткен сайлаулардан сабақ ала білді. Тек сайлау заңы бұрынғыдан да едәуір нашарлаңқырап кетпейтін болса,— үгіт жұмысы мен ұйымдастыру жұмысы сайлауға қатынасу кезінде де бойкот жасау кезіндегіден кем орындалмайды. Ал енді сайлау заңы нашарлап кететін болса, мүмкін, тағы да бойкот жасауымызға тура келер. Дәл сол сияқты, егер тағы да үлкен революциялық шайқастар басталып кетсе, Дума сайлауына мұрша да келмей қалуы мүмкін.

Сонымен, бойкот біз үшін келешекте де тиімділік мәселесі болып қала береді. Біз тек *әзірге* бойкот жасауға жеткілікті дәлел барын көре алмай отырмыз.

Кімде-кім өзін кінәлы деп білетін болса, ол өкіне берсін. Бірақ бұл арада ол тек өз *басына* қара жамылсын,

басқаның емес, *өз* киімін жыртсын. Бірақ та тарихты бұрмалаудың және өкініш білдірудің жөні осы екен деп, өзге түгіл, тіпті өзіне де жала жабудың ешбір қажеті жоқ.

«Пролетарий» № 7,
10 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ САЙЛАУ НАУҚАНЫ»[59] ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ПОСТСКРИПТУМ

«Товарищ» газетінде Г. В. Плехановтың «Саналы жұмысшыларға ашық хаты» жарияланған кезде бұл мақала жазылып қойған еді. Бұл хатында Плеханов буржуазияның сол қанаты мен социал-демократияның оң қанаты арасында «бұлтақтап», халықаралық революциялық социал-демократияның принциптерінен де, партияның Бірігу съезінің шешімдерінен де біржолата қол үзеді. Буржуазиялық партиялармен қандай да болсын блок жасауға партия съезі ресми түрде тыйым салған болатын. Саналы, ұйымдасқан пролетарий өзінің партия жиналыстарында буржуазиямен блок жасау атаулының бәрін де «пролетариат ісіне опасыздық жасау» деп атаған еді; өзінің «Товарищтегі» мақаласында және партия ұйымдарына жазған хатында Л. Мартов большевиктік, яғни дәйекті-революциялық көзқарас тұрғысынан келіп, сайлаудың бірінші кезеңінде блок атаулының бәріне де батыл қарсы шығады. «Бірінші мәселе (сайлаудың барысындағы «блоктар» немесе келісімдер) жөнінде,— деп жазады Мартов,— мен *съездің қарарына сүйене отырып,* сайлаудың *бірінші кезеңіне* қатысқанымызда, яғни бұқара алдында сөйлейтін жерімізде *толық дербес болуымызды* жақтау керек дер едім». Мәселенің бұлай қойылысы Плехановқа «ымырасыздықты қате түсіну» сияқты болып көрінеді. «Біз өз кандидатымыздың жеңіп шығуына сене алмайтын жерімізде,— деп жазады Плеханов,— *ескі тәртібімізге қарсы күрескісі келетін басқа партиялармен келісімге келуге*

міндеттіміз» *. Сөйтіп, съезд шешіміне қарама-қарсы, буржуазиялық партиялармен келісімге жол бере отырып, Плеханов алайда өзінің «саяси білгірлігімен» біздің ондай келісімге келуімізге болмайтын жағдайларды да күн ілгері болжай қояды. «Біз *өз кандидатымызды өткізе* ** алатынымызға күмәндануға болмайтын жерде,— деп жазады ол,— біз басқа партиялардан *тәуелсіз* әрекет ете аламыз және солай істеуге тиістіміз де». Ғажап «саяси білгірлік»! Біз өз кандидатымызды өзіміз өткізуге сенімді жерде біз оны өзіміз өткіземіз. Сенімді емес жерімізде... «ескі тәртіпке қарсы күрескісі келетіндерден» көмек сұраймыз немесе ол арада осы «күрескісі келетіндердің» өз кандидатын өткізуіне көмектесеміз. Ал осы «күрескісі келетіндер» өз кандидаттарын өздері өткізуіне сенімді болған жерлерде, кадет газеттерінің қызметшісі, беу Плеханов, қалай ойлайсыз, олар бізбен келісімге келуді тілей қояр ма екен? Әңгіме келісімдер туралы болып отырған болса, онда келісім дегендеріңіз партияның өз кандидаттарын өз күштерімен өткізуіне сене алмайтын жағдайларында ғана керек болатыны қандай да болсын саяси сәбилерге де түсінікті ғой. Бірақ біз мұндай жағдайларда да келісім атаулыға қарсымыз. Ал Г. В. Плеханов, бостандықтың шын серісі ретінде, кадеттік «Товарищте» дабыл қағып, «күрескісі келетіндердің» бәріне жар салып отыр... Келе көріңдер, «күрескісі келетіндердің» барлығы! Пролетариат күресіп жатыр, ал сіздер күрескілеріңіз «келеді»! Тамаша-ақ... Ал енді пролетарийге бұл да аз болатын болса, онда ол, әрине, «бостандықтың жауы» болғаны.

Осылайша, біртіндеп, сатыдан сатыға төмендеп, меньшевиктердің кадеттер сүйген көсемі, Дума қуылғаннан кейін айтқан өз сөзін өзі ұмытып, Череванинге... дейін құлдырайды... Өзіне тән «шапшаңдықпен, тегеуріңмен және жітікөз бағдармен» Плеханов біздің оң қанаттағы ең оңшылдарға қарай зымырап барады. Мартов көп артта қалды; «Социал-Демократ» өзінің идеялық көсеміне әрең ілесіп келеді. Оның үстіне Орталық Комитеттің

* Курсив Плехановтікі.
** Курсив Плехановтікі.

органы біздің сайлау науқанымыздың таптық сипаты жайында көп сөз сапырудан кейін бізге келісімдердің бір күрделі системасын ұсынбақ, социал-демократияның кадеттерге дейін төмен құлдырауы үшін басқыш жасап бермек. Әуелі, дейді «Социал-Демократ», табысқа жетуімізге үміт бар жерде дербес, яғни таптық тұрғыдан бой көрсетейік; табысқа жетуге үмітіміз болмаса — біз «өзімізбен бірге құрылтай жиналысын шақыруды көздейтін» буржуазиялық партиялармен бірігеміз; бұл партиялар құрылтай жиналысын шақырғысы келмесе — онда тіпті жаман — (бұл тапқа қарсы және демократияға қарсы соңғы, үшінші саты) — біз олармен де бірігеміз. Съездің шешімдерін жүзеге асыру үшін съезде сайланған Орталық Комитет бұл шешімдерді бұзудың қалайша ебін тауып отыр — бұл оның өз құпиясы. Бірақ қазіргі кезде біздің көз алдымызда социал-демократия үшін ең масқара жағдай болып жатқаны: басшы, орталық бір органның өзінің редакциясында «тартады аққу көкке... шаян кейіннің» кебі болып жатқаны, сайлау тактикасы сияқты біз үшін маңызды мәселе жөнінде партия ішінде ғана емес, тіпті «басшы» фракция ішінде де ой-пікір бірлігі, қимыл бірлігі болмай отырғаны факт. Басқа қандай елде және нағыз оппортунистік партиялардан басқа, қандай социалистік партия осындай саяси азғындауға жол бере алар еді? Бір тамаша жері, партияның төтенше съезін шақыруға, біз қазір қай уақыттағыдан да бетер ділгер болып отырған съезді шақыруға қарсы барынша жанталаса науқан жүргізіп жатқан нақ осы шаян, шортан, аққу, бірін-бірі түйгіштейтін Мартов пен Плеханов, нақ осылар болып отыр.

«Пролетарий» № 7,
10 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ САЙЛАУ КЕЛІСІМДЕРІ [60]

1906 ж. октябрьдің екінші жартысында жазылған

1906 ж. ноябрьде Петербургтегі «Вперед» баспасында жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Екінші Дума сайлауының науқаны туралы мәселе қазір жұмысшы партиясының назарын өте-мөте қатты аударып отыр. Мұның өзінде әсіресе «блоктарға», яғни социал-демократияның сайлауда басқа партиялармен екі арадағы тұрақты және уақытша сайлау келісімдеріне көбірек көңіл бөліпуде. Буржуазиялық, кадеттік баспасөз — «Речь» те, «Товарищ» те, «Новый Путь» те, «Око» [61] да және т. т.— социал-демократтар мен кадеттер арасында «блок» (сайлау келісімі) болуы қажет деп жұмысшыларды барынша сендіріп отыр. Социал-демократ меньшевиктердің бірқатары (Череванин «Наше Делода» және «Товарищте») осындай блоктар болуын жақтайды, енді бірқатары (Мартов «Товарищте») бұған қарсы. Социал-демократ большевиктер блоктарға қарсы шығып, сайлау науқанының тек жоғарғы сатыларында сайлаушылар алғашқы дауыс берген кездегі революциялық және оппозициялық партиялар күштерінің негізінде орындарды бөлісу туралы ішінара келісімдер болуын ғана жақтайды.

Осы соңғы көзқарастың дәлелдерін қысқаша баяндап көрейік.

I

Социал-демократия парламентаризмді (өкілдігі бар жиналыстарға қатынасуды) пролетариаттың көзін ашу, оны тәрбиелеу және дербес таптық партияға ұйымдастыру құралдарының бірі, жұмысшыларды азат ету жо-

лындағы саяси күрес құралдарының бірі деп қарайды. Осы маркстік көзқарас социал-демократияны, бір жағынан, буржуазиялық демократиядан, екінші жағынан, анархизмнен үзілді-кесілді ажыратады. Буржуазияшыл либералдар мен радикалдар тап күресін және осы күнгі парламентаризмнің таптық сипатын жоққа шығара келіп, парламентаризмді жалпы алғанда мемлекеттік істерді жүргізудің «табиғи» және бірдеп-бір қалыпты, бірдеп-бір заңды тәсілі деп біледі. Жұмысшылар парламентаризмнің қалайша буржуазиялық езгінің құралы болып табылатынын көрмесін деп, парламентаризмнің тарихи-шартты маңызын түсінбесін деп, буржуазия олардың көзін алдауға барынша күш салып, барлық тәсілді қолданып, реті келген жердің бәрін пайдалануға тырысады. Анархистер де парламентаризмді оның тарихи-нақты маңызы жағынан алып бағалауды білмейді, сөйтіп ондай күрес құралынан жалпы бас тартады. Сондықтан Россияда социал-демократтар анархизмге де қарсы, буржуазияның парламент негізінде ескі өкіметпен келісім жасасу арқылы революцияны неғұрлым тезірек *аяқтауға* тырысуына да қарсы батыл күрес жүргізеді. Олар өздерінің парламенттік жұмысының бәрін жұмысшы қозғалысының жалпы мүдделеріне және пролетариаттың қазіргі, буржуазиялық-демократиялық революциядағы ерекше міндеттеріне түгелдей әрі сөзсіз бағындырып отырады.

Бұдан, ең алдымен, социал-демократияның думалық науқанға қатысуы өзге партиялардың қатынасуынан мүлдем басқаша сипатта екені келіп шығады. Олардан өзгеше, біз бұл науқанға ешқандай шешуші немесе тіпті басты да маңыз бермейміз. Олардан өзгеше, біз бұл науқанды тап күресінің мүдделеріне бағындырып отырамыз. Олардан өзгеше, біз бұл науқанда парламенттік реформаларға бола парламентаризмді ұран етпейміз, қайта құрылтай жиналысы жолындағы революциялық күресті және, күрес болғанда, соңғы жылдар ішіндегі* күрес формаларының тарихи дамуынан туатын ең жоғарғы күрес формаларын ұран етеміз.

* Біз бұл арада бойкот туралы мәселеге соқпаймыз, өйткені ол мәселе кітапшаның тақырыбына жатпайды. Бұл жерде бір ғана ес-

II

Бұл айтқандарымыздан сайлау келісімдері жөнінде қандай қорытынды шығады? Ең алдымен шығатын қорытынды мынау: біздің басты және негізгі міндетіміз бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап ретіндегі, жеңімпаз буржуазиялық-демократиялық революцияның бірден-бір ықтимал көсемі ретіндегі пролетариаттың таптық санасын және дербес таптық ұйымын дамыту болып табылады. Сондықтан бүкіл сайлау науқанының және бүкіл Дума науқанының таптық дербестігі — біздің ең маңызды жалпы міндетіміз. Ал мұнымен басқа, жеке міндеттер жоққа шығарылмайды, бірақ олар әр уақытта осы міндетке бағындырылуға, соған сәйкестендірілуге тиіс. Марксизмнің теориясымен де, халықаралық социал-демократияның барлық тәжірибесімен де дәлелденіп отырған осы жалпы қағидаға біздің сөзсіз сүйенуіміз керек.

Пролетариаттың орыс революциясындағы ерекше міндеттері бұл жалпы қағиданы бірден төңкеріп тастайтын сияқты болып көрінуі мүмкін. Нақ ірі буржуазия қазір октябристер арқылы революцияға опасыздық жасап отыр немесе конституция арқылы (кадеттер) революцияны тоқтату мақсатын көздеп отыр; шаруалар бұқарасының ең алдыңғы қатарлы, саналы бөлегі пролетариатты қолдаған жағдайда ғана революция жеңуі мүмкін; ал шаруалар бұқарасының бұл бөлегінің объективті жағдайы оны мәмлеге емес, күреске, революцияны бәсеңдетуге емес, оны аяқтап шығуға итермелейді. Осыдан келіп, сайлаудың бүкіл өн бойында социал-демократия шаруалар демократиясымен келісім жасасуға міндетті деген қорытынды шығарылуы мүмкін.

Бірақ біздің революциямыздың толық жеңіп шығуы пролетариат пен шаруалардың революциялық-демокра-

---

керте кететініміз: оны *нақты* тарихи жағдайдан бөліп алып қарауға болмайды. Булыгин Думасына бойкот жасауымыз *сәтті* болды. Витте Думасына бойкот жасауымыз қажет те, *дұрыс* та болды. Революциялық социал-демократия күрестің ең батыл, ең тура жолына *бірінші* болып түсуге, ал күрестің неғұрлым орағытпалы жолын *ең соңғы* болып қабылдауға тиіс. Столыпин Думасына ескі формада бойкот жасау мүмкін емес және бұл бірінші Дума тәжірибесінен кейін теріс болар еді.

тиялық диктатурасы түрінде ғана мүмкін деген өте дұрыс қағидадан мұндай қорытынды шығаруға әлі ешбір болмайды. Сайлаудың бүкіл өн бойында шаруалар демократиясымен блок жасасу қазіргі партия қатынастарының тұрғысынан қарағанда (шаруалар демократиясы бізде қазірдің өзінде-ақ бір партия емес, әр түрлі партия болып келіп отыр) және қазіргі сайлау системасының тұрғысынан қарағанда мүмкін әрі тиімді дегенді әлі дәлелдеу керек. *Пәлендей бір* шаруалардың демократиялық партияларын сынағанда, шаруалар демократиясының бір элементтерін екіншілеріне *қарсы қойғанда,* партиямызды толық дербес ұстағаннан гөрі, белгілі бір партиямен блок жасасу арқылы біз шын революцияшыл шаруалардың мүдделерін жақсырақ білдіреміз және жақсырақ қорғаймыз дегенді әлі дәлелдеу керек. Осы революцияда пролетариаттың революцияшыл шаруаларға неғұрлым жақынырақ тұрғаны жайындағы қағидадан сөзсіз туатын социал-демократияның жалпы саяси «бағыты»: шаруалар демократиясымен бірігіп сатқын ірі буржуазиялық «демократияға» (кадеттер) қарсы тұру. Бірақ бұдан *қазір* энестермен (энестер — халықтық-социалистік партия) немесе эсерлермен сайлау блогын жасау керек деген қорытынды туа ма десек, *бұл* партиялардың бір-бірінен және кадеттерден айырмашылығын түсініп алмай тұрып, *қазіргі* көп сатылы сайлау системасын түсініп алмай тұрып, оны айтуға болмайды. Бұдан тікелей және *сөзсіз* туатын бір ғана қорытынды мынау: біздің сайлау науқанымызда пролетариатты жалпы буржуазиялық демократия атаулыға жалаң және абстрактілі түрде қарама-қарсы қоюмен біз ешбір жағдайда шектеле алмаймыз. Керісінше, біз либерал-монархиялық буржуазия мен революциялық-демократиялық буржуазияның арасындағы айырмашылықты біздің революция *тарихының деректеріне* сүйене отырып, дәлме-дәл айыра білуге, егер нақтыланқырап айтсақ, кадеттердің, энестердің және эсерлердің арасындағы айырмашылығына барынша назар аударуымыз керек. Біз тек осылайша айыра қарау арқылы ғана өзіміздің ең жақын «одақтастарымызды» неғұрлым дұрыс анықтаймыз. Біз мұның өзінде мына-

ны ұмытпаймыз: біріншіден, социал-демократия буржуазиялық демократиядан шыққан одақтасының *қай-қайсысын да* өзінің дұшпанындай бақылап отыруға тиіс. Ал екіншіден, бізге қайсысы тиімдірек: қайдағы бір (мысалы, айталық) энестермен *ортақ* блок жасасып өз қолымызды байлауымыз керек пе, әлде шешуші кезеңде бейпартиялық «трудовиктерді» оппортунистер (энестер) және революционерлер (эсерлер) деп арасына жік салып, біріншілеріне екіншілерін *қарсы қоюға* және т. с. әрдайым мүмкіншілігіміз болуы үшін барынша дербестік сақтауымыз керек пе,— мұны біз әлі ерекше қарастырамыз.

Сонымен, революциямыздың пролетарлық-шаруалық сипаты туралы пікір екінші Дума сайлауының белгілі бір сатысында белгілі бір шаруа-демократиялық партиясымен келісімге келу керектігі жайында қорытынды жасауға әлі право бермейді. Сайлау атаулының бәрінде пролетарлық-таптық дербестікті жоққа шығару жайын сөз қылмағанның өзінде, ондай дербестікті тіпті тежеуге де бұл пікір әлі жеткіліксіз.

III

Біздің міндетіміздің шешіміне жақынырақ келу үшін біз, біріншіден, екінші Дума сайлауы кезінде партиялардың негізінен қалай топтасатынына қарап көруіміз, ал екіншіден, осы сайлау системасының ерекшеліктеріне зер салуымыз керек.

Партиялар арасында сайлау келісімдері бола береді. Ал сайлауда күреске түсетін партиялардың басты типтері қандай? Қаражүзділер, сөз жоқ, бірінші Дума сайлауындағыдан да гөрі тығызырақ біріге түседі. Октябристер мен «меопдар» (партия м. о.— бейбіт жаңарту партиясы) не қаражүзділерге, не кадеттерге қосылады, не (ең дұрысырағы) қаражүзділер мен кадеттердің арасында ауытқып отырады. Қалай болған күнде де октябристерді «центр партиясы» деп есептеу («Россиядағы саяси партиялар» деген жаңа кітапшасында Л. Мартовтың жазғанындай) түбірімен қате: революциямыздың нәтижесін түпкілікті шешуге тиіс *шын* күресте *центр* есебінде болатын — *кадеттер*. Кадеттер—

сайлауға дербес шығатын, ұйымдасқан, оның үстіне бірінші Дума сайлауындағы табысына масаттанып жүрген партия. Бірақ бұл тәртібі жағынан қатаң, бірігуі жағынан берік партия емес. Солшыл кадеттер Гельсингфорстегі жеңіліске [62] наразы болып шамданып жүр. Олардың бірқатары (мәселен, жуырда Москвада Алексинский мырза) энестерге кетіп жатыр. Бірінші Думада тіпті жерге жеке меншік атаулының бәрін жою туралы 33-тің жобасына қол қойған «ілуде бір кездесетін» кадеттер де болды (Бадамшин, Зубченко, Ложкин). Демек, бұл «центрдің» тым құрығанда шамалы бір бөлігін болса да солшылдар жағына бөліп әкету үмітсіз нәрсе емес. Кадеттер халық бұқарасы арасында өздерінің әлсіздігін өте жақсы сезеді (жуырда мұны кадеттік «Товарищ» өзі де мойындауға тиісті болды [63]), сондықтан олар солшылдармен блок жасауға құлшына барар еді. Социал-демократтардың кадеттермен блок жасасуы туралы мәселені талқылау үшін кадет газеттерінің социал-демократтар Мартов пен Череванинге қуана-қуана орын бергені тегін емес. Кадеттердің бірінші Думадағы уәделерін орындамағанын, трудовиктерге кедергі жасағанын, конституциялық ойыншықтармен ойнағанын және т. т. және т. т. жасап, ең арғысы төрт талап [64] туралы ләм деп ауыз ашпағанын, каторгалық заң жобаларын ұсынғанын және т. т. біз, әрине, ешқашан ұмытпаймыз және сайлау науқаны кезінде бұқараға түсіндіріп отырамыз.

Бұдан кейін «трудовиктер» келеді. Бұл типтес, яғни ұсақ буржуазиялық, көбінесе шаруа партиялары *бейпартиялық* «Еңбек тобына» (жуырда мұның съезі болды), энестер мен эсерлерге (п. п. с.— «поляк социалистік партиясы» және т. с. біршама эсерлер сәйкес келеді) жіктеліп кетеді. Азды-көпті дәйекті де батыл революционерлер мен республикашылдар эсерлер ғана. Энестер — біздің меньшевиктерден де сорақы оппортунистер, дәлірек айтсақ, жартылай кадеттер. Бейпартиялық «Еңбек тобы» шаруалар бұқарасының арасында, бәлкім, эсерлерден де, энестерден де ықпалдырақ болар, бірақ оның демократизмінің батылдық дәрежесін анықтау қиын, дегенмен де олар, сөз жоқ, кадеттерден ана-

гұрлым солшыл және, сірә, революциялық демократияға жататын болуы керек.

Социал-демократия — өз арасындағы талас-тартыстарына қарамастан, сайлауда ақырына дейін тәртіп сақтайтын,— барынша айқын және қатаң таптық базисі бар,— Россияның барлық халықтарының барлық социал-демократиялық партияларын біріктіріп отырған бірден-бір партия.

Бірақ трудовик типтес партиялардың *құрамы* жоғарыда айтқанымыздай болып отырғанда, трудовиктермен қалайша ортақ блок жасасуға болады? *Бейпартиялық* трудовиктер жөнінде қандай кепілдіктер бар? Партияда жоқтармен партия блок жасаса ала ма? Алексинский мырзалардың ертеңгі күні энестерден кадеттерге қайтып келмейтінін біз қайдан білеміз?

Трудовиктермен *шын* партиялық келісімнің болуы *мүмкін еместігі* айқын. Энестердің оппортунистері мен эсерлердің революционерлерінің бірігуіне біз ешбір жағдайда көмектесе алмайтынымыз, қайта оларды ажыратып, қарама-қарсы қойып отыруға тиіс екеніміз айқын. Бейпартиялық Еңбек тобы болып отырғанда оларға сөзсіз революциялық рухта ықпал жасау үшін өз қолымызды өзіміз байлап қойғаннан гөрі және монархистер мен республикашылдар және т. т. арасындағы айырмашылықтарды көмескілегеннен гөрі бізге қай жағынан қарағанда да толық дербестік тиімдірек болатыны айқын. Социал-демократтар үшін мұндай көмескілеу *мүлдем кешірімсіз,* сондықтан тек осыны ескергеннің өзінде де, партиялардың *қазіргі* топтасуы бейпартиялық трудовиктерді, энестерді және эсерлерді біріктіретін болғандықтан, блок жасасудан сөзсіз аулақ болуымыз керек.

Олар шынымен біріге ала ма және бірігіп отыр ма? Біріге алатындығында дау жоқ, өйткені олардың ұсақ буржуазиялық таптық негізі бір. Олар бірінші Думада да, октябрь кезіндегі газеттерде де, Дума кезіндегі газеттерде де, студенттер арасындағы дауыс беру кездерінде де (si licet parva componere magnis — егер түймедейді түйедеймен салыстыру мүмкін болса) іс жүзінде бірікті. Расында да, «автономиялық» студенттердің

дауыс беруі кездерінде үш тізімнің: кадеттер тізімінің, трудовиктер, энестер, эсерлер мен п. п. с. блогы тізімінің және, ақырында, социал-демократтар тізімінің жиі-жиі түйісе бергені,— ұсақ та болса, өзге жайлармен байланысты алғанда, сипатты белгі.

Пролетариаттың тұрғысынан қарағанда партиялардың таптық топтасуының айқындығы бәрінен де қымбат, ал партияның партияда жоқтармен келісімге келу әрекеттерімен салыстырғанда бейпартиялық (немесе энестерден эсерлерге қарай ауытқып отырған) трудовиктерге дербес ықпал жасаудың тиімділігі даусыз. *Партиялар* туралы мәліметтер еріксіз мынадай қорытындыға келтіреді: сайлаудың төменгі кезеңінде, бұқара алдында үгіт жүргізгенде ешқандай келісім деген болмасын; ал жоғарғы кезеңдерінде, орын бөлісу кезінде барлық күш социал-демократтар мен трудовиктердің жеке келісімі арқылы кадеттерді талқандауға,— социал-демократтар мен эсерлердің жеке келісімі арқылы энестерді талқандауға жұмсалатын болсын.

Бізге қарсы былай деп дау айтушылар болар: сендер, түзелмейтін утопист-большевиктер, кадеттерді талқандауды арман етіп жүргенде қаражүздіктер сендердің бәріңді талқандап жібереді, өйткені сендер *дауысты бөліп жібересіңдер!* Эсдектер, трудовиктер және кадеттер біріксе, қаражүздіктерді толық талқандаған болар еді, ал әрқайсың жеке әрекет істеп, сендер ортақ жаудың жеңуін жеңілдетесіңдер. Айталық, 100 дауыстан қаралар 26 дауыс, трудовиктер мен кадеттер 25-тен, эсдектер 24 дауыс алсын. Сонда, егер социал-демократтар, трудовиктер және кадеттер блок жасаспаса, қаражүздік өтіп кетеді.

Бұл қарсы пікір көбінесе орынды болып көрінеді, ендеше оны мұқият талдап көру керек. Ал оған талдау жасау үшін *осы күнгі,* яғни, қазіргі, орыстың сайлау жүйесін қарастырып шығу керек.

IV

Дума сайлауы бізде төте сайлау емес, көп сатылы. Көп сатылы сайлауда дауыстың бөлініп кетуі тек төменгі сатыда ғана қауіпті. Біз дауыстардың қалай бөлі-

нетінін сайлауға алғашқы сайлаушылар келгенде ғана білмейміз; бұқара алдына шығып үгіт жүргізгенде ғана біз «қараңғыда» қарманамыз. Ал сайлаудың жоғарғы сатысында, сайламшылар арқылы сайлаған кезде, шешуші шайқас бітеді; онда өз кандидаттары мен өз дауыстарының анық санын *білетін* партиялардың арасында жеке келісім бойынша орын бөлісу ғана қалады.

Сайлаудың төменгі сатысы дегеніміз — қалаларда сайламшыларды, деревняларда он үйшілерді сайлайтын, жұмысшы куриясында уәкілдерді сайлайтын кез.

Қалаларда біз әрбір сайлау единицасында (участке және т. с.) көптеген сайлаушылар бұқарасының алдында сөз сөйлейміз. Мұнда дауыстардың бөлініп кету қаупі болатыны даусыз. Дау жоқ, қалаларда қаражүздік сайламшылар кей жерлерде тек «солшылдардың блогы» болмағандықтан *ғана,* мәселен деп айтсақ, кадеттердің біраз даусын эсдектердің жырымдап әкетуі салдарынан ғана өтіп кете алады. Ұмытпасақ, Москвада Гучков 900 шамалы дауыс алды ғой деймін, кадеттер 1400 шамалы дауыс алды. Егер эсдектер кадеттерден 501 дауысты жырып ала алса болды, Гучков жеңіп шыққан болар еді. Сондықтан, тоғышар жұрт бұл оңай әдісті ескере қоятыны, дауыстардың бөлініп кетуінен қорқатыны, тек осыған бола ғана дауыстарын оппозициядағылардың ең баяуына беруге бейім тұратыны күмәнсыз. Сөйтіп, Англиядағы «үш бұрышты» сайлау деп аталатынның кері болады да қояды; онда қаланың ұсақ қауымы либералдан дауысты жырып әкетіп, оны консерваторға жығып бермеу үшін социалисті жақтап дауыс беруден қорқады.

Бұл қауіпке қарсы қандай шара болмақ? Шара біреу ғана: сайлаудың төменгі сатысында келісімге келу, яғни сайламшылардың *жалпы тізімін* жасап, оған партия кандидаттарын партиялар арасында *күреске дейін* жасалған шартта белгіленген мөлшерде енгізу. Сонда келісімге келген партиялардың бәрі бүкіл сайлаушылар бұқарасын осы ортақ тізімді ғана жақтап дауыс беруге шақырады.

Бұл тәсілді қолдануды құптайтын дәлелдер мен оған қарсы дәлелдерді қарастырып көрейік.

Құптайтын дәлелдер: таза партиялық үгіт жүргізуге болады. Социал-демократтар бұқара алдында кадеттерді қалағанынша сынай берсін; тек бір нәрсені ұмытпасын: бұлар қалай дегенмен де қаражүздіктерден гөрі тәуір, сондықтан біз ортақ тізім жөнінде олармен келісіп отырмыз дегенді қосып айтсын.

Қарсы дәлелдер: ортақ тізім деген социал-демократияның бүкіл дербес, таптық саясатына өрескел қайшы келеді. Бұқараға кадеттер мен социал-демократияның ортақ тізімін ұсынып, біз таптық, саяси бөлінудің айқындығын лажсыздан мүлде шатастырамыз. Думадан либералға бір орын артық әперуге бола біз өз науқанымыздың принциптік және жалпы революциялық маңызын әлсіретіп аламыз! Біз парламентаризмді таптық саясатқа бағындырудың орпына, таптық саясатты парламентаризмге бағындырып жібереміз. Біз өзімізді *өз* күштерімізді есептеу мүмкіншілігінен айырамыз. Біз барлық сайлаулар кезіндегі тұрақты да берік нәрсемізден: социалистік пролетариаттың санасын көтеріп, ұйымшылдығын нығайтудан айрыламыз. Біз өткінші, шартты, теріс нәрсеге: кадеттің октябристен артықшылығына жетеміз.

Сонда біз социалистік тәрбие жөніндегі тыңғылықты жұмысымызды не үшін қауіпке душар етпекпіз? Қаражүздік кандидатуралардың қауіптілігіне бола ма? Олай деуге, Россияның барлық қалалары Думадағы 524 депутаттық орынның не бары 35-ін ғана береді ғой (СПБ. —6, Москва —4, Варшава мен Ташкент — екі-екіден, қалған 21 қала — бір-бірден). Демек, қалалар Дума бейнесін өздігінен ешбір жағдайда пәлендей өзгерте алмайды. Ал, сонан соң, дауыстардың бөлшектеніп кетуінің есептей келгендегі мүмкіндігі туралы тек ресми пікірмен ғана шектелуге болмайды ғой. Мұның саяси ықтималдығы зор ма, міне соны қарастыру керек. Ал осылайша қарастырғанда қаражүздіктердің тіпті бірінші Дума сайлауында да болмашы ғана азшылық болғаны, жоғарыда келтірілген «Гучков» жағдайы сияқты жағдайлардың некен-саяқ қана екпі көрінеді. «Кадеттер партиясы вестнигінің» [65] (1906, 19/IV, № 7) мәліметтеріне қарағанда, Думаға 28 депутат жіберген

20 қалада 1761 сайламшының ішінде 1468 кадет, 32 прогрессист және 25 партияда жоқтар болған. Октябристер — 128, саудагер-өнеркәсіпшілер — 32 және оңшылдар — 76, яғни барлық оңшылдар не бары 236, немесе 15 проценттен де кемірек болған. 10 қалада оңшылдардан *бірде-бір* сайламшы өтпеген, 3 қалада оңшылдардан өткен сайламшылар саны (80-нен) не бары оннан аспаған. Міне, осындай жағдайларда, қаражүздіктердің алдында зәре-құты қалмастан, өздерінің таптық кандидатуралары үшін күресуден бас тарту ақылға сыйымды бола ма? Мұндай саясат, оның принцип жағынан тұрақсыздығын айтпағанның өзінде, тіпті тар шеңберлі практикалық тұрғыдан қарағанның өзінде де алдын болжай білмеушілік болмай ма?

Ал кадеттерге қарсы трудовиктермен блок жасасу ше?— деушілер болар бізге. Бірақ трудовиктер арасындағы партиялық қатынастардың мұндай блокты керексіз және *пайдасыз* ететін өзгешеліктерін біз көрсетіп өткенбіз. Жұмысшы халық бәрінен де көбірек шоғырланған қалаларда біз, *өте қажетті жағдайда болмаса,* әбден дербес социал-демократиялық кандидатуралардан еш уақытта да бас тартуға тиісті емеспіз. Ал мұндай өте қажетті жағдай жоқ. Кадеттердің немесе трудовиктердің (әсіресе әнес типтес!) біршама аз-көп болғанының пәлендей саяси маңызы жоқ, өйткені Думаның өзі де ең мықтағанда қосалқы, екінші дәрежелі ғана роль атқара алады. Дума сайлауының қорытындысы қандай болуында саяси жағынан шешуші маңыз алатындар қалалар емес, шаруалар, сайламшылардың губерниялық жиналыстары болады *. Ал сайламшылардың губерниялық жиналыстарында біз кадеттерге қарсы трудовик-

* Әрине, губерниялық сайлау жиналыстарының құрамына қалалық съездер арқылы ұсақ қалалар да әсер етеді. Кадеттер мен прогрессистер мұнда да толық басым болған: мысалы, қалалық съездерден сайланып шыққан 571 сайламшының ішінде 424-і кадеттер және прогрессистер, 147-сі оңшылдар болған («Кадеттер партиясы вестнигі», 1906, № 5, 28/III). Жеке қалаларда ауытқу, әрине, өте зор. Мұндай жағдайда біз, тегінде, дауыстардың бөлініп кету қаупінен қорықпай, өзімізді социал-демократиялық емес бірде-бір партияға тәуелді етпей, кадеттермен көбіне-көп дербес шайқаса алар едік.— Сайлаудың төменгі сатысында жұмысшы куриясында блок жасау туралы, тегінде, ешбір социал-демократ шындап сөз қозғай қоймас та. Жұмысшы бұқарасы арасында социал-демократтардың толық дербестігі өтемөте қажет.

термен жасасатын өзіміздің жалпы-саяси одағымызды қатаң принциптілікті ешбір бұзбай-ақ, деревнядағы сайлаудың төменгі кезеңіндегіден анағұрлым тәуірірек және дұрысырақ жүзеге асырамыз. Енді деревнялардағы сайлауға келейік.

V

Үлкен қалаларда саяси партиялық ұйымшылдық сайлаудың бір сатысын кей жерлерде жойып жібергені жұртқа мәлім. Заң бойынша, сайлау екі сатылы еді. Ал іс жүзінде сайлау кейде төте немесе төтеге жуық сайлау болып отырды, өйткені сайлаушылар күресуші партиялардың сипатын айқын білді, тіпті кейбір жағдайларда сол партияның Думаға өткізгелі отырған *адамдарын да* білді. Деревняларда, мұның керісінше, саты дегендердің көптігі, сайлаушылардың аз топтасқандығы, партиялардың ашық бой көрсетуіне кедергілердің орасан көптігі соншалық, бірінші Думаның сайлауы өте-мөте «бүркемеленіп» өтіп еді, екінші Дума сайлауы да дәл солай өткелі отыр. Басқаша айтқанда: мұнда жиі-жиі, тіпті көпшілік жағдайда, партиялық үгіт полициядан қорыққандықтан, адамдардың атын *әдейі* атамай, жалпы алғанда партиялар туралы ғана айтатын болады. Радикал және революцияшыл шаруалар (жалғыз шаруалар ғана емес-ау) бейпартиялық деген атақты әдейі бүркенетін болады. Он үйшілерді сайлауда істің тағдырын шешетін нәрсе — жұрттың адамды білуі, пәлендей деген адамға сенім көрсетуі, *оның* социал-демократиялық сөздеріне іш тартуы. *Жергілікті* партия ұйымына сүйенетін социал-демократтар бізде мұнда өте аз болады. Ал жергілікті деревня халқының тілектестігін өз жағына қаратып алатын социал-демократтар партиямыздың төменгі ұялары туралы мәліметтерге қарап топшылағандағымыздан анағұрлым көп болып шығуы мүмкін.

Біздегі қазіргі тәртіп жағдайында ашық социалистік партияны арман ететін, энестер секілді ұсақ буржуазияшыл романтиктер партияның ұстамды, ымыра дегенге жат, жауынгерлік рухы, ал сонымен қатар, бұқараға тек партиялық адамдар арқылы ғана әсер етіп коймайтын оның ұйымының ұстатпайтындығы осы жасырын

партияға деген сенімді, тілектестікті қаншалықты күшейте түсетінін түсінбейді. Шын революциялық, от-жалында шыныққан партияның, Плеве мырзаларға бойы үйренген және Столыпин мырзалардың ешқандай қаталдығынан қысылмайтын құпия партияның, азамат соғысы заманында бұқараға «ашық ауыз аңқаулық» жасап «қатаң конституциялық жолға» түсе кететін кейбір жария партиядан горі әлдеқайда зор ықпал жасауға қабілетті болып шығуы мүмкін.

Партияға кіретін социал-демократтар мен оған кірмейтін социал-демократтардың он үйшілер және уәкілдер сайлау кезінде табысқа жетуге көп мүмкіншіліктері болады. Деревнядағы сайлаудың бұл кезеңдерінде табысқа жету үшін трудовиктермен блок жасала ма немесе ортақ тізім ұсыныла ма, оның ешқандай маңызы жоқ. Бір жағынан, мұнда сайлау единицалары тым ұсақ келеді. Екінші жағынан, шын партияда бар немесе партияда барларға аз да болса жақын тартатын трудовиктер өте сирек кездеседі. Эсдектердің қатаң партиялығы, олардың партияға, талай жылдар бойы құпия өмір сүріп, барлық ұлттардан құралған мүшелерін 100—150 мыңға дейін жеткізе білген партияға, бірінші Думада ең солшыл партиялардың бірі болып нақ партиялық фракция құрған партияға сөзсіз бағыныштылығы, нақ осы партиялық батыл күрестен қорықпайтын, оны жан-тәнімен тілейтін, бірақ өз күштеріне кәміл сене қоймай, инициативаны өзіне алуға тайсақтайтын, ашық бой көрсетуге қорқатын адамдардың бәрінің көз алдында сенімді дәлел және кепілдік болады. Қатаң, «құпия» партиялықтың бұл тиімді жағын біз барынша пайдалануымыз керек, оны қандай да бір тұрақты блокпен аздап та болса әлсіретудің бізге ешбір пайдасы жоқ. Біздің бірден-бір әрі партиялық, әрі батыл, жан кешті-революцияшыл бәсекелесіміз бұл арада тек эсерлер ғана бола алар еді. Бірақ деревнялардағы сайлаудың *бірінші* кезеңінде олармен шын партиялық негізде блок жасасу ерекше бір жағдай ретінде ғана мүмкін болар еді: бұған көз жеткізу үшін* деревнядағы сайлау жағ-

* Бірінші Думада эсерлердің партиялық бет білдіріп шыға алмағаны, шыққысы келмегеннен гөрі шыға алмағаны, әрине, кездейсоқ

дайларын анық және нақты түсіну жеткілікті-ақ. Бейпартиялық-революцияшыл шаруалар ешбір партияға әдейі қосылмай қаншалықты әрекет істейтін болса, біздің оларға өзімізге қолайлы келетін мағынада қатаң партиялық бағытта ықпал жүргізуіміз барлық жағынан да соншалықты тиімді болады. Одақтың, үгіттің бейпартиялығынан партиядағы эсдек қысыла алмайды, өйткені оны одақтан шығаруды революцияшыл шаруалар еш уақытта тілемейді, ал оның бейпартиялық-революциялық одаққа қатынасуына Бірігу съезінің шаруалар қозғалысын қолдау жөніндегі қарары әдейілеп рұқсат берген-ді. Сөйтіп, біз өзіміздің партиялығымызды сақтай отырып, оны ақыр-аяғына дейін қорғай отырып, оның бүкіл орасан зор моральдық, саяси пайдасын көре отырып, сонымен бірге бейпартиялық-революцияшыл шаруалар ортасында, бейпартиялық - революциялық одақтарда, үйірмелерде, жиналыстарда жұмыс істеуге, бейпартиялық-революциялық байланыстардың және т. т. көмегімен жұмыс істеуге әбден бейімделе аламыз. Ұйымдық жағынан революцияшыл шаруалардың тіпті болмашы ғана бөлегін қамтып отырған эсерлермен өзіміздің қатаң партиялығымызды шектеп, бой жаздырмайтын блоктың орнына, біз өзіміздің партиялық позициямызды да, «трудовиктердің» бейпартиялық ортасында жұмыс істеудің барлық тиімділігін де одан сайын кең, одан сайын еркін пайдаланатын боламыз.

Бұдан шығатын қорытынды мынадай: деревнялардағы сайлау науқанының төменгі кезеңдерінде, яғни он үйшілер мен уәкілдер сайлауында (кейде уәкілдер сайлау іс жүзінде, бәлкім, сайлаудың *бірінші* сатысының роліне жатқызылатын да болар) бізге *ешқандай* сайлау келісімдерін жасасудың қажеті жоқ. Он үйші мен уәкіл болуға кандидаттыққа саяси бейнесі айқын, жарамды адамдар процентінің тым аздығы соншалық, шаруалардың сенімі мен құрметіне ие болып отырған (ал мұндай шартсыз ешқандай байыпты кандидатура болуы мүмкін емес) эсдектердің, басқа партиялармен ешқан-

---

нәрсе емес. Университеттегі эсерлер сияқты, Думадағы эсерлерге де *бейпартиялық* трудовиктердің тасасына тығылу немесе олармен блок жасасу тиімді көрінді.

дай келісімдерге мұқтаж болмай-ақ, *түгелдей* дерлік он үйші мен уәкілдікке өтуіне толық мүмкіндіктері бар.

Ал уәкілдердің жиналысында барлық істі күн ілгері шешіп берген бастапқы сайлау кезіндегі шайқастардың анық нәтижелеріне сүйенуге әбден болады. Бұл арада ықтимал да қажетті нәрсе... әрине, блоктар емес, тығыз, тұрақты келісімдер емес, қайта орын бөлісу туралы жеке келісімдер. Бұл арада, ал бұдан да гөрі Думаға депутаттар сайлайтын сайламшылардың жиналыстарында, біз трудовиктермен бірігіп кадеттерді талқандауға, эсерлермен бірігіп энестерді талқандауға тиістіміз және т. т.

VI

Сонымен, қазіргі сайлау системасын талдап қарау мынаны көрсетеді: сайлаудың төменгі сатыларында блок жасасу әсіресе қалаларда тілей қоятын нәрсе емес және қажет те емес. Ал деревняларда сайлаудың төменгі сатыларында (яғни он үйшілер мен уәкілдер сайлауында) блоктар тілейтін де нәрсе емес және тіпті керегі де жоқ. Уәкілдердің уездік жиналыстары мен сайламшылардың губерниялық жиналыстарының шешуші саяси маңызы бар. Мұнда, яғни сайлаудың жоғарғы сатыларында, ішінара келісімдер жасау қажет және партиялықты орынсыз бұзбай-ақ мұның жасалуы ықтимал да, ойткені бұқара алдындағы күрес аяқталған, бейпартиялықты тікелей немесе жанамалай қорғап (немесе ең болмағанда соған жол беріп) халық алдында ешқандай сөйлеудің бұл үшін қажеті жоқ, мұнда пролетариаттың қатаң таптық дербес саясатын ешқандай көмескілеу қаупі* де жоқ.

Енді сайлаудың жоғарғы сатыларындағы бұл жеке сайлау келісімдерінің қандай түрде болатынын әуелі

* Айта кетерлік бір нәрсе: сайлаудың төменгі және жоғарғы сатыларында келісімдерді ажырату тәжірибесі халықаралық социал-демократия практикасында да бар. Францияда сенаторлар сайлауы екі сатылы: сайлаушылар департаменттік (губерниялық) сайламшыларды сайлайды, ал бұлар сенаторларды сайлайды. Революцияшыл француз социал-демократтары, гедистер [66], сайлаудың төменгі сатысында ешқандай келісімдер, ешқандай ортақ тізімдер жасамай, сайлаудың жоғарғы сатысында, яғни департаменттік сайламшылардың жиналыстарында орын бөлісу үшін жеке келісімдер жасасып отырған. Ал оппортунистер, жоресшілдер [67], сайлаудың төменгі сатысында да келісімдер жасасты.

ресми жағынан, былайша айтқанда, арифметикалық жағынан қарастырып көрейік.

Сайламшылардың (және уәкілдердің, бұдан былайғы баяндауымызда бұлар есте болады) шамамен алғандағы проценттік қатынастарын, яғни олардың әрбір жүз сайламшы ішінде партиялар бойынша бөлінуін алайық. Сайламшылардың жиналысында жеңіп шығу үшін, белгілі бір кандидатқа 100 дауыстан кем дегенде 51 дауыс берілуі керек. Осыдан келіп социал-демократия сайламшылары тактикасының жалпы қағидасы мынадай болып шығады: социал-демократияға ең жақын немесе ең қолдауға тұратын буржуазиялық-демократиялық сайламшыларды жеткілікті мөлшерде өз жағына тартып алуға, сөйтіп олармен біріге келе басқаларды жеңіп шығуға, демек, бірқатар социал-демократиялық сайламшыларды, буржуазиялық-демократиялық сайламшылардың* бірқатар *тәуірлерін* өткізіп алуға тырысу керек.

Бұл ережені қарапайым мысалдармен көрсетейік. Айталық, 100 сайламшының 49-ы—қаражүздіктер, 40-ы—кадеттер, 11-і эсдектер екен дейік. Мұнда Думадағы орындарды, әрине, сайламшылардың санына қарай, пропорциялы түрде бөлісу негізінде (яғни, бұл мысал бойынша, барлық губерниядан думаға берілетін мандаттардың бестен бірін, басқаша айтсақ, оннан екеуін социал-демократтар, ал бестен төртін, басқаша айтсақ, оннан сегізін кадеттер алды дейік) Думаға сайланатын депутаттардың ортақ тізімін толық өткізу үшін социал-демократтар мен кадеттердің жеке келісім жасасуы қажет. Егер кадеттер — 49, трудовиктер — 40, ал социал-демократтар — 11 болса, онда біз кадеттерді жеңіп шығып, мандаттардың бестен бір үлесін өзіміз алу үшін, ал бестен төртін трудовиктерге әперу үшін трудовиктермен келісімге келуге тырысуымыз керек. Бұлай болған

* Түсінікті болуы үшін, біз сайламшылардың таза партиялық, тек қана партиялық жағынан бөлінісін алып отырмыз. Іс жүзінде, әрине, көптеген партияда жоқ сайламшылар да кездесіп отырады. Социал-демократия сайламшысының ондай жағдайдағы міндеті: барлық сайламшылардың, әсіресе буржуазиялық-демократиялық сайламшылардың саяси бет бейнесін мүмкін болғанынша анығырақ айқындап алу, сөйтіп социал-демократияның «солшыл көпшілігі» мен социал-демократияға ең қолайлы келетін буржуазиялық кандидаттарды біріктіре білу. Партиялық тенденцияларды айырудың негізгі белгілерін біз төменде айтып өтеміз.

жағдайда біз трудовиктердің демократизмінің дәйектілігі мен батылдығын тексеруге тамаша мүмкіндік алған болар едік: кадеттерден біржола теріс айналып кетіп, жұмысшы партиясының сайламшыларымен бірлесе кадеттерді талқандауға келісе ме, әлде белгілі бір кадетті «құтқарып қалғысы», тіпті, бәлкім, социал-демократтармен емес, кадеттермен блок жасағысы келе ме? Бұл арада біз белгілі бір ұсақ буржуаның монархиялық буржуазияға қарай немесе революцияшыл пролетариатқа қарай қаншалықты тартатынын барлық халыққа іс жүзінде дәлелдеп те, көрсетіп те бере аламыз және осыны істеуге тиістіміз.

Соңғы мысалда жай есеп бойынша трудовиктердің кадеттермен блок жасаспай, социал-демократтармен блок жасасқаны тиімді болады, өйткені мұнда олар барлық мандаттың $^4/_5$ бөлігін алады, ал екінші жағдайда $^1/_9$ бөлігін ғана алады. Егер мұның керісінше: кадеттер — 11, трудовиктер — 40, социал-демократтар — 49 болса, бұдан да қызық болар еді. Жай есеп мұндай жағдайда трудовиктерді кадеттермен блок жасасуға итермелеп: сонда «біз» Думада өзіміз үшін көп орын алатын боламыз дегізер еді. Ал демократизмге және нағыз еңбекшілер бұқарасының мүдделеріне принципті адалдық тіпті Думадағы бірнеше орыннан айрылу есебінен болса да социал-демократтармен блок жасасуды сөзсіз талап еткен болар еді. Пролетариаттың өкілдері осындай және осы сияқты басқа да жағдайлардың бәрін мұқият ескеріп, сайлаудың осы арифметикасының *принципті* маңызын сайламшыларға да, барлық халыққа да түсіндіріп отыруға тиіс (уәкілдер мен сайламшылар жиналыстарындағы келісімдердің нәтижелерін жалпы жұртқа жариялап отыру қажет).

Онан соң, соңғы мысалдан біз жай есеп те, принципті ой-пікір де эсдектерді трудовиктер қатарын бөліп-жаруға итермелейтін жәйтті көреміз. Егер бұлардың арасында, мысалы, әбден партиялық екі эсер болса, онда біз осы екеуін өзімізге қосып алып, 51 дауыспен барлық кадеттерді және *революцияшылдығы* бәсең басқа трудовиктердің бәрін жеңіп шығуға бар күшімізді салуымыз керек. Егер трудовиктердің ішінде 2 эсер және

38 энес болса, онда біз эсерлердің демократизм мүдделеріне және еңбекшілер бұқарасы мүдделеріне қаншалықты берілгендігін тексеруге мүмкіндік алар едік: монархияға жол беретін энестерге қарсы шығып, республикашыл-демократтарды жақтаймыз,— төлемге жол беретін энестерге қарсы шығып, помещик жерлерін конфискелеуді жақтаймыз,— тұрақты армия болуына жол беретін энестерге қарсы шығып, бүкіл халықты қаруландыру жағындағыларды жақтаймыз,— дер едік. Сонда біз эсерлердің қай жаққа шығатынын байқар едік:— социал-кадеттер* жағына шыға ма немесе социал-демократтар жағына шыға ма?

Сонымен, біз енді осы сайлау арифметикасының принциптік-саяси жағына және оның маңызына келіп тіреліп отырмыз. Біздің бұл жердегі борышымыз — орын қуып жанталасушылыққа социалистік пролетариаттың көзқарасы мен біздің буржуазиялық-демократиялық революциямыздың толық жеңуі мүдделерін мейлінше табанды және дәйекті қорғауды қарсы қою. Социал-демократ уәкілдеріміз бен сайламшыларымыз біздің *социалистік* мақсаттарымызды, *пролетарлық* партия ретіндегі қатаң таптық позициямызды ешбір жағдайда және ешқандай түрде бүгіп қалуға тиісті емес. Бірақ, *қазіргі* революцияның авангарды ретіндегі пролетариаттың ролін дәлелдеу үшін «таптық» деген сөзді тек қайталай беру жеткіліксіз. Пролетариаттың алдыңғы қатарлы ролін дәлелдеу үшін социалистік ілімімізді және марксизмнің жалпы теориясын баяндап беру жеткіліксіз. Бұл үшін *қазіргі* революцияның алдымызға қойып отырған көкейтесті мәселелерін талдап қараған кезде жұмысшы партиясының мүшелері *осы* революцияның мүдделерін, оның *толық* жеңіске жету мүдделерін басқалардың бәрінен де дәйектірек, бәрінен де дұрысырақ, бәрінен де батылырақ, бәрінен де шеберірек қорғайтынын *іс жүзінде* көрсете де білу керек. Бұл —

---

* Энестерді «Сознательная Россия» [68] осылай деп атаған. Айта кетелік. Бұл басылымның бірінші және екінші кітаптары бізге тіпті өте жақсы болды. Чернов, Вадимов және басқа мырзалар Пешехоновты да, Таг — инді де *керемет* талқандайды. Капитализм арқылы социализмге ұласа дамитын товар өндірісі теориясының тұрғысынан қарағанда әсіресе Таг — иннің пікірінің теріске шығарылғаны жақсы болды.

оңай міндет емес, сондықтан сайлау науқанына баратын социал-демократтың қайсысы болсын негізгі және басты міндеті осыған әзірленуде болмақ.

Уәкілдердің, сайламшылардың жиналыстарында (онымен қатар бүкіл сайлау науқанында, бұл өзінен-өзі түсінікті) партияларды және партиялық сарындарды айыра білу — кішкене болса да пайдасыз емес практикалық іс. Бұл іс арқылы, реті келгенде айта кетелік, социал-демократиялық жұмысшы партиясын толғантатын көптеген талас мәселелерді өмір тексеріп те береді. Оның «Наше Делодағы» барып тұрған оппортунистерден бастап «Социал-Демократтағы» баяу оппортунистерге дейінгі оң қанаты трудовиктер мен кадеттердің айырмашылығын неше түрлі саққа жүгіртумен жоққа шығарып және бұрмалап келеді; сірә, олар өте маңызды, жаңа бір құбылысты: трудовиктердің энестерге, эсерлерге және олардың біріне қарай іш тартатындарға бөлінетінін байқамайтын болуы керек. Кадеттер мен трудовиктерді айыра білуді сөзсіз талап ететін, трудовиктердің демократизмі неғұрлым дәйектілеу және батылдау екенін дәлелдейтін документті деректерді, әрине, бірінші Дума мен оның қуылу тарихының өзі-ақ берген болатын. Екінші Дума қарсаңындағы сайлау науқаны мұны одан да айқынырақ, дәлірек, толығырақ, кеңірек дәлелдеп және көрсетіп беруге тиіс. Біздің мысалдармен көрсетуге тырысқанымыздай, белгілі бір буржуазиялық-демократиялық партияларды дұрыс *айыра білуді* социал-демократтарға сайлау науқанының *өзі-ақ үйретеді* және кадеттерді жалпы алғанда біздегі буржуазиялық демократияның басты немесе ең болмағанда елеулі өкілдері деп есептейтін мүлдем ағат пікірді іс жүзінде теріске шығарады немесе, дәлірек айтқанда, шеткері ысырып тастайды.

Тағы бір нәрсені атап көрсете кетейік: жалпы алғанда сайлау науқанында және сайлаудың жоғарғы кезеңдерінде сайлау келісімдерін жасасу ісінде социал-демократтар қарапайым да айқын, бұқараға ұғымды тілмен сөйлей білулері керек, қиын терминдердің, жаттанды, дайын, бірақ бұқараға әлі түсініксіз шетел сөздерінің, оған бейтапыс ұрандардың, анықтамалардың, қорытын-

дылардың ауыр артиллериясын батыл лақтырып тастаулары керек. Социализм мәселелері мен қазіргі орыс революциясының мәселелерін сөзуарлыққа салынбай, даурықпасыз, фактілер мен цифрларды қолға ұстап тұрып *түсіндіре* білу керек.

Осы арада бұл революцияның негізгі екі мәселесі: ерік туралы мәселе мен жер туралы мәселе өзінен-өзі келіп туады. Бүкіл бұқараны толғантып отырған бұл негізгі мәселелерге біз таза социалистік уағызды да,— ұсақ қожайынсымақтың көзқарасы мен пролетариаттың көзқарасының айырмашылығын, — халыққа ықпал жүргізу үшін күресуші партияларды айыра білуді де шоғырландыруымыз керек. Қаражүздіктер, октябристерді оларға қосып есептегенде, халыққа ерік беруге, жер беруге қарсы. Олар революцияны *күшпен,* сатып алумен, алдаумен *тоқтатқысы* келеді. Либерал-монархиялық буржуазия, кадеттерді алатын болсақ, *бұлар да* бірсыпыра жеңілдіктер жасау жолымен революцияны *тоқтатуға* тырысады. Ол халыққа ерікті де, жерді де түгел бергісі *келмейді.* Ол төлем арқылы және жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беруге негіздемей-ақ жергілікті жер комитеттерін құру арқылы помещиктік жер иелену тәртібін *сақтап қалғысы* келеді. Трудовиктер,— яғни ұсақ буржуазия, әсіресе селолық ұсақ буржуазия,— барлық жерге, барлық ерікке ие болғысы келеді, бірақ либерал буржуазияның шаруаларға гегемон болуын ақтайтын, мұны тіпті теория дәрежесіне дейін көтеретін социал-кадеттердің (энестердің) оппортунизмі мен товар өндірісі тұсында ықтимал болады-мыс дейтін теңгерме утопизмнің арасында ауытқып, әлгі мақсатына қарай кібіртіктеп, беталды, сенімсіз аяқ басады. Социал-демократия шаруалардың *революциялық* сана-сезімін энестердің оппортунизмінен және *қазіргі* революцияның нағыз көкейтесті міндеттерін көлегейлейтін утопизмнен арылта отырып, пролетариаттың көзқарасында дәйекті түрде тұруға тиіс. Бүкіл халық сияқты, жұмысшы табы да бүкіл цивилизациялы адамзаттың негізгі міндеті: еңбекті капиталдың езуінен азат ету міндетін шешуді революция *толық* жеңген жағдайда ғана *шындап,* тез, батыл, еркін және кеңінен *қолға ала* алады.

Күрес *құралдары* туралы мәселеге де біз сайлау науқанында және партиялар арасында жеке келісімдер жасау ісінде зер сала тоқталамыз. Біз құрылтай жиналысы дегеннің не екенін және кадеттердің одан неге қорқатынын анықтайтын боламыз. Біз «бірінші сайланған» депутаттарға «істелген істі» халық өкілдеріне де ешкімнің істей алмауы үшін қандай шараларды қорғап, *дербес жүзеге асырмақшы* екенін либерал буржуадан, кадеттерден сұрайтын боламыз. Біз кадеттердің өткен жылғы октябрь-*декабрьдегі* күрес формаларына нағыз оңбағандық-сатқындық жасағанын олардың есіне саламыз және мұны мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқараға түсіндіріп береміз. Біз кандидат атаулының бәрінен олардың Думадағы өздерінің бүкіл қызметін *Думадан тыс* жердегі күрес мүдделеріне, жер алу, ерік алу жолындағы халықтың кең көлемді қозғалысының мүдделеріне түгелдей *бағындырмақ* ниеті бар-жоғын сұрайтын боламыз. Біз сайлау науқанын *революцияны ұйымдастыру* үшін, яғни пролетариатты және буржуазиялық демократияның *шын мәніндегі* революцияшыл элементтерін ұйымдастыру үшін пайдалануға тиіспіз.

Бүкіл сайлау науқанына, атап айтқанда басқа партиялармен ішінара келісімдер жасасу ісіне арқау болады деп күш салынуға лайықты *дұрыс* мазмұн, міне, осындай.

VII

Қорытындылап көрейік.

Социал-демократияның жалпы сайлау тактикасы сүйенетін бастапқы пункті революцияшыл пролетариаттың таптық партиясының толық дербестігі болуға тиіс.

Бұл жалпы қағидадан шегінушілік тек бір өте-мөте қажетті және өзгеше-санаулы жағдайларда ғана болуы мүмкін.

Орыс сайлау системасының және халықтың басым көпшілігі, шаруалардың, арасындағы саяси топтасудың ерекшеліктері сайлау науқанының төменгі кезеңдерінде, яғни ірі қалаларда сайламшылар, деревняларда он үйшілер мен уәкілдер сайлаған кезде мұндай өте-мөте қажеттілікті туғызбайды. Ірі қалаларда мұндай қажеттілік жоқ, өйткені мұндағы сайлаудың маңызы *әсте де*

Думаға сайланатын депутаттардың санына қарап емес, қайта социал-демократтардың халықтың ең көп, ең шоғырланған, өздерінің бүкіл жағдайына қарағанда «ең социал-демократияшыл» жіктері алдында сөйлеуіне қарай анықталады.

Деревняларда бұқараның саяси жағынан мешеулігі, оның саяси қалыптаспағандығы, халықтың бытырандылығы, сиректігі және сайлаудың сыртқы жағдайлары бейпартиялық (және бейпартиялық-революциялық) ұйымдарды, одақтарды, үйірмелерді, жиналыстарды, көзқарастарды, талаптарды өте-мөте өрбітіп жібереді. Мұндай жағдайларда сайлаудың төменгі кезеңдерінде блоктардың ешбір керегі жоқ. Социал-демократтардың барлық жағынан да катаң партиялығы бәрінен де дұрысырақ, бәрінен де қолайлырақ болады.

Пролетариат пен революцияшыл шаруалардың одақтасу қажеттігі туралы жалпы қағида, сонымен, сайлау системасының жоғарғы кезеңдерінде, яғни уәкілдер мен сайламшылар жиналыстарында тек ішінара келісімдер ғана (кадеттерге қарсы трудовиктермен келісім жасасу типінде) болуы қажеттігін мойындауға жетелеп әкеледі. Трудовиктер ішіндегі саяси бөліністердің өзгешеліктері де мәселені осылай шешудің қажеттігін дәлелдеп отыр.

Осы ішінара келісімдердің бәрінде де социал-демократтар буржуазиялық-демократиялық партияларды және олардың арасындағы сарындарды бұлардың демократизмінің дәйектілігі мен батылдығы дәрежесіне қарай қатаң айыра білуге тиіс.

Социализм ілімін және социал-демократияның қазіргі революциядағы дербес ұрандарын революцияның міндеттері жөнінен де, бұл міндеттерді жүзеге асыру жолдары мен шаралары туралы мәселе жөнінен де анықтап алу сайлау науқанының және ішінара келісімдердің идеялық-саяси мазмұны болмақ.

Бұл кітапша «Социал-Демократтың» бесінші номері шықпай тұрып жазылған еді. Сайлаудың бірінші кезеңінде буржуазиялық партиялармен социалистердің өз-

деріпе лайықсыз келісімдер жасасуын партиямыздың Орталық Комитеті, әлбетте, мақұлдамайды деп үміттенуге партиямыздың бұл номерге дейін толық дәлелі бар еді. Осылай деп ойлауға біз міндетті едік, өйткені Л. Мартов жолдас сияқты өте беделді меньшевик сайлаудың бірінші кезеңінде келісімдер жасасудың *қандайына болса да батыл* қарсы шыққан еді, қарсы шыққанда тек «Товарищте» ғана емес, сонымен қатар сайлау науқанына әзірлену мәселесі жөнінде Орталық Комитеттен ұйымдарға жіберілген хатта да (Мартовтың хатында) қарсы шыққан еді.

Енді келіп біздің Орталық Комитет Череванинге қарай бет бұрыс жасап немесе, кем қойғанда, толқып отыр. «Социал-Демократтың» бесінші номерінің бас мақаласы қандай буржуазиялық партиялармен екенін тіпті дәл атамай-ақ, сайлаудың *бірінші кезеңінде* блоктар жасасуға *болады деп отыр!* Кадеттермен блок жасасуды қорғау үшін кадеттік «Товарищ» газетіне көшіп алған Плехановтың бүгінгі (31 октябрьдегі) хаты Орталық Комитет кімнің ықпалымен толқығанын жұрттың бәріне көрсетіп отыр. Ал Плеханов әдетіне басып, әулиедей маңғазданып сәуегейлік жасайды; әбден жауыр болған жалпы сөздерді тоғытады, социалистік пролетариаттың таптық міндеттерін мүлде орағытып өтіп (өзін паналатқан буржуазиялық газетке жарамсақтану үшін болса керек), нақты мәліметтер мен дәлелдерге тіпті жанаспайды да.

Орталық Комитеттің Мартовтан әрі... Череванинге қарай құлдырап кетуіне Женевадан естілген осы «зекірудің» шынымен-ақ жеткілікті болғаны ма?

Буржуазиялық партиялармен келісім жасасудың қандайына болса да тыйым салған Бірігу съезінің шешімін съезде сайланған Орталық Комитеттің іске асырмайтын болғаны ма?

Социал-демократияның жұмыла кіріскен сайлау науқанына үлкен қауіп төніп отыр.

Сайлаудың бірінші кезеңінде буржуазиялық партиялармен келісімдер жасасу социалистік жұмысшы пар-

тиясына іріткі салу және пролетариаттың таптық дербестігі ісін бүлдіру қаупін туғызып отыр.

Барлық революцияшыл социал-демократтар тығыз топтасып, оппортунистік талас-тартыс пен ауытқушылықтарға қарсы аяусыз күрес жариялайтын болсын!

РСДРП ЕКІНШІ («БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ БІРІНШІ») КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[69]

3—7 (16—20) НОЯБРЬ, 1906 ж.

*«Ерекше пікір» 1906 ж.
23 ноябрьде «Пролетарий»
газетінің 8-номерінде
басылған*

*Баяндама мен сөйленген
сөздер протоколдық жазба
бойынша бірінші рет
басылып отыр;
«Ерекше пікір» газеттің
тексті бойынша басылып
отыр*

1

II МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫ САЙЛАУ НАУҚАНЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

4(17) НОЯБРЬ

Петербург және Москва комитеттерінің, ПСД мен латыштардың қарары [70]

1. Біз тек сатқын буржуазияның кінәсынан ғана Дума негізінде күрес жүргізуге тиіс болдық.

2. Сайлау науқанының негізіне революциялық күрес пен «бейбіт» күресті бір-біріне қарсы қоюды алу керек, азаттық қозғалысында кадеттердің гегемон болуы қаншалықты қауіпті екендігін көрсету керек. Осыдан келіп: кадеттермен блок (бірінші кезеңдегі келісім) жасасуға бола ма деген мәселе туады.

3. Социал-демократия бірінші сатыда, жалпы ереже ретінде, дербес шығуға тиіс; ерекше жағдай ретінде — құрылтай жиналысын, қарулы көтерілісті және т. т. мойындайтын партиялармен бірінші кезеңде келісім жасасуға болады; екінші кезеңде тек мандаттардың пропорциялы түрде бөлінуі үшін ғана жай келісім. Бұқараға: келісімпаздарды жақтап бізбен бірге дауыс беріңдер деуден асқан қауіпті нәрсе жоқ. Крушеван Думада отырғандығынан қауіпті емес, қайта үкіметті қолдайтын қаражүздік ұйымның бір бөлігі болғандығынан қауіпті. Сіздер жекелеген ұсақ пайдаға бола кадеттердің гегемон болуын қолдап, біздің бүкіл принциптік позициямызды бұзып отырсыздар (Кавказ, Москва, Петербург, Польша келісім жасағысы келмейді). Егер қаражүздіктер өтіп кетсе, онда Дума неғұрлым қатал болады. Дауыстар бөлініп кеткен жағдайда қаражүздіктердің өтіп кетуіне кадеттер емес, социал-демократтар кінәлы болады дегенге сіздер неге сенесіздер?

2

II МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫ САЙЛАУ НАУҚАНЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

4(17) НОЯБРЬ

Сайлау кезіндегі келісім — бұл блок (do ut des*, дейсіздер сіздер бұқараға). Біздің айтарымыз: революциялық буржуазиямен біз кейде келісімге келеміз, оппортунистік, сатқын буржуазиямен еш уақытта да келісім жасамаймыз. Сайлау науқаны 2 шектің арасында өтпек: 400 кадет + 100 социал-демократ (келісім жасасу жолымен) және 200 қаражүздік +250 кадет + 20 немесе 50 социал-демократ (келісімдер болмаған күнде). Әрі жақтаушыны, әрі күресушіні қосарландыра ұсыну — өз позицияңа соққы беру деген сөз. Келісімдер жасаған жағдайда қаражүздіктер жеңіледі, бірақ социал-демократтар да жеңіліске ұшырайды (моральдық жағынан).

---

* — алмақтың да салмағы бар. *Ред.*

3

МЕНЬШЕВИКТІК САЙЛАУ ПЛАТФОРМАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

6(19) НОЯБРЬ

Мен мынаны ғана айттым: платформада революциялық әдісті бейбіт әдіске қарсы қою бар, тек сол ғана, қалғаны қанағаттандырмайды. «Еңбекшілердің» басқа топтарынан (эсерлерден) социал-демократтардың қандай айырмашылығы бар екені думадағы социал-демократиялық фракцияның декларациясындағыдай[71] көрсетілмеген. Ғылыми социализмді тұрпайы социализмге қарсы қоюшылық жоқ.

Пролетариат позициясын ұсақ қожайынның позициясынан ажырата білу керек екені айтылмаған. Платформа блокты жақтамайды, бірақ оның өзі де блок, өйткені оған ұсақ буржуа да қол қоя алады. Біз платформада басқа партиялар туралы үндемей қала алмаймыз, ал мұнда олар жөнінде ештеңе жоқ, «неғұрлым батылдары» және т. т. деген көмескі тұспал ғана бар.

4

«ЖҰМЫСШЫ СЪЕЗІН» ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

7(20) НОЯБРЬ

1

Ленин «жұмысшы съезі» туралы мәселе — көкейтесті мәселе, сондықтан оны талқылау керек! — деген талап қойды.

2

Ленин буржуазиялық баспасөзде Плехановтың, Мартовтың және басқалардың хаттары басылғанын, мысалы, Костровтың думалық фракцияға кадеттік министрлікті талап ету туралы ұсыныс (Орталық Комитеттен шыққан) енгізбегенін, бұл арқылы партия тәртібін бұзғанын, сөйтіп оның дұрыс істегенін көрсетеді. «Жұмысшы съезін» жақтап үгіт жүргізу арқылы біздің партиялық қызметімізге бөгет жасалуда. Бізде Орталық Комитеттің органы бар, бірақ Орталық Орган жоқ, бұл неліктен? Ақша бар, Орталық Комитеттің органы мезгілінде шығып тұрады, бірақ ұйым жоқ, сондықтан Орталық Орган да жоқ.

5

РСДРП БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ПОЛЬША, ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ, С.-ПЕТЕРБУРГ, МОСКВА, ОРТАЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІ ОБЛЫС ЖӘНЕ ПОВОЛЖЬЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ АТЫНАН ЕНГІЗІЛГЕН ЕРЕКШЕ ПІКІР

Бунд делегаттары конференцияға Бундтың VII съезінің қарарын түгел дерлік қайталайтын және Думаға бойкот жасалуына берілген тарихи бағаны білдіретін қарар енгізді[72]. Конференцияның төменде қол қойған делегаттары бұл қарарды дауысқа қойғанда мынадай себептермен қалыс қалды. Біз Думаға *не себепті* бара жатырмыз деген мәселені біз оған *қалай* бара жатырмыз деген мәселеден бөліп алу дұрыс та емес және мүмкін де емес. Бойкоттың дұрыстығын мойындау дегеніміз біздің бүкіл тактикамыздың негізгі сипаты қазіргі сайлауға қатысу тұсында да бірінші Думаға бойкот жасаған кездегідей түрде қала береді деген сөз болып шығады. Бірінші Думаның кадеттік көпшілігін революцияшыл элементтердің қызметіне бөгет жасады деп тану және сөйте тұра сайлаудың бірінші кезеңінде кадеттер мен социал-демократтардың келісім жасауын мақұлдау — өзіміздің практикалық саясатымыз арқылы өзіміздің жалпы қағидаларымызға нұқсан келтіру деген сөз. Бұқара алдындағы үгіт жұмысында ортақ тізімдер ұсыну арқылы кадеттердің гегемондығын мойындап, қолдау және содан кейін ерекше қосымша қарарда бұл гегемондықты айыптау — революциялық социал-демократияның бүкіл тактикасы мен барлық принциптерінің беделін мейлінше түсіргендік болады. Осы айтылғандар негізінде біз бүкіл РСДР Партиясы алдына мынадай ерекше пікір ұсынамыз.

«Мемлекеттік думаға бойкот жасау тактикасының — бұл мекеменің қолында өкімет билігі жоқ екенін және оның дербес роль атқармайтынын халық бұқарасының дұрыс бағалауына көмектескен тактиканың дұрыстығын Мемлекеттік думаның заң шығару қызметіндегі бейшаралығы мен оның таратылып жіберілгені әбден дәлелдеді.

Бірақ буржуазияның контрреволюциялық қылығы мен Россия либерализмінің келісімпаздық тактикасы бойкоттың тікелей табысты болуына кедергі жасап, пролетариатты помещиктік және буржуазиялық контрреволюцияға қарсы думалық науқан негізінде де күрес жүргізуге мәжбүр етті.

Думадан тыс жердегі және Думаның өз ішіндегі бұл күресті социал-демократия пролетариаттың таптық санасын өсіру, конституциялық жалған үміттерді бүкіл халық алдында бұдан былай да әшкерелей беру және революцияны өрістете түсу мүдделерін көздей отырып жүргізуге тиіс.

Істің жайы осылай болғандықтан және жоғарыда аталған мақсатты көздей отырып, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы осы Дума науқанына барынша жігерлі түрде қатысуға тиіс.

Социал-демократиялық сайлау науқаны мен Дума науқанының негізгі міндеттері, 1-ден, пролетариаттың және революцияшыл ұсақ буржуазияның, әсіресе шаруалардың, талаптарын жүзеге асыру құралы болуға Думаның мүлде жарамсыз екенін халыққа түсіндіру. 2-ден, нақты өкімет билігі патша үкіметінің қолында қалып отырған жағдайда саяси бостандықты парламенттік жолмен жүзеге асыру мүмкін емес екенін халыққа ұғындыру, қарулы көтерілістің, революциялық уақытша үкіметтің және жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде құрылтай жиналысын шақыру қажеттігін түсіндіру. 3-ден, бірінші Думаны сынау және Россия либерализмінің банкрот болғанын түсіндіру, әсіресе азаттық қозғалысында либерал-монархиялық кадеттер партиясының басты және басқарушылық роль атқаруы революция ісі үшін қаншалықты қауіпті және апатты болатынын түсіндіру.

Пролетариаттың таптық партиясы болып отырған социал-демократия бүкіл сайлау науқаны мен Дума науқанында сөзсіз дербес партия болып қалуға тиіс, бұл жерде де өзінің ұрандарын да, өзінің тактикасын да ешқандай басқа оппозициялық немесе революциялық партиялармен ешбір жағдайда біріктіріп жібермеуге тиіс.

Сондықтан сайлау науқанының бірінші кезеңінде, яғни бұқара алдында ол, жалпы ереже бойынша, сөзсіз дербес шығуға және тек партияның кандидатураларын ғана ұсынуға тиіс.

Бұл ережеден ауытқуға тек аса бір ерекше қажетті реттерде ғана жол беріледі және оның өзінде біздің тікелей саяси күресіміздің негізгі ұрандарын толығымен қабылдайтын, яғни қарулы көтерілістің қажеттігін мойындайтын және демократиялық республика жолында күресетін партиялармен ғана келісуге болады. Оның бер жағында, мұндай келісімдерді социал-демократияның саяси үгітінің дербестігін ешбір жағынан тежемей, кандидаттардың ортақ тізімін ұсынуға ғана қолдануға болады.

Жұмысшы куриясында социал-демократиялық партия басқа ешқандай партиямен келісім жасамай, сөзсіз дербес қимыл жасайды.

Сайлаудың жоғарғы кезеңдерінде, яғни қалалардағы сайламшылардың, деревнялардағы уәкілдер мен сайламшылардың жиналыстарында, келісім жасасқан партиялардың алып отырған дауыстарының санына қарай орынды пропорциялы түрде бөлісіп алу үшін ғана ішінара келісімдер жасасуға болады. Мұның өзінде социал-демократия демократиялық дәйектілігі мен батылдығы жағынан алғанда буржуазиялық партиялардың мынадай негізгі типтері бар деп есептейді: а) эсерлер, п. п. с. және солар секілді республикалық партиялар*; б) энестер және сол типтес трудовиктер**; в) кадеттер».

---

* Бұларға, бәлкім, с.-с.-тер де (сионист-социалистер)[73] жататын болар.

** Бұларға, бәлкім, кейбір еврей демократтары да жататын болар. Бұл мәселелер жөнінде біз еврей социал-демократтарынсыз ештеңе айта алмаймыз.

САЙЛАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮНДЕУДІҢ ЖОБАСЫ

Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары! Мемлекеттік думаны сайлайтын уақыт жақындап келеді. Жұмысшы табының партиясы, социал-демократия, бостандық жолында шын күресе алатын күштердің бірігуіне көмектесу үшін сіздердің бәріңізді де сайлауға қатынасуға шақырады.

Біздің революциямызда халық бұқарасы чиновниктер мен полицияның, помещиктер мен капиталистердің үстемдігіне қарсы, ең алдымен самодержавиелік патша үкіметіне қарсы күресуде. Бұқара жер мен ерік үшін, миллиондаған және он миллиондаған адамдардың талаптарына сатып алумен, алдап-арбаумен, айуандық озбырлықпен, түрмеге жабумен және әскери-далалық сотқа тартумен жауап беріп отырған ойраншылар мен жендеттер шайкасын құлату үшін күресуде.

Бүкіл Россияның жұмысшылары патшадан бостандық беремін деген және Думаға заң шығару правосын беремін деген уәдені 1905 жылғы октябрь стачкасы арқылы күшпен алған еді. Патша үкіметі бұл уәдесін бұзды. Сайлау заңы помещиктер мен капиталистердің пайдасы үшін шаруалар мен жұмысшылардың праволарын шұнтитып тастады. Думаның өз праволары да жоққа тән болып қалды. Бірақ мұның өзі де басты нәрсе емес. Бастысы — бостандық пен право дегеннің бәрінің әншейін қағаз болып қалғандығы, өйткені шын өкімет билігі, шын күш бұрынғыша бүтіндей патша үкіметінің қолында болып отыр. Шын өкімет билігі ойраншылар

мен бостандық жендеттерінің қолында тұрғанда, ешқандай Дума халыққа жер мен ерік бере алмайды және бермейді де.

Революцияшыл жұмысшылардың халықтың басқа жіктерінен шыққан бостандықты көксеуші саналы күрескерлердің көпшілігімен бірігіп Думаға бойкот жасағаны да, міне, осыдан. Думаға бойкот жасау халық депутаттарын сайлау ісін ойраншылардан тартып алу әрекеті болған еді. Думаға бойкот жасау әншейін қағаздарға сенбе деп халыққа ескерту болған еді, шын мәнісіндегі өкімет билігіне ие болу үшін күресуге шақыру еді. Бойкоттың сәті түспей қалды, себебі либерал буржуазия бостандық ісіне опасыздық жасады. «Халық» бостандығы партиясы, кадеттер, либерал помещиктер мен «көзі ашық» буржуазияшыл сөзуарлардың осынау партиясы пролетариаттың ерлік күресінен теріс айналып, шаруалар мен таңдаулы әскер бөлімдерінің көтерілісін есуастық деп балағаттады, сөйтіп ойраншылар өткізген сайлауға қатысты. Кадеттік буржуазияның опасыздығы салдарынан ойраншылар жүргізген, ойраншылар өңін айналдырған, ойраншылар халықты қорлау құралына айналдырған заңдармен және сайлаумен бүкіл халықтың уақытша санасуына тура келіп отыр.

Бірақ, сайлауға енді қатынаса отырып, біз өкімет билігі жолындағы күрестің қажеттігіне, кадеттердің конституциялық ойынының бекер әурешілік екеніне халықтың көзін аша аламыз және ашуға тиіспіз. Бүкіл Россияның азаматтары! Бірінші Думаның бізге берген сабағы жөнінде ойланыңдар!

Бостандық жолындағы және шаруаларға жер әперу жолындағы күрескерлер талқандалды, айдауға жіберілді, түрмелерге отырғызылды. Думадағы көпшілік орын кадеттерге тиді. Бұл либерал буржуалар күрестен қорықты, халықтан қорықты, сөз сөйлеумен, өтініш жолдаумен шектеліп келді, шыдамдылықпен күтуге шақырды, ойраншылар үкіметімен келісімге келуге, мәмле жасауға тырысты. Ал патша бұлардың күрескерлер емес, құрдай жорғалаған буржуа екенін көрді де, жағымсыз сөздері үшін оларды қуып жіберді.

Жұмысшылар, шаруалар және барлық еңбекшілер! Бұл ұлы сабақты ұмытпаңдар! Естеріңде болсын, 1905 жылдың күзінде күресуші халыққа революцияшыл жұмысшылар бас болған кезде, жұмысшылардың стачкасына, жұмысшылардың көтерілісіне шаруалар мен саналы солдаттардың көтерілісі келіп қосылған кезде,— міне сол кезде, үкімет жеңілдіктер беруге көніп қалған еді. Ал 1906 жылдың көктемі мен жазында халықты либерал-монархиялық буржуазия, кадеттер, халық өкіметі мен ойраншылар өкіметінің арасында ауытқушылар партиясы бастаған кезде, міне сол кезде, жеңілдіктер алу орнына депутаттар Думаны таратып жіберген полицияның тепкісіне ұшырады.

Думаны таратып жіберу кадеттердің өтініштері соншалықты бекершілік, әурешілік іс екенін, пролетарлар күресін қолдаудың соншалықты қажет екенін жұрттың бәріне көрсетті. Жұмысшы табы октябрьдегі стачкасы арқылы бостандық берілуі жөнінде уәдені алуға жеткен болатын. Ол енді бүкіл халықтық көтеріліс арқылы жаудың қолынан бостандықты іс жүзінде тартып алу үшін, патша үкіметін құлатып, республика орнату, мемлекет ішіндегі өкімет орындарының бәрі түгел сайланып қойылатын болуы үшін, сөйтіп революциялық уақытша үкімет арқылы жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру үшін күш жинап жатыр.

Бостандық жолында күрескенде, жұмысшы табының көздеп отырғаны — бостандықтың тек байлар мен атақтыларға ғана емес, бүкіл халыққа қызмет ететін болуы. Жұмысшыларға бостандық керек болғанда, еңбекті капитал езгісінен толық азат ету жолында, адамды адам қанауы атаулының барлығын жою жолында, қоғамды социалистік жолмен құру жолында кең көлемді күрес жүргізу үшін керек. Капитал үстемдік етіп тұрғанда жалпы халықтық жерді пайдаланудағы ешқандай теңдік, тіпті ұсақ қожайындардың, шаруалардың теңдігі де, халықты қайыршылықтан, жұмыссыздықтан және езілушіліктен құтқара алмайды. Барлық елдердің жұмысшыларын жаныштап отырған капиталдың езушілігін тек жұмысшылардың бәрі топтасып, оларды еңбекшілер

бұқарасы қолдаған жағдайда ғана құлатуға болады. Социалистік қоғамда бостандық пен теңдік жұртты алдау болмайды; еңбекшілер оқшауланған ұсақ шаруашылықпен айналысып, бытырамайды; ортақ еңбекпен жипалған дәулет халық бұқарасын езуге жұмсалмайды, қайта соның кәдесіне асырылады; еңбекшілердің үстемдігі қандай да болса бір ұлттың, діннің немесе жыныстың бірін-бірі езуі атаулының бәрін жояды.

Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары! Сайлауды бостандық жолындағы және социализм жолындағы шын күрескерлерді күшейту үшін, әр түрлі партиялардың нағыз мақсаттары мен шын сипатын танып білуге жұрттың бәрінің және әрбір адамның көзін ашу үшін пайдаланыңдар!

Сайлауға социал-демократтардан басқа, партиялардың басты үш тобы: қаражүздіктер, кадеттер, трудовиктер қатысады.

Қаражүздіктер, бұлар — үкіметті қолдайтын партиялар. Олар самодержавиелік монархияны, полициялық өкіметті, бүкіл помещиктік жерді сақтап қалуды жақтайды. Бұлар — монархистер партиясы, орыс халқының одағы, праволық тәртіп партиясы, сауда-өнеркәсіп партиясы, 17-октябрь одағы, бейбіт жаңарту партиясы. Бұлардың бәрі де — халықтың қас дұшпандары, ойраншылар үкіметін, Думаны таратқан үкіметті, әскери-далалық соттар үкіметін тура қорғаушылар.

Кадеттер (к. д., немесе «халық бостандығы партиясы») — либерал-монархиялық буржуазияның басты партиясы. Либерал буржуа халық пен ойраншылар үкіметінің арасында ауытқып отырады. Сөз жүзінде бұлар — үкіметке қарсы; іс жүзінде бұлар бәрінен де гөрі халықтың күресінен қорқады; іс жүзінде бұлар халыққа қарсы, монархиямен, яғни ойраншылармен мәмлеге келуді көздейді. Кадеттер Думада баспасөзге қарсы және жиналыстарға қарсы каторгалық заңдар ұсынды. Кадеттер Думада жер туралы мәселені жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттерге беруге қарсы болды. Кадеттер, бұлар — либерал помещиктер, олар жер туралы мәселені шаруалар өздерінше шешіп кете ме деп қор-

қады. Кімде-кім халықтың депутаттарын полициялық өкімет қуып жібере алмайтын болсын десе, кімде-кім шаруаларға дәл 1861 жылғыдай[74] күйзелтетін төлем таңылатын болмасын десе,— ол екінші Думаның тағы да кадеттік Дума болып кетпеуінің қамын ойласын.

Трудовиктер, бұлар — ұсақ қожайындардың, көбінесе ұсақ шаруалардың мүдделері мен көзқарастарын білдіретін партиялар мен топтар. Бұл партиялардың ішіндегі ең жасқаншағы — «халықтық-социалистік еңбек партиясы»; оның кадеттерден тәуірлігі шамалы. Бұдан кейінгісі — Думадағы «Еңбек тобы», оның Онипко сияқты таңдаулы мүшелері Дума таратылғаннан кейін көтеріліс жасаушы халыққа көмектесуге шықты. Еңбек партияларының ішіндегі ең революцияшылы — «социалист-революционерлер» (эсерлер, с.-р.). Трудовиктер шаруалар бұқарасының жер үшін, ерік үшін күрестегі мүдделерін батыл,— кейде тіпті көтеріліске де шығып,— батыл қорғауға бейім келеді, бірақ олар өздерінің барлық қызметінде либерал буржуа ықпалынан және буржуазиялық көзқарастардан әрқашан мықтап арыла білмейді. Ұсақ қожайынсымақ еңбектің капиталға қарсы бүкіл дүние жүзілік ұлы күресінің жол айырығында дағдарып тұр:—буржуазияша «қатарға қосылуға», өзім қожайын болып алуға тырыссам ба екен, немесе буржуазияның үстемдігін құлатуда пролетариатқа көмек беруге тырыссам ба екен деп дал болады. Біз, социал-демократтар, сайлауды шаруалар бұқарасына және шаруалардың барлық достарына былай деп айту үшін пайдаланамыз: егер шаруалар өтінумен емес, күреспен әрекет жасайтын болса, егер шаруалар патшаға сенбей, либерал буржуаның емексітуіне сенбей, жұмысшы табымен қол ұстаса отырып, біріккен күрестің күшіне сенетін болса, тек сонда ғана шаруалардың жер мен ерікке қолы жете алады.

Социал-демократтар партиясы — саналы әрі күрескер пролетариаттың партиясы. Ол буржуазияның ешқандай уәделеріне сенбейді, ол қайыршылық пен мұқтаждықтан құтылу жолын ұсақ шаруашылықты нығайтудан іздемейді, барлық еңбекшілердің социализм жолындағы ынтымақты күресінен іздейді.

Жұмысшы жолдастар және сіздер, капиталдың барлық қызметшілері! Үкімет бостандықтың жұқанасын тартып алған кезде, буржуазия жұмысшылардың қолы жеткен жеңістерінің бәрін қайта тартып ала бастағанын, жұмыс күнін тағы да ұзартып, жалақыны кемітіп, штрафты көбейтіп, әр түрлі қысымдарды күшейте бастағанын, саналы жұмысшыларды тықсыра немесе қуа бастағанын сіздердің бәріңіз де көрдіңіздер. Тек бостандық жеңген жағдайда ғана жұмысшылар мен қызметшілер буржуазиядан өз жеңістерін қамтамасыз етеді, 8 сағаттық жұмыс күніне, тәуір жалақыға және күн көрістік тұрмыс жағдайларына жете алады. Жұмысшы табы барлық еңбекшілер бұқарасына бас бола отырып, топтаса, жұмыла, жан аямай батыл күресу арқылы ғана барлық халыққа шын бостандықты жеңіп әпере алады.

Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары! Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кандидаттарын жақтап дауыс беріңдер! Ол толық бостандық үшін, республика үшін, чиновниктерді халықтың сайлап қоятын болуы үшін күресіп келеді. Ол ұлттық езушілік атаулыға қарсы күресіп келеді. Ол *барлық* жер *ешқандай төлемсіз* шаруаларға берілуі үшін күресіп келеді. Ол тұрақты армияны халықтың жаппай қарулануымен ауыстыруды көздей отырып, саналы матростар мен солдаттардың барлық талаптарын қолдауда.

Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары! Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кандидаттарын жақтап дауыс беріңдер!

«Пролетарий» № 8,
23 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

КАДЕТТЕРМЕН БЛОК ЖАСАСУ ТУРАЛЫ

Бундшылдардың көмегімен меньшевиктер РСДРП бүкіл россиялық конференциясында кадеттермен блок жасасуға болады деген пікірді өткізді. Кадет баспасөзі мәз-мәйрам болып, осы игілікті хабарды бүкіл әлемге таратуда, сөйтіп меньшевиктерді ептеп тағы бір саты төмен сырғытып, оңға қарай тағы бір адым алыстатып отыр. Конференцияның шешімдерін, революцияшыл социал-демократтардың ерекше пікірін және олардың сайлаушыларға арнаған үндеуінің жобасын оқушы басқа жерден табады*. Ал біз бұл арада кадеттермен блок жасасудың жалпы және негізгі саяси мәнін сипаттап өтуге тырысамыз.

Бұл сияқты сипаттау үшін «Социал-Демократтың» 6-номері және әсіресе «Нағыз солшылдар блогы» деген редакциялық мақаласы жақсы материал береді. Осы мақаланың ерекше көзге түсетін жерлерінің бірінен бастайық.

Бізге былай деушілер бар,— деп жазады «Социал-Демократ»,— «бүкіл Думаны революциялық жолға қарай итермелеуді өзіне міндет етіп қойған меньшевиктер Дума қуылғаннан кейін өз позициясын тастап, революциялық партиялармен және топтармен блок жасасты, ол блок мынадан көрінді: 1-ден,— армияға және шаруаларға арнап ортақ екі прокламация бастырып шығарды, 2-ден,— алдағы болатын ереуілге байланысты ки-

* Қараңыз: осы том, 113—115, 116—121-беттер. *Ред.*

мыл-әрекетті үйлестіріп отыратын комитет құрды. Мұндай мысалды дәлелге келтіру үлкен жаңсақтықтан туып отыр. Аталып отырған жағдайда біздің партия басқа революциялық партиялармен және топтармен *саяси* блок *емес, жауынгерлік* келісім жасап отыр, біз мұндай келісімді әрқашан да орынды және қажетті нәрсе деп санап келгенбіз».

Курсив «Социал-Демократтікі».

...*Саяси* блок емес, *жауынгерлік* келісім... Құдайдан қорықсаңдаршы, меньшевик жолдастар! Бұларыңыз мағынасыздық екені былай тұрсын, тіпті шала сауаттылық қой. Екінің бірі: не сіздер тек парламенттік келісімдерді ғана, немесе парламенттік келісімнен басқа келісімдерді де блок деп ұғынасыздар. Егер біріншісі болса, онда блок дегендеріңіз — парламенттік шайқас үшін жасалатын жауынгерлік келісім. Егер екіншісі болса, онда жауынгерлік келісім саяси блок болып шығады, өйткені саяси мағынасы жоқ «шайқас» шайқас емес, әшейін жай төбелес болар еді.

Орталық Комитеттегі жолдастар! сіздер өз редакторларыңызды қадағалап отырыңыздар, шынында да, қадағалап отырыңыздар, әйтпесе социал-демократия үшін ұят келетін түрі бар.

— Орталық Комитеттің органында оқушыларға ұсынылып отырған сандырақ жай байқалмай айтылғандықтан туған жоқ па? Ыңғайсыз айтылған сөзден туған жоқ па?

— Тіпті де олай емес. «Социал-Демократтың» қатесі оның одағайлық жасап алғандығында емес, қайта керісінше, одағайлықтың өзі оның бүкіл пайымдауларының негізінде, оның бүкіл позициясының негізінде түбірлі қателік болғандықтан туып отыр. «Саяси блок *емес, қайта* жауынгерлік келісім»* деген мағынасыз сөз тізбегі кездейсоқ туған нәрсе емес, қайта мұның өзі меньшевизмнің негізгі «мағынасыздығынан» қажетті түрде, сөзсіз туып отыр; ал меньшевизмнің негізгі «мағынасыздығы» — қазіргі кезде Россияда парламенттік

---

* Мынадай хикметті қараңызшы: «шайқасты» «саясатқа» қарсы қоясыңдар деп бізге әрқашан кінә тағып жүрген меньшевиктердің өздері енді келіп *өздерінің бүкіл пайымдауларын* нақ осындай мағынасыз қарама-қарсылыққа негіздеп отыр!

шайқас түгелдей парламенттен тыс шайқастың жағдайлары мен сипатына бағынышты екенін, тіпті тікелей бағынышты екенін түсінбеушіліктен туып отыр. Басқаша айтқанда: кейбір логикалық жеке ағаттық қазіргі революциялық жағдайдағы Думаның бүкіл ролі мен бүкіл мәнін меньшевиктердің жалпы түсінбейтіндігін көрсетеді.

Меньшевиктер мен олардың көсемі Плехановтың «шайқас» туралы және «саясат» туралы мәселе жөнінде бізбен айтысқандағы қолданатын әдістеріне біз, әрине, еліктемейміз. Олар, социал-демократиялық пролетариаттың көсемдері, *саясатқа жатпайтын* жауынгерлік келісім жасауға бара алады деп, біз оларды кінәлап жатпаймыз.

Біз мынадай мәселеге назар аударамыз: Дума таратылғаннан кейін біздің меньшевиктердің *тек революциялық* партиялармен және топтармен ғана блок жасасуға тиіс болған *себебі не?* Әрине, мұның себебі қайдағы бір анархо-бланкист Лениннің (тек меньшевиктерге өшпенділіктен ғана) мұны әлдеқашаннан бері уағыздап жүргендігінде емес. Объективті жағдайлар, меньшевиктердің барлық теорияларына қарамастан, оларды дәл осындай революциялық, антикадеттік блок жасасуға *мәжбүр етті.* Объективті жағдайлар, меньшевиктердің еркінен тыс және *санасынан тыс,* мынаған әкеп соқтырды: бірінші Думадағы парламенттік бейбіт шайқастың диалектикалық дамуы ол шайқасты *бірнеше күннің ішінде* мүлдем бейбіт емес, парламенттік емес шайқасқа айналдырып жіберді. Меньшевиктер ұқпаған (олар мұны көздерін кадеттік шел қаптағаннан ұғына алмады), ресми жасалмаған *саяси блок* — тілектер мен ең таяудағы саяси талаптардың ортақтығынан, таяудағы саяси мақсаттар жолындағы күрес құралдарының ортақтығынан көрінген — осы ұғынылмаған «саяси блок» *жағдайдың ырқымен* «жауынгерлік келісімге» айналды. Бірінші Дума дәуіріндегі Плехановтың хаттарында [75] көрсетілмеген осындай күтпеген оқиғаға душар болған біздің данышпандардың сасқалақтап қалғаны соншалық: «бұл саяси блок *емес, қайта* жауынгерлік келісім!» — деп айқай салды.

Сүйікті жолдастар, саясаттарыңыздың түкке жарамайтын себебі, сіздер жарамсыз, жалған, шешуші маңызынан айрылған, міне, *осындай* «шайқас» үшін келісім жасауды көздейсіздер, ал Россия революциясының бүкіл барысында тегеурінді күшпен бірден көзге түсетін, тіпті тосыннан қарағанда барып тұрған бейбіт, парламенттік, конституциялық жағдайлардан туатын тіпті думалық Родичевтердің сүйкімді, жауапсыз монарх туралы сөйлеген сөздерінде мадақтаған жағдайлардан туатын *осындай* «шайқастың» қолайлы кезі келгенде, ауыз ашып аңырып қаласыздар.

Сіздер большевиктерді қандай қателік жасады деп босқа айыптап келсеңіздер, өздеріңіз де дәл сондай қателікке ұрынып отырсыздар. Сіздердің саясатыңыз жауынгерлік саясат емес. Сіздердің шайқасыңыз шын саяси шайқас емес,— конституциялық-ойыншық шайқас, парламенттік кретинизм. Жағдай күні ертең талап етіп қалуы мүмкін «шайқас» үшін сіздерде *бір түрлі* келісім бағыты бар,— «саясат» үшін *екінші түрлі* келісім бағыты бар. Сондықтан да сіздер «шайқасқа» да, «саясатқа» да жарамайсыздар, сіздер тек қана кадеттердің шашбауын көтеруші болуға ғана жарайсыздар.

Біздің партияда қазір «блок» деген сөздің мәні туралы көп таласып жүр. Біреуі: блок дегеніміз — ортақ тізім дейді. Екіншісі тұрып: жоқ, блок дегеніміз — ортақ платформа дейді. Мұның бәрі де ақымақтық, схоластикалық таластар. Блок деп берігірек келісімді атасаңыз да немесе босаңырақ келісімді атасаңыз да, мұнан істің мәні иненің жасуындай да өзгермейді. Берік немесе босаң келісімдер жасауға бола ма, болмай ма,— таластың мәні әсте онда емес. Кімде-кім таластың мәні осында деп ойласа, ол ұсақ жәпе өнімсіз парламенттік әрекеттен малтығып шыға алмай, бұл әрекеттің *саяси мазмұнын* ұмытады. Жалпы айтқанда, буржуазиялық революцияда қайткенде де жасасуға тура келетін келісімді социалистік пролетариат буржуазиямен екі арада *қай бағытта* жасасуға тиіс, таластың мәнісі, міне, осында. Большевиктер жеке мәселелерде: сайлауда революциялық буржуазияның белгілі бір партиясымен келісім жа-

сасу керек пе деген мәселеде өзара келісе алмауы мүмкін, бірақ большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы таластың мәні тіпті де мұнда емес. Таластың мәні сол бұрынғысынша: буржуазиялық революцияда социалистік пролетариат либерал-монархиялық буржуазияның соңында жүруі керек пе немесе революциялық-демократиялық буржуазияның алдында жүруі керек пе деген мәселеде болып отыр.

«Нағыз солшылдар блогы» деген мақаладан меньшевиктердің ойы таластың саяси мәнінен жай ұсақ-түйекке қарай қалай ауытқып кететіндігінің толып жатқан мысалын көруге болады. Ортақ платформаны да, ортақ тізімді де блок тактикасы деп (2-бет, 3-бағана) мақала авторының өзі айтып отыр. Солай дей отырып, ол мұнымен қатар: бізді трудовиктермен және эсерлермен «блок» жасасуды жақтайды, ал меньшевиктер блок емес, тек қана кадеттермен «ішінара келісімдер» жасасуды жақтайды деп дәлелдейді. Мұныңыз дәлел емес, балалық қой, сүйікті жолдастар!

Бүкіл россиялық конференцияда қабылданған меньшевиктердің қарары мен большевиктердің қарарын салыстырыңыздаршы. Екінші қарардың эсерлермен келісім жасасу үшін қойған шарттары бірінші қарардың кадеттермен келісім жасасу үшін қойған шарттарынан анағұрлым қаталдау болды. Бұл даусыз, өйткені, 1-ден, большевиктер республика үшін күресетін және қарулы көтерілістің қажеттігін мойындайтын партиялармен ғана келісім жасасуға болады десе, ал меньшевиктер жалпы алғанда «оппозициялық-демократиялық партиялармен» келісім жасасуға болады деді. Демек, большевиктер революциялық буржуазия деген ұғымды анық *саяси* белгілермен айқындап көрсеткен, ал меньшевиктер *саяси* жағынан айқындаудың орнына тек *техникалық-парламенттік* құрғақ сөзбен өте шыққан. Республика және қарулы көтеріліс — белгілі бір саяси категориялар. Оппозиция — тек қана парламенттік термин. Бұл терминнің көмескілігі соншалық, октябристер де, бейбіт жаңартушылар да, үкіметке наразылардың бәрі де осы терминнің аясына сыйып кете береді. Рас, «демократиялық» деген қосымша сөз саяси мән береді, бірақ ол ай-

қын емес. Бұлай деп кадеттерді айтады. Бірақ осының өзі жалған сөз. *Монархиялық* партияны, жоғарғы палатаның болуын жақтайтын партияны, жиналыстар мен баспасөз туралы каторгалық заңдар шығаруды ұсынған партияны, төте, тең және жасырын дауыс беруді жауап адресінен шығарып тастаған партияны, бүкіл халық сайлаған жер комитеттерін керексіз деп таныған партияны «демократиялық» деп атау *халықты алдағандық* болады. Бұл — өте қатты айтылған сөз, бірақ әділ сөз. Кадеттердің демократизмі жөнінде меньшевиктер халықты алдап отыр.

2-ден, большевиктер буржуазиялық республикашылдармен тек «ерекше» жағдайда ғана келісім жасасуға болады дейді. Меньшевиктер болса кадеттермен тек ерекше жағдайда ғана блок жасалуын талап етпейді.

3-ден, большевиктер жұмысшы куриясында қандай болса да *(«басқа партиялардың қандайымен болса да»)* келісім жасасуға сөзсіз тыйым салады. Меньшевиктер *жұмысшы куриясында да блок жасасуға жол береді,* өйткені мұнда «пролетариаттың тап күресінің көзқарасында болмаған» топтармен және партиялармен келісім жасасуға ғана тыйым салынған. Бұл кездейсоқ нәрсе емес, өйткені конференцияда пролетарлық-таптық түйсігі бар меньшевиктер де болды, олар бұл сорақы тұжырымға қарсы шығып таласты, бірақ меньшевиктердің басым көпшілігі оларды соққылап тастады. Сөйтіп авантюризм атаулыға кең өріс ашатын мүлде күңгірт, көмескі бір нәрсе болып шықты. Ал оның үстіне, марксист үшін өте бір жексұрын пікір: социал-демократиялық партиядан басқа партияны да «пролетариаттың тап күресі көзқарасында болады» екен-ау деп тануға *болады-мыс* деген тәрізді пікір келіп туды.

Ал енді осы айтылғандардан кейін меньшевиктердің монархиялық буржуазиямен, кадеттермен жасасқан блогына қарағанда, большевиктер республикалық буржуазиямен, эсерлермен одан *гөрі берік* блок жасасуды қостайды деп дәлелдеуге тырысушылықты, кем қойғанда, балалық деп қалай айтпассың??

Берігірек немесе босаңырақ блок туралы мүлдем жалған пікірлер *кіммен және не үшін* блок жасасуға

болады деген саяси мәселені бүркемелеу үшін айтылып отыр. «Социал-Демократтың» 6-номерінде басылған «Сайлау платформасының жобасын» алып қараңыз. Бұл документ — меньшевиктердің кадеттермен *идеялық* блогы бар екендігін дәлелдейтін меньшевиктік саясаттың көп документтерінің бірі. Сайлау платформасының осы жобасына қажетті «түзетулер» енгізу туралы конференцияның қарары мұны көзбе-көз көрсетіп отыр[76]. Ойлап қараңыздаршы: құпия басылымнан республика туралы ұранды қалдырып қоюға болмайды, өтініш жасау мен күрес жайында жалпылама көмескі сөздермен шектелуге болмайды, қайта пролетарлық көзқарас тұрғысынан түрлі партияларды дәл атап, сипаттау қажет, көтерілістің қажет екендігін көрсету керек, социал-демократияның таптық сипатын атап көрсету қажет дегендерді социал-демократтар конференциясының өз Орталық Комитетінің есіне салуына тура келді-ау! Партияның сайлауға арналған *алғашқы* үндеуінде партияның таптық сипатын атап көрсету қажеттігін социал-демократиялық партияның Орталық Комитетінің есіне салу — мұндай еске салу Орталық Комитеттің көзқарастарындағы барып тұрған жөнсіздіктің, түбірлі қателіктің салдарынан ғана мүмкін болды.

Бізде кадеттермен практикалық келісімдер жасала ма, жасалса қаншалықты кең түрде жасалады, бұл әлі белгісіз. Ал идеялық келісім, идеялық блок қазірдің өзінде-ақ бар: сайлау платформасының жобасында пролетариаттың көзқарасы мен либерал-монархиялық буржуазияның көзқарасы арасындағы айырмашылықтың бүркемеленуі бұған дәлел*. Мұның керісінше, большевиктердің сайлаушыларға арналған үндеуінің жобасында осы айырмашылық көрсетіліп қана қоймай, оның үстіне пролетариаттың көзқарасы мен ұсақ қожайын-

* Меньшевиктердің бұл қатесі бірінші қателесу емес. РСДРП-ның атақты думалық декларациясында да олар осылай қателескен. Олар большевиктерді эсершілдер деп айыптады, ал өздері социал-демократтар мен трудовиктер көзқарастарының айырмашылығын жоққа шығарды, сондықтан да Дума дәуіріндегі эсер газеттері социал-демократтардың думалық декларациясын эсерлер идеясының ұрланған көшірмесі деп атады! Ал керісінше, думалық декларацияның біз ұсынған қарсы жобасында, біздің ұсақ буржуазиядан айырмашылығымыз айқын көрсетілген болатын.

дар табының көзқарасы арасындағы айырмашылықтың да айтылғанын көріп отырмыз.

Сайлау блоктары туралы мәселеде нақ осы принциптік, идеялық жағы ең бірінші орынға қойылуы керек. Меньшевиктердің: бүкіл сайлау үгітін біз өзіміз дербес жүргіземіз, біз бұл үгітті ешбір ықшамдамаймыз және кадеттердің тізіміне өз кандидаттарымызды тек ақырғы минутта ғана енгіземіз деп, өздерін ақтамақ болған әрекеттерінің бәрі жай бекершілік!

Бұл — жалған сөз. Меньшевиктердің ішіндегі ең тәуірлері мұны шын ниетімен тілейтініне біз, әрине, сенеміз. Бірақ істің жайы олардың тілегінде емес, қазіргі саяси күрестің объективті жағдайларында болып отыр. Бұл жағдайлардың салдарынан меньшевиктер өздерінің сайлау науқанында *әрбір қадам басқан сайын қазірдің өзінде-ақ* кадетизмнің *дертіне шалынып,* әлден-ақ социал-демократияның көзқарасын күңгірттендіріп отыр. Біз мұны сайлау платформасы жобасының мысалы арқылы көрсеттік, енді толып жатқан басқа документтер мен пікірлер арқылы көрсетеміз.

Меньшевиктердің басты дәлелі — қаражүздік қауіп. Бұл дәлелдің бірінші және негізгі жалғандығы: қаражүздік қауіпке қарсы кадеттік тактика мен кадеттік саясат арқылы күресуге болмайды. Бұл саясаттың мәні — патша өкіметімен, *яғни* қаражүздік қауіппен *ымыраға келу.* Кадеттің қаражүздік қауіппен күреспейтінін, қайта *қаражүздіктердің көрер көзге көсемі* болып отырған монархтың кінәсыздығы, жауапты еместігі жайында ауыз бармайтын арсыздық сөздер айтатынын бірінші Дума айқын көрсетті. Сондықтан, кадеттерді Думаға өткізе отырып, меньшевиктер қаражүздік қауіппен күреспейтіні былай тұрсын, қайта халықтың көзін байлайды, қаражүздік қауіптің шын мәнін бүркемелейді. Думаға кадеттерді өткізу арқылы қаражүздік қауіппен күресу дегеніміз итаршы Родичевтің: «ойран үшін монархты жауапкер деп санау — әдепсіздік»[77] болады деген сөзі арқылы ойранға қарсы күресумен бірдей болып шығады.

Айтылып жүрген дәлелдің екінші бір күнәлы жері — демократиялық күресте гегемондықты социал-демократ-

тың үн-түнсіз кадетке беріп қоюы. Дауыстар қаражүздіктің жеңіп шығуын қамтамасыз ететіндей болып бөлініп кеткен күнде, кадеттерді жақтап дауыс бермегеніміз үшін *біз* неліктен айыпты боламыз, ал бізді жақтап дауыс бермегені үшін *кадет* неліктен айыпты болмайды?

— Біз азшылықпыз,— деп жауап береді христиандық рухта моп-момақан бола қалған меньшевиктер. — Кадеттер көп. Кадеттер өздерін революционерміз деп жариялай алмайды ғой.

— Иә! Бірақ бұл социал-демократтардың өздерін кадетпіз деп жариялауына дәлел бола алмайды. Буржуазиялық революция шала-шарпы нәтижемен аяқталғанда, дүние жүзінің ешбір жерінде социал-демократтар буржуазиялық демократтардан көпшілік болып көрген жоқ және бола алмайтын да еді. Сөйтіп *барлық жерде*, барлық елдерде, социал-демократтардың сайлау науқанында *тұңғыш рет* дербес шығуын либералдар байбалам салып, шу көтеріп қарсы алды, олар *социалистерді қаражүздіктерге көмектестіңдер деп айыптады.*

Сондықтан біз: большевиктер қаражүздіктерді өткізіп жатыр деген меньшевиктің үйреншікті байбаламына өте байсалды қараймыз. *Барлық* либералдар *барлық* социалистерге осылайша айқайлаған. Сіздер кадеттермен күресуден бас тартып, социал-демократтардың соңынан ере алатын пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтер бұқарасын кадеттердің идеялық ықпалында қалдырасыздар*. Егер сіздер социалист болудан қалып жүрмесеңіздер, онда бүгін болмаса ертең, қаражүздік қауіпке қарамастан, сіздердің дербес шайқасқа шығуларыңызға тура келеді. Ал ілгері қарай дұрыс қадам жасау ертеңгіден гөрі бүгін жеңілірек және қажеттірек. 3-Думада (егер ол екіншіден кейін шақырылатын болса) кадеттермен екі арадағы блокты үзу

* Кадеттерге сайлауда *қауіп-қатердің сол жақтан* (Петербург губерниясы туралы есептегі «Речьтің» тап өз сөзі) төніп тұрғанын олардың өздері де мойындай бастады. Сол жақтан төнген қауіптен өздерін құтқарып қалу үшін, қаражүздік қауіп туралы өздерінің байбаламымен кадеттер меньшевиктерді өз айтқанына көндіріп, мұрындықтап жетелеп жүр!!

сіздерге мұнан да гөрі қиынырақ болады, революцияға сатқындық жасаушылар жөніндегі қате көзқараста сіздер бұдан да жаман шатасатын боласыздар. Ал *нағыз* қаражүздік қауіп, қайталап айтайық,— Думадағы қара мандаттар емес, тіпті де ол емес, ойрандар, әскери-далалық соттар. Сіздер халықтың көзіне кадеттік шел қаптатып, оның осы нағыз қауіпке қарсы күресін қиындатасыздар.

Айтылып жүрген дәлелдің үшінші бір жалған жері: Думаны және оның ролін теріс бағалау. «Нағыз солшылдар блогы» деген керемет мақалада меньшевиктер өздерінің үйреншікті сендірулерін теріске шығарып, істің мәнісі техникалық келісім жасауда емес, қайта нақ екі тактиканың негізгі саяси айырмашылығында екенін мойындауы керек еді.

Бұл мақаладан мынадай сөздерді оқимыз:

««Блок» тактикасы, саналы немесе санасыз түрде, келешек Думада социал-демократиялық бояуын жоғалтқан берік революциялық азшылық құрылуына бағытталған, бұл азшылық үкіметпен үздіксіз қандай соғыс жүргізіп келсе, Думадағы көпшілікпен де сондай үздіксіз соғыс жүргізуге тиіс болар еді, сөйтіп, белгілі бір кезеңде, Думаны құлатып тастап, өзін уақытша үкімет деп жариялар еді. Ішінара келісімдер тактикасы, Думада дербес социал-демократиялық фракцияның ең батыл позициясын үнемі сақтай отырып, мүмкіндігінше жалпы Думаны, яғни Думадағы көпшілікті самодержавиелік құрылыспен күресу үшін пайдалануға бағытталған».

«Бояуын жоғалтқан» дегенге келетін болсақ, жұмысшы куриясындағы сайлауда да, блоктарға неғұрлым еркін жол беруде де, социал-демократизмді идеялық жағынан кадетизммен алмастыруда да бұған меньшевиктердің тура өздері айыпты екенін біз жоғарыда көрсетіп өткенбіз. Меньшевиктердің уақытша үкімет «жариялау» туралы пікірі де кісі күлерлік нәрсе, өйткені олар мәселе жариялауда емес, *көтерілістің* бүкіл барысында және табысты болуында екенін ұмытады. Көтеріліс органы деп саналмайтын уақытша үкімет құр бос сөз немесе әншейін авантюра болады.

Бірақ, мәселенің шындығына келгенде, келтірілген цитатта меньшевиктер аңдаусызда шын ақиқатты айтып алды. Шындығында, барлық мәселе дәл мынаған

барып тіреледі: біз «бірыңғай» либералдық Думаға («жалпы Думаға») бола социал-демократиялық сайлау науқанының *дербестігін құрбан етеміз бе, жоқ па?* Ал большевиктерге сайлау науқанының толық дербес болғаны, біздің саясатымыз бен біздің фракциямыздың толық социал-демократтық болғаны (жартылай кадеттік емес) маңыздырақ. Ал меньшевиктерге жартылай кадет болып өткен социал-демократтары көбірек бірыңғай кадеттік Думаның болғаны маңыздырақ. Думаның екі типі бар: 200 қаражүздік, 280 кадет, 20 социал-демократ немесе 400 кадет және 100 социал-демократ. Біз бірінші типін қалаймыз және Думадан қаражүздіктерді аластауды қаражүздік қауіпті жою деп ұғушылықты балалық деп есептейміз.

Біз үшін барлық жерде бағыт біреу-ақ: сайлау шайқасында да, Дума шайқасында да, көше шайқасында да — қолға қару алып шығу. Барлық жерде де: социал-демократтар революциялық буржуазиямен бірге болып, сатқын кадеттерге қарсы тұрады. Ал меньшевиктер «думалық» шайқасты кадеттермен бірлесіп жүргізеді (Думаны түгелдей және кадеттік министрлікті қолдайды), ал көтеріліс бола қалған жағдайда саясатын өзгертеді де, «саяси блок *емес, қайта* жауынгерлік келісім» жасайды. Сондықтан конференцияда сөйлеген большевиктің: бундшылдар кадеттермен блок жасасуды қолдап, астыртын жолмен кадеттік министрлікке көмек жеткізіп берді, деп айтқаны өте дұрыс.

Біз көшіріп алған цитат — сайлау науқанындағы ұрандар туралы меньшевиктік қарардың: «Думаның ішінде революция күштері ұйымдастырылсын» (революцияның шын күштерінің берекесін кетіріп, кадеттерге шылау ұйымдастыру емес пе екен?),— «Думаның әлсіздігі ашылсын» (кадеттердің әлсіздігін бұқарадан жасыру емес пе екен?),— «күрестің бітіммен аяқталуы жөніндегі үміттің жалғандығын бұқараға түсіндіру» (жалған үміттерді өрбітуші кадеттер партиясының ықпалын бұқара арасында нығайту емес пе екен?) деген әдемі сөздерін кадеттермен жасасқан блоктың қалай бос сөзге айналдыратындығының тамаша дәлелі.

Кадеттік баспасөз де кадеттермен жасасқан меньшевиктік блоктардың *саяси* маңызын ғажап ескерді. Либералдардың соңында жүру керек пе немесе революционерлердің алдында болу керек пе деп біз жоғарыда айтқанбыз. Мұны дәлелдеу үшін біз өзіміздің саяси баспасөзімізге жүгінейік.

Большевиктер буржуазияшыл революционерлердің соңынан еріп келеді, соларға тәуелді болып келеді деген азды-көпті мәні бар, жаппай дәлелдер таба аласыздар ма сіздер? Бұл туралы сөз қылудың өзі де күлкі. Буржуазияшыл революционерлердің жеке топтары мен ең тәуір элементтерін өзіне ертіп, нақ осы большевиктер ғана дербес саяси бағыт жүргізіп отырғанын Россияның бүкіл баспасөзі айқын көрсетіп отыр, мұны революционерлердің барлық дұшпандары да мойындауда.

Ал буржуазияшыл оппортунистер ше? Олардың баспасөзі барлық социал-демократтар мен эсерлердің баспасөзін қосқандағыдан он есе көп. Сондықтан да нақ солар меньшевиктер мен энестерді кәдімгі итаршыға айналдырып, өз алдына саяси бағыт жүргізіп отыр.

Бүкіл кадеттік баспасөз меньшевиктердің қарарларынан *тек қана* блок туралы айтылған жерлерін келтіреді де, «Думаның әлсіздігін», «Думаның ішінде революция күштерін ұйымдастыруды» және басқа нәрселерді *қалдырып кетеді*. Кадеттер мұндай нәрселерді тек қалдырып қана кетпейді, сонымен қатар біресе «сылдыр сөздер» туралы, біресе меньшевиктердің «дәйексіздігі» туралы, біресе «меньшевизм ұрандарының ұстамсыздығы» туралы, біресе «большевиктердің меньшевиктерді апатқа ұрындыратын ықпалы» туралы айтып, *ондай нәрселерді тура мансұқ етеді*.

Бұл нені көрсетеді? Бұл, біздің еркімізден тыс, меньшевиктердің ішіндегі ең тәуірлерінің тілегіне қарамастан, саяси өмір олардың *кадеттік ісін* кәдеге асырып, олардың *революцияшыл сылдыр сөздерін* лақтырып тастайтынын көрсетеді.

Кадет меньшевиктердің жәрдемін қалтасына салып алады да, блоктарды уағыздағаны үшін Плехановтың арқасынан қағады, сөйтеді де, талап алған олжасына

күпті болған көпестей, табан астында, тыжырына, екілене айқайлайды: бұл әлі аз, меньшевик мырзалар! енді идеялық жақындық керек! (Плехановтың хаты жөніндегі «Товарищтің» мақаласын қараңыз[78]),— бұл әлі аз, меньшевик мырзалар, енді айтысты тоқтату керек немесе ең болмағанда өзгерту керек! (*солшыл*-кадеттік *«Вектің»* біздің конференцияның қарарлары туралы бас мақаласын қараңыз[79]) деп айқайлайды. Мен бұл жерде «Речь» туралы сөз қылып та отырған жоқпын, ол: «біз Думаға *заң шығару үшін* барамыз», революция жасау үшін емес деп мәлімдеп, есіл-дерті кадеттерге ауған меньшевиктерді тура ауыздан қағып отыр!

Бейшара меньшевиктер, бейшара Плеханов! Олардың кадеттерге өліп-өшіп жазған хаттарын кадеттер рақаттана оқыпты, бірақ оларды ауыз үйден әлі де әрі аттатпапты.

Плехановтың буржуазиялық, кадеттік «Товарищ» газетіндегі мақаласына көз жүгіртіңізші. Социал-демократиялық партияны буржуазиялық жолға түсіріп аздырмақ болған әрекеті үшін 1900 жылы социал-демократиялық партиядан Плеханов қуып жіберген Прокопович мырза мен Кускова ханым енді оны қандай қуанышпен қарсы алып отыр десеңші. Қазір Плеханов Прокопович пен Кускованың атақты «Credo» *-сының тактикасын қабылдады,— сондықтан бернштейншілдер оған алыстан өмешесі құрып ынтығады, біз, *буржуазияшыл демократтар,* әрқашан да осылай дегенбіз! — деп даурығады.

Ал Плеханов болса, кадеттердің ауыз үйіне бас сұғу үшін, бүкіл халық алдында *өзінің күні кеше жасаған мәлімдемелерінен бас тартуға* мәжбүр болды.

Міне, сізге фактілер.

Дума қуылғаннан кейін, 1906 ж. июльде, «Дневниктің»[80] 6-номерінде, Плеханов былай деп жазды: қозғалысқа *қатысушы* партиялар өзара пәтуаласуға тиіс. Бірлесіп соққы беру үшін, *алдын ала сөйлесіп, келісіп алу* керек. «Біздің ескі тәртібімізге қас *партиялар*... осы насихаттың негізгі идеясы жөнінде өзара келісіп алуға

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

тиіс. Ал Дума қуылғаннан кейін тек құрылтай жиналысы идеясы ғана осындай идея бола алады»...

...*«Тек»* құрылтай жиналысы идеясы. 1906 ж. июльде Плехановтың саяси блок пен жауынгерлік келісім жөніндегі жоспары осындай болатын.

Бес айдан кейін, 1906 ж. ноябріне қарай, Плеханов келісім жасасу бағытын озгертеді. Бұл неліктен? Құрылтай жиналысын шақыруды талап етуші партиялар мен оны талап етпейтін партиялардың өзара қарым-қатынастары содан бері өзгеріп кеткені ме?

Жалпы жұрттың мойындауы бойынша, кадеттер содан бері оңға қарай бұрынғыдан да алыстап кетті. Ал Плеханов либералдардың ауыз үйінде айтуға тыйым салынған құрылтай жиналысы туралы *ләм деместен* кадеттік баспасөзге *барады.*

Осы социал-демократтың жолдан тайғаны енді де айқын емес пе?

Ол ол ма. «Дневниктің» нақ сол 6-номерінде Плеханов кадеттер жөнінде *тура* айтты. Плеханов *ол кезде* (бұл тіпті ертеректе, ертеректе болған-ды!) кадеттердің құрылтай жиналысы идеясына сенбеуінің зұлымдықтаптық мәні барын түсіндіріп кеткен болатын. Ол кезде кадеттер туралы Плеханов тура былай деп жазған еді:

«Кімде-кім белгілі бір сылтаумен бұл идеяны (құрылтай жиналысы идеясын) насихаттаудан бас тартса, ол, асылында, өзінің Столыпин мырза мен К°-ның әрекеттеріне татымды жауап іздемейтінін, іштей қыпжылса да, сол *әрекеттермен келісетінін,* бұл әрекеттерге қарсы *тек сөз жүзінде ғана, тек көз қылып қана* күресетінін айқын көрсетеді» (курсив біздікі).

Енді кадет газетіне барып, Плеханов сайлау блогын уағыздауды идеялық блокты жүзеге асырудан бастап отыр. Кадеттердің столыпиндік шайкасымен *келісетінін,* олардың *тек көз қылып қана* күресетінін кадеттік газеттің бетінде Плеханов халыққа айтқысы келмеді.

Плеханов өзінің 1906 ж. июльде айтқан сөзін 1906 ж. ноябрьде неліктен қайталап айтқысы келмеді?

Кадеттермен «техникалық» блоктар жасасу дегеннің мәнісі міне осы, міне сондықтан да біз осындай блоктар жасасуды жақтайтын социал-демократтармен аяусыз күрес жүргіземіз.

Кадет мырзалар, тым ертерек масайрап кетпедіңіздер ме? Кавказда және Уралда, Польшада және Латыш өлкесінде, Москва орталық облысында, және, сірә, Питерде де социал-демократтар блоксыз-ақ сайлайтын болады.

Кадеттермен ешқандай блок жасалмасын! Столыпиндік шайкамен келісімге келушілерге ешқандай ымырашылдық болмасын!

«Пролетарий» № 8, 23 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕНУШІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРМЕН КҮРЕС ЖӘНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ТӘРТІП

Кадеттермен блок жасасуға жол беру меньшевиктердің жұмысшы партиясындағы оппортунистік бағыт ретіндегі бет-бейнесін біржолата айқындап берді. Кадеттермен блок жасасуға қарсы біз мейлінше кең және мейлінше аяусыз идеялық күресті өрістетеміз және өрістетуге тиіспіз. Бұл күрес революцияшыл пролетариат бұқарасын бәрінен де гөрі жақсы тәрбиелеп, топтастырады, олар біздің *дербес* (тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де, яғни кадеттермен блок жасалмаған) сайлау науқанымыздан өздерінің таптық сана-сезімін дамытуға жаңа материал алады.

Бұл аяусыз идеялық күресті пролетариаттың партиялық тәртібімен қалай ұштастыруға болады деген сұрақ туады. Революциялық социал-демократияның практикалық саясатында *ешқандай* түсініспеушілік және ешқандай бұлталақ болмас үшін, бұл мәселені турасынан қойып, бірден толық анықтап алу керек.

Бұл мәселенің алдымен принциптік жағын, одан кейін жалпы жұрттың тікелей назарын аударып отырған практикалық жағын алып қарастырып көрейік.

Жұмысшы партиясындағы тәртіптің маңызы және тәртіп деген ұғым жөніндегі көзқарасымызды біз принципті түрде бұдан бұрын да бірнеше рет анықтаған болатынбыз. *Қимыл бірлігі, талқылау және сын бостандығы болсын,*— міне, біздің анықтамамыз осы. Алдыңғы қатарлы таптың демократиялық партиясына тек осындай тәртіп қана лайықты. Жұмысшы табының кү-

ші — ұйымдасуда. Бұқараны ұйымдастырмайынша пролетариат — түк емес. Ұйымдасқан болса, ол — бәрі де. Ұйымшылдық дегеніміз — қимыл бірлігі, практикалық әрекет бірлігі. Бірақ, әлбетте, түрлі қимыл атаулы мен әрекет атаулының бәрі кері сүйремей, ілгері бастыратын болғандықтан да,— бұлар пролетариатты төмендетпей, аздырмай, әлсіретпей, қайта жоғарылатып, идеялық жағынан ұйымдастыратын болғандықтан ғана бағалы. Идеясыз ұйымшылдық — мағынасыз нәрсе, мұның өзі іс жүзінде жұмысшыларды билік жүргізуші буржуазияның бейшара құйыршығына айналдырады. Сондықтан талқылау мен сын бостандығы болмайынша, пролетариат қимыл бірлігін мойындамайды. Сондықтан саналы жұмысшылар ешқашан да мынаны естерінен шығармауға тиіс: принциптердің елеулі түрде бұзылатын кездері болады, ондай жағдайлар ұйымдық қатынастар атаулының қандайынан болса да іргені аулақ салуды қайткенде де талап етеді.

Менің сөздерімді қайдағы бір эпербақан әдебиетші басқаша түсіндірмеуі үшін, мен ізінше мәселені жалпылама қоюдан нақтылы қоюға көшемін. Социал-демократтардың кадеттермен блок жасасуға жол беруі ұйымдық қатынастарды толық үзуді, яғни жікке бөлінуді талап етпей ме? Біз *талап етпейді* деп ойлаймыз және большевиктердің бәрі осылай ойлайды. 1-ден, меньшевиктер сенімсіз, кібіртіктеп, енді-енді ғана en grand* практикалық оппортунизм жолына түсе бастады. Мартовтың кадеттермен одақ жасасуды қостаған Череваниннен өзінің безетіндігін айтып жазған сөздерінің сиясы әлі кепкен де жоқ,— ол оны Женевадан кадеттік пароль[81] әлі берілмей тұрған кезде жазған болатын. 2-ден,— және бұл әлдеқайда маңыздырақ,— Россиядағы пролетариаттың қазіргі күресінің объективті жағдайы сондай, ол *белгілі бір* батыл қимылдар жасауға тегеуірінді күшпен итермелеп отыр. Революция мықтап жоғары өрлей ме (біз ойлағандай) немесе мүлде құлдырап төмендей ме (ауыздары айтуға қорықса да, кейбір социал-демократтардың ойлағанындай),— бұл *екі* жағ-

* — зор көлемді. *Ред.*

дайдың *екеуінде де* кадеттермен блок жасасу тактикасының күл-талқан болатыны, болғанда да тіпті жуық арада болатыны сөзсіз. Сондықтан біз, интеллигенттік күйгелектікке салынбай, революцияшыл пролетариаттың ұстамдылығына, оның таптық сезімінің тазалығына сүйеніп, қазір партиялық бірлікті сақтауға *міндеттіміз*. Ақырында, 3-ден, осы сайлау науқанында меньшевиктер мен Орталық Комитеттің блок жасасуды жақтаған шешімі іс жүзінде жергілікті ұйымдардың қолын байламайды және кадеттермен блок жасасу жөніндегі осынау бір масқара тактиканы тұтас алғанда біздің бүкіл партияға таңа алмайды.

Енді мәселенің нақты қойылысы жайында. РСДРП бүкіл россиялық конференциясының шешімдері — және Орталық Комитет директивалары қаншалықты міндетті? — ал партияның жергілікті ұйымдары қаншалықты автономиялы?

Егер бұл мәселелерді конференцияның өзі шешпесе, онда бұл мәселелер біздің партия ішінде, сөз жоқ, таусылмайтын талас туғызған болар еді. Конференцияның барлық мүшелері мынаған келіскен болатын: конференцияның шешімдері *міндетті емес* және ешкімнің де қолын байламайды, өйткені конференция — шешуші орып емес, кеңесші орын. Оның делегаттары демократиялық жолмен сайланбай, Орталық Комитет көрсеткен ұйымдардан және Орталық Комитет көрсеткен мөлшерде іріктеліп алынған-ды. *Сондықтан* большевиктер, латыштар мен поляктар конференцияда блок жасасу жөніндегі меньшевиктік қарарды өңдеуге уақыт кетіріп жатпады, ымыраласу жолдарын да (монархиялық буржуазиямен блок жасасуға жол берумен *қатар* бойкотты дұрыс деп таныған сияқты!) іздемеді, қайта сайлау науқанындағы өз платформасын, өз ұрандарын, өз тактикасын тікелей *қарама-қарсы қойды*. Кеңесші конференцияда большевиктердің нақ осындай бағыт ұстауы сөзсіз қажет болды, өйткені ол конференция съездің орнына жүруге тиісті емес, оны дайындауға тиісті еді,— мәселені шешуге тиісті емес, мәселені айқынырақ әрі нақтырақ қоюға,— партия ішіндегі күресті бүркемелеп көмескілемей, қайта сол күреске бағыт беруге, оны не-

ғұрлым сындарлы, неғұрлым идеялық күреске айналдыруға тиісті еді.

Әрі қарай барайық. Конференция қаулылары (белгілі бір өзгерістерімен) Орталық Комитеттің директивалары бола бастады. Орталық Комитеттің директивалары бүкіл партия үшін міндетті. Бұл директивалар дәл осы мәселе жөнінде қандай шеңберде міндетті бола алады?

Әлбетте, съезд қаулылары шеңберінде және жергілікті партия ұйымдарының съезд таныған автономиясы шеңберінде міндетті бола алады. Егер конференция *меньшевиктердің де, большевиктердің де, Орталық Комитет мүшелерінің де келісуімен* өзінің біршама қаттылау қарарларының бірін қабылдамаған болса, бұл шеңберлер туралы талас тағы да таусылмайтын және шешілмейтін талас болар еді (өйткені Бірігу съезінің қарары сайлау науқанында буржуазиялық партиялармен блок жасасудың қандайына болса да тыйым салады). *Бұл* қарарды дауысқа салғанда фракцияға бөлінудің болмағаны жұмысшы партиясының бірлігі мен жауынгерлік қабілетінің маңызды кепілдіктерінің бірі болып табылады.

Бұл қарардың тексті мынадай:

«Конференция өзінің мынадай сенімін білдіреді: Орталық Комитеттің *жалпы* директиваларының шеңберінде жергілікті ұйымдардың компетентті органдары қабылдаған, сайлау науқанына қатысы бар шешімдердің бәрін жүзеге асыру — белгілі бір ұйымның ішінде оның барлық мүшелері үшін міндетті болуы керек, *оның бер жағында, Орталық Комитет жергілікті ұйымдардың бірыңғай социал-демократиялық емес тізімдер ұсынуына тыйым сала алады, бірақ оларға социал-демократиялық емес тізімдер ұсынуды міндеттеуге тиіс емес»* [82].

Біз астын сызған сөздер ұшы-қиыры жоқ таласты болдырмайды және орынсыз әрі қауіпті егестерді де болдырмас деп сенуге болады. Орталық Комитеттің жалпы директивалары кадеттермен блок жасасудың *мүмкін екендігін* мойындау шеңберінен шығып кете алмайды. Мұнымен бірге фракцияларының айырмашылығына қарамастан, барлық социал-демократтар кадеттермен блок жасасуды қалай дегенмен де пәлендей жақсы нәрсе емес деп жариялаған болатын, өйткені кадеттермен

блок жасасуға тыйым салуды біздің бәріміз де Орталық Комитеттің еркіне бергенбіз, ал мұндай блок жасатқызуды оның еркіне бермейміз.

Қорытынды айқын. Партияның алдында екі платформа тұр. Біреуі — конференцияның 18 делегатының, меньшевиктер мен бундшылдардың платформасы. Екіншісі — 14 делегаттың, большевиктердің, поляктардың, латыштардың платформасы. Жергілікті ұйымдардың компетентті органдары бұл платформалардың қалағанын алуға, оларды өзгертуге, қосымша енгізуге, жаңа платформамен алмастыруға ерікті. Компетентті органдардың шешімінен *кейін біздің бәріміз*, партия мүшелері, *бір кісідей болып қимыл жасаймыз*. Одессадағы большевик, тіпті мұның өзі большевиктің жүрегін айнытса да, кадеттің есімі жазылған бюллетеньді урнаға салуға тиіс. Москвадағы меньшевик, тіпті оның есілдерті кадеттерде болса да, тек қана социал-демократтардың есімі жазылған бюллетеньді урнаға салуға тиіс.

Алайда сайлау дәл ертең болғалы тұрған жоқ. Ендеше, барлық революцияшыл социал-демократтар тығыз топтасатын болсын, сөйтіп олар революцияға кедергі жасайтын, пролетарлық тап күресін әлсірететін, бұқараның азаматтық сана-сезімін азғындататын кадеттермен блок жасасуға қарсы мейлінше кең, мейлінше аяусыз идеялық күресті өрістете түсетін болсын!

«Пролетарий» № 8,
23 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің текcті бойынша басылып отыр

АРМАВИР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫ САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗУДЕ?

Бірінші Дума сайлауында Армавир социал-демократтары кадеттермен блок жасасты. Кезінде «Волна»[83] бұл жөнінде жазып, армавирліктерді қатты сөккен болатын. Сол кезде партиямыздың Орталық Комитеті де бұл туралы Армавирге хат жазып, ондағы жолдастар Бірігу съезінің директиваларын бұзып отырғанын беттеріне басқан-ды.

Енді армавирлік жолдастардың, тегінде, кадеттермен блок жасасудың не екені жөнінде практикалық тәжірибесі болуға тиіс. Қалай болғанда да, өздерінің ең таяуда шыққан партиялық әдебиетінде, олардың кадеттермен блок жасасуды уағыздамайтыны былай тұрсын, қайта керісінше, кадеттер туралы *бар шындықты түп-тура ашық* айтып отыр. Біз армавирлік басылымдардың әдеби формасына мін тағып жатпай-ақ қояйық, мұнымыз қазымырлық, ұсақтық болар еді. Біз армавирліктердің тактикасын көрсететін айтуға тұрарлық жерлерін ғана келтірейік.

Біздің алдымызда РСДРП Армавир комитетінің басылымы, «Армавирский Пролетарий»[84] газетінің 1-номері жатыр; ол 1906 жылдың октябрінде 5000 дана болып басылып шыққан.

Бас мақаласынан мынаны оқимыз:

«Кадеттер, көпестер, чиновниктер, помещиктер, либералдар үкіметтің әуеніне қарай билей берсін, ал пролетариат бас иіп, ымыраласуға бармайды».

Сайлауға әзірлік жасауға шақырып арнайы жазылған келесі мақаласында былай делінеді:

«Топтасып, дауыс беріп, Думаны қолдарыңа алыңдар! Таврический сарайының барқытпен қапталған креслоларында кадет төрелердің отырғаны жетті. Осынау мылжыңдар мен арам тамақтарды жұмысшылардың күсті қолымен сүйреп тастайтын уақыт жетті!»

«Думадағы өздеріңнің пролетарлық орындарыңды алып қалуға асығыңдар, сөйтіп оны кадеттердің бос сөздер ордасынан халықтың жендеті, қарғыс атқан самодержавиеге қарсы революциялық ұрыс даласына айналдырыңдар».

1906 жылдың ноябрінде 3000 дана болып басылып шыққан «Сайлаушыларға» деген листогында Армавир комитеті былай деп жазады:

«Кеудесінен жаны кетіп, құрысып бара жатқан самодержавиенің өз еркімен бермейтін нәрсесін, қолында билігі жоқ кадеттік Думаның бермеген нәрсесін тек күшпен, өкімет билігімен ғана ала алатынын халық түсінді... Сол арқылы, сол Дума арқылы, өз революциямызды жүргізейік, өз депутаттарымыз арқылы Таврический сарайына халықтың айбынды күшін енгізейік, жаңа Думада өз депутаттарымыздың қолымен революцияның от-жалынын шалқыта маздатайық, сол отты бүкіл пролетарлық, революциялық Россияның бұрқанған қызу демімен өршіте түсейік. Жаңа Думаға қарай, жаңа Думаға қарай аттанайық!!

...Жолдастар және азаматтар! Біздің болашақ Думамыз қаражүздік Дума болмайды, кадеттік те болмайды — ол пролетарлар мен шаруалар Думасы, өзіміздің өкімет билігі бар Думамыз болады».

Қайталап айтамыз, бұл үндеулердің формасына немесе ұсақ-түйек жерлеріне мін тағу қазымырлық болар еді.

Маңыздысы — бұл үндеулердің рухы. Маңыздысы — мылжыңдармен, арам тамақтармен блок жасасудың тозағынан өтіп тазарған Армавир социал-демократтарының дербес саясаты.

Социал-демократтарға артатын үміт, міне, осындай болады, «Речь» пен «Товарищтегі», «Век» пен «Русские Ведомостидегі»[85] мырзалар! Жуырда «Речьтің» аузынан шығып кеткен «солдан келетін қауіп» деген, міне, осы болады!

Барлық революцияшыл социал-демократтар, күреске аттаныңдар! Кадеттермен блок жасасуға қарсы күреске шығыңдар! Армавирліктер сияқты, меньшевик жолдастар да буржуазия оппортунистерімен блок жасасудың тозағынан өтіп барып, революциялық социал-демократияға қайтып оралатын болады.

«Пролетарий» № 8,
23 ноябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КІМДІ САЙЛАУ КЕРЕК?[86]

АЗАМАТТАР! С.-ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДА БАСТЫ ҚАНДАЙ ПАРТИЯЛАРДЫҢ КҮРЕСІП ЖАТҚАНЫН ЖӘНЕ ӘРБІР ПАРТИЯНЫҢ НЕНІ КӨЗДЕЙТІНІН БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ АЙҚЫН ТҮСІНЕТІН БОЛУЫНА ҰМТЫЛЫҢЫЗДАР!

БАСТЫ ҮШ ПАРТИЯ ҚАЙСЫ?

Қаражүздіктер, бұл — орыс халқының одағы, монархистер, праволық тәртіп партиясы, 17-октябрь одағы, сауда-өнеркәсіп партиясы, бейбіт жаңарту партиясы.	*Кадеттер,* бұл — «халық» бостандығы партиясы немесе конституциялық- «демократиялық» (шындығында либерал-монархиялық) партия, «демократиялық» реформалар партиясы, радикалдар және басқалар.	*Социал - демократтар.* Россия социал - демократиялық жұмысшы партиясы. Бұл — Россиядағы барлық халықтардың, орыстардың, латыштардың, поляктардың, еврейлердің, малоростардың, армяндардың, грузиндердің, татарлардың және басқалардың саналы жұмысшыларының партиясы.

БАСТЫ ҮШ ПАРТИЯ КІМНІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАЙДЫ?

Қаражүздіктер осы күнгі патша үкіметін қорғайды, помещиктерді, чиновниктерді, полиция өкіметін, эс-	Кадеттер либерал буржуаның, либерал помещиктердің, көпестер мен капиталистердің мүдделерін	Социал - демократия — барлық еңбекшілер мен қаналушылардың мүдделерін қорғайтын жұмысшы

кери-далалық соттарды, ойранды жақтайды.	қорғайды. Кадеттер — буржуазиялық адвокаттардың, газетшілердің, профессорлардың, тағы сондайлардың партиясы.	табының партиясы.

БАСТЫ ҮШ ПАРТИЯНЫҢ КӨЗДЕЙТІНДЕРІ НЕ?

Қаражүздіктер ескі самодержавиені, халықтың правосыздығын, помещиктердің, чиновниктердің, полицияның халыққа толық үстемдік жүргізуін сақтауды көздейді.	Кадеттер өкіметтің либерал буржуазияның қолына көшуін көздейді. Монархия, полициялық және әскери өкіметті сақтай отырып, капиталистердің жұмысшылар мен шаруаларды тонайтын правосын қорғап отыруға тиіс.	Социал - демократтар бүкіл өкіметтің халық қолына көшуін, яғни демократиялық республика орнауын көздейді. Социал - демократтарға толық бостандық социализм жолында, еңбекті капитал езгісінен азат ету жолында күресу үшін керек.

БАСТЫ ҮШ ПАРТИЯНЫҢ ХАЛЫҚҚА ҚАНДАЙ ЕРІК ЭПЕРГІЛЕРІ КЕЛЕДІ?

Қаражүздіктер халыққа ешқандай ерік, ешқандай өкімет билігін бермейді. Бүкіл өкімет билігі — патша үкіметіне. Халыққа тиетін право: алым-салық төлеу, байларға жұмыс істеу, абақтыда отыру.	Кадеттер тілейтін «халық бостандығы» мынадай: ол, 1-ден, жоғарғы палатаға, яғни помещиктер мен капиталистерге бағынышты болуға; 2-ден, монархияға, яғни жауапкершілігі жоқ полиция мен әскер күшін	Социал - демократтар халыққа толық бостандық болуын, бүкіл өкімет билігінің халыққа берілуін, барлық чиновниктердің сайланып қойылуын, солдаттардың казармалық каторгадан босатылуын, сөйтіп

өз қолында ұстайтын патшаға бағынышты болуға тиіс. Өкімет билігінің үштен бірі халыққа, үштен бірі капиталистерге, үштен бірі патшаға беріледі.

ерікті халық жасағы құрылуын тілейді.

БАСТЫ ҮШ ПАРТИЯ ШАРУАЛАРДЫҢ ЖЕР ТАЛАП ЕТУІНЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ?

Қаражүздіктер крепостник-помещиктердің мүдделерін қорғайды. Шаруаларға ешқандай жер берілмейді. Тек байлар ғана жерді өз ықтиярымен келісім бойынша помещиктерден сатып алатын болсын.

Кадеттер жеңілдіктер беру жолымен помещиктердің жер иелігін сақтап қалуды көздейді. Олар шаруаларды бұрын да бір рет, 1861 жылы, күйзелтіп кеткен құнын төлеп алуды оларға қайта ұсынады. Кадеттер жер мәселесін жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттердің шешуіне келіспейді.

Социал-демократтар біздегі помещиктік жер иеленушілікті құртуды көздейді. Барлық жер шаруалардың қолына көшуге тиіс, көшкенде де ешбір төлемсіз көшуге тиіс. Жер мәселесін жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттер шешуге тиіс.

БАСТЫ ҮШ ПАРТИЯ ӨЗДЕРІНІҢ БАРЛЫҚ КҮРЕСІ ТАБЫСТЫ БОЛҒАН КҮНДЕ ҚАНДАЙ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕ АЛАДЫ?

Қаражүздіктер, барлық құралдар-

Кадеттер тек «бейбіт» құралдар-

Социал-демократтар, көтеріліс

мен күресе отырып, мынадай нәтижеге жете алады: халық біржолата күйзеліп тұралайды, бүкіл Россия әскери-далалық соттар мен ойрандардан біржолата азып-тозады.

мен ғана күресе отырып, мынадай нәтижеге жете алады: ойраншылар үкіметі құны көк тиындық жеңілдіктер жасап, ірі буржуазия мен деревня байларын сатып алады, ал либерал мылжыңдарды жауапкершілігі жоқ, ешкім тие алмайтын қадірменді, конституциялық монарх жөнінде жарыта жарамсақтанып сөйлей алмағандары үшін қуып жібереді.

жасауға дейін барып, барлық құралдармен күресе отырып, саналы шаруалар мен қала кедейлерінің көмегі арқылы шаруаларға толық бостандық болуына және барлық жердің шаруаларға берілуіне жете алады. Ал бостандық жағдайында, бүкіл Европаның саналы жұмысшыларының көмегімен орыс социал-демократтары қарышты қадаммен социализмге қарай бара алады.

АЗАМАТТАР! САЙЛАУДА РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ КАНДИДАТТАРЫНА ДАУЫС БЕРІҢДЕР!

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ПАРТИЯЛАРЫ

Азаматтар! Кімде-кім Мемлекеттік думаның сайлауына саналы түрде қатысқысы келсе, ол ең алдымен басты үш партияның негізгі айырмашылығын айқын түсініп алуға тиіс. *Қаражүздіктер* патша үкіметінің ойрандары мен зорлық-зомбылығын жақтайды. *Кадеттер* либерал помещиктер мен капиталистердің мүдделерін жақтайды. *Социал-демократтар* жұмысшы табының

және барлық еңбекшілер мен қаналушылардың мүдделерін қорғайды.

Кімде-кім жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің мүдделерін саналы түрде қорғаймын десе, ол осы мүдделерді басқалардың бәрінен де табандырақ, басқалардың бәрінен де батылырақ қорғауға қай партияның шынымен қабілетті екенін білуге тиіс.

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ МЕН БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚАЙ ПАРТИЯЛАР ҚОРҒАМАҚШЫ?

<table>
<tr><td rowspan="2">Пролетариаттың тап күресі көзқарасында тұрған жұмысшы табының партиясы — Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы.</td><td colspan="2">Еңбек партиялары, яғни ұсақ қожайынсымақ көзқарасында тұрған партиялар:</td></tr>
<tr><td>Социалист-революционерлер партиясы.</td><td>Еңбек (халықтық-социалистік) партиясы және бейпартиялық трудовиктер.</td></tr>
</table>

БҰЛ ПАРТИЯЛАР ІС ЖҮЗІНДЕ КІМНІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАЙДЫ?

Пролетарлардың мүдделерін қорғайды, ал олардың тұрмыс жағдайлары қожайынға айналу үмітінің бәрінен ада қылып, капиталистік қоғамдық құрылыстың барлық негіздерін бүтіндей өзгертуге ұмтылуға мәжбүр етеді.	Ұсақ қожайынсымақтардың мүдделерін қорғайды, ал олар капиталдың езгісіне қарсы күреседі, бірақ өздерінің тұрмыс жағдайларының ықпалымен қожайындар қатарына шығуға, өздерінің ұсақ шаруашылығын нығайтуға, сауда арқылы, жұмысшылар жалдау арқылы баюға ұмтылады.

ЕҢБЕКТІҢ КАПИТАЛМЕН БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ҰЛЫ КҮРЕСІНДЕ БҰЛ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ТАБАНДЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Социал - демократия еңбектің капиталмен еш-қандай ымыраға келуіне жол бере алмайды. Ол капиталға қарсы аяусыз күрес жүргізу үшін, өндіріс құрал- жабдықтарына жеке меншікті жою үшін, сөйтіп социалистік қоғам орнату үшін жалдама жұмысшыларды ұйымдастырады.

Еңбек партиялары капиталдың үстемдігін жоюды арман етеді, бірақ ұсақ қожайынның тұрмыс жағдайларының ықпалымен олар жалдама жұмысшылармен бірлесіп, капиталға қарсы күресудің және барлық еңбекшілерді теңгермелі жер үлесін алған немесе кредитпен, тағы сондайлармен қамтамасыз етілген ұсақ қожайындарға айналдыру арқылы жұмысшылар мен капиталистерді ымыраға келтіру ниетінің аралығында сөзсіз ауытқумен болады.

ӨЗДЕРІНІҢ ТҮПКІ МАҚСАТТАРЫ ТОЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСҚАН КҮНДЕ БҰЛ ПАРТИЯЛАР ҚАНДАЙ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕ АЛАДЫ?

Пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуына және капиталистік өндірісті қоғамдық ірі, социалистік өндіріске айналдыруға жете алады.

Барлық жердің ұсақ қожайындарға, ұсақ шаруаларға тең бөлініп берілуіне жете алады, содан кейін де бұлардың ішінде тағы да сөзсіз күрес туады да, байлар мен кедейлер, жұмысшылар мен капиталистер болып бөлінеді.

БҰЛ ПАРТИЯЛАР ҚАЗІРГІ РЕВОЛЮЦИЯДА ХАЛЫҚҚА ҚАНДАЙ БОСТАНДЫҚ ӘПЕРУДІ КӨЗДЕЙДІ?

Халыққа толық бостандық, толық өкімет билігін беруді, яғни демо-

Халыққа толық бостандық, толық өкімет билігін беруді, яғни демо-

Демократияны, яғни толық халық өкіметін монархиямен, яғни пат-

кратиялық республика болуын, чиновниктердің сайланып қойылуын, тұрақты әскерді халықтың жаппай қаруланумен алмастыруды көздейді.

кратиялық республика болуын, чиновниктердің сайланып қойылуын, тұрақты әскерді халықтың жаппай қаруланумен алмастыруды көздейді.

шаның, полиция мен чиновниктердің өкіметімен біріктіруді көздейді. Мұның өзі либерал помещиктердің, кадеттердің саясаты сияқты, пақ сондай мағынасыз тілек және нақ сондай сатқындық саясат.

БҰЛ ПАРТИЯЛАР ШАРУАЛАРДЫҢ ЖЕР ТАЛАП ЕТУІНЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ?

Социал - демократтар барлық помещиктік жерлердің шаруаларға ешбір құнын төлемей-ақ берілуін талап етеді.

Социалист - революционерлер барлық помещиктік жерлердің шаруаларға ешбір құнын төлемей-ақ берілуін талап етеді.

Трудовиктер барлық помещиктік жерлердің шаруаларға берілуін талап етеді, бірақ құнын төлеп алуға жол береді. Шаруаларды күйзелтетін құнын төлеп алуға жол беру — мұның өзі либерал помещиктердің, кадеттердің саясаты сияқты опасыздық саясат.

АЗАМАТТАР! САЙЛАУДА РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ КАНДИДАТТАРЫНА ДАУЫС БЕРІҢДЕР!

1906 ж. 23 ноябрьде «Пролетарий» газетінің 8-номеріне қосымша түрінде бөлек листовка болып басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

СЕНАТТЫҚ ЖАҢА ТҮСІНІКТЕМЕ

Азды-көпті ашық саяси күрес жағдайында өмір тактикалық қадам атаулының бәрін сыннан тамаша тез, тамаша айқын өткізіп береді. РСДРП бүкіл россиялық конференциясының делегаттары, сірә, өздерінің баратын жерлеріне тегіс жетіп, партия ұйымдарына есеп беріп те үлгірмеген болар, ал кадеттермен блок жайындағы талас мәселе мүлде жаңаша баяндалып отыр. Ал қазір бұл мәселе бүгінгі таңдағы барлық саяси мәселелердің қақ ортасынан орын алып отыр.

Социал-демократтар сайлау науқанында өздерінің дербес тактикалық ұрандарын сәл де болса босаңсытарау немесе тіпті жалпы өзгертер-ау деген пікір РСДРП конференциясында делегаттардың бірде-біреуінің ойына әсте кіріп те шыққан емес. Ресми жағынан алғанда, партияның Орталық Комитеті ұсынып, 14 дауысқа қарсы (большевиктер, поляктар, латыштар) 18 дауыспен қабылданған қарарда РСДРП платформасы мен ұрандарының толық дербестігі ең басты орынға қойылған. Біздің платформамызды қандай да болсын «жұмсарту» негізінде басқа партиялармен азды-көпті тұрақты одаққа ешқандай жол берілмейтіні сөзсіз. Ал социал-демократияның оң қанаты мен сол қанаты арасындағы таластың бәрі тек қана мына жайдың төңірегінде болды: іс жүзінде оңшыл социал-демократтар осы принципті позицияны ұстанып отыр ма, жоқ па? олар кадеттермен блок жасасу жолына түсіп, осы позицияға қайшы келіп отырған жоқ па? «техникалық» және идеялық келісім-

дердің арасын шектеу дегеніміз жасанды, жалған, тек сөз жүзінде ғана болып отырған жоқ па?

Бірақ... тегінде, біздің партиямызда да, яғни оның нақты «конституциясында», сенат тәрізді мекеме болса керек, сенаттық түсініктеме жолымен партиялық «заңдарды», партияның ресми органдарының шешімдерін мүлде қарама-қарсы нәрсеге айналдырып жіберетін бір мүмкіндік болса керек. РСДРП қаулыларының сенаттық жаңа түсініктемесі, күткеніміздей-ақ, Женевадан келді. Бұл түсініктеме кадеттік «Товарищ» газетінде басылды, сол газеттің «өзін не буржуамын, не социал-демократпын деп есептемейтін» бір оқушысына Г. Плехановтың қайтарған «Жария жауабы»[87] (тіпті Лассальдің жария жауабынан бір аусайшы!) түрінде басылды. Біздің партиялық болар-болмас Лассаль іс жүзінде социал-демократия ренегаттарының органы саналатын газеттің оқушысына қол ұшын беруге асығыпты.

«Товарищтің» оқушысы, сөз арасында, Г. Плехановтан: «солшыл және нағыз солшыл партиялардың сайлаудағы ортақ платформасы, оның пікірінше, қандай болуға тиіс»,— деп сұрайды. Г. Плеханов былай деп жауап қайтарыпты: «бұл сұраққа *толық билікті Дума* деген сөздерден басқа жауап жоқ және болуы да мүмкін емес».

«Басқа жауап жоқ және болуы да мүмкін емес»... Біздің болар-болмас Лассаліміздің бұл сөздерінің маңдайына, тегінде, ең болмағанда осы сөздің гогольдік мағынасында, «хикаялы» болып қалу жазылған болар. РСДРП Орталық Комитеті деген бір нәрсе бар екені туралы, бұл партияның бүкіл россиялық конференциясы деген бір нәрсе жиналып жатқаны туралы, Орталық Комитет те, бұл конференция да Г. Плехановтың қазіргі қызметтестері Кускова ханым мен Прокопович мырза ғана емес, сонымен қатар Россияның социалистік жұмысшылары мүдделі болып отырған мәселелерге өз жауабын әзірлеп жатқаны туралы кезінде Г. Плехановтың баяндама тыңдауға мейірі түскені бар-ды. Бұған ешбір қымсынбастан Г. Плеханов: «менің жауабымнан басқа жауап жоқ *және болуы да мүмкін емес*» деп жар салды. Жәпе де осынау бір аса мейірімді сөздер

бүкіл Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының облыстық мекемелерінің де, орталық мекемесінің де *барлық* өкілдерінің берген *басқаша* жауабынан дәл қазір бүкіл сауатты Россия хабардар кезде кадет газетінде басылып отыр.

«Хикаялы», шынымен-ақ, талай рет Ноздревтің[88] басында болған, оқиғалардың қатарына қосылады.

Әйтсе де біздің теңдесі жоқ Г. Плехановтың ілуде бір кезігетін, теңдесі жоқ жауабының мәпіне келейік.

Ең алдымен біз мынаны көреміз: сайлауда ортақ платформа болмаса, бірінші сатыда келісімдер болады-ау деген пікірді ол тіпті ойына да алғысы келмейді. Біздерге, большевиктерге, бұл көзқарас өте-мөте ұнайды. Осыны мойындап, Г. Плеханов меньшевиктерге пайдасынан зияны көп қызмет көрсетіп отыр. Бірінші кезеңдегі келісімдер біздің бұқара алдындағы партиялық сезімізге әсер етпей қоймайтынын, ал олай болса, бұл келісімдер, біздің тілектеріміз бен жоспарларымызға қарама-қарсы, қайткенде де сөзсіз, белгілі бір идеялық жақындасу, социал-демократияның саяси дербестігін белгілі бір дәрежеде көмескілеу, әлсірету, мұқалту сипатын алатынын біз конференцияда, меньшевиктер мен бундшылдарға қарсы айтыстарда, сол сияқты «Пролетарийдің» 8-нөмерінде* үнемі көрсетіп келгенбіз. Г. Плеханов өзіне тән ептілігімен, партиялық әдептілігімен, меньшевиктерге қарсы біздің шабуылымызды қостады. Ол кадеттермен *ортақ платформаны,* яғни тіке *идеялық* блокты мойындап, біздің талап еткенімізден де көп нәрсені тікелей мойындады.

Бақсақ, Россия мемлекетінде ғана емес, тіпті Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының өзінде де сенаттық түсініктемелер кімді жақтап жазылса, соның өзін даттап шыға алады екен.

Одан соң. Оқушы Плехановтың «толық билікті Дума» деген «кадеттік-социал-демократиялық» ұранының тура мағынасына,— оған түрлі партиялардың көзқарасы қандай екеніне қарамай-ақ,— ой жүгіртіп көрсін.

---

* Қараңыз: осы том, 128—129-беттер. *Ред.*

«Толық билікті Дума» деген сөздердің мәнісі Думаның толық өкімет билігіне ие болуын талап еткендік. Ол қай Дума? Ол, сірә, Россия азаматтарының 11 декабрьдегі заң мен сенат түсініктемелері негізінде қазір депутаттар сайлағалы отырған Думасы болу керек. *Осы* Думаға Г. Плеханов толық өкімет билігі берілуін талап етуді ұсынады. Сірә, ол бұл Думаның қаражүздік Дума болмайтынына сенетін болуы керек, өйткені ол қаражүздік Думаға толық өкімет билігі берілуін талап етпесе керек еді. «Толық билікті Дума» деген ұранды көтере отырып, сонымен қатар қаражүздік Думаның үлкен қаупі туралы айқай салу өзін өзі таяқтағандық болады. Мұның өзі іс жүзінде қаражүздік Думадан пәлендей үлкен қауіп жоқ, кадеттер кей реттерде өздерінің арам ойлы мақсаттарына бола, атап айтқанда, жұмысшылардың және бүкіл революциялық демократияның өз күшіне сенімін әлсіретпек болып, кадеттер партиясына шынымен төніп тұрған *«сол жақтың қаупін»* тайдырмақ болып, осындай қауіпті ойдан шығарып жүр немесе асыра көрсетіп жүр деген большевиктердің пікірін дәлелдегендік болады. Кадеттердің ресми органы «Речьтің» өзі Петербург губерниясындағы сайлау науқанының жайы туралы кадеттердің есебінде *бұл* қауіпті мойындап отыр.

Плеханов ұранының шын саяси мазмұнына келейік. Оны ойлап шығарған адам мұнысына өзі әбден риза. «Бұл ортақ формула,— деп жазады ол,— өзінің алгебралық түрінде солшылдар үшін де және нағыз солшылдар үшін де қазіргі кезде аса көкейтесті болып отырған саяси міндетті өте дәл білдіреді», сөйтіп олардың басқа талаптарының бәрін бірдей жырмаламай, барынша толық күйінде сақтауға мүмкіндік береді. «Толық билікті Дума дегенді социал-демократтар қалай түсінуге тиіс болса, кадеттер оны дәл солай түсіне алмайды. Бірақ бұлардың екеуіне де толық билікті Дума керек. Сондықтан бұлардың екеуі де сол үшін күресуге міндетті».

Плехановтың бұл сөздеріне қарағанда, бұл ұранды кадеттер мен социал-демократтардың әр түрлі түсінетіні сөзсіз екенін оның өзі де ұғынып отырғаны айқын.

Ұран біреу, «ортақ», бірақ кадеттер бұл ұранның маңызын социал-демократтарша «түсіне» *алмайды.*

Ендеше, ортақ ұранның не керегі бар? жалпы бұқара алдына ұрандар мен платформалар ұсынудың не керегі бар? — деген сұрақ туады.

Тек жылтыраған сырт ажар үшін бе? бұқараға ашып айтуға жатпайтын бірдеңені бүркеу үшін бе? халықты сыртынан сатып, әр түрлі пайда келтіретін парламенттік айлалар үшін бе? немесе бұқараның таптық санасезімін көтеріп, олардың шынайы саяси міндеттерін өздеріне шындап ұғындыру үшін бе?

Буржуазиялық саясатқұмарлардың қайда болсын, қашан болсын, халықты алдау үшін халық алдына неше түрлі ұрандар, программалар, платформалар ұсынумен болатыны баршаға және әркімге аян. Буржуазиялық саясатқұмарлар әрдайым, әсіресе сайлау алдында, *тек бір ғана мақсат үшін,* көбірек дауыс алып, халықты алдап кету үшін өздерін либерал деп те, прогрессист деп те, демократ деп те, тіпті «радикал-социалист» деп те атайды. Мұның өзі — сөз жоқ, барлық капиталистік елдерге тән жалпы құбылыс. Сол себепті Маркс пен Энгельс буржуазиялық депутаттар туралы, die das Volk vertreten und zertreten,— олар халық атынан өкілдік етеді және өздерінің депутаттық уәкілдіктері арқылы халыққа өктемдік те етеді, деп айтқан болатын[89].

Міне, енді келіп орыстың «ең байырғы» социал-демократы, социал-демократияның негізін салушысы, алғашқы жалпы партиялық сайлау науқанына арнап, көрер көзге кадеттер бір саққа, социал-демократтар бір саққа жүгіртетін платформа ұсынады! Бұл не? Бұл қалай?

Егер кадеттер мен социал-демократтар толық билікті Дума дегенді бірдей түсіне алмайтын болса, онда халықтың қалың бұқарасында да ол туралы бірдей түсінік болуы мүмкін емес қой, өйткені кадеттер де, социал-демократтар да белгілі бір таптардың белгілі бір мүдделерін, солардың белгілі бір талап-тілектерін немесе соқыр сенімдерін білдіреді. Плеханов, тегінде, толық билікті Дума жөнінде кадеттік түсінікті теріс деп санайтын болуы керек, ал саяси міндеттер жайындағы теріс түсінік

атаулының бәрі де халыққа зиянды. Олай болса, Плеханов ұранды *көрер көзге* халыққа зиянды болатын формада ұсынып отыр, кейбір теріс түсінікті ұғындырын бермей, жабулы күйінде қалдырып отыр. Бүкпесіз, туралап айтқанда, мұның өзі кадеттер мен социал-демократтар бірлікте деп көрсетуге бола, жұмысшылар мен барша халықты алдағандық деген сөз.

Кадеттердің толық билікті Дума жөнінде түсінігінің терістігі неде? Бұл туралы Плеханов ләм демейді. Бұл ләм демеуі, біріншіден, Плехановтың сайлау науқанын (сайлау платформасы ұсынылуының өзі сайлау науқанында бір қадам жасалды деген сөз) халықтың сана-сезімін дамыту үшін емес, оны күңгірттендіру үшін пайдаланып отырғанын дәлелдейді. Ал, екіншіден, бұл ләм демеу Плехановтың: «кадеттерге де, социал-демократтарға да толық билікті Дума керек» деген қорытындысының барлық мағынасын жоққа шығарады. Екеуі екі басқа партияға әрқайсысы әр түрлі түсінетін бір-ақ нәрсе керек деу — мұның өзі тек қызыл тілді безеумен бүркелген мағынасыздық! Ендеше, әсте бір-ақ нәрсе емес: Плехановтың логикалық ағаттығын кез келген адам бас салып ұстап алады. Бәлкім, самодержавиелік монархияны да, демократиялық республиканы да *«а»* әрпімен атап, бұл жалпы алгебралық формуланың орнына түрлі партиялар түрліше сап мөлшерін қоюға ерікті деуге де болар. Бұл нағыз плехановтық логика немесе, дұрысырағы, плехановтық софистика болады.

Асылында, Плеханов кадеттерге де, социал-демократтарға да толық билікті Дума керек немесе одан да гөрі басым: толық билікті халық өкілдігі керек деп, бұл туралы әрдайым оның мақаласының екінші жартысында соз болады, *шіп-шикі өтірік* айтып отыр. Толық билікті халық өкілдігі дегеніміз құрылтай жиналысы және құрылтай жиналысы болғанда да, монархпен қатар өмір сүретін емес, патша үкіметін *құлатқаннан кейінгі жерде* болатын құрылтай жиналысы. Егер Плеханов осы қарапайым ақиқатты ұмытқан болса, онда біз оған РСДРП программасын, әсіресе оның дәл осы туралы айтылатын соңғы абзацын оқып шығуға кеңес береміз.

Кадеттерге бұл сияқты шын мәнінде толық билікті

халық өкілдігі керек емес, бұл оларға қауіпті және олардың қорғайтын мүдделері үшін қатерлі. Бұл олардың жандарына жағатын және буржуазияның қалтасы үшін қымбатқа түсетін монархиямен сыйыспайды. Бұл олардың помещиктік жер үшін төлем алу үмітін үзеді. Мұның дұрыстығы соншалық, *тіпті* Плеханов өз «Дневнигінің» 6-номерінде құрылтай жиналысы идеясына кадеттердің зұлымдық-таптық сенімсіз көзбен қарайтыны туралы, құрылтай жиналысынан қорыққандықтан кадеттердің Столыпиннің шайкасымен *ымыраласып жүргені* туралы айтқан болатын.

Біз «Пролетарийдің» 8-номерінде Плехановтың «Дневнигінің» 6-номерінен осы жерлерін келтіріп*, Плеханов енді өзінің кешегі айтқан мәлімдемелерінен бас тартуға тиіс деп көрсеткенбіз. Оның «кадеттерге де толық билікті Дума керек» дегені өз сөздерінен дәл осылай *бас тартқандық* болып табылады.

Плехановтың негізгі *жалған пікірінен* логикалық лажсыздықпен басқа да бірсыпыра жалған пікірлер туады. «Толық билікті халық өкілдігінің өзі — алдыңғы қатардағы барлық партиялардың бұдан былайғы барлық... талаптарын жүзеге асырудың алғы шарты» деу, «онсыз бұл талаптардың бірде-бірі жүзеге аспайды» деу, солшылдар мен нағыз солшылдардың күресі «сол (толық билікті халық өкілдігі) болған кезде» ғана басталады деу *жалған нәрсе.* Толық билікті халық өкілдігі дегеніміз революцияның аяқталуы, оның жеріне жеткізілуі, оның толық жеңуі болып табылады. Ал кадеттер революцияны тоқтатып қойғылары келеді, оны ұсақ-түйек жеңілдіктер арқылы басып қойғылары келеді, бұларын өздері тура айтады. Кадеттер революцияның толық жеңуі жолында күресе алады дегенге жұмысшылар мен барша халықты сендірмек болып, Плеханов халық бұқарасын үш мәрте алдап отыр.

«Әзірше бізде толық билікті тек Столыпин мырза ғана бар» деп жазады Плеханов. Мұнысы жаңылып айтқаны ма немесе тағы да кадеттерге еліктегені ме, («толық билікті Дума = патшаның Дума көпшілігінен таға-

---

*Қараңыз: осы том, 134—135-беттер, *Ред.*

йындалатын министрлері бар патшалық Дума»), әлде цензурадан қашқан жалтарысы ма? — біз оны біле алмадық. Столыпиннің толық билікке ие еместігі былай тұрсын, ол патшаның, патша сарайын маңайлаған қаражүздіктер шайкасының мүлде бейшара малайы ғана. Егер Плеханов бұған ойрандар жайында Думада болған әшкереден көз жеткізе алмаған болса, онда ол «Орыс халқы одағының» құдіретті ықпалы жайында либералдық газеттерден оқып көрсін.

«Енді,— дейді Плеханов,— солшыл партиялар да және нағыз солшыл партиялар да толық билікті халық өкілдігін, бәлкім, тіпті халық өкілдігі дегеннің ешқандайын да қаламайтындарға бірлесіп қарсы шығуға міндетті».

Демек, толық билікті халық өкілдігі болуын *қаламайтын* кадеттерге қарсы шығуға міндетті болғаны.

Плеханов доктринерлікке қарсы күрескен болып, бізге нағыз оңбаған, иезуиттік доктринерліктің үлгісін көрсетті де, өзін өзі келістіріп тұрып таяқтады. Фракциялық тұрғыдан қарағанда, оның бұл сөзіне большевиктер қуанса да болғандай еді, өйткені меньшевиктік тактикаға мұнан өткен күшті соққыны ойлап табу қиын болар. Бірақ, біртұтас РСДРП мүшелері ретінде, біз Г. Плехановтың бұл сөзі үшін ұялып отырмыз.

Кадеттердің ресми органы «Речьтің» Плехановқа келістіре жауап бергені сондай, енді ең момын деген социал-демократтар да, сірә, өздерінің оппортунистік жалған үміттерінен айығатын болар. «Речьтің» алғашқы жауабы, 226-номеріндегі (25 ноябрь) бас мақаласы, қолын ұсынған Плехановты бастан-аяқ қорлау болды, қорлау болғанда да, либералдардың оппортунизміне Плеханов пен оның әріптестерінің *«Искрада»* жасаған шабуылдарын ұмытпаған либералдың қорлауы еді. Плехановты келеке қылып, кадеттердің органы былай деп жазды: «Бұл жолы да Плеханов мырза өзінің жолдастарын қазіргі ең оңшыл позицияларынан да әрегірек оңға таман жылжыту үшін барынша мадақтап, риза болуға тұрарлықтай күш жұмсауда». Бірақ... бірақ сонда да біз бұған қарсы пікір айтуға тиіспіз.

Сондағы кадеттің қарсы айтқан сөзі — стачка жасай

отырып, бірлесіп талап қойған жұмысшы жолдастарынан бөлініп шығып, фабрикантқа өтінішпен келген жұмысшыға фабриканттың берген жауабынан айнымайды.— Сен өтінішпен келдің бе? Жарайсың. Бірақ сенің ақылсыз әріптестерің сен сияқты істемей отырғанда, маған сенен не пайда? Егер сен айтарыңды ақырына дейін жеткізе айтпасаң, маған сенен не пайда? Толық билікті Дума ма? Ол не дегенің! Инабатты адамдардың алдында мен өз беделімді өзім түсірмекпін бе. Дума көпшілігінен министрлік болсын деу керек. Сонда біз социал-демократтармен ортақ платформа болуына келісеміз!

«Речь» жауабының мазмұны осындай, оның ішінде Плехановтың аңғал «алгебрасын» да, оның 1904 ж. ноябрьде социал-демократтардың басшы коллегиясында (ол кезде Плеханов Орталық Орган редакциясының мүшесі, РСДРП жоғарғы «Советінің» председателі болатын), буржуазиялық демократиямен жасалған «атақты Париж келісімінен»[90] бас тартқан коллегияда болғанын да жіңішкелеп мысқылдаудан көз сүрінеді. Айтқандайақ, онда «алгебралық белгі», атап айтқанда: «демократиялық тәртіп» бар еді деп келемеждейді «Речь». Біз мұны конституциялық монархия деп ұққанбыз. Келісімге келген эсерлер оны демократиялық республика деп ұққан. Сіз одан бас тартқан болатынсыз, Г. В. Плеханов! Енді сізге ақыл кірейін деген бе? Біз, кадеттер, сізді мақтаймыз, бірақ *істің мүддесі үшін* сіз әлде де оңға тамап барыңқырауға тиіссіз.

Сөйтіп, кадеттер де «құрылтай жиналысы» ұранымен халықты алдап келгенін «Речь» ашық мойындап отыр. Біз, кадеттер, *«монархтың прерогативаларын* (яғни праволарын) *сақтайтын»* құрылтай жиналысының болуын қаладық, ал бірақ республикалық құрылтай жиналысы болуын әсте де қалаған емеспіз. Осылай алдап, бұқараның пейілін өзімізге қарай аудару бізге тиімді болды, ал қазір бізге патша шайкасының пейілін аударған артығырақ. Сондықтан «толық билікті Дума» дейтін «қауіпті», «екі ұшты», «үмітсіз», «зиянды революцияшыл жалған үміттерге дәмелендіретін» ұран жойылсын. Біз социал-демократтардан олардың бұрынғы, Ор-

талық Комитеттік ұранды: дума көпшілігінен құрылатын министрлікті қолдау ұранын талап етеміз, талап еткенде де, сол ұраннан туатын *«нәтижелерімен қоса»* талап етеміз. Ал ол нәтижелердің мәнісі — Думадағы кадеттік көпшілікті әлсірету емес, *күшейте беру* (sic!).

«Речьтің» келесі номеріндегі редакциялық мақалада кадеттерге «толық билікті» Думаның *керегі жоқ* екенін патшаның қаражүздік шайкасына әдейілеп (мәселені Плехановқа түсіндіру сылтауымен) түсіндіреді. Думаны толық билікті деп жариялау мемлекеттік төңкеріс болады. Кадеттер бұған еш уақытта да бармайды. «Біз, кадеттер, толық билікті Дума болуына ешбір ұмтылмаймыз, ұмтылуға міндетті де емеспіз». «Плеханов мырза, өзінің әдеттегі көрегендігіне қарамастан, оқиғалардың барысынан» осы сабақты «қалайша ала алмады екен?»

Иә, Плехановтың әдеттегі көрегендігін кадеттердің келемеж еткені мұндай доп келмес. Плеханов орыс революциясы оқиғаларының бүкіл барысынан кадеттердің сырын ұғып үйренбеген. Ол өз қылығынан тапты; тапқаны сол — өз партиясынан бөлектеніп, оның еркіне қарама-қарсы іс істеген социал-демократтың ұсынған қолын кадеттер жирене қағып жіберді.

«Речьтің» Плехановқа берген жауабының мұнымен қатар жалпы саяси маңызы да бар. Кадеттер күн санап емес, сағат санап оңға қарай ойыса түсуде. Олар қаражүздік монархиямен мәмлеге келеміз, сөйтіп «зиянды революцияшыл жалған үміттерді» талқан етеміз деп ұялмай-қызармай айтып жүр.

Бүкіл Россияның жұмысшылары бұл сабақтан өздеріне бірталай пайдалы қорытындылар шығарады, бұған біздің сеніміміз мол. Олар кадеттермен блок жасасудың орнына, өз алдына дербес сайлау науқанын жүргізеді, революциялық буржуазияны өз жағына қаратып алады, сөйтіп «халық бостандығы» жайындағы сылдыр сөзбен халықты алдап соғып жүрген буржуазиялық саясатқұмарлар шайкасын саяси сатқындық орына біржолата итеріп тастайды!

«Пролетарий» № 9,
7 декабрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің текстi бойынша басылып отыр

МЕНЬШЕВИЗМНІҢ ДАҒДАРЫСЫ

Бейпартиялық жұмысшы съезін және кадеттермен блок жасасуды уағыздаушылық, сөз жоқ, меньшевиктер тактикасында біраз дағдарыс барын көрсетеді. Жалпы, олардың бүкіл тактикасына принципті түрде қарсы шығушылардың қатарында бола тұрсақ та, біз өзіміз бұл дағдарыстың, былайша айтқанда, сыртқа сыр берерліктей қаншалықты пісіп-жетілгені жайындағы мәселені, әрине, шеше алмас едік. Ю. Ларин жолдас өзінің «Кең көлемді жұмысшы партиясы және жұмысшы съезі» (М. 1906 ж., «Новый Мир» баспасы *жанындағы* қойма) деген өте-мөте тағылым аларлық жаңа кітапшасы арқылы бізге көмектесіп отыр.

Ю. Ларин жолдас меньшевиктердің көпшілігі атынан жиірек сөйлейді. Ол өзін меньшевизмнің жауапты өкілімін деп атайды, оған толық праволы да. Ол оңтүстікте де, Питердегі нағыз «меньшевиктік» аудан — Выборг ауданында да істеді. Ол Бірігу съезіне делегат болды. Ол «Голос Трудаға»[91] да, «Отклики Современностиге»[92] де үнемі жазып тұрды. Бұл фактілердің бәрі де кітапшаны бағалауға өте-мөте қажет, ал кітапшаның маңызы автордың логикасында емес, шыншылдығында, оның пайымдауларында емес, келтірген деректерінде.

I

Марксист тактика жайында пікір айтқанда революцияның объективті барысына баға беруді негіз етіп

алуға тиіс. Қазіргі кезең туралы Бірігу съезіне ұсынылған қарарда[93] большевиктердің осылай етуге тырысқаны жұртқа мәлім. Меньшевиктер бұл туралы қарарын өздері қайтып алған болатын. Ларин жолдас, шамасы, мұндай мәселелерді қайтып алуға болмайтынын сезетін болуы керек, сондықтан біздің буржуазиялық революцияның барысын қарастырмақ болады.

Ол екі дәуірді айырып қарайды. Біріншісі, бүкіл 1905 жылды қамтитын дәуір, бұл — ашық бұқаралық қозғалыс дәуірі. Екіншісі, 1906 жылдан бергі дәуір, бұл — «бостандық ісінің нақты салтанат құруы», «халық талаптарының жүзеге асуы» жан қинарлық шабандықпен әзірленіп жатқан дәуір. Бұл әзірлікте деревня негізгі роль атқарып отыр, оның көмегі болмаған кезде «бөлектеніп қалған қала жеңіліп қалып еді». Біз «революцияның іштей өсуін, сырт қарағанда селқос тәрізді өсуін» бастан кешіріп отырмыз.

«Аграрлық қозғалыс деп атап жүргеніміз — жаппай белсенді шабуыл әрекеттеріне ауыса алмай отырған үдайы толқу, жергілікті бастықтарға, помещиктерге қарсы ұсақ-түйек күрес, алым-салық төлеуді кідірту, жазалау экспедициялары,— осының бәрі, деревняның күштерін болмаса да — бұл екіталай — оның нәтижелерін үнемдеу тұрғысынан қарағанда, деревня үшін аса тиімді жол болып табылады. Деревняны біржолата тиықтатпай, оған, жалпы алғанда, жеңілістерден гөрі жеңілдіктерді көбірек келтіре отырып, бұл жолдың ескі өкімет тіректерін мейлінше іріп-шірітетіні сонщалық, мұның өзі уақыты жеткен кезде алғашқы елеулі сынғаақ шыдамай ескі өкімет сөзсіз тізе бүгуге немесе құлауға тиіс болатын жағдай жасайды». Сөйтіп, автор былай деп көрсетеді: 2—3 жыл ішінде полиция мен әскердің адам құрамы өзгереді, наразы болып отырған деревня элементтерімен толығады; бір шаруаның авторға айтқанындай, «солдатта біздің ұлдарымыз болады».

Ларин жолдастың қорытындысы екі түрлі. 1) Бізде «деревня тыныштала алмайды. Австриядағы 48-жыл бізде қайталана алмайды». 2) «Орыс революциясы, солтүстік американ немесе поляк революциясы сияқты,

сөздің шын мағынасында алғанда, бүкіл халықтық қарулы көтеріліс жолымен бара жатқан жоқ».

Осы қорытындыларға тоқталайық. Бұлардың біріншісін автор тым фельетоншылап дәлелдеген және тым жаңсақ тұжырымдаған. Бірақ шын мәнісінде автор ақиқатқа жуықтап келіпті. Біздің революциямыздың нәтижесі шынында бәрінен де бұрын сан миллиондаған шаруалар бұқарасының күрестегі табандылығына байланысты. Біздегі ірі буржуазия реакциядан гөрі революциядан көбірек қорқады. Пролетариаттың бір өзінің жеңуге шамасы келмейді. Қала кедейлерінің дербес мүдделері де жоқ, пролетариат пен шаруаларға қарағанда олар дербес күш факторы да емес. Күреске басшылық ету мағынасында емес (бұл туралы сөз болуы да мүмкін емес), жеңісті қамтамасыз ету мағынасында деревня шешуші роль атқарады.

Егер Ларин жолдас өз қорытындысын дұрыс ойластырып, оны біздің буржуазиялық революция жайындағы социал-демократия идеяларының бүкіл даму барысымен байланыстырған болса, онда ол өзі жек көретін большевизмнің ежелгі қағидасына — Россияда буржуазиялық революцияның жеңіске жетуі тек қана пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы ретінде ғана мүмкін дейтін қағидасына бетпе-бет келген болар еді. Істің шын мәнісінде Ларин дәл осы қорытындыға келді. Мұны ашықтан-ашық мойындауына бөгет болып отырған нәрсе — меньшевиктердің бойындағы оның өзі де мініп отырған қасиеті ғана, атап айтқанда: ой-пікірдің жалтақтығы мен жасқаншақтығы. Бұл мәселе жөнінде Лариннің большевиктерге жуықтап келгеніне көз жеткізу үшін, Ларин мен Орталық Комитеттік «Социал-Демократтың» әлгі тақыриптағы пікірлерін салыстырып көруге болады. Өйткені «Социал-Демократ»: кадеттер — қалалық сословиесіз буржуазия, прогресшіл буржуазия, ал трудовиктер — селолық сословиелі буржуазия, ол прогресшіл емес деуге дейін де барды ғой! «Социал-Демократ» кадеттердегі помещиктер мен контрреволюцияшыл буржуаны байқамай қалыпты, трудовиктердегі сословие-

сіз қалалық демократияны (қала кедейлерінің төменгі топтарын) байқамай қалыпты!

Одан соң. Деревня тыныштала алмайды дейді Ларин. Ол мұны дәлелдеді ме? Жоқ. Үнемі үкіметке сатылып келген шаруа буржуазиясының ролін ол мүлде есепке алмаған. Шаруалардың алатын «жеңілдіктері» (аренданың кемітілуі, помещиктер мен полицияның «қысқартылуы» т. с.) деревняның бір жағы контрреволюцияшыл байлар, екінші жағы кедейлер бұқарасы болып жіктелуін *күшейтетініне* де ол көп зер салмаған. Осындай аз материалға сүйеніп, мұншама үлкен қорытындылар жасау жарамайды: шаблонның иісі аңқып тұр.

«Деревня тыныштала алмайды» деген ережені, тегінде, дәлелдеуге бола ма? Әрі болады, әрі болмайды. Ықтимал нәтижелерді тыңғылықты талдау мағынасында алсақ — болады. Бұл нәтижелердің тап осы буржуазиялық революцияда ешбір күмәнсыздығы мағынасында алсақ — болмайды. Деревняның өсіп келе жатқан және бірімен-бірі араласып, астасып жатқан жаңа контрреволюциялық күштері мен жаңа революциялық күштерінің қалайша теңдесіп тұратынын мысқалдап таразыға тарта алмайсың. Мұны жеріне жеткізе ашатын *тек тәжірибе ғана.* Революция дегеніміз тар мағынасында алсақ — кескілескен күрес, солай болғандықтан, барлық мүдделердің, барлық талаптардың, барлық қабілеттердің шын күші тек күрестің өзінде ғана, соның ақырғы нәтижесінде ғана көрініп, әбден танылады.

Революциядағы алдыңғы қатарлы таптың міндеті — күрестің *бағытын* дұрыс аңғарып, жеңістің *барлық* мүмкіндіктерін, *барлық* мүмкіншіліктерін сарқа пайдалану. Мұндай тап тікелей-революциялық жолға *алдымен* түсуге тиіс те, басқа, одан «жұпынылау», «айналмалау» жолдарға өзгелерден соң шығуға тиіс. Стихиялық шабыт пен жоспарлы қимыл туралы өте көп және өте ақылсыз (мұны төменде көреміз) сөздер айтып отырған Ларин жолдас бұл ақиқатты мүлде түсінбеген.

Екінші қорытындыға — қарулы көтеріліс жөніндегі қорытындыға келейік. Бұл арада Лариннің ой-пікірі-

нің жасқаншақтығы бұрынғыдан да бетер көрінеді. Оның ой өрісі ескі нұсқалардан: солтүстік американ, поляк көтерілісінен жармасып айрылмайды. Бұлардан басқа жерде ол «сөздің шын мағынасында» көтеріліс бар деп білгісі келмейді. Ол тіпті біздің революциямыз «формальды» (!) және «нағыз» (!!) қарулы көтеріліс жолымен бара жатқан жоқ дегенді де айтады.

Өрескел-ақ: формализмге қарсы шайқаста табанын тоздырған меньшевик формальды қарулы көтеріліс деуге дейін барып отыр! Ларин жолдас, егер сіздің ойыңызға формальды және нағыз деген сөздер өріс бермей отырған болса, оны өзіңізден көріңіз. Большевиктер іске бұрын да басқаша қарады, қазір де басқаша қарап отыр. Көтерілістен көп бұрын, III съезде, яғни 1905 жылдың көктемінде-ақ, олар ерекше қарарда *жаппай стачканың көтеріліспен байланыстылығын* баса көрсеткен[94]. Меньшевиктер мұны үнсіз орағытып өтуді тәуір көреді. Бекер-ақ. III съездің қарары — 1905 жылдың аяқ кезіндегі халық күресінің ерекшеліктерін біздің шындыққа барынша жуыта болжай білгендігіміздің іс жүзіндегі дәлелі. Ал көтерілістің өзін де біз Солтүстік Американың не Польшаның көтерілісі «типтес» болады деп тіпті ойлаған емеспіз, өйткені оларда жаппай стачка туралы сөз болуы да мүмкін емес еді.

Ал декабрьден кейін біз стачканың көтеріліске қатынасы өзгергенін, шаруалар мен әскердің ролін, әскери дүмпулердің жеткіліксіз болатынын, әскердің революциялық-демократиялық элементтерімен келісім болуы қажет екенін көрсеткенбіз (Бірігу съезіне арналған қарардың жобасы[95]).

Орыстың азаттық күресінде көтерілістің болмай қоймайтынын оқиғалар Дума дәуірінің барысында тағы да дәлелдеді.

Лариннің формальды көтеріліс туралы пайымдаулары — социал-демократ үшін бастан кешіріп отырған революция тарихындағы өте келіспейтін надандық немесе өзінің ерекше көтеріліс формалары бар бұл тарихты елемегендік. Лариннің «орыс революциясы көтеріліс жолымен бара жатқан жоқ» деген тезисі — фактілерді мазақ еткендік, өйткені Россиядағы бостандықтың

екі бірдей дәуірі (октябрь дәуірі де, думалық дәуірі де) нақ осы *көтеріліс* «жолын», әрине, американдық емес, поляктық емес, XX ғасыр заманындағы орыстық көтеріліс жолын көрсетті. Деревнялық немесе қалалық элементтері басым елдердегі көтерілістердің тарихи мысалдары туралы, Америка мен Польша туралы, «жалпылама» пайымдап, орыс көтерілісінің ерекшеліктерін зерттеуге, пе тым болмаса нобайлап көрсетуге аздап-аулақ болса да әрекеттеніп көруден бас тартып, Ларин меньшевизмнің «жалтақ және жасқаншақ» ой-пікірінің негізгі қателігін қайталап отыр.

Оның «селқос» революция жөніндегі нұсқасына ой жүгіртіп көріңізші. Қозғалыстың жаңа өрлеуін, жаңа тегеуірінін немесе жаңа формаларын әзірлеудің ұзақ дәуірлері болуы әбден мүмкін екені күмәнсыз. Бірақ, мырзалар, доктринерлікті қойып, мынаған көз салыңыздаршы: «ұсақ-түйек күреспен», «жазалаушы экспедициялармен», полиция мен әскердегі адамдардың құрамы *ауысуымен қатар,* деревняның бұл «ұдайы толқуы» деген не нәрсе? Сіздер өздеріңіздің не айтқандарыңызды аңғармай отырсыздар ғой. Сіздердің баяндап отырған жайттарыңыз ауық-ауық кең көлемде өрістеп, топтаса түскен *солдат көтерілістерінің дүмпуі* аралас, ұзаққа созылған *партизан соғысынан* басқа түк те емес қой. «Партизандар», «анархистер», «анархист-бланкист-большевиктер» және т. с. жөнінде ашулы, балағат сөздерді сіздер қайта-қайта айтасыздар, ал сөйте тұрып, өздеріңіз революцияның көрінісін большевиктерше суреттейсіздер! Әскер құрамының ауысуы, оның «наразы деревня элементтерімен» алмастырылуы. Бұл не деген сөз? Матрос курткалары мен солдат мундирлерін киген деревняның бұл «наразылығы» сыртқа шықпай қалуы мүмкін бе? Ел ішінде солдаттың туған деревнясы «ұдайы толқып жатқанда», ел ішінде, бір жағынан, «ұсақ-түйек күрес» жүріп және, екінші жағынан, «жазалау экспедициялары» шығарылып жатқанда, ол наразылық білінбей қала алар ма? Ал енді үкіметтің қаражүздік ойрандары, зорлық-зомбылықтары, полицияның қорлауы орын алып отырған заманда осындай солдат

наразылығының әскери көтерілістерден *өзгеше* түрде көрінуі мүмкін деп ойлауға болар ма?

Кадеттік жел сөздерді («біздің революциямыз көтеріліс жолымен бара жатқан жоқ», бұл сөздерді 1905 жылдың аяқ кезінде нақ *кадеттер* таратқан болатын; Милюковтың «Народная Свободасын»[96] қараңыз) қайталай отырып, сіз мұнымен бірге: «алғашқы елеулі сыннан өкімет құлайды» деп, жаңа көтерілістің болмай қоймайтындығын өзіңіз суреттеп беріп отырсыз. Сонда сіз алдын ала пәлендей мықты емес, жекелеген қысымдар болмайынша, кең көлемді, ала-құла, күрделі халық қозғалысында өкіметтің елеулі сынға түсуі мүмкін деп ойлайсыз ба? бірсыпыра жекелеген стачкалар болмайынша, жалпы стачка болуы мүмкін деп ойлайсыз ба? бірсыпыра бытыраңқы, ұсақ, жеке көтерілістер болмайынша, жалпы көтерілістің болуы мүмкін деп ойлайсыз ба?

Егер әскерде наразы деревняның элементі өсіп келе жатқан болса, егер революция жалпы алғанда ілгерілеп бара жатқан болса,— онда қаражүздік әскерге қарсы *кескілескен* күрес (өйткені қаражүздіктер де ұйымдасады, олар да үйренеді, мұны ұмытпаңыз! саналы қаражүздікшілікке нәр беретін әлеуметтік элементтер бар екенін ұмытпаңыз!) түрінде халықтың да, әскердің бір бөлегінің де күресі түрінде көтеріліс болуы сөзсіз деген сөз. Олай болса, неғұрлым жоспарлы, ынтымақты, тегеуірінді көтеріліске әзірлену керек, бұқараны да, өзіңді де әзірлеуің керек, Ларинпің пайымдауларынан, оның *селқос* (??) революция жайындағы кадеттік ертегісінен шығатын қорытынды, міне, осындай. Меньшевиктер «өз бастарының торығушылығы мен сары уайымын орыс революциясының барысына жапты» (58), деп мойындайды Ларин. Дәл солай! Селқостық, бұл — революцияның қасиеті емес, ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның қасиеті. Кімде-кім армияның наразы деревня элементтерімен толысуын, ұдайы толқу мен ұсақтүйек күрестің сөзсіздігін мойындай тұрып, сонымен қатар «орыс революциясы көтеріліс жолымен бара жатқан жоқ» деп Иван Федорович Шпоньканың[97] жайба-

рақаттығымен жұмысшы партиясын жұбататын болса,— міне, солар селқос болады.

Ал «ұсақ-түйек күрес» ше? Қадірменді Ларин, сіз мұны, «нәтижелері тұрғысынан қарағанда, деревня үшін аса тиімді жол» деп ойлайсыз ба? Жазалау экспедицияларына қарамай-ақ, сіз осы пікірді қостайсыз ба, сөйтіп тіпті бұл экспедицияларды да аса тиімді жолдың ішіне қосасыз ба? Ал сіз ұсақ-түйек күрестің партизан соғысынан не өзгешелігі барын сәл де болса ойға салып көрдіңіз бе? Түк өзгешелігі жоқ, қадірменді Ларин жолдас.

Америка мен Польшаның жаман мысалдарына еліғіп, сіз орыс көтерілісі туғызған ерекше күрес формаларын, бұл көтерілістің ескі тұрпатты көтерілістерге қарағанда анағұрлым ұзақ, анағұрлым қажырлы екенін, оның ірі-ірі шайқастарының арасы анағұрлым алшағырақ келетінін сіз байқамай қалыпсыз.

Ларин жолдас мүлде шатасып, сөзінің бас-аяғын жинай алмай қалыпты. Егер деревняда революцияның табан тірері бар болса, егер революция ұлғайып, жаңадан күш алып жатса, егер армия қатарын наразы мужик толықтырып жатса, ал деревняда ұдайы толқушылық, ұсақ-түйек күрес ұзаққа созылып жатса, онда көтеріліс туралы мәселені алып тастауға қарсы күресіп жүрген большевиктер дұрыс істеген болғаны да. Біз кез келген сәтте, кез келген жағдайда көтеріліс бола беруін тіпті де уағыздамаймыз. Бірақ біздің талап ететініміз: социал-демократтың ой-пікірі жалтақ та жасқаншақ болмасын дейміз. Егер сіз көтеріліс үшін *жағдайды* мойындайды екенсіз,— онда көтерілістің өзін де мойындаңыз,— партияның көтеріліске байланысты ерекше міндеттерін де мойындаңыз.

Ұсақ-түйек күресті *«аса тиімді жол»* деп, яғни революциямыздың ерекше дәуіріндегі халық күресінің аса тиімді формасы деп атау және сөйте тұрып, осы «аса тиімді жол» негізінде алдыңғы қатарлы тап партиясының *белсенді* міндеттерін мойындаудан бас тарту — мұның аты ойлай білмегендік немесе арам ойлылық болады.

II

«Селқостық теориясы» — «ескі өкіметтің алғашқы елеулі сыннан-ақ құлауын» әзірлейтін «селқос» революция жайындағы Ларинніц пікірлерін осылай деп атауға болар еді. Ой-пікір жасқаншақтығының табиғи жемісі болып табылатын осы «селқостық теориясы» біздің тәубаға келіп отырған меньшевигіміздің бүкіл кітапшасына салқыпын тигізіп отыр. Ол мынадай сұрақ қояды: біздің осынша зор идеялық ықпалы бар партиямыз ұйымдық жағынан неліктен соншалық әлсіз? Ол біздің партиямыздың интеллигенттік болғандығынан емес, деп жауап береді Ларин. Меньшевиктердің қашаннан бергі бұл «үстіртін» (Ларинніц сөзсымағы) түсіндірмесі түкке тұрмайды. Өйткені, қазіргі бастан өткізіп жатқан дәуірге объективті жағынан алғанда бұдан өзгеше партияның керегі жоқ еді және өзгеше партия үшін объективті жағдайлар да жоқ еді. Өйткені, пролетариаттың революцияның бас кезіндегі саясаты болған «стихиялық шабыт саясатына» партияның керегі де жоқ еді. «Стихияға» және «стихиялық пиғылдарға қызмет ету үшін», екі шабыт арасындағы насихат-үгіт жұмысы үшін «техникалық аппарат» қана керек болды. Мұның өзі сөздің европалық мағынасындағы партия емес еді, тек «жасырын жұмыс жүргізуші жас жұмысшылардың ықшам — 9 миллионга 120 мың — бірлестігі еді»; семьялы жұмысшылар аз; қоғамдық іске әзір жұмысшылардың көпшілігі партиядан тыс жатыр.

Енді стихиялық шабыттың заманы өтіп барады. Жай пиғылдың орпып есепқорлық басып отыр. «Стихиялық шабыт саясатының» орнына «жоспарлы қимыл саясаты» туып келеді. «Европалық типтегі партия», «объективті-жоспарлы саяси қимыл партиясы» керек. «Аппарат-партияның» орнына «авангард-партия» керек, «бұған жұмысшы табының өз ішінен белсенді саяси өмірге жарамды деп ұсына алатынының бәрі жиналатын болуы керек». Мұның өзі — «есепқорлық негізінде қимыл жасайтын европалық партияға» көшкендік. «Жартыкеш және жалтақ практика ұстаған, сары уайымға салынып, өз халін түсінбеген ресми меньшевизмнің» орнына

«европалық социал-демократияның таза реализмі келіп отыр». «Оның үні Плеханов пен Аксельродтың,— былайша айтқанда, біздің «варварлық» ортамыздағы бірден-бір осы европалықтардың,— аузынан бір бүгін ғана айқын шығып отырған жоқ»... Содан соң, әрине, варварлықтың орнына европеизмнің келуі сәтсіздіктің сәттілікпен алмасып отыратындығын байқатады. «Стихиялық басым болған жерде бағалауда қателік болатыны, практикада сәтсіздік болатыны сөзсіз». «Стихия болған жерде утопизм болады, утопизм болған жерде сәтсіздік болады».

Лариннің бұл пайымдауларынан, ескірген болса да, дұрыс пікірдің бір түйір дәні мен тұп-тура реакциялық шолақ ойдың үйеме төбе қауызы арасындағы өрескел сәйкессіздік тағы да бадырайып көзге түседі. Балы — бір қасық, қарамайы — бір кеспек.

Капитализм дамыған сайын, буржуазиялық революцияның немесе буржуазиялық революциялардың, сондай-ақ сәті болмаған социалистік революциялардың тәжірибесі жинақталған сайын, барлық елдердің жұмысшы табының өсіп, дамып, үйреніп, тәрбиеленіп, ұйымдаса беретіні ешбір күмәнсыз әрі даусыз. Басқаша айтқанда: ол стихиялылықтан жоспарлылыққа қарай,— бір ғана пиғылға сүйенуден барлық таптардың объективті хал-жағдайына сүйенуге қарай, шабыттан табанды күреске қарай бет алып отырады. Мұның бәрі осылай. Дүние қандай көне болса, мұның бәрі де сондай көне нәрсе, оны XVII ғасырдағы Англияға, XIX ғасырдың 30-жылдарындағы Францияға және XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Германияға қалай қолдануға болса, XX ғасырдағы Россияға да дәл солай қолдануға болады.

Лариннің түбіне жетіп отырған нәрсенің өзі де сол: біздің революциямыздың социал-демократқа беретін материалын ол мүлде игере алмай отыр. Жаңа сурет жас баланы қалай еліктірсе, орыс варварлығының шабытын европалық жоспарлылыққа қарама-қарсы қоюшылық оны дәл солай еліктіріп әкетіп отыр. Жалпы, қай заманға болсын бірдей келе беретін трюизмді айтып, оның бұл трюизмді тікелей-революциялық күрес

заманына аңғырт қолданғаны мына түрінде революцияға *ренегаттық* көзқарасқа айналып кетіп отырғанын өзі түсінбейді. Егер Лариннің *ойланбай* революция ренегаттарының жырын жырлап отырғанын оның адал ниеттілігі ешбір күмән қалдырмай көрсетіп отырмаған болса, бұл бір қайғылы комедия болар еді.

Варварлардың стихиялық шабыты, европалықтардың жоспарлы қимылы... Бұл нағыз кадеттік формула, кадеттік идея, «Дума — үкіметтің бір бөлегі» деп жар салған Муромцев тәрізді немесе «Монархты ойрандар үшін жауапты деп санау — әдепсіздік» деп даурыққан итаршы Родичев тәрізді «конституцияшылдыққа» масайрап мәз болып жүрген орыс революциясы сатқындарының идеясы. Кадеттер *стихияның есуастығын*, яғни революцияны даттайтын ренегаттардың (Изгоевтардың, Струвелердің, Прокоповичтердің, Португаловтардың et tutti quanti*) тұтас бір әдебиетін жасады. Либерал буржуа бізде бостандықтың тым құрығанда көлеңкесі болса да сақталып тұрғаны тек халық «шабытының» арқасы екеніне ертегіде айтыла беретін хайуанға ұқсап, көзін ашыңқырап қарай да, соны түсіне де алмайды.

Сөйтіп, Ларин сыннан безген аңқаулықпен либералдың соңына еріп салпақтауда. Ларин өзі қозғаған мәселесінің мынадай екі жағы бар екенін түсінбейді: 1) стихиялық күресті өрісі де сондай, формасы да сондай жоспарлы күреске қарсы қою және 2) революциялық (тар мағынасындағы) заманды контрреволюциялық немесе «тек қана конституциялық» заманға қарсы қою. Лариннің логикасы іске алғысыз жаман-ақ. Стихиялық саяси стачканы ол жоспарлы саяси стачкаға қарсы қойып отырған жоқ, айталық, Булыгин Думасына жоспарлы түрде қатысу ісіне қарсы қойып отыр. Стихиялық көтерілісті жоспарлы көтеріліске емес, жоспарлы кәсіптік күреске қарсы қойып отыр. Міне, сондықтан да оның маркстік талдауы контрреволюцияны тоғышарлық тұрпайы мадақтауға қарай ойыса береді.

Европалық социал-демократия «объективті-жоспарлы саяси қимыл партиясы» деп есі кете былдырлайды

* — және солар сияқтылардың. *Ред.*

Ларин. Нағыз сәбилік! Ол европалықтардың тікелей-революциялық күрес жоқ замандарда қанағат қылуға мәжбүр болған өте-мөте тар өрісті *«қимылына»* есі кетіп отырғанын өзі байқамайды. Ол *заңға баққан* күрестің жоспарлылығына мәз болып, «заңға бағудың» шегін белгілейтін *күшке, өкіметке ие болу жолындағы* күрестің стихиялылығын даттап отырғанын өзі байқамайды. Ол орыстардың 1905 жылғы декабрьдегі стихиялық көтерілісін немістердің 1849 жылғы[98], француздардың 1871 жылғы[99] «жоспарлы» көтерілістерімен емес, неміс кәсіптік одақтарының өсу жоспарлылығымен салыстырады. Ол орыстардың 1905 жылғы декабрьдегі стихиялық, сәтсіз жалпы стачкасын бельгиялықтардың 1902 жылғы «жоспарлы» *және сәтсіз* жалпы стачкасымен[100] салыстырмайды, Бебельдің немесе Вандервельденің рейхстагта сөйлеген жоспарлы сөзімен салыстырады.

Сондықтан 1905 жылғы октябрьдегі стачка мен 1905 жылғы декабрьдегі көтеріліс арқылы бейнеленген пролетариаттың бұқаралық күресінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи прогресін Ларин түсінбейді. Ал орыс революциясының *заңға баққан* әзірлік қимылды (кәсіптік одақтар, сайлау, т. с.) қажет етуі түріндегі *регресін* (оның *өз* түсінуінше *уақытша* регресін) ол стихиялылықтан жоспарлылыққа, пиғылдан есепқорлыққа т. с. бет алған *прогресс* етіп көрсетіп отыр.

Сондықтан революцияшыл марксистің моралы (стихиялық саяси стачка орнына жоспарлы саяси стачка керек; стихиялық көтеріліс орнына жоспарлы көтеріліс керек дейтін) орнына ренегат-кадеттің моралы («стихия есуастығы»: стачка, көтеріліс орнына столыпиндік заңдарға жоспарлы түрде бағыну керек және қаражүздік монархиямен жоспарлы түрде мәмлеге келу керек дейтіп) келіп шығып отыр.

Жоқ, Ларин жолдас, егер сіз марксизмнің құр сөзін ғана жаттамай, рухын ұғынған болсаңыз, сіз «объективті» тарихшылардың оппортунизмінен революциялық диалектикалық материализмнің айырмашылығын білген болар едіңіз. Тым болмаса Маркстің Прудон тура-

лы айтқанын еске түсіріңізші[101]. Марксист заңға бақ-қан күрестен, бейбіт парламентаризмнен, тарихи жұ-мыстың Бисмарктар мен Беннигсендер, Столыпиндер мен Милюковтар белгілеген шектеріне «жоспарлы түр-де» бағынудан безе бермейді. Бірақ марксист, револю-ция жолындағы күрес үшін *барлық* жағдайды, тіпті ре-акциялық *жағдайды да* пайдалана отырып, реакцияны мадақтауға дейін құлдырамайды, *іс-әрекеттің ең жақсы ықтимал жағдайы үшін* күресуді ұмытпайды. Сондық-тан марксист революциялық заманның туып келе жат-қанын жұрттан *бұрын* болжап біледі, сөйтіп, филистер-лер құлдардың маң ұйқысында жатқан кезде, ол халық-ты оятып, дабыл қаға бастайды. Сондықтан марксист тура революциялық күрес жолына жұрттан *бұрын* тү-седі, әлеуметтік және саяси жарымес атаулының ымы-рашыл жалған үміттерін әшкерелей отырып, қолма-қол ұрысқа кіреді. Сондықтан марксист тікелей революция-лық күрес жолынан жұрттың ең *соңында* шығады, онда да барлық мүмкіндіктер сарқылған кезде, нсгұрлым қысқарақ жолға шығу үмітінің *жұрнағы* да қалмаған кезде, бұқаралық стачкаларға, көтеріліске, т. с. әзірле-нуге шақырудың көрінеу негізі қалмаған кезде ғана шығады. Сондықтан сансыз көп революция ренегатта-рының: біз сенен гөрі «прогресшілміз», біз революция-дан жұрттың алдымен бас тартқанбыз! біз монархистік конституцияға бұрын «бағынғанбыз»! — дейтін айқа-йына марксист жиренішпен жауап береді.

Екінің бірі, Ларин жолдас. Сіз көтеріліс үшін және жалпы тар мағынада айтқанда революция үшін енді негіз жоқ деп ойлайсыз ба? Онда мұны тура айтыңыз, бізге оны экономикалық талдаумен, түрлі таптардың саяси талаптарын есепке алумен, идеялық ағымдардың маңызын талдаумен марксисше дәлелдеп көрсетіңіз. Дәлелдедіңіз бе? Онда біз котеріліс жайындағы әңгіме-лерді сөзуарлық деп жариялаймыз. Онда біздің айтары-мыз: бізде ұлы революция *болмаған екен*, құр қоқан-лоққы ғана дейміз. Жұмысшылар! буржуазия мен мещандар (соның ішінде шаруалар да) сатқындық жасап, сіздерді тастап кетті. Бірақ *біздің* күш салуы-

мызға қарамастан, солар жасаған негізге сүйене отырып, біз *социалистік* революция үшін қажырлылықпен, шыдамдылықпен, ұстамдылықпен жұмыс істейміз, буржуазиялық революция сияқты, бұл революция жартыкеш және жұтаң болмайды, сылдыр сөзге бай, ал творчествоға кедей болмайды!

Әлде сіз өзіңіздің айтып отырғаныңызға шынымен-ақ сенесіз бе, Ларин жолдас? Революцияның өсіп келе жатқанына, ұсақ-түйек күрес пен астыртын толқу басаяғы 2—3 жылдан кейін жаңадан наразы армия, жаңадан «елеулі сын» әзірлейтініне, «деревняның тыныштала алмайтынына» сіз сенесіз бе? Онда сіз «шабыт» дегендер мешеу варварлықтың күшін емес, жалпы халықтық наразылықтың күшін білдіретінін, біздің борышымыз стихиялық көтерілісті жоспарлы көтеріліске айналдыру екенін, оны жоспарлы көтеріліске айналдыру үшін айлар бойы, тіпті керек болса жылдар бойы ұстамдылықпен, қажырлылықпен жұмыс істеу керек екенін, неше түрлі Иудаларға ұқсап көтерілістен безу емес екенін мойындауға тиіссіз.

Сіздің қазіргі позицияңыз, Ларин жолдас, «қамығу мен сары уайымның», ой-пікір «жалтақтығы мен жасықтығының» нағыз өзі, өз басыңыздың солқостығын — біздің революциямызға аудара салғандық.

Сіздің бойкотты қате деп масаттана жариялауыңыз — нақ соның, тек соның белгісі. Мұның өзі — болжамсыздық, тоғышарлық масаттану. Егер бойкоттан безу «прогресшілдік» болатын болса, онда Булыгин Думасына бойкот жариялауға қарсы алысқан, студенттерді «бүлікті қойып, сабақ оқуға» шақырған «Русские Ведомостидегі» оңшыл кадеттер жұрттың бәрінен де прогресшіл болғаны. Біз ренегаттардың бұл прогресшілдігіне қызықпаймыз. Біздің ойымызша, Витте Думасына (бас-аяғы 3—4 ай ішінде шақырылады дегенге ешкім сенбеген Думаға) бойкот жариялауды «қатеге» шығара тұрып, Булыгин Думасына қатысуға шақырғандардың қатесін *бүгіп қалушылық* революцияшыл күрескердің материализмін реакция алдында құрдай жорғалайтын профессордың «объективизміне» айырбастағандық болады. Біздің ойымызша, Булыгин Думасын сыпы-

рып тастаған халық көтерілісі қарсаңында бірінші болып сол Думаға шақырғандардың халінен гөрі тура күрестің жолында шын мәнінде *барлығын* бастан кешіріп барып, Думаға, айналма жолға ең *соңынан* барғандардың халі жақсырақ болса керек.

Меньшевиктер *«сайлау негізінде және земство науқаны дейтіннен бастап аяғы Думаға бойкот жариялау үшін сайлауға қатынасып партияны жиыстыруға дейін не қилы ми жетпес, құйтырқы нәрселерді ойлап шығарды»* (57) деп *дұрысын* айтып отырған Ларин үшін бойкотты қате дейтін бұл кадеттік сылдыр сөз тіпті кешіргісіз. Меньшевиктер Думаға баруға болатынына өздері сенбей отырса да, жұмысшыларды Дума сайлауына шақырды. Бұған сенбей, Думаға бойкот жасағандардың тактикасы дұрысырақ болды емес пе? Думаны «өкімет» деп атау (мұндай атақты оған Муромцевтен бұрын Бірігу съезінің қарарында меньшевиктер берген болатын) халықты алдағандық деп жариялағандардың тактикасы дұрысырақ болды емес пе? буржуазия тура бойкот жолынан біржолата тайқып шығып, бізді орағытпа жолмен жүруге мәжбүр еткенде ғана Думаға барған, барғанда да кадеттердің мақсатынан өзгеше мақсат көздеп, өзгеше жолмен барғандардың тактикасы дұрысырақ болды емес пе?

III

Лариннің аппарат-партияны авангард-партияға немесе полицияға қарсы күрескерлер партиясын саналы саяси күрескерлер партиясына қарсы қоюы терең мағыналы, «таза пролетарлық» рухқа толы нәрсе сияқты көрінеді. Іс жүзінде, 1899—1901 жылдары рабоче-мысльшілдер мен акимовшылдар[102] тарапынан болған нақ осындай қарсы қоюшылық сияқты, мұның өзі де нақ сондай интеллигенттік оппорутунизм болып табылады.

Бір жағынан, бұқараның тікелей-революциялық тегеуірін жасауына объективті жағдайлар бар болса, онда «стихияға қызмет ету» партияның *ең жоғары* саяси міндеті болып табылады. *Мұндай* революциялық жұмысты «саясатқа» қарсы қою саясаттың маңызын саясатқұмарлыққа дейін құлдырату деген сөз болады. Мұ-

ның өзі — думалық күрес саясатын бұқараның октябрь мен декабрьдегі саясатынан жоғары қойып, оны дәріптеу, яғни атап айтқанда пролетарлық-революциялық көзқарастан интеллигенттік-оппортунистік көзқарасқа көшу деген сөз.

Күрестің қандай формасы болса да тиісті техника мен тиісті аппаратты керек етеді. Парламенттік күрес объективті жағдайлардың ықпалымен күрестің басты формасы болған кезде, партияда парламенттік күреске керекті аппараттың белгілері сөзсіз күшейеді. Керісінше, объективті жағдайлар бұқараның жаппай саяси стачкалар мен көтерілістер түріндегі күресін туғызған кезде, пролетариат партиясында күрестің *нақ осы* формаларына «қызмет ететін» «аппараттар» болуға *тиіс*, ал бұлар парламенттік аппараттарға ұқсамайтын ерекше «аппараттар» болуға тиіс екені өзінен-өзі-ақ түсінікті. Пролетариаттың ұйымдасқан партиясы халық көтерілістері үшін жағдайлар бар екенін мойындай тұрып, соған лайықты аппарат жайын ойластырмаған болса, онда ол интеллигент мылжыңдардың партиясы болып шығар еді; жұмысшылар оны тастап, анархизмге, буржуазиялық революционизмге, т. с. қарай ауып кетер еді.

Екінші жағынан, әрбір таптың, соның ішінде пролетариаттың, саяси басшылық етуші авангардының құрамы да әрі сол таптың жағдайына, әрі оның күресінің басты формасына тәуелді болады. Мәселен, Ларин біздің партиямызда жұмысшы жастар көпшілік, бізде семьялы жұмысшылар аз, олар партиядан кетіп жатыр деп қынжылады. Орыс оппортунисінің бұл қынжылуы Энгельстің бір сөзін (тіпті «Тұрғын үй мәселесінде», «Zur Wohnungsfrage» болып жүрсе қайтсін) менің есіме салып отыр. Әлдебір қандай буржуазияшыл пасық профессорға, неміс кадетіне, қарсы дау айта келіп, Энгельс былай деп жазған болатын: бізде, революция партиясында, жастардың көпшілік болуы табиғи емес пе? Біз болашақтың партиясымыз, ал болашақ—жастардікі. Біз жаңашылдар партиясымыз, ал жастар әрдайым жаңашылдарға құлшына ереді. Біз ескі ірік-шірікке қарсы жанқиярлықпен күресетін партиямыз, ал жанқиярлық күреске әрдайым бірінші болып жастар барады.

Жоқ, 30 жаста «қажыған» қартаңдарды, «ақыл кірген» революционерлер мен социал-демократия ренегаттарын іріктеп алуды кадеттерге-ақ берейік. Біз әрқашанда алдыңғы қатардағы тап жастарының партиясы боламыз!

Ал күрестен қажыған семьялы адамдарды сонша неге аяйтынын Лариннің өзі-ақ ашық мойындап, айтып та отыр. Осындай қажығандарды партияға неғұрлым көбірек жиып алса, мұның өзі партияның «қозғалуын ауырлатып, саяси авантюраның тиянағын әлсіретер еді» (18-б.).

Міне, осының дұрыс, қайырымды Ларин! Қулық жасап, өзіңді өзің алдаудың керегі не. Сізге авангард-партия керек емес, қозғалуы ауыр болу үшін *арьергард-партия* керек. Осылай турасын айтайық та!

...«Саяси авантюраның тиянағын әлсіретер еді»... Европада да революцияның жеңілістері болған, 1848 жылғы июнь күндері, 1871 жылғы май күндері де болған, ал бірақ бұқараның революциядағы бой көрсетулерін «авантюра» деп жариялауды өздеріне міндет санаған социал-демократтар, коммунистер,— нақ мұндайлар әлі болып көрген жоқ еді. Бұлай болу үшін ынжық әрі қорқақ, өздеріне өздері сенбейтін және оқиғаның беті реакцияға қарай ауа бастағаннан-ақ еңсесі түсетін, әліне қарамай «интеллигенция» атанып жүрген россиялық мещандардың революцияшыл марксистер қатарына жазылуы (ұзаққа жазылмас деп сенеміз) керек болар еді.

...«Авантюраның тиянағын әлсіретер еді»! Ал олай болса, бірінші *авантюрист* — Лариннің өзі, өйткені ол «ұсақ-түйек» күресті революцияның *аса тиімді* жолы деп атайды, өйткені *революцияның өсетініне,* 2—3 жылдан кейін армияның наразы деревнямен толығатынына, болашақта «алғашқы елеулі сыннан-ақ» «ескі өкіметтің құлайтынына» *бұқараны сендірмек болады!*

Бірақ Ларин — тағы да бір мағынада, одан да бетер жаман және неғұрлым ұсақ мағынада авантюрист. Ол — жұмысшы съезін және «бейпартиялық партияны» (оның сөзінің сыйқы!) жақтаушы адам. Социал-демократияның орнына «Бүкіл россиялық жұмысшы партия-

сы» керек,—«жұмысшы партиясы» болатын себебі, оған ұсақ буржуазиялық революционерлерді, эсерлерді, поляк социалистік партиясын, белорус громадасын[103], тағы басқаларды алу керек.

Ларин — Аксельродқа табынушы адам. Бірақ ол оған пайда қылам деп зиян жасады. Ол оның жұмысшы съезі үшін күресте көрсеткен «жас қайратын», оның «шын партиялық ерлігін» дәріптегені соншалық, ол оны құшырлана құшақтағаны соншалық, тіпті... құшағында тұншықтырып өлтірді! Аксельродтың жұмысшы съезі жайындағы бұлдыр «идеясы» аңғал, шыншыл практиктің қолынан сеспей қатты, өйткені ол жұмысшы съезін ойдағыдай насихаттау үшін жасыруға тиісті жайларды алды да, ақтарып салды. Жұмысшы съезі дегеніміз — «жарнаманы алып тастау» (Лариннің кітабының 20-б., бұған социал-демократизм — тек жарнама ғана) деген сөз, *эсерлермен,* кәсіптік одақтармен *қосылып кету* деген сөз.

Дұрыс-ақ, Ларин жолдас! Тым болмаса шынын айтқаныңызға рақмет! Шынында да жұмысшы съезі осы айтқандардың бәріне келеді. Ол тіпті съезді шақырушылардың еркінен тыс нақ осыған бастаған болар еді. Міне, нақ сондықтан да, қазір жұмысшы съезі дегеніміз оппортунистік ұсақ авантюра болып шығады. Ұсақ болатын себебі, мұның астарында жатқан кең идея жоқ, тек марксизм жолындағы табан тірескен күрестен шаршаған интеллигенттің қажығандығы бар. Оппортунистік болатыны да — баяғы сол себептен және әлі де өз жөнін түпкілікті анықтаудан алыс жатқан мың-сан ұсақ буржуаны жұмысшы партиясына кіргізіп жіберуден. Авантюра болатын себебі—қазіргі заман жағдайларында мұндай әрекеттің беретін нәтижесі — бітім емес, тиімді жұмыс емес, эсерлер мен эсдектердің ынтымақтастығы емес, Ларин бұларға «кең көлемді партия ішіндегі насихатшы қоғамдардың» (40-б.) ролін қошеметпен лайықтап отыр, қайта күрестің, өзара егестердің, жікке бөлінушіліктің, идеялық былықтың, практикалық берекесіздіктің шексіз ұлғаюы болып шығар еді.

Энестер мен максималистер шығып қалғаннан кейін эсерлік «центрдің» эсдектерге келіп қосылуға *тиіс* еке-

нін болжап айту — бір басқа*. Ал енді жаңа пісіп келе жатқан, бірақ әлі пісіп жетілмеген алмаға ұмтылу — бір басқа. Не мойныңызды үзіп аларсыз, тақсыр-еке, не шикі жеміспен ішіңізді бұзып аларсыз.

Ларин «Бельгиямен» дәлелдейді —онысы айна-қатесі жоқ, 1899 жылғы Р. М. («Рабочая Мысльдің» редакторы) мен Прокопович мырза (оның социал-демократтың «стихиялық шабытына» беріліп жүрген, бірақ «жоспарлы түрде қимыл жасайтын» кадет боларлықтай «ақылды» бола қоймаған кезіндегісі) сияқты. Лариннің кітапшасына Бельгия жұмысшы партиясы уставының мұқият аудармасы сондай мұқияттылықпен тіркеліпті! Қайырымды Ларин Россияға Бельгияның өнеркәсіп жағдайлары мен тарихын көшіріп әкелуді ұмытып кетіпті. Бірнеше буржуазиялық революциялардан *кейін*, Прудонның ұсақ буржуазиялық квазисоциализміне қарсы ондаған жылдар бойы жүргізілген күрестен *кейін*, өнеркәсіп капитализмінің дүниедегі ең жоғары дерліктей орасан зор дамуы *тұсында* — Бельгиядағы жұмысшы съезі мен жұмысшы партиясы пролетарлық емес социализмнен пролетарлық социализмге көшкендік болды. Россияда, ұсақ буржуазиялық идеялар мен ұсақ буржуазиялық идеологтарды *сөзсіз* көбейтетін буржуазиялық революцияның қызған шағында, шаруалар мен пролетариаттың аралық топтарында көбейе түскен «трудовиктік» ағым бар тұрғанда, он жыл дерлік тарихы бар *Социал-демократиялық* жұмысшы партиясы бар тұрғанда, жұмысшы съезі деген — онша табылған ақыл емес, ал эсерлермен қосылу деген (кім біледі оларды? бәлкім, 30 мың болар, әлде тіпті 60 мың да болып қалар — дейді Ларин аңқаусып) интеллигенттік алыпқашпа ғана.

Иә, иә, тарих та мысқылдауды біледі-ау шіркін! Меньшевиктер жылдардан жылдар бойы большевиктер эсершілдікке жақын деп жар салумен болып еді. Енді, міне, большевиктер жұмысшы съезін қабылдамай тастап отыр, сондағы *себебі нақ мынадай:* бұл съезд пролетар мен ұсақ қожайынсымақтың көзқарастарындағы

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 438—439-беттер. *Ред.*

айырмашылықты көмескілеген болар еді («Пролетарийдің» 3-номеріндегі Петербург Комитетінің қарарын[104] қараңыз). Ал *меньшевик* жұмысшы съезін қорғаумен байланысты *эсерлермен қосылуды* жақтап отыр. Бұл — құлақ естімеген нәрсе.

— Мен партияны тап ішінде ыдыратып жіберуді көздемеймін,— деп ақталады Ларин.—Мен тек 9 миллионның ішінен 900 мың авангардты ғана біріктіргім келеді (17-б. және 49-б.).

Фабрика-завод статистикасының 1903 жылғы ресми цифрларын алайық. Барлық фабрика-завод жұмысшылары — 1 640 406. Соның ішінде 500-ден астам жұмысшысы бар заводтарда — 797 997; 100-ден астам жұмысшысы бар заводтарда — 1 261 363. Аса ірі заводтардағы жұмысшылардың саны (800 мың) — Лариннің эсерлермен біріккен жұмысшы партиясы үшін шамалаған цифрынан сәл ғана кем!

Сонымен, Россияда социал-демократиялық партияның мүшелері қазірдің өзінде-ақ 150—170 мыңға тарта болып отырғанда, аса ірі заводтардың жұмысшылары 800 мың болып отырғанда, ірі-ірі кен кәсіпорындары (бұл жинаққа кірмегендері) бар тұрғанда, саудада, ауыл шаруашылығында, транспортта, т. т. толып жатқан таза пролетарлық элементтер бар тұрғанда—біздің тез арада 900 мың *пролетарды* партия мүшелері ретінде социал-демократияға қаратып ала алатынымызға Ларин сенбей ме?? Бұл сұмдық, бірақ бұл факт.

Бірақ Лариннің сенбеушілігі — тек интеллигент ойпікірінің жасықтығы ғана.

Біз мұндай міндетті жүзеге асыруға болатынына әбден сенеміз. «Жұмысшы съезі» және «бейпартиялық партия» авантюрасына қарсы біздің ұсынатын ұранымыз: біздің *социал-демократиялық партиямызды* бес есе, он есе *ұлғайта беру,* бірақ ұлғайтқанда, көбінесе және *тек қана* нағыз пролетарлық элементтермен және тек қана революциялық марксизмнің идеялық туы астында ұлғайта беру*.

* Лариннің партияға кәсіптік одақтарды кіргізу туралы ұсынысы жөнсіз. Мұның өзі жұмысшы қозғалысын және оның базасын тарылтады. Қожайындарға қарсы күреске біз әрдайым да социал-демо-

Қазір, ұлы революциядан кейін бір жылдан соң, әр алуан партиялар тездікпен дамып отырған кезде, пролетариат дербес партия болып барлық уақыттағыдан да гөрі тезірек бөлініп келеді. Дума сайлауы бұған (әрине, кадеттермен оппортунистік блоктар жасамаса) көмектеседі. Жалпы буржуазияның және әсіресе ұсақ буржуазияның *(эзестер)* опасыздығы революциялық социал-демократияны ығайтады.

Біз Ларинпің көздеген «мұратына» (900 мың партия мүшесіне) жетеміз — біз сол жолдың өзінде авантюра арқылы емес, қажырлы жұмыс арқылы бұл мұраттан тіпті асып та түсеміз. Партияны *пролетарлық* элементпен ұлғайта беру қазір шынында да керек нәрсе. Питерде не бары 6 мың партия мүшесі болуы (Санкт-Петербург губерниясында 500 және одан да көп жұмысшысы бар заводтарда 81 мың жұмысшы; барлығы 150 мың жұмысшы бар), Орталық өнеркәсіпті ауданда не бары 20 мың партия мүшесі болуы (500 және одан да көп жұмысшысы бар заводтарда 377 мың жұмысшы; барлығы 562 мың жұмысшы бар) олқы соғады. Мұндай орталықтарда жұмысшыларды партияға бес есе, он есе көп тарта *білу* керек*. Бұл жөнінде Лариннің айтып отырғаны әбден және сөзсіз дұрыс. Бірақ біз интеллигенттік пасықтық пен интеллигенттік күйгелектікке беріліп кетпеуге тиіспіз. Біз бұған өзіміздің *социал-демократиялық* жолымызбен, авантюрасыз-ақ жетеміз.

кратиялық саясат жолындағы күрестен гөрі анағұрлым көп жұмысшыларды бірлестіреміз. Сондықтан (большевиктер бейпартиялық кәсіподақтарға қарсы болып келді деп Лариннің *теріс* мәлімдеуіне қарамастан) — сондықтан біз бейпартиялық кәсіподақтарды жақтаймыз, сондай-ақ «Не істеу керек?» деген «якобиншіл» (оппортунистердің пікірінше, якобиншіл) кітапшаның авторы оларды тіпті *1902 жылы-ақ* жақтаған болатын. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 122—123-беттер. *Ред.)*

* «Тарта білу» керек дейтініміз: мұндай орталықтарда социал-демократ жұмысшылардың саны партия мүшелерінің санынан, күмән жоқ, әлденеше есе көп. Бізде кереғаулық бар, онымен күресу керек. Тиісті жерлерінде lose Organisationen-дерді — анағұрлым еркін, кең, қол жетерлік *пролетарлық* ұйымдарды — икемдей білу керек. Біздің ұранымыз: бейпартиялық жұмысшы съезі мен бейпартиялық партияға қарсы тұрып, *социал-демократиялық жұмысшы* партиясын *ұлғайту!*

IV

Ларин жолдастың кітапшасындағы жалғыз-ақ «сүйіншті жері» — оның кадеттермен блок жасасуға қызына наразылық білдіруі. Оқушы бұл жөнінде газетіміздің осы номеріндегі тағы бір мақаладан меньшевизмнің осы маңызды мәселедегі барлық ауытқуларын сипаттаумен байланысты толық цитаттар табады[105].

Ал бұл арада бізге керегі — меньшевик Ларин сияқты «беделді» куәның меньшевизмге беріп отырған жалпы сипаттамасы. Ол нақ осы кадеттермен блок жасасу жөнінде *«тұрпайы-төрешілдік меньшевизмге»* қарсы наразылық білдіреді. «Төрешілдік меньшевизм», деп жазады ол, «социал-демократияның буржуазия лагеріндегі дұшпандарымен бірігіп, өзіне өзі ор қазуға дейін бар». Плехановқа қарсы өз пікірлерін қорғауда Ларин Мартовқа қарағанда артығырақ қайрат көрсете ала ма, жоқ па, біз оны білмедік. Алайда Лариннің «ресми» және «төрешілдік» меньшевизмге қарсы көтерілуі тек кадеттермен блок жасасуға ғана қатысты емес. Ларин, мәселен, меньшевизм жөнінде былай дейді: «заманы өтіп бара жатқанның бәрі төрешілдік сарын алады»!! (65-б). Меньшевизмнің заманы өтіп, «европалық реализмге» орын беруде. «Меньшевизмнің мәңгі сары уайымы, жартыкештігі, солқылдақтығы осыдан шығады» (62-б.). Жұмысшы съезі жайындағы әңгімелер туралы ол былай деп жазады: «Осы әңгімелердің бәрінен бір түрлі бүкпешілдіктің, бәлкім, іштей пісуі жеткен нәрсені сыртқа естірте айтуға бата алмайтын ой жасқаншақтығының зардабы сезіледі» (6-б.), т. т.

Біз меньшевизмнің бұл дағдарысының, оның бұл сияқты төрешілдікке айналып кетуінің астарын енді білеміз»*: ол — ұсақ буржуазиялық интеллигенттің бұдан

* Тағы да тарихтың мысқылы! Меньшевиктер 1903 жылдан бастапақ большевиктердің «формализмін», «бюрократизмін» айтып айқайлаумен болды. Сол кезден бері қарай жалпы партиялық және «формальды» прерогативтер ылғи солардың қолында болып келді. Енді келіп *меньшевик* меньшевизмнің *төрешілдікке* айналып кеткенін сипаттайды. Большевиктердің өздерін-өздері ақтауы үшін мұнан артық еш нәрсе болмас. Ларин меньшевизмнің төрешілдігін оның шын орын тепкен жерінен іздемейді. Төрешілдіктің қайнар көзі — Аксельрод пен Плехановтың европеизм деп меньшевиктер арасына енгізіп жүрген оппортунизмнің нақ өзі. Швейцария мещанының көлденең

былайғы революциялық күрестің мүмкіндігіне сенбегендігі, революцияны аяқталды деп мойындаудан қорыққандығы, реакцияның біржолата жеңгендігін мойындаудан қорыққандығы. «Меньшевизм — тек түйсікпен жартылай стихиялық түрде партияны көксеу болды» дейді Ларин. Меньшевизм дегеніміз — интеллигенттің шолтиған конституция мен бейбіт заңдылықты стихиялық түрде көксеушілігі дейміз біз. Меньшевизм дегеніміз — реакцияны бейне бір объективті тұрғыдан мадақтаушылық, мадақтау болғанда революциялық ортадан шығатын мадақтаушылық.

Большевиктер әуел бастан-ақ, Женевада шыққан «Вперед»[106] газетінде-ақ (январь — март, 1905 ж.), «Екі тактика» деген кітапшада-ақ (июль, 1905 ж.) мәселені мүлде басқаша қойған болатын. Буржуазиялық революциядағы әр түрлі таптардың мүдделері мен міндеттерінің қайшылықты екені жөнінде ешбір қателеспестен, большевиктер сол кездің өзінде-ақ: мүмкін орыс революциясы конституциялық түсік тастаумен тынар* деп тура айтқан болатын. Революцияшыл пролетариаттың жақтаушысы және идеологы ретінде, біз өз борышымызды ақыр-аяғына дейін орындаймыз,—біз либералдардың барлық опасыздықтары мен арамдықтарын, ұсақ буржуаның барлық бұлталағын, бүкіл жасқаншақтығы мен солқылдақтығын баса-көктеп, өзіміздің революциялық ұрандарымызды алып өтеміз, біз—революциялық мүмкіндіктердің *барлығын да* ақырына дейін сарқа пайдаланамыз,— біз көтеріліс жолына *ең алдымен* түскенімізді, ал бұл жолмен жүру іс жүзінде мүмкін болмай қалған кезде, оны жұрттың *ең соңынан* тастап шыққанымызды мақтаныш етеміз. Біз тіпті қазіргі кездің өзінде де барлық революциялық мүмкіндіктер мен перспективалар сарқылып бітті деп мойын-

---

әсерден туған идеологиясы мен дағдыларында европеизмнің ізі де жоқ. Мещандық Швейцария, бұл — қазіргі Европаның, революциялық дәстүрлері бар және қалың бұқараның тап күресі шиеленіскен Европаның қараша үйі ғана. Ал төрешілдікке келетін болсақ, ол тіпті Плехановтың жұмысшы съезі (партия съезіне қарсы жұмысшы съезі) туралы мәселе қойысынан-ақ әбден білінген болатын. Ларин оның мәселені дәл осылай қоюына шын ниетімен барынша қызу наразылық білдіріп отыр.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 25-бет. *Ред.*

даудан әлдеқайда аулақпыз. Біз көтерілісті және оған қажырлы, табанды түрде, ұзақ әзірлік жүргізілуін тура, ашық уағыздаймыз.

Ал енді біз революцияны аяқталды деп мойындаған кезде, мұны біз тура және ашық айтамыз. Біз барлық тікелей-революциялық ұрандарымызды (құрылтай жиналысы секілді) оз платформамыздан бүкіл халық алдында алып тастаймыз. Біз озімізді де, озгелерді де иезуиттік софизмдермен *(кадеттер үшін* «толық билікті Дума» деген Плехановтың софизмі тәрізді *) алдамаймыз. Біз реакцияны ақтамаймыз, реакциялық конституционализмді таза реализмнің негізі деп атамаймыз. Буржуазияның опасыздықтары мен ұсақ қожайынсымақтардың бұлталақтауы буржуазиялық революцияның түбіне жеткенін, енді жаңа, социалистік революцияны пролетариаттың өзі-ақ әзірлеп, жүзеге асыратынын біз пролетариатқа айтамыз және дәлелдеп те береміз. Міне, сондықтан да, революцияның құлдырауы жағдайында, яғни буржуазияның бүтіндей опасыздығы жағдайында біз енді оппортунистік буржуазия түгіл, тіпті революциялық буржуазияның өзімен де еш уақытта ешқандай блок жасасуға бармаймыз,— өйткені революцияның құлдырауы буржуазиялық революционизмнің сылдыр сөзге айналып кетуі болар еді.

Міне, сондықтан Лариннің большевизм көп ұзамай дағдарысқа ұшырайды, оның демі бітті, большевиктер қашанда меньшевиктердің соңынан сүйретіліп келген, т. т. деп жар салып, біздің адресімізге аямай жаудырып жатқан ашулы сөздері бізге ешбір әсер етпейді. Бұл сияқты түйремек, шымшымақ болған әрекеттердің бәріне біз тек мығымыздан күлеміз де қоямыз.

Жекелеген кісілердің большевиктерден қол үзіп кетуі болған және болады да, бірақ біздің бағытымызда *дағдарыс болуы* мүмкін емес. Істің мәнісі мынада: біз әуел бастап-ақ (қараңыз: «Бір адым ілгері, екі адым кейін»**) былай деп мәлімдеген болатынбыз: біз ешқандай да бір ерекше «большевиктік» бағыт шығарып жүргені-

---

* Қараңыз: осы том, 153-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 199—442-беттер. *Ред.*

міз жоқ, біз барлық жерде және әрдайым *революциялық социал-демократияның* көзқарасын ғана қорғап келеміз. Ал енді әлеуметтік революцияның тап өзіне жеткенше, социал-демократияда оппортунистік қанат пен революциялық қанат болмай тұрмайды.

Бұған көз жеткізу үшін «большевизмнің» тарихын жай шолып шыққа болғаны.

1903—1904 жыл. Меньшевиктер ұйымда демократизм болуып уағыздайды. Қашан партия ашықтан-ашық бой көрсетіп шыққанға дейін большевиктер мұны интеллигенттік сылдыр сөз деп атайды. Меньшевик *Рабочий* Женевада шыққан кітапшада (1905 ж.)[107] меньшевиктерде іс жүзінде ешқандай демократизм болмағанын *мойындайды*. Меньшевик Ларин олардың «сайлау негізі жайындағы сөздері» «ойдан шығарылған нәрсе» болғанын, «тарихты алдау» әрекеті болғанын, ал іс жүзінде меньшевиктердің «Санкт-Петербург» тобында сайлау негізі тіпті 1905 жылдың күзінде де болмағанын» (62-б.) *мойындайды*. Ал большевиктер октябрь революциясынан кейін партия ішінде *іс жүзінде* демократизмге көшкендерін «Новая Жизнь»[108] газетінде *бірінші* болып дереу жариялады*.

1904 жылдың аяқ кезі. Земство науқаны. Меньшевиктер либералдардың соңынан ереді. Большевиктер земствошылар алдында «жақсы демонстрациялар» өткізуді теріс көрмейді (жиі таратылып жүрген өсек-аяңға қарамастан), бірақ күрес майданында *екі* күш бар (патша және либералдар), земствошылардың алдында бой көрсетіп өту — демонстрацияның ең жоғарғы типі болып табылады дейтін «интеллигенттердің нашар пайымдауларын»** қабылдамайды. Енді земство науқанының «ойдан шығарылған нәрсе» екенін (62-б.), «не қилы ми жетпес, құйтырқы нәрсе» екенін (57-б.) меньшевик Лариннің өзі де мойындап отыр.

1905 жылдың бас кезі. Большевиктер көтеріліс тура-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 87—98-беттер. *Ред.*

** Женевада шығатын «Впередтің» 1-номеріндегі (январь, 1905 ж.) «земство науқаны жоспарын» сынауға арналған фельетонның тақырыбы мынадай болған: «Пролетарлардың жақсы демонстрациялары және кейбір интеллигенттердің нашар пайымдаулары туралы». (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 145—151-беттер. *Ред.*)

лы, оған әзірлік жасау туралы мәселені ашықтан-ашық, тура қояды. III съездің қарарында олар *стачканың көтеріліспен ұштасатынын* болжап көрсетеді. Меньшевиктер бұлталаққа салады, көтеріліс міндеттерінен жалтарады, бұқараны өз бетімен каруланууды қажетсінумен жарақтандыру туралы сөз етеді.

1905 ж., август — сентябрь. Меньшевиктер (Парвус жаңа «Искрада»[109]) Булыгин Думасына қатысуға шақырады. Большевиктер оған белсенді бойкот жариялауға, көтерілісті тікелей уағыздауға шақырады.

1905 ж., октябрь — декабрь. Стачкалар мен көтерілістер түріндегі халық күресі Булыгин Думасын жайпап кетті. Меньшевик Ларин Бірігу съезіндегі жазбаша мәлімдемесінде: революцияның ең жоғары өрлеуі дәуірінде меньшевиктер большевиктерше қимылдады деп мойындайды. Уақытша үкіметтің жаңа ғана пайда бола бастаған органдарында біздер, социал-демократтар, революциялық буржуазиямен бірлесе, қатарласа қатысамыз.

1906 жылдың бас кезі. Меньшевиктер торығуда. Думаға да сенбейді, революцияға да сенбейді. Олар Думаға бойкот жариялау үшін Дума сайлауын өткізуге шақырады (*Ларин,* 57-б.). Большевиктер революцияшыл топтардың ішінде *ешкім* сенбеген екінші Думаға бойкот жариялау үшін мүмкін болғанның бәрін істеп, өздерінің революционерлік борыштарын орындап шығады.

1906 ж., май — июнь. Дума науқаны. Буржуазияның опасыздығы себепті бойкоттың сәті түспеді. Большевиктер революциялық жұмысты бұрынғыдан нашар да болса жаңа жағдайда жүргізеді. Дума кезінде біздің тактикамыз, революцияшыл социал-демократтардың тактикасы, бүкіл халықтың көз алдында оппортунизмнен одан сайын айқынырақ бөлектене түседі, бұл тактика: Думада кадеттерді сынау, кадеттердің ықпалынан трудовиктерді шығару жолындағы күрес, думалық жалған үміттерді сынау, Думадағы солшыл топтардың революциялық бағытта жақындасуын уағыздау.

1906 ж., июль. Думаның қуылуы. Меньшевиктер дереу демонстрация-стачка жасалуын, ішінара бой көрсе-

туді қуаттап, әбігер болады. Большевиктер бұған қарсылық білдіреді. *Ларин бұл туралы айтқанда, Орталық Комитеттің 3 мүшесінің партия мүшелеріне арналып басылған наразылығын бүгіп қалып отыр.* Бұл жанжал жөнінде Ларин өтірік айтып отыр. Большевиктер демонстрацияның қисынсыздығын көрсетеді, көтерілісті *біраз кейінірек* жасауды жақтайды*. Меньшевиктер революциялық буржуазиямен бірігіп, көтеріліске шақырған үндеулерге қол қояды.

1906 жылдың аяғы. Большевиктер буржуазияның опасыздығы орағытпа жолға түсуге, Думаға баруға мәжбүр ететінін мойындайды. Блок атаулының бәрі жойылсын! Әсіресе кадеттермен блок жасасу жойылсын! Меньшевиктер блок жасасуды жақтайды.

Жоқ, Ларин жолдас, Россия социал-демократиясының революциялық қанаты мен оппортунистік қанаты арасындағы күрестің бұл сияқты барысынан бізге ұят келмейді!

«Пролетарий» № 9,
7 декабрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 358—360-беттер. *Ред.*

ЖҰМЫСШЫ СЪЕЗІ ЖӘНЕ ЭСЕРЛЕРМЕН БІРІГУ

(ЗАМЕТКА)

«Пролетарийдің» 9-номерінен[110] оқушыларымызға қазірдің өзінде белгілі болып отырғанындай, меньшевик Ю. Ларин өз кітапшасында бейпартиялық жұмысшы съезін жақтаған және социал-демократиялық партияның эсерлермен, поляк социалистік партиясымен, жалпы «социалистік» партия атаулының бәрімен бірігуін жақтаған пікір айтады. Сонымен қатар, эсерлер партиясы мүшелерінің саны белгісіз деп Ю. Ларинніц өзі айтып отыр. Социалист-революционерлер, оның айтуынша, өз партиясында 50—60 мың мүше бар деп санайды. Мұнда асыра айтушылық болар деп ұйғарып, Ю. Ларин эсерлерде мүше сапын 30 мыңнан кем деп санауға болмас дейді.

Ларинніц 50—60 мың деген цифрды қайдан алғанын біз білмейміз. Ол қайдан алғанын көрсетпейді. Біз эсер әдебиетінен мұндай «деректерді» кездестірген емеспіз. Эсерлер партиясының бірінші съезінің (1905 ж. декабрьдегі) бірден-бір толық басылған протоколында социалист-революционерлер партиясы мүшелерінің саны туралы *ешқандай деректер жоқ*. Ондай деректердің болуы да мүмкін емес еді, өйткені Россияда партия съезіне партияның барлық мүшелері қатынасатын сайлауды және сонымен қатар партия мүшелерінің белгілі бір сапына пропорциялы етіп өткізілетін сайлауды социал-демократиялық партиядан басқа ешқандай партия өткізген емес. Бұл принципті большевиктердің Орталық Комитеті атынан 1905 ж. ноябрьде «Новая Жизнь» га-

зетінде социал-демократиялық партия ғана жариялады[111], оның бер жағында 1905 ж. декабрьде болған большевиктік ұйымдардың Бүкіл россиялық конференциясына[112] партияның әрбір 300 мүшесінен бір адамнан сайланған өкілдер келді. Бүкіл партия бойынша съезге қатысатын өкілдерді осы негізде сайлау РСДРП-ның Бірігу (Стокгольм) съезінде алғаш рет қолданылды; соның өзінде съезді шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің құрамы: күресуші екі фракциядан, большевиктер мен меньшевиктерден, тең болуы бақылаудың (белгілі дәрежеде) элементі болды.

Сонымен, Лариннің ең көбі 50—60 мың деген цифрды қайдан алғаны мүлде белгісіз қалып отыр. Ал осы цифр арқылы (РСДРП мүшелері санының үштен біріне жуық) ол екі партия біріккен жағдайда социал-демократтардың эсерлерден басымдығы толық қамтамасыз етіледі деген пікірді оқушылардың құлағына құяды. Лариннің қатесі «Пролетарийдің» 9-номеріндегі фельетонда-ақ айтылып, бірігуге принципті түрде жол беруге болмайтындығы былай тұрсын, ондай бірігу іс жүзінде «татулық пен тиімді жұмыстың» орнына талас-тартысты ғана күшейткен болар еді деп көрсетілген болатын. Біздің айтқанымыздың дұрыстығын француздың социалистік «L'Humanité»[113] газетінде Леон Ремидің 1906 ж. 17 декабрьде (жаңаша) жарияланған мақаласы жақсылап растап берді. Эсерлер партиясының шетелдегі *ресми* органы «tribune Russe»[114]-нің *деректеріне сүйеніп,* Леон Реми былай деп хабарлайды: эсерлер партиясының «Советі» «эсерлер партиясында 150 000 шамасы ұйымдасқан мүше бар деп, ал егер кейбір облыстық комитеттердің уставты қалай ұғатынын ескеріп, мүшелік дегеннің неғұрлым кеңірек түсінігін алсақ, онда 200 000 мүше бар деп есептейді».

Кісі күлерлік осы цифрдың қайдан шыққаны туралы оқушылардың өз пікірін айтуы үшін Ремидің мақаласында аудандар бойынша көрсетілген деректерді *түгел* келтірейік. Солтүстік-батыс — 21 мың; Поволжье — 14 мың («ал егер партия программасын қабылдайтындардың бәрін есептесек, онда екі есе дерлік»); Солтүстік Кавказ — 21 мың; Закавказье — 17,9 мың; Орталық —

26 мың (соның ішінде Москвада 5000. Бір ғажабы, осы бес мыңды біздің москвалық жолдастар тіпті лупа арқылы да. іздеп таба алмай отыр); Солтүстік — 20 мың.

Оқушыға мынадай жұмбақтың шешімін табуды ұсынамыз: ұшқалақтықты көбірек байқатып отырған кім — 1) эсерлер ме, 2) Ларин бе әлде 3) Плеханов пен Аксельрод па?

Егер соңғы екеуі эсерлермен бірігу туралы мәселеде өздерінің құлдық ұрып табынушысы Ю. Лариннен бас тартқанда да, одан істің жайы тіпті де жақсармайды. Бұл үшін «бүкіл россиялық өкілдерді» өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жұмысшыларынан, батырақтардан немесе күндікшілерден және шаруалардан, майдагерлерден немесе қол өнершілерден және жұмысшылардан, т. т. ажыратып қарау туралы ойлаудың өзі-ақ жеткілікті.

«Пролетарий» № 10,
20 декабрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің текст бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ ОДАҚТАСЫ

К. Каутский «Neue Zeit»-тің[115] жаңа ғана шыққан номерлеріндегі «Орыс революциясының қозғаушы күштері және перспективалары» деген мақаласының соңғы тарауын осылай атапты. Каутскийдің басқа еңбектері сияқты, бұл мақаланың да тез арада орыс тіліне аударылып шығатынына күмән жоқ. Мұнымен барлық социал-демократтардың танысуы сөз жоқ қажет нәрсе, олай болатыны — марксизмнің *неміс* теоретигінен *біздің* тактикамыздың көкейтесті мәселелеріне жауап күтуге болғандығынан емес (егер орыс социал-демократтары мұндай жауапты алыстан күтсе, онда олардың жақсы болып шықпағаны да), олай болатыны — Каутский Россия буржуазиялық революциясындағы бүкіл социал-демократиялық тактиканың *негіздерін* тамаша қисынды түрде қарастырады. Біздің партияның барлық мүшелеріне, күнделікті ұсақ-түйек жұмыстан бас көтере алмай, принципсіз либерал-буржуазиялық шимайшылардың қашанғы бейпіл ауыздығынан құлақтары сарсыған саналы жұмысшылардың барлығына ойлы, білгір және тәжірибелі социал-демократтардың бұл сияқты шығармалары өте-мөте маңызды; мұндай шығармалар күнделікті күйбең сарыннан жоғары көтеріліп, пролетариат тактикасының түбірлі мәселелерінің егжей-тегжейіне үңілуге, социал-демократиядағы түрліше ағымдардың принциптік тенденциялары мен ойлау әдістерінің өзін де айқынырақ түсініп алуға мүмкіндік береді.

Каутскийдің ең соны мақаласы бұл жағынан өте-мөте маңызды, өйткені бұл мақала Плехановтың Каут-

скийге (шетелдік өзге де социалистердің ішінде) берген сұрақтарының *сипатын* Каутскийдің сол сұрақтардың кейбіреуіне жауап қайтару *тәсілімен* салыстыруға мүмкіндік береді.

Бүгіп (10 декабрьде) «Товарищте» кадет Мельгунов «орыс социал-демократиясының *бұрынғы* лидері және теоретигі» деп дәл тауып атаған Плеханов Каутскийден (1) орыс революциясының «жалпы сипаты» туралы: бұл революция буржуазиялық па әлде социалистік пе? деп сұраған; (2) социал-демократияның буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы және (3) Дума сайлауындағы социал-демократияның тактикасы туралы сұраған.

Орыс оппортунистерінің көсемі кадеттермен блок жасасуды Каутскийге қалайда мақұлдатып алғысы келді. Неміс революцияшыл социал-демократтарының көсемі сұрақ авторының бұл сұрақтарда туралап айтылмаған нәрселерге жауапты өзі тықпалап отырған ниетін сезіп қойыпты да, буржуазиялық революция туралы және жалпы буржуазиялық демократия туралы мәселелерді марксистің қалай *қоюға* тиіс екені жөнінде Плехановқа байсалды, тыңғылықты түрде, насихат тілімен жазылған *түсініктеме* арқылы жауап беруді артық көріпті. Енді Каутскийдің осы түсініктемесіне зер салыңқырап қарайықшы.

Орыс революциясын абсолютизмді құлатуға бағытталған қозғалыс деп қарау үстірттік болар еді. Оны халықтың қалың бұқарасының дербес саяси қимыл жасауға оянғандығы деп қарау керек. Каутскийдің негізгі пікірі осындай.

Мұның мәнісі мынада. Социал-демократияның міндеттерін талдағанда саяси бостандыққа жету мақсатын (абсолютизмді құлату) және осы міндеттің түрлі таптарға «ортақтығын» көрсетіп қана қою үстірт талдау болып шығар еді. *Бұқараның* хал-жайына, олардың өмірінің объективті жағдайларына, олардың ішіндегі таптардың айырмашылығына, олардың *іс жүзіндегі* көздейтін бостандығының *шын мазмұнына* қарау керек. Мүдделер бірлігін жалпы сөзден қорытып шығарудың қажеті жоқ, түрліше таптардың бірлесіп күресуін

жалпы «саяси бостандықтан» қорытып шығарудың қажеті жоқ, — қайта, мұның керісінше, түрліше таптардың бостандық жолындағы күрестері, бостандыққа ұмтылуы атап айтқанда қаншалықты және атап айтқанда қай мәселеде ұқсас келетінін немесе үйлесетінін (және үйлесе ме?) олардың хал-жайы мен мүдделерін дәлме-дәл талдау арқылы қорытып шығару керек. Кадетше, либералша пайымдамау керек, Прокопович мырзалар мен К° сияқты пайымдамау керек, *марксисше* пайымдау керек.

Одан соң. Егер көздегеніміз бұқараның мүдделері болса, онда орыс революциясының негізгі түйіні — *аграрлық* (жер туралы) мәселе. Революцияның жеңілгені не жеңгені жайындағы қорытындыны үкіметтің зорлық-зомбылығына және «реакцияның» көріністеріне (бұл көріністер кадеттікке салынған көптеген социал-демократтардың бар зейінін аударуда) қарап шығармау керек, бұқараның жер үшін күресіндегі хал-жайын еске ала отырып шығару керек.

Ауыл шаруашылығы — Россияның халық шаруашылығының негізі. Егіншілік құлдырап, шаруалар күйзеліске ұшырауда. Мұны керек десе либералдар да (Каутский кадеттер Петрункевич пен Мануиловтан цитат келтіреді) мойындайды. Бірақ *бұл* көзқарастардың либералдар мен социалистерге ортақ екенін көрсете келіп, Каутский мұнымен қанағаттанып қалмайды. Ол мұнан «демек, социал-демократтар кадеттерді қолдауға тиіс» деген кадеттік қорытынды шығаруға өзіне ырық бермейді. Ол бірден-ақ *таптық мүдделерді* талдауға көшеді де, либералдардың аграрлық мәселедегі жартыкештігінің *сөзсіз* екендігін көрсетеді. Жалпы егіншіліктің құлдырауын мойындай отырып, либералдар егіншіліктің капиталистік сипатын және осыдан туатын, басқа емес, нақ капиталистік эволюцияның тоқырауының ерекше себептері жөніндегі мәселені түсінбейді.

Сонымен, Каутский осы ерекше себептердің біреуін, атап айтқанда Россияда капиталдың жеткіліксіздігін егжей-тегжейлі талдайды. Шетел капиталы бізде ерекше көрнекті роль атқарады. Мұның өзі егіншіліктің капиталистік жолмен дамуын кідіртеді. Каутскийдің

қорытындысы мынадай: «Өнеркәсіп пролетариаты күштерінің өсуімен қатар ауыл шаруашылығының құлдырауы қазіргі орыс революциясының басты себебі болып табылады».

Көріп отырсыздар: Каутский Россиядағы буржуазиялық революцияның ерекше сипатын зейін қойып, мұқият зерттейді, кадеттер мен кадеттікке салынған социал-демократтарға ұқсап, буржуазиялық революция атаулының «жалпы сипатына» доктринерлерше иек көтере салып, бұл ерекшеліктерді орағытып жүре бермейді.

Одан әрі Каутский аграрлық мәселенің шешілуін талдайды. Ол бұл арада да: әне кадеттік Дума да шаруаларға жер берілуін жақтайды (Плехановтың жазбаларын қараңыз) деп, либералдардың жауыр болған сылдыр сөзін қайталаумен қанағаттанбайды. Жоқ. Ол шаруаға ақшалай зор көмек болмайынша, үлесті жердің бір өзін көбейткенмен, түк шықпайтынын көрсетеді. Шаруаларға шын мәнінде көмек көрсетуге абсолютизмнің шамасы жоқ. Ал либералдар ше? Олар құнын төлеп алуды талап етеді. Ал құнын төлеп алу шаруаларды күйзелтпей қоймайды. «Тек ірі жер иелігін *конфискелеу ғана*» (курсив Каутскийдікі) шаруаға жаңа ауыртпалық жүктемей, оның үлесті жерін едәуір арттыра алады. Бірақ либералдар конфискелеуге үзілді-кесілді қарсы.

Каутскийдің осы пікірі тоқталып өтуге тұрарлық. Кімде-кім Россияның революцияшыл топтарындағы партиялық сарынмен азды-көпті толығырақ таныс болса, ол адам революциялық *екі* партияның да оппортунистері нақ құнын төлеп алу туралы мәселеге келгенде либералдық көзқарасқа бой ұрып кеткені былай тұрсын, тіпті оның үстіне Каутскийді де бұрмалап жүргенін жақсы біледі. Біздің меньшевиктер Бірігу съезінде де, Петербургте болған бірқатар жиналыстарда да (мәселен, Питер жұмысшылары алдында Данның съезд туралы берген жазғы есептерінде) аграрлық программадағы большевиктердің күшімен өткен пунктті дұрыс емес деп көрсетті, большевиктер ондағы «иеліктен айыру» дегеннің орнына (Масловтың алғашқы жобасын қараңыз)

сөзсіз конфискелеу деген сөз жазылсын деп талап еткен-ді. Біздің меньшевиктер мұны дұрыс емес деді, тек тұрпайы революционизм ғана конфискелеуді талап ете алады деді, әлеуметтік төңкеріс үшін құнын төлеп алудың болған-болмағаны маңызды емес деді; мұның өзінде олар Каутскийдің «Әлеуметтік революция» деген кітапшасына сүйенді; ал мұнда Каутский жалпы социалистік революция жөнінде құнын төлеп алуға жол берілетінін түсіндірген болатын. Сондай-ақ, эсер меньшевиктер де, жартылай кадет энестер де құнын төлеп алу туралы мәселеде өздерінің либерализмге қарай бет бұрыс жасағандарын тап осылайша қорғады («Халықтық Социалистік Шолу»[116] басылымдарының бірінде) және тап осылайша олар да Каутскийге сүйенді.

Каутский, сірә, бұл мәселе жөнінде меньшевитердің әрекетін де, энестер мен олардың тобының саясатының маңызын да білмейтін болар. Бірақ ол орыс революциясында құнын төлеп алу туралы мәселе *қоюымен* тағы да біздің барлық оппортунистерімізге қалайша пайымдауға болмайтыны жөнінен тамаша тағылым берді. Әр түрлі революцияларда, немесе жалпы алғанда социалистік революцияда, құнын төлеп алу мен конфискелеудің арақатынасы жайындағы *жалпы* қағидаларға сүйеніп, *1905—1906 жылдардағы Россияда* құнып төлеп алудың болу-болмауы туралы қорытынды шығаруға болмайды. Керісінше істеу керек. Біздің Россияда құнын төлеп алу туралы мәселе қойысымыздың ерекшеліктерін қандай таптар туғызып отырғанын талдау керек, бұл мәселенің осы революциядағы саяси маңызын осы таптардың мүдделерінен қорытып шығару керек, содан кейін ғапа әр түрлі партиялардың көзқарастарының дұрыс-бұрыстығын бағалау керек.

Осы жолмен талдай отырып, Каутскийдің құнын төлеп алу туралы мәселеде либералдар мен революционерлер арасындағы айырмашылықты *бүркемелеуге* емес (плехановшылдар мен энестер әрдайым осылай істеді), қайта бұл айырмашылықтың *негізін* анықтауға жеткені өзінен-өзі түсінікті. Плеханов Каутскийге өз сұрақтарын бергенде, нақты мәселелерді сырт қалдыру арқылы «оппозициялық» қозғалыс пен «революциялық» қозға-

лыстың айырмашылығын бүркемеледі. Каутский Плехановтың бұл бүркемелеуін сыпырып тастап, құнын төлеп алу жөніндегі маңызды мәселені жарық дүниеге шығарды, сөйтіп шаруалардың революциялық қозғалысына қарсы тек қаражүздіктер ғана емес, *сонымен қатар либералдар да* «өзінше» күресіп жатқанын Плехановқа көрсетіп берді.

«Тұрақты әскерді жоймайынша,— деп жазады Каутский,— соғыс флотын жасауды тоқтатпайынша, патша әулетінің және монастырьлердің бар дәулетін конфискелемейінше, мемлекет банкрот болмайынша, ірі монополиялар әлі жеке адамдардың қолында болып отырғандықтан соларды, темір жолдарды, мұнай көздерін, кен рудниктерін, темір қорытатын заводтарды т. б. конфискелемейінше,—орыс ауыл шаруашылығын қазіргі күйзеліс жағдайынан шығару үшін оған керекті қыруар соманы алатын басқа жер жоқ».

Большевиктердің утопизмі мен қиялшылдығы туралы айта беретін меньшевиктердің дағдылы сөздерін, мәселен, Плехановтың съезде аграрлық талаптардың радикализмі мен саяси радикализмді (тұрақты әскерді жою, чиновниктерді халықтың сайлап қоюы, т. т.) ұштастыру талаптары жөніндегі сөйлеген сөздерін еске түсіріңіздерші[117]. Тұрақты әскерді жою және чиновниктерді халықтың сайлап қоюы дегенді Плеханов мысқылдап күлді! Плехановтың «Современная Жизнь» журналы[118] саяси оппортунизмді «саяси материализм» (??) деп атап және оны «революциялық романтикаға» қарсы қойып, «Наше Делоның» бағытын *мақұлдайды.*

Бақсақ, өте сақ Каутскийдің өзі ең бір беткей деген большевиктен де *анағұрлым әрі кетіп отыр екен, аграрлық мәселеге байланысты* анағұрлым «утопиялық» және «романтикалық» (оппортунистің көзқарасы тұрғысынан) талаптар қойып отыр екен!

Каутский тек помещиктік жерлерді конфискелеуді ғана, тұрақты армияны жоюды ғана талап етіп қоймайды, оның үстіне *ірі-ірі капиталистік монополияларды конфискелеуді де* талап етеді!

Сөйтіп, Каутский жоғарыда келтірілген сөздерден кейіп іле-шала мейлінше дәйектілікпен былай деп ескер-

теді: «Осыншалық зор міндеттерден, қазіргі мүлік қатынастарындағы осыншалық үзілді-кесілді өзгерістерден либералдар қорқады, бұл айқын нәрсе. Іс жүзінде, олар қазіргі саясатты жүргізе беруді тілейді, сөйтіп бөтен ел капиталдарының Россияны қанауының негіздерін бұлжытпай қалдырғысы келеді. Олар тұрақты әскердің болуын жапып сала жақтайды, осы тұрақты әскер ғана тәртіпті қамтамасыз ете алады және *оларға өздерінің меншігін сақтап* бере алады деп біледі...»

Плеханов оған қиянат жасады деп наразылық білдіреді; ол Каутскийден Дума сайлауында оппозициялық партияларды қолдаудың жайын ғана сұраған еді, ал оған басқа тақырыпта жауап беріліпті! Думаның сайлауы қайда, тұрақты әскерді жою қайда! Қиялшылдың анархистік ойынан туған неткен нәрсе бұл, оппортунистің талап етіп отырған «саяси материализмінің» орнына неткен революциялық романтика бұл!

Ал Каутский болса, Думаның сайлауы жөніндегі сұраққа қайтарған жауабында либералдарды «әдепсіз» сынауын коймайды. Каутский оларды айыптағанда, әскер қажетіне деп және заем төлемдері деп орыс халқынан бұрынғыша миллиардтаған сом ақшаны сығып алмақшы болғаны үшін айыптайды. «Олар (либералдар) миллиардтаған қаржыны кереметтің күшімен жер астынан болса да қазып алу үшін Думаны құрудың өзі-ақ жеткілікті деп ойлайды». «Бұл іске (орыс шаруаларын қанағаттандыруға) патша өкіметінің қабілеті қандай аз болса, либерализмнің де қабілеті сондай аз». Либерализмнің социал-демократияға көзқарасы қандай екенін анықтауға Каутский әдейі бір тарауды арнайды. Ол Россияда қаланың ұсақ буржуазиясы басым келетін ескі шаблонды буржуазиялық демократия жоқ екенін көрсетеді. Батыстан өзгеше, Россияда қаланың ұсақ буржуазиясы «еш уақытта да революциялық партияларға сенімді сүйеніш болмайды».

«Россияда буржуазиялық демократияның берік негізі жоқ». Каутскийдің бұл қорытындысы әрі қалалардағы ұсақ буржуазияның ерекше жағдайын талдауға негізделген, әрі капиталистер мен пролетариат арасындағы таптық антагонизмнің дамуы Россияда «ескі шаб-

қонды» буржуазиялық революциялар заманындағыдан анағұрлым күшті екендігін есепке алуға негізделген. Сондықтан бұл қорытындының маңызы орасан зор. Плехановтың мәселе қойысына Каутскийдің енгізген бүкіл «түзетуінің»,— түбірлі өзгеріске тең түзетуінің бар мәні нақ осы пунктте болып отыр.

Плеханов өз сұрақтарында буржуазиялық демократияның *ескі шаблонын* қолданады, одан әрі аса алмайды. Ол әбден жауыр болған сөздерді қолданады, сөйтіп қазіргі уақытта Россияда буржуазиялық демократия ретінде бой көрсетіп жүрген алуан *түрлі топтардың* демократизмі қандай *дәрежеде,* оның *беріктігі* қандай, т. т. екенін *орыс* деректері бойынша анықтауды мүлде ұмытып кетеді. Каутскийдің сіңірген еңбегі сол, ол Плехановтың осы негізгі олқылығын байқады да, Россиядағы буржуазиялық демократияны шындап түсінуге қажет болатын *әдісті,* іс жүзінде нақ сол әдісті ұғындыруға кірісті. Сөйтіп Каутскийдің шебер талдауы арқасында тозығы жеткен ескі шаблоннан Россияның *жанды* қоғамдық күштерінің нобайы: қала мещандары,— бір тиындық либералдық жасап, қаражүздік контрреволюцияға бір теңгелік көмек істейтін помещиктер табы,— пролетариаттан өлердей қорқатын капиталистер табы,— және, ақыр аяғында, шаруалар табы көріне бастады.

«Буржуазиялық демократияға» (өткен ғасырдың 40-жылдарындағы француз үлгісіндегі ме?) көзқарас туралы күңгірт мәселе жоғалды. Тұман тарады. Ал біздің Прокоповичтер, Кусковалар, Изгоевтер, Струвелер және басқа либералдар халықтың көзін осы тұманмен бұлдыратып келді, ал Плеханов осылардың сойылын соғып келді. Ескі шаблондардың тұманы орнына шын маркстік талдау бізге орыс буржуазиясының түрлі топтары мен элементтері демократизмінің мүлде ерекше арақатынасының бетін ашып берді.

Каутский осы талдауы арқылы Россия либерализмі мен шаруалардың революцияшылдығы арасындағы ерекше қатынасты, кадеттер көрінеу жасырып келген, ал көптеген социал-демократтар соқырлығынан көрмей

жүрген ерекше қатынасты анықтап отыр! «Шаруа неғұрлым революцияшыл бола түссе, ірі жер иесі соғұрлым реакцияшыл бола түседі, ол, бұрынғыдай, либерализмнің таянышы болудан соғұрлым алыстай түседі, *либерал партиялар соғұрлым тұрақсыздана түседі,* қалалардағы *либерал профессорлар мен адвокаттар,* өздерінің бұрынғы таяныштарынан біржолата қол үзіп қалмау үшін, соғұрлым *оңға таман* ойыса түседі». Бұл процесс «тек либерализмнің банкроттығын тездетеді».

Либерализмнің осы банкроттығының түп тамырын қазіргі орыс революциясының өзінде ашып алған соң ғана, Каутский Плехановтың сұрақтарына тікелей жауап беруге көшеді. «Оппозицияны» қостау керек пе дегенге жауап беруден бұрын, сол «оппозицияның» (немесе орыс либерализмінің) таптық тірегі мен таптық мәнінің неде екенін және революция мен революцияшыл таптардың дамуы либерализмнің хал-жайы мен мүдделеріне қандай қатынаста екенін түсіне білу керек (деп ұғындырады Каутский). Әуелі *осыны* анықтап алып, Каутский *алдымен* либерализмнің банкроттығына келеді, *содан кейін ғана* Дума сайлауында оппозицияны қостау керек пе? — деген Плехановтың сұрағының мәнін оқушыға түсіндіреді. Әрине, содан кейін Плеханов сұрақтарының үштен екісіне Каутскийдің жауап беруі қажет болмай қалғаны тіпті де ғажап емес...

Каутскийдің жауаптары Плехановты қанағаттандырмағанымен, оның есесіне орыс социал-демократтарының көпшілігінің дұрыстап ойлауына көмектеседі.

(1) Россиядағы революция буржуазиялық революция ма әлде социалистік революция ма?

Сұрақты бұлай қоюға болмайды дейді Каутский. Бұл — ескі шаблон. Орыс революциясы, әрине, социалистік революция емес. Пролетариаттың социалистік диктатурасы (оның «жеке өзінің үстемдігі») туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бірақ бұл революция буржуазиялық та революция емес, өйткені *«буржуазия Россиядағы қазіргі революциялық қозғалыстың қозғаушы күштеріне жатпайды».* «Пролетариат дербес бой көрсеткен жерде буржуазия революцияшыл тап болудан қалады».

Сонымен, Каутский большевиктердің либералдарға қарсы әдеттегі «әдепсіздігінен» де бетер жігермен былай дейді: біздің буржуазия реакциядан гөрі революциядан көбірек қорқады, ол абсолютизмді жек көргенде, оның революция туғызатындығы үшін жек көреді, ол саяси бостандықты тілегенде, революцияны *тоқтату үшін* тілейді! (Ал Плеханов өзінің сұрақтарында оппозицияның ескі тәртіпке қарсы күресі мен үкіметтің революциялық қозғалысты жаныштау әрекеттеріне қарсы күресті бірдей санап, аңқаулыққа салынды!)

Каутскийдің бұл бірінші жауабы — большевизм тактикасының *бүкіл түпкі негізінің* тамаша дәлелдемесі. Женевада шығатын «Вперед» пен «Пролетарий» газеттерінен бастап, оған жалғас «Екі тактика» кітапшасынан бергі жерде орыс большевиктері оңшыл социал-демократтардың «буржуазиялық революция» деген ұғымды бұрмалауын *әрдайым да* өздерінің меньшевизмге қарсы күресінің негізі деп білді. «Буржуазиялық революция» деген категорияны орыс революциясында буржуазияның басшылық, жетекшілік роль атқаруын мойындау мағынасында түсінушілік — марксизмді бұрмалағандық болады деп біз жүз мәртебе айтқанбыз және мұны меньшевиктердің сансыз көп мәлімдемелері арқылы да көрсеткенбіз. Буржуазияның тұрлаусыздығына *қарамастан,* буржуазияның тұрлаусыздығын *күрмеп тастау* арқылы буржуазиялық революцияны жүзеге асыру — міне, социал-демократияның революциядағы негізгі міндетін большевиктер осылай тұжырымдап келді.

Каутскийдің талдауы бізді барынша толық қанағаттандырады. Біздің көздеп отырған талабымыз — ешқандай да «өзгеше бір» большевиктік бағыт жасау емес, тек қана оппортунизмге қарсы революциялық социал-демократияның позициясын қорғау екенін,— мұны Каутский әбден дәлелдеп берді, ал бұл дәлелдеудің құндылығы сол — мұның өзі белгілі бір фракцияны әншейін генералша «мақұлдай салудан» тумай, *істің мәнін* баяндаудан туып отыр.

(2) Каутскийдің *«революция барысында жеңіс социал-демократиялық партияға тиіп қалуы «барынша ық-*

тимал»» деп есептейтіні былай тұрсын, тіпті сонымен қатар *«жеңіске сенім бар екенін өз жақтастарының көкейіне құюды»* да социал-демократтардың міндеті деп жариялайды, «өйткені жеңістен күн ілгері үміт үзіп, нәтижелі күрес жүргізуге болмайды».

Каутскийдің бұл қорытындысы—большевизм тактикасының екінші бір тамаша дәлелденуі. Кімде-кім социал-демократиядағы екі бағыттың әдебиетімен азды-көпті таныс болса, ол қазіргі орыс революциясында социал-демократияның жеңу мүмкіндігіне және қажеттілігіне меньшевиктердің *барынша* талас тудырып келгенін білуге тиіс. Меньшевиктер өздерінің 1905 жылдың көктемінде болған конференциясында-ақ (Плеханов, Аксельрод, тағы басқалар қатысқан) социал-демократиялық партия өкіметті өз қолына алуға ұмтылуға тиіс *емес* деп қарар қабылдаған болатын. Міне, содан бері осы пікір: социал-демократтар буржуазиялық революцияда социал-демократияның *жеңіп* шығуына ұмтыла алмайды деген пікір *қызыл* жіппен (әлде қара жіппен бе?) көктегендей меньшевизмнің *бүкіл* әдебиетінен, *бүкіл саясатынан* бадырайып көрінеді де тұрады.

Бұл саясаттың аты — оппортунизм. Қазіргі орыс революциясында социал-демократияның *жеңуі барынша ықтимал.* Біз *бұл* жеңіске жетеміз деген сенімді жұмысшы партиясының барлық жақтастарының көкейіне қондыра беруге міндеттіміз. Егер күн ілгері жеңістен үміт үзетін болсаң, күресті ойдағыдай жүргізуге болмайды.

Плехановтың софистикасы мен схоластикасы шатастырған осы қарапайым да айқын ақиқатты бүкіл партиямыз жете ойға салып, көңілге тоқып алуға тиіс.

(3) «Саяси бостандыққа ұмтылатын таптар мен партиялардың бәрі бұған жету үшін тек қана бірігіп қимыл жасауға тиіс» деп ойлаушылық — *«болып жатқан оқиғаның тек саяси сыртын ғана баққандық»* болады.

Бұл — большевизмнің үшінші дәлелденуі. Кадеттер «бостандық жолында өздерінше күреседі» дегеннің бір өзін ғана дәлелге алып, олармен бірігіп қимыл жасауға болады екен деп қорытынды шығаруға болмайды. Бұл марксизмнің әліппесі, мұны Плеханов пен Аксельрод

және соларға табынушылар уақытша ғана шатастырып жүр.

(4) Ал енді қазіргі революцияда социал-демократиялық пролетариаттың жеңуіне көмектесе алатын, оны қостай алатын және дереу жүзеге асырылатын өзгерістердің шегін белгілей алатын тап қайсы? Каутскийдің пікірінше, бұл тап — *шаруалар*. *«Бүкіл* революцияның он бойында» *тек* соның ғана *«экономикалық мүдделерінің берік бірлігі»* болады. «Орыс социал-демократиясының революциялық күші және оның жеңісінің мүмкіндігі өнеркәсіп пролетариаты мен шаруалар мүдделерінің бірлігінде, бірақ сонымен қатар бұл мүдделер бірлігі осы жеңісті пайдалану мүмкіндігінің шектерін де белгілейді».

Мұның мәнісі — пролетариаттың социалистік диктатурасы емес, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы деген сөз. Каутский оппортунистерден де, «елігушілерден» де өзгеше революцияшыл социал-демократтардың бүкіл тактикасының қашаннан бергі негізгі ережесін басқаша сөздермен тұжырымдады. Революцияның қандай да болсын шын және толық жеңісі тек диктатура ғана бола алады, деген болатын Маркс [119], әрине, оның мұндағы айтпақ болғаны — бұқараның азғана топқа жүргізетін диктатурасы (яғни еш нәрсемен тежелмеген өкіметі) еді, бірақ керісінше еместі. Ал біз үшін маңыздысы, әлбетте, большевиктердің өз тактикасын белгілі бір түрде тұжырымдауы емес, сол тактиканың Каутский *бүтіндей* дәлелдеп отырған *мәні*.

Кімде-кім біздің революциямыздағы пролетариаттың ролі туралы, оның ықтимал және қажетті «одақтасы» туралы кадетше ойламай марксисше ойлағысы келсе,— ол пролетарлық тактиканың негіздері жөнінде оппортунистік көзқарасқа емес, революциялық социал-демократияның көзқарастарына келуге тиіс.

1906 ж. 10 (23) декабрьде жазылған

1906 ж. 20 декабрьде «Пролетарий» газетінің 10-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БУНДТЫҢ ОРГАНЫНДАҒЫ БІР МАҚАЛА ЖӨНІНДЕ

Құпия жұмыс жағдайына қойылған біздің газетіміздің Россияда орыс тілінен басқа тілдерде шығатын социал-демократиялық органдарды азды-көпті дұрыс қадағалап отыруына мүмкіндігі жоқ. Оның бер жағында Россияның барлық ұлттары социал-демократтарының тығыз және тұрақты байланысы болмайынша, біздің партия шын мәнінде бүкіл россиялық партия бола алмайды.

Сондықтан біз латыш, финн, поляк, еврей, армян, грузин және басқа тілдерді білетін және сол тілдерде шығатын социал-демократиялық газеттерді алып тұратын жолдастардың бәріне үлкен өтініш жасап, орыс емес социал-демократтардың социал-демократиялық қозғалысының жайы және тактикалық көзқарастары туралы орыс оқушыларын хабардар етіп тұруымызға жәрдем берулерін сұраймыз. Бұл жәрдем белгілі бір мәселе жөнінен социал-демократиялық әдебиетке шолу жасап беру түрінде ғана емес (поляк социал-демократиясының поляк социалистік партиясымен айтысы туралы және латыштардың партизан күресіне көзқарастары туралы «Пролетарийде» басылған мақалалар тәрізді[120]), сонымен қатар жеке мақалаларды немесе тіпті белгілі бір мақаланың өте-мөте көзге түсерлік жерлерін аударып жіберіп отыру түрінде де болуы мүмкін.

Жуырда бір жолдас бізге Бундтың органы «Volkszeitung»[121]-тің 208-номерінде (16 ноябрьдегі) М. деп қол қойылып басылған «Сайлау науқанының платфор-

масы» деген мақаланың аудармасын жіберді. Бұл мақала бүкіл редакцияның көзқарасын қаншалықты білдіретіні туралы пікір айтарлықтай дерек бізде жоқ, бірақ қалай дегенмен де бұл мақала еврей социал-демократтарының ішіндегі белгілі бір ағымдарды бейнелейді. Сондықтан мәселенің тек большевикше не меньшевикше ғана қойылысына үйреніп қалған орыс социал-демократтарына мұндай ағымдарды біліп отыру қажет. Бұл мақаланың аудармасы мынау:

«Сайлау кезінде біздің партиямыздың жігерді тасытып, ықпалды күшейтетін болуы ең алдымен біздің позициямыз бен ұрандарымыздың айқындығына және дәлдігіне байланысты. Біздің алдымызда маңызды мемлекеттік және қоғамдық мәселелер тұр, солай болғандықтан біздің міндетіміз: бұл мәселелерді соншалық айқын етіп дәл қойып, оларға бір-ақ жауап, атап айтқанда біздінше ғана жауап берілетін ету. Егер біздің позициямыздың айқындығы жеткіліксіз болса, онда ешқандай жетілдірілген ұйымдастыру аппараттарының да көмегі болмайды. Сайлау науқаны платформасының маңызын түгелдей біздің позициямыздың айқындығы шешеді.

Бундтың VII съезі біздің тактикамыздың жалпы нұсқасын белгіледі. Ол мынадай: Думаның қуылуы жер мен еркті бейбіт жолмен алуға ешқандай мүмкіндік жоқ екенін, бірден бір жол — қарулы көтеріліс екенін халықтың қалың топтарына айқын көрсетті. Мұнан келіп жаңа Думаның сайлауы революциялық тактиканы бейбіт-конституциялық тактика етіп өзгертеді екен деген мағына əсте шықпайды, өйткені бұл сайлау революциялық тактиканың *қажеттігін түсінгендік* жағдайында өтіп жатыр; сайлаушы өз депутатынан Думаны халық бұқарасының революциялық органына айналдыруды талап ететін болады. Сайлаудағы біздің міндетіміз революцияшыл халық бұқарасын жұмылдыру үшін сайлаудың өзін күрес майданына айналдыруды талап ететіп осы ережені сайлаушыларға ұғындыру болып табылады.

Дума сессиялары кезінде, əсіресе Дума қуылғаннан кейін, еліміз өзінің саяси санасын дамытуда ілгері қарай зор қадам басты, осының арқасында революциялық партиялардың сайлауда табысқа жетеміз деген үміті бар. Алғашқы сайлауда ұсақ буржуазия сайлаушысы өз дауысын кадетке берді, мұнымен үкіметтің айуандық əрекеттеріне өзінің ызалы наразылығын білдірді. Конституциялық жалған үміттерден əлі де күдер үзбеген бұл сайлаушы өзіне кадеттер жер мен ерік əпереді деп сеніп келді. Дума тактикасы бұл жалған үміттерді үзіп, оған жер мен ерікті ешқандай бейбіт жолмен емес, тек күреспен ғана алуға болатынын ұғындырды. Сайлаушының алдына қалай күресу керек, бұл күреске кімнің қабілеті бар деген сұрақ қойылды: дипломаттық парламентаризмді қолдана-

тын, ал тіпті асып кеткенде «селқос қарсылық» құралын қолданатын кадеттер ме, әлде күрес тактикасын ұстанатын революциялық партиялар ма. Сайлаушылардың алдына шын бостандыққа қалай жету керек деген сұрақ қойылып отырғанда, олар бұл күреске әсте конституциялық партияларды емес, революциялық партияларды қабілетті деп танитыны айқын.

Кадеттер мұны түсінді, сондықтан олар өздері дәмін татқан өмір сабақтарының бәріне қолдарын бір-ақ сілтеуге тырысып жанталасуда; олар елдің саяси санасының прогресін бәсеңдетіп, бұл сананы алғашқы сайлау қарсаңындағы дәрежесіне түсіруге тырысуда. «Бір адым да ілгері баспаңдар!», «тарихтың тағылымын ұмытыңдар» деп айқайлайды олар; жаңа сайлаудың міндеті, деп жазады олар, бірінші Дума жұмыс істеген кездегі саяси жағдайларды қайта туғызу. Халық Думаға бұрынғы Дума көпшілігін жіберуге тиіс, осы арқылы халық елдің саяси жағдайын Дума көпшілігінен жауапты министрлік құру бірден-бір дұрыс жол болып есептелген кезге қайта келтіреді («Речь» № 189). «Егер Россияға шын конституция мен шын халық өкілдігі керек болса,— дейді «Речь» 196-номерінде,— онда халық Думаға патшаның салтанатты сөзіне бірінші Думаның қайырған жауап адресіндегі пікірін қайталап айтатын және бірінші Думаға істетпеген жұмысты қолға алатын өкілдерді жібереді». Лажсыздан мынадай сұрақ туады: егер бірінші Думаның істемек болған жұмысын екінші Думаға да «істетпей қойса» не болмақшы? Бұл сұраққа кадеттер: «сайлаушылардың бейбіт және заңды жолмен білдірген табанды тілегіне үкіметтің жол беруіне тура келеді» («Речь» № 195),— деп жауап береді. Кадеттер өз күштерінің конституциялық жалған үміттерге негізделетінін өте жақсы біледі, сондықтан олар бар күшін салып, бірінші сайлау қарсаңында үстем болған пікірді сайлаушылардың көкейіне қондыруға тырысады, сөйтіп «сайлаушылардың бейбіт және заңды жолмен білдірген табанды тілегінің» құдіретті күшіне сенім туғызуға тырысады. Революциялық партиялардың күші «сайлаушылардың бейбіт және заңды жолмен білдірген табанды тілегінің құдіретті күшіне» сайлаушылардың сенуінде емес, дәл мұның керісінше— олардың бұл күшке сенбеуінде, олардың революциялық күрес қажет екенін айқын түсінуінде.

Олай болса, сайлаушы жөніндегі біздің міндетіміз — оған үзілді-кесілді түрде мынадай сұрақ қою: сайлаушы болашақ Думаның бұрынғы көпшілігі қалуын, ол көпшіліктің баяғы өзінің түк өндіре алмайтын икемшіл тактикасын ұстауын тілей ме; сайлаушы бірінші Дума не айтса, болашақ Думаның тек соны «қайталап» айтуын тілей ме, не болмаса Дума құрғақ сөзбен тынбай, күрестің анағұрлым ұтымды құралдарын қолға алуы тиіс пе. Жаңа Дума июнь мен июль кезіндегі ешбір нәтиже бермеген «саяси жағдайға соқтыруға» тиіс пе, әлде ол халықтың шынымен жеңуі жолында бір қадам ілгері басуға тиіс пе.

Осы сұрақ сайлау кезіндегі күресте біздің платформамыз болуға тиіс. Кадеттердің жер мен ерік әпере аларлық қабілетіне келгенде кадет партиясына мейлінше сенімсіздік туғызу қажет; олардың Гельсингфорста ойлап шығарған селқос қарсылық дейтін күрес әдістерін барынша жігерлі түрде аяусыз сынап-мінеу керек, сөйтіп олардың күрес әдістерінің бүтіндей дәрменсіздігін, бүтіндей ұстамсыздығын халық алдында әйгілеу керек.

Тек осы қажетті шарт болғанда ғана екінші Дума дәуірі бірінші Дума дәуіріне қарағанда бір адым ілгері басады».

Бұл мақаланы үңіле оқып қарағанда, біз Бунд делегациясының РСДРП-ның соңғы Бүкіл россиялық конференциясында білдірген көзқарастарының едәуір дәл бейнесін көреміз. Жұртқа мәлім, бұл делегация, бір жағынан, меньшевиктерге қосылып, кадеттермен блок жасасуды жақтап дауыс берді, ал екінші жағынан, большевиктерге қосылып, Орталық Комитеттік «сайлау платформасының жобасын» бүтіндей түзетуді жақтап дауыс берді (республика ұранын қосу, көтеріліс жайында атап көрсету, партиялардың дәл сипаттамаларын беру, социал-демократиялық партияның таптық мәнін неғұрлым айқынырақ етіп бейнелеу мағынасында түзету, т. т.: конференцияның платформаға «түзетулер» енгізу туралы «Пролетарийдің» 8-номерінде басылған қарарын қараңыз[122]).

М. жолдастың біз келтірген мақаласының большевиктік мақала *сияқтанып* көрінетін себебі де сол — мұнда біз Бундтың бір ғана сол қолын көреміз, ал оң қолы кадеттермен блок жасасуды жақтайтын мақалаларда тығулы жатыр.

Қалай дегенмен де бундшылдар кадеттермен блок жасасуға меньшевиктерше қарамайды. Бұлардың мысалынан белгілі бір нақылдың тауып айтылғаны өте айқын көрінеді: Si duo faciunt idem, non est idem,—«екі қолдан шыққанның алалығы болмай қалмайды». Бұл екі қол иелерінің арасында белгілі айырмашылық бар, ал бұл айырмашылық олардың белгілі бір нәрсені істеу тәсіліне, олардың «белгілі бір нәрсені істеу» әдістеріне, істеу нәтижелеріне, т. т. әсер етпей қоймайды. Меньшевиктердің кадеттермен блок жасасуы мен бундшылдардың кадеттермен блок жасасуы бірдей нәрсе емес.

Меньшевиктердің кадеттермен блок жасасуы олардың жалпы тактикасына әбден үйлеседі, бундшылдардікі үйлеспейді. Ал бұдан мынадай нәтиже шығады: жоғарыда келтірілгендей мақалалар күні кеше бойкот жүргізген, ал бүгін келіп Витте Думасына бойкот жариялауды ақтайтын, сөйте тұрып кадеттермен блок жасасуға болатындығын мойындап жүрген бундшылдардың дәйексіздігін, ұстамсыздығын айрықша айқын ашып көрсетеді. Меньшевиктердің кадеттермен блок жасасуы өзінен-өзі табиғи түрде идеялық блок болып шығады. Ал бундшылдарда мұндай блоктар тек қана «техникалық» блоктар роліне арналады.

Бірақ саясаттың өзіне тән объективті логикасы бар, бұл логика белгілі бір адамдардың не партиялардың болжауларына тәуелді болмайды. Блок тек қана техникалық болады деп жорамалдайды бундшыл, ал бүкіл елдің саяси күштері бұл блокты идеялық блок етіп шығарып отыр. Конференцияның меньшевиктік шешіміне шаттанып, кадеттердің масайрауынан кейін, Плехановтың «толық билікті Дума» туралы «Товарищтегі» әйгілі геростраттық хатынан кейін, мұны дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен.

Мақала авторының мына сөздеріне жақсылап ой жіберіп қараңыздаршы: «кадеттер өз күштерінің конституциялық жалған үміттерге негізделетінін өте жақсы біледі, сондықтан олар бар күшін салып», осы жалған үміттерді «сайлаушылардың көкейіне қондыруға тырысады».

«Кадеттердің күші конституциялық жалған үміттерге негізделеді»... Бұл дұрыс па және бұл шындығында не деген сөз? Егер бұл дұрыс болмаса, егер кадеттердің күші — россиялық буржуазиялық революциядағы буржуазиялық демократияның үздік өкілдері екендігінде болса, онда меньшевизмнің, немесе социал-демократияның оң қанатының жалпы тактикалық бағыты дұрыс болғаны. Егер бұл дұрыс болса, егер кадеттердің күші — буржуазиялық демократияның күшінде емес, халықтың *жалған үміттерінің* күшінде болса, онда большевизмнің, немесе социал-демократияның сол қанатының жалпы тактикалық бағытының дұрыс болғаны.

Буржуазиялық революцияда социал-демократияның буржуазиялық демократияны қолдамауына болмайды,— Плеханов пен оның шылауындағылардың негізгі ережесі осындай; ал осы ережеден олар кадеттерді қолдау туралы *турадан-тура, қолма-қол* қорытынды шығарады. Ал біздің айтарымыз: ережелерің дұрыс, бірақ қорытындыларың түкке жарамайды, өйткені ең әуелі қазіргі кезде буржуазиялық демократияның шын *күреске жарарлық күші* болып табылатын партиялар мен ағымдардың қайсылар екенін айырып алу керек. Кадеттер болсын, трудовиктер болсын, эсерлер болсын,— бұлардың бәрі, маркстік, яғни бірден-бір ғылыми талдау тұрғысынан алғанда, «буржуазиялық демократия». Кадеттердің «күші» деп жүрген нәрсе буржуазиялық халық бұқарасының (шаруалар, қала мещандары) жауынгер күші емес, помещиктер табы (қаражүздіктер) мен капиталистер табының (октябристер) экономикалық және ақшалы күші емес: ол — буржуазиялық интеллигенцияның «күші», бұл өзі *дербес* экономикалық тап емес, сондықтан ешқандай *дербес* саяси күш болып табылмайды; бұл, демек, буржуазиялық интеллигенцияның басқа таптарға жасайтын ықпалына тәуелді болатын, *барымталанған* «күш», себебі — бұл таптар әзірше өздеріне айқын дербес саяси идеология жасап үлгірген жоқ, себебі — олар буржуазиялық интеллигенцияның идеялық басшылығына бағынышты; бұл ең алдымен демократияның мәні туралы және демократия үшін күрестің тәсілі туралы *қате пікірлердің*, халықтың буржуазиялық бұқарасына буржуазиялық интеллигенция таратып, жайып жүрген осындай пікірлердің «күші».

Мұны бекер деушілік — «халық бостандығы партиясы» деген сөздердің сылдырына балалық аңқаулықпен елігу деген сөз,— кадеттер арқа тірейтін ешқандай бұқара да, помещиктік және капиталистік элементтердің ешбір шешуші тұлғалары да жоқ екені жайындағы жалпы жұртқа мәлім фактілерге көз жұмып қарау деген сөз.

Мұны мойындау — кадеттердің халыққа жасайтын ықпалына қарсы күресуді жұмысшы партиясының *бүгінгі таңдағы міндеті* деп тану деген сөз, бұл күресті

осылай деп танығандағы себебіміз, біздің әсте де буржуазиялық революцияның буржуазиялық демократиясыз болуын көксегендігімізден емес (оң қанаттағы социал-демократтардың бізге таңып жүрген қисынсыз өсегі), оның себебі, буржуазиялық демократияның *нағыз шын күшінің өріс* алып, жарыққа шығуына кадеттер *бөгет жасап отыр.*

Кадеттер партиясына Россия помещиктерінің азшылығы (помещиктердің қалың тобы—қаражүздіктер), капиталистердің азшылығы (олардың қалың тобы — октябристер) кіреді. Оған тек буржуазиялық интеллигенцияның ғана көпшілігі, қалың тобы кіреді. Саясаттағы сәбилер мен саяси күші сарқылған кәрілерді қызықтыратын кадеттер саясатының тартымдылығы, олардың даурығып, апынып-күпінуі, оңай олжаға мастанып масайрауы, олардың либералдық журналистикада, буржуазиялық ғылымда, т. с. үстемдік етуі — міне осыдан. Сондай-ақ, монархиямен келісуге шақырған сатқындық уағызымен халықты аздырып жүрген, бірақ іс жүзінде пәлендей бір келісімге жетердей ешбір күші жоқ бұл партияның *көпірмелігі* де осыдан.

Кадеттер — буржуазиялық демократия емес, буржуазияның демократияға сатқындық жасауының нағыз барып тұрған бейнесі, кәдімгі, айталық, француз радикал-социалистерінің немесе неміс социал-либералдарының интеллигенттік социалистер болмай, интеллигенцияның социализмге опасыздық етуінің нағыз барып тұрған бейнесі болғаны секілді. Сондықтан буржуазиялық демократияны қолдау ісі кадеттердің квазидемократизмінің бүкіл көпірмелігін әшкерелеуді талап етеді.

Солай болғандықтан да: кадеттермен емес, реакциямен күресу керек!— деп дамылсыз құлағымыздың етін жейтін плехановшылдар революцияға және жұмысшы табының ісіне өте зор зиян келтіруде.

Қайырымды жолдастар! Сіздердің шолақ ақылдылықтарыңыздың өзі де сол — біздің кадеттерге қарсы күресіміздің *маңызын* сіздер түсінбей отырсыздар. Бұл күрестің түйіні мен мәні неде? Кадеттердің буржуа екендігінде ме? Әрине, онда емес. Әңгіме кадеттердің демократияны құр сөзге айналдырып жүрген мылжыңдар

екендігінде, күресуші демократияға опасыздық жасаушылар екендігінде.

Ал енді: кадеттер халық бұқарасына, халықтың буржуазиялық-демократиялық бұқарасына ықпал жүргізе ме? Әлбетте, жүргізеді, көптеген газеттері, т. т., т. с. арқылы өте зор ықпал жүргізеді. Ендеше, ойлап қараңыздар: халықтың буржуазиялық-демократиялық бұқарасының буржуазиялық демократия ісіне *зиян келтіріп жүрген* осы күнгі идеялық көсемдерін *әшкерелемейінше,* сол бұқараны реакцияға қарсы күреске шақыруға бола ма? Болмайды, қайырымды жолдастар.

Реакцияға қарсы күресу дегеніміз ең алдымен бұқараны идеялық жағынан реакциядан айырып алу деген сөз. Бірақ «реакцияның» бұқараға жүргізетін идеялық ықпалының күші мен өміршеңдігі тіпті де қаражүздіктердің ықпалында емес, *нақ сол кадеттердің ықпалында.* Бұл парадокс емес. Қаражүздік — ашық та дөрекі жау, өртеп, қырып-жойып, қиратып кету оның қолынан келеді, бірақ ең сауатсыз мужиктің өзін де сендіре алмайды. Ал кадет болса мужикті де, мещанды да *сендіреді,* сендіргенде не деп сендіреді? монарх жауапкер емес, бостандыққа бейбіт жолмен (яғни өкіметті монархияның қолында қалдырып-ақ) жетуге болады, помещиктердің ыңғайлап қойған құнын төлеп алу жерді шаруалар қолына өткізудің шаруалар үшін ең тиімді жолы, т. т., т. с. деп сендіреді.

Сондықтан, мужикті кадеттік сылдыр сөздердің, кадеттік идеологияның ықпалынан айырып алмай тұрып, мықтап күрес жүргізудің қажеттігіне аңқау мужиктің де, аңқау мещанның да көзін жеткізу мүмкін емес. Ал кімде-кім «кадеттермен *емес,* реакциямен күресу керек» дейтін болса, ол адам күрестің *идеялық* міндеттерін түсінбеген болып шығады, күрестің мәнін бұқараның көзін жеткізуге емес, бұқараға қара күшпен ықпал етуге айналдырып жібереді, ол адам: реакцияны «соғыңдар», ал кадетті «соғудың» керегі жоқ деп күресті тұрпайы мағынада түсінген болып шығады.

Әрине, қолымызға қару алып, біз әзірше кадетті емес, тіпті октябристі де емес, *тек* үкіметті және оның тікелей малайларын ғана соғамыз,— ал енді біз оларды

шындап соққыға жыққан кезімізде, кадет монархиялық демократия үшін қазір қалай жанын салып жүрген болса (әр айдың 20-да алатын профессордың жалақысына немесе адвокаттың қалам ақысына бола), республикалық демократия үшін ақшаға бола нақ сондай жанын салатын болады. Ал реакцияны шындап соққыға жығу үшін реакцияға қарсы күрестің міндеттері мен мәнін бұқараға теріс түсіндіріп жүрген кадеттердің идеялық ықпалынан бұқараны шығарып алу керек.

Бундшылдарға оралайық. Олар *өздерінің* кадеттермен жасаған «техникалық» блоктары іс жүзінде *қазірдің өзінде* халық бұқарасының кадеттерге деген сенімін нығайтудың (сенімсіздік жағдай туғызудың емес) мықты құралы *болып шыққанын* енді де көре алмай отыр ма? Мұны тек соқырлар ғана көре алмауы мүмкін. Барлық социал-демократ меньшевиктердің, соның ішінде бундшылдардың да, кадеттермен идеялық блок жасасуы факт, ал М. жолдастың мақаласы сияқты мақалалар — жап-жақсы, бірақ келер-кетері жоқ, құр бос қиял ғана.

«Пролетарий» № 10,
20 декабрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ҮКІМЕТТІҢ ДУМАНЫҢ ӨҢІН АЙНАЛДЫРУЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Патша үкіметі Думаның өңін айналдыру жөнінде «жұмыс жүргізуін» үзбей-ақ жалғастырып келеді. Россияның тым сенгіш тоғышарларын конституцияшылдықпен әуестенуден сақтандыра отырып, біз бұл өңін айналдыру ісі басталмай тұрғанда-ақ («Пролетарий» № 5, 30 сентябрь, 1906 ж.) жаңадан мемлекеттік төңкеріс әзірленіп жатқанын, атап айтқанда: екінші Думаның *алдында* 1905 жылғы 11 декабрьдегі сайлау заңын өзгерту ісі әзірленіп жатқанын жазған болатынбыз. «Тағы бір күмәнсыз нәрсе,— деп жазғанбыз сонда,— ескі сайлау заңын қалдыру керек пе» деген мәселені «қазір үкімет барынша мұқият зерттеп отыр»*.

Иә, патша үкіметі бұл мәселені бұрын да зерттеген, қазір де зерттеуде, бәлкім, тіпті зерттеп те қойған болар. Сайлау заңын ол сенаттық түсініктемелер[123] арқылы өзгертуді артық көрді. Қазір ол үгіт бостандығына қысым жасау (егер Россияда бостандықты *бұдан әрі* қысуға келетін болса) және сайлауды қалауынша бытыстыру жөнінде жаңа қадамдар жасауда. Жақында ғана жария емес партияларға сайлау запискаларының бланкілерін беруге тыйым салатын *нұсқау* шықты[124]. Газеттердің жабылуы бара-бара әскери-далалық тәртіпке айналуда. Тұтқындау көбеюде. Сайламшылар мен беделді сайлаушылардың аттарын біліп алып, сонан соң олардың қай-қайсысының да «көзін жоғалту» мақсатында тінту, тұтқындау шаралары ашықтан-ашық

* Қараңыз: осы том, 17-бет. *Ред.*

жүргізілуде. Қысқасы, сайлау науқаны барынша түтеп тұр,— деп мысқылдайды россиялық тұрғын.

Әскери-далалық тәртіппен Думаның өңін айналдыру ісінде үкіметтің қаншалықты алысқа барарын ешкім білмейді. Сайламшыларды сайлау күні де, *сайлаудан кейін де* тұтқындай бермейтін несі бар? Заңда — бұл мағынасыз сөз Россияда әлі сақталған! — Дума депутаттарына ешкімнің тимеуі жайында айтылады, ал сайламшыларға ешкімнің тимейтіні туралы бір ауыз да сөз жоқ. Біздің баспасөзіміз бұл жағдайды бірінші Дума сайлауының тұсында-ақ көрсеткен-ді. Ол кезде,— патшаның қаражүздік шайкасының ойлағанындай,— «Витте байқамай қалды», ал іс жүзінде ол кезде революцияның келесі бекінісін алуға шабуыл жасау үшін, үкімет декабрь көтерілісінен кейінгі жерде әлі тым әлсіз болды. Қазір контрреволюция күш жинап алды, сондықтан оның конституцияны (бұған тек аңқау кадеттер ғана сенуі мүмкін)қиратуы өз тұрғысынан алғанда әбден дұрыс нәрсе. Реакцияның адамдары—либерал Балалайкиндердің[125] теңі емес. Олар істің адамдары. Россияда ең болмашы деген бостандықтың өзі де сөзсіз революцияның өрлеуіне бастайтынын олар тәжірибеден көріп, біліп отыр. Сондықтан олар барған сайын шегіншектей беруге, октябрь конституциясын үсті-үстіне қирата беруге, жаңа ашыла бастаған саяси саңылауды неше түрлі тығынмен барынша бітей беруге *мәжбүр болып отыр.*

Бұл жерде үкімет ақылдан жазды деп байбалам салып, оны конституциялық жолға түсуге үгіттеп көндіру үшін Россия кадетінің немесе бейпартиялық-прогресшіл интеллигентінің нағыз шектен асқан топастығы керек. Бүркеулі, бұқтырулы жатқан, бірақ жойылып бітпеген төменгі жақтың қысымынан патша өкіметін және помещиктердің жерін қорғау үшін үкіметтің *басқаша істер амалы жоқ.* Сондықтан үкіметке біздің айтарымыз: мейілдерің! тығындарыңды мықтап тығыңдар, ашыла бастаған саңылауларды бекітіңдер,— дейміз. Саңылаулар біршама ашық тұрған кезде, таза ауа қазанның отын маздатып еді. Сіздер саңылауды жапқан кезде, нақ біздің тілегеніміздей жарылыс болуы мүмкін. Біздің

міндетіміз — «конституцияның мәні» жөніндегі столыпиндік тамаша үгітті, столыпиндік тамаша түсініктемелерді халық бұқарасы алдында неғұрлым кеңінен пайдаланып қалу.

Бірақ дәл осы арада либерал-монархиялық буржуазияның тактикасы мен социалистік пролетариаттың тактикасы арасындағы айырмашылықтың түпсіз тұңғиығы көрінеді. Социал-демократия күресті уағыздайды, тарих тағылымы атаулының бәрі арқылы күрестің сөзсіз болатындығын халыққа түсіндіреді, күреске әзірлік жасайды, реакцияның күшеюіне революциялық үгітті күшейтумен жауап береді. Либералдар күресті уағыздай алмайды, өйткені олар күрестен қорқады. Реакцияның күшеюіне олар халықтың санасын аздыратын конституцияшыл жыламсақтықпен және өздерінің оппортунизмін үдетумен жауап береді. Либералдардың істейтін ісінің сиқын 9 май күні Панинаның үйінде болған митингте[126] трудовик Седельников келістіріп, өте дәл бейнелеп берді. Либералды біреу сөгіп жатса, ол: құдайға шүкір, өзімді ұрып тастамағанына да тәубе,— дейді. Егер біреу оны жұдырықпен салып жіберсе, ол өзін өлтіріп тастамағаны үшін құдайға шүкіршілік қылады. Ал егер оны біреу өлтіре қалса, ол өзінің пәк жанын фәни жалғанның тәркісінен құтқарғаны үшін құдайына құлдық ұрады.

Столыпиндік қаражүздік банда кадеттерге зекіп тастап, олардың революцияшылдығына қарсы жорық ашқан кезде, кадеттер азарда безер болып былай деп ойбай салды: жоқ, бұл бекер, біз революционер емеспіз, біз — ізгі ниетті жандармыз! Выборг үндеуі жойылсын, солшылдармен блок атаулының аты өшсін, оңшыл социал-демократтардың ішіндегі ең оңшылы Плехановтың: «толық билікті Дума» деген ұраны жойылсын, зиянды революциялық жалған үміттер жойылсын! Біз Думаға заң шығару үшін барамыз. Қаражүздік шайка кадеттер жария партия болмағандықтан оларға сайлау запискаларының бланкілері берілмейді деп жариялаған кезде, кадеттер тағы да байбалам салды: бұл «келісім туралы мәселенің қойылысын өзгертеді» («Речьтің» 13 декабрьдегі бас мақаласы)! Бұл — «оппозицияның бір-

ден-бір тіркелген партиясының, бейбіт жаңарту партиясының, маңызын күшейтеді». «Келісімдер жасаған кезде мұны есте ұстау керек»! Ал бейбіт жаңартушылар тізіміне еңбектеп барып өткен кадеттік сайламшыны участкеге сүйреп апарған кезде,— кадеттер өздерінен конституцияны әйтеуір мүлде тартып алмағаны үшін құдайға шүкіршілік айтады. Бірден-бір анық қауіпсіз партия — октябристер дейді сонда біздің право серілері,— сондықтан да біз 17 октябрь манифесінің негізінен таймайтындығымызды ылғи айтып келмедік пе?

Бұл туралы меньшевик жолдастар қалай ойлайды? Жаңадан партия конференциясын шақыруды жеделдету, сөйтіп бейбіт жаңартушылармен, айта берсе, тіпті октябристермен де келісім жасалуын дұрыс деп жариялау керек болмас па екен? Өйткені әбден ыңғайсызданған Плехановтың бүгін (14 декабрьде) бұрынғы социал-демократтар газетінде келтірген дәлеліне қарағанда[127], олар да «жарым-жарты бостандық» тілейтін сияқты ғой!

Кадеттерде бейбіт жаңартушылар туралы мәселе кездейсоқ туып отырған жоқ. Ол бұрын сайлау запискаларының бланкілері жөніндегі нұсқауларға дейін де көтерілген болатын. Айта берсек, «Товарищтің» солшыл кадеттерінің өздері (бұларды кейбір мысқылшылдар «болар-болмас социалистер» деп атап жүр) тіпті 5 декабрьдегі номерінде-ақ бейбіт жаңартушыларды да прогресшіл партиялардың қатарына қосып, не бары прогресшіл 6 партия бар деп есептеген болатын (кадеттер, социал-демократтар, эсерлер, энестер, демократиялық реформалар партиясы және бейбіт жаңартушылар). «Товарищтің» сол номерінде-ақ бұрынғы социал-демократтар «Пролетарийдің» 8-номеріне қосымша ретінде шығарылған *басты* үш партия туралы плакатқа* қаһарлы ызамен шүйліккен еді. Гейденді қаражүздіктерге қосу — «саяси адалдық емес»! — деп Плехановтың достары шу көтерді.

Біз социал-демократия ренегаттарын кешегі октябрис-

* Қараңыз: осы том, 145—151-беттер. *Ред.*

ті қорғауға мәжбүр еткенімізге өте қуанамыз, ал бұл октябрист Дума қуылғаннан кейін Выборг үндеуіне қарсы наразылық білдіріп, Столыпинмен министрлік туралы әңгіме жүргізген болатын.

Плехановпен қызметтес мырзалар, тек октябристі ебін тауып, дұрыстап қорғау керек еді! Алғашқы сайлауда октябристердің (ішінде Гейден мен Шипов та бар) қаралармен бір блокта болғанын жұрттың бәрі біледі. Тек партияларының атын өзгертті деп, сіздер осының бәрін ұмытып кетпексіздер ме? Бірақ «Товарищтің» 5 декабрьдегі тағы сол (4-ші) бетінен біз: «17-октябрь одағында» бейбіт жаңартушылармен келісімге келуді жақтайтын ағым бар екенін, бұл ағым одақтың Петербург бөлімшесінде тіпті басым екенін оқимыз. Ал содан біраз төменіректе «біріккен орыс халқының бас басқармасы» октябристермен блок жасасуға болады деп есептейді, сол себептен де «Товарищ» октябристерді конституционалистер деп танудан бас тартады деген хабар келтірілген.

Шынында да, жақсы емес пе? Қаралар октябристермен блок жасасуға болады деп есептегені үшін біз октябристерді конституционалистер деп атаудан бас тартамыз. Ал енді октябристердің бейбіт жаңартушылармен блок жасасуды мақұлдағанына қарамастан, біз бейбіт жаңартушыларды прогресшілдер деп атаймыз.

Атышулы прогресшіл «интеллигенцияның» данасынған шабақтары-ай, шіркін!

Интеллигенттік радикалдардың бейбіт жаңартушыларды қорғауы, кадеттер партиясы орталық органының бланкілер жөніндегі нұсқаулардан кейін жалма-жан бейбіт жаңартуға қарай бет бұруы, осының бәрі — либералдық тактиканың жалпы белгілі үлгісымақтары. Үкімет оңға қарай бір адым басса, біз оңға қарай екі адым басамыз! Сөйтіп жүріп — біз әлі тағы да жария, әрі бейбіт, әрі сыпайы, әрі адал болып шыға келеміз, бланкісіз-ақ орайласамыз, қашан да болсын арамдыққа қарай икемделе кетеміз!

Мұның өзі либерал буржуазияға шындыққа бейім саясат секілді көрінеді. Бұл жымысқы реализмді (бір социал-демократтың тамаша айтқанындай) олар мақтан

етеді, мұны саяси сыпайылықтың, дипломатиялық дана тактиканың нағыз барып тұрған шыңы деп есептейді. Ал шынында мұның өзі нағыз топас, нағыз сатқындық тактика екені былай тұрсын, оның үстіне нағыз нәтижесіз тактика, осындай тактикамен Франкфурт мылжыңдарынан[128] бастап Бисмарктың алдында құрдай жорғалаған национал-либералдарға[129] дейінгі неміс кадеттері буржуазиялық революциядан кейін жарты ғасырдан астам уақыт бойы мемлекеттік өкіметті юнкерлердің (орысша айтқанда — қаражүздік помещиктердің, Доррерлердің, Булацельдердің, Пуришкевичтердің) қолына және «парламенттік формалармен жамап-жасқалған әскери абсолютизмнің»[130] қолына бекітіп берді.

Кадеттердің осы саясатына майдай еріп, соған еліктеп жүрген біздің меньшевиктеріміздің де шынайы деген сөздің анайы емес жақсы мағынасында бірден-бір шынайы саясат революциялық марксизм саясаты екенін түсінерлік уақыты жеткен сияқты. Реакцияның құйтырқылары мен жалтарыстарына оңға қарай бейімделумен емес, пролетар бұқараның ішінде революциялық уағызды тереңдетіп кеңейтумен, революциялық тап күресі мен революциялық таптық ұйымдардың рухын дамытумен жауап беру керек. Осылай еткенде, тек осылай еткенде ғана сіздер, реакцияның неше алуан барлық жалтарыстары мен құйтырқыларына қарамастан, реакцияға қарсы бірден-бір күрескерлердің күшін нығайтасыздар. Ал енді үкіметтің қаражүздік әрекеттеріне өз тактикаларыңызды оңға қарай бейімдеумен жауап беретін болсаңыздар, сіздер оларыңызбен күреске қабілеті бар бірден-бір күшті, революцияшыл таптардың күшін бытыратып, әлсіретесіздер, сіздер олардың революциялық сана-сезімін саясатқұмарлық «айлакерліктің» бос жылтырақтарымен шатастырасыздар.

Меньшевиктер әуел баста кадеттермен келісім жасасуға қарсы болды. Мартов келісім жасасуды жазғырды. Оны Ю. Ларин зәрленіп теріске шығарды. Оны тіпті Ник. И-ский де мақұлдамады. Сенаттық түсініктемелердің (біздің Женевадағы және Питердегі реакцияшыл сенаттардың) ықпалымен Мартов және К° оңға қарай бейімделді. Олар кадеттермен блок жасасу жағында, бі-

рақ, құдай сақтасын, кадеттерден әрі оңға қарай баспайды! «Оппозициялық-демократиялық» партиялармен блок жасалсын (Орталық Комитеттің ұсынысы бойынша Бүкіл россиялық конференцияның 14 дауыс қарсы болып, 18 дауыспен қабылданған қарары) — бірақ одан әрі оңға басу болмасын!

Бірақ міне кадеттеріңіз бейбіт жаңартушыларға қарай жылыстап барады. Сіздер де сөйтесіздер ме, меньшевик жолдастар? Сенаттық түсініктемелерге жауап ретінде кадеттермен блок жасайсыздар да, бланкілерді бермегенге жауап ретінде бейбіт жаңартушылармен блок жасайсыздар ғой? Ал сайламшыларды тұтқындағанда, оған жауап ретінде не істемекшісіздер??

Сіздердің бұқара арасында шын революциялық уағыз жүргізуден бас тартқандарыңыз енді фактіге айналып отыр. Сіздер енді бейбіт жолды малданған жалған үміттермен және бұл жалған үміттерді жақтаушы кадеттермен күресуді қойдыңыздар. Сіздер тек қаражүздіктердің қаупімен ғана әуре болып жүрсіздер. Ал сіздердің кадеттермен ортақ тізім жасамақ болып жүрген «жылпың айлакерлігіңіз» бекер әурешілік. Бұқара ішіндегі революциялық социал-демократиялық жұмыстың бар мазмұнын сіздер нашарлатасыздар, бірақ саясатқұмарлықтан түсетін пайда сіздерге тимейді,— ол, бәлкім, кадеттерге де, бәлкім, тіпті бейбіт жаңартушыларға да тимес, октябристерге тиер! Думаның өңін айналдыруға сіздер революциялық-социал-демократиялық тактиканың өңін айналдырумен жауап бересіздер — сіздер мұнымен Думаны да жақсартпайсыздар, социализмді де ныгайтпайсыздар, революцияны да ілгері бастырмайсыздар.

Принципсіз практицизм саясаты дегеніміз нағыз ең жарамсыз саясат.

Думаның өңін айналдырғанға жұмысшы табы өзінің революциялық үгітін бәсеңдетумен емес, қайта үдете түсумен, өздерінің сайлау науқанында опасыз бейшара кадеттерден жігін ажыратумен жауап беруге тиіс.

1906 ж. 14 (27) декабрьде жазылған

1906 ж. 20 декабрьде «Пролетарий» газетінің 10-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Дума қуылғаннан кейін үкімет елдің наразылығын тек әскери террор арқылы ғана тежеп келді. Күшейтілген, төтенше күзеттер, ылғи тұтқындау, әскери-далалық соттар, жазалау экспедициялары,— осының бәрін тұтас алғанда әскери террор дегеннен басқа сөзбен атауға болмайды.

Азаттық қозғалысын осылайша әскер күшімен жаныштау арқылы үкімет өзінің күшін сынап көрді. Күшіміз жететін болса,— мүлде Дума шақырмаймыз, Орыс халқы одағының және сол тәрізді қаражүздіктердің «нағыз орыстық» партияларының тілектерін бірден-ақ қанағаттандырамыз. Ал күшіміз жетпейтін болса,— тағы бір рет шақырамыз, сайлау заңын қайта жасап көреміз, қаражүздік Дума болуын қамтамасыз етуге немесе кадеттік Думаны жуасытуға әрекет жасап көреміз. Үкімет осылай деп ойлады.

Әйтеуір нақ осы күнге дейін аяусыз әскери жаныштау күшінің шамасы келгені — тек сенаттық түсініктемелер арқылы, заңға қарама-қарсы, мыңдаған және он мыңдаған жұмысшылардың, жоқ-жітік шаруалардың, темір жолшылардың сайлау праволарын тартып алу ғана болды. Үкіметтің финанс қиыншылықтары өте-мөте күшейіп кетті. Заем алудың әзірше реті келмей тұр. Сөзсіз банкрот болу қаупі төніп келеді. Ел ішінде үкімет бейбастақтар шайкасы (нағыз орыс адамдары) мен октябристер арасында әрі-сәрі күйге түсіп, бірде-бір партияға

№ 1. ЕЖЕНЕДѢЛЬНИКЪ № 1.

ТЕРНІИ ТРУДА

24 декабря 1906 года.

КОНТОРА и РЕДАКЦІЯ: Николаевская ул., кв. 34.
Пріемъ по дѣламъ редакціи по средамъ и субботамъ отъ 3 до 5 час. дня.

Политическое положеніе и задачи рабочаго класса.

Послѣ разгона Думы правительство сдерживало возмущеніе страны только посредствомъ военнаго террора. Усиленныя и чрезвычайныя охраны, аресты безъ конца, военно-полевые суды, карательныя экспедиціи, все это, вмѣстѣ взятое, нельзя назвать иначе, какъ военнымъ терроромъ.

Правительство испытывало свою силу на этомъ военномъ подавленіи освободительнаго движенія. Хватитъ силы,—вовсе не созовемъ Думы, сразу удовлетворимъ желанія союза русскаго народа и тому подобныхъ «истинно-русскихъ» партій черносотенцевъ. Не хватитъ силы,—созовемъ еще разъ, попытаемся передѣлать избирательный законъ, попытаемся обезпечить черносотенную Думу или укротить кадетскую Думу. Такъ разсуждало правительство.

Военной силы безпощаднаго подавленія хватило до сихъ поръ по крайней мѣрѣ, только на то, чтобы посредствомъ сенатскихъ разъясненій отнять, вопреки закону, избирательное право у тысячъ и десятковъ тысячъ рабочихъ, неимущихъ крестьянъ, желѣзнодорожниковъ. Финансовыя затрудненія правительства чрезвычайно усилились. Займа пока не удается добыть. Грозитъ неминуемое банкротство. Внутри страны правительство не можетъ опереться ни на одну партію, колеблясь между шайками хулигановъ (истинно-русскіе люди) и октябристами. Вполнѣ спѣться оно не могло даже и съ октябристами.

При такихъ условіяхъ начинается избирательная кампанія во вторую Думу. Обыватель запуганъ. На него удручающе повліяли военно-полевые суды. Онъ находится подъ впечатлѣніемъ правительственнаго хвастовства, что Дума будетъ послушной. Онъ поддается настроенію и готовъ простить всѣ ошибки кадетамъ, готовъ выбросить за бортъ все то, чему научила его первая Дума и голосовать за кадета, лишь бы не прошелъ черносотенецъ.

Со стороны обывателя такое поведеніе понятно. Обыватель никогда не руководится твердымъ міросозерцаніемъ, принципами дѣльной партійной тактики. Онъ всегда плыветъ по теченію, слѣпо отдаваясь настроенію. Онъ не можетъ разсуждать иначе, какъ противопоставляя черной сотнѣ самую скромную изъ оппозиціонныхъ партій. Онъ не въ состояніи самостоятельно обдумать опытъ первой Думы.

Но то, что естественно для обывателя, непростительно для партійнаго человѣка и совсѣмъ уже неприлично для соціалдемократа. Прислушайтесь, въ самомъ дѣлѣ, къ доводамъ тѣхъ соціалдемократовъ, которые зовутъ соціалистовъ рабочихъ *голосовать за кадетовъ* (все равно, за однихъ ли только кадетовъ тамъ, гдѣ соціалдемократы отказались вовсе выставлять своего кандидата, или за кадета вмѣстѣ съ соціалдемократомъ, гдѣ есть общій списокъ). Вмѣсто доводовъ вы услышите одинъ только припѣвъ, одинъ крикъ страха и отчаянія: какъ бы не прошли черносотенцы! голосуйте всѣ за кадетовъ! составляйте общіе списки съ кадетами!

Соціалдемократъ, членъ рабочей партіи, не можетъ опускаться до такой обывательщины. Онъ долженъ дать себѣ ясный отчетъ въ томъ, какія дѣйствительныя общественныя силы ведутъ борьбу, какое дѣйствительное значеніе имѣетъ Дума вообще и господствовавшая въ первой Думѣ партія кадетовъ въ особенности. Кто разсуждаетъ о современной политикѣ пролетаріата, не обдумавъ всѣхъ этихъ вопросовъ, тотъ никогда не можетъ прійти къ сколько-нибудь вѣрнымъ выводамъ.

За что идетъ теперь борьба въ Россіи? За свободу т. е. за власть народныхъ представителей въ государствѣ, а не стараго правительства. За землю для крестьянъ. Правительство всѣми силами борется противъ этихъ стремленій, отстаиваетъ свою власть, свою землю (ибо самые богатые помѣщики принадлежатъ къ числу самыхъ знатныхъ и наиболѣе высокопоставленныхъ лицъ въ государствѣ). Правительство имѣетъ противъ себя рабочихъ и массу крестьянской бѣдноты, а также, разумѣется, и городской бѣдноты, о которой не къ чему говорить отдѣльно, ибо у нея нѣтъ особыхъ интересовъ въ отличіе отъ основныхъ интересовъ пролетаріата и крестьянства.

Какъ относятся къ борьбѣ высшіе классы, помѣщики и буржуазія? Сначала, до 17-го октября, большая часть ихъ были либеральны, т. е. сочувствовали свободѣ, даже помогали такъ или иначе борьбѣ рабочихъ. Буржуазія была недовольна самодержавнымъ порядкомъ управленія и требовала себѣ тоже

«Терний Труда» апталығының 1906 ж. 24 декабрьдегі 1-номерінің бірінші беті; мұнда В. И. Лениннің «Саяси жағдай және жұмысшы табының міндеттері» деген бас мақаласы басылған

Кішірейтілген

сүйене алмай отыр. Керек десе, ол тіпті октябристермен де толық тіл табыса алмады.

Екінші Думаның сайлау науқаны осындай жағдайда басталып отыр. Тоғышар шошып қалған. Әскери-далалық соттар оның ұнжұрғасын мүлде түсіріп жіберді. Ол үкіметтің Дума айтқанымыздан шықпайтын болады деп көкуінің ықпалына түсіп қалып отыр. Ол көңіл күйінің ырқына еріп, кадеттердің барлық қателерін кешіруге әзір, өзінің бірінші Думадан алған сабағының бәрін лақтырып тастап, әйтеуір қаражүздік өтіп кетпесе болғаны деген желеумен кадетке дауыс беруге әзір.

Тоғышардың тарапынан мұндай қылықтың болуы түсінікті нәрсе. Тоғышар еш уақытта да дүниеге берік көзқарас, сындарлы партия тактикасының принциптерін ұстамайды. Ол әрқашанда көңіл күйінің ырқынан шықпай, ағынмен ыға береді. Ол оппозициялық партиялардың ішіндегі ең бір момақанын қара жүздікке қарсы қоймай сөйлсу дегенді білмейді. Ол бірінші Думаның тәжірибесін өз бетімен ақылға салып қарауға дәрменсіз.

Бірақ тоғышарға тән қылық партия адамына кешірілмек емес, ал социал-демократқа тіпті лайықсыз. Расында да, социалист жұмысшыларды *кадеттерге дауыс беруге* (мейлі, социал-демократтар өз кандидаттарын ұсынудан бас тартқан жерлерде кілең ғана кадеттерге болсын, мейлі ортақ тізім жасалған жерлердегі социал-демократпен біріккен кадетке болсын, бәрі бір) шақырып жүрген социал-демократтардың дәлелдеріне құлақ салыңыздаршы. Сіздер дәлел орнына: қаражүздіктер өтіп кетіп жүрмесе болар еді! бәрің де кадеттерге дауыс беріңдер! кадеттермен ортақ тізім жасаңдар! — деген ызыңды ғана, үрей мен торығу сарынын ғана естисіздер.

Социал-демократ, жұмысшы партиясының мүшесі, мұндай тоғышарлыққа дейін құлдырай алмайды. Ол нағыз қоғамдық күштердің қайсылары күрес жүргізіп жатқанын, жалпы алғанда Думаның, әсіресе бірінші Думада үстем болған кадеттер партиясының шын мәні қандай екенін анықтап ұғып алуға тиіс. Кімде-кім осы мәселелердің бәрін түгел ойластырып алмайынша, про-

летариаттың қазіргі саясатын сөз қылмақ болса, ол ешқашан да азды-көпті дұрыс қорытындыға келе алмайды.

Россияда қазір күрес не үшін жүріп жатыр? Бостандық үшін, яғни мемлекет ішінде өкімет ескі үкіметтің қолында болмай, халық өкілдерінің қолында болуы үшін жүріп жатыр. Шаруаларға жер берілуі үшін жүріп жатыр. Үкімет бар күшін салып осы талаптарға қарсы күресуде, өз қолындағы өкіметін, өз қолындағы жерін қорғауда (өйткені помещиктердің ішіндегі ең байлары мемлекет ішіндегі игі жақсы, ең жоғары мәртебелі адамдардың санына қосылады). Үкіметке қарсы күресіп отырған жұмысшылар мен шаруа кедейлерінің бұқарасы, оған қоса, әрине, қала кедейлері, бұларды айырып сөз етудің қажеті жоқ, өйткені бұларда пролетариат пен шаруалардың негізгі мүдделерінен бөлек дерлік ерекше мүдде жоқ.

Жоғарғы таптар, помещиктер мен буржуазия, күреске қалай қарайды? Бастапқыда, 17 октябрьге дейін, олардың көпшілігі либерал болды, яғни бостандыққа тілектес болды, тіпті белгілі бір түрде жұмысшылардың күресіне көмектесті де. Буржуазия басқарудың самодержавиелік тәртібіне наразы болып, өзін де мемлекет істеріне қатыстыруды талап етті. Буржуазия өзінің тілектеріне халық ішінен қолдау табу үшін өзін демократияшылмын, яғни халық бостандығын жақтаушымын деп атап жүрді. Алайда 17 октябрьден кейін, буржуазия қолы жеткенге, яғни помещиктер мен капиталистердің мемлекет ісіне араласқанына және аман қалған ескі өкіметтің бостандық беремін деген уәдесіне қанағат етті. Буржуазия пролетариат пен шаруалардың дербес күрес жүргізуінен шошып кетті де: революция енді жетер! — деп жар салды.

17 октябрьге дейін земствошылардың бір ғана кеңейтілген либерал-буржуазиялық партиясы болды, олар өздерінің жұртқа әйгілі жартылай жария съездеріне жиналып тұратын және шетелде «Освобождение»[131] деген журнал шығаратын. 17 октябрьден кейін земство съездеріне қатысушылар жікке бөлініп кетті: кәсіпкер-капиталистер мен неғұрлым ірі помещиктер немесе крепостникше қожалық ететін помещиктер октябрис-

тер партиясына кетіп қалды, яғни түп-тура үкіметтің жағына шығып кетті. Екінші бөлегі, әсіресе адвокаттар, профессорлар және былайғы буржуазиялық интеллигенция кадет (конституционалист-демократтар) партиясын құрды. Бұл партия да революцияға қарсы шықты, ол да жұмысшы күресінен шошып кетті, сөйтіп ол да: енді жетер! — деген ұран көтерді. Бірақ ол күресті неғұрлым жымысқы әдістермен, халыққа ұсақ жеңілдіктер жасаумен, шаруаларға құнын төлетумен, т. т. тоқтатпақ болды, әлі де солай тоқтатпақшы. Кадеттер партиясы: егер халық Думаға кадеттерді сайлайтын болса, халыққа бостандық, шаруаларға жер әпермекші болып уәде берді. Социал-демократтар бұл уәденің халықты алдау екенін түсінді де, Думаға бойкот жасады. Бірақ қараңғы шаруалар мен зәресі ұшып қалған тоғышарлар не қылғанда да Думаға кадеттерді өткізді. Кадеттер бостандық үшін күресудің орнына, Думада отырып алып халықты тыпышталуға шақыра бастады, ал өздері патшаның министрі болып тағайындалудың соңына түсті. Сөйтіп жағымсыз сөздері үшін, социал-демократтар мен неғұрлым батыл депутаттардың Дума трибунасынан халыққа арнап сөз сөйлеп, оны күреске шақырғаны үшін Думаның өзі қуылды.

Енді нағыз көр соқыр немесе қараңғы адамдардың өзі де кадеттер партиясының қандай екенін түсінуге тиіс. Бұл — халық күрескерлерінің партиясы емес, буржуазияшыл тілемсектердің, делдал-жалдаптардың партиясы. Бұқара кадеттер партиясына сенуді қойғанда ғана, бұқара дербес күрес жүргізудің қажеттігін ұққанда ғана, жұмысшылар мен саналы шаруалар өз мақсаттарына жете алатын болады. Сондықтан кадеттерге дауыс беру және сондай дауыс беруді уағыздау дегеніміз бұқараның санасын, олардың топтасқандығы мен күреске әзірлігін әлсіреткендік болады.

Саналы жұмысшылардың алдында енді мүлде басқаша міндет тұр. Тоғышарлық абыржушылық пен идеясыздыққа қарсы олар сайлау науқанында дәйекті, ұстамды, сындарлы, социалистік уағызбен шығуға тиіс.

Саналы жұмысшылардың ең таяудағы міндеті — шын күрестің не екенін, бұл күрестегі түрлі таптардың шын

жағдайы қандай екенін бүкіл пролетариат бұқарасына және шаруалардың барлық алдыңғы қатарлы өкілдеріне түсіндіру.

Біздің революциямыз кезінде барлық таптардан гөрі жұмысшылар көбірек ілгері кетті. Қазір олардың қалың бұқарасы социал-демократияға қарай бет алуда. Мұнда, әрине, анағұрлым күшейтілген, анағұрлым кең өрістетілген жұмыс болуы керек, бірақ бұл жұмыс енді даңғыл жолмен жүре береді. Жұмыстың бәрінен де гөрі маңыздырағы, бәрінен де гөрі қиынырағы шаруалар арасында. Шаруалар деп отырғанымыз — ұсақ қожайынсымақтар табы. Бұл тап бостандық үшін күресте, социализм үшін күресте, жұмысшылардан гөрі әлдеқайда тиімсізірек жағдайда қойылған. Шаруалар ірі-ірі кәсіпорындарға бірлесіп бірікпеген, қайта ұсақ-ұсақ, бөлек-бөлек шаруашылықтарға бытырап жатыр. Жұмысшылардың алдарында тұрған капиталисті көретініндей, шаруалар өздерінің алдында тұрған бүркеусіз, әшкере, ортақ жауын көре алмайды. Ішінара шаруалардың өздері де қожайындар, меншікшілер; сондықтан олар әрдайым буржуазияның соңынан ілесуге тырмысады, соған еліктемек болады; жұмысшы табының капиталистер табына қарсы ортақ күресінің қамын ойламайды, өзінің ұсақ меншігін дамытып, нығайтудың қамын ойлайды.

Міне, сондықтан да кедей шаруалардың бүкіл бұқарасы қашан болса да, қай елде болса да бостандық үшін, социализм үшін күресте, жұмысшылармен салыстырғанда, тұрлаусыздау болып шыға беретін. Міне, сондықтан біздің Россияда да, кадет сатқындығының барлық сабақтарына қарамастан, Думадағы шаруа депутаттары, трудовиктер, либерал буржуазияның ықпалынан, оның көзқарастарынан, оның соқыр сенімдерінен, оның саясатта қолданатын әдістерінен,— әдіс болғанда, сырттай жылпос, епті, әсем-сәнді «амал-айладан» құралған сияқты, ал іс жүзінде топас, даңғаза және әрбір шын күрескермін деген адамға масқара әдістерден әлі басын алып шыға алмай жүр.

Саналы жұмысшылар! Халықтың әбден көзін ашу үшін сайлау науқанын пайдаланыңдар! Өздеріңді ка-

деттермен бірлесіп ортақ тізім жасауға, кадеттермен ортақ ұрандар көтеріп бұқараның санасын көмескілеуге шақырып жүрген, адал ниетсіген, бірақ жасық және тұрлаусыз адамдардың үгітіне берілмеңдер. Қаражүздік қауіп туралы алып-қашпа айқай-шуға, өрекпіген айқай-сүрең мен үрейге сын көзімен қараңдар. Орыс революциясы үшін нағыз, шын қауіп — шаруалар бұқарасының есейіп жетпегендігі, оның күрестегі табансыздығы, буржуазиялық либерализмнің бүкіл нәрсіздігін, бүкіл опасыздығын түсінбейтіндігі. Осы қауіппен күресіңдер, бүкіл халық бұқарасына бар шындықты жеткізе ашық айтыңдар, сонда ғана сендер оны кадет судырлардан бұрып әкетіп, социал-демократияны қолдауға баулисыңдар. Сонда ғана, тек сонда ғана, сендер шын қаражүздік қауіпті жеңе алатын боласыңдар. Сонда ешқандай сенаттық түсініктемелер де, ешқандай өлім жазасы да, ешқандай тұтқындау да *ондай* жұмысты, бұқараның азаматтық, таптық санасын арттыру жұмысын, оларды либералдық-буржуазиялық емес, дербес күрес міндеттері мақсатында ұйымдастыру жұмысын халықтан тартып ала алмайды.

«Терпии Труда» № 1, 24 декабрь, 1906 ж.

«Терпии Труда» апталығының тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР [132]

Поволжье — шаруалар қозғалысының ірі орталықтарының бірі. Поволжьеде жұмысшы партиясының алдына ерекше қатты қойылып отырған міндет: пролетариаттың дербес таптық саясатын жүргізу, сонымен қатар шаруалар бұқарасына өзінің либерал помещик-кадеттерден шыққан кәдімгі көсемдерінен қол үзгенде ғана, революцияшыл пролетариатқа қосылғанда ғана жер мен бостандыққа қолы жете алатынын ұдайы түсіндіре беру.

Жұмысшы партиясының сайлау науқаны да түгелімен дәл осы міндетке бағындырылуға тиіс. Дәл сондықтан да Поволжьеде кадеттермен блок жасасу өте зиянды, ал тап күресін жүргізіп отырған пролетариаттың партиясы ретіндегі социал-демократияның бүкіл принциптік позициясынан алғанда мұның өзі жалпы жол беруге болмайтын іс. Мұны айқынырақ етіп корсету үшін бірінші Думаға Поволжьеден сайланған бір шаруа депутатын мысалға алайық. Бұл депутат деп отырғанымыз — Саратов губерниясынан сайланған трудовик И. Жилкин мырза.

Қазір трудовик Жилкин Питердегі кадеттік «Товарищ» газетіне хат жазып, кадеттермен блок жасасуды жақтап отыр. Енді соның осы блокты *қалай* қорғайтынын қараңыздар. 17 декабрьде шыққан «Товарищте» ол Саратов губерниясында өткізілген бірінші Думаның сайлауы жайында әңгімелейді. Шаруалар өздерінің ішкі сезіміне — еңбекшілер мен қаналушылардың жаңылмас

В. И. Лениннің «Жұмысшы партиясының міндеттері және шаруалар» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1906 ж.

Кішірейтілген

(1

Предоставляю редакции прав. переделки стиля и прибавлений заглавий. Прошу прислать мне несколько экземпляров, если напечатаете.

Задачи рабочей партии и крестьянство.

Поволжье — один из крупных центров крестьянского движения. В Поволжьи перед рабочей партией особенно настойчиво выдвигается задача: вести самостоятельную классовую политику пролетариата, подробно разъяснять при этом крестьянской массе, что она может добиться земли и свободы только порывая с своими обычными вождями из либеральных политиков — кадетов, только примыкая к революционному пролетариату.

Именно этой задаче должна быть всецело подчинена и избирательная кампания рабочей партии. Именно вследствие этой ~~задачи~~ особенно вредны в Поволжьи блоки с кадетами, недопустимые вообще в силу всей принципиальной позиции с.-д., как партии ведущей классовую борьбу пролета-

ішкі сезіміне бағып, либерал помещик пен буржуазиялық адвокатқа сенбеген де, өз адамдарын сайлаған. Губерниядағы барлық сайламшылар Думаға депутаттар сайлау үшін жиналған кезде, шаруалар барлық сайламшылардың бестен екісіне таяуы болып шыққан.

(Ескертіп өтейік, Саратов губерниясында барлық сайламшылар саны — 150. Бұлардың 64-і шаруалардан, 51-і жер иелерінен, 35-і қала халқынан. Жилкин мырза 152 сайламшы деген цифрды келтіреді, ол, бәлкім, жұмысшы куриясын қосқан болуы керек.)

Шаруа сайламшылары губернияда «кадет партиясының орталық комитетіне қатысы бар» Н. Н. Львов мырза секілденген «көрнекті» кадеттермен тоқайласып қалған. Уездік қалалардан келген сайламшылардың ішінде кадеттерден гөрі солшылырақ кісілер болған. Сөйтіп ілездің арасында, өзінен-өзі дерлік, солшыл блок, «еңбекшілер одағы», Думадағы болашақ Еңбек тобының алғашқы ұрығы пайда болған.

Думадағы орын үшін кадеттермен сауда басталады. Орынның $^{2}/_{3}$ бөлігін кадеттер өздеріне, «еңбекшілер» өздеріне сұрайды. Келісе алмайды. Кадеттер еңбекшілер одағының күшіне, топтасқандығына сене қоймаған. Алайда сайлау алдындағы ең соңғы жиналыста одақ кандидаттары 152 дауыстың *78-нен 89-на дейінін* алып кетіпті. «Кадеттердің басты-басты кандидаттары 50-ден 67-ге дейін дауыс алған».

Сонда ғана кадеттер бас иіпті. Олар өз партиясынан Думаға азшылық сайлануына келісіпті. «Еңбекшілер одағының комитеті кадет туы астындағы кандидаттардан Н. Н. Львов пен С. А. Котляревский екеуін өткізуге келіседі. Бір ғажабы,—деп жазады Жилкин мырза,— бұл кандидаттар соның алдында ғана жазба хат арқылы 59 және 67 дауыс ала тұра, дауысқа түскенде 111 дауыс алған».

Иә, мұның өзі өте ғажап нәрсе. Бірақ, амал не, өзінің айтып отырған фактілерінің *маңызына* тек трудовик Жилкин ғана түсінбейді.

Ойлап қараңыздаршы: еңбекшілердің солшыл одағы, 152 дауыстың 78—89-ына, яғни *көпшілігіне* ие бола тұрып, Думаға Н. Н. Львовты өткізген. Сондықтан да тру-

довик Жилкин мырза енді келіп кадеттермен блок жасасуды қорғайды.

Жұмысшылар және шаруалар, сендер Н. Н. Львовтың кім екенін білесіңдер ме? Ол — помещик, «Азаттық одағының» негізін салушылардың бірі, яғни кадет партиясын құрушылардың бірі. Ол жеті жыл бойы дворяндар жетекшісі болып қызмет атқарды. Думада нағыз оңшыл кадеттер тобында болды. Басқаша айтқанда, ол социал-демократияның жұмысшы депутаттары мен трудовиктерге қарсы күрескені былай тұрсын, тіпті бүкіл кадет партиясының өзі солға қарай тым ауытқып кетті деп те жүрді! Ол жиналыстар мен баспасөз жайындағы кадеттік каторгалық заңдарды өте жұмсақ деп, кадет помещиктердің шаруаларға ұсынған күйзелту төлемдерін шаруалар үшін тым жомарт реформа деп байбалам салып жүрді. Кадеттер жерді шаруаларға әділ бағамен сатқысы келді, бірақ бұл әділ бағаны шаруалар мен помещиктердің екі жақтан теңбе-тең бөлінген өкілдері, үкімет өкілдерін іштеріне ала отырып белгілейтін болсын деді. Бір шаруа, бір помещик, бір полиция төресі — несін айтасыз, кадеттердің әділдігі деген керемет емес пе? Помещик Львов мырзаға мұның өзі шамадан тыс либералдық болып көрінді. Шамасы, помещик мырза жергілікті жер комитеттерінде полицейлердің көбірек болғанын қаласа керек.

Міне, сондықтан да Львов мырза Думада шаруалардың жер талап етуіне *қарсы* бірнеше дүркін сөз сөйледі. Львов мырза Дума кезінде билеп-төстеушілерге жасырын есіктен барғыштап, Думадағы трудовиктер мен социал-демократтарды «ауыздықтау» шартымен либерал помещиктер үшін министрлік орындар сұрап саудаласуда болды. Трудовиктердің Думаға өткізіп жүрген либерал помещигі Львов, міне, осындай адам. Тіпті Дума қуылғаннан кейін де помещик Львов Столыпиннің министрлігіне кіру жайында онымен әңгімелесіп жүрді!!

Столыпинмен қымсынбай сөйлесетін болу үшін Львов кадеттерден кетіп, бейбіт тонау партиясын құрды. *Кадеттер енді осы партиямен блокқа кіріп отыр.* Жилкин мырза жазып жүрген «Товарищ» газеті бұл партияны,

қаражүздік партия емес, прогресшіл партия деп атайды!

Бірақ бізге керегі—Львовтың Думаға өткен кезде кадет болғандығы. Бізге керегі — кадет-помещиктің Думада шаруалардың талаптарына қарсы күрес жүргізгендігі, шаруаларды топ-тобымен атып, соққыға жыққан адамдармен тіпті Дума қуылғаннан кейін де министрдің орнын сұрап саудаласқандығы, сөйтіп барып тұрған арамдықпен шаруаларға опасыздық еткендігі.

Трудовиктердің Думаға өткізген кадет-помещиктері, міне, осындайлар!

Айталық, Жилкин мырза мен басқа трудовиктер *ол кезде* Львовтың қандай адам екенін білмеді делік. Айталық, Жилкин мырза мен К° *қателескен екен* делік. Қате үшін айыптауға болмайды.

Жарайды. Ал қазіргі уақытта Львов сияқты кадет помещиктердің «халық бостандығын» тастай беріп, столыпиндік әскери-далалық министрлікке жып беріп тайып кетіп жүргенін Жилкин мырзаның білмеуі мүмкін бе? Жилкин мырза мұны біледі, *сөйте тұра* трудовиктерге, жұмысшы социал-демократтарға либерал помещиктердің, буржуазиялық адвокаттардың партиясымен, кадеттер партиясымен, блок жасасуға кеңес береді.

Львов — сатқын кадеттің нағыз үлгісі, либералдардың помещиктік партиясының нағыз үлгісі.

Жилкин — «либерал» помещиктердің соңынан салпақтаған, сөйтіп шаруаның көзін аша білмейтін, көпшілік бола тұрып, жеңе білмейтін, шаруаларды дербес күрес жүргізуге шақыра білмейтін, санасы ашылмаған тұрлаусыз трудовиктің нағыз үлгісі.

Ал Поволжьенің барлық саналы жұмысшылары, барлық социал-демократтары Львов пен Жилкиннің мысалы арқылы халықты үйрететін болсын.

Жұмысшылар! Сендер помещик Львов сияқты бүгін халық бостандығы туралы тілін безеп, ертең Столыпиннің жағына қарай тайып кетіп жүрген кадеттерді Думаға өткізуге жәрдем беруді қалайсыңдар ма?

Егер сендер оны қаламайтын болсаңдар, кадеттермен, бұл «либерал» помещиктердің осы партиясымен, блок жасасу атаулының бәріне жоламаңдар. Шаруаларды

кадеттер партиясын емес, социал-демократиялық жұмысшы партиясын қолдауға шақырыңдар.

Шаруалар! Сендер Думаның алдында өздеріңді телегей теңіз молшылыққа жеткізуге уәде беріп, ал Думаға барған соң жерді помещиктер үкіметі тағайындаған төрелер арқылы помещик жеріне әділ баға белгілеуді ұсынып жүрген кадет Львов тәрізді «либерал» помещиктерді тағы да Думаға өткізуді қалайсыңдар ма? Сендер шаруалардың талаптарын қорғауды либерал помещиктерге немесе буржуазиялық адвокаттарға сеніп тапсыруды қалайсыңдар ма?

Егер оны қаламайтын болсаңдар, социал-демократтарға, яғни жұмысшы партиясына дауыс беріңдер. Дүние жүзінде ешбір жерде социал-демократиялық жұмысшы партиясы күйзелген, мұқтаждық көрген, еңбекші және қаналушы шаруалардың мүдделеріне опасыздық істеп көрген емес. Біздегі кадет Львовтар шаруаларды қалай алдаса, бүкіл дүние жүзінің барлық жерінде либерал буржуазия да жер үшін, бостандық үшін күрескен шаруаларды нақ солай алдаумен келген.

Трудовиктердің тұрлаусыздығына қарсы берік, саналы, таптық тұрғыдан таймайтын жұмысшы партиясынан басқа ешбір құрал жоқ және болуы да мүмкін емес. Тек саналы жұмысшылармен қол ұстасып жүргенде ғана шаруалар жер мен бостандыққа жете алады.

28 декабрь, 1906 ж.

Бірінші рет 1935 ж. 21 январьда «Волжская Коммуна» газетінің 19-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. ЛИБКНЕХТТІҢ «ЕШҚАНДАЙ ЫМЫРА, ЕШҚАНДАЙ САЙЛАУ КЕЛІСІМІ БОЛМАСЫН!» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі уақытта, екінші Дума сайлауы қарсаңында, сайлау келісімдері туралы мәселе жұмысшы партиясын да, либерал буржуазияның жұртшылық пікірін де қатты елеңдетіп отырған кезде Либкнехттің орыс оқушысына аударылып ұсынылып отырған кітапшасының айрықша маңызы бар.

Біз бұл арада Либкнехттің кітапшасының жалпы маңызына тоқтап жатпаймыз. Оның осы маңызын анық түсіну үшін және кітапшаның кейбір жерлерінің қашан және қалай айтылған жағдайын ескермесе теріс түсінік тудыруы ықтимал тұстарын дұрыс ұғыну үшін оқушының герман социал-демократиясының тарихы жайындағы Фр. Мерингтің шығармасына және біздің неміс жолдастарымыздың басқа да бірқатар шығармаларына көз салуы қажет.

Бізге бұл жерде керегі — Либкнехттің пайымдау *тәсілдерін* көрсетіп өту. Біз үшін маңыздысы — кадеттермен блок жасасу жөніндегі бәріміздің ойымызды бөліп отырған мәселенің шешіміне орыс оқушысының өз бетімен келуіне жәрдемдесу үшін Либкнехттің келісім мәселесін қарауға қандай жолмен *келгендігін* көрсету.

Буржуазиялық-оппозициялық партиялармен келісу «парламент мандаттары» тұрғысынан да, ортақ жауға, реакцияға, қарсы «одақтас» (одақтассымақ) тарту тұрғысынан да «пайдалы» екенін Либкнехт ешбір бекер демейді. Бірақ герман социалистері ардагерінің шын саяси парасаты мен сыннан өткен социал-демократизмінің

нақ көрінер жері сол — ол бұл пікірлермен *шектеліп қалмайды*. Ол мына жақтарын ақтара қарайды: «одақтас» деп жүргеніміз өз қатарымызға кіргізу өте қауіпті болатын бұғып жүрген жау емес пе екен? ол одақтас ортақ жауға қарсы шындап күресіп жүр ме және қалай күресіп жүр? келісімнің парламент мандаттарын көбейту тұрғысынан пайдалы болуы пролетариат партиясының неғұрлым ұзағырақ, неғұрлым күрделірек міндеттері тұрғысынан зиянды болуымен астасып жатқан жоқ па екен?

Өзгені қойып, осы мен көрсеткен үш мәселені алайық та байқайықшы: орыс социал-демократтарының кадеттермен келісуін жақтап жүрген, мысалы, Плеханов сияқты кісі осы мәселелердің маңызын *ұға ма екен*. Біз Плехановтың келісім мәселесін тым тайыз қарайтынын әлі көреміз. Кадеттер реакциямен күрескісі келеді екен, демек... кадеттермен келісу керек! Плеханов осыдан әрі бармайды, мәселені одан әрі талдау оған доктринерлік болып көрінеді. Осыдан барып, социал-демократиялық саясаттың талаптарын соншалықты естен шығарған социал-демократтың Прокопович мырзалар мен «Товарищтегі» басқа да публицистер секілді социал-демократия ренегаттарымен қоңсы қонып, қолдас болып жүргені таңданарлық нәрсе емес. Тіпті мұндай социал-демократтың принциптік пікірлестері, меньшевиктердің өздері де Плеханов жайындағы өз ойларын не ашып айта алмай, жұмысшы жиналыстарында опап теріс айналып, ұялғандарынан жұмған ауыздарын аша алмай жүргені, не болмаса «Volkszeitung» пен «Наша Трибунадағы»[133] бундшылдар секілді оны турадан-тура күлкі қылып жүргені де таңданарлық нәрсе емес.

Либкнехт бізді социал-демократ буржуазиядан шыққан әрбір одақтастың қауіпті жақтарын аша білуге және ондайларын жасырмауға тиіс деп үйретеді. Ал біздегі меньшевиктер кадеттермен емес, қаражүздік қауіппен күресу керек деп лепіреді! Мұндай адамдарға Либкнехттің мына сөздерінің мәнісін ойлап қарау қандай пайдалы болар еді: «Полиция саясатшыларының есуас, рақымсыз зорлықтары, социалистерге қарсы шығарылған заңның — каторгалық заңның, төңкерісті

уағыздайтын партияларға қарсы шығарылған заңның озбырлықтары біздің жиренішті күйініш сезімімізді ғана қозғай алады, бірақ сайлауда келісім жасау үшін бізге қол созып, дос болғансып, бауыр болғансып ішімізге кіруге тырысып жүрген жаудан,— әне сондай жаудан, *тек сондай ғана жаудан біз қауіптенуге тиістіміз»*.

Көріп отырсыздар: полицейлер зорлығын, қаражүздік заңдарды Либкнехт те біледі. Алайда ол жұмысшыларға: бұл жаудан емес, жалған доспен сайлау жөнінде келісім жасаудан қауіптену керек деп батыл айтып отыр. Либкнехттің бұлай ойлаған себебі не? Себебі, ол әрдайым да күрескерлердің күші *саналы* жұмысшы бұқараның күші болып шықса ғана, ол күш нағыз күш бола алады деп есептеді. Ал бұқараның санасын зорлық-зомбылық, каторгалық заңдар аздырмайды, оны аздыратын жұмысшылардың *жалған достары,* күрес жайындағы бос сөздерімен бұқараны нағыз күрестен *алаңдататын* либерал буржуалар. Кадеттерге қарсы күресу дегеніміз — жұмысшы бұқараның сана-сезімін кадеттік жалған пікірлерден, халық бостандығын ескі өкіметпен ұштастырамыз дейтін соқыр сенімнен арылту жолында күресу екенін біздің меньшевиктер мен Плеханов түсінбейді.

Ашық жауларға қарағанда, жалған достардың осы зор қаупін Либкнехттің барынша баса көрсеткені сонша, ол былай деді: «сайлау келісімдерінің ырқымен таптық қарама-қарсылықты және партиялық шекараларды көмескілеп жіберудің қасында, социалистерге қарсы тағы бір заңның енгізілуі пәленің жеңілі болып табылар еді».

Либкнехттің бұл сөзін 1906 жылдың аяқ кезіндегі орыс саясатының тіліне аударып көріңізші: «кадеттермен сайлау келісімдерін жасасудың ырқымен таптық қарама-қарсылықты, партиялық шекараларды көмескілеп жіберудің қасында, қаражүздік Дума пәленің жеңілі болып табылар еді» деген мағына шығады. Мұндай сөзді естісе, социализмнен либералдарға қашып барған «Товарищтегі» және сол сияқты газеттердегі жазушылар Либкнехтке қарсы қандай қиқулы шу көтерген болар еді! Осы Либкнехттен шығып отырған пікір (ұсынылып отырған кітапшаның 54-беті) сияқты пікірлер

үшін большевиктер де нақ сондай «жазғырылғанын» біз жұмысшы жиналыстарында болсын, меньшевиктік баспасөздің бетінен болсын талай рет естігенбіз. Бірақ Либкнехттің мұндай қиқудан, мұндай жазғырудан қорқа қоймағаны секілді, большевиктер де онан пәлендей қорқа қоймайды. Сайлау келісімдері арқылы жұмысшы бұқараға қоңсы қонып жүрген және халық бостандығына сатқындық жасаушы либералдардың жұмысшы бұқараға келтіретін зиянына мән бермей сөйлеушілік — тек нашар социал-демократтардың ғана істейтін ісі.

Айтқандай, либерализмнің осы опасыздығы туралы. Біздің оппортунистеріміз, соның ішінде Плеханов та: бізде либерализмнің опасыздығын қазір де айта беру әдепсіздік болады,— деп даурығады. Плеханов тіпті әдепсіз социалист-жұмысшыларды кадеттер алдында сыпайы сөйлеуге үйрету үшін бүтін бір кітапша да жазып шығарды. Плехановтың пікірлері қаншалықты ескірген пікірлер екені, Плехановтың айтқан сөздері неміс либерал буржуаларының бұдан бұрын-ақ қаншалықты жауыр етіп тастаған сөздері екені Либкнехттің кітапшасынан өте-мөте айқын көрінеді. Бақсақ, Плехановтың революцияшыл социал-демократтарға қарсы «құрал етіп» отырғаны *баяғы* неміс оппортунистерінің Либкнехтті қорқыту үшін қолданбақ болған қасқыр мен бақташы жайындағы балалар ертегісі екен: сендер «қасқыр! қасқыр!» деген айқайларыңмен жұрттың құлағын үйретіп боласыңдар да, ақыры, шын қасқыр шапқан кезде сендерге ешкім иланбайтын болады деген сияқты. Қазіргі Плехановтың толып жатқан неміс пікірлестеріне Либкнехт өте өткір жауап қайырды: «қалай дегенмен де, партия мүдделерін қорғауға келгенде байсалды адамдар тіл мен жаққа сүйенгендерден олқы соқпайды».

Біз көрсетіп өткен екінші мәселені алып қарайық: біздегі либерал буржуазия, яғни кадеттер, қаражүздік қауіпке қарсы шындап күресе ме және күрессе қалай күреседі? Плеханов бұл мәселені қалай қоюды да, революциялық Россиядағы кадеттердің саясатын зер салып талдай отырып шешуді де білмейді. Плеханов қазіргі Россиядағы буржуазия, пролетариат және шаруалар арасындағы қарым-қатынас туралы жалпы ұғымды орыс

буржуазиялық революциясының нақты ерекшеліктерін зерттеуден шығарудың орнына, марксизмнің әліппесін бұзып, орыс социал-демократтарының кадеттерге нақты қатынасы қандай болуын буржуазиялық революция деген «жалпы ұғымнан» шығарып отыр.

Либкнехт бізге басқаша пайымдауды үйретеді. Ол либерал буржуазияның реакцияға қарсы күресі жайында сөз қылғап адамға оның *қалай* күрескенін талдап қараумен жауап берді. Сөйтіп, ол — сөз болып отырған кітапшасында және басқа да көптеген мақалаларында — неміс либералдарының (нақ біздің кадеттер секілді) «бостандықты сатып жүргенін», олардың «юнкерлермен (помещиктермен) және дін басыларымен» жақындасып жүргенін, олардың революциялық заманда революцияшыл бола алмағанын көрсетіп берді.

«Пролетариат буржуазиядан жігін айырып, өз мүддесі жөнінен оған дұшпан тап ретінде бой көрсете бастаған кезден,— дейді Либкнехт,— *буржуазия демократияшыл болудан қалады»*.

Ал біздегі оппортунистер, кадеттердің өз программасында демократизмді теріске шығарып, жоғарғы палатаны, т. т. мойындап отырғанына қарамастан, олардың Мемлекеттік думада жиналыстарға қарсы бағытталған каторгалық заңдар ұсынғанына және бастықтардың рұқсатынсыз, жалпыға бірдей, тоте, тең, жасырын дауыс беру негізінде жергілікті жер комитеттерін құруға қарсы күрес жүргізгеніне қарамастан, ақиқатты бейнебір мазақ еткендей, кадеттерді (тіпті партияның социал-демократиялық конференцияларының қарарларында да) демократтар деп атайды-ау!

Революция деген сөзді бос сөз орнына қолданушылықты Либкнехт барынша әділ жазғырды. Ол революцияны сөз еткенде, оған әбден сенетін, тактиканың барлық мәселелерін, барлық қадамдарын, шынында да, бір сәттік мүдделердің тұрғысынан ғана емес, бүкіл революцияның түбірлі мүдделерінің тұрғысынан алып зерттейтін. Орыс революцияшыл социал-демократтары сияқты, Либкнехт те тікелей революциялық күрестен жұтаң, жиренішті, жексұрын-қаражүздік конституцияға көшудің қиын-қыстау кезеңдерін бастан кешіріп көрген.

Либкнехт сол қиын-қыстау кезеңдерге бейімделе білді, ешқандай жағдай талғамай, тіпті ең нашар деген жағдайда да, пролетариатқа қызмет істей білді. Бірақ жексұрын конституцияға қарсы күресуден сол конституция жағдайында жұмыс істеуге көшкенде, ол масайраған да емес, бұл сияқты «конституцияның» жарыққа *шығуына* жол бермеу үшін қолынан келгеннің *бәрін* істеп баққан адамдарды сықақ еткен де емес. Либкнехт «сақтық жасаудың» мәнісі — жығылуға айналған (уақытша болса да жығылуға айналған) революцияны жалмажан теуіп қалу екен, сөйтіп жалмажан шұнтиған конституцияға бейімделе қалу екен деп түсінген емес. Жоқ, революцияның байырғы ардагері пролетариат көсемінің «сақтық жасауының» мәнісі — революцияның уақытша жеңілістерінен туатын жағдайға «бейімделу» жолына қорқақ, жасық буржуалардың бәрінен де кейін барып түсу деп білді. «Практикалық саясат,— дейді Либкнехт,— бізді өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның мекемелеріне бейімделуге көндіріп отырды; бірақ осы күнгі қоғамдық тәртіпке бейімделу жолында жасаған әрбір жаңа қадам бізге қиынға түсіп, *үлкен сақтықпен ғана жасалып отырды.* Біздің мұнымызды тұс-тұстан келеке қылғандар да аз болмады. *Бірақ бұл сияқты құлама жолға түсуден қорқатын адам, қалай болғанда да, біздің сақтығымызға күліп жүргендерден анағұрлым сенімді жолдас».*

Витте Думасына бойкот жасаған жұмысшы жолдастар, осы асыл сөздерді естен шығармаңдар. Булыгин Думасына бойкот жасаудың туы астында халықтың бұл *тәрізді* мекемелерге қарсы бағытталған тұңғыш (әзірше бірден бір ғана,— бірақ біз мұның ең соңғы емес екеніне сенімдіміз) қозғалысы көтерілгенін ұмытып, сендердің алдарыңда байғұс педанттар Думаға бойкот жасауды күлкі еткен кезде, осы сөздерді көбірек естеріңе алыңдар. Мейлі, кадет опасыздар-ақ контрреволюция заңдарының тепкісінде бауырымен жорғалауға жұрттан бұрын өз ықтиярымен көпгеніп мақтап ете берсін. Саналы пролетариат өз туын жоғары ұстап, кімнен болса да көп тұрғанын, сөйтіп ашық шайқасқа кіргенін мақтан ететін болады,— шайқаста ауыр соққылардан ғана жы-

ғылғанын, тағы бір рет көтерілуге кімнен болса да көбірек әрекет жасағанын, халықты тағы да бір көтерілуге, жабыла лап қойып жауды тұншықтыруға шақырғанын мақтан ететін болады.

* *
*

Ақырында, біз көрсеткен мәселелердің үшіншісіне, ең соңғысына, келейік. Сайлауда жасалатын келісімдер біздің ерекше қымбат нәрсемізге — социал-демократизм «принциптерінің таза» сақталуына зиян келтірмей ме? Амал не! Орыстың саяси өмір шындығы бұл сұраққа өз жауабын беріп те қойды, бергенде де саналы жұмысшылардың бетінен отын шығарарлық фактілермен жауап берді.

Меньшевиктер біз тек техникалық қана келісімдерге барамыз, біз кадеттермен идеялық күресімізді жалғастырып отырмыз, біз өзіміздің социал-демократиялық позициямызды, өзіміздің таза пролетарлық ұрандарымызды ешбір де, еш нәрсеге де тіпті айырбастамаймыз деп қарарларында сендірумен болды, жиналыстарында жан беріп, ант-су ішумен болды.

Ал енді ше? Өзге емес, нақ Плехановтың өзі халыққа «толық билікті Дума» деген кадеттік те емес, социал-демократиялық та емес, жұрттың бәріне жағымды, ешкімді де өкпелетпейтін «орташа» ұран ұсыну үшін кадет газеттерінің есігінен телмірді. Бұл ұранның халықты көрер көзге алдайтынында, халықтың көзін көлегейлейтінінде жұмысы жоқ, тек әйтеуір либерал помещиктермен келісім болса болғаны! Бірақ кадеттер Плехановты жирене қуып шықты, социал-демократтардың біреулері бетінен басып, біреулері назаланып одан теріс айналды. Ол енді жападан-жалғыз қалып қойды да, «бланкизмі» үшін большевиктерді, «өр көкіректігі» үшін «Товарищтегі» публицистерді, дипломаттығы болмағаны үшін меньшевиктерді сөгіп, өзінен басқаның бәрін жазғырып, бұлқан-талқан болуда! Бейшара Плеханов-ай, келісімдердің принциптік зияндылығы жайындағы Либкнехттің әрі тура, әрі айқын және әрі өр,

әрі өткір сөздері бұл жөнінде бұлтартпастан доп келді-ау!

Ал енді Васильев «жолдас» (ол да революцияға Швейцарияның ас үйінен сығалай қарады) тұп-тура Плехановқа иек қағып, «Товарищте» (17 декабрь), анау-мынау емес, социал-демократиялық партияны таратып жіберуді, сөйтіп уақытша,— тек қана уақытша! — либералдарға қосылып кетуді ұсынды. Иә, Либкнехттің «партиялық принциптерден» ауа жайылғысы келген адам олардың партиясында да бола қойды ма екен, деген сөзі бекер айтылмаған екен. Істің мәні біреудің тілегінде емес, *себептің әсері* партияны қате басқан қадамы үшін неге апарып соқтыратынында. Плехановтың тілектері де сондай жақсы-ақ еді: кадеттермен жарасып, жалғасып, қаражүздік қауіпке қарсы шығу еді,— бірақ ақтығында социал-демократияны тек ұятқа, шатаққа қалдырды да қойды.

Жұмысшы жолдастар, Вильгельм Либкнехттің кітапшасын мұқиятырақ оқыңдар, сонан соң кадеттермен пролетариат үшін, бостандық ісі үшін қатерлі келісім жасаңдар деп өздеріңе ақыл айтып жүргендерді қатаңырақ тексеріңдер!

Декабрь, 1906 ж. *Н. Ленин*

1907 ж. Петербургте «Новая дума» баспасы шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

К. КАУТСКИЙДІҢ «ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Орыстың алдыңғы қатарлы жұмысшылары К. Каутскийді революциялық марксизмнің теориялық ілімін дәлелдеп, түсіндіре алатын ғана емес, сонымен қатар оны орыс революциясының күрделі және шым-шытырық мәселелеріне істің байыбына жете отырып, фактілерді байсалды түрде талдай отырып, қолдана да алатын *өз* жазушысы ретінде көптен бері біледі. Ал қазір, либерал Петрушкалардың, оған қоса солардың ерікті-еріксіз жандайшаптарының идеясыз даурықпа сөздері қайсы бір кездерде социал-демократтардың бар назарын түгелдей дерлік баурап алып отырған кезде, «парламент» техникасының ұсақ-түйегі пролетарлық тап күресінің принциптік мәселелерін көп адамдардан көлегейлеп, көрсетпей отырған кезде, сары уайым сарыны екінің бірінде тіпті инабатты адамдардың өзін де билеп алуға айналып, олардың ақыл-ой және саяси қабілеттерін кемітіп бара жатқан кезде,— нақ осы кезде орыс революциясының негізгі мәселелері жөнінде Каутскийдің пікіріне зер салып, құлақ қою Россияның барлық социал-демократтары үшін үш есе маңызды нәрсе. Тіпті айта берсек, ең маңыздысы — Каутскийдің пікіріне құлақ қоюда ғана емес, қайта оның мәселені қойысына ой жіберіп үңілуде,— өйткені Каутский орыс тактикасының өзіне онша таныс болмаған нақты мәселелері туралы беталды сөйлейтіндей жеңілтек кісі емес, жалпы сөздерді немесе жаппай сәнге айналған шаптықпа айқайларды

талғамай айта салып құтыла қоятындай орыс істерінен мүлде хабарсыз кеще де емес.

Каутский Плехановтың бірқатар шетелдік социалистерге жолдаған сұрақтарына жауап береді. Және, бұл сұрақтарға жауап бере отырып,— дұрысырағын айтқанда, бұл қисынсыз қойылған сұрақтардың ішінен барлық елдердегі социалистер арасында іске пайдалы әңгіме жүргізуге *жарайтындарын* іріктеп ала отырып, Каутский сөзін сыпайы ескертуден бастайды. «Орыс істері жайында сөз болғанда, мен өзімді *орыс* жолдастардың алдында *шәкірттей* сезінемін». Бұл сыпайылық — істің басын мещандық көлгірсуден бастап, аяғын әлдеқандай бір дөрекінің кердеңдігімен тамамдайтын социал-демократия «генералының» жалған сыпайылығы емес. Жоқ, Каутский *іс жүзінде* Россияның ойлы социал-демократтарының нақты міндеттер мен бүгінгі күннің ұрандарын өз бетімен талдау жұмыстарына өзі *жәрдемдесе* алатын мәселелерге *ғана* жауап берумен шектелді. Каутский: оңға немесе солға! — деп әмір ететін генерал болғысы келмеді. Ол жауапты қандай жолмен біздің өзіміз іздеуге тиіс екенімізді ғана нұсқап, өзі алыста тұрған, бірақ та ойшыл жолдастың қалпын сақтауды абзал көрді.

Каутскийден Плехановтың сұрағаны, 1-ден, орыс революциясының «жалпы сипаты» туралы: бұл революция буржуазиялық па әлде социалистік пе? 2-ден, социал-демократияның буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы. 3-ден, Дума сайлауында социал-демократиялық партияның оппозициялық партияларды қолдауы туралы.

Сырттан қарағанда, бұл сұрақтар өте «нәзік» іріктелген. Бірақ «Нәзік жерде кәдік бар» деген мақал да тегін айтылмаған. Бір анығы: бұл мәселелерден азды-көпті хабардар, зейінді адамға бұл сұрақтарда нәп-нәзік қана... *көз бояу* бар екені бірден-ақ байқалады. Мұның көз бояу болатыны, біріншіден, мына мағынада: бұл арада біз метафизиканың үлгісымағын көріп отырмыз, ал Плеханов өзінің нақты-тарихи пайымдауларында осы метафизикадан арыла алмай жүріп оған қарсы сөзді судай сапырып тақылдатуды тәуір көреді. Мұның

көз бояу болатыны, 2-ден мына мағынада: сұрақ қойылған адамды қақпайлап апарып бір титімдей тар өрістің аясына кіргізу бар. Плехановтың сұрақ қойылған адамды еппен ғана қақпайлап кадеттермен блок жасасу ісін... ақтауға қарай бейімдеп, сөзді әдейі алыстан орағытып отырғанын тек саясат мәселелерінен мүлде беті ашылмаған бейкүнә сәби ғана байқамас еді!

Әңгімелескен аңқаулау адамды белгілі бір партиямен блок жасасу ісін ақтауға қарай итермелеп қойып, ол партияның атын атамау; — революциялық қозғалысты сөз ете тұрып, революциялық буржуазиялық демократия мен оппозициялық буржуазиялық демократияның арасын ажыратпау; — буржуазия *өзінше*, яғни пролетариаттан өзгеше «күреседі» дегенді тұспалдай тұрып, бұл айырманың неде екенін туралап, анықтап айтпау; — орыс социал-демократиясының талас мәселелерінің шын мазмұнын шетелдіктердің көзінен *бүркейтін* Амстердам қарарының тұзағына әңгімелесіп отырған адамын қарғаның балапанындай іліктіре қоймақ болу; — орыс революциясындағы түрлі таптардың мүдделері мен жағдайы жайындағы нақты деректерді дәлме-дәл талдаудан барып «орыс революциясының жалпы сипатын» шығарудың орнына, революцияның «жалпы сипаты» жайындағы жалпы *сөзден* барып белгілі бір ретте қолданылатын белгілі бір тактика жайында, буржуазиялық демократияның әр түрлі партияларына көзқарас жайында нақты ережелер шығару; — осының өзі көз бояу емей немене? осының өзі Маркстің диалектикалық материализмін ашықтан-ашық келеке еткендік емей не?

Бары — бар, жоғы — жоқ, онан арғысы шайтанның ісі! Не буржуазиялық революция, не социалистік революция, ал онан арғысын жай ғапа силлогизмдер арқылы-ақ негізгі «қорытындыдан» «шығара салуға» болып жатыр!

Каутскийдің аса зор еңбегі сол — ол мұндай сұрақтарға жауап бергенде, істің мәнін және сұрақтардың тұжырымындағы қатенің мәнін бірден-ақ аңғара қойды. *Шынында*, Плехановтың сұрақтарына Каутскийдің берген жауабы *сол* — ол Плехановтың мәселе қойысын мүлде *іске жаратпай тастады!* Каутскийдің Плехановқа бер-

ген жауабы сол — ол Плехановтың мәселе қойысына *түзету* енгізді. Бұл арада Каутскийдің анкета инициаторына жасаған түзетуі қаншалықты сыпайы, қаншалықты биязы болса, Плехановтың мәселе қойысын сынауы орыннан тұрғызбастай соншалықты күшті болды. «Біз,— деп жазады Каутский,— мүлде жаңаша жағдайлар мен проблемалардың алдында тұрмыз, оларға ескі шаблонның бірде-біреуі тура келмейді деген пікірді ойымызға тоқып алсақ, өте дұрыс істеген боламыз».

Біздің революциямыз өзінің жалпы сипаты жөнінен буржуазиялық революция ма, әлде социалистік революция ма? — деген Плехановтың сұрағына бұл сөз атқан оқтай дәл тиеді. Бұл — ескі шаблон дейді Каутский. Сұрақты олай қоюға болмайды, ол марксише қою емес. Россиядағы революция буржуазиялық революция емес, өйткені буржуазия Россияның қазіргі революциялық қозғалысының қозғаушы күштеріне жатпайды. Сондай-ақ, Россиядағы революция социалистік революция да емес, өйткені ол пролетариатты *бірден-бір* үстемдікке немесе диктатураға *әсте де* жеткізе алмайды. Социал-демократия орыс революциясында жеңіске жете алады және соған ұмтылуға *тиіс*. Бірақ басқа таптардың көмегінен тысқары бір ғана пролетариаттың жеңісі қазіргі революцияның жеңісі бола алмайды. Сонда қазіргі революцияның объективті жағдайларына байланысты пролетариаттың одақтасы қандай тап болмақшы? *Шаруалар:* «революциялық күрестің бүкіл өн бойында тек пролетариат пен шаруалар арасында ғана мүдделердің берік бірлігі болады».

Каутскийдің осы қағидаларының бәрі Россия социал-демократиясының революцияшыл қанатының тактикасын, яғни большевиктердің тактикасын мейлінше тамаша растайды. Ал бұл растаудың өте-мөте бағалылығы сол — Каутский нақты және практикалық мәселелерге жоламастан, бар назарын біздің революциямыздағы социалистік тактиканың *жалпы негіздерін* жүйелеп баяндауға шоғырландырды. Ол «революция — буржуазиялық, сондықтан буржуазияны қолдау керек» дейтін Плехановтың жауыр болған пайымдау тәсілінің марксизмге үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын көрсетіп

берді. Сонымен, ол біздегі социал-демократиялық оппортунизмнің, яғни меньшевизмнің, большевиктер 1905 жылдың басынан бері-ақ қарсы күресіп келген негізгі қатесін тапты.

Онан соң, құр жалпы сөзге сүйенбей, белгілі таптардың жагдайлары мен мүдделерін зерттеуге сүйенген Каутский өзінің талдауында біздегі кадеттік жандайшаптар «әдепсіздікке» санап жүрген қорытындыны, атап айтқанда: Россияда буржуазия реакциядан гөрі революциядан көбірек қорқады, ол абсолютизмді оның революция тудыратыны үшін жек көреді, ол саяси бостандықты революцияны тоқтату үшін іздейді деген қорытындыны қуаттап шықты. Осыны енді сұрақтарында оппозицияның ескі тәртіпке қарсы жүргізетін күресі мен үкіметтің революциялық қозғалысты басып-жаншу ниетіне қарсы жүргізілетін күресті байқатпай бір санаған біздің Плехановтың кадетке сенгіш аңқаулығымен салыстырып көріңіздерші! Меньшевиктердің «буржуазиялық демократия» жөніндегі шаблондық көзқарасынан өзгеше, Каутский оның революцияшыл және революцияшыл емес элементтерін көрсетті, либерализмнің банкрот болғанын, шаруалар неғұрлым дербесірек, саналырақ бола түскен сайын, либералдардың оңға бұрылуы да соғұрлым сөзсіз шапшаңдай түсетінін көрсетті. Буржуазияның тұрлаусыздығына қарамастан, пролетариат пен шаруалардың буржуазиялық революция жасайтынын — большевиктік тактиканың бұл негізгі қағидасын — Каутский түгелімен қуаттап берді.

Каутский революцияның барысында жеңіс социал-демократиялық партияга тиіп қалуы әбден мүмкін екенін, сондықтан да бұл партия өз жақтастарына жеңіске деген сенімді сіңіре беруге *тиіс* екенін көрсетеді. Осы революцияда социал-демократияның жеңіп кетуінен үрейленіп жүрген меньшевиктердің қорқынышын Каутскийдің қорытындысы тағы да түгелдей бекерге шығарады. Біздің революциямыздың міндеттерін «Амстердам қарарының ыңғайына бейімдей коймақ болған» Плехановтың кісі күлерлік тыраштануы Каутскийдің: «жеңістен күні бұрын үміт үзе тұрып, ойдағыдай күрес

жүргізуге болмайды» деген қарапайым да айқын қағидасының қасында тіпті ерсі көрінеді.

Каутскийдің: «саяси бостандыққа ұмтылатын таптар мен партиялардың бәрі де оған жету үшін тек қана бірігіп қимылдай беруге тиіс» деп ойлаушылық *«болып жатқан оқиғаның тек саяси сыртын ғана баққандық»* болып шығады деген сөздерін оқығанымызда, Каутский мен біздегі қазіргі оппортунистердің көсемі Плеханов *әдістерінің* арасындағы негізгі айырмашылық опан сайын бедерлі көрінеді. Бұл арада Каутский либералдарға қашып барған социал-демократтардың шағын топсымағын, Португаловтарды, Прокоповичтерді, Кусковаларды, Богучарскийлерді, Изгоевтерді, Струвелерді, тағы сондай мырзаларды тұп-тура мезгеп айтып отырғандай-ақ көрінеді, бұлар шынында да Каутскийдің айтып отырған қатесін істеп жүр (мұның үстіне Плехановты соңдарынан жетелеп ертіп алған). Бұл мырзалардың жазған шатпақтарын Каутскийдің білмейтіндігі оның *теориялық* қорытындысының маңызын қайта күшейте түседі.

Шаруалар қозғалысының сипаты *социалистік сипат емес* екені жайындағы, ұсақ шаруа өндірісінен социализм шығуы мүмкін емес екені, т. т. жайындағы *барлық* орыс социал-демократтарының негізгі қағидаларына Каутскийдің *түгелдей* қосылатынын айтудың да қажеті жоқ. «Біз де Маркске қосыламыз» деп сендіруді тәуір көретін социалист-революционерлерге Каутскийдің осы сөздерін ақылға салып қарау барынша ұлағатты болады.

Ақырында, «беделділер» туралы бірер сөз. Марксистер «ешбір беделділер деген болмасын» дейтін жалған революцияшыл жалаңдығы арылмаған радикал-интеллигенттің үйреншікті көзқарасында бола алмайды.

Жоқ. Толық азаттық алу үшін бүкіл дүние жүзінде қиын да табанды күрес жүргізіп жатқан жұмысшы табына беделділер керек,— бірақ, әлбетте, мұның өзі жас жұмысшыларға езушілік пен қанаушылыққа қарсы алысқан қарт *күрескерлердің,* көп стачкаларды бастан өткерген, бірқатар революцияларға қатысқан, революциялық дәстүрлерден алған тағылымы мол және саяси ой өрісі кемелденген күрескерлердің тәжірибесі қажет

деген мағынада ғана керек. Пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік күресінің беделі әрбір елдің де пролетарларына керек. Бүкіл дүние жүзілік социал-демократия теоретиктерінің беделі бізге партиямыздың программасы мен тактикасын анықтап түсініп алуымыз үшін керек. Бірақ буржуазиялық ғылым мен полициялық саясаттың төрешілдік беделіне бұл беделдің, әрине, уш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұл бедел — бүкіл дүние жүзілік социалистік армияның сол бұрынғы қатарында болып жататын неғұрлым жан-жақты күрестің беделі. Күрескерлердің ой өрісін кеңейту үшін мұның маңызы қаншалықты зор десек, ең таяудағы саясаттың практикалық және нақты мәселелерін сырттан, алыстан тұрып шешуге ниет ету де жұмысшы партиясының ішінде соншалықты орынсыз болар еді. Әр елдің тікелей күрес жүргізіп жатқан маңдай алды саналы жұмысшыларының коллективтілігі осы сияқты барлық мәселелерде әрдайым да беделдің ең үлкені болады.

Каутскийдің де, Плехановтың да пікірлерінің беделділігіне біздің көзқарасымыз осындай. Плехановтың теориялық еңбектері — көбінесе халықшылдар мен оппортунистер жайындағы сыны—бүкіл Россия социал-демократиясының баянды табысы болып қала береді, сондықтан қандай «фракцияшылдық» болса да, әйтеуір азын-аулақ «ақыл-ойдың нақты күші» бар адамның көзін буып, бұл табыстардың маңызын ұмыттыра да алмайды немесе бекер дегізе де алмайды. Бірақ Россияның буржуазиялық революциясындағы орыс социал-демократтарының саяси көсемі ретінде, тактик ретінде, Плеханов қандай сыннан болса да төмен болып шықты. Оның бұл жағынан көрсеткен оппортунизмінің орыстың социал-демократ жұмысшыларына тигізген зияны Бернштейн оппортунизмінің неміс жұмысшыларына тигізген зиянынан жүз есе артық болды. Сондықтан 1899—1900 жылдары социал-демократиялық партияның қатарынан өзі қуып жіберген Прокоповичтер мен К° мырзалардың құшағына қайтып оралған Плехановтың кадеттікке салынған осы саясатына қарсы біз барынша аяусыз күрес жүргізуге тиіспіз.

Плехановтың бұл тактикалық оппортунизмі — маркс-

тік әдістің негіздерін түгелдей теріске шығару екені оқушыға ұсынылып отырған мақаладағы Каутскийдің *пайымдауының барысымен* тапысқанда бәрінен де жақсы дәлелденеді.

1906 ж. декабрьде жазылған

1907 ж. Москвада «Новая эпоха» баспасы шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

ДУМА САЙЛАУЫНА БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ?

Газеттер сайлау әзірлігі туралы хабарларға лық толы. Біресе сенімсіз азаматтар тобының бірінен соң бірін сайлау тізімінен өшіріп тастап отырған үкіметтің жаңа «түсініктемесін»,— біресе жаңа қудалаулар туралы, жиналыстарға тыйым салынғандығы, газеттердің жабылып қалғандығы, осылар сайламшы және кандидат болады-ау дегендердің тұтқындалғандығы туралы күн сайын дерлік естіп отырмыз. Қаражүздіктер бас көтерді. Олар бұрынғы қай кездегіден болсын асқан арсыздықпен табалап, қиқу салуда.

Үкіметке жағымсыз партиялар да сайлауға әзірленіп жатыр. Бұл партиялар сайлаушыларға қарсы бағытталған барлық қулық-сұмдықтарға, орынсыз қазымырлыққа, ірілі-уақты қысымдарға қарамастан, сайлаушылар *бұқарасы* сайлау арқылы өздерінің кәміл сенімдерін білдіріп, өз сөздерін айта алады деп сенеді, бұл сенімдері әбден орынды да. Бұл сенім мынаған негізделіп отыр: ең қатаң қудалаушылық, ең төзгісіз қазымырлық бүкіл Россия бойынша ең көп болғанда жүздеген, мыңдаған тіпті он мыңдаған сайлаушылардан айырар. Бірақ *бұқараның* пиғылы мен оның үкіметке көзқарасы бұдан өзгермейді ғой. Тізімнен Петербург бойынша 10—20 мың сайлаушыны шығарып тастауға болады екен делік, бірақ бұдан астаналық сайлаушылардың жүз елу мың адамы бар бұқарасы тек қана шоғырлана, тұйықтала түседі, бой тасалайды, уақытша басылады, бірақ жоғалып та кетпейді, өзінің бұқаралық пиғылын да өзгерт-

пейді, ал егер өзгерте қалса, әрине, үкіметтің пайдасына өзгертпейді. Сондықтан да, әзірге сайлау заңы түбірімен өзгермей тұрған уақытта, әзірге сайлау жариялылығының барлық қалдықтары біржола тұқыртылмай тұрған уақытта (сайламшыларды үнемі тұтқындау арқылы олардың әлі де болса тұқыртылуы мүмкін: Столыпиннен қандай жамандықты болса да күтуге болады!) күмәнсыз нәрсе сол,— сайлаудың нәтижесін бұқараның пиғылы шешеді — шешкенде де, әрине, үкімет пен оның қаражүздіктерінің пайдасына шешпейді.

Сонымен, үкіметті жақтамайтын жұрттың бәрі де сайлаушы бұқараға үміт артады. Бірақ сіздер бұқараға үміт арту дегеннің не екеніне, белгілі бір партияның бұқараға *қалай* қарайтынына көз жіберсеңіздер, онда сіздер буржуазиялық партиялар мен пролетариат партиясының арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін көресіздер.

Кадеттер либерал-буржуазиялық партияларды бастап отыр. Бірінші Дума сайлауы кезінде олар күрес ісіне масқара опасыздық етіп, бойкоттан бас тартты, сайлауға бас иіп өздері барды және қараңғы бұқараны соңынан ертіп барды. Қазір де олар осы бұқараның керенаулығына, солшыл партиялардың үгіт жұмысы мен сайлау науқанына қысым жасалуына үміт артады. Кадеттің бұқараға артатын үміті — бұқараның қараңғылығына, қорғалақтығына сенгендік: біздің программамыз бен тактикамызды бұқара түсінбейді-міс, олар бейбіт және жария, ең бейбіт және ең жасқаншақ наразылық білдіруден әрі бара алмайды-мыс, сонда олар мұны тілемегендіктен емес, өздеріне рұқсат етілмегендіктен бара алмайды-мыс. Біз үшін дауыс береді, өйткені солшылдарда газет те, жиналыс та, листоктар да жоқ, беталды тұтқындау мен қудалау қатерінен кепілдік те жоқ,— міне, кадет осылай ойлайды. Сөйтіп кадет масаттана аспанға қарап: менің бұл «ұшқарылардың» біріне ұқсамағаным үшін! менің революционер болмағаным үшін, менің бейімделе білетіндігім үшін, кез келген шараларға мейлінше бас иіп, мейлінше құлшылық етіп бейімделе кететіндігім үшін, керек десе менің бейбіт жаңарту-

шылардан сайлау бланкілерін де * ала алатындығым үшін, алла-тағалам, саған мың да бір тәуба,— дейді.

Сондықтан кадеттердің сайлау алдындағы бүкіл науқаны бұқараны қаражүздік қауіппен үрейлендіруге, бұқараны барып тұрған солшыл партиялардан болатын қауіппен үрейлендіруге, тоғышарлыққа, мещанның су жүректігі мен болбырлығына бейімдеуге, кадеттер бәрінен де қауіпсізірек, бәрінен де қарапайым, бәрінен де саябыр, бәрінен де ұқыпты деп бұқараны сендіруіне бағытталып отыр. Кадет газеттері күн сайын оқушыдан: сен қорқып қалдың ба, тоғышар? — деп сұрайды.— Бізге сен! Біз сені қорқытпаймыз, біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз, біз үкіметке бағыныштымыз, тек бізге сенсең болғаны, сонда біз сен үшін «мүмкіндігіне қарай» бәрін де істейміз! — дейді. Сөйтіп, кадеттер өздерінің адалдығына үкіметті сендіру үшін, өздерінің бостандықты жақтайтынына солшылдарды сендіру үшін, бейбіт жаңартушыларды олардың партиясы мен олардың бланкілеріне өздерінің бір табан жақын екендігіне сендіру үшін үрейі ұшқан тоғышарлардың сыртынан өздерінің барлық айла-тәсілдерін қолданып жүр.

Бұқараның санасын ешбір ағартпау, бұқараға қозғау салатын ешқандай үгіт жүргізбеу, дәйекті демократиялық ұрандарды ешбір түсіндірмеу, үрейі ұшқан тоғышардың сыртынан мандаттарды саудаға салу,— міне, либерал буржуазияның бейпартиялықтарынан («Товарищтегі») бастап демократиялық реформалар партиясына дейінгі барлық партияларының сайлау алдындағы науқаны осындай.

Жұмысшы партиясының бұқараға көзқарасы — мүлде қарама-қарсы. Біз үшін маңызды нәрсе — неше түрлі мәмле арқылы Думадан орындар алу емес. Сол орындардың өзі бұқараның *санасын* жетілдіруге, оның саяси дәрежесін *көтеруге,* оны тоғышарлық игілік үшін емес, «тыныштық», «тәртіп» және «бейбіт (буржуазиялық) рақат өмір» үшін емес, қайта *күрес* үшін, еңбекті қанау атаулының бәрінен, езгі атаулының бәрінен толық азат ету жолындағы күрес үшін *ұйымдастыруға* қызмет ете

---

* Қараңыз: осы том, 215—216-беттер. *Ред.*

алатындықтан ғана маңызды және осы қызметі қаншалықты болса маңызы да соншалықты болады. Думадағы орындардың да, *бүкіл* сайлау науқанының да біз үшін маңызды болатын себебі тек сондықтан және соншалықты ғана. Жұмысшы партиясы бар үмітін бұқараға артады, бірақ бұқара болғанда, үрейі ұшқан бұқараға емес енжарлықпен бағына беретін, тырп етпей көнбістікпен ауыртпалықты арқалап жүре беретін бұқараға емес, саналы, талап қойғыш, күрескер бұқараға үміт артады. Жұмысшы партиясы тоғышарды қаражүздік қауіптің елесімен қорқытатын дағдылы либералдық тәсілге жиренe қарауға тиіс. Социал-демократияның барлық міндеті — шын қауіптің қайда екенін, өзінің қайнар бұлағы Думадан тысқары жерде жатқан, Думадағы айтыстардан тысқары жерде толық көрінетін, Россияның болашағы туралы мәселені Думадан тысқары жерде шешетін күштер күресінің шын міндетінің неде екенін бұқараның *түсінуін* дамыта беру болып табылады.

Сондықтан жұмысшы партиясы бұқараны кадеттік буржуазияның сайлаудағы астыртын айла-шарғыларынан, кадеттік буржуазияның: қаражүздік қауіппен күресу ісін біздерге, адвокаттарға, профессорлар мен көзі ашық помещиктерге, сеніп тапсырыңдар!— деп сананы топастандыратын айқайынан сақтандырады.

Жұмысшы партиясы бұқараға: тек өздеріңнің социалистік саналылықтарыңа және өздеріңнің социалистік ұйымдарыңа ғана сеніңдер,— дейді. Күрестегі жетекшілікті және оған басшылық ету правосын либерал буржуазияның қолына беру бостандық ісін қысыр сөздің даңғазасына, сәнге айналған, жылтырақ жарнамалардың өңсіз бояуына сатқандық болып табылады. Думадағы қаражүздік қауіптің ешқайсысы да либерал буржуазияның соңынан көз жұмып ере беретін, оның ұрандарына, кандидатураларының тізімдеріне, оның саясатына көз жұмып көне беретін бұқараның санасын аздыратын зиянындай зиян тигізе алмайды.

Жұмысшы партиясы өзінің сөзін арнайтын бұқараның арасында сан жағынан басымы — шаруалар мен ұсақ буржуазияның әр түрлі жіктері. Олар кадеттерге қарағанда батылырақ, олардан гөрі адалырақ, күреске

мың мәртебе қабілеттірек, бірақ саясат жағына келгенде олар екінің бірінде кадет мылжыңдардың жетегіне еріп кете береді. Олар қазірдің өзінде де күресіп жатқан пролетариат пен келісімпаз буржуазияның арасында қобалжуда.

Кадеттермен блок жасасуды уағыздаушылар пролетариат пен бүкіл бостандық ісіне ғана кесел келтіріп отырған жоқ. Олар мещан және шаруа кедейлерінің санасын жетілдіру ісіне кесел келтіріп отыр. Олар: либерал буржуазияның ықпалынан мещан, шаруа кедейлерін босатып алу жөніндегі өздерінің тікелей борышын орындамай жүр. Трудовиктерге, «халықтық социалистерге» және социалист-революционерлерге қараңыздаршы. Олар да қобалжып жүр, олар да көбінесе кадеттермен мәмлеге келудің жобасын жасаумен әуреленіп жүр. Трудовиктердің көсемдері, өз партиясын құра алмаған соң, бұқараны кадеттерге дауыс беруге шақырып (Аникин газет репортерлері арқылы, Жилкин «Товарищ»[134] арқылы және басқалар), өздерінің Думада жасаған қателіктерін он есе тереңдете түсуде. Мұның өзі — шаруалар күресі ісіне тікелей опасыздық жасағандық, мужикті либерал помещиктің қолына тікелей байлап бергендік, ал бұл либерал помещик өзінің ата-бабалары 1861 жылы мужикті қалай тонаған болса, «әділ» баға мен құнын төлеу арқылы шаруаларды дәл солай тонамақшы. Ал «халықтық социалистер ше»? Оларды тіпті кадеттердің өздері де күлкі қылып: «екінші лектегі кадеттер» деп атап жүр (Милюков «Речьте» солай атаған[135]). Олардың көсемдері де (Анненский және басқалар) кадеттермен блок жасасуға шақырады. Олардың құртақандай партиясы (оларға мейіріммен қарайтын «Товарищтің» мәліметіне қарағанда, тіпті бейбіт тонау партиясынан да әлсіз партия,— Россия бойынша не бары 2000 ғана адам екен!) —кадеттердің жай ғана шылауы. Социалист-революционерлер де өздерін екі ұшты ұстап отыр: октябрь кезінде де, бірінші Дума кезінде де олар халықтық-социалистермен өздерінің жікке бөлінгенін жасырып, олармен бір болды, ортақ бір газет шығарып отырды. Қазірде олар «екінші лектегі кадеттерге» жеткілікті түрде кең көлемде, көрнеу және батыл қарсы

шықпай, ешқандай ашық және дербес күрес жүргізбей отыр, бұл партияны сынау үшін бұқараға ешқандай толық материал бермей отыр, бүкіл сайлау науқанына және жалпы алғанда барлық сайлау келісімдеріне ешқандай принципті баға бермей отыр.

Жұмысшы партиясының тарихи ұлы міндеті — жұмысшы табының *дербес* саяси партиясын құруға себепкер болу. Кадеттермен блок жасасуды уағыздаушылар бұл іске зиянын тигізуде.

Екінші ұлы міндет — күйзеліп, мұқтаждық көріп, апатқа ұшырап отырған мещандар мен шаруалар бұқарасын либерал буржуазияның идеялары мен соқыр сенімдерінің ықпалынан босатып алу. Кадеттермен блок жасасуды уағыздаушылар бұл іске де зиянын тигізуде. Олар мужикті либералдан айырып алмайды, қайта бостандық ісі мен пролетариат ісі үшін қатерлі бұл қисынсыз байланысты нығайта береді. Олар шаруалар бұқарасын либералдық жасырын саясаттан (немесе дұрысы Думадағы орындарды бөлісетін саясатқұмарлықтан) сақтандырмайды, қайта өзі кірісіп, бұл саясатқұмарлықты дәріптейді.

Блок атаулының бәрі де жойылсын! Жұмысшы партиясы өзінің сайлау науқанында, сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де өз алдына дербес болуға тиіс. Ол бүкіл халыққа және әсіресе бүкіл пролетарлық бұқараға идеялық, табанды, батыл сынның өнегесін көрсетуге тиіс. Осылай еткенде, тек осылай еткенде ғана біз бұқараны бостандық ісін сатып кеткен кадеттердің ойыншық либерализміне емес, бостандық жолындағы күреске нақты қатыстыра аламыз.

«Тернии Труда» № 2, 31 декабрь, 1906 ж.

«Тернии Труда» апталығының тексті бойынша басылып отыр

ПЛЕХАНОВ ПЕН ВАСИЛЬЕВ

Плехановтың «Товарищте» жазған белгілі герострат-тық сөздеріне меньшевиктік социал-демократиялық баспасөздің көзқарасы жұмысшы табының бүкіл партиясының назар аударуына тұрарлық. Меньшевиктік ағымның аса көрнекті өкілі, либералдық газеттердің бәрі де ашықтан-ашық және үнемі оны осылай деп атайтынындай, меньшевиктердің көсемі социал-демократтар мен кадеттердің *ортақ платформасы* болсын деп жұрт алдында ұсыныс жасап отыр.

Ал меньшевиктер жұмған аузын ашпайды!

Оларда газеттер де, жинақтар да, листоктар да, мекемелер де, коллегиялар да жоқ сияқты, бірде-бір партия ұйымы да жоқ сияқты. *Өз* көсемінің бүкіл Россия алдында олардың *өз* саясаты туралы айтып отырғанының бұларға қатысы да жоқ сияқты...

Алайда меньшевиктерде ұйымдар да — тіпті Орталық Комитет сияқты ықпалды ұйым да — және әр алуан органдар да бар екенін біздің бәріміз де жақсы білеміз. Сондықтан олардың ләм демеуі тек өз позицияларының мейлінше жалған екендігін дәлелдеген үстіне дәлелдей түседі. Меньшевиктердің арасынан жалғыз бундшылдар ғана көзге түсіп отыр. Олар өздерінің, өкінішке қарай, орыстарға түгелдей беймәлім дерлік «Volkszeitung» дейтін газетінде «толық билікті Дума» болсын деген ұранға қарсы шықты. Олар Плехановты өздерінің орыс тілінде шығарып отырған «Наша Трибунасында» да көлекеледі. Олар мұнысымен, ең болмағанда, өз пікірі бо-

луға батылдығы жететінін, барлық саяси мәселелер жөнінде ашық және тура пікір білдіруге *міндетті,* пролетариат алдындағы саяси борышын біреуге іш тартудан, тамыр-таныстықтан және жеке адамдарды қошеметтеуден жоғары қоюға міндетті *өзінің* партия ұйымын сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде тануға батылдығы бар екенін дәлелдеп берді...*

Жұмысшы партиясының ішінде бұл неткен сорақылық! Партия ішінде басым, Орталық Комитетті қолдарында ұстап отырған ағым өзінің *бір* мүшесінің қателіктерін айтуға бата алмайды. Барлық жиналыстарында, жұмысшылар алдындағы таластарының бәрінде, большевиктермен арадағы айтыстарының бәрінде меньшевиктер Плехановпен келіспейтіндіктерін айтып ант-су ішеді, қарғанады. Ал баспасөз бетінде жұмған аузын ашпайды: қандай да болсын бір партия ұясының бірде-бір *ресми* мәлімдемесі жоқ. Мұның аты не? Білдірмей безіп, оны ресми үнсіздікпен дәлелдеу ме?.. Мырзаны сыртынан сөгіп, көзінше... үндемеу деген осы да. Бұлай істейтіндер тек... аса құрметті жарандар, бұлай істейтін кімдер екенін өздерің-ақ таба қойыңдаршы.

Ал жұмысшылар мен бүкіл партияға біз былай дейміз: кімнің де болса эпербақандық шабуылының алдында өзінің барлық коллегияларымен бірге ғайып болып кететін саяси көсемдерге сенуге болмайды. Сенуге болмайды. Ақтық шешімге келген жердің қайсысында бол-

---

* Біз Тифлис *меньшевиктерінің* грузин социал-демократиялық органы «Циннің» («Алғаның») [136] 8 декабрьде шыққан номерінен жасалған көшірмені жаңа ғана алып отырмыз. Тифлис меньшевиктері Плехановтың «толық билікті Дума» ұранын жақтаған пікірі қате, социал-демократтар құрылтай жиналысы осындай ұранмен болады деп ұғына *алмайды* дей келіп, оған үзілді-кесілді қарсы шығады. «Толық билікті Дума» ұраны — деп жазады олар — «біздің программамызды тарылтқандық болар еді». Онан әрі, бұл ұранның кадеттерге де қол емес екені, ал социал-демократтар мен кадеттердің ортақ платформасы туралы жалпы сөз болуы да мүмкін емес екені дәлелденеді. Ортақ платформа деген «біздің партиялық дербестігіміздің қанатын қырыққандық болады, социал-демократия мен буржуазиялық партиялардың көзқарасындағы айырмашылықтарды көмескілегендік болады» дейді.

Дұрыс-ақ, тифлистік меньшевик жолдастар! Орталық Комитет пен орыс меньшевиктері көпшілігінің ажарына қарамастан, бундшылдар мен кавказдықтар Плехановтың пікірі мен оның барлық сөзін туптура қате деп атау борышынан таймағанын сүйсіне атап көрсетеміз.

сын бұл «көсемдердің» бәрі өздерінің айтқандарындай *істемейді, олар үшін* үшінші біреудің *айтқанын* істеп кетеді.

Сөз арасында айта кетейік. Плеханов пен меньшевиктердің осы оқиғада көрсеткен мінез-құлықтары — біздің партиямыздың интеллигенттік сипаты туралы айтылып жүрген сөздердің жақсы суреттемесі. Иә, бізде пролетариаттан шықпаған интеллигенцияның пролетариатқа ықпалы даусыз, ол рас. Бұлай болмаған күнде, пролетариат партиясы Плехановтың бұл қылығына және меньшевиктердің оған деген бұл көзқарасына бір апта да төзе алар ма еді? *Бейпартиялық* жұмысшы съезі туралы сөздердің шын сипаты бұл арада қандай айқын көрініп тұр. Егер де біздің партиямыздың орнына,— Лариннің, «Наше Дело» мен «Современная Жизнь» публицистерінің тілегеніндей,— жария жұмысшы (социал-демократиялық емес, жай жұмысшы) партиясы болған болса, міне сонда Плехановтың сөзі сияқты сөздерге кең өріс ашылған болар еді. Кез келген газетке жаза бер, кез келген әдеби немесе жалпы саяси блокқа кім көрінгенмен бірге кіре бер, ешқандай партия ұйымымен санаспай-ақ өз атыңнан *өз* ұрандарыңды ұсына бер! Партияда жоқ жұмысшы бұқара мүлдем қалыптаспай отырғанда, интеллигенттік дарашылдық табиғатына толық еркіндік болсын. Міне, бұл ескі прокоповичтік «Credo»*-ның мұраты емес пе (бұл үшін 1899—1900 жылдары біз Плехановпен бірге Прокоповичке қатты шүйлігіп, оны өзінің барлық серіктестерімен қоса социал-демократиялық партиядан қуып шыққан жоқ па едік)? *«Credo»*— социал-демократиялық оппортунизмнің осы квинтэссенциясы —экономикалық күрес пен либералдық саяси күрес үшін саясаттан тыс, бейпартиялық жұмысшы одақтары болуын уағыздады. Кадеттермен блок жасасу және бейпартиялық жұмысшы съезі дегендер — 1899 жылғы «Credo»-ны 1906—1907 жылы қайталап айтудан басқа ештеңе де емес.

Плехановтың «Товарищте» айтқан пікірлерін алсақ, бұл: бейпартиялық жұмысшы ұйымдарын желеу етіп әр

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

алуан «социалистердің» — егер бұларды социалистер деуге келсе — осылардың бәрінің еркін насихаттық қоғамдары болсын деген Ларин ұсынысын іс жүзінде іске асырудан басқа ештеңе емес. *Іс жүзіне* келгенде Плеханов «Товарищте» айтқандарын партияның мүшесі ретінде, белгілі бір партия ұйымының мүшесі ретінде айтқан жоқ. Бұл — факт, оны ешқандай софизммен жоя алмайсың, одан меньшевиктік Орталық Комитеттің ешқандай «үнсіздігі» біздің партияның белгілі фракциясын сақтап қала алмайды. Іс жүзінде Плеханов нақ Ларинше, партиядан тыс «социалистік» органдағы *партиядан тыс* социалист ретінде партиядан тыс социалистік *емес*, тіпті *анти*социалистік ұсыныс жасады.

Васильев Плехановтың ізімен кетті. Швейцарияда орыс революцияшыл пролетариатының дәстүрлері жоқ, осының арқасында онда барған сайын «алдыңғы қатарлы» оппортунистер шығып жатыр.

Васильев — көрнекті меньшевик. Ол меньшевиктермен бірге қызмет істеді, меньшевиктер болғанда қайдағы бір меңіреу түкпірде жатқан кездейсоқ меньшевиктер емес, ең көрнекті, ең жауапты меньшевиктермен бірге қызмет істеді. Сондықтан Васильевті елемеуге меньшевиктердің *хақысы жоқ*.

Ал Васильев тура Плехановқа сілтейді. Ол ол ма. Ол тура Плехановқа *сүйенеді*. Ол Плехановтың кадет баспасөзіндегі кадеттермен ортақ платформа жасайық деп социал-демократиялық партияны масқаралаған сөзін «ерлік үн қату» деп атайды. Ол «басқа партиялардан Плехановтар табылмай отыр» деп «өкінеді».

Васильевтің ыждағаты көп, бірақ ақылы шамалы. Плехановты мақтағысы келді де, мақтаймын деп отырып: «өкінішке қарай, басқа партиялардан Плеха*новтар* табылмай отыр» дегенді айтып салды. Мұндайды кім көрген! Қайран Васильев, ол «Плеха*новтар»* деген сөзді *жалпы ұғым* мағынасында, өз партиясынан тәуелсіз жеке-дара қимыл жасаушы саясатшылар мағынасында қолданудың инициаторы болды. Бұдан былай жұрт, сірә: «бұл сөздің *васильевтік* мағынасындағы *Плехановтар»,*— деп айтатын да болар...

«Плехановтарды» арқасынан қағып қойып, Васильевтер діттеген жерлеріне жетіп тынады. 1899 жылы «Credo»-ның авторлары, Прокопович мырзалар мен К° революциялық бациллясы жоқ таза жұмысшы қозғалысы туралы сөз қылып еді. Васильевтер келіп «конституцияны» тууға тиісті, туғанда тек, *ешқандай* акушерлерсіз, революционерлерсіз тууға тиісті революция туралы сөз қылып отыр. Акушерлер *болмасын*, революционерлер болмасын, революцияшыл халық болмасын,— міне, Васильевтің ұраны осы.

Щедрин бір кезде коммунарларды атып тастаған Францияны, орыс банкирлері тирандарының алдында құрдай жорғалаған Францияны республикашылдары жоқ республика деп келістіре келекелеген еді. Революционерлер «болмасын», революция «болмасын» деген ұран арқылы революцияны қорғамақ болатын Васильев пен меньшевиктерді келекелеу үшін жаңа Щедриннің туатын мезгілі жетіп отыр.

Васильевтің «сөзін» *осылайша* жоруға біз праволымыз ба? Онымен меньшевиктерді қатар қоюға біз праволымыз ба?

Әрине, праволымыз! Васильевтің бүкіл мақаласы, бүкіл ойлары, барлық ұсыныстары революцияны құрту арқылы конституцияны туғызуға жәрдемдесу «жоспарына» лық толы. Жалпы программа дегендердің бәрінен «уақытша қол үзу», барлық социал-демократтар мен социалист-революционерлерді және тағы сондайларды кадеттермен бірге либералдық бір партияға біріктіру, «экономикалық программаларды бірге шешіп алмай тұрып», «саяси конституция» жолындағы күресте бұлардың бәрін біріктіру (хатта да: программаларды шешіп алмай тұрып, делінген. Орыс пролетариатының швейцариялық ақылшылары орысша да біле бермейді ғой),— міне, бұл революциядан безу арқылы конституцияны қорғап қалуды тілегендік емес пе?

Революция дегеніміз нағыз, шын мағынасында «экономикалық программаларды шешіп» алмайынша, *ақылға сыймайтын нәрсе*. Революцияны тек терең *экономикалық* мұқтаждық итермелеген бұқара ғана жасай алады. Россияда абсолютизмнің құлауы, *шын* құлауы,

сөзсіз экономикалық төңкеріс болған болар еді. Мұны тек социализмнен мүлде хабарсыз бейкүнә жандар ғана түсіне алмайды. Экономикалық программаларды лақтырып тастау деген революцияның экономикалық негізгі себептерін лақтырып тастау болады, езілген, үрейленген, қараңғы халық бұқарасын көз көрмеген-жанқиярлық ұлы күреске итермелеп отырған экономикалық мүдделерді лақтырып тастау болады. Мұның аты бұқараны лақтырып тастап, интеллигенттік сөзуарлар шайкасын қалдыру және социалистік саясатты либералдық сөзуарлықпен алмастыру болады.

«Думаның өзі ең алдымен аграрлық мәселе үшін қуылып отырғанда, Думаның шаруалар ісін көтергендігінен шаруаларға не пайда?» Міне, осы пікірдің өзі-ақ дүние жүзінің ешбір жерінде алдына жан салмаған социалистік оппортунизмі үшін Васильевке көзінің тірісінде ескерткіш орнатуға тұрмай ма?

Ал енді осының өзі (біз жоғарыда қойылған екі мәселенің соңғысына көшеміз) меньшевиктік пікір емес пе?

Кадеттермен бір вагонда, біреуге-біреу бөгет жасамай, Тверьге дейін барса, дейді Плеханов. Революциялық мақсаттар үшін революциялық емес партияға қосылып (уақытша ғана! «қысқа мерзімге ғана»! деп Васильев меньшевиктердің айтқанын толықтыра түседі), кадеттермен бірге Думаға барса, дейді меньшевиктер. Кадеттік министрлікке дейін бірге барса, деді таяуда біздің Орталық Комитет.

Барсақ барайық, деп қолпаштайды Васильев, барғанда *«бірімізді-біріміз қақпай, бірімізді-біріміз қорқытпай»* барған жөн. «Ендігі жерде, қазіргі кезде ол (таптар мен топтардың күресі) өте қатерлі және қылмысты іс».

Тап күресі — қылмысты іс, революциялық талаптармен (толық билікті Дума, құрылтай жиналысы және т. б. дегендер сияқты) конституцияға зиян тигізу—қылмысты іс. Меньшевиктер Васильевтен қаншама безгенімен (бүгінге дейін олар, тегінде, одан әзір безіп көрген жоқ-ты), олар ешқашан кадеттермен блоктар жасасудың да, думалық министрлік болу талаптарын қолдау-

дың да, Тверьге дейін бірге баратын барлық сапарлардың да және т. т., т. с. негізінде *нақ осы идеяның* жатқандығын жоя алмайды.

Васильев,— әрине, unicum. Бірақ табиғаттың өзгеше бір құбылыстары да белгілі бір ортада ғана өмір сүріп, белгілі бір жағдайдан ғана туады ғой. Васильев, әрине, оппортунизмнің Монбланы. Алайда Монбландар жазық далада болмайды ғой. Монбландар тек тау шыңдарының арасында ғана болады. Васильевтер дүниеге «Плехановтармен», Череванинцермен және Прокоповичке дейінгі tutti quanti * мен қатар келеді.

Ал «васильевтік мағынадағы Плехановтардың» арқасында Струве мырза 27 декабрьде (28 декабрьдегі «Товарищ») Соляный Городоктағы жиналыста сөйлегеніндей сөздерді айтуға мүмкіндік алып отыр, онда ол: «кадеттердің қазіргі дұшпандарының бәрі ұзамай кадет болады. «Товарищті» қазірдің өзінде-ақ жұрт кадет газеті деп жүр. Халықтық социалистерді социал-кадеттер деп, меньшевиктерді — жартылай кадеттер десіп жүр. Г. В. Плехановты көп жұрт кадет деп есептейді, расында да, Плехановтың қазіргі айтып жүрген сөздерінің көбін кадеттер құптай алады. Әттең, ол бұл сөзді кадеттердің жалғыз-жарым кезінде айтпады ғой. Түзелмей кететін тек большевиктер ғана болып шығуы мүмкін, сондықтан олардың сыбағасы — тарихтың музейінде тұру» деді.

Қошеметіңізге рақмет, қолапайсыз Струве мырза! Иә, біз тарихтың музейінде тұрамыз, оның аты: «Россиядағы революция тарихы» деген музей болады. Біздің большевиктік ұрандарымыз, Булыгин Думасына большевиктік бойкот жасауымыз, жаппай стачкаға, көтеріліске шақырған большевиктік ұрандарымыз (өткен III съезде-ақ) Россиядағы октябрь революциясымен *ажырамас, мәңгі* байланысты. Ал *музейдегі* бұл орынды біз тіпті ұзақ жылдық (ең жаман болғанда) немесе ондаған жылдық реакция бойында пайдаланамыз, пайдаланғанда

* — және солар сияқтылар. *Ред.*

пролетариатты сатқын октябристік-кадеттік буржуазияны жек көретін етіп тәрбиелеу үшін, интеллигенттік сөзуарлықтан, ұсақ буржуазиялық бейшаралықтан жиренетін етіп тәрбиелеу үшіп пайдаланамыз. *Музейдегі* бұл орынды біз, қандай жағдайда да, тіпті ең жаман саяси жағдайларда да, жұмысшыларға бітіспес тап күресін уағыздау үшіп, оларға *жаңа* революцияға,— буржуазияның жартыкештігі мен болбырлығынан негұрлым тәуелсіз, пролетариаттың социалистік революциясына негұрлым жақын революцияға әзірленуді үйрету үшін пайдаланамыз.

Ал музейдегі сіздің орныңыз, аса құрметті Струве мырза,— контрреволюцияның мерейі үстем кездерде масайраушылар мен селеңдеген мылжыңдардың орны. Мұндай кездерде сіздердің масайрауыңызға әрдайым сылтауыңыз болады — масайрағанда күресте мерт болған революционерлердің құлағанына, сөйтіп сахнаның «опасыздыққа орай» жер бауырлап жорғалау үшін жау алдына өз еркімен сұлай кетіп, етбетінен жата қалған либералдарға тигеніне масайрайсыз.

Егер революция, біздің үміттенгенімізге қарамастан, қайта бір көтерілмейтін болса, патша шайкасының қолынан өкіметті тартып алуға жазбаған болса — онда сіз көп уақытқа дейін контрреволюцияның сабазы болып қала бересіз, ал біздің «музейдегі орнымыз» *біреу-ақ* болады, бірақ ол жақсы орып: *октябрьдегі халық күресінің* орны болады. Ал егер революция, біздің сенетініміздей, қайта бір көтерілетіп болса,— бір аптаның ішінде-ақ бейшара кадеттерден із де қалмайды, пролетариат пен күйзелген шаруалар бұқарасының күресі тағы да большевиктік ұрандармен жүретін болады. Революция тек кадеттердің гегемондығы тұсында ғана қимылсыз жатуы мүмкін. Ол тек большевиктік социал-демократияның гегемондығы тұсында ғана жеңе алады.

«Пролетарий» № 11,
7 январь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің текcті бойынша басылып отыр

РСДРП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА II МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА САЙЛАУЫ КЕЗІНДЕГІ САЙЛАУ КЕЛІСІМДЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА [137]

6(19) ЯНВАРЬ, 1907 ж.
ГАЗЕТТЕ БАСЫЛҒАН ҚЫСҚАША ЕСЕП

Баяндамашы Петербургте қаражүздіктерден қауіп жоқ екенін, өздері үшін дауыс беруге сайлаушыларды көндірмек болып, мұндай ертегіні кадеттердің әдейі таратып жүргенін атап көрсетті. Жергілікті социал-демократияның алдында астана халқының қалың бұқарасын кадеттердің идеялық гегемондығынан қалай құтқару керек деген мәселе тұр. Қала кедейлерінің, жартылай пролетарлардың едәуірі әлі де болса кадеттер мен социал-демократтар арасында ауытқып отыр. Олардың арасында өздерінің ықпалын күшейту үшін кадеттер Думадан бірлі-жарым орын беру арқылы оларды сатып алуда. Міне, сондықтан да, кадеттердің ықпалын бірлесіп әлсірету үшін, бәлкім, революциялық-демократиялық партиялармен және топтармен келісімге келу орынды болар. Ал келісімнің практика жүзінде қажеттігі мен мүмкіндігін, сондай-ақ оның формасы қандай болуы керектігін, баяндамашының пікірінше, жергілікті ұйымның практикалық қызметкерлері шешуге тиіс.

«Пролетарий» № 12,
25 январь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ НАУҚАНЫ [138]

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бүкіл Петербург ұйымының — соңғы жылдың ішіндегі үшінші — конференциясы болып өтті. Бірінші конференция 1906 ж. февральда Витте Думасын сайлау туралы мәселені, екінші конференция 1906 ж. июньде Дума министрлігі болсын деген талаптарды қолдау туралы мәселені, үшінші конференция 1907 ж. январьда екінші Думаның сайлау науқаны туралы мәселені шешті.

Буржуазиялық партиялар саяси ірі мәселелерді шешкенде, халыққа сыртынан әр түрлі саясатқұмарлық рецептер әзірлейтін партияның белгілі бір «инстанциясының» жай қаулысымен ғана, анда-санда бір шеше салады. Тек социал-демократиялық жұмысшы партиясы ғана, құпия партия үшін бұл орасан зор қиындықтармен, тіпті ауыр құрбандықтармен байланысты болса да, осының бәріне қарамастан, ұйымда демократизмді нақты жүзеге асырады. Тек социал-демократиялық жұмысшы партиясы ғана, өткінші бір сәттік табыстың ғана соңына түсіп кетпей, өзінің практикалық саясатын еңбекті қанау атаулының бәрінен толық азат ету жолындағы түпкі мақсатына бағындыра отырып, әрбір ірі саяси қадам жасау алдында оның *принциптік* маңызын салмақтай алады. Тек жұмысшы партиясы ғана, ұрысқа шығар алдында, өзінің барлық мүшелерінен белгілі бір қадамды жасау керек пе және оны қалай жасау керек

ПРОСТЫЯ РѢЧИ

Цѣна 4 коп.

Избирательная кампанія рабочей партіи въ Петербургѣ.—О государственной росписи.—Профессіональные союзы и соціальдемократическая партія.—Докладъ комиссіи по дѣлу Гурко-Лидваля.—Какъ собираютъ приказчичьи голоса гг. Кадеты.—Избирательный листокъ Бунда.—Письмо въ редакцію.—Фельетонъ, Замѣтки агитатора.

Адресъ редакціи: С.-Петербургъ, 1-я рота, домъ 22, кв. 7.
Пріемъ по вторникамъ и пятницамъ 12—1 ч. дня.

№ 1. С.-Петербургъ. Воскресенье, 14 Января. № 1.

Избирательная кампанія рабочей партіи въ Петербургѣ.

О государственной росписи.

«Простые Речи» газетінің 1907 ж. 14 январьдағы 1-номерінің бірінші беті; мұнда В. И. Лениннің «Жұмысшы партиясының Петербургтегі сайлау науқаны» деген бас мақаласы басылған

Кішірейтілген

деген мәселеге ойластырып, тура да айқын жауап беруді талап етеді.

Петербург ұйымының соңғы конференциясы да партияның барлық мүшелерінің демократиялық өкілдігіне негізделді. Бұл арада делегаттар сайлау жұмысы барлық сайлайтындардан кадеттермен келісім жасауға олардың қалай қарайтынын сұрап алу негізінде өтуге тиіс болды. Тактиканың көкейтесті мәселесіне саналы жауап болмайынша, конференцияға делегат сайлаудың демократизмі пролетариатқа лайықсыз жай ғана ойын болған болар еді.

Конференцияның қабылдаған қарары мынадай:

1) пролетариаттың таптық партиясы ретіндегі социал-демократия үшін, өзгеше, ерекше бір реттер болмаған жағдайдың бәрінде де, сайлау науқанының дербес болуы сөзсіз міндетті болып табылатынын, 2) Санкт-Петербург социал-демократиясы өзін басқарушы Петербург комитетімен бірге еңбекші халықтың ұстамды пролетарлық көзқараста болып отырған, сондай-ақ оны әлі де болса әбден игеріп болмаған барлық топтарына ықпал жасай отырып, осы кезге дейін әбден дербес сайлау науқанын жүргізіп келгенін, 3) қазіргі уақытта, сайлауға дейін екі апта ғана қалып отырған кезде, Санкт-Петербургте оңшыл партиялардың мүмкіндігі шамалы екендігі, ал кадеттердің мүмкіндігі (көбінесе, дәстүр бойынша) едәуір деп есептелетіні анықталып отырғандығын, сондықтан бүкіл Россияның назары аударылып отырған орталықта кадеттердің гегемондығын жоюға барлық күшті салу міндеті РСДРП-ның алдына айрықша күшті қойылып отырғанын, 4) әлі пролетарлық көзқарасқа көшпеген, бірақ қаладағы курия сайлауының қалай өтуіне ықпал ете алатын қаланың еңбекші кедейінің қалың топтары арасында кадеттерден солшылдау дауыс беру, яғни опасыз либерал-монархиялық буржуазияның басшылығынан босануды көздеудің және кадеттермен блок жасасу арқылы Думадан тым болмаса бірнеше трудовик-депутатқа орын қамтамасыз етуді көздеудің арасында қобалжушылық байқалатынын, 5) қобалжып отырған еңбек партияларының арасында кадеттермен блок жасасуды астанадан берілетін алты орын-

нан бір орын немесе әйтеуір асып кеткенде екі орын алу шартымен ақтауға тырысушылық, социал-демократтар ешқандай жағдайда да либерал-буржуазияға қарсы қала кедейінің социал-демократиялық емес топтарымен келісім жасауға келіспейді деген сылтаумен ақтауға тырысушылық бар екені байқалатынын — еске ала келіп, конференция қаулы етеді: 1) социалист-революционерлер партиясының Санкт-Петербург комитетіне және Еңбек тобы комитетіне, егер олар кадеттермен ешқандай келісім жасамайтын болса, РСДРП Петербург комитетінің олармен келісімге келуге әзір екендігі дереу хабарлансын; 2) келісім шарттары мынадай: келісімге келуші партиялардың ұрандар, программалар және жалпы тактика жөнінде толық дербестігі сақталады. Думадағы алты орын мынадай тәртіппен бөлінеді: екі орын — жұмысшы куриясына, екеуі — социал-демократтарға, біреуі — социал-революционерлерге және біреуі — трудовиктерге беріледі; 3) келіс сөз жүргізуді конференция өзінің Атқару органына тапсырады; 4) осы принциптік пікірлердің негізінде, губерния бойынша, жергілікті орындарда эсерлермен және трудовиктермен келісім жасасуға болады.

Ескерту. Халықтық-социалистік партия жөнінде (еңбек партиясы немесе халықтық-социалистік партия) мынадай қаулы шығарылады: Бұл партияның Думадан тыс күрестің негізгі мәселелері жөніндегі позициясы жалтақ екендігі фактісін еске ала келіп, конференция социалист-революционерлермен және трудовиктермен келісімді бұлар мен халықтық-социалистік партияның арасында келісім болмаған жағдайда ғана жасасуға болады деп есептейді.

Бұл қарарды қарастыра келгенде, негізгі үш пункт ерекше көзге түседі. 1-ден, кадеттермен қандай да болсын келісім жасасудан сөзсіз бас тарту. 2-ден, қандай жағдайда болса да дербес тізіммен шығуға социал-демократтардың бұлжымас шешімі және, 3-ден, социалист-революционерлермен және трудовиктермен келісімдер жасасуға жол берілгендігі.

Кадеттермен келісім жасасуды теріс деп табу жұмысшы партиясының төл ісі болды. Петербургте сайлау алдындағы жиналыстар басталысымен-ақ революцияшыл

социал-демократтардың айтқаны дұрыс болғаны бірден анықталды, ал олар былай деген болатын: өздеріне солдан шындап төнген қауіпті бұрып жіберу үшін біздегі либералдар қаражүздік қауіп туралы айқай-шу көтеріп, қуыс кеуде, принципсіз адамдардың басын қатырды. Үкіметтің полициялық ұсақ қулықтары, сенаттық түсініктемелер арқылы кедейлер арасынан сайлаушылар ұрлауы, міне осының барлығы сайлаушылар бұқарасының (100, 120 немесе 150 мың сайлаушы болсын — бәрібір) пиғылын өзгерте алмады. Ал бұқараның бұл пиғылы — кадеттерден солшылдау пиғыл — жиналыстарда айқын көрініп отыр.

Әрине, қаражүздік қауіп сайлаушылар бұқарасының қаражүздікше дауыс беруінде емес, солшыл сайлаушылар мен сайламшыларды қаражүздік-полицейлік тұтқындауда болуы мүмкін. Сайлау алдындағы жиналыстардың қазіргі біршама «бостандығы» (сәл еркін тыныс алуға пұрсат беріліп еді — Россияда жұрт оны бостандық деп атай бастады!) көрпекті шешендер мен сайламшыларды тұтқынға алуды көздеген үкіметтің арандатуы дегенді жұрт қайта-қайта айтып жүр ғой. Алайда *мұндай* қаражүздік қауіпке қарсы керегі әсте де кадеттермен блок жасасу емес, бұқараның парламентаризм деп аталатынның шеңберіне сыймайтын күреске әзірлігі керек екенін түсіну қиын емес.

Екінші: конференция, күткеніміздей-ақ, қалай болғанда да социал-демократтар астанада дербес науқан жүргізіп отыр деп шешті. Социал-демократтар басқа партияға белгілі бір келісімді ұсынуы мүмкін, бірақ толық дербестікке біз бұрыннан әзірленгенбіз, қазір де әзірміз. Мұндай жағдайларда келісім жасасу дегеніміз іс жүзінде, тұтас сайлау науқанының тұрғысынан алғанда — ерекшелік; ал социал-демократияның дербестігі ереже болып табылады.

Үшінші. Конференция кадеттер мен кадеттенуші энестерден (халықтық-социалистерден) бөлініп шығуды шарт етіп қойып,— одан әрі екі орынды жұмысшы куриясына беруді, ал қалған төрт орынды тең бөлісіп алуды шарт етіп қойып, эсерлер мен трудовиктерге келісім жасасуды ұсынды.

Мұндай ұсыныс белгілі партияларды күні ертең-ақ күн тәртібіне қойылуы ықтимал думадан тыс күреске олардың көзқарасы қандай екеніне қарап принципті түрде бөліп шығаруға негізделді. Социал-демократия өзінің басқа партиялармен келісіміне принципті шарттар қоя келіп, мұнысы арқылы әр түрлі партиялардың шын сипаты жөнінде бұқара алдында жүргізілетін үгіт пен насихатқа материал береді. Социал-демократия Петербургтегі жағдайдың ерекшеліктерімен санасады, мұнда қаланың «трудовиктік» пиғылдағы ұсақ буржуазиялық бұқарасын кадеттер жетегіне ертіп алып отыр. Мұндай жағдайда біз: кадеттердің бұл гегемондығын әлсірету, еңбекші халықтың бір *қадам* ілгері басуына, әрине, үлкен болмаса да, сөзсіз саяси маңызы бар — неғұрлым батыл күреске, неғұрлым айқын саяси идеяларға, неғұрлым айқын таптық сана-сезімге қарай қадам басуына жәрдемдесу міндетін елеусіз қалдыра алмаймыз.

Ал *осы* нәтижеге біз өзіміздің үгітіміз арқылы, сайлау науқанымыздың бүкіл ұйымдастырылуы арқылы жетеміз, біздің ұсынысымызға трудовиктер мен эсерлердің жауабы қандай болатынына қарамастан, қайткенде де жетеміз. Бұл жауаптың оң не теріс болатынын жорамалдап, әр түрлі есеп жасап жатудың бізге қажеті жоқ. Біздің назарымыз бұған ауууға тиіс емес. Бізге пролетариаттың қандай да болсын жеке мүмкіндіктер кезінде өзгермейтін, негізгі саясаты маңызды: бейбіт күрес пен конституциялық ойыншықтардың алдамшы жалған үміттеріне біз оқиғалардың барысында жақындап келе жатқан думадан тыс күрестің міндеттерін айқын талдауды қарама-қарсы қоямыз. Қала мен деревняның еңбекші халқының ұсақ буржуазиялық топтарына біз былай дейміз: ұсақ қожайынсымақтың тұрлаусыздығы мен солқылдақтығына кедергі боларлық бір ғана құрал бар. Бұл құрал — революцияшыл пролетариаттың дербес таптық партиясы.

«Простые Речи» № 1,
14 январь, 1907 ж.

«Простые Речи» газетінің текcті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ДУМА САЙЛАУЫ [139]

1907 ж. 13—14 (26—27) январьда жазылған

1907 ж. январьда Петербургте «Новая дума» баспасында жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ

Петербург социал-демократиялық ұйымының конференциясы кадеттермен блок жасаспауға, ал трудовиктер мен социалист-революционерлерге келісім жөнінде ұсыныс жасауға шешім қабылдады. Меньшевиктер ресми дәлелдер бойынша бірқатар наразылықтар білдірді, бірақ, азшылықта қалған соң, конференциядан кетіп қалды.

Либералдық газеттер осы оқиға жөнінде қазірдің өзінде үлкен айқай-шу көтеріп отыр. Олар социал-демократиялық партия ішінде жік туады деген жорамал айтып, бұдан бірсыпыра асығыс саяси қорытындылар жасауда. Осының бәрін ескере келгенде, анығында, Петербург социал-демократиялық ұйымында не болып жатқанын және бұл оқиғаға қалай қарау керек екенін әрбір саналы жұмысшының толық ұғынуы аса қажет.

Сондықтан біз осы оқиғаға байланысты туатын негізгі мәселелерді талдап өтпекшіміз, бұл мәселелер атап айтқанда мыналар: 1) конференцияның құрамы; 2) меньшевиктердің кетердегі тікелей сылтауы — Орталық Комитеттің конференцияны қалалық және губерниялық етіп екіге бөлмек болған әрекеті және 3) әсіресе Петербургте жүріп жатқан сайлау науқанын ескергенде *бүкіл оқиғаның маңызы.*

I

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ШАҚЫРЫЛУ ШАРТТАРЫ МЕН ҚҰРАМЫ

Петербург ұйымының конференциясы қазіргі кездегі ең маңызды саяси мәселе жөнінде, атап айтқанда: Дума сайлауының бірінші сатысында кадеттермен келісім жа-

сасу керек пе, жоқ па? — деген мәселе жөнінде түпкілікті шешім шығаруға тиіс еді.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы демократиялық жолмен ұйымдасқан. Мұның мәнісі — партияның барлық істерін партияның барлық мүшелері тікелей немесе өкілдер арқылы, тең праволы түрде және ешбір алалықсыз түгел жүргізеді деген сөз; оның бер жағында партияның барлық қызмет адамдары, барлық басшы коллегиялары, барлық мекемелері сайланып қойылады, есеп беріп, ауыстырылып отырады. Петербург ұйымының істерін РСДРП-ның сайланып қойылатын Петербург комитеті басқарады. Ал Петербург ұйымының жоғарғы мекемесі, партия мүшелерінің бәрін (6000-дай адам) бір жерге жинау мүмкін болмайтындықтан, ұйым *өкілдерінің конференциясы* болып табылады. Бұл конференцияға ұйымның *барлық* мүшелері өкілдерін жіберуге праволы: партия мүшелерінің белгілі мөлшеріне бір делегаттан,— мәселен, соңғы конференция жөнінде белгіленген мөлшер бойынша, партияның әрбір 50 мүшесінен 1 делегаттан жібереді. Бұл өкілдерді партияның барлық мүшелері *сайлауға* тиіс және де өкілдердің шешімі бүкіл жергілікті ұйым үшін мәселенің ең жоғарғы және түпкілікті шешімі болып табылады.

Бірақ іс мұнымен бітпейді. Мәселенің шешімі нағыз демократиялық шешім болуы үшін ұйымның сайланған өкілдерін жинап алу жеткіліксіз. Ұйымның *барлық* мүшелері өкілдерді сайлай отырып, сонымен қатар бүкіл ұйым мүдделі болып отырған талас мәселе жөнінде *дербес және әркім өз атынан* пікір айтуы қажет. Демократиялық жолмен ұйымдасқан партиялар мен одақтар барлық мүшелерден түгел осылайша пікір сұраудан принципті түрде бас тарта алмайды — өзгені былай қойғанда, аса маңызды жағдайларда, және, әсіресе *бұқара* дербес бой көрсететін саяси қимыл жайында, мәселен: стачка, сайлау, белгілі бір жергілікті ірі мекемеге бойкот жариялау, т. с. сөз болған кезде пікір сұралуы керек.

Мұндай кездерде өкілдер жіберудің жеткіліксіз болатын себебі не? Партияның *барлық* мүшелерінің пікірін сұраудың немесе «референдум» дейтіннің керек болатын

себебі не? Атап айтқанда, оның себебі мынадай: бұқаралық қимылдардың табысты болуы үшін әрбір жеке жұмысшының саналы және ерікті түрде қатысуы қажет. Егер *әрбір жұмысшы:* ереуіл жасау керек пе, жоқ па? кадеттер үшін дауыс беру керек пе, жоқ па? — деген мәселені әбден саналы, ерікті түрде өздігінен шешпеген болса, стачка ұйымдасқан түрде өткізіле алмайды, сайлау саналы түрде өткізіле алмайды. Саяси мәселелердің бәрін партияның барлық мүшелерінің пікірін сұрау арқылы шешу мүмкін емес; мұның өзі дауыс беруді жұртты қажытатын, ұшы-қиыры жоқ, ештеңе шықпайтын берекесіз іске айналдыру болар еді. Бірақ аса маңызды мәселелерді, әсіресе *бұқараның өзінің* белгілі қимылымен тікелей байланысты мәселелерді, демократизм мүддесі үшін, тек өкілдер жіберу арқылы ғана емес, сонымен қатар партияның барлық мүшелерінің пікірін сұрау арқылы да шешіп отыру қажет.

Міне, сондықтан да, Петербург комитеті: кадеттермен келісім жасасу керек пе, жоқ па деген мәселені партия мүшелері талқылағаннан *кейін,* бұл мәселе жөнінде партияның барлық мүшелері дауыс бергеннен *кейін,* тек содан кейін ғана конференцияға делегаттар сайланатын болсын деп қаулы етті. Сайлау дегеніміз — бұқара тікелей қатысатын жұмыс. Социалистер бұқараның саналылығын басты күш деп есептейді. Демек партия мүшелерінің *қай-қайсысы да* сайлауда кадеттерге дауыс беру керек пе, жоқ па деген мәселені саналы түрде шешуге тиіс. Жиналған партия мүшелерінің бәрі осы мәселені ашық талқылағаннан кейін ғана белгілі бір саналы және берік шешім қабылдау үшін әркімге де мүмкіндік туады. Тек осындай шешімнің негізінде ғана конференцияға өкілдер сайлау ісі тамыр-таныстықтың, іш тарту немесе қалыптасқан әдеттің («бізге салса *өзіміздің* Николай Николаевичті немесе Иван Ивановичті сайлаймыз!» деген сияқты) жеңіл-желпі ісіне айналып кетпейді, қайта «төменгілердің» (яғни партияның *барлық* мүшелері) өздерінің саяси бағытын *өздері* саналы түрде анықтайтын іс болады*.

* Кейбіреулер: өкіл сайлағанда, тіпті сайлаушылар мәселені талдап дауысқа қоймаған күнде де, өкілдің *көзқарастарын* білетіндікке

Дума сайлауы, яғни уәкілдерге немесе сайламшыларға бастапқы немесе шешуші дауыс берудің өзі, өкілдер арқылы емес, әрбір жеке сайлаушы арқылы жүргізіледі. Демек, егер біз сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде нағыз *демократиялық, жұмысшы* партиясына ұйымдасқан социалистер боламыз десек, онда кадеттерге дауыс беру керек пе, жоқ па деген мәселені *әрбір жұмысшының* ұғынуып көздеуге тиіспіз. Өкілдікті таныс адам деп Иван Иванычке немесе жақсы адам деп Сидор Сидорычқа сеніп тапсыру жеткіліксіз,— талас мәселені «төменгілер» арасында *саналы түрде талдап* қарау керек. Тек сонда ғана демократиялық шешім «таныстық бойынша» жіберілген өкілдердің шешімі болмайды, *бұқараның* саналы-демократиялық шешімі болады.

Петербург комитеті — Петербургтегі және Санкт-Петербург губерниясындағы *бүкіл* социал-демократиялық ұйымның сайланған басшысы. Дума сайлауы сияқты істе *бұқараға* басшылық ету үшін ол (егер демократизмді сөз жүзінде ғана танитын болмаса) сайлауға *бүкіл бұқараның* саналы түрде қатысуын көздеуге міндетті еді. Ал бүкіл бұқараның сайлауға қатысуы саналы және ұйымдасқан түрде болуы үшін тек партия өкілдері ғана емес, сонымен қатар партияның әрбір мүшесі: кадеттермен келісім жасасуды жақтай ма, жоқ па, сол жөнінде өзінің Петербург комитетіне айқын жауап беруі қажет.

Өкілдер сайлаудың алдында болған «айтыстардың», яғни ең талас мәселені *талқылаудың* маңызы осындай. Партия мүшелерінің әрбір жиналысында, конференцияға өкілдер сайлаудан бұрын, әуелі талас туғызған саяси мәселені *талқылап алу* қажет еді, Петербург комитетінен, яғни жергілікті жетекші ұйымнан белгіленген баяндамашыны тыңдау, сонымен қатар басқа көзқарастарды жақтаушыларға да сөз беру қажет еді. Мәселені талқылағаннан кейін партияның *барлық* мү-

сүйенуге болады ғой деседі. Бірақ, бұл пікір бұқараның қимылымен байланысты бір ғана арнаулы мәселе туралы емес, өкілдің көзқарастарының *бүкіл жиынтығы* туралы әңгіме болған күнде ғана дұрыс. Мұндай жағдайларда платформаны дауысқа салудан (кадеттермен блоктасуды жақтап немесе қарсы болып дауыс беруден) бас тартудың өзі сайлаушы көзқарастарының көмескі қалғандығы, оның солқылдақтығы, оның өз өкілімен түгелдей келіспеуі болып шығар еді.

шелері кадеттермен келісім жасасуды жақтайтын-жақтамайтындығы жөнінде дауыс береді. Дауыс берудің барысын екі ағымның (егер бұл мәселе жөнінде ұйымда екі ағым бар болса) екеуінің де өкілдерінен құралған бақылау комиссиясының мүшелері тексереді. Тек осы шарттарды орындаған күнде ғана Петербург комитеті, шынында да, партия мүшелерінің *бүкіл* бұқарасының *саналы* пікірін біле алады, демек, көзсіз басшылық етпей, бұқараның мәселені толық ұғынуына сүйене алатын болады.

Бізге бұл түсіндірудің қажет болған себебі — конференцияда «айтыстар» жөнінде және партияның барлық мүшелерінің пікірін сұрау жөнінде таластар туды.

Мұндай таластардың қисынсыздығы партия мүшелеріне өте-мөте айқын болатыны — Орталық Комитеттің өзі 10 ноябрьдегі хатында жергілікті ұйымдардың мәселені (келісімдер жасасу керек пе, жоқ па деген мәселені) шешу жөнінде партияның барлық мүшелері мәселені *«алдын ала талқыласын»* деп тұп-тура ұсынған болатын.

Енді конференция құрамының өзін алып қарайық. Алғашында сайлау жайы тексерілмей-ақ (яғни жұрттың «мандаттары» немесе уәкілдіктері тексерілмей-ақ) белгілі бір ұйымда сайланған өкілдердің бәрі конференцияға түгел жіберілген болатын. Барлық өкілдер, яғни делегаттар саны 71 еді, оның ішінде 40 большевик және 31 меньшевик болды. Бұл санды жеке аудандар бойынша бөлгенде былай болып шығады:

Василеостровский	7	большевик,	6	меньшевик.	Барлығы	13
Выборг	2	»	5	»	»	7
Қалалық	5	»	7	»	»	12
Темір жол	1	»	2	»	»	3
Латыш	2	»	—	»	»	2
Москва	4	»	5	»	»	9
Нарва	—	»	—	»	»	—
Нева	2	»	1	»	»	3
Округтік	9	»	2	»	»	11
Қол өнершілік (приказчиктік)	4	»	1	»	»	5

Петербург	3 большевик,	2 меньшевик.		Барлығы	5
Эстон	—	»	—	»	»	—
Әскери ұйым	1	»	—	»	»	1
Барлығы	40	»	31	»	»	71

Мұның сыртында эстондардан екі делегат (екеуі де большевик) және латыштардан бір делегат (меньшевик) келмей қалды. Соларды қосқанда 42 большевик, 32 меньшевик болар еді.

Бұдан көрінетіні — *бастапқыда-ақ*, уәкілдіктерді тексеру атаулыдан бұрын, большевиктер басым болды. Демек, большевиктердің басым болуы «жасанды нәрсе» деген пікір атаулының бәрі де өзінен-өзі жоққа шығады. Большевиктер барлық уәкілдіктерді бекіткен жоқ деген шағымдарды меньшевиктер енді тіпті буржуазиялық баспасөзге де көшірді. Тек әйтеуір сол баспасөзге мандаттарды тексеруге *дейін де*, уәкілдіктерді қайта қарауға *дейін де* большевиктер *бәрібір* көпшілік еді деп хабарлауды ұмытып кеткен!

Конференцияда кімнің басым болғаны жөніндегі осы мәселені бұдан да айқын етіп, біржола шешіп алу үшін мандаттардың (уәкілдіктердің) санын емес, *партия мүшелері берген дауыстардың барлық санын* алып қарайық.

Сонда біз мынадай жағдайды көреміз:

Даусыз дауыстар	большевиктерге —	1848,	меньшевиктерге —	787
Даулы дауыстар	«	300*	»	946
Барлық дауыс	«	2148	»	1733

Сөйтіп, дауыс берген барлық партия мүшелері 4000-ға жуық (3881 адам). Большевиктердің басымдығы *400 дауыстан астам болып отыр*.

* Конференцияның шешімі бойынша әбден дұрыс берілген деп танылған 185 дауыс та осыған кіреді. Оларды қоспағанда даусыз дауыстар 1663 болады.

Сонымен, бір күмәнсыз нәрсе, даулы дауыстардың *бәрін* дұрыс деп тапқан күнде де, анағұрлым басымдық қалай да большевиктер жағында болып шығады. Демек, дауыстардың белгілі бір бөлегінің дұрыс-бұрыстығы жөніндегі таластар әсте большевиктердің басымдығы туралы мәселе жайында болған жоқ; таластар демократиялық өкілдік принципін қалайша толық жүзеге асыру керек деген мәселе жайында болды.

Дегенмен, уәкілдіктердің (мандаттардың) бір бөлегін большевиктердің алып тастаған себебі не? Оның себебі — *даулы* мандаттарды дұрыс деп тануға болмайтын еді. Ал бұрыс мандаттарды ешкім дау айтпаған дұрыс мандаттармен қатар қоюға болмайды.

Дау туғызған қандай мандаттар? Аларда бұрыстыққа жол берілген мандаттар, мәселен, бақылау комиссиясы мүшелерінің тарапынан бақылау болмаған, дауысқа салудан бұрын айтыс (талқылау) болмаған, «платформалар бойынша» дауысқа салынбаған (яғни дауыс берушілер кадеттермен келісім жасасуды жақтай ма әлде оған қарсы ма деген мәселе жөнінде дауыс берушілердің *бәрінің* пікірі сұралмаған) мандаттар. Бұрыс мандаттарды демократиялық жолмен алынған мандаттар деп тануға болмайды.

Енді мынадай сұрақ туады: даулы мандаттарды не істеу керек еді? Әрбір жағдайды жеке талдап тексеру мүмкін емес-ті. Бұл үшін бір күн артық отыруға тура келер еді, ал конференцияның уақыты өте *тапшы* болатын: жұмысшылар уәкілдер сайлауға баруға *тиісті болған* мерзімге (7 январь) әрең дегенде үлгерді.

Жалғыз ғана жол қалды: *барлық даулы* мандаттар үшін «өкілдік мөлшерін» арттыру керек болды, яғни олар үшін әрбір 50 дауысқа емес, әрбір 75 дауысқа бір мандаттан есептеу керек болды. Мұндай әдіс 3 түрлі себеппен қабылданды: 1) мұның өзі жекелеген даулы мандаттарды бағаларда озбырлыққа, өзара керіске жол бермейді; 2) мұның өзі екі жақтың бірінің даулы деп табылған мандаттарын тең жағдайға қояды; 3) мұның өзі Петербург комитетінің конференциядан көп бұрын қабылдаған шешіміне сүйенеді, — атап айтқанда, Петербург комитеті: конференцияға демократиялық жол-

мен сайлауды жүзеге асыру мүлде мүмкін болмаған жағдайда (мәселен, полициялық жағдайлардың салдарынан жиналыстар шақыруға мүмкін болмаған жағдайда) толық демократиялық емес жолмен сайланған өкілдер жіберілсін, бірақ бұл ретте өкілдік мөлшері *арттырылсын*, яғни 50 адамнан емес, 75-тен, 100-ден, т. с. мөлшерден 1 өкіл жіберілетін болсын,— деп ұйғарды.

Енді даулы дауыстар мен даусыз дауыстардың санын алып қараңыздар. Даусыз дауыстармен сайланғандар 50 адамға 1 делегат деп есептегенде: 37 большевик және 16 меньшевик болды. Даулы дауыстармен сайланғандар 75 адамға 1 делегат деп есептегенде: 4 большевик және 12 меньшевик болды. Не бары 41 большевик (бұған демократиялық сайлау жүргізу мүмкіндігі жоқ әскери ұйымнан 1 делегат қосылады) және 28 меньшевик болды.

Біржола бекітілген осы 70 мандатты аудандар бойынша бөлгенде былай болып шығады:

Василеостровский	7	большевик,	6	меньшевик.	Барлығы	13
Выборг	2	»	4	»	»	6
Қалалық	5	»	7	»	»	12
Темір жол	1	»	2	»	»	3
Латыш	2	»	1	»	»	3
Москва	4	»	4	»	»	8
Нарва	—	»	—	»	»	—
Нева	2	»	1	»	»	3
Округтік	9	»	1	»	»	10
Қол өнершілік (приказчиктік)	4	»	—	»	»	4
Петербург	3	»	2	»	»	5
Эстон	2	»	—	»	»	2
Әскери ұйым	1	»	—	»	»	1
Барлығы	42	»	28	»	»	70

Бұдан конференцияның құрамы жөніндегі шағымдардың мүлде қисынсыз екендігі көрінеді. Әрине, істің анық-танығын білмейтін жұртшылық алдында пәленнің мандаты жойылды, пәленнің уәкілдігі қабылданба-

ды деп айқайлай берсе, онда мұның өзі бейхабар жұртқа бір сәт әсер етуі де мүмкін. Бірақ мұның өзі талас емес, бос жанжал болады ғой.

Конференцияның құрамы туралы мәліметтердің бәрімен танысса-ақ болғаны, *барлық* даулы дауыстар үшін өкілдік мөлшерін арттыруда озбырлық *еш нәрсе* болмағаны бірден айқын болады. Өйткені ешкім күмән келтірмеген даусыз дауыстың 2635 болуы, ал даулы дауыстың тек 1246 ғана болуы кездейсоқ емес қой! Сондықтан даулы дауыстардың *көпшілігі* жөнінде кездейсоқ, ешбір қисынсыз дау айтылды деп шынымен әңгіме етуге болмайды ғой!

Мәселен, меньшевиктер жиі өткізіп келген «платформасыз» дауысқа салушылықтың мәнісі не екенін ойлап қараңыздаршы (тек осы себептен ғана оларда мыңға тарта даулы дауыстар болып отыр ғой). Мұның мәнісі — кадеттермен келісім жасасуды жақтай ма әлде кадеттерге қарсы ма, осы жөнінде партияның *барлық* мүшелерінің пікірі сұралмайды деген сөз. Делегаттар сайлағанда осылайша пікір сұралмай немесе платформасыз жүргізіледі. Демек, конференция партия мүшелерінің өз пікірін *анық* біле алмайды! Демек, даулы мәселе жөнінде (бұқараның қимылына қатысы бар мәселе жөнінде) *бұқараның өз* пікірі сұралмайды. Мұндай жағдайда бұрыстықтан құтылуға бола ма?

Ұйымда демократизмнің болуын *шын* жақтайтын адам осылай дауыс беруді қорғай ала ма? Демократизмнің мәнісі — бұқара таныстыққа қарай өзінің жекелеген өкілдеріне сенім көрсетсін деген сөз емес, оның мәнісі — аса маңызды мәселелер жөнінде бүкіл бұқараның өзі сапалы дауыс берсін деген сөз.

Ақырында, конференцияның құрамы жөніндегі шағымдарды мүлде қисынсыз деп тану керектігінің тағы бір себебі — соңғы уақытта Петербургте осындай *бірқатар* конференциялар болып өтті. Бұдан бір жыл бұрын бойкот туралы мәселе жөнінде конференция болды. Сонда большевиктер басым болып шықты. Бірінші Дума кезінде думалық (яғни кадеттік) министрлік болсын деген талапты қолдау мәселесі туралы конференция өтті. Басым жақ тағы да большевиктер болды.

Енді келіп сайлауда кадеттермен келісім жасасу мәселесі жөнінде большевиктердің басым болуын кездейсоқ деу кісі күлерлік нәрсе емес пе?

II

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Партияның көбінесе меньшевиктерден құралған Орталық Комитеті Петербург конференциясына қалалық және губерниялық конференция болып екіге бөліну керек деп талап қойды. Меньшевиктер өздерінің кетіп қалғандығын ақтау үшін осы талаптың орындалмағанын сылтау етпек болады.

Бұл талап партия уставы бойынша заңды ма еді, конференция үшін мұның өзі міндетті нәрсе ме еді, мұның өзі жүзеге асарлық нәрсе ме еді, енді соны қарап көрейік.

Біздің партиямыздың уставы партияның демократиялық жолмен ұйымдасуын әбден айқын белгілеп көрсеткен. Бүкіл ұйым төменнен бастап сайлап қою негізінде құрылады. Партия уставы бойынша, жергілікті ұйымдар өзінің жергілікті жұмысында дербес (автономиялы) деп жарияланған. Устав бойынша Орталық Комитет партияның бүкіл жұмысын біріктіріп, оған жөн сілтеп отырады. Бұдан айқын көрінетін нәрсе — жергілікті ұйымдардың *құрамын* белгілеуге оның қол сұғуға хақысы жоқ. Ұйым төменнен құрылатын болғандықтан, оның құрамына жоғарыдан қол сұғудың өзі бүкіл демократизмді, партияның бүкіл уставын мейлінше бұзғандық болар еді. Айталық, ұйым белгілі бір себептермен әр тектес бөліктерден құралған дейік, мәселен, қала мен губернияны бірге қосады дейік. Демократиялық құрылыс тұсында жоғарыдан бұйрық беру арқылы бұл қосындыны қалпында сақтауға (немесе бұйрықпен белгілеуге) болмайды. Демек, бөліну ісі тек төменгілердің тілегі бойынша ғана болатын нәрсе: қала губерниядан бөліне алады, бұл жөнінде оған ешкім де тыйым сала алмайды. Губерния қаладан бөліне

алады, оған бұл жөнінде ешкім де тыйым сала алмайды. Егер ұйымның бірде бір азды-көпті ірі, азды-көпті ерекше бөлегі төменнен бөліну талабын білдірмеген болса,— онда Орталық Комитет ұйымның *бірде-бір* ықпалды бөлегін бөліну қажеттігіне *иландыра* алмаған болып шығады! Мұндай жағдайда бөлінуді жоғарыдан талап ету — демократизмді келемеждегендік, партия уставын келемеждегендік болады. Мұның өзі Орталық Комитеттің билігін тура қиянат жолына пайдалануға, яғни партия бірлігінің мүдделері үшін емес, партияның бір бөлегінің (меньшевиктердің) мүдделері үшін пайдалануға әрекеттенгендік болады, билікті жергілікті қызметкерлердің еркі мен ұйғарымын бұзу үшін пайдаланғандық болады.

Орталық Комитет өз талабының қисынсыз екендігін сезгендігі сонша, *жазба түрдегі жалпы* қаулысында өте сақтана пікір айтты. Орталық Комитеттің жалпы қаулысы барлық партия ұйымдарына *«мүмкіндігіне қарай»* (сөзбе-сөз айтқаны!) ұйымның шеңберін сайлау округтерінің шеңберіне лайықтау керек деп *ұсынады*. Мұндай кеңестің міндеттілігі туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді,— *әңгіме болған да жоқ*. Орталық Комитеттің нақ Петербург жөнінде әлде нендей айрықша мақсаттар көздегендігі мынадан көрінеді: Орталық Комитет *Россияның басқа бірде-бір қаласында* конференцияның бөлінуін талап еткен емес. Мәселен, *Вильнода* қалалық конференцияға *қала шегінің сыртындағы*, яғни *басқа* сайлау округіндегі орындардың социал-демократ өкілдері де кіреді. Вильно конференциясын бөлу туралы мәселе көтеруді Орталық Комитет ойға да алған емес!

Одессада да, әлгіндей орындардың бір бөлегі қаланың полициялық шегінің сыртында бола тұрса да, жалпы бір-ақ конференция болды. Ұйым шеңбері қала және губерния бөлегі деген полициялық бөліске сәйкес келетін ірі қаланың тым болмаса біреуін атап көрсетуге болар ма екен? Ірі қалаларда, социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының орталықтарында, *қала маңын*, көбінесе ең ірі саналатын фабрикаларды, *нағыз пролетарлық «төңіректерді»* бөліп тастау керек деп шыпы-

мен әңгіме етуге бола ма? Мұның өзі — істің жөн-жосығын мейлінше келемеждегендік болады, өйткені жік туғызарлық сылтау іздеуге келгенде ең талғаусыз адамдар ғана осындай сылтауға жармаса алады.

Конференцияны бөлу талабының жүзеге аспайтындығын ұғыну үшін Петербург аудандарын алып қараңыздаршы. Жалпы алғанда ұйымды немесе жеке алғанда конференцияны қалалық және губерниялық етіп бөлу үшін не партияның әрбір мүшесінің адресін, тұратын жерін білу керек, не *территориялық* белгі бойынша құрылған әбден даяр ұялар, бөлімдер, аудандар болуы керек, яғни белгілі бір *полициялық* учаскеде партия мүшелерінің тұрағына қарай немесе фабрикалардың орналасқан жеріне қарай құрылған аудандар болуы керек.

Ал біздің көріп отырғанымыз — С.-Петербургте (тегінде, Россия қалаларының көпшілігінде де солай болар) аудандар, кіші аудандар және төменгі ұялар тек территориялық (жергілікті) белгі бойынша ғана емес, сонымен қатар *кәсіптік* белгісі *бойынша да* (белгілі бір кәсіп, жұмысшылардың және жалпы халықтың айналысатын жұмысы), *ұлттық* белгі бойынша да (әр түрлі ұлт, өзгеше тіл) құрылған.

Мәселен, С.-Петербургте *Темір жол* ауданы бар. Ол кәсіптік белгі бойынша құрылған. Оны қалалық және губерниялық бөліктерге қалай бөлу керек? Әрбір жеке темір жолшының тұратын жеріне қарай: Петербург, Колпино және басқа станциялар бойынша бөлу керек пе? Әлде, біздің Орталық Комитеттің сорына, әдетте Петербург «қаласынан» «губернияға» немесе тіпті әр түрлі губернияларға қарай кетіп жататын поездардың қай жерде тұрғанына қарай бөлу керек пе?

Латыш ауданын бөліп көріңізші! Онан әрі әлі Эстон ауданы мен әскери ұйым бар.

Тіпті территориялық аудандарды да бөлуге болмайды. Мұны конференцияда жұмысшылардың өздері көрсетіп өтті. Москва ауданының бір жұмысшысы орнынан тұрып, былай дейді: мен өзіміздің аудандағы, қала төңірегіне жақын жердегі фабрикаларды білемін. Жұмыс аяқталған кезде бірден көзге түсетін нәрсе — жұ-

мысшылардың бір бөлегі «қалаға», екінші бір бөлегі «губернияға» қарай кетіп бара жатады. Ендеше, біз мұны қалай бөлмекшіміз? Сөйтіп, жұмысшылар Орталық Комитеттің ұсынысын көрнеу күлкі қылды.

Осынау оқиғаның ақ жіппен көктелген астарын тым аңқау адамдар ғана байқамас. Тым аңқау адамдар ғана: қайткенде де *«шамамен», «мүмкіндігіне қарай»* бөлініп көру керек еді дей алады.

Егер шамамен бөлетін болсақ, онда кейбір *озбырлыққа* жол беру керек болады, өйткені Латыш, Темір жол аудандары мен басқа да аудандарды дәл бөлу *мүмкін емес*. Ал озбырлықтың қандайы болса да ұшы-қиыры жоқ жаңа наразылықтар, шағымдар туғызар еді, Орталық Комитет жаңа қаулылар шығарар еді, жік туғызуға ұшан-теңіз жаңа сылтаулар табылар еді. Аудандардың тізіміне (жоғарыда келтірілген) қараңыздаршы,— сонда тек төрт ауданды ғана: Василеостровский, Қалалық, Выборг, Петербург аудандарын ғана бірыңғай қалалық, күмәнсыз қалалық аудандар деп жариялайтын адамдар табылуы мүмкін екенін көресіздер. Тек осыларды ғана қалалық деудің себебі не? Себебі — *бұл аудандарда меньшевиктер басым болып шығар еді*. Ал мұндай озбырлықты қалайша ақтауға болады?

Орталық Комитет мынадай озбырлықты қалайша ақтады екен: ол Вильноны бөлуді тіпті ойлаған да жоқ, ал С.-Петербургтің бөлінуін талап етті емес пе? Егер сіз озбырлыққа қарсы дау айтсаңыз, сіздің таласыңызды түпкілікті шешетін кім? Кәдімгі сол Орталық Комитеттің өзі ғой...

Конференцияның құрамы жөніндегі және оның бөлінуден бас тартқандығы жөніндегі шағымдар — жай көз байлау ғана екенін енді тіпті тым аңқау адамдар да түсінеді. Ал істің мәнісі мынадай: меньшевиктер Петербург ұйымының көпшілігіне бағынбауға және социалист-жұмысшылардан кадеттерге жалт беруді көздеп, сайлау қарсаңында әдейі жік туғызуға ұйғарып отыр.

III

МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ КОНФЕРЕНЦИЯДАН КЕТУІНІҢ МӘНІСІ НЕ?

Біздің жасаған қорытындымыз кейбір оқушыға тым қатаң секілді көрінуі мүмкін. Бірақ біздің ойымызша, елеулі саяси істе шындықты жасыру, көмескілеу — социалиске лайықсыз нәрсе. Әр нәрсені өз атымен атау керек. Жұмысшы бұқараның істің мәнісін әбден айқын түсінуі үшін желеулер мен көз байлау атаулының бәрін әшкерелеу керек. Тек буржуазиялық партиялар ғана сайлауға астыртын айла деп, олжа бөлісу деп қарайды. Ал жұмысшы партиясы ең алдымен халықтың партиялар арасындағы қатынасты дұрыс түсінетін болуын, өзінің мүдделері мен күрестің міндеттерін дұрыс түсінетін болуын, қалтарыста болып жатқан оқиғаның сырын түсінетін болуын көздеуі керек.

Біз РСДРП Петербург ұйымы конференциясының құрамы жөніндегі, оның бөлінгісі келмейтіні жөніндегі шағымдардың құр сылтау екенін көрдік. Біз істің мәнісі бең-белгілі екенін білдік. Меньшевиктер қалай да кадеттермен келісім жасасқылары келді. Петербург ұйымы мүшелерінің көпшілігі бұл көзқарасты жақтамайтынын меньшевиктер білетін. Меньшевиктер әрбір жерде жергілікті ұйымның шешіміне бағыну керек деп Бүкіл россиялық конференцияда шешкен болатын. Енді олар *өз уәделерін бұзып, жікке бөліну арқылы* өздерінің мақсаттарына жетуге әрекеттеніп отыр.

Конференциядан кетіп қалған 31 меньшевик бүгін (13 январьда) Петербург газеттерінде кадеттерге де, барлық еңбек партияларына да, оның ішінде социалист-революционерлер мен трудовиктер түгіл (бұларға келісім жасауды конференция ұсынған болатын), сонымен қатар «халықтық социалистерге» де блок жасасуды ұсынатындығын жариялап отыр.

Демек, істің жайы әбден айқын. Саналы пролетариат дербес сайлау науқанын жүргізуге ұйғарды. Ұсақ буржуазия (оның ішінде трудовиктер де) бұлталақтап, бір жақтан екінші жаққа ауытқып отыр, ол принциптік күрестен гөрі кадеттермен келісім жасауды артық са-

науға бар. Меньшевиктер, бұл — жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық бөлегі. Дәл соңғы сәтте олар түкке тұрмайтын болымсыз сылтауларға жармасып, революцияшыл пролетариатты тастап, кадеттер жағына шығуда.

Бұл қорытындының дұрыстығын өзгелерден де гөрі кадет газеттері айқынырақ растап отыр. Ал кадеттер петербургтік, яғни большевиктік социал-демократияның көзқарастарын жақтайды деп ешкім де сезіктене қоймас!

Кадеттер партиясының орталық органына, «Речь» газетіне, көз салыңыздаршы. Бұл газеттің «Товарищ» газетімен қосылып, меньшевиктерді жікке бөлінуге үнемі итермелеп келгені, оларды большевиктерден тәптештей бөлектеп, меньшевиктерді барынша мақтауға тырысып келгені барша жұртқа әбден мәлім. Меньшевиктердің социал-демократиялық конференциядан кетіп қалғандығы мәлім болысымен-ақ, «Речь» дереу (11 январьда) «Социал-демократиялық конференция және келісімдер» деген редакциялық мақала басты. Бұл мақала меньшевиктердің «батылдығын» тура *құптайды,* олар бастаған *жікке бөлінуді құптайды.* Бұл мақала тура былай дейді: *меньшевиктер мен халықтық социалистер* (ұсақ буржуазиялық, еңбек партияларының ішіндегі ең баяу, жартылай кадеттік партия) *«революциялық партиялардың тар мағынасындағы одағынан тысқары»* (яғни Петербург социал-демократтарынан және олар келісім жасасуды ұсынғандардан, яғни социалист-революционерлер мен Еңбек тобы комитетінен тысқары) қалып отыр.

Сөйтіп, кадеттер осы «баяу-социалистік партиялардың екеуімен де» келіс сөздерді *«қайта жаңғыртуға»* әзірміз деп тура айтып отыр. Олар тура былай дейді: «социалистік партиялардың арасында болған саралану (бөліну) баяу социалистердің думалық тактика туралы ұғымын да біздің (яғни кадеттердің) өз ұғымымызға біршама жақындата түсетіндей сыңай танытады».

Кадеттік басты газеттің бұл сөздері төтенше маңызды. Кадеттер меньшевиктік бет бұрыстан шығатын

практикалық нәтижелерді бағалап қана қоймайды. Меньшевиктер туғызған жікке бөлінудің принципті маңызы бар екенін, яғни бұл жікке бөлінудің өзі іс жүзінде саяси күрес жөніндегі, жұмысшы табының міндеттері жөніндегі негізгі көзқарастарға меньшевиктердің қатынасын өзгертетінін кадеттер айқын көріп отыр. Меньшевиктердің келісімдерге практика жүзінде жол беру мағынасында ғана бет бұрыс жасап қоймай, сонымен қатар буржуазияның негізгі көзқарастары жағына да бет бұрғанын, пролетарлық саясаттан қашықтап, буржуазиялық саясатқа жақындай түскенін кадеттер әбден айқын түсінді. *Баяу социалистер* (яғни меньшевиктер) кадеттік тактикаға жақындап келеді, олар кадеттердің басшылығы мен жетекшілігін іс жүзінде мойындап отыр, деп «Речь» турасын айтады. Социал-демократиялық конференцияның ұсынысын социалист-революционерлер мен трудовиктердің қабылдайтын-қабылдамайтынын әлі білмей тұрып-ақ, кадеттер саяси күштердің әбден айқындалған арақатынасын *қазірдің өзінде* есепке алып отыр: либерал буржуазия баяу ұсақ буржуазияға және пролетариаттың ұсақ буржуазиялық бөлегіне басшылық етіп отыр; революцияшыл пролетариат, ең тәуір дегенде (біз үшін тәуір, кадеттер үшін — нашар), ұсақ буржуазияның тек бір бөлегін ғана соңына ертіп, дербес келеді.

Кадеттер істің жайын нақ осылай суреттеп отыр. Бұл арада кадеттердің пікірі әбден дұрыс екенін мойындамасқа болмайды. Либерал буржуазияның, жұмысшы табының және ұсақ буржуазияның саясаттары арасындағы арақатынас капиталистік елдердің бәріне тән болмай қоймайтын осы тұрақты арақатынас, күн көзінің бір тамшы судан шағылысып көрінетініндей, Петербургтегі кішкене оқиғадан да көрініп отыр. Барлық жерде және әрдайым либерал буржуазия жетілмеген бұқараны революциялық социал-демократиядан аударып әкету үшін сол бұқараны орынға қызықтырып сатып алуға ұмтылады. Кадеттер Россияда буржуазияның пролетариатқа қарсы күресінің «ағылшындық» әдісін, күш қолданылатын күрес емес, «баяуларды»

сатып алу, арбау, бөлшектеу, алдарқату арқылы, оларды министрлікке, депутаттыққа, сайламшыға өткізу, т. с. арқылы жүргізілетін күрестің әдісін қолдана бастады.

Кадеттік «Речьте» келіс сөздерді «қайта жаңғырту» туралы айтылған сөздің мәнісі де әбден айқын. Социал-демократтар біртұтас болып тұрған кезде және олардың арасында революциялық социал-демократия басым болып тұрған кезде,— келіс сөздер тоқтап қалған еді. Енді, «баяу социалистік партиялардың екеуі де» революциядан бөлініп кеткен кезде,— енді кадеттер: «келіс сөздерді қайта жаңғыртуға болар еді» дегенді айтып отыр.

Егер бұл сөздердің практикалық мәнісі оқушыға онша айқын болмаса, біз оған мұны түсіндіріп өтейік. Кадеттер солшылдарға екі орын (алты орыннан): атап айтқанда: жұмысшы куриясына бір орын, жалпы социалистерге бір орын бермекші еді. Келіс сөз тоқтап қалды. Енді кадеттер «баяу социалистерді» тағы да шақырып отыр: сатып алушы, бері таман келсеңші, бәлкім, келісіп те қалармыз! Қазір біз бір орынды меньшевикке, бір орынды «халықтық социалиске» бере аламыз, тіпті үш орынға да жомарттығымыз жетіп қалар дейді.

Кадеттердің келіс сөзді «қайта жаңғырту» жөніндегі сөздерінің мәнісі: біз *солшылдарға* қимап едік, енді *солшылдардың ішіндегі баяуларға* қиямыз!— деген сөз.

Саясатта аңқау немесе тәжірибесіз адамның қалағанынша бас шайқауы, күмәндануы, көңіл айтуы, т. с. нәрселер істеуі мүмкін,— бұдан істің жайы өзгермейді. Белгілі бір нәтиженің *дәл қалай* пайда болғаны маңызды емес, сол нәтиженің өзі маңызды (яғни кадеттер үшін бұл маңызды емес, ал саясатқа *саналы* көзбен қарағысы келетін жұмысшы бұқарасы үшін бұл өте маңызды).

Меньшевиктердің кадеттермен келіс сөздері дәл қалай жүргізілгендігін,— хат арқылы ма, ауызша ма әлде тіпті жай ишарат арқылы ма,— оны біз білмейміз. Бәлкім, көрнекті баяу меньшевиктер социал-демократ-

тар арасында жік тууы ықтимал деп кадеттердің көсемдеріне жай *емеуірін білдірген* болар, *аудандар бойынша* келісім жасауға болады деп емеуірін білдірген болар. Ал кадеттер бұл емеуірінді, әрине, дереу қағып алды: «олар» Петербург социал-демократтарына жік туғызады, ал біз «оларды» аудандық тізімге енгіземіз! «Олар»— бізге, біз —«оларға»,—десті. Егер «олар» тұп-тура Кутлерге, Милюковқа немесе Набоковқа барып, тура былай десе: біз сендер үшін Петербург социал-демократиялық конференциясына жік туғызамыз, ал сендер бізді әйтеуір бір аудандық тізіммен өткізіңдер десе, жаңағы келісім содан тиянақсыз, содан тыңғылықсыз, содан осал келісім бола қоя ма?

Конституциялы елдердің *бәрінде* либерал буржуа мен социал-демократ оппортунистердің саясаты *дәл осындай* екендігі факт. Орыс жұмысшылары, егер оп-оңай алдауға түсіп қалмайық дейтін болса, осы саясатты *түсінуді үйренуі* тиіс. Чернышевский: кімде-кім қолын былғаймын деп қорқатын болса, саяси жұмысқа араласпай-ақ қойсын,— деген болатын. Кімде-кім сайлауға қатыса отырып, буржуазиялық саясатқұмарлықтың көңін қопарғанда қолымды былғап алармын деп қорқатын болса, ондайлар аулақ жүрсін. Істің мәніне тура қараудан қорқатын аңқау ақ саусақтар саясатта тек зиян келтіреді.

Жікке бөліну жайлы *біздің* берген бағамызды буржуазиялық баспасөздің түгелдей растайтын тағы бір пікірі — Кускова ханымның «Товарищте» (10 январьда) айтқан пікірі. Ол да меньшевиктерді дәл солай құптайды, оларды біржола жікке бөлініңдер деп азғырады, большевиктермен «ымыраға» келмеңдер деп кеңес береді, «рабоче-делошылдардың» атынан оларға көмектесуге уәде етеді.

Кускова ханымның бұл мақаласын түсіну үшін оның кім екенін білу керек. Біз Кускова туралы айтып өтейік, өйткені жұмысшылардың көпшілігі мұны білмейді ғой.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы 1898 жылы құрылған. 1899 жылы Кускова ханым мен

Прокопович мырза партия мүшелері болатын, атап айтқанда: партияның шетелдегі ұйымының, *сол кезде* революцияшыл социал-демократ болған Плеханов басқарған ұйымның мүшелері еді. Қазіргі кездегі сияқты, сол кезде де Кускова ханым оппортунист болды, социал-демократияда ұсақ буржуазиялық көзқарастарды жақтады, бернштейншілдікті қорғады, яғни түптеп келгенде жұмысшы табын либералдық саясатқа бағындыруды көкседі. Кускова ханым өзінің көзқарастарын атышулы «Credo»-да (оқылуы: «кредо», мұның мәнісі — наным символы, программа, дүние танымды баяндау деген сөз) өте-мөте айқын білдірді. Бұл «Credo»-да: жұмысшылар экономикалық күресті, ал либералдар саяси күресті жүргізуге тиіс делінген болатын. «Рабочеделошылдар» (социал-демократиядағы оппортунистердің сол кездегі аты) шын мәнінде дәл осындай көзқарасқа бой ұрды. Плеханов бұл көзқарастарға қарсы өліспей беріспейтін соғыс жариялады (бұл жөнінде орыстың революцияшыл социал-демократтары оған көмектесті), сөйтіп осы негізде РСДРП-ның шетелдегі ұйымын *жікке бөлді.* Ол оппортунистерге қарсы, әсіресе Кускова ханымға қарсы, «Vademecum» (рабоче-делошылдар үшін «Серік») деген кітапша шығарды.

Сонда Кускова ханым социал-демократиялық партиядан қуылған болатын. Прокопович мырзамен бірге ол либералдарға, кадеттерге кетті. Онан соң, ол кадеттерден де кетіп, «бейпартиялық»-кадеттік «Товарищте» «бейпартиялық» жазушы болды.

Кускова ханым жалғыз емес. Ол — жұмысшы партиясына оппортунизмді енгізетін және социал-демократтардан кадеттерге, кадеттерден меньшевиктерге, т. т. қарай кезіп жүретін ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның *айтулы* үлгісымағы.

Петербург социал-демократтары арасында меньшевиктердің жік туғызбақ болғанын құптап, дабыл қағып, қиқулап жүргендер, міне, осындай адамдар.

Меньшевиктерге еріп жүрген жұмысшылар пролетариат ісін, міне, осындай адамдарға қолдан беріп отыр.

IV

САЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖӘНЕ ПЕТЕРБУРГТЕ БОЛАТЫН АЛДАҒЫ САЙЛАУ

Ал қазір Петербургте сайлаудың жайы қандай?

Қазіргі айқын нәрсе — сайлауда кандидаттардың басты үш тізімі болады: қаражүздіктер тізімі, кадеттер тізімі және социал-демократия тізімі.

Бірінші тізімге октябристер қосылады, екінші тізімге, тегінде, меньшевиктер мен халықтық социалистер қосылар, үшінші тізімге, бәлкім, трудовиктер мен эсерлер қосылар, бірақ әлі күнге дейін тұжырымды жауап бермеген осы әредік партиялар да (социал-демократтардың арасында жік тууы салдарынан) кадеттерге еріп кетуі әбден ықтимал.

Петербургте қаражүздік қауіп бар ма, яғни сайлауда қаражүздіктердің жеңіп кету қаупі бар ма? Қазір социалистерден кадеттер жағына шығып отырған меньшевиктер ондай қауіп бар деседі.

Олар шіп-шикі өтірік айтып отыр.

Тіпті кадеттік «Речьте», сақ, икемді, әрбір ұсақ-түйекте де либералдардың мүдделерін қоритын тіпті осы «Речьтің» өзінде, Вергежский мырза: сайлау жиналыстарында октябристер шет қақпай қалып отыр, сайлаушылар кадеттер мен социалистер арасында толқып отыр,— дегенді айтады.

Сайлау алдындағы барлық жиналыстар туралы, лидвалиаданың [140], Герценштейнді өлтірушілерге болған соттың [141], қаражүздіктер әрекеттерін әшкерелеудің, т. т. жұртқа қалай әсер еткендігі туралы мәліметтердің бәрі сайлаушылар арасында оңшыл партиялардың ешқандай қадірі жоқ екенін айқын көрсетеді.

Кімде-кім сайлаудағы қаражүздік қауіп туралы әлі де сөз қозғайтын болса, ол өзін де алдайды, жұмысшылар бұқарасын да алдайды. Қаражүздік қауіп туралы айқайлар — санасы жетілмеген бұқараны өздеріне қаратып алуды көздейтін кадеттердің әрекеті екендігі қазірдің өзінде айқын көрініп отыр.

Қаражүздік қауіптің мәнісі — қаражүздіктерше дауыс берудің қауіптілігінде емес, үкіметтің зорлық-зом-

былық жасау ықтималдығында, сайламшыларды тұтқынға алу ықтималдығында т. с. болып отыр. *Бұл* қауіпке қарсы амалды, кадеттермен келісім жасасудан емес, бұқараның революциялық санасы мен революциялық батылдығын жетілдіруден іздеу керек. Ал кадеттер осы сапа мен осы батылдықтың жетілуіне кімнен болса да көп бөгет жасап отыр.

Петербургте нағыз мықты күрес кадеттер мен социал-демократтар арасында жүріп жатыр. Еңбек партиялары өздерінің әлсіздігін дәлелдеді, дәлелдегенде ең баяу және жартылай кадеттік «халықтық-социалистік» партияға еріп отырғандығы арқылы дәлелдеді,— және жалпы ешқандай дербестігі мен тиянағы жоқтығы арқылы дәлелдеді.

Егер меньшевиктер сайлау қарсаңында социалистерге опасыздық істемеген болса,— күмән жоқ, трудовиктер мен эсерлер *біздің* шарттарымызды *қабылдаған* болар еді. Күмән жоқ, басқа жерлердегі сияқты Петербургте де кедейлерден құралған сайлаушылар *бұқарасы* кадеттерге ермей, социалистер мен трудовиктерге ерген болар еді. Онда Петербургтегі сайлаудың маңызы орыс революциясының болашағы туралы *негізгі* мәселелерді бүкіл Россияның алдына айқын, нақты түрде қоятын елеулі шайқастың маңызындай болар еді*.

Меньшевиктердің опасыздығы бізге сайлау ісін қиындатады, бірақ бұдан *социал-демократияның дербес науқаны* принциптік жағынан *бұрынғыдан да маңызды* бола түседі. Ұсақ буржуазияның тұрлаусыздығына қарсы пролетариаттың бұқараның таптық сезімі мен ұйымшылдығын дамытудан басқа, бұқараны саяси дамудың *тәжірибесі* арқылы үйретуден басқа амалы жоқ және болуы мүмкін де емес.

* Осы тұрғыдан алғанда Коломна сайлаушыларының таяуда болып өткен жиналысы назар аударарлық. «Трудовик» Водовозов (сірә, мұның трудовик болған себебі — трудовиктерді кадеттердің соңынан салпақтату үшін ғана болса керек): жалпы солшыл блоктағы алты орынның екеуі кадеттерге берілсін — деген шешімді дауысқа салып, қабылдатқызады. Қайран аңқаулық! Аз орын беру үшін, кадеттердің соңынан салпақтамай, *әуелі* жеңу керек қой, Водовозов мырза! Тіпті *осындай* жаршысы бар *осындай* жиналыстың өзі де дауыс бере келгенде бұқараның кадеттерден солшылдау пиғылда екендігін көрсетті. Мұндай бұқараның алдына біз мынадай таңдау: либерал буржуазияны жақтайсыңдар ма әлде революциялық партияны жақтайсыңдар ма деген таңдау қоюға міндеттіміз.

Трудовиктер солқылдап отырғанда, меньшевиктер саудаласып отырғанда, біз дербес үгітімізді барынша үдете жүргізуге тиіспіз. Социал-демократтар қайткен күнде де және сөзсіз өз тізімін ұсынғалы отырғанын барша жұрт біліп қойсын. Кадеттер мен социалистердің бірін таңдау керек болатынын сайлаушылардың барлық кедей топтары білетін болсын.

Осы таңдау жөнінде сайлаушылар ойлануға тиіс. Бұл ойлану бұқараның *санасын* жетілдіру ісінде,— Икстің немесе Игректің кадеттерден орын алуынан гөрі анағұрлым маңызды істе,— қайткен күнде де ірі табысқа жеткізеді. Егер қала кедейлерінің бұқарасы кадеттердің уәделеріне тағы да сенетін болса, Гурко мырзалар мен Кутлер-Милюков мырзалардың «бейбіт» прогресс жөніндегі, «бейбіт» заң шығару жөніндегі либералдық жел сөздері мен либералдық құрғақ уәделерінің айқай-шуына тағы да елігетін болса,— онда оқиғалар жалған үміттердің ең соңғы қалдығын тез-ақ әшкерелейді.

Революциялық социал-демократия бұқараға бүкіл шындықты ақтара айтып, өз жолымен бұлтармастан жүре беруге тиіс. Кімде-кім орыс революциясының пролетарлық күресте жеткен нақты жеңістерін бағалайтын болса, кімде-кімнің бойында еңбекші және қаналушы адамның сезімі болса, ол пролетариат партиясына еруге тиіс. Бұл партияның көзқарастары дұрыс екені орыс революциясы өрлеп дамыған сайын бұқараға бұрынғыдан да айқын бола береді.

СОҢҒЫ СӨЗ

«Речьтің» 14 январьдағы бас мақаласы меньшевиктердің социалистерден буржуазияға өтуінің маңызы туралы біздің жоғарыда айтқан пікірімізді растайтын жаңа дәлелдер беріп отыр. «Речь» өз айтқанының дәл келгеніне, Петербургте меньшевиктердің бөлініп шығып, өздерінің ерекше ұйымын құрғалы жүргеніне масаттанады. «Солай болып шықты да,— дейді газет өзінің осының алдындағы номерлеріне сүйене келіп.— Социал-демократияның бір бөлегі, онша ықпалды болмағанымен, парламенттік жұмысқа неғұрлым бейім бөлегі, біздің ұсынысымызды қостап отыр».

Иә, бұл рас. Меньшевиктер жұмысшы партиясының оппортунистік бөлігін бөліп әкетіп, оны кадеттердің басшылығына бағындыру жөніндегі либерал буржуаның ниетін *қостап отыр.* Біз «Речьтің» қазірдің өзінде меньшевиктер мен энестерді «баяу социалистер» деп атап, оларды революциялық партиялардан бөлектеп отырғанын жоғарыда көрдік. Енді «Речь» одан да бір адым ілгері басып отыр. Оның айтуынша, социал-халықшылдар да (халықтық-социалистер), тегінде, кадеттермен блок жасасуды артық көретін секілді. Ол былай дейді: «меньшевиктер *жалпы оппозициялық блок* құруды үзілді-кесілді қостап отыр». «Кадеттердің, меньшевиктердің және социал-халықшылдардың оппозициялық блок құру мүмкіндігі большевиктер бас тартқаннан кейінгі жерде едәуір күшейе түсті деп мойындау керек».

Сонымен, енді кадеттердің өздері де сайлауда үш блок немесе қалай болғанда да негізгі үш саяси күш: үкіметтік блок, оппозициялық блок, революциялық блок болады деп мойындап отыр. Бұлайша бөлу әбден дұрыс. Біздің атап көрсетеріміз — оқиғалардың барысының өзі біз көптен бері батыл айтып келе жатқан шындықтарды кадеттерге мойындатқызып отыр. Онан соң, біз мынаны да атап корсетеміз: революциялық «блокта» әбден берік тұрған *әзірше* жалғыз революциялық социал-демократия ғана. Басқа элементтер, атап айтқанда революциялық ұсақ буржуазия («социалист-революционерлер») әлі де болса толқуда.

Меньшевиктердің кадеттер жағына өтуінің принциптік маңызы барған сайын анықтала түсуде. Меньшевиктік сайлау платформалары мен принциптік қарарларында (мәселен, Бүкіл россиялық социал-демократиялық конференцияда) айтылған әдемі сөздер, олардың: бейбіт жол жөніндегі жалған үміттерді әшкерелейміз, Думаға өтініш жасаушылдарды емес, күрескерлерді сайлауға кеңес береміз деген сөздері, т. т., т. б. және т. с.,— осы сөздердің бәрі де *жай ғана сөздер* болып шықты. Іс жүзінде меньшевиктердің жасаған әрекеті сондай, оларды кадеттер өз соңына ертіп алды, *өз* саясатын жақтатқызды. Іс жүзінде меньшевиктер «оппозициялық блокта» *болып шықты,* яғни кадеттердің жай ғана шылауына айналып кетті.

Ол ол ма. «Речьтің» 14 январьдағы бас мақаласы мына жайды да: кадеттерді қолдағаны үшін және оппозициялық блокқа кіргені үшін меньшевиктерге кадеттердің *қандай ақы* төлегелі отырғанын да айқын көрсетеді. Бұл ақы — Думада *жұмысшы куриясынан тартып алынып* берілетін бір орын. Тыңдаңыздар:

«Сонымен бірге (яғни кадеттерден, меньшевиктерден және халықтық-социалистерден оппозициялық блоктың құрылуымен бірге) Думадан орын алуға дәмеленушілердің саны азайды, сол себепті, бәлкім, жаңа айлалы әрекеттер жасағанда халық бостандығы партиясының ұсынысын қабылдап, алты орынның екеуімен шектелу мүмкін болар. Әрине, енді бұл ұсынысты, тегінде, біраз өзгертуге тура келер. *Жұмысшы куриясы сайлаған*

адамға арналған орын, сірә, конференция шешімінен кейін енді большевик-жұмысшыға беріле қоймас. Блоктың құрамы жаңарғаннан кейін *меньшевиктердің бұл орынды өздерінің заңды еншісі деп қарауына болар еді.* Халық бостандығы партиясының бергелі отырған екі орнының екіншісі бұл ретте халықтық-социалистік блокқа қалар еді».

Неткен ғажап келісім! Алайын дегенін арзанға түсіргендігімен кадеттерді құттықтауға болады! «Берілгелі отырған» сол бұрынғы екі орынның төлеуіне ұсақ буржуазиялық партиялардың бәрін де, жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық бөлегін де өздеріне қаратып алмақ,— оның үстіне мұны *жұмысшылардың есебінен* өтемек!

Меньшевиктердің социал-демократтардан безіп, баяу социалистік партия («Речьтің» бағалауынша) болғандығы, оппозициялық блокқа кіргендігі *салдарынан,* жұмысшылар жұмысшы куриясынан өз өкілін жіберу правосынан айырылып қалмақ. Меньшевиктер революцияшыл социал-демократтарға ермей, кадеттерге еріп кеткендіктен, Петербург жұмысшылары өз орнын өзі билеуге кадеттерден алған правосынан айрылмақ. Кадеттермен жасаған «келісімі» үшін меньшевиктер, кадеттердің есебінен емес, жұмысшылардың есебінен «кеңшілік» алмақ... «Халыққа» берілетін буржуазиялық кеңшіліктердің қандай тамаша үлгісымағы десеңізші! Егер «халықты» жақтаушылар буржуазия жағына шығатын болса, буржуазия бұл жақтаушыларға орын беруге әзір...

Жұмысшы куриясынан белгіленген уәкілдер мен сайламшылар кадеттермен жасалатын келісімнен өздеріне келетін *пайда,*—тек принциптік пайда емес, сонымен қатар практикалық пайда,— қандай екенін, сірә, енді көріп-білер. Жұмысшы куриясына кадеттердің бір орын бермекші болғандығы (бергендігі емес, бермекші болғандығы) әсте қараңғы, мұқтаж бұқараны буржуазия жағына тарту мақсатынан емес, оның нағыз халықтың нағыз бостандығы мүдделеріне шын тілектестігінен туған ниет екені айқын емес пе?

«ЕСАЛАҢНЫҢ ТӨРЕЛІГІН ТЫҢДАР БОЛСАҢ»...

(СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫНАН)[142]

Петербург, 15 январь, 1907.

Петербург социал-демократиялық конференциясының шешімі жөнінде буржуазиялық баспасөз сан саққа жүгірткен пікір айтуда. Тәлімсіген-ресми «Речьтен» бастап көше листогы «Сегодняға»[143] дейінгі либералдардың жалпы әуені — меньшевиктер туғызған жік жөнінде масайрау, «қоғамның» осы бұралқы ұлдарының «оппозициялық блок» аясына қайтып келгендігі жөнінде, «революциялық жалған үміттердің» ықпалынан олардың құтылғандығы жөнінде масаттану.

Революциялық пролетариатты шын жақтайтын социал-демократтардың былай деп сұрақ беруі теріс болмас еді:

Сонда төрешілер кімдер?

Төрешілердің ең тәуірлеу дегенін — 15 январьдағы «Родная Земля»[144] газетін алайық. Бұл газеттің бағыты, сөз жоқ, кадеттік бағыттан солшылдау. Барлық белгілеріне қарағанда, бұл бағытты трудовиктік бағыт деп атауға болады. Осындай саяси сипаттаманы дәлелдейтін документтік дәлел ретінде осы газетке Тан мырзаның қатысып жүргендігін көрсетуге болады. Тан мырза «еңбек (халықтық-социалистік) партиясының» ұйымдастыру комитеті мүшелерінің жарияланған тізімінде бар.

Сонымен, төрешілер — трудовиктер.

Олар большевиктерді жазғырып, кадеттер сияқты, меньшевиктердің жоспарын мақұлдайды. Кадеттерден жалғыз-ақ өзгешелігі — олар барлық солшыл партия-

лардың жалпы блогында кадеттерге 2—3 орыннан артық орын берілмесін дейді.

Үкім осындай. Дәлелдерін көріңіздер.

«Таластың түйіні Петербургте қаражүздік қауіп бар ма, жоқ па деген мәселеде болып отырғаны күмәнсыз».

Бекер сөз. Егер сіз саяси газеттің бас мақаласында большевиктік социал-демократияны мінемек болсаңыз, онда сіз мінейтін нәрсеңіздің мән-жайын білуге *міндеттісіз*. Нақ сол бас мақалада: «қазіргі уақытта конференцияның (социал-демократиялық) қарарлары жайында туған таластың қоғамдық мәні бар екені күмәнсыз»,— деп сіз өзіңіз айтып отырсыз. Кімде-кім барша жұрттың назарын аударған таласқа жария қатыспақшы бола отырып, таластың «түйінін» білмейтіндігін бірден көрсетіп алса, онда біреу-міреу қолайсыздау бір атақты оның бетіне былш еткізуі мүмкін...

Революциялық социал-демократия өзінің әлденеше рет жасаған саяси мәлімдемелерінің бәрінде қаражүздік қауіп дейтін туралы мәселені сайлау кезіндегі тактика туралы таластардың «түйіні» деп есептеуге *болмайтындығын* талай рет түсіндіріп, баса көрсеткен-ді.

Болмайтын себебі не? Себебі — жұмысшы партиясының сайлау кезіндегі тактикасы пролетариаттың социалистік тактикасының *жалпы негіздерінің* белгілі бір жеке жағдайда *қолданылуы* ғана болмақ. Сайлау дегеніміз социалистік пролетариаттың бостандық жолындағы және қанау атаулыны жою жолындағы күресінің бір ғана майданы, онда да айтарлықтай аса маңызды, аса елеулі емес (әсіресе революция заманында) майданы. Сайлау бюллетеньдері арқылы жүргізілетін күрестен бөлек — және революциялық замандарда *сөзсіз* өрши түсетін — өзгеше күрес те бар. Өздерін оқымысты санайтын интеллигенттер осы өзгеше күресті ұмытуға бейім келеді, олардың бостандыққа тілектестігі тілінің ұшында ғана, одан әрі бармайды. Бұл күресті капитал мен оның қол шоқпарларына қарсы ең шиеленіскен күнделікті күрестен шеткері тұратын ұсақ қожайынсымақтар да ұмытуға бейім келеді. Бірақ бұл күресті пролетарлар ұмытпайды.

Сондықтан да саналы пролетар үшін сайлау кезіндегі тактика оның жалпы тактикасының айрықша күреске, атап айтқанда сайлау күресіне икемделгендігі ғана бола алды, бірақ ешбір жағдайда да оның тактикалық негіздерін өзгерткендік болмайды, бұл тактиканың «түйінін» ауыстырғандық болмайды.

Революция кезіндегі социалистік тактиканың негіздері мынада: алдыңғы қатарлы тап, пролетариат, халық революциясының басшысы болуға тиіс (Россияда қазір болып жатқан революцияның буржуазиялық революция болатыны мына мағынада: халыққа бүкіл бостандық пен бүкіл жердің алып берілуі бізді буржуазия үстемдігінен ешбір құтқармайды; революцияның осындай қоғамдық-экономикалық сипаты оның халықтық революция болуына бөгет жасамайтыны айқын). Сондықтан алдыңғы қатарлы тап жалпы алғанда ескі өкіметпен келіс сөздер жүргізу, келісім жасасу жөніндегі үміт атаулының, жеке алғанда жер мәселесінде помещиктер мен шаруалар келісімге келеді деп үміттенудің жалғандығын бүкіл бұқара алдында үздіксіз әшкерелеп отыруға тиіс. Алдыңғы қатарлы тап үздіксіз күрес бағытын дербес жүргізуге тиіс те, тек шын күресушілерді ғана қолдап отыруы және қолдағанда олар қаншалық күрессе, соншалық дәрежеде ғана қолдауы керек.

Жұмысшы партиясының таптық дербестігін талап ететін, соның өзінде тек революциялық буржуазиямен ғана ынтымақтасып, келісім жасауды ерекше жағдай ретінде ғана мүмкін деп санайтын социалистік тактиканың негіздері осындай.

Либералдар социал-демократиялық тактиканың бұл негіздерін түсінбейді. Оларға тап күресі идеясы жат нәрсе, олар келісімдер мен келіс сөздерді халықтық революцияға қарсы қоюшылықтан ат-тонын ала қашады. Бірақ принцип жағынан социал-демократтардың *бәрі,* большевиктер де, тіпті меньшевиктер де, бұл тактиканың негіздерін мойындайды. Социализмнің қазіргі кездегі тактикалық мәселелерінен түк те білмей тұрып, саяси орган шығармақ болған трудовик мырзалар бұл туралы ең болмағанда социал-демократиялық

партияның сайлау платформасынан — Орталық Комитетте басым болып отырған меньшевиктердің платформасынан оқып біле алар еді.

«Азаматтар, дейді бұл платформа, Думаға тек Россия үшін ғана бостандық тілеп қоймай, сонымен қатар осы бостандықты жеңіп алу үшін халықтық революцияға көмектесуді көздейтін адамдарды сайлау керек... Бірінші Думаның «халық бостандығы» партиясы бастаған көпшілігі бостандық пен жерді үкіметпен бейбіт келіс сөз жүргізу арқылы алуға үміттенді... Азаматтар, революция күрескерлерін сайлаңыздар, олар өткен (1905) жылғы январьда, октябрь мен декабрьде басталған ұлы істі сіздермен бірге ілгері бастыратын болады».

Біздің трудовиктер түк түсінбеген «таластың түйіні» — *осы тұрғыдан қарағанда* кадеттермен келісім жасасу *принциптік жағынан* орынды ма деген мәселеде болып отыр. Петербург социал-демократиялық конференциясы Бүкіл россиялық (РСДРП) конференцияның 14 делегатының соңынан іле-шала бұл мәселеге керісінше жауап берді. Ескі өкіметпен келісімге, мәмлеге келмей тұра алмайтын партиямен шарт жасасу жолсыздық. «Халықтық революцияда» кадеттер одақтас бола алмайды. Оларды «революция күрескерлеріне» қосу күрескерлерді күшейтпейді, қайта әлсірете түседі, өйткені қазір тікелей күреске қарсы, революциялық ұрандардың *қандайына болса да* қарсы шығып отырған кадеттер сол күрескерлердің жұмысына бөгет жасауда. Большевиктік социал-демократияның кадеттер жөніндегі осы *принциптік* көзқарасын байқамай, біздің төрешілеріміз «пілді» көрмей қалған.

Бұл трудовиктер түгелімен либерал буржуазияның идеялық ықпалында. Бұлар үшін сайлау өзге жұмыстың бәрін қалтарыста қалдырған, ал сайлаудың нәтижелері сайлау науқаны үстінде *бұқараның* көзін ашу ісін қалтарыста қалдырған. Сайлау үгітінің әбден айқын, белгілі, тыңғылықты болуы өз принциптерінен айнымайтын социал-демократ үшін орасан зор маңызды нәрсе екенін, оны Думадан орын алу мүмкіндігімен қаншама қызықтырса да, астанада Думалық мандаттан құр алақан қалу мүмкіндігімен қаншама қорқытса да, социал-демократ өзінің революциялық позициясынан

таймайтындығын бұлар мүлде түсінбейді. Ал трудовиктер либералдық салғыласуға елігіп, барлық принциптерді ұмытқан, революцияның барлық негізгі міндеттерін ұмытқан: олар еш нәрсені көрмейді, еш нәрсеге түсінбейді, еш нәрсенің қамын ойламайды, тек бар бітіретіндері: «бір орын, екі орын, үш орын!» деп күбірлей береді.

«...Мәселенің түйіні... Петербургте қаражүздік қауіп бар ма...»

Сонымен, сіздер қаражүздік қауіпті үкімет өңін айналдырып отырған сайлауда қаражүздіктердің жеңіп кету қаупіне апарып тіреп отырсыздар! Түсінсеңіздерші, мырзалар-ау: сіздер мәселені *осылай* қойғанда, үкіметті біржола жеңіп шықты деп, ал өздеріңіз мылжыңдап соз қылып жүрген бостандық ісін біржола сәтсіздікке ұшырады деп мойындаған болып шығасыздар ғой! Дауыс беруден емес, қайта дауыс беру шарттарын белгілеуден (сенаттың түсініктемелері және 11 декабрьдегі сайлау заңының бұзылғалы отырғандығы), дауыс беру нәтижелерінің жойылуынан (Думаның қуылуы) көрінетін *нағыз шын* қаражүздік қауіпті сіздер өздеріңіз де көрмейсіздер, халық бұқарасының көруіне де бөгет жасайсыздар. Сіздер өздеріңіздің ой-пікірлеріңізді — және өздеріңіз шатастырып жүрген халық бұқарасының ой-пікірін — бұрмаланған және бұрмаланып отырған заң негізіндегі күреспен тежеп, түп-түгел пасық либералдық көзқарасқа түсіп отырсыздар. Барлық сайламшылардың түгел тұтқынға алыну мүмкіндігі түріндегі қаражүздік қауіпті сіздер көрмей отырсыздар. Өздеріңізге, түгелдей өздеріңізге байланысты нәрседен,— қайткен күнде де баянды және елеулі түрде революцияға қол жеткізетін нәрседен, атап айтқанда: барынша тыңғылықты үгіт арқылы бұқараның революциялық санасын жетілдіретін нәрседен сіздер айырылып қалып отырсыздар. Ал сіздердің жанталаса ұмтылып жүрген нәрселеріңіз столыпиндік айла-шарғыға, сенаттың жаңа түсініктемесіне, полицияның сайлау заңын жаңадан бұзуына байланысты. Демек, сіздердің қаражүздік қауіпке қарсы күресулеріңіз

дәл француз буржуазиялық республикашылдарының монархиялық қауіпке қарсы күрескені: атап айтқанда — республикадағы монархиялық мекемелер мен монархиялық конституцияны нығайту арқылы күрескені секілді болып отыр. Өйткені, қаражүздік қауіптің мәнісі — қаражүздіктерше дауыс берудің қауіптілігінде деген пікірді халықтың санасына сіңіре отырып, сіздер қаражүздік қауіптің шын көзі мен шын сипаты жөнінде әбден артта қалған бұқараның надандығын нығайта түсесіздер.

Бірақ әрірек барайық. Айтайық, сайлау мен сайламшылар жөнінде сенаттың түсініктемесі бұдан былай болмайды дейік. Қазіргі сайлау системасы бойынша Петербургте дауысқа түскен белгілі бір партиялардың жеңуі туралы мәселеге көшейік.

Трудовиктер мынаны: оңшыл партиялардың беделі қатты кеміді, 17-октябрь одағы бірінен бірі асқан масқара жеңілістерге ұшырауда, «сол жақтан тиген ауыр соққылардан есеңгіреген октябристер соңғы кезде мүлде бәсеңсіп қалды», «қогам солшылдана бастады»,— дегенді бекерге шығара алмайды.

Бірақ... Щедрин осы россиялық либералдық «бірақ» деген сөзді жалпыға түсінікті тілге баяғыдан бері-ақ аударып келеді ғой:—құлақ маңдайдан жоғары бітпейді, бітпейді!— *бірақ* «техникалық қиындықтар», «әдебиет жібермейді», «бюллетеньдер бермейді», «полициялық қысымдар»...

Россия интеллигентінің психологиясы, міне, осындай: ол сөз жүзінде батыр радикал, ал іс жүзінде — пасық чиновник.

Кадеттермен блок жасасу полициялық қысымнан арашалайтын сияқты! Конституцияны *«тілейтін»* және «қысымнан» ада болып отырған октябристермен неге блок жасамайсыздар? Шынында да, нағыз россиялық саяси логика: әдебиеттің почта арқылы жіберілмеуіне қарсы, бюллетеньдердің берілмеуіне қарсы күрестің амалы ретінде сайлау келісімдері жасалмақ... Мырзалар, сіздер, сонда не нәрсеге қарсы күресесіздер?

— Полициялық бейбастақтыққа және белгілі бір партияларды бюллетень ала алмайтын, «заңсыз» пар-

тиялар деп жариялауға негіз болып отырған «заңдарға» қарсы күресеміз.— Ал қалайша күресесіздер?

— Әлбетте, не бейбіт жаңартушылардан бюллетень алатын, не болмаса тіпті Думаға дейін Столыпинмен келісімге келетін, не өзі де бюллетеньсіз қалатын партиямен келісім жасасу арқылы күресеміз!

Орыс чиновнигі (20 жаста радикал, 30-да либерал, 40-та жай чиновник) от басында отырып либералдық көрсетуге, сырттан құр кіжінуге дағдыланған. Ол сайлау науқанына да сырттан құр кіжіну тұрғысынан қарайды. Бұқараға ықпал ету керек пе? Бос сөз, өйткені почта біздің әдебиетімізді жібермей отыр ғой.

Әдебиетті шығарып, «почтадан» және сол сияқты мекемелерден тыс жолмен таратуға болмай ма?

— Бос сөз! Мұның өзі «келелі» конституциялық жұмысқа сәйкес келмейтін ескі революциялық жалған үміттер. Келелі конституциялық жұмыстың мәнісі — бастықтарды адастырып кетуде: «олар» мені социал-демократтардың немесе эсерлердің арасынан іздейді, ал мен кадеттік тізімнің ішіне таптырмайтындай болып жасырынып қаламын! Үкімет мені революционер деп іздейді, ал мен үкіметті де, революционерлерді де алдап, «оппозициялық блокқа» өтіп кетемін. Міне, мен қандай қумын!

— Уа, құрметті саяси қайраткер, мұныңыз бұқараны да алдау болып шықпай ма, өйткені бұқара сізді момақан көнбіс либералдардың «оппозициясынан» ажырата алмай қалады ғой?

— Бос сөз! Қайдағы бұқара ол... жарайды, жұмысшы куриясына бір орын береміз... Онан соң, белгілі дәрежеде бәріміз де революцияны жақтаймыз ғой... революция жалпы ұлттық революцияға айналды... кадеттер де өздерінше күресуге даяр...

Айтыңызшы, біздің трудовиктерде *полициялық* пікірден басқа саяси пікір бар ма? Бар. Ол пікір мынадай: жігерлі және пысық сайлаушыға емес, от басында отырған жасқаншақ немесе маубас сайлаушыға икемделу керек. «Солшыл» газеттің пікірін тыңдаңыздаршы:

«Митингілердегі жұрттың пиғылына қарай бүкіл сайлаушы-

лар бұқарасының пиғылы туралы пікір айта қоюға болмайды... Митингілерге барлық сайлаушылардың $^1/_{10}$ бөлігіндейі ғана барады,— әрине, олар неғұрлым жігерлі және ширақ, пысық адамдар болады».

Ең ынжық, ең жансыз, ең мешеу кадет сайлаушыларының соңынан сүйретіліп жүру үшін, шынында да, жеткілікті-ақ дәлел! Россия радикалының трагедиясы: ол ондаған жылдар бойы митингіні, бостандықты көксеп, бостандыққа өзеурей (сөз жүзінде) құштар болып жүрді де,— ақырында, митингіге тап болып, ондағы жұрттың пиғылы өз пікірінен гөрі солшылдау екенін көргеннен кейін еңсесі түсіп кетті: «пәлен деу қиын ғой», «$^1/_{10}$ бөлігіндейі ғана», «абайлау керек еді, мырзалар!» Кәдімгі Тургеневтің Асядан қашып кететін қызба геройы сияқты,— ол жөнінде Чернышевский: «rendez-vous* үшін баратын орыс адамы» деп жазған болатын.

Еңбекші бұқараның жақтаушыларымыз деп жүрген байғұстар-ай! Сіздерге революциямен rendez-vous үшін бару қайда,— үйлеріңізде-ақ отыра берсеңіздерші; сол тыныш қой; әлгі қауіпті «неғұрлым жігерлі және ширақ, пысық адамдармен» істес болмайсыздар. Сіздерге мешеу тоғышарлар лайық!

Ал енді сіздер кадеттермен келісім жасасу жөніндегі «таластың түйіні» неде екенін, бәлкім, осы жай ғана мысалдан аңғаратын боларсыз?

Оның түйіні дәл мынада, аса құрметтім: біз тоғышарды серпілтіп, азаматқа айналдыруды көздейміз. Бұл үшін оны кадеттік «конституция» алдында құлдық ұратын (тіфә! тіфә!) тоғышарлық саясат пен социалистік пролетариаттың революциялық саясатының біреуін *таңдап алуға мәжбүр ету керек.*

«Барлық солшыл партиялардың блогы» дегеніңіз — «оның біріндей ғана неғұрлым жігерлі және ширақ, пысық адамдарды» керенау, жайбарақат, самарқау адамдардың қалың тобына *тоғытып* жібергендік болады, күрескісі келетіндерді (және шешуші кезеңде *бұқараны* соңына ертіп әкете алатындарды) бірінші Думадағы кадеттер сияқты ерсі түрде жағынғысы келе-

* — жолығу. *Ред.*

тіндерге, кадет Львов сияқты Столыпинмен саудаласып, соның жағына опасыздықпен қашып өткісі келетіндерге *бағындырғандық* болады.

Реакция сіздерге шабуыл жасауда, ол октябрь жеңістерінің нақ үштен бірін тартып алып қойды, енді қалған екі бөлегін де тартып алу қаупін туғызып отыр. Ал сіздер тәртіпшіл адамдар болғансып отырсыздар, сіздер тоғышарлық психикаға жүгіну арқылы қорғанбақсыздар: ешқандай шабуыл болмасын, ешқандай революция болмасын, біз Думаға заң шығару үшін барамыз, біз *қорғаныспен* шектелеміз, біз заңға сүйеніп отырмыз,— демексіздер!

Қорғаныспен шектелу дегеннің мәнісі — өзіңнің моральдық жағынан талқандалғандығыңды мойындағандық болатындығын сіздер қашан түсінер екенсіздер? Сіздер, шынында да, моральдық жағынан талқандалған адамсыздар. Сіздер өз дауыстарыңызды кадетке беруге ғана жарайсыздар.

«Тоғышарды екінің бірін таңдауға *мәжбүр ету керек»,* дедік біз. Нақ *мәжбүр ету керек.* Дүние жүзінде бірде-бір социалистік партия біраз қозғау салмайынша, біраз қарсылыққа ұшырамайынша, бостандықты *іс жүзінде* жақтайтын кім: кадеттер ме әлде біз бе?— деген алғашқы тәжірибеге тәуекел етпейінше, бұқараны тоғышарлық психикаға сүйенетін либерал немесе радикал буржуазиялық партиялардың ықпалынан айырып ала алған емес.

Егер кадетпен жасасқан келісім болса, тоғышарға бұл туралы ойлаудың *керегі жоқ.* Ол үшін радикал мылжыңдар мен социал-демократиялық оппортунистердің ішіндегі саясатқұмарлар істің жайын ойлап қойған, кадеттермен rendez-vous үшін баратындар ойлап қойған. Тоғышар солшылданды (солшылданғанда біздің кінәмыздан емес, біздің *партиялық* уағызымыздың тегеурінімен емес, столыпиндік әрекеттің тегеурінімен солшылданды), тоғышар солшылданды,— бізге сол да жетеді. Солшылданды дегенше, «барлық солшылдардың блогын» жақтайды дей бер! Жақтағанда әлде нендей онның біріндей беймаза... ғафу етіңіз, пысық... адамдар емес, *күллі* тоғышарлар бұқарасы жақтайды. Жиналыс-

тарды да, бүкіл саясатты да су жүрек тоғышарға лайықтап жүргізу керек, *кадеттермен блоктасу дегеніңіздің іс жүзіндегі мәнісі, міне, осы.*

Ал біз: листоктар мен платформаларды ғана емес, қарарлар мен сөздерді ғана емес, бүкіл саясат пен сайлау науқанын жүргізген кезде де батыл күрескерді су жүрек тоғышарға *қарсы қою* керек,— дегенбіз. Ал мұны *екі түрлі* тізімді: кадеттік тізім мен социал-демократиялық тізімді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы *ғана* істеуге болады. Баспасөзі бүкіл Россияға тарап отыратын астанада, барлық партиялардың орталығы орналасқан астанада, бүкіл елге идеялық-саяси басшылық жасап отырған астанада,— тоғышарлық бейқамдық саясаттың емес, бостандықтың бір пұшпағын жеңіп алған октябрь күрескеріне лайықты саясаттың,— пролетариатқа лайықты саясаттың үлгісін көрсеткен мың есе маңыздырақ.

Егер біз *өзіміз* «барлық солшыл партиялардың блогы» дейтін тоғышарлық, обломовшылдық идеяға қарсы *ілгері қадам* баспайтын болсақ, онда «бейбітшіл» кадеттік Думаның қателеріп ұғыну қажеттігі жайындағы, ілгері қадам басу қажеттігі жайындағы біздің сөздеріміз жай құрғақ сөз болып қала береді. Егер біз өзіміз, «басшылар», «көсемдер», астанада, Россияның барлық халықтарының көз алдында, *арындап тұрып алсақ:* орынды *«тату-тәтті»* бөлісу негізінде жарасайық, бәріміз бір болайық, бәріміз бір мақсатты, бәріміз бостандықты жақтайық деп, кадеттермен қол ұстасып жүретін болсақ, онда біздің *ілгері* басуға шақырған үндеулеріміз жалған үндеу болып шығады, халық күрескерлерінің жүректеріне от салмайды... Қазбалап жатудың не керегі бар? Меньшевик Иван Иваныч баяғыда бір кадет Иван Никифорычқа қаңқылдаған ата қазсың десе, онда тұрған не пәле бар дейсің?

«...Митингілерге барлық сайлаушылардың $^1/_{10}$ бөлігіндейі ғана барады...». Жарайды, радикал мырза. Бір жолға сіздің сөзіңізге нана қояйық,— сіздің әлгі... сіздің әлгі тым сөлекет дәлелдеріңіз үшін осындай кеңшілік жасайық.

Сайлаушылардың оннан бірі — бұл бүкіл Петербург-

тегі 130 000 сайлаушының 13 000 адамы. Осы он үш мың неғұрлым жігерлі және ширақ, пысық сайлаушылар кадеттерден солшылдау пиғылда екен. Айтыңызшы: ақылың сау, есің бүтін бола тұрып митингілерге баратын жігерлі адамдар жігері кемдеу үйкүшік сайлаушылардың біразын соңына *ерте алмайды* деуге бола ма? Бұлай деуге *болмайтынын,* бір жарым миллиондық қалада тіпті газеттер мен жиналыстардан өзге де жолдар мен арналар бар екенін, озық ойлы адамдардың пікірі осылар арқылы бүкіл бұқараға тарап отыратынын әркім-ақ түсінеді. Митингіге баратын әрбір жігерлі сайлаушының соңына ерген бір емес, бірнеше үйкүшік сайлаушы бар екенін әркім-ақ түсінеді және де барлық елдердегі сайлаулар осыны дәлелдеп отыр.

Өткен сайлауда Петербургтегі 150 000 сайлаушының 60 000 адамы дауыс берді. Бүкіл Петербургте бұлардың 40 000-ға жуығы кадеттерге, 20 000-ға жуығы оңшылдарға дауыс берді. «Оптимист» болғысы келмейтін... (құдай сақтасын! біздің радикалдар,... өткен ғасырдың 40-жылдарындағы неміс радикалдары сияқты, «байсалды» адамдар болғысы келеді) радикал мырзаның өзінен естідік... Одан біз октябристер мүлде бәсеңсіп қалыпты деп естідік және де олардың мықтап жеңілгенін *фактілерден де* білеміз. Енді келіп біз кадеттерден солшылдау пиғылда 13 000 жігерлі сайлаушы бар екенін естіп отырмыз. Жеке учаскелерде бұл цифрлардың арасалмағы мықтап өзгеріп отыратынын ойлаңыздар. Әдетте митингілерге баратын сайлаушыға қанша дауыс еретінін ойлаңыздар.

Петербургте қаражүздіктерге дауыс берудің қауіптілігі, кадеттер мен социалистер даусының бөлшектенуі салдарынан оңшылдардың Думаға өтіп кету қаупі мағынасында алғанда, *қисынсыз ертегі* екендігі сізге айқын болады. Өйткені Петербургте Думаға оңшылдардың өтуі үшін учаскелердің *көпшілігінде* дауыстардың жалпы бөлшектенуі ғана емес, сонымен қатар кадеттер *де,* социалистер *де* жеке-жеке алғанда қаралардың тізімінен гөрі кемірек дауыс алатындай болып бөлшектенуі керек қой. Бұлай деу барып тұрған мағынасыздық болады.

Сондықтан біз былай деп турасын айтамыз: егер қаражүздік қауіп «конституциядан» *тысқары* жақтан төніп жүрмесе (кадеттер мен социалистер тактикасының түрліше болуының түйіні дәл *осы* жақты бағалауда болып отыр ғой), онда кадеттер мен социалистер дауыстарының бөлшектенуі Петербургте оңшылдарды жеңіске жеткізе *алмайды.*

Петербургте сайлаудың қаражүздіктер *пайдасына шығу* қаупі бар деушілік — *халықты алдағандық;* мұның өзі—кадеттердің, «радикалдардың» және әр алуан оппортунистердің таратып жүрген өтірігі, бұл өтірік саясаттағы *тоғышарлық* мүдделеріне сәйкес келеді. *Осы* қаражүздік қауіп туралы ертегі *іс жүзінде* кадеттердің мүдделеріне қызмет етеді,— бұл ертегі кадеттерді *сол жақтан төнетін қауіптен* қорғауға көмектеседі,— бұқараны *топастандыруға* себепкер болады, дәл дауыс беру үстінде бұқараның «заң шығарушы» буржуа-кадетті халықты күреске бастайтын социалистен ажыратуына ешкім жәрдем етпейді.

Сондықтан да, либералдар, трудовиктер және социал-демократиялық оппортунистер шуласып, бізге: сендер оқшау қалдыңдар!— дейтін болса, біз сабырлылықпен былай деп жауап қайырамыз: біз өзімізді алдаудан аман алып қалғанымызға өте қуаныштымыз. Біз өзімізді былғаныштв істен аман алып қалғанымызға өте қуаныштымыз. Өйткені Петербургте, 1905 жылғы 9 январьдан кейін, 1905 жылғы октябрьден кейін, сайлаушылардың 130 000-дық бұқарасы алдында Кутлерлерді, Набоковтарды, Струвелерді және $К^0$-ны Думаға өткізу сөзсіз былғаныштв іс болып табылады.

Кадеттер Думаға большевиктерді өткізбей, бізді өткізеді деп күп ілгері масайрап жүрген трудовиктер мен социал-демократиялық оппортунистерге біз алдын ала мынаны айтамыз: егер екінші Дума кадеттік болатын болса, онда сендер, трудовиктер мен социал-демократиялық оппортунистер, кадеттерді Думаға өткізгендерің үшін *ұятқа* қаласыңдар,— дейміз. Енді олар осыған *тікелей* жауапты болады. Ал екінші Думада кадеттердің оңшылдана түсетіндігі соншалық (осылай екендігі олардың барлық мінез-құлықтарынан және

соңғы жылда шыққан бүкіл саяси әдебиетінен көрініп отыр), тіпті оларды барып тұрған оппортунистердің өздері де әшкерелейтін болады. Бірінші Думада кадет Львов бейбіт жаңартушыларға қарай, қаражүздіктердің Думаны таратып жібергенін ақтауға қарай бет бұрып еді. Екінші Думада (егер тарих кадеттермен жасалған барлық ұсақ келісім атаулының да, барлық кадеттердің де күлін көкке ұшыратын шұғыл өзгеріс туғызып жүрмесе), сол II Думада кадеттік Львовтар өздерін ақырғы кезде емес, бас кезінде-ақ көрсететін болады.

Кадеттердің Думадан беретін орындарын ала беріңіздер, мырзалар! Біз сіздерді күндемейміз. Біз өзімізге жұмысшы бұқарасы мен астаналық ұсақ буржуазиялық бұқараны ескерту міндетін аламыз. Біз өзімізге кадеттер мен социалистер арасында *түпсіз шыңырау* бар екенін бұқараның ұғынуын — сөйленген сөздер арқылы ғана емес, сонымен қатар сайлаудың өзі арқылы да — жетілдіре түсу міндетін аламыз.

Әркімнің өз үлесі бар,— ал «осы екі кәсіпті шатастыруға осы жұрт сондай құмар-ақ, біз оларға қосылмаймыз»[145].

«Сөйтіп олар,— дейді «Родная Земляның» бас мақалашысы большевиктер жөнінде,— енді бұрынғыдан да оқшауланып, тіпті жалғыз қалатын болады, өйткені бұрынғы бойкотшылдар, эсерлер, енді сайлауға қатысқалы отырғаны былай тұрсын, тіпті кадеттермен блок жасасуды да жақтап отыр».

Жаңа әрі көңіл қоярлық пікір екен. Біз бірде былай деп көрсеткенбіз: эсерлер сайлау келісімдері туралы мәселеде бастан-аяқ саяси партия сияқты емес, интеллигенттік оқшау топ сияқты мінез көрсетіп отыр, өйткені бұл мәселе жөнінде олардың *ұйымының* ашық саяси қимыл жасағанын көрген емеспіз. Ал қазір, егер Тан мырза мақала жазған газет шіп-шикі өтірік айтып отырмаған болса, дүдамал лақапты қайталап отырмаған болса, біз бұдан тағы бір қорытынды жасаймыз,— атап айтқанда: сайлау келісімдері туралы мәселеде эсерлер *саяси алаяқтық* жасап отыр немесе, ең аз дегенде, саяси қауіптіліктен айырғысыз солқылдақтық көрсетіп отыр,— дейміз.

Петербург социал-демократиялық ұйымының конференциясы кадеттермен блок жасасуды қабылдамай тастап, *оларға қарсы* трудовиктер мен эсерлерге сайлау келісімін жасасу жөнінде ұсыныс енгізгені жұрттың бәріне аян. Біздің қарарымыз барлық газеттерде басылды.

РСДРП Петербург комитетінің және эсерлердің тиісті мекемелері мен Еңбек тобы комитетінің арасында келіс сөздер *бұдан бұрын-ақ болып өткен.* Алауыздық энестерді (н. с.—«халықтық социалистер») біздің шығарып тастауымыз жайында және орын саны жайында болды. *Сөйте тұрып,* эсерлер Петербургте біз кадеттермен шайқасуға үзілді-кесілді ұйғарғанымызды айтып, өзіміз мәлімдеме жасағаннан *кейінгі жерде* бізбен келіс сөзді *бастап қойып тұрып,* онан соң блоктасу туралы кадеттермен келіс сөз бастаған болса немесе келіс сөз *жүргізіп отырған* болса, онда эсерлердің *саяси алаяқтық* жасағаны ап-айқын.

Біз ашық айтамыз: кадеттерге қарсы ұрысқа шығамыз. Бізді жақтайтын қайсыларың бар?

Ал эсерлер бізбен *де,* кадеттермен *де* келіс сөз жүргізеді!

Қайталап айтамыз: «Родная Земля» бас мақалашысының айтқаны шын ба, өтірік пе, оны біз білмейміз. Халықтық-социалистер партиясы ұйымдастыру комитетінің мүшесі Тан мырза мақала жазып отырған органның тұжырымды пікірін біз мүлде ескерусіз қалдыра алмаймыз. Эсерлердің энестермен жасасқан блогы туралы біз газеттерден де, эсерлердің бізбен келіс сөз жүргізген кездегі хабарларынан да біліп отырмыз (дегенмен, бұл блоктың шарттары мен нағыз сипаты бізге белгісіз: мұнда да әлдеқандай бір астыртын айла жасалып отыр).

Демек, біздің борышымыз—белгілі бір саяси партияның мінез-құлқын *барша жұрттың* білуі үшін мәселені жария, ашық түрде қою. Осы күнге дейін бізде партиялардың арасалмағы программалар мен әдебиет арқылы танылып келді,— бұлар, түптеп келгенде, жалаң сөз ғана ғой. Бірінші Дума *кейбір* партияларды олардың *қызметі* арқылы көрсетіп берді. Енді біз партиялардың

шын сипаты жөнінде бұқараға толық мағлұмат беру үшін *сайлауды* да сөзсіз пайдалануға тиіспіз, пайдаланамыз да.

Эсерлер өздерінің энестерге қатынасы жөнінде бірделелерді *жасырып* отырғандығы қазір саяси факт. Іс жүзінде эсерлер өздерінен бөлініп шыққан оппортунистік партияның соңынан сүйретіліп жүргендігі де факт. Демек, эсерлер іс жүзінде революциялық дербестігі мен батылдығы жағынан алып қарағанда сырттай көрінгенінен әлдеқайда нашар. Ал егер олар кадеттермен блок жасасуға баратын болса,— онда да өздері үшін емес, энестер үшін орын қолқалап баратын болса,— онда біз ұсақ буржуазиялық (тіпті революциялық болса да) партиялар мүлде тұрлаусыз келеді және олардың сырт көрінісі алдамшы болады деген маркстік қағиданы Петербург жұмысшыларына түсіндіру үшін тамаша үгіт материалына ие боламыз.

Мұндай партиялардан өзімізді «аулақ ұстауды» біз социал-демократтың абыройлы ісі деп қана білмей, сонымен қатар есебімізге сай бірден-бір дұрыс саясат деп те білеміз. Тек біздің есебіміз Думадан орын алуды көздеп жүргізілмейді, тұтас алғанда *бүкіл* жұмысшы қозғалысының мүдделерін, социализмнің негізгі мүдделерін көздеп жүргізіледі.

Дегенмен, «Родная Земляға» қайта оралайық. Бұл газеттің қаншалықты шолақ ойлайтындығы мына сөздерінен көрінеді:

«Жалпы алғанда, большевиктер конференциясының қаулылары асығыс, аңғырт жасалған сияқты. Айтты-айтпады, энестерден трудовиктердің қай жері артық?»

Осы «айтты-айтпады» деген сөз, шындығында, рабайсыз нәрсе. Автор — саясаттан барып тұрған надан, ол тіпті құдды австралиялық тағы адам сияқты өзінің тыр жалаңаш жүргенін де байқамайды білем. Ұсақ буржуазияның оқымысты саясатшылары-ау осылар!

Ендеше, қайтеміз, публицистің «қиямет-қайым міндетіне» кірісеміз де, әңгімені ежіктеп айтып, әліпті таяқ деп үйрете бастаймыз.

Трудовиктер, яғни СПБ социал-демократиялық кон-

ференциясы сөз салған Еңбек тобы *комитеті,* мен энестер бірінші Думада Еңбек тобынан пайда болды. Осы Еңбек тобында 2 қанат: оппортунистік және революциялық қанаттар болды. Бұлардың арасындағы айырмашылық Еңбек тобының *екі түрлі* аграрлық жобасындағы: 104-тің жобасы мен 33-тің жобасындағы айырмашылықтан өте-мөте айқын көрінді.

Бұл жобалардың ұқсастығы мынада: 1) бұлар жердің помещиктерден шаруаларға көшуін жақтайды; 2) бұлар мейлінше ұсақ буржуазиялық утопияның, товар өндірісі қоғамында ұсақ қожайындарды (тым болмаса белгілі бір қатынаста) «теңестіру» утопиясының рухында жасалған.

Бұл жобалардың айырмашылығы мынау: бірінші жобада ұсақ меншікшінің тым қауырт төңкеріс жасаудан, халықтың тым көп және тым кедей бұқарасын қозғалысқа тартудан *қорқушылығы* бар. 104-тің жобасы авторларының және энестер лидерлерінің бірі Пешехонов мырза «шаруақор мужиктердің» Думада: «бізді жер алуға жіберді, жер беруге жіберген жоқ» деп жасаған мәлімдемесін мысалға келтіріп, 104-тің жобасындағы осы «рухты» тамаша сипаттап берді. Мұның мәнісі — трудовиктердің *бұл* қанатында ұсақ буржуазиялық теңестіру утопиясымен қатар шаруалардың *неғұрлым ауқатты* бөлегінің *құлқынқұмарлық* мүдделерін көздеушілік бар екені айқын көрініп отыр деген сөз; осы ауқатты шаруалар жерді (ұсақ буржуа социализм деп білетін жаппай «теңестіру» бола қалған күнде) «қайырып беруге» тура келе ме деп қорқады. Помещиктен алу керек, бірақ пролетарға бермеу керек,— шаруақор мужиктер партиясының ұраны, міне осы.

Ал 33-тің жобасы жерге жеке меншікті дереу және толық жоюды ұсынады. «Теңестіру» утопиясы мұнда да бар және дәл әлгідей дәрежеде, бірақ «қайырып беруден» қорқушылық жоқ. Бұл — оппортунистік ұсақ буржуаның утопиясы емес, революцияшыл ұсақ буржуаның утопиясы, шаруақор мужиктің емес, күйзелген мужиктің утопиясы, помещиктен алып, пролетардың есебінен кенелу қиялы емес, теңестіру арқылы барша

жұртты, оның ішінде пролетарларды да жарылқау қиялы. Бұл — нағыз қалың, нағыз кедей бұқараны қозғалысқа тартудан қорыққандық емес, оны күреске тартуды тілегендік (бірақ мұның өзі білгендікпен және істің жайын түсінгендікпен ұштасқан тілек емес) *.

Думадан кейін трудовиктердегі екі ағымның осы айырмашылығы әр түрлі екі саяси ұйымның: Еңбек тобы комитеті мен халықтық-социалистер партиясының құрылуына себепші болды. Бірінші ұйым өзінің июль үндеулері[147] арқылы орыс революциясының тарихынан құрметті орын алды. Жұртқа мәлім, бұл ұйым өзінің осы жақсы атағына әлі күнге дейін кір жұқтырған емес, өзінің үндеулерін безген емес, сары уайымшылдардың, жылауықтардың және ренегаттардың байбаламына қатысқан емес.

Ал екінші ұйым Дума қуылған кезеңді столыпиндік режимнің тұсында жариялыққа көшу үшін пайдаланды,— жария баспасөзде, яғни сол жақ қанаттан болатын сыннан қауіпсіз болып алып, жоғарыда аталған үндеулерді «төмпештеу» үшін, ескі өкіметтің белгілі мекемелеріне «әзірше» тимеңдер деп халыққа ұсыныс жасау үшін, тағысын-тағылар үшін пайдаланды. Сондықтан СПБ социал-демократиялық ұйымының конференциясы бұл партия туралы «оның Думадан тысқары күрестің негізгі мәселелеріне жалтақ көзқарасы» жөнінде айтқанда, конференцияның бұл пікірі әлі де тым жұмсақ айтылған пікір еді.

Сонымен, осы күнге дейінгі саяси *фактілер* мынадай болып келді: ұсақ буржуазиялық немесе еңбек партиялары революциялық ұсақ буржуа партиялары (эсерлер мен Еңбек тобы комитеті) болып және оппортунистік ұсақ буржуа партиясы (энестер) болып анық бөлінді. Социал-демократтар үшін сайлау науқаны бұқараны саяси ағарту құралдарының бірі болып табылады, сондықтан біз бұл арада да трудовиктік екі партияны үшіншісінен бөлектеп, тоғышарды осылай бөлудің себептері жайында *ойлануға мәжбүр еттік.* Ойланып,

* Осылар сияқты,— және басқа да — ұсақ буржуазияшыл революционерлер жөнінде біз бір анархист ақынның бізге арнап айтқанындай: «қиратарда біргеміз, ал орнатарда — аулақ болсын іргеміз» [146],— дер едік.

істің анығына жеткеннен кейін тоғышар *саналы түрде* таңдап алатын болады.

Қорытындыда «Родная Земляның» аңғырт және надан бас мақалашысы өз позициясын ақтау үшін кісі күлерлік софизмдерге салынып отырғанын атап өтпеуге болмайды. Филистерлерді әбден қанағаттандыратын бір софизмді талдап өткен пайдасыз болмас:

«Қаражүздік қауіп болмаған күнде де большевиктердікі дұрыс емес. Неге десеңіз, бұлай болған күнде эсерлермен және трудовиктермен блок жасасудың қажеттігі жоқ және социал-демократиялық партия өзінің таптық мазмұнының тазалығына зор пайда келтіре отырып, сайлауға әбден дербес шыға алады».

Міне, көрдіңдер ме біздің қандай екенімізді — деп ойлайды осы радикал — тіпті таптық мазмұнның тазалығы туралы да пікір айта аламыз!

Иә, қазіргі кезде газет жазушылары барлық нәрсе туралы пікір «айта алады», бірақ істің жайын түсінуін ол түсінбейді, оның білімі де жоқ. Таптық позицияның тазалығын сақтау қажеттігі келісім атаулыны жоққа шығарады деген пікір дұрыс емес. Бұлай ойлау — марксизмнің көзқарастарын мағынасыздыққа жеткізе бұрмалағандық, оларды келемежге айналдырғандық болады. Дәл сол сияқты, егер қаражүздік қауіп болмаса, эсерлермен блок жасасудың қажеттігі жоқ деген пікір де дұрыс емес.

Социал-демократиялық жұмысшы партиясының сайлау науқанында толық дербес болуы — жалпы ереже. Алайда әрбір ширақ, бұқаралық партияның бұдан кейде ауытқуына тура келетінін мойындау керек,— бірақ ол ақылға сыйымды, қатал шек қойылған ғана ауытқу болсын. Буржуазиялық революция заманында *барлық* социал-демократтар жұмысшы, шаруа, солдат, темір жолшы, т. б. депутаттардың Советтерінде бірлесіп жұмыс істеген кезде де, жұмысшы депутаттары Советінің белгілі манифесіне (декабрь, 1905 ж.)[148] немесе июль үндеулеріне (июль, 1906 ж.) қол қойған кезде де *революциялық* буржуазиямен саяси келісімдер жасасуға жол беріп отырды. «Родная Землянң» бас мақалашысы, сірә, орыс революциясындағы әр түрлі партиялар-

дың ролі жайындағы жалпыға белгілі фактілерді білмейтін болса керек. Революциялық социал-демократия принципсіз келісімдерді керек етпейді, зиянды және қажетсіз келісімдерді керек етпейді, бірақ жалпы және барлық жағдайларда өз қолын өзі байлап отыруды тіпті ойға да алмайды. Бұлай етудің өзі балалық болар еді. Бүкіл россиялық социал-демократиялық конференцияның 14 делегатының платформасы мұны документ жүзінде дәлелдеді*.

Әрі қарай. Петербургте эсерлермен және трудовиктермен келісім жасасу «қажеттігі» *кадеттік* қауіптен туып отыр. Егерде «Родная Землядағы» бас мақаланың авторы өзі соз қылғалы отырған мәселесін өзі білетін болса, мына жағдай оған белгілі болар еді: тіпті кадеттермен келісім жасасуды жақтаушы социал-демократтардың арасында да, қаражүздік қауіп болмай, кадеттік қауіп болған күнде, революциялық буржуазиямен блок жасасу қажеттігін мойындайтын аса беделді ұйымдар бар (мәселен, Бунд). Егерде меньшевик социал-демократтар опасыздық істемеген болса, егерде *барлық* социалистердің соңынан революцияшыл трудовиктердің *бәрі* ерген болса, Петербургте сайлау науқанын бұқараға революциялық және социалистік тәрбие беру рухында өткізу мүмкін болатындығы былай тұрсын (бұған біз, социал-демократтар, қайткен күнде де жетеміз), кадеттерді *жеңу* де мүмкін болар еді. Ал біз сайлау науқанын жүргізіп отырған болсақ, онда біздің жеңу мүмкіндігінің бірде-бірін құр жіберуге хақымыз жоқ, тек бұл ретте социалистік тактиканы принцип жүзінде бұзушылық болмасын.

Питерде елеулі күрес *тек* кадеттер мен социал-демократтар арасында ғана жүргізіліп отыр, мұны сайлау алдындағы жиналыстар *дәлелдеді* (Москва жөнінде де осыны айтуға болады, оның бер жағында айта кететін нәрсе — *барлық* жеке анкеталардың, мәселен, «Век» газетінің немесе приказчиктердің «Бірлік пен Күш» атты кәсіптік одағы анкеталарының нәтижелері де осы жағдайды растап берді)[149].

Кадеттермен келісім жасасу — кадеттердің өз одақ-

* Қараңыз: осы том, 113—115-беттер. *Ред.*

тастарына идеялық-саяси гегемондығы деген сөз, мұны бүкіл саяси баспасөз де, келіс сөздердің бүкіл сипаты да дәлелдеп отыр. Кадеттер өз шарттарын өткізбек. Кадеттер келісімдердің *маңызын* ашықтан-ашық белгілеп отыр (олардың меньшевиктер мен эсестер туралы айтқан пікірлерін, «баяу социалистік партиялар», «оппозициялық блок» деген сөздерін еске түсіріңіздер). Кадеттерден ең үлкен кеңшілік ретінде орынды бірдей етіп бөлу сұралып отыр.

Тағы бір күмәнсыз нәрсе — социал-демократтардың революциялық-демократиялық партиялармен келісім жасасуы социал-демократияның ұсақ буржуазияға жүргізетін гегемондығы болып табылады. Социал-демократияның баспасөзі өзінің *барлық* көзқарастарын ашық, айқын етіп, жан-жақты баяндады, ал эсерлер және Еңбек тобы комитеті келісімдер туралы мәселе жөнінде дербес пікірді мүлде айтқан жоқ. Негізгі лебіз білдірген — социал-демократтар. Олардың социалистік пікірлерін, олардың таптық көзқарасын шолтиту туралы әңгіме болып отырған жоқ, әңгіме болуы мүмкін де емес. Орын бөлерде де оларға үлесті кемірек беру керек деп ешкім айта алмайды. Олардың жұмысшы куриясындағы науқаны сөзсіз дербес жүргізіліп, олардың басымдығын көрсетіп отыр.

Осындай жағдайда революциялық ұсақ буржуазия ішіндегі одақтастарды кадеттерге қарсы шайқасқа бастап шығудан қорқу тіпті кісі күлерлік нәрсе болар еді. Егер істің мүддесі үшін қажет болса, біз мұндай жағдайларда тіпті эсестерді де соңымызға ерте алар едік. Бұдан партиямыздың принципшілдігіне ешбір нұқсан келе қоймас еді: бағыт бұрынғы күйінен өзгермейді, келісімпаз либерал буржуаның басты партиясына қарсы жүргізетін күресіміз бәсеңдемейді. Бірде-бір есі бүтін адам бізді эсестердің соңына еріп кетті деп айта алмайды (эсерлер мен Еңбек тобы комитетін қосқанда, оларға алты орыннан екі орын берді деп ешкім де айта алмайды). Қайта, мұның өзі *іс жүзінде* социал-демократтардың дербес науқан жүргізгендігі және кадеттің бір шылауын біздің өзімізге *тартып алғандығымыз* болар еді. Егер жартылай кадеттер біздің тізімге кіретін

болса, оларды кадеттерге қарсы жұмылдыру ісінің кадеттермен күресу міндеттеріне қайшы келмейтіндігі, қайта тікелей үйлесімді болатындығы айқын болмағаны ма?

Петербург социал-демократиялық ұйымының конференциясы эсерлерге теріс қарайтындығын *ашық* және жария түрде білдіріп, дұрыс істеді. Біз *осындай* трудовиксымақ партиядан революцияшыл трудовиктерді сақтандыруға міндетті болдық. Егер революцияшыл трудовиктер ресми алғанда мүлде дербес халықтық-социалистер партиясына *тәуелді* болатын болса,— олар мұны жария түрде мәлімдесін. Бұл фактіні жарық дүниеге шығарып, мұны мойындатқызу, бұдан *барлық* қорытындылар жасау жұмысшылар алдында, бүкіл халық алдында кеңінен жүргізілетін үгітте біз үшін өте маңызды.

Ал онан соң Петербургте кадеттерге қарсы күресте біз одақтас етіп алатын трудовиктердің сапасы тәуір бола ма әлде нашар бола ма деген мәселені біз әбден іскерлікпен шешетін боламыз. Біз принциптік бағытты белгілеп алдық. Шайқасқа *қайткен күнде де* дербес шығамыз. Сенімділігі кемірек трудовиктер жөніндегі жауапкершілікті біз өзімізден алып, басқаларға жүктедік.

* *
*

Большевиктер ноябрь айында-ақ: Петербургте басты үш партия — қаражүздіктер, кадеттер және социал-демократтар — күресіп отыр деп мәлімдегенде, «Товарищтегі» солшыл кадеттер большевиктерді келеке қылмақ болып еді.

Rira bien qui rira le dernier (соң күлген оң күледі).

Біздің айтқанымыз дәл келді.

Петербургте Думаға ұсынылатын кандидаттардың *үш* тізімі: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізімдер болады.

Азаматтар, таңдай беріңіздер!

1907 ж. январьда Петербургте «Новая дума» баспасы жеке кітапша етіп басып шығарған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ НАУҚАНЫ

Петербург, 18 январь, 1907 ж.

Петербургте сайлау науқаны әбден қызып жатыр. Шешуші кезең жақындап келеді:— біріншіден, сайлауда партиялардың ақтық топтасуы қандай, кіммен кім бірге, кімге кім қарсы екені бүгін-ертең анықталуға тиіс. Екіншіден, сайлаудың өзі де тіпті таяп қалды.

Астанадағы сайлаудың маңызы өте зор. Қазір бүкіл Россия Петербургке көз тігіп отыр. Мұнда—нағыз қайнаған саяси өмір бар, мұнда бәрінен де үкімет күшті. Күллі партиялардың орталығы да, күллі бағыттар мен сарындардың таңдаулы органдары да, сайлау алдындағы жиналыстарда тілін безейтін таңдаулы шешендер де осында.

Сонымен қазірдің өзінде-ақ: Петербург өзін өзі ақтады деп әбден айқын және батыл айтуға болады. Петербургтегі сайлау науқаны қазірдің өзінде-ақ кереметтей мол саяси-ағарту материалын берді және *күн сайын* әлі де беріп отыр. Оны зерттеген үстіне зерттей түсу керек. Оны жүйелі түрде жинастырып, сол материал арқылы мейлінше әр алуан партиялардың *таптық* негіздерін мүмкіндігінше неғұрлым айқын ашып отыру керек — сөйтіп нақты, тікелей, жұрттың бәрін қызықтырып, толқытып отырған осы білімді жұмысшылардың ең қалың бұқарасына, ең шалғайдағы деревняның меңіреу түкпіріне тарату керек.

Осылайша материал жинастыруды,— әрине, конспекті түрінде — бастап көрейік. Социал-демократияның ролі туралы ұстамды идеялы түсінік алу үшін, күнде-

лікті ұсақ-түйек пен саяси даурықпаның аласапыранына ілесіп кетпес үшін оқушы өткенге көз жіберіп, С.-Петербургтегі сайлау науқанының бүкіл барысын тұтас ойға салып көрсін.

Бірінші кезең. Социал-демократтар сайлауға теория жүзінде әзірленеді. Оң қанат пен сол қанаттың аса көрнекті өкілдері пікірлерін айтады. Алғашында меньшевиктерде толық ауытқушылық болды: 1) Черевапин кадеттермен келісім жасасуды жақтайды. 2) Кадет баспасөзі мәз-мәйрам болып, бұл хабарды Россияның түкпір-түкпіріне таратады. 3) Мартов «Товарищте» наразылық білдіреді, *таза* социал-демократиялық тізімдерді жақтап сөйлеп, большевиктерді («Пролетарий», № 1) тіпті кадеттерге қарсы трудовиктермен келісім жасауға болатындығын *жалпы* мойындағаны үшін айыптайды. 4) Большевиктер *таза* социал-демократиялық тізімдерді жақтайды, революциялық демократиямен келісім жасасуды есептен шығарып тастамайды. 5) Плеханов буржуазиялық баспасөзде кадеттермен блок жасасуды жақтап мақала жазады. 6) Меньшевиктер арасында әбден былық: Ларин кадеттермен блок жасасуды социал-демократия үшін масқаралық деп, мұны ашулы түрде кінәлайды. Ник. И—ский кадеттермен блок жасасуға болады дейді, алайда кадеттерге қарсы трудовиктермен блок жасасуды одан артығырақ көреді. 7) Мартов пен күллі меньшевиктер 180° бұрылып, Плеханов жағына шығады.

РСДРП-ның Бүкіл россиялық конференциясы екі ағымды нығайта түседі: меньшевиктер мен бундшылдар кадеттермен блок жасасуды жақтайды, большевиктер, поляктар және латыштар — бұған сөзсіз қарсы, бірақ революциялық демократиямен келісім жасасуға болады деп есептейді.

Екінші кезең. Кадеттермен блок жасасу идеясының баспасөзде өрістей түсуі. Плеханов — «толық билікті Дума» деуге дейін барды. Ол мұнысымен меньшевизмді мағынасыздыққа дейін жеткізетін еді. Меньшевиктерді кадеттермен жақындастырмақ болып, ол (саяси жағдайды мүлде түсінбеуінің салдарынан) керісінше жағдайға ұшырайды: меньшевиктерді кадеттерден алыс-

тата түседі. Бір жағынан, кадеттер партиясы «толық билікті Думаны» революциялық жалған үміт ретінде ресми және салтанатты түрде теріске шығарып, Плехановты келеке етеді. Кадеттердің *идеялық* блокты, солшылдардың кадет басшылығына, кадеттік келісімпаздық, антиреволюциялық тактикаға бағынуын тілейтіні және соны талап ететіні айқындала бастайды. Екінші жағынан, Плехановтың есі кеткенше құлшынуы меньшевиктер қатарының берекесін кетіреді: бундшылдар да, кавказдық меньшевиктер де Плехановтың сөзін баспасөзде ашық айыптайды. Басым көпшілігі меньшевиктерден тұратын Орталық Комитет қипақтап, абыржып, үндемейді. Плеханов оқшау қалып, ол да үндемейді.

Үшінші кезең. Жаппай бой көрсетудің басталуы. Москвадағы, Петербургтегі сайлау алдындағы жиналыстар. Интеллигенттік саясатқұмарлықтың тымырсық ауасына көшеден таза ауаның лебі соғады. Қаражүздік қауіптің жалғандығы бірден ашылады: кадеттер қаражүздік қауіп туралы айқайлап, осы арқылы сол қанаттың қаупін өзінен аударып, оппортунистерді алдап жүр деген большевиктік қағиданы көше растайды. Екі астанадағы сайлау алдындағы жиналыстарда күрес *шын мәнісінде*, кадеттер мен социал-демократтар, негізінен, социал-демократ большевиктер арасында күшейе түседі. Кадеттер *жұрттың бәрін*, көшені, тобырды, бұқараны *оңға* қарай сүйрейді, революциялық талаптармен күреседі. «бейбіт парламенттік жол» деген желеуді бетке ұстап реакциямен келісім жасасуды мадақтайды. Социал-демократ большевиктер бейбіт жол туралы ертегілердің бүкіл жалғандығын, оның бүкіл арамзалық-таптық сипатын әшкерелеп, бұқараны солға қарай шақырады. Меньшевиктер қибыжықтайды (оларға ыңтызар кадеттік баспасөздің өз мойындауына қарағанда); олар кадеттерді социалистер секілді емес, солшыл кадеттер секілді жасқана сынайды, кадеттермен келісім жасасудың қажеттігі туралы да соншалықты жасқанып айтады.

Төртінші кезең. Петербург социал-демократиялық ұйымының конференциясы жиналады. Социал-демокра-

тиялық партияның барлық мүшелерінің айтыс негізінде, яғни кадеттермен келісім жасасу жөніндегі пікірін сұрастыру негізінде сайланған бұл конференция большевиктердің басымдығын сөзсіз қамтамасыз етеді,— белгілі бір жақтың таласты дауыстарын есепке алса да, мүлдем алмаса да, немесе ерекше бір норма бойынша есепке алса да,— бәрібір басым етеді. Меньшевиктер конференциядан кетіп қалады, сөйтіп жік туғыза бастайды. Сырттай олар күлкілі, бейшаралық ұйымдық сылтауларды бетке ұстайды (большевиктер мандаттарды дұрыс бекітпеді-міс деген сылтау — іс жүзінде мандаттарды *қалай* есептесе де большевиктер басым болды;— қалалық және губерниялық болып бөлінуден конференция бас тартты деген сылтау — іс жүзінде Орталық Комитет устав бойынша мұны талап ете алмайтын еді және Вильнодан да, Одессадан да, ешқандай басқа қаладан да талап еткен жоқ).

Іс жүзінде меньшевиктер туғызған жіктің себебі жұрттың бәріне айқын: социал-демократияның оппортунистері пролетариаттан либерал буржуазияға, социал-демократиялық жұмысшы ұйымдарынан сайлаушылардың қалыптаспаған, бейпартиялық коллективтеріне қарай ауып кетіп отыр.

Конференция меньшевиктердің кетіп қалғанына тіпті ешқандай көңіл аудармай, *өзінің* ісін істей береді. Петербургте большевиктер арасында да таластар болды: таза большевикпіз дейтіндер басқа партиялардың қай-қайсысымен де ешқандай келісім болмауын жақтайды. Диссидент деп аталатындар Россияның астанасында санасы жетілмеген еңбекші бұқараға кадеттердің гегемондық жасауын талқандау үшін революциялық демократиямен, трудовиктермен, келісім жасасуды жақтайды. «Тазалар» мен «диссиденттер» арасындағы осы таластар кейбір реттерде шиеленісіп отырды, бірақ шын мәнісінде бұл пікір алалығы оларды принцип жағынан ажыратпайтынын, қайта сайлаудағы барлық мүмкіндік пен барлық аужайды жан-жақты, іскерлікпен талқылау үшін тек қана көмектесетінін большевиктердің бәрі жақсы түсінді.

Социалистік пролетариат социалистік емес ұсақ бур-

жуазиялық бұқараны кадеттердің ықпалынан босатып алу үшін оның *өз соңынан еруіне* тыйым сала алмайды. Конференция егжей-тегжейлі айтыстан кейін: жұмысшы куриясына екі орын, социал-демократтарға — екі орын, трудовиктерге — екі орын берілсін деген шарт қойып, эсерлер мен Еңбек тобы комитетіне келісім жасасуды ұсынуға шешім қабылдайды.

Мұның өзі Петербургте бірден-бір дұрыс және бірден-бір мүмкін шешім болды: кадеттерді талқандау міндетін елеусіз қалдыру мүмкін емес; солшыл екі тізім болған жағдайда қаражүздік қауіп жоқ; бірақ солшылдар бұдан әрі бөлшектенгенде, ондай қауіп тууы мүмкін еді, сөйтіп сайлаушылар көпшілігін жинау мүмкін болмас еді. Ал конференцияның ұсынысы социал-демократтардың басым болуын даусыз етті; социал-демократияның идеялық және саяси гегемондығы өз принциптерінің барынша таза күйінде нығая түсті.

Халықтық социалистер партиясы жөнінде конференция оны Думадан тыс күрестің негізгі мәселелеріне екіұшты қарайтын жартылай кадеттік партия есебінде шығарып тастауға қаулы етті. Бұл партияның Дума қуылғаннан кейін революциялық ұсақ буржуазиядан бөлініп шығып, жария баспасөзде сақтықты, баяулықты уағыздауға кіріскені мәлім.

Революциялық социал-демократия мұндай партияға көзқарастың *айқын* болуын социалист-революционерлерден *талап етуге*, не оны шығаруды талап етуге (егер шешуші кезеңде меньшевиктер социалистерден кадеттерге қарай өтіп кетпеген болса, осылай етуге, тегінде, әбден болатын еді),— немесе ең болмағанда *мұндай* «трудовиктер» үшін барлық жауапкершілікті өздерінен алуға *міндетті* болғаны түсінікті нәрсе.

Бесінші кезең. Меньшевиктер туғызып отырған жік *бүкіл* либерал буржуазияны үміттендіріп, қанаттандырады. Бүкіл кадет баспасөзі масайрайды, ызасы өткен большевиктердің «оқшау қалдырылғандығы» үшін, меньшевиктердің революция жағынан кетіп, «оппозициялық блок» жағына «ерлікпен» шыққандығы үшін масайрайды. «Оппозициялық блок» дегенді айтқан «Речь» меньшевиктер мен халықтық социалистерді қа-

зірдің өзінде-ақ турадан-тура *«баяу социалистік партиялар»* деп атап отыр. Шынында да, кадеттер бүкіл ұсақ буржуазияны (яғни эсерлерді қоса бүкіл трудовиктерді) және жұмысшы партиясының бүкіл ұсақ буржуазиялық бөлігін, яғни меньшевиктерді, өз соңынан ертіп әкетеді деген пікір туады.

Большевиктер өздерінің дербес жұмысын байсалды жүргізе береді. Біз, дейді олар, өзімізді былық істен, ұсақ буржуазияның сатқындығынан, солқылдақтығынан аулақ ұстағанымызға қуанамыз. Біз өз тактикамызды орынға ұмтылу ісіне бағындырмаймыз. Біз Петербургте *қалай болғанда да* үш тізім: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізім болады,— деп жариялаймыз.

Алтыншы кезең. Жұмысшы куриясындағы сайлау және трудовиктердің бүкіл екіжүзділігін әшкерелеу.

Жұмысшы куриясында социал-демократтар жеңіп шығады, бірақ эсерлер біздің күткенімізден гөрі анағұрлым үлкен үлес алып шығады. *Жұмысшы куриясында эсерлердің көбінесе меньшевиктерді басып түскендігі* ашылады. Выборг ауданында, меньшевизмнің осынау бір тірегінде, жұрттың хабарлауына қарағанда, социал-демократтардан гөрі эсерлер *көп* өтеді!

Сонымен, басқа елдерде әлдеқашан-ақ байқалған жағдай бізде де расталады. Социал-демократиядағы оппортунизмнің жұмысшы бұқарасын сыртқа тепкені соншалық, жұмысшы бұқарасы революциялық буржуазияға қарай икемделеді. Меньшевиктердің мүлде тұрлаусыз, бастан-аяқ солқылдақ саясаты қалалық курияда кадеттердің, ал жұмысшы куриясында эсерлердің отына май құйып, социал-демократияны қатты әлсіретеді.

Тек *революциялық* социал-демократия ғана пролетариат бұқарасының тілектерін қанағаттандырып, оны *барлық* ұсақ буржуазиялық партиялардан *мықтап* айырып ала алады.

Бірақ, екінші жағынан, оқиғалар трудовиктердің бүкіл екіжүзділігін де ашып отыр. Олар (эсерлер) жұмысшы куриясында кадеттермен блок жасамақшы меньшевиктерді соққылап, бізге зиянын тигізді. Ал

сопымен қатар олар сайлау науқанында нағыз принципсіз әрекет жүргізіп отыр. Олар ешқандай партиялық мәлімдемелер жасамайды, өз бетімен ешқандай ұйымдық қаулылар жарияламайды, кадеттермен блок жасасу туралы мәселені ашық талқыламайды. Олар,— кәдімгі бір қараңғыда ұрлық істейтін адамдар сияқты,— жанған шамның бәрін тұп-тура әдейі сөндіреді.

Эсерлер энестермен блоктас *деседі*. Бұл блоктың шарттары мен сипатын ешкім білмейді. Бір қараңғы нәрсе. Эсерлер кадеттермен блок жасасу жағында *деседі* (салыстырыңыз, 15 январьдағы «Родная Земля», ал бұл газетке Тан мырза қатысып тұрады). Шындығын ешкім білмейді. Бір қараңғы нәрсе. Сайлау алдындағы жиналыстарда да дәл сол алауыздық: бір эсер энестермен бірге кадеттермен блок жасасуға шақырады, екінші эсер кадеттермен блок жасасуға қарсы, барлық солшылдардың кадеттерге қарсы блок жасауын жақтайтып қарарды өткізіп жатады.

Бүкіл ұсақ буржуазияның, тіпті ең революциялық ұсақ буржуазияның да, барып тұрған тұрлаусыздығы мен екіжүзділігі бұқара алдында *айдан анық* ашылады. Бізде социал-демократияның ұсақ буржуазиялық, оппортунистік бөлігі болмаған болса, жұмысшы бұқарасының мүдделерін адал және дәйекті түрде қорғауға *тек* социал-демократияның ғана қабілетті екендігінің себебін *бүкіл* жұмысшы бұқарасына түсіндіруге біздің тамаша мүмкіндігіміз болар еді.

Ал большевиктер үгітті дәл осы негізде жүргізуде. Большевиктер өз бағытын бұлжытпастан жүргізіп келеді: Петербургте кадеттік және социал-демократиялық тізімдер *болады*. Біздің шешіміміз ұсақ буржуазияның ауытқуларына *тәуелді емес:* ол біздің шақыруымыз бойынша либералдарға қарсы пролетариаттың соңынан ергісі келсе, онысы өзі үшін жақсы. Ергісі келмейді екен—өзі үшін жаман, ал біз *қалай болғанда да* социал-демократиялық жолмен жүре береміз.

Жетінші кезең. *Ыдырау*. Кадеттер қаражүздіктермен келіс сөз жүргізіп шатасады. Ұсақ буржуазияның оппортунистері кадеттермен келіс сөз жүргізіп шатасады. Большевиктер өз бағытын бұлжытпай жүргізе береді.

Газеттер былай деп хабарлайды: 1) Милюков мырза Столыпин мырзаның қабылдауында болмақ; 2) шетел газеттерінің мәліметтеріне қарағанда, кадет партиясы сол қанатпен блок жасамайтын болса, үкімет оны жария етуге әзір.

Либерал сатқындар партиясының құпия қулық-сұмдықтары ашылып қалады. Кадеттер қаражүздіктердің ұсынысын қабылдамай тастауға *қорқады,* өйткені олар Думаны қуып жібереміз деп қорқытады.

Ұсақ буржуазия оппортунистерінің зәресін алып, келісімдер туралы мәселеде кадеттердің «тастай қатып» қалғанының *шын себебі* міне осында.

Кадеттер қарысуда. Барлық солшылдарға екі орыннан артық еш уақытта берілмесін! Кадеттік «Речь» «революциялық жалған үміттермен» *күресу үшін, революциямен күресу үшін,* баяу социалистерді (алты орынның екеуін) *өз соңынан ертуге* өзінің келісетінін толық айқындықпен, ғибраттықпен номер сайын ұғындырады. Бірақ революциямен бірге жүруге еш уақытта көнетін емес!

Оппортунистер жанталасуда. «Товарищтің» «Речьке» қарсы мақалаларының сарынында тура ашынғандық бар. Социал-демократияның ренегаты Богучарский мырза «Речьті» ұялтқан болып, шырқ айналып, жылмаң қағады, «Товарищтің» басқа да жазушыларымен ілесіп, оны ақылға келуге шақырады, т. т. Большевиктерді оқшаулау және баяу социалистерді либералдарға бағындыру жөнінде «Речь» пен «Товарищтің» осы таяуда ғана қосылып масайрауы төбелес-жанжал мен ұрыс-керіске айналды. Петербург социал-демократиялық конференциясының шешімі Петербургке 7 январьда мәлім болды. Бүгін 18 январь. Ал кадеттер мен оппортунистер осы күнге дейін *ештеңе* шешкен жоқ! «Речьтің» бүгінгі әуені «Товарищке» қарсы ерекше ымырасыз, «Товарищтің» бүгінгі әуені «Речьке» қарсы мақалаларда ерекше қатқыл және сасқалақ.

Большевиктер өз бағытын бұлжытпай жүргізе береді. Петербургте үш тізім болады. Ұсақ буржуалардың қайда болатыны,— олардың өз ісі, ал революцияшыл пролетариат қалай болғанда да өз борышын орындайды.

Сегізінші кезеңнің қандай болатынын біз білмейміз. Бұл, түптеп келгенде, кадеттер мен қаражүздік үкіметтің арасындағы келіс сөздерге, олардың қарым-қатынастарына байланысты. Егер олар кадеттерді дереу жария ету немесе басқа бірдеңе жөнінде «бітімге келе қалса», ұсақ буржуалар оқшау қалады. *Әзір* кадеттер мен қаражүздіктер келісе алмайтын болса, онда кадеттердің ұсақ буржуаға үш орын беруі де мүмкін.Социал-демократия өз саясатын бұған қарап белгілемейді.

Петербургтегі сайлау науқаны оқиғаларының барысы қаражүздіктердің, кадеттердің және революцияшыл пролетариаттың өзара қарым-қатынасының кішкентай да болса бір тамаша бейнесін көрсетіп отыр. Ал оқиғалардың осы барысы революциялық социал-демократтардың сыннан өткен, байырғы, ымырасыз тактикасын тамаша мақұлдайды.

Тура саясат — нағыз оңды саясат. Принципті саясат — нағыз практикалық саясат. Осындай саясат *қана* бұқараның тілектестігі мен сенімін социал-демократия жағына шынымен мықтап тарта алады. Осындай саясат қана Столыпиннің Милюковпен, Милюковтың Анненскиймен, Данмен немесе Черновпен жүргізген келіс сөздері үшін жауапкершіліктен жұмысшы партиясын құтқара алады.

Ал социал-демократия мен «еңбек партияларының» оппортунистеріне қазірден бастап бұл жауапкершілік *мәңгі* жүктелді.

Ауытқушы меньшевиктердің қазірдің өзінде-ақ екіжүзділікке салынып, аман қалуға жанталасып отырғаны тегін емес. Біз — не қаражүздік қауіппен күресуді жақтаймыз, не болмаса *таза* социал-демократиялық тізімдерді жақтаймыз, дейді (егер бүгінгі газеттерге сенетін болсақ) конференциядан кетіп қалған социал-демократтар. Тек мүлде аңқау адамдар ғана сене алатын кісі күлерлік жалтару бұл! Солшыл *екі* тізім барда С.-Петербургте қаражүздік қауіптің жоқ екендігі дәлелденді, ал сол тізім үшеу болса ше? Меньшевиктер *осыны* сынап көргісі келіп отырған жоқ па екен?! Жоқ, олар жай тал қармап отыр, өйткені оқиғалардың барысы оларды тығырыққа тіреді: не кадеттердің толық

идеялық-саяси гегемон болуы шартымен кадеттер жағына шығу керек, не большевиктердің соңынан еру керек те, трудовиктерді қосуға рұқсат етіп, социал-демократиялық тізімдерді жақтау керек.

Мұндай тізімдер Петербургте қаражүздіктерді де, кадеттерді де, тегінде, жеңіп шығар еді. Сондықтан революциялық социал-демократия бірден дұрыс бағыт алғаннан соң, сол бағытпен бұлжымай жүре беретін болады,— ұсақ буржуа либералдар жағына өтіп кеткен күнде уақытша жеңілістерден қорықпайды,— оппортунизмнің ауытқуы мен солқылдақтығынан жаңа күш алып, бекемделе түседі.

С.-Петербургте үш тізім: қаражүздік, кадеттік, социал-демократиялық тізім болады.

Азаматтар, таңдай беріңіздер!

«Простые Речи» № 2,
21 январь, 1907 ж.

«Простые Речи» газетінің текстi бойынша басылып отыр

БІР САТЫДАН БІР САТЫ

Петербургтегі сайлау түрлі партиялардың сипатын және олардың саясатының таптық тенденцияларын немесе таптық мәнін *іс жүзінде* зерттеу үшін тамаша сабақ боларлықтай материал береді.

Осы тұрғыдан алғанда бәрінен де қызғылықты екі факт: кадеттердің қаражүздік үкіметтің көсемі Столыпинмен жүргізген келіс сөзі және ұсақ буржуазиялық партиялардың либерал помещиктермен, кадеттермен жүргізген келіс сөзі.

Кадеттердің қаражүздіктермен жүргізген келіс сөзі туралы біздің әзірге білетініміз шамалы: Милюковты Столыпиннің қабылдауы,— солшылдармен блок жасасудан бас тартудың ақысына кадет партиясын жария партия етпек болған әрекеттер ғана. *Бұл* келіс сөздер мүлде құпия жүргізіліп отыр, сондықтан бұларды әшкерелеу болашақтың ісі болмақ.

Екінші келіс сөз белгілі дәрежеде жұрттың бәрінің көз алдында өтіп жатыр. Социал-демократия оппортунистерінің ролі бұл арада ерекше айқын біліниіп отыр.

Петербург социал-демократиясынан олар неге бөлініп шықты?

Кадеттермен мәмлеге келу үшін.

Бірақ кадеттер *бір ғана* меньшевиктермен мәмлеге келуге бармайды.

Сондықтан да меньшевиктер барлық ұсақ буржуазиялық партиялармен, яғни эсерлермен, трудовиктермен және энестермен блок жасасқалы отыр.

Социал-демократиядан бөлініп шыққан оппортунистер ұсақ буржуазияға баруда!

Бұл блоктың шарттары қандай?

Оның шарттары — Думадағы алты орынның үшеуін солшыл блокқа беру туралы кадеттермен *бірлескен* келісімге бару.

Бізге белгілі болып отырған нәрсе — меньшевиктердің ұсақ буржуазиялық партиялармен шарты жазба түрде жасалыпты — қалай дегенмен де,— жалпы қарар болыпты. Оны жаңа одақтастар, сірә, жұртшылыққа хабарлағысы келмейтін немесе хабарлауға асықпайтын болуы керек.

Бізге тағы бір белгілі нәрсе — осы блокты жасасу туралы келіс сөзге *Дан жолдас қатысқан, бірақ* оның Петербург социал-демократтарынан бөлініп шыққан топтан да (31 адам), *қандай да болсын басқа бір партия ұйымынан да өкілдігі болмаған.*

Біз меньшевиктерді жұмысшы партиясының *оппортунистік, ұсақ буржуазиялық* бөлігі деп, жалпы ұсақ буржуазияның бәрі сияқты, принципсіздігімен, солқылдақтығымен ерекше көзге түсетін бөлігі деп ылғи айтып келгенімізді саяси оқиғалар барысының бұдан артық растауын біз арман ете де алмас едік.

Шынында да, меньшевиктердің істеп отырған ісін ойға салып көріңіздерші! Ұсақ буржуазиялық эсерлерге қарай бейімделіп отыр-мыс делінген большевиктерден социал-демократияның таптық тазалығын сақтап отырған біздер деп, бүкіл дүниеге жар салған солар емес пе еді.

Міне, енді оқиғалар оларды әшкерелеп отыр. Пролетариаттың соңынан еріп, либерал буржуаларға *қарсы* шығуды ұсақ буржуазияға большевиктер ашықтан-ашық ұсынып отыр.

Меньшевиктер бұдан бас тартып, өздерінің ықпалындағы жұмысшыларды *либерал буржуазияның басшылығына* беруді бірігіп істеу үшін, олар ұсақ буржуаның *барлығымен,* тіпті олардың ең оңшылдарымен де (халықтық-социалистер) бір блокқа *жасырын* (өйткені олардың блогының шарттарын ешкім білмейді, ал Дан жолдасқа ешкім өкілдік берген жоқ) *кіріп отыр!*

Ұсақ буржуазиялық партиялардың бәрі, *оның ішінде меньшевиктер де* («Речь» қазірдің өзінде-ақ оларды революциядан бөлініп шыққан «оппозициялық блокқа» қосып, энестер мен меньшевиктерді «баяу-социалистік партиялар» деп атағаны тегін емес) пролетариатпен бірлесіп күресуден гөрі либералдармен саудаласуды артық көріп отыр.

Жұмысшы партиясын меньшевиктердің қайда бастап бара жатқанын Петербургтің барлық саналы жұмысшылары жақсылап ойға салып көрсін!

Ұсақ буржуаның либералдармен жүргізген осы келіс сөзінің нәтижесі қандай? — деген сұрақ туады.

Әзірге біз бүгінгі газеттерден (19 январь) тек мынаны ғана біліп отырмыз: кеше Петербургте эсерлер, Еңбек тобы, энестер және *меньшевиктер* (яғни бүкіл ұсақ буржуазиялық жаңа блоктың) өкілдерінің *кадеттермен* бас қосқан жиналысы болған. Осы хабарға қарағанда, кадеттер «солшыл блокқа» 3 орын беруден үзілді-кесілді бас тартқан. Ал «солшыл» блок екі орын алудан бас тартқан.

«Речь» бұл жөнінде: «Социал-демократиялық большевиктердің өкілдері *конференцияға* келмеді»,— деп жазады. Иә, жұмысшы партиясын либералдарға сату үшін біз ұсақ буржуамен бірге жүре алмаймыз!

Бұдан әрі не болады? Белгісіз. Ұсақ буржуазиялық блоктың кадеттермен саудасы, сірә, әлі жалғаса түсетін болар.

Алайда социалист-революционерлер партиясында, айтуларына қарағанда, кадеттермен блок жасасуды батыл айыптайтын жұмысшы комитеті бар деседі. Бұл хабардың қаншалықты рас-өтірігін біз білмейміз, өйткені *эсерлер* өздерінің энестермен жасасқан блогының шарттарын да (блоктың дәл қашан, дәл кімнің жасағанын тіпті ешкім білмейді!), кадеттермен блок жасасу туралы мәселе жөніндегі олардың өз партиясы ішіндегі ағымдарды да *жұртшылықтан әдейі жасырып отыр.*

Бүгін (19 январьда) «Речь» эсерлердің Петербург комитетінің қаулысын хабарлайды, бұл қаулы социалист-революционерлер партиясының *жұмысшы* бөлігі кадет-

термен блок жасасуды жақтамайды деген лақапты растайды. «Речьтің» хабары мынадай:

«Социалист-революционерлер партиясының Петербург комитеті еңбек және энес топтарымен келісім жасаса отырып (қандай? қашан? қандай шарттармен?), социал-демократиялық партияның фракцияларына — большевиктер мен меньшевиктерге — сайлау алдындағы (?) науқанды неғұрлым қолайлы етіп өткізу үшін социалистік (?) топтардың келісімін жасасу жөнінде ұсыныс білдіруге қаулы етті,— оның бер жағында, егер екі фракциямен келісім жасалмайтын болса, онда большевиктер фракциясымен келісім жасауға тоқталу керек. Социалистік жалпы келісім жасаған кезде эсерлердің өкілдері кадеттермен келісім жасауға болмайтындығын, социалистік келісімнің дербес әрекетін қорғауға (?!?) тиіс.

Алайда, егер топтардың көпшілігі (?) дербес әрекеттен гөрі кадеттермен техникалық (!?) келісім жасауды қолайлырақ деп тапса, онда социалист-революционерлер партиясының Петербург комитеті көпшіліктің (*басқа* партиялар көпшілігінің!) шешіміне бағынады (!), бұл ретте социалистік топтардың үлесіне тиетін орындардың бәрін тек қана жұмысшы куриясына беруді осындай келісімнің сөзсіз шарты етіп қояды».

Осы балдыр-батпақтан бірдеңе түсіне алар адамға миллион сом сыйлық беруге уәде етуге болар еді! Кадеттермен келісімдер жасасуға *болмайтындығын* жақтау, сонымен бірге кадеттерді түгелдей жақтап отырған энестермен алдын ала блок жасасу! *Тек қана* жұмысшы куриясы үшін кадеттерден үш орын талап ету,— сөйте тұрып, мұндай шарттар *қоймайтын* энестермен және трудовиктермен бірге кадеттермен ортақ «конференцияға» бару! «Топтардан» өзгеше партия есебінде өзінің дербестігін мақтан ету — сөйте тұрып, «көпшілікке», яғни үш топқа (трудовиктер, энестер, меньшевиктер) *бағыну!* Дана Эдип, шешіп қараңыз!

Эсерлердің жұмысшы уәкілдері де (Москва ауданындағы) өз мүдделерін либералдарға сатуды бүркемелейтін осындай ұсақ буржуазиялық шатпақты *мақұлдайды!* Бірақ бұл жұмысшылар былай деп қосады: «социал-демократияның меньшевиктік фракциясының басқа социалистік топтар мен партиялар жөніндегі әдейі кедергі жасау әрекеттері жайында ол фракцияға қатты наразылығымызды білдіруіміз керек».

Эсерлердің шырмауындағы аңқау пролетарлар-ай!

Меньшевиктерге наразы бола отырып, сіздер эсерлер партиясының Петербург комитетіне неге наразы *болмайсыздар?* Сіздерді екеуі бірдей либералдардың қанаты астына сүйреп отыр ғой.

Ұсақ буржуазиялық блоктың ішіндегі осы араздықтың астары айқын. Кадеттерден қол үзу қаупі төніп отыр. *Энестер мен меньшевиктер, сірә,* кадеттерден *өзіне* екі орынды *алып,* сонан соң пролетариатты сатып кеткен меньшевиктер сияқты, басқа ұсақ буржуазияны сатып кеткісі *келетін болар!*

Міне, пәленің басы қайда жатыр!

Бір сатыдан бір саты. Жұмысшы партиясына сатқындық жасап, ұсақ буржуазиялық блокқа кету. Ұсақ буржуазиялық демократиялық блокқа сатқындық жасап, кадеттерге кету! Жолдарыңнан қалмаңдар!

Ал қабылдауға барған Милюков Столыпинмен былай әңгімелесер еді: «Көріп отырсыз, мархабатты тақсыр, мен революцияға жік туғыздым, сөйтіп одан баяуларды бөліп әкеттім! Сол үшін шай-пұйлық бірдеңе мезіреті қылсаңыз»... Столыпин: «Жоп-жоп, мен сіздердің жария партия болуларыңа бедел салып көрейін. Былай болсын, Павел Николаич, сіз анау антұрған жұмысшыларды мүсіркеген болып тозғындатыңыз, ал мен оларды тоқпақтап тозғындатайын. Міне, сонда біз екі жақтап... Кәне, қолыңызды әкеліңіз, Павел Николаич!»

1907 ж. 19 январьда
(1 февральда) жазылған

1907 ж. 25 январьда
«Пролетарий» газетінің
12-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша
басылып отыр

31 МЕНЬШЕВИКТІҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

Біз жаңа ғана баспадан шыққан «Біздің конференцияны тастап кетуге мәжбүр болған себебіміз не? (Конференцияның 31 мүшесінің Орталық Комитетке жолдаған мәлімдемесі)» деген листокты алдық.

Меньшевиктер мәселенің принципті жағы туралы мұнда *бір ауыз сөз* айтпайды! Жұмысшы партиясынан ұсақ буржуазиялық блокқа (меньшевиктер, эсерлер, трудовиктер және энестер) көшу, ал ұсақ буржуазиялық блоктан кадеттерге көшу,— осының бәрі, тегінде, пролетариат үшін қажет болмағаны ғой. Наразылар істің шын мәнісі жөнінде түсініскілері келмейді, олар *тек* формальды негізде ғана тұр.

Енді солардың формальды дәлелдерін қарастырып көрейік. Бұл дәлелдер үш түрлі: 1) Петербург комитетінің тарихы және оның демократиялық жолмен ұйымдастырылмауы. 2) Конференцияның мандаттарды бекітуінің терістігі. 3) Конференцияның қалалық және губерниялық болып бөлінуден бас тартуы.

Біз 1-ші дәлел жөнінде былай деп сұраймыз: бұл жерде Петербург комитетінің қандай қатысы бар? Конференцияға *ерекше* сайлау жүргізілген жоқ па еді?

Шындығына келгенде, Петербург комитетінің тарихы мен оның бейне бір демократиялық жолмен ұйымдастырылмауы жөнінде меньшевиктердің айтып отырғаны *барып тұрған өтірік.* Мысалы, мына жағдайды тіпті қисынсыздық ретінде атап кетуге болады: Латыш ауданы (оны қосуға меньшевиктер қарсы) Бірігу съезінен *бұ-*

рын-ақ, яғни Петербург комитетінде большевиктер де, меньшевиктер де *тепе-тең* кезде қосылғап болатын. Демек, бұдан жарты жылдан астам бұрын латыштарды қосудың дұрыс болғанын меньшевиктердің өздері тіпті *өз еркімен* мойындаған болатын! Немесе тағы мынадай: меньшевиктер Петербург комитеті бірқатар мүшелерді кооптация жасады деп шағым айтады. Олар мынаны қоса айтуды ұмытып отыр: осы кооптацияға жол берген *меньшевиктердің өздері болатын!* Петербург комитетінің қалай қалыптасқанын осы сияқты кешігіп сынаудың әділдігі туралы осы мысалдар арқылы-ақ баға беруге болады.

Екінші дәлел. Конференция, байқасаңыз, мандаттарды теріс бекітіпті. Меньшевиктер приказчиктік дауыстарды мойындағысы келмейді де, дауыстарды былайша бөледі және оны *өздері* бірден-бір дұрыс бөліс деп біледі: большевиктер 1560 және оған қоса революциялық блоктың платформасы үшін — 180, барлығы — 1740; меньшевиктер — 1589. Сонда қалғандарын да қосып есептегенде мандат саны: большевиктерде — 35, меньшевиктерде — 32 (меньшевиктер листогының 8-бетін қараңыз).

Бізге, *біздің қатал сыншыларымыздың пікірінше де,* большевиктер конференцияда басым болды *және басым болуға тиіс те еді!* — деп атап көрсету ғана қалады.

Өйткені, жолдастар, «диссиденттердің» де (революциялық блоктың платформасы) большевиктер екендігі жұрттың бәріне белгілі еді ғой. Сонымен мандаттарды тіпті меньшевиктер бекіткен *күннің өзінде де* большевиктердің 32 мандатқа қарсы 35 мандаты болар еді деп сіздер өздеріңіз мойындап отырсаңыздар, онда мұншалықты айқай-шудың не керегі бар?

Петербург социал-демократиясының большевиктік социал-демократия екенін сіздер өздеріңіз мойындауға мәжбүр болып отырсыздар.

Алайда конференцияның мандаттарды тексеруін меньшевиктердің *қалай* сынап отырғанын да қарастырып көрейік.

Приказчиктік дауысты олар мүлде есепке алғылары келмейді. Неге? «Жиналыстар өткізудің мүмкін еместі-

гін сылтау етіп,— деген сөздерді оқимыз листоктан,— приказчиктердің басшы коллективі өз мүшелерінен пікір сұрауға әрекет жасап, одан не бары 100 шамасындай ғана дауыс алғаннан кейін, ұйымдасқан приказчиктердің барлық саны 313 қана бола тұра, неге екені белгісіз, 60 мүшеден 1 өкіл деп есептеп, 5 өкіл сайлауға Петербург комитетінен право алды...» (4-бет).

Приказчиктер жиналысын өткізудің қиындығы жұрттың бәріне белгілі. Мұны «сылтау» деп атауға негіз қайда? *Ұйымдасқан* 313 приказчикті (яғни партия мүшелерін) мүлде шығарып тастауға негіз қайда? *Пікір сұрау әрекетін,* яғни партияның барлық мүшелері өз пікірлерін айтуы үшін коллективтің қолданған шараларын сіздер өздеріңіз де мойындамайсыздар ма?

Ал норманы 50-ден 60-қа дейін арттырып, мұнысы арқылы онсыз да демократиялық сипаты жеткіліксіз болып отырған өкілдікті Петербург комитеті мойындаған жоқ па.

Москва ауданы. Наразы болған дауыстардың ішінен 185 дауысты меньшевиктер большевиктік дауыстар деп есептейді. Сонымен қатар «сайлауға қарсы болудың дәлелдері» деген графада листок авторларының *өздері* тура былай деп жазады: *«Басқа аудандағы осындай сайлауды большевиктер бекітпей тастай қалған жағдайда деген оймен шартты түрде қарсылық білдірілді».*

Тамаша-ақ емес пе? Меньшевиктер әлдеқалай болады деп, большевиктік мандаттарға *шартты түрде* наразылық білдірген!! Қорыта келіп, олардың *өздері* былай дейді: «шынымен бекітуге жатпайтын дауыстардың саны» большевиктерде 300 емес, 115 еді, *яғни* 185 *дауыстың бекітілуге жататындығын өздері де мойындайды!*

Сөйтіп, шынымен бекітілуге жататын дауыстарға «шартты түрде» наразылық білдіру,— міне, меньшевиктердің әдістері осындай!

Міне, осындай адамдардың да конференциядағы өкілдіктерді теріс деуге ауыздары барады-ау...

Талассыз дауыстардың саны *большевиктерде* — 1376. *меньшевиктерде* — 795 деп меньшевиктердің өздері есептеп отыр. Демек, сүйкімді жолдастар, сіздер тіпті

«шартты түрде наразылық білдірудің» көз көрмеген ерекше тәсіліне жол бергеннің өзінде де, большевиктік дауыстардың басым көпшілігіне наразылық *білдіре алмай* отырсыздар ғой!

Большевиктер наразылық білдірген (листоктың мәліметтері бойынша) 789 меньшевиктік дауыстан Выборг ауданы бойынша 234 дауыс бөліп алынады. «Наразылық білдірудің дәлелдері» деген графадан мынаны оқимыз: «Айтыстар болғанымен, сайлау платформалар бойынша болған жоқ». *Дауыс берушілердің өздері* кадеттермен блок жасасуды жақтағандығын айтыстар ешқандай да дәлелдей алмайды,—ал олай болса, кадеттермен блок жасасуды тікелей және айқын жақтамаған *дауыстарды* кадеттермен блок жасасуды жақтаушыларға беруден бас тартып, конференция дұрыс істеді. Конференция осы 234 дауыстан өкілдік нормасын арттырды.

Сонан соң, большевиктер Француз-орыс кіші ауданының (Қалалық аудан) 370 дауысына наразылық білдірді. «Наразылық білдірудің дәлелдері» деген графадан мынаны оқимыз: «платформаларсыз — 100, ал олардың біразы (270) айтыстармен екі сатылы сайлау арқылы өткендер».

Көріп отырсыздар: «пікір сұрау әрекетіне» қарамастан, приказчиктердің берген дауыстары жойылсын. Приказчиктердің өз өкілдерін жіберген әдісінен іс жүзінде ешбір өзгешелігі *жоқ екі сатылы сайлау* жүргізілгендігіне қарамастан, меньшевиктердің барлық дауыстарын мойындау керек! Жоқ, меньшевик жолдастар, сіздердің меньшевиктік мандаттарды қорғау әдістеріңіз тіпті нашар!

Конференцияны бөлу жөнінде меньшевиктер тіпті қысқаша ғана былай дейді: «бұл ұсыныстың әбден *орындылығына* қарамастан...», конференция мұны қабылдамай тастады (5-бет). Ал келесі бетте осы «орындылықтың» сыры дөрекі түрде ашылған: «қаланың өз ішінде орасан көпшілік (?!) меньшевиктердікі еді» (егер дауыстарды меньшевиктерше есептесек, яғни барлық приказчиктерді шығарып тастасақ, Француз-орыс кіші және Выборг аудандарындағының бәрін қоссақ!).

Міне, мәселе қайда жатыр! Жалған жолмен мень-

шевиктерді басым ету үшін бөлген дұрыс екен ғой. Оны кім білген. Жолдастар-ау, мысалы, *Темір жол* ауданын осылай «орынды» етіп қалай бөлуге болатынын айтуды сіздер неғып ұмытып кеткенсіздер? немесе *Вильно* конференциясының, Одесса конференциясының, т. т. бөлінуі жөнінде Орталық Комитет неге *орынды* ұсыныс жасамаған??

Меньшевиктердің формальды наразылықтары — жай бір негізсіз кінәмшілдік. Олардың кадеттер жағына шығуға ұйғаруы елеулі нәрсе. Ал бұл туралы наразылық білдіруші 31 адам жұмған аузын ашпайды.

«Пролетарий» № 12,
25 январь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ ЖӘНЕ 31 МЕНЬШЕВИКТІҢ ЕКІЖҮЗДІЛІГІ[150]

«Товарищ» газетінде бүгін (20 январьда) С.-Петербургтегі сайлаудың қарсаңында социалистік ұйымнан бөлініп шыққан 31 меньшевиктің үндеуінен үлкен-үлкен үзінділер басылған.

Алдымен социал-демократиядан бөлініп шыққан меньшевиктердің конференциядан кетіп қалғаннан кейінгі істеген істерінің *нақты* тарихын екі ауыз сөзбен болса да еске салып өтейік.

1) Социал-демократиялық жұмысшылардан бөлініп шыққаннан соң, олар бірлесіп кадеттерден орын алуды саудаласу үшін *ұсақ буржуазиямен* (социалист-революционерлер, трудовиктер және *халықтық-социалистер) блок жасасты*. Бөлініп шыққан социал-демократтардың осы ұсақ буржуазиялық блокқа кіргендігі туралы жазбаша шартты *олар жұмысшылар* мен жұртшылықтан *жасырды*.

Бірақ біз бұл шарт қайткенде де жарияланады, сойтіп құпия сыр ашылады деген үмітімізді үзбейміз.

2) Ұсақ буржуазиялық блоктың («солшыл блок» деп газеттерде теріс аталып жүрген блоктың) құрамдас бөлігі ретінде, бөлініп шыққан меньшевиктер осы блокқа алты орыннан үш орын беру туралы кадеттермен саудаласты. Кадеттер екі орын берді. Саудалары піспеді. Ұсақ буржуазиялық «конференцияның» (біздің сөзіміз емес, газеттерден алынды) кадеттермен бас қосқан мәжілісі *18 январьда* болды. Ол мәжіліс туралы «Речь» пен «Товарищ» хабарлаған болатын. «Речь» бүгін келі-

сім жасалған жоқ деп жариялап отыр (бірақ біз, әрине, келіс сөздердің әлі де болса жасырын жүргізіліп жатқан жағдайына әзір болуға тиіспіз).

Меньшевиктер жұмысшылардың даусын кадеттерге сатпақ болған өздерінің осы *«әрекеттері»* туралы әзір баспасөзде хабарламай отыр.

Олар, сірә, есепті жұмысшы партиясына емес, ұсақ буржуазиялық блокқа беретін болар, келіс соз кезінде оздері сопың бір болегі болды ғой!

31-дің тобы да, басқа ешқандай партия ұйымы да келіс сөзге қатысуға уәкілдік бермеген *Дан жолдастың* келіс сөзге *не себепті* қатысқанын олардың, сірә, жұртқа айтқысы келмейтін болар.

31 меньшевиктің *істеген істері* осындай.

Ал олардың *сөздері* қандай?

Олардың бірінші пікірі мынадай: С.-Петербургтегі қаражүздік қауіпті жоққа шығарғаннан кейін большевиктердің қаражүздік қауіп жоқ кезде социал-демократияның дербес шығуын талап ететін Бүкіл россиялық конференцияның қаулыларын бұзбайынша, эсерлермен, трудовиктермен келісім жасауды жақтайтын хақысы жоқ екен.

Бұл пікір бастан-аяқ шылғи өтірік.

Бөлініп шыққан 31 меньшевик оқушы жұртшылықты алдап отыр. Қаражүздік қауіп жоқта эсерлермен, трудовиктермен келісімдер жасасуға бірде-бір партия мекемесі ешқашан ешқандай ресми тыйым *салған емес*. Мысалы, Москвада осындай келісім болды, ал Орталық Комитет оған қарсылық білдірген жоқ.

Ол ол ма. Бүкіл россиялық социал-демократиялық конференцияның қаулысын сылтау еткенде, 31 меньшевиктің ақиқатты қаншалықты бұрмалап отырғаны мынадан көрінеді. Жұрттың бәріне мәлім, бұл (кеңесші) конференцияның қаулыларын меньшевиктер мен *бундшылдар* большевиктерге, поляктарға, латыштарға қарсы қабылдаған болатын. Енді міне Бүкіл россиялық социал-демократиялық конференцияның шешімін өткізген *сол бундшылдардың өздері* қаражүздік қауіп жоқ кезде, бірақ *кадеттік қауіп* болып отырғанда эсерлермен, жалпы алғанда революциялық демократиямен

блоктар жасасуға болатынын *ресми түрде* мойындады. Бұл жөнінде Бунд Орталық Комитетінің *қаулысы* болған, оған ешкім қарсылық білдірген жоқ. Бұл жөнінде Бундтың орыс тіліндегі органы «Наша Трибунада» да жазылған болатын, мұны сауатты орыс социал-демократтарының бәрі біледі.

31 меньшевик жұмысшыларды және бүкіл оқушы жұртшылықты алдап отыр.

Біз мына бір жағдайды да түсіндіріп өткенбіз: Бүкіл россиялық социал-демократиялық конференция Орталық Комитеттің социал-демократ еместерді барлық жерде бірдей социал-демократиялық тізімдерден *шығарып тастауына,* яғни социал-демократияның сөзсіз дербес іс істеуін талап етуіне право берді. Орталық Комитет бұл правоны әлі *еш жерде* пайдаланған жоқ, сөйтіп Бундтың және РСДРП-ның қалған барлық ұйымдарының автономиясын іс жүзінде мойындады.

Әрі қарай. 31 меньшевик конференцияның халықтық социалистерді (энестерді немесе социал-халықшылдарды) трудовиктердің блогынан шығарып тастағанына наразы. 31 меньшевик былай деп жазады: «Жұрттың бәріне мәлім, бұл үш партия» (эсерлер, энестер және трудовиктер, соңғылар ешқандай партия емес) «С.-Петербургте әлдеқашаннан-ақ өзара тығыз блок жасап, бірлесе қимылдап келеді».

Тағы да өтірік. 1-ден, осы блок жасалды деп, оның шарттары оны шынымен «тығыз блок» етіп отыр деп еш жерде, ешқашан ресми мәлімделген емес. Бұл жөнінде газеттерде *өте-мөте күңгірт* заметкалар ғана басылды, ал партиялар арасында ресми қатынастар болған жағдайда елеулі мәселелер жөнінен мұндай хабарларды есепке алуға болмайды. 2-ден, үш еңбек партиясы мен тобының блогы пәлендей «тығыз» болмағанына мынадай дәлел бар: социал-демократиялық конференция сөз салғанда эсерлер мен Еңбек тобы комитеті ол конференциямен *энестерсіз-ақ* келіс сөз *бастаған* болатын. Блокқа кірушілердің бір бөлегі екінші бөлегіне қарамастан келіс сөздер жүргізіп жатса, ондай блокты тығыз блок деп атауға болмайды. Социалист-революционерлердің энестермен де келісім жасауға келісуді бізден талап

ететін ешқандай *ресми* жауабы *осы күнге дейін әлі болған емес*. 3-ден, «Товарищтің» сол 31 меньшевиктің хабары көшіріп басылған бетінде «социалист-революционерлер партиясының Петербург комитетінің 16 январьдағы қарары» жарияланған. Осы қарарға жазылған ескерту былай дейді: *«Келісімнен* (атап айтқанда, эсерлердің, трудовиктердің және энестердің келісімінен) энестер *тобының шығып кетуі келісімді бұза алмайды. Ал басқа социалистік топтың немесе партияның шығып кетуі келісімді бұзады»*.

Сонымен, 31 меньшевиктің трудовиктік блокты тығыз блок деп атап *өтірік* айтқанын фактілер дәлелдеп берді.

Петербург социал-демократиясы конференциясының энестерді бөліп тастағаны *дұрыс* болған. 1-ден, конференцияның мұнысы принциптік жағынан дұрыс болды, өйткені энестердің ең оңшыл, ең сенімсіз, кадеттерге бәрінен де жақын тұрған еңбек партиясы екенінде күмән жоқ. Ал 2-ден, конференцияның мұнысы практикалық-саяси жағынан дұрыс болды, өйткені еңбек партиялары арасындағы бөліну жігін, *саяси науқанның барысында* сөзсіз ашылған жікті дұрыс *белгіледі*. Қазірдің өзінде жұрттың бәріне және әрбір адамға айқын болып отырған нәрсе мынау: егер трудовиктер *қайткенде де* бізге энестерді таңған болса (Петербургте кадеттерді жеңу үшін энестерді еңбек блогына енгізуден қорқу, әрине, күлкі болған болар еді), онда сенімсіз трудовиктер үшін *жауапкершілік* социал-демократтарға емес, *түгелдей* эсерлерге жүктелген болар еді. Жұмысшы партиясы неғұрлым сенімді трудовиктер мен сенімділігі кем трудовиктердің арасындағы шын айырмашылықты барлық жұмысшылар мен барлық азаматтар *білсін* деген ойда болды, жаман трудовиктер үшін жауапкершілік пролетариат партиясына емес, эсерлерге жүктелсін деген ойда болды.

Энестерге байланысты болған осы шырғаланнан қандай қорытынды шығады?

Қорытынды сол, меньшевиктер *ешбір талғаусыз* ұсақ буржуазиялық блокқа кіріп, социал-демократтардың сайлау науқанында істеуге міндетті нәрселерін істей алмай, атап айтқанда: партияларды дәлме-дәл, дұрыс

ажырата білуге бұқараны үйрете алмай, *принципсіздік* жасады. Меньшевиктер энестермен бірге, яғни жартылай кадеттік топпен бірге, ұсақ буржуазиялық *бір* блок жасап ала қоюға жанталасты!

Большевиктер принципті түрде ұстамдылық көрсетті. Олар мынадан бастады: ресми социал-демократиялық мекеменің атынан барлық жерде басылған ашық қарар арқылы халықтық-социалистер партиясының сенімсіз партия екендігін барша жұртқа және әрбір адамға *хабарлады*. Сөйтіп, большевиктер қазір мынадай нәтижеге жетті: неғұрлым революцияшыл трудовиктердің (атап айтқанда эсерлердің) *өздері-ақ* энестердің еңбек блогынан шығып кете берулеріне болады, одан блок бұзылмайды,— деп жариялады!

Большевиктер революцияшыл трудовиктердің оппортунистік трудовиктерден бөлінуіне *жетті*. Ал оппортунистік ұсақ буржуазиялық блокқа меньшевиктердің өздері белшесінен батты.

Большевиктер кадеттермен айқасу үшін трудовиктерді өз соңынан еруге ашықтан-ашық жұрттың бәріне естірте шақырды, сөйтіп әлі ешкіммен ешқандай блокқа кірмей-ақ, қазірдің өзінде күмәнсыз саяси нәтижелерге жетті. Меньшевиктер болса, кадеттермен саудаласу үшін жұмысшылардан жасырын және принципсіз түрде ұсақ буржуазиялық блокқа кірді.

Жұмысшылар өздерін меньшевиктердің *іс жүзінде қайда* бастап бара жатқаны жөнінде осыдан-ақ қорытынды шығара алады.

31 меньшевиктің үшінші, соңғы пікірі мынадай: социал-демократтардың Петербургте трудовиктермен келісім жасасуы қаражүздік қауіпті кемітпейді, қайта *ұлғайта түседі* дейді. Бұлай деу мүлде қисынсыз немесе екіжүзді екендігі соншалық, біз меньшевиктердің дәлелдерін толық келтірейік:

«Кадеттерден дауысты көп бөліп алу үшін социал-демократтардың халықшылдармен ортақ тізім жасауы әбден жеткілікті, бірақ бүкіл Петербург бойынша жеңіске жету үшін ол жеткіліксіз болады,— ал егер барлық революциялық партиялар мен оппозициялық партиялардың келісімге келе алмағанына жаппай сайлаушы алдында социал-демократтар мен олардың одақтастары кінәлы болатын болса, онда бұл одан бетер жет-

кіліксіз болады. Мұндай ретте кадеттерден дауысты бастырмалата бөліп алу түп-түгел біріккен қаражүздіктердің пайдасына кетеді, қаражүздіктер кадеттік тізімді де, солшыл тізімді де жеңіп шығады».

Бұл пікірлердің бәрі де —меньшевиктердің орын алу үшін кадеттермен саудаласып отырғанын бүркемелейтін барып тұрған екіжүзділік.

Шынында да, меньшевиктердің не айтып отырғанын ойға салып қараңыздаршы: социал-демократтардың трудовиктермен келісім жасасуы қаражүздік қауіпті күшейтеді, өйткені кадеттерден дауысты *көбірек* бөліп әкетеді деседі! Өте жақсы, сүйкімді жолдастар! Бірақ, сіздердің пікірлеріңізше қалай, қаражүздіктердің жеңісі қай уақытта қауіптірек — қаражүздікке жатпайтын дауыстардың барлығы *екі* тізімге бөлінген кезде ме, әлде ол дауыстар *үш* тізімге бөлінген кезде ме? Айтайық, қараларда 1000 дауыс, қалғандардың бәрінде 2100 дауыс бар екен дейік. Қаралардың жеңісі қай кезде қауіптірек болады: 2100 дауыс *екі* тізімге бөлінген кезде ме, әлде ол дауыстар *үш* тізімге бөлінген кезде ме? Бас датыратын осындай қиын есепті шығару үшін 31 меньшевиктің бірінші класс гимназисінен көмек сұрауына болады.

Ал біз ілгері қарай барайық. Ол ол ма, социал-демократтар трудовиктермен келіскен жағдайда Петербургте қаражүздіктерге қарсы не бары екі тізім болатындығын, ал келісім болмаған жағдайда үш тізім болатындығын түсінбегенсіп, 31 меньшевик тұпа-тура қисынсыз нәрсені айтып отыр. Ол былай тұрсын.

Мұның үстіне 31 меньшевик бірінші сайлаудың тарихы жөнінде мынадай надандығымен көзге түсіп отыр: олар бірінші Дума сайлауындағы қаралардың дауыстары мен кадеттердің дауыстарының Петербургтегі арақатынасын білмейді екен. Біз: қараларда 1000 дауыс, қалғандардың бәрінде 2100 дауыс болды деген мысалды бекерге алып отырған жоқпыз. *Бұл мысал* бірінші Дума сайлауында *Петербургтің 12 учаскесінің 9-ына тән мысал!*

Бәрін қосқанда 160 сайламшының 114-ін беретін 9 учаскеде кадеттер үшін берілген дауыстың *ең азы* қа-

ралар үшін немесе оңшылдар блогы дейтін блок үшін берілген *ең көп* дауыстан екі еседен аса артық.

Бұл нені көрсетеді?

Бұл мынаны көрсетеді: егер Петербургте «солшыл» (яғни қаражүздік емес) *екі* тізім болса, онда солшылдар арасында дауыс бөлініп кетеді деген *жорамалдың ешқандайы да* қараларды жеңіске жеткізе *алмайды.*

Өйткені 31 меньшевик, сірә, арифметиканың ең бастапқы амалдарының өзіне мықты болмаса керек, сондықтан біз оларға мұны түсіндірейік: олар екі бөліктің екеуін де қаралардың 1000 даусы жеңіп шыға алатындай етіп, 2100 дауысты екіге бөліп көрсін.

Ал енді екі тізімнің орнына үш тізім ұсыну қаражүздік қауіпті ұлғайта ма әлде кеміте ме деп басын қатырғаны сияқты, әлгі есеп жөнінде де меньшевиктер басын қатырып көрсін.

Петербургтегі сайлауда қаралар өткен жылғыдан гөрі биыл күштірек болады деп ойлауға ешқандай негіз жоқ. Есі дұрыс бірде-бір саясатшы бұлай дей алмайды. Лидвалиада әшкереленгеннен кейін, Герценштейн өлтірілгеннен кейін, т. т. кейін қаралардың өздерін-өздері әбден масқаралағанын жұрттың бәрі көріп отыр. Сайлауда солшылдардың жеңгені туралы қазір Россияның барлық түкпірінен хабарлар келіп жатқанын жұрттың бәрі біледі.

Осындай жағдайда қаражүздік қауіп туралы айқай салу — не барып тұрған надандық, не *екіжүзділік.* Ал екіжүзділік жасау өзінің шын мақсаттарын *жасырып,* құпия әрекет етіп жүргендерге керек. Меньшевиктер қаражүздік қауіп туралы айқайлағанда *ұсақ буржуазиялық блокқа кіріп,* кадеттермен саудаласып, өздерінің қазір жасап отырған немесе кеше жасаған қулық-сұмдықтарынан жұмысшылардың назарын басқа жаққа аудару *үшін* айқайлайды.

Егер қаралардың дауыстары өткен сайлаудағыға қарағанда көбеймейтін болса, солшыл *екі* тізім ұсынылған жағдайда дауыс *қалай* бөлінсе де, Петербургте қараларды жеңіске жеткізе *алмайды,*— ал барлық нышандарға

қарағанда, қаралардың даусы көбеймек түгіл, қайта азаятын түрі бар.

Демек, меньшевиктердің ұсақ буржуазиялық блокқа кіруі, кадеттермен саудаласуы әсте де қаражүздік қауіппен күресу үшін емес,— бұлай деу баланың ойдан шығарғаны сияқты нәрсе, бұлай деп тек мүлде қараңғы немесе мүлде ақымақ адамды ғана алдауға болады.

Меньшевиктер кадеттермен саудаласқанда, жұмысшыларға қарамастан, кадеттердің көмегімен, Думаға өз адамын өткізіп жіберу үшін саудаласты, социал-демократиядан ұсақ буржуазиялық блокқа, ұсақ буржуазиялық блоктан кадеттерге қарай осылай сергелдеңге түсудің бар сыры міне осында.

Меньшевиктер әрекеттерінің қаражүздік қауіп туралы айқаймен бүркемеленіп отырған бұл астарын мүлде аңқау адамдар ғана көре алмас еді.

Сондықтан да меньшевиктер ұсақ буржуазиялық блокқа кіргенде, *өздері* бір орынға күмәнсыз ие болу *үшін* Думадан *үш* орын берілуін талап етті. Егерде кадеттер екі орын ғана берген болса, онда меньшевиктер бір орын да ала алмай қалуы мүмкін еді. Бұл орындардың біреуін кадеттер тікелей халықшылдарға (энестерге) берер еді, ал екіншісін жұмысшы куриясынан тартып алуға кадеттердің батылы бармас еді. Ал жұмысшы куриясында кімнің жеңетіні әлі белгісіз.

Міне сондықтан меньшевиктер Дан жолдастың қандай уәкілдікпен әрекет жасағанын да, өздерінің ұсақ буржуазиялық блокқа кіру шарттарының нендей екенін де, ұсақ буржуазиялық блоктың кадеттермен бірлесіп өткізген «конференциясындағы» айтыстардың дәл қандай болғанын да *т. т., т. с.* бәрін де *жұрттан жасырды.* Кадеттер бас тартқан жағдайда меньшевиктердің қайда баратынын біз меньшевиктердің осы қылығынан кейін әлі күнге дейін, білгеніміз жоқ және қазір де біле алмай отырмыз. Жұмысшы куриясына *нұқсан келтіре отырып,* кадеттерден жалынып-жалпайып екі орын сұрап алу үшін, энестер меньшевиктермен қосыла ма («Речьтің» *бас мақалаларының* бірі осындай ұйғарым болуы мүмкін деп айтқан-ды)? Әлде олар дербес социал-демократиялық тізімдер жасай ма, яғни Петербургте

екі тізімнің орнына солшыл *үш* тізім ұсынуға бара ма? Әлде олар ұсақ буржуалардың қонақ үйі мен кадеттердің ауыз үйінде телміріп, түк шығара алмағаннан кейін социал-демократиялық жұмысшы партиясына, оның шешіміне қайтып орала ма?

Егер меньшевиктер кадеттерден орын алу үшін жанталаспай, шынымен қаражүздік қауіптен қорқып әрекет еткен болса, *онда олар* орынның саны жөніндегі мәселеге бола *кадеттермен ажырасып кетер ме еді?*

Социалист қаражүздік қауіпке шын сеніп, онымен шындап күрескен кезде,— ол өз дауыстарын саудаға салмай-ақ либералға бере салады, өзіне үш орынның орнына екі-ақ орын берілді деп, сол үшін келіс сөздерді үзбейді. Мысалы, Европада қайта дауысқа түскенде, айталық, либерал 8000 дауыс, қаражүздік немесе реакционер 10 000, ал социалист 3000 дауыс алса, қаражүздік қауіптің іс жүзінде төнуі анық. Егер социалист қаражүздік қауіптің жұмысшы табы үшін шын қауіп екеніне сенсе, ол либералға дауыс береді. Біздің Россияда қайта дауысқа салу жоқ, бірақ қайта дауысқа салуға сәйкес жағдай сайлаудың екінші сатысында болуы мүмкін. Егер 174 сайламшының, айталық, 86-сы қаралар, 84-і кадет, ал 4-і социалист болса, онда социалистер өз даусын кадет кандидатына беруге *тиіс,* бүкіл Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясында осы кезге дейін бұған бірде-бір адам таласқан емес.

Ал меньшевиктер С.-Петербургте қаражүздік қауіптен қорқамыз деп сендірмек болады да, бірақ сөйте тұра, екі немесе үш орын туралы мәселеге бола кадеттермен ірге ажырастырады!

Мұның өзі көпе-көрінеу екіжүзділік, екіжүзділік болғанда жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық бөлегінің кадеттерден сұрап алған Думадағы бір орын үшін саудаласқанын бүркемелейтін екіжүзділік.

Ал енді социал-демократтардың Петербургтегі трудовиктерсіз *дербес* науқаны жайындағы меньшевиктердің *қазіргі* алып қашпа сөздері де дәл осындай екіжүзділік болып табылады. Мысалы, меньшевик Левицкий мырза Неметти театрында 19 январьда сөйлегенде, «Товарищтегі» есепке қарағанда, былай деген: «Социал-демократ-

тар қаражүздік қауіптің алдын алу үшін ғана сайлау науқанының дербестігін құрбан еткен-ді. Ал мұның сәті түспеген соң, социал-демократия тым болмағанда кең үгіт жұмысын өрістетуге тырысуы қажет, сондықтан шешен социал-демократияның дербес қимыл жасауын жақтап отыр».

Мынадай сұрақ туады: егер осы Левицкийдің ақылы бүтін, есі дұрыс болса, оның айтып отырғаны қалайша екіжүзділік болмайды? Кадеттерді де қосқанда барлық солшылдардың ортақ *бір-ақ* тізімін жасау арқылы «қаражүздік қауіптің алдын алудың» *сәті түспеген соң*, енді Левицкий *солшыл үш тізім* — кадеттік, социал-демократиялық және трудовиктік тізімдер болуын жақтап отыр!

Мұның өзі меньшевиктердің бұрнағы күні ұсақ буржуазиялық блокта мәжіліс құрғанын, ал кеше кадеттермен саудаласқанын бізге ұмыттырмақ болатын, ал өзі табан тірер негізінен мүлде айрылған оппортунистің жанталасуы емей немене!

Меньшевиктер жұмысшыларға опасыздық жасап, кадеттер жағына өтіп кетті, ал қазір, осы сұрқиялық әрекеттен түк шықпай қалған кезде, олар социал-демократияның дербес бой көрсетуі туралы *бос сөзбен* арылғысы келеді! Мұның өзі тек көз алдау үшін ғана айтылған бос сөз, өйткені солшыл үш тізім болған жағдайда солшылдар бөлініп кеткендіктен ғана С.-Петербургте қаралар шынымен өтіп кете алар еді, ал меньшевиктер пролетарлық партиядан бас тартып, кадеттермен *бірлесе* саудаласу үшін ұсақ буржуазиялық блокқа *кіріп,* сол блоктың позициясын өздері *нығайтты.*

Меньшевиктердің қазір «арылғысы» келетін жөні әбден бар,— олар С.-Петербургтегі сайлау науқанында өздерінің бүкіл қылығымен өздерін әбден масқаралады. Меньшевиктерге қазір шынында да құр бос, жел сөзден басқа ештеңе қалған жоқ, өйткені қазір Петербургте таза социал-демократиялық тізімнің болу мүмкіндігіне олардың өздері де шындап сенбейді.

Ал большевиктерді біз осындай көпірме, екіжүзді сөздерге сеніп қалудан бар күшімізді сала сақтандырамыз.

Большевиктердің «арылатын» түгі жоқ, олардың райдан қайтатын да еш себебі жоқ. Астананың буржуазиялық баспасөзінің бәрі әуелгі кезде келемеж еткен біздің саяси бағытымыздың дұрыстығы қазір оқиғалардың бүкіл барысы арқылы жұрт алдында тамаша расталып отыр. Қаражүздік қауіп жөніндегі ертегілердің қисынсыздығы анықталып отыр. Кадеттік қауіп айқындала түсіп отыр. Кадеттердің саясатын бүркемелеген перде ашылып отыр, олардың көсемі қазір Столыпиннің қабылдауына жеткелі отыр (бәлкім, жеткен де болар?).

Большевиктер жұмысшы партиясынан жасырын түрде ұсақ буржуазиялық блокқа кірген жоқ. Жартылай кадеттік халықтық-социалистер партиясының трудовиктер ішінде болуын мақұлдап, большевиктер әлгі блокты нығайтқан жоқ. Социал-демократия дербес бой көрсетуден бас тартты деп ұсақ буржуазиялық партияларға желеу боларлықтай большевиктер бірде-бір қадам жасаған жоқ, бірде-бір сөз айтқан жоқ.

Милюков Столыпиннің аяғына оратылып жүргенде, *түрлі-түсті* меньшевиктер мен трудовиктер Милюковтың аяғына оратылып жүргенде,— большевиктер тек өздері ғана бекем болды да, қазір Левицкий жолдас пен оның пікірлестері кадеттерге ашуланып кетіп, енді естеріне түсіріп отырған ісін *бір минут та* тоқтатқан жоқ.

Сондықтан да біз сасқалақтаған екіжүзді меньшевиктердің былшылдап жүрген ақымақтығын еш уақытта да істемеуге тиіспіз, революциялық блоктан, ұсақ буржуазияның кадеттерге *қарсы* социалистерді қолдауынан бас тартпауға тиіспіз.

Ауытқымастан, бірден дұрыс бағыт алғандықтан да, большевиктердің мынаған қолы жетті: қазір трудовиктердің солқылдақтығы мен жұмысшы партиясының (әрине, оның оппортунистік шылауынан басқасының) табандылығы іс жүзінде *барша жұрттың алдында* айқындалды. Іс жүзінде мынадай жағдай айқындалды: нақ социал-демократиялық пролетариат *дербес*, өз жолымен жүріп отырды, сөйтіп қалған элементтердің бәрін қараларға қарсы, либералдарға қарсы *бағыттап* отырды, ұсақ буржуазиялық партиялар мен ағымдар-

дың барлығын кадеттік идеология мен кадеттік саясаттың ықпалынан *арылтып* отырды, трудовиктердің ішіндегі революциялық және оппортунистік топтардың сенімділік және жарамдылық дәрежесін жұрттың бәріне естірте *анықтап* отырды.

Сондықтан қазір кадеттер тілектестігінің зардабын тартып, енді кадеттермен күресуге әзір тұрған трудовиктердің бәрін өз соңынан ертуден қорқатын болса, бұл кешірілмес балалық болар еді, саясаттағы ынжықтықтың көріпісі болар еді.

Кадеттермен саудаласамыз деп шатасқан 31 меньшевик былай деп амалсыз мойындауға мәжбүр болып отыр: «кадеттерден дауысты *көп бөліп алу* үшін социал-демократтар мен трудовиктердің ортақ тізім жасауы әбден *жеткілікті* болады»!.. Иә, дәл солай! Дәл сондықтан да бүкіл Россия көз тігіп отырған *астанада* кадеттер гегемондығын әлсірету міндетін біз елеусіз қалдыра *алмаймыз.*

Бірнеше учаскеде кадеттер даусының жартысын бөліп әкетіп, соған *қосымша бір дауысты артық* алсақ, бізге жеткілікті, *сонда біз жеңеміз,* өйткені буржуазияның қаражүздік буржуазия және келісімпаз-либерал буржуазия болып бөлінуінің барлық тиімді жақтарын пайдаланып қаламыз (мұнда қауіп жоқ, өйткені кадеттердің даусы 9 учаскеде қаралардың даусынан екі еседен *аса* көп).

Қаражүздік қауіп туралы шу көтеріп, меньшевиктердің саяси теріс бағыт алғандығы күн сайын үсті-үстіне анықталып отыр. Уәкілдер мен сайламшылар құрамының өткен жылғыдан гөрі *әжептәуір солшылдау екені* анықталып отыр. Либерал помещиктерге қисынсыз, ұятқа қалып жәрдемдесудің (қаражүздік қауіпті сылтау қылған орынсыз жәрдемдесудің, өйткені ондай қауіп жоқ еді) орнына біздің алдымызға пайдалы, жауапты роль: жетілмеген бұқараны *либералдардың* басшылығына бағындыруға *қарсы* күресте демократиялық ұсақ буржуазияға пролетариаттың *гегемондық* ролі қойылып отыр.

Думаның бірінші сайлауы кадеттерді жеңіске жеткізді, сондықтан осы либерал буржуа бұқараны то-

пастандыруға, олардың дербес ой-пікірінің, дербес саясатының болмауына негізделген өз гегемондығын нығайтуға, соны мәңгілік етуге бар күшін салып әрекет етіп отыр.

Біздің тікелей борышымыз қаралармен, кадеттермен күресуге қабілеттілердің *бәрін* нақ осы Петербургте өз төңірегімізге жинауға, халық революциясының міндеттері үшін, миллиондаған халық бұқарасының өз бетімен әрекет қылуға қабілеттілігі үшін жинауға бар күшімізді салу болуға тиіс.

Өзіміздің социал-демократиялық үгітіміздің толық идеялық дербестігіне титтей де нұқсан келтірместен, өзіміздің социалистік мақсаттарымыздан, оларды *толық* баяндаудан ешбір жағынан шегіншектеместен ұсақ буржуазияның барлық солқылдақтығы мен сатқындығын әшкерелеуден бір минут та бас тартпастан біз осыны істейміз.

Бостандық жолындағы күрес пен социализм жолындағы күрестің мызғымас берік позициясында революциялық социал-демократияның бір өзі ғана тапжылмай бекем тұр.

1907 ж. 20 январьда
(2 февральда) жазылған

1907 ж. январьда Петербургте
«Новая дума» баспасы жеке
кітапша етіп басып шығарған
Қол қойған: Н. Ленин

Кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДА ҚАЛАЙ ДАУЫС БЕРУ КЕРЕК?

(ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДА ҚАРАЖҮЗДІКТЕРДІҢ ЖЕҢІП КЕТУ ҚАУПІ БАР МА?)

Таяуда Петербург қаласы бойынша Мемлекеттік думаның сайлауы болады. Қаланың 130 мыңдай болатын сайлаушылары бүкіл қала бойынша 160 сайламшы сайлауға тиіс. Осы 160 сайламшы жұмысшылардың 14 сайламшысымен бірге Думаға 6 депутат сайлайды.

Думаға кімдерді сайлау керек?

Петербургтегі сайлауда басты *үш* партия күрес жүргізіп отыр: қаражүздіктер (оңшыл партиялар), кадеттер (халық бостандығы партиясы дейтін) және социал-демократтар.

Бәлкім, ұсақ партиялар мен бағыттардың (трудовиктер, партияда жоқтар, халықтық социалистер, радикалдар және басқалар) біразы кадеттердің тізіміне, біразы социал-демократиялық тізімге қосылуы мүмкін. Бұл әлі біржолата шешілген жоқ.

Қалай болғанда да, күмәнсыз нәрсе — Петербург бойынша кандидаттардың *үш* тізімі болады: қаражүздік, кадеттік, социал-демократиялық тізім.

Сондықтан барлық сайлаушылар өздерінің Думаға кімді өткізетінін айқын түсінуге тиіс:

— *қаражүздіктерді* ме, яғни әскери-далалық соттардың үкіметін, ойрандар мен зорлық-зомбылықтарды жақтап отырған оңшыл партияларды ма?

— *кадеттерді* ме, яғни Думаға заң шығару үшін баратын, яғни заң шығару праволары да бар, өздеріне жақпаған Думаны қуу правосы да бар Гурко мырзалармен келісу үшін баратын либерал буржуаны ма?

ЕЖЕНЕДѢЛЬНИКЪ

ЗРѢНІЕ

Цѣна 5 коп.

Какъ голосовать на выборахъ въ Петербургѣ.—Рабочій съѣздъ и буржуазная демократія. — Вопросы дня. — Въ рабочей куріи.—Предвыборныя собранія.

№ 1. С.-Петербургъ. Четвергъ, 25 Января. № 1.

Какъ голосовать на выборахъ въ Петербургѣ?

(Есть-ли опасность побѣды черносотенцевъ на выборахъ въ Петербургѣ?).

«Зрение» газетінің 1907 ж. 25 январьдағы 1-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Петербургтегі сайлауда қалай дауыс беру керек?» деген бас мақаласы басылған

Кішірейтілген

— *социал-демократтарды* ма, яғни толық бостандық жолында, социализм жолында, барлық еңбекшілерді қанау мен езуден құтқару жолында бүкіл халықты бастап күресіп жатқан жұмысшы табының партиясын ба?

Әрбір сайлаушы мынаны білетін болсын: *үш* партияның бірін таңдау керек. Кімге дауыс беруді шешу керек: полициялық озбырлық пен зорлық-зомбылықты қорғаушыға ма, әлде Кутлер мырзалар арқылы Гурко мырзалармен саудаласушы либерал капиталиске ме, әлде жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің мүдделерін қорғаушыға ма?

Сайлаушы азаматтар? Сіздерге: кадеттер мен социал-демократтардың келісуі, олардың ортақ тізім жасауы мүмкін деушілер бар.

Бұл өтірік. Барлығыңыз да біліп қойыңыздар, Петербургте қалай болғанда да *үш* тізім: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізім болады.

Сіздерге: егер кадеттер мен социал-демократтардың екі түрлі тізімі болса, онда олар дауысты бөлшектеп жіберуі, сөйтіп қаражүздіктердің жеңісіне өздері көмектесуі мүмкін деушілер бар.

Бұл өтірік. Біз қазір сіздерге дәлелдейік: тіпті дауыстар *ең жаман* бөлшектенген күннің өзінде де, яғни Петербург бойынша дауыстар *барлық* учаскелерде кадеттер мен социал-демократтардың арасында *тең* бөлінген күннің өзінде де,— тіпті соның өзінде де, Петербургтегі сайлауда қаражүздіктердің жеңуі *мүмкін емес*.

Жұрттың бәріне мәлім, бірінші Дума сайлауында Петербургте кандидаттардың басты *екі* тізімі: кадеттер мен қаражүздіктердің (немесе оңшыл партиялардың блогы, одағы дейтіннің) тізімі болды. Кадеттер Петербургтің барлық учаскелерінде жеңіп шықты.

Енді *үш* тізім: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізім болады. Демек, социал-демократтар кадеттерден дауыстардың біразын бөліп алуды және бірінші Дума сайлауында дауыс бермегендерді өзіне қаратып алуды көздейді.

Сіздерге: кадеттік және социал-демократиялық дауыстардың бұлай бөлінуі қаражүздіктерді жеңіске жеткізуі мүмкін, өйткені кадеттер мен социал-демократ-

тар біріксе, қаражүздіктерден күштірек болар еді, дара күйінде әлсіреуі, яғни жеңілуі мүмкін деушілер бар.

Мұның мүмкін немесе мүмкін еместігін тексеріп көру үшін бірінші Дума сайлауында Петербургтің *барлық* учаскелері бойынша дауыс берудің цифрларын алайық. Түрлі учаскелерде кадеттер мен қаражүздіктердің арасында дауыстардың қалай бөлінгенін көрейік. Мұның өзінде біз барлық жерде ең жаман жағдайды, яғни кадетке *ең аз* дауыс берілген (өйткені түрлі кандидаттар түрлі мөлшерде дауыс алды), қаражүздікке *ең көп* дауыс берілген учаскелерді алып қараймыз.

Сонан соң, біз кадетке берілген *ең аз* дауысты *екіге тең* бөлеміз, ондағы ойымыз — дауыстың тең жартысын социал-демократ бөліп әкетеді деген есеп (мұның өзі біздер үшін ең жаман жағдай, ал қаражүздіктер үшін ең жақсы жағдай).

Енді кадетке берілген *ең аз* дауыстың әлгі *тең жартысын* қаражүздікке берілген *ең көп* дауыспен учаскелер бойынша салыстырайық. Сонда мынадай цифрларды көреміз:

Бірінші Дума сайлауында Петербургте берілген дауыстар

Учаскелер	**Кадет** тізіміне берілген дауыстардың ең азы	Осы мөлшердің жартысы	**Оңшыл** партиялардың тізіміне берілген дауыстардың ең көбі	Сайламшылар саны
Адмиралтейство	1 395	697	668	5
Александр-Невский	2 929	1 464	1 214	16
Қазан	2 135	1 067	985	9
Нарва	3 486	1 743	1 486	18
Выборг	1 853	926	652	6
Петербург	4 788	2 394	1 729	16
Коломна	2 141	1 070	969	9
Москва	4 937	2 468	2 174	20
Спасское	4 873	2 436	2 320	15
Литейный	3 414	1 707	2 097	15
Рождественский	3 241	1 620	2 066	14
Васильевско-Островск.	3 540	1 770	2 250	17

Осы цифрлардан мына жағдай айқын көрінеді: кадеттерге берілген дауыстар тіпті ең *жаман* болып екіге бөлінгеннің өзінде де 1906 жылғы сайлауда қаражүздіктер *12* учаскенің *тек үшеуінде ғана* жеңіске жетер еді. 174 (қала бойынша 160, жұмысшылардан 14) сайламшыдан олардың *46* сайламшысы ғана болар еді. Мұның мәнісі — егер кадеттерге берілген дауыстар *барлық* учаскелерде кадеттік және социал-демократиялық тізімдерге тіпті тепе-тең болып екі жарылған күнде де, қаражүздіктер бірінші сайлауда Думаға өте *алмаған болар еді* деген сөз.

Сонымен, дауыс кадеттер мен социал-демократтарға бөлінгенде қаражүздіктердің жеңіп кетуі мүмкін деп сайлаушыларды қорқытатын адамдар **халықты алдайды.**

Кадеттер мен социал-демократтар даусы бөлінгенінен қаражүздіктер жеңе *алмайды.*

Социалистерге дауыс беруден сайлаушының көңілін басқа жаққа аудару үшін кадеттер «қаражүздік қауіп» жайында әдейі өтірік лақап таратып жүр.

Сайлаушы азаматтар! Кадеттер мен социал-демократтардың даусы бөлінуінен қаражүздіктер жеңіп кетеді деген ертегіге сенбеңіздер. Қаражүздіктерге болсын, либерал буржуаға болсын немесе социалистерге болсын өз сенімдеріңізге қарай еркін де батыл түрде дауыс беріңіздер.

* *
*

Бірақ «Речь», «Товарищ», «Сегодня», «Родная Земля», «Русь» [151], «Страна», [152] газеттері, т. с., т. с. арқылы «қаражүздік қауіп» туралы өтірік лақаптар таратып жүрген кадеттер, мүмкін, басқа да дәлелдер, басқа да айла-шарғылар ұсынбақшы болар?

Ықтимал дәлелдердің бәрін қарастырып көрейік.

Мүмкін, кадеттердің даусы екі тізімге емес, үш тізімге бөлінер? Онда қаражүздіктер барлық учаскелерде жеңіп шығып, Думаға өтіп кетпей ме?

Жоқ. Кадеттердің даусы үш тізімге бөліне алмайды,

себебі Петербургте *не бары* үш-ақ тізім болады. Қаражүздіктерден, кадеттерден және социал-демократтардан басқа азды-көпті маңызды деген *бірде-бір* партия өздерінің дербес тізімін ұсынбайды.

Россиядағы барлық партиялардың Петербургте өз өкілдері бар. Барлық партиялар мен барлық бағыттар сайлау жөніндегі өз пікірлерін *қазірдің өзінде-ақ айтты.* Өзіміз атап өткен басты үш партиядан басқа бірде-бір партия, бірде-бір топ сайлауда дербес болу туралы *ойламайды да. Басты үш партиядан басқа* ұсақ партиялардың бәрі, басқа *бағыттардың бәрі тек осы үш тізімнің арасында* ауытқуда. Бостандыққа іш тартатын прогресшіл партиялар мен топтардың *бәрі тек* кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқуда.

«Еңбек» партияларының бірде-бірі, социалист-революционерлер де, Еңбек тобы комитеті де, халықтық социалистер де өз алдына тізім ұсынамыз деп тілек білдірген жоқ. Қайта, *осы еңбек партияларының бәрі* не кадеттік тізімге, не социал-демократиялық тізімге қосылу туралы келіс сөздер жүргізуде.

Сонымен, кадеттер даусының үш тізімге бөлінуі мүмкін деушілер **халықты алдап жүр.** Петербургте басты үш-ақ тізім: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізім болады.

* *
*

Екінші ықтимал дәлел. Сенаттық түсініктемелер сайлаушылар санын, әсіресе кедейлер арасындағы сайлаушылар санын азайтты, ал осыдан келіп кадеттер бірінші Дума сайлауындағы дауыс мөлшерін ала алмауы мүмкін деседі.

Бұл өтірік. Бірінші Дума сайлауында Петербургте барлығы 150 000 шамасында сайлаушы болды, ал қазір 130 000 шамасында. Өткен жылы дауыс беруге не бары 60—70 мыңдай адам қатысты. Демек, сайлаушы бұқараның пиғылы мен көзқарастары өзгеріп кетті деп қауіптенуге ешқандай негіз жоқ. Петербургтегі 130 000 сайлаушының *көпшілігі халықтың әл-ауқаты кем топ-*

тарына жататындығына ешқандай күмәндануға болмайды, бұлар тек түсінбеушілігінен, білімінің кемдігінен, тек соқыр сенім салдарынан ғана жұмысшыдан капиталисті артық санауы мүмкін. Егер социалистердің бәрі қала бұқарасын үгіттеу және оның көзін ашу жөніндегі өз борышын орындаса, онда олар 130 000 сайлаушының бір мыңына емес, бірнеше ондаған мыңына сөзсіз үміт арта алады.

* *
*

Үшінші ықтимал дәлел. Қаражүздіктер биылғы сайлауда күшейіп кетуі мүмкін, өткен жылдың цифрларына қарап жорамал жасауға болмайды деседі.

Бұл өтірік. Барлық газет хабарларынан, жиналыстардың бүкіл барысынан, түрлі партиялардың жағдайы туралы мәліметтерден мынадай қорытынды туады: Петербургте қаражүздіктер күшті емес, қайта, бәлкім, өткен жылғыдан гөрі едәуір әлсізірек те болар. Халық бұрынғыдан саналы бола бастады, октябристер әрбір жиналыс сайын сүріпуде, ал Думаның қуылуы, үкіметтің зорлық-зомбылық саясаты, Гурко-Лидвальдің саясаты сайлаушыларды үкіметтен біржолата сыртқа теуіп отыр. Алғашқы сайлауларда қаражүздіктер әлі батырсынған еді, ал қазір дауыс беруге жақындаған кезде олар мүлде бәсеңсіп қалды.

* *
*

Төртінші ықтимал дәлел. Үкімет солшыл партияларға бюллетень бермейді, олардың жиналыстарына да, газеттеріне де, т. т. рұқсат етпейді, сондықтан барлық солшылдардың кадеттермен бірге бір тізімге қосылуы сенімдірек те, қауіпсізірек те деседі.

Бұл өтірік. Егер үкімет зорлық-зомбылыққа, заңды бұзуға, сайлау еркіндігін бұзуға барады екен, онда сайлаушылар бұқарасының пиғылы одан қайта беки түседі. Біз, социал-демократтар, сөйлеген сөздеріміз үшін полицияның жиналыстарды жиі-жиі жауып тастауынан жиналыстарда сайлаушылар алдында ештеңе

жоғалтпаймыз, қайта ұтамыз. Ал үкіметтің заңды бұзуына қарсы күреске келетін болсақ, кадеттермен келісім жасасудың бұл арада қандай көмегі тимек? Ешқандай көмегі тимейді, қайта зияны тиеді, өйткені кадеттер — ең қорқақ және сатқындыққа ең бейім тұрған оппозициялық партия. Витте мен Дурноволың күні кешегі жолдасы, бұрынғы министр Кутлер отырған партиямен, осы партиямен қосылып министрлердің заңды бұзуына қарсы шынында қалай күресуге болады?? Қайта, атап айтқанда, Кутлер мырзалардың жұмысшы, приказчик бұқарадан гөрі Дурново мен Столыпин мырзаларға анағұрлым жақындығынан да, дәл сондықтан да, біз бостандық жолындағы күрестің мүдделері үшін Кутлер мырзалардың партиясынан, кадеттердің партиясынан тәуелсіз болуға тиіспіз.

Айтайық, үкімет солшыл сайламшыларды ұстап, тұтқынға алуға ұйғарды дейік. Бұл тұста кадеттермен келісім жасасудың көмегі тие қоя ма? Немесе өзінің күні кешегі жолдастары Столыпин мен Гурко министрлердің алдында кадет Кутлер революционерлердің қамын жейді деп социалистердің шындығында да сенуі керек пе?

Жақында газеттер кадеттердің көсемі Милюков мырзаның кадет партиясын жария партия ету туралы келіс сөздер жүргізу үшін Столыпиннің қабылдауында болатындығын хабарлады*. Социалистердің кадет мырзалар трудовиктердің, социалист-революционерлердің және социал-демократтардың партияларын жария партиялар етуді «сұрап алады» деп сенуіне болмас па екен?

Кутлерлермен, Милюковтармен ортақ бір тізімге ұяты мен ары бар социалист ешқашан да қосылмайды.

* *
*

Социал-демократтар Петербургтегі сайлауда жеңе ала ма?

---

* Тенишев училищесінде сайлау алдында болған жиналыста 22 январь күні Водовозов мырза былай деп мәлімдеді: Милюков мырза Столыпинде болып, онымен мәмлеге келді, сондықтан халық бостандығы партиясы өз басшылары үшін жауапты,— деді. Гредескул мырза бұл фактіні теріске шығармай, егер Милюков мырза Столыпинде болса, мұның өзі еліміз бен партияның мүдделері үшін істелген нәрсе дегенді айтты.

Социал-демократиялық газеттерге үкіметтің рұқсат етпейтінін пайдаланып, кадеттерсіз социал-демократтардың сайлауда жеңуі туралы сөз де болуы мүмкін емес дегенді кадет газеттері сан саққа жүгіртіп, оқушыларға қақсауда.

Бұл өтірік. Қаражүздіктерге қарсы және кадеттерге қарсы социал-демократтардың Петербургте жеңуі *әбден мүмкін.*

Кадеттер мұны әдейі көрмегенсиді, дауыстардың бөлінуінен, бір ғана қаражүздіктер емес, *қай* партия болса да ұтатындығын жорта ұмытқан болады. Кадеттер мен социал-демократтар арасында дауыстар тепе-тең бөлінген жағдайда қаражүздіктер 12 учаскенің үшеуінде ұтып шыға алады.

Дауыс кадеттер мен қаражүздіктерге бөлінген жағдайда, социал-демократтар 12 учаскенің 12-сінде де ұтып шыға алады.

Бұған көз жеткізу үшін жоғарыда келтірілген цифрларға көз салудың өзі-ақ жеткілікті. Ол цифрлар мынаны көрсетеді: *әрбір учаскеде кадет дауыстарының* (өткен сайлаудағы) *жартысынан бір дауыс артық алынса, бүкіл Петербургте жеңіп шығуға* болады.

Бұл үшін Петербургтің «даусыз» 9 учаскесінен (қаралар жеңуі мүмкін үш учаскені шығарып тастағанда) *ең кемінде 14 274 дауыс* алу керек.

Ал сонда социал-демократтардың Петербургте *15—20 мың* дауыс жинауы мүмкін емес пе екен?

Сайлау правосы бар приказчиктер мен кеңсе қызметшілерінің өзі Петербургте 30 мыңнан 50 мыңға дейін жетеді деп есептеледі. Приказчиктердің «Голос Приказчика»[153] деген кәсіби газеті социал-демократиялық рухта шығарылып жүрді. Егер социалистердің бәрі приказчиктер арасында үгітті ынтымақтасып, оның үстіне өз тізіміне трудовиктерді де енгізуден бас тартпай жүргізген болса, онда осы сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің өздері-ақ социал-демократиялық және трудовиктік жалпы тізімнің жеңіп шығуына жеткізген болар еді.

Ал, оның үстіне, пәтер жалдап тұратын өте-мөте көп кедейлер де бар ғой, бұлар өздерінің мүдделерін үй

қожасы либерал помещиктерден, бай адвокаттар мен чиновниктерден, Петрункевичтерден, Родичевтерден, Винаверлерден, Кутлерлерден гөрі социалистердің жақсырақ қорғайтынын әбден түсіне алады.

Петербургте сайлау алдында өтіп жатқан жиналыстарға қараңыздаршы. Тіпті осы жиналыстар туралы есептерді кадеттердің пайдасына өрескел бұрмалайтын кадет газеттерінің өздері елеулі күрестің әсте де оңшылдар мен солшылдар арасында емес, кадеттер мен социалистер арасында жүріп жатқанын мойындауға мәжбүр болып отыр. Петербургтегі сайлау алдындағы жиналыстар *социал-демократтардың,* әсіресе трудовиктермен одақтасқан жағдайда, Петербургте *кадеттерден күштірек* екендігін талассыз *дәлелдеп отыр.*

Сайлау алдындағы жиналыстардан қанша сайлаушы өтеді? Сақ адамдар барлық сайлаушылар санының оннан бір бөлігінен артық өтпейді деп есептейді. Тіпті осы ең аз цифрды алайық. 13 000 сайлаушы болсын. Сонан соң, митингілерге қатысқан әрбір сайлаушы кем дегенде митингілерге қатыспаған екі сайлаушыны сайлауға ертіп келеді деп ойлауға болар. Осы 39 000 сайлаушыдан, барлық мәліметтер мен байқауларға қарағанда, 20 000 сайлаушы трудовиктерді өзіне қосып алатын социал-демократтарды жақтайтын болады.

Сонымен, осы мәліметтерге қарағанда да, кадеттерге қарсы және қаражүздіктерге қарсы социал-демократтардың Петербургте жеңіп шығуы *әбден мүмкін.*

Кадеттер жеңе ме әлде социал-демократтар жеңе ме, бұл *түгелдей сайлаушылардың өздеріне байланысты* екенін Петербургтің барлық сайлаушылары біліп қойсын.

* *
*

Петербургте сайлау алдындағы науқанды социалистер ең алдымен және көбінесе бұқараның көзін ашу, оны ұйымдастыру үшін жүргізіп отыр. Социалистер бостандық жолындағы күресте қазір халықтың алдында тұрған міндеттерді бұқараның өзі толық түсінуі үшін күш салуда. Ал либералдарға келсек, олар сайлаушылардың

айқын, анық пікірі болуын ойламайды, тек Думадан орын алудың жайын ғана ойлайды.

Либералдар, яғни кадеттер және оларға ерген солқылдақ, ауытқушы адамдар кейде сайлау алдындағы жиналыстарда дауыс беру жүргізеді, алты орынның екеуін кадеттер алатын болуы үшін барлық солшылдардың келісуі қажет екені туралы басым көпшілік болып кейбір жиналыстарда шешім шығартады.

Осындай шешімді ұсынып отырған адамдар да, оған дауыс беріп отырған адамдар да Петербургтегі сайлауға санасыздықпен қарайды. Петербургте «барлық солшылдардың» келісімі болмайды, бола алмайды да. Петербургте үш тізім: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізім болады.

Сонан соң, алты орынның екеуін кадеттер алатын болуы үшін дауыс берудің өзі кісі күлерлік нәрсе. Кімде-кім *шынымен* осындай нәтижеге жеткісі келсе, ол кадеттермен келісім жасасу арқылы бұған жетуге *болмайтындығын* түсінуге тиіс. Бұған жетуге болады, бірақ тек *социал-демократтарға* дауыс беру арқылы ғана жетуге болады.

Шындығында да, егер социал-демократтар Петербургте ішінара жеңетін болса, сонда—тек сонда ғана—кейбіреулердің тілеген нәтижесі шығар еді (солшылдарға алты орын, ал оның екеуі — кадеттерге тиер еді). Мәселен, социал-демократтар тек төрт учаскеде: Спасск, Москва, Петербург және Выборг учаскелерінде ғана жеңеді деп есептейік. Онда олардың 60 сайламшысы, ал жұмысшы куриясымен бірге 74 сайламшысы болады. Қаралардың (болуы ықтимал деген ең жаман жағдайды, бірақ оның болуы өте неғайбыл жағдайды алайық) 46 сайламшысы болады (Литейный, Рождественский және Василеостровский учаскелері). Қалған 54 сайламшы кадеттерде болады. Петербургтен Думаға солшыл депутаттар сайлануына, онда кадеттерден гөрі неғұрлым солшылдардың басым болуына, міне, *осындай жол арқылы* шынымен жетуге болар еді. Ақылсыз, солқылдақ адамдардың кадеттермен жүргізіп отырған саудасы арқылы бұған жетуге *болмайды*.

* *
*

Қорытындыларымызды қысқаша қайталап өтейік.

Петербургтегі сайлауда басты үш партия ғана күресіп отыр, сондықтан сайлаушылардың алдында кандидаттардың *үш* тізімі: қаражүздік, кадеттік және социал-демократиялық тізім болады.

Петербургте қаражүздіктер жеңіп кетеді деген қауіп қисынсыз, ойдан шығарылған өтірік.

Кадеттер даусы кадеттер мен социал-демократтар арасында тіпті қолайсыз болып бөлінгенінің өзінде де қаражүздіктердің жеңуі мүмкін емес.

Петербургтегі «қаражүздік қауіп» туралы ертегіні социалистер жеңіп кете ме деген *өздеріне* шын төніп отырған қауіпті басқа жаққа аудару үшін кадеттер әдейі қоздырып отыр.

Трудовиктер, социалист-революционерлер және кейбір ұсақ топтар кадеттердің соңынан ере ме немесе социал-демократтардың соңынан ере ме — мұны әлі шешкен жоқ.

Петербургте қаражүздіктерге де қарсы, кадеттерге де қарсы социал-демократтардың толық жеңуі әбден мүмкін.

Сайлаушылар өз дауыстарын ойдан шығарылған қаражүздік қауіптен қорыққандықтан емес, өздерінің сеніміне, кімге тілектес болуына қарап беруі керек.

Үкіметке бересіздер ме,— либерал буржуаларға бересіздер ме,— әлде социал-демократтарға бересіздер ме?

Азаматтар, таңдай беріңіздер!

«Зрение» № 1,
25 январь, 1907 ж.

«Зрение» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ ЖӘНЕ ОППОРТУНИЗМНІҢ ДАҒДАРЫСЫ

6 январьда Петербург жалпы қалалық конференциясы жиналды. Конференция астанада кадеттермен келісімдер бола ма, болмай ма деген мәселені шешуге тиісті еді.

Плехановтың «жұмысшы жолдастарға» арнап «Товарищте» басылған үндеуіне қарамастан, Е. Кускова ханымның долы мақалаларына қарамастан, егер жұмысшылар дербес социал-демократиялық позицияны жақтап шығатын болса, онда жұмысшыларды «бостандық жауларының» тізіміне енгіземін деп Плехановтың қорқытуына қарамастан, кадеттердің азды-көпті алдамыш уәделеріне қарамастан — Петербургтің ұйымдасқан, саналы пролетариаты саяси жағынан жетік болып шыққаны соншалық, ол айтыс өткізіп, ол дауысқа салғаннан кейін кадеттермен келісім жасасудың қандайына болса да көпшілік болып қарсы шықты. Сондай-ақ, ұйымдасқан жұмысшылар сайлаған конференцияның да платформа* бойынша өткізілетін айтыс пен дауысқа салудан кейін нақ сол рухта пікір білдіретіні анық болды.

Конференция жұмысының барысына толық тоқталып жатуға «Пролетарийде» орын болмай отыр, оның үстіне бұл конференцияға арналған әдебиет те аз емес. Алайда, бұл арада мынаны көрсете кету қажет: біздің

* Меньшевиктік Выборг ауданы мен Француз-орыс кіші ауданы бұған кірмеді, мұнда дауысқа салу жеке платформалар бойынша болған жоқ.

оппортунистер өздерінің буржуазиялық-келісімпаздық саясатында тым лағып кетіп отырғаны соншалық, тіпті конференцияның шешімі олар үшін жарамсыз болып шығып отыр. Орталық Комитет қолдап отырған Петербург меньшевиктерінің конференция шешіміне бағынбайтындығы конференция ашылысымен-ақ белгілі болды. Кадеттердің достары революциялық социал-демократиядан қол үзу үшін тек сылтау іздеді. Сылтау қандай болса ондай болсын, әйтеуір табылуға тиіс еді. Мандаттарға бола конференциядан кетіп қалудың реті келмеді,— сондықтан конференцияны арнайы қалалық және округтік етіп екіге бөлу туралы мәселені сылтау етіп конференциядан кету үшін меньшевиктер Орталық Комитеттің сайлау тактикасының мәселелерін бұған тікелей мүдделі сайлау единицалары арқылы шешу керек деген *ұсынысын* пайдаланды. Партиялық бөлімдердің орнына әкімшілік-полициялық единицалар тықпаланды. Меньшевиктердің айтқанына бақса, конференциядан округтік ауданды ғана бөліп қоймай, сонымен қатар осы уақытқа дейін *біртұтас* болып келген аудандарды да, атап айтқанда: Нева, Москва, Нарва аудандарын да бөлу керек болар еді, партияны оның өзіне тиімді етіп қайта құрмай, әкімшілік орындарға тиімді етіп қайта құру керек болар еді.

Сонымен қатар, конференцияны бөлу туралы мәселе қалай шешілсе де, көпшіліктің бәрібір кадеттермен келісім жасасуға қарсы шығатыны анық болды. Меньшевиктер кетіп қалды, сөйтіп бүкіл буржуазиялық баспасөздің бағына Петербургте өз алдына дербес науқан жүргізуге ұйғарды, өздерінің партиялас жолдастарына қарсы күрес жүргізуге ұйғарды, буржуазиялық және монархиялық партиямен —«халық бостандығы» партиясымен келісім жасау үшін Петербург пролетариатын бөліп-жаруға ұйғарды.

Буржуазиялық баспасөз неге масайрамасын! Жексұрын «Сегодня» газеті арнайы бас мақаласында: меньшевиктер өздерінің шешімімен *Россияны аман алып қалды,*— деп салтанатты түрде мәлімдеді; ал кадеттердің ресми органы «Речь» меньшевиктерге сыйлық ретінде жұмысшы куриясындағы орынды қайткен күнде де

«большевикке» бермей, «меньшевикке» беруге уәде етті.

Меньшевиктердің дербес қимылының бірінші нәтижесі: буржуазия жұмысшы куриясына өз дегенін істете бастады.

Оның бер жағында меньшевиктер кеткеннен кейін де мәжілісін жалғастырған конференция Петербургте қаражүздік қауіп жоқ болғандықтан және кадеттердің гегемондығын әлсірету, демократиялық ұсақ буржуазияны олардың ықпалынан босатып алу мақсатымен,— орындарды бөлу жөнінде белгілі бір шарттар қоя отырып (жұмысшы куриясына — 2 орын, социал-демократтарға — 2 орын, социалист-революционерлерге—1 орын, трудовиктерге — 1 орын беру жөнінде), эсерлермен және трудовиктермен келісімге келуге ұйғарды.

Буржуазиялық баспасөз мәз-мейрам болды: трудовиктер мен эсерлер энестермен блок жасады, бұл блок кадеттердің бауырына кіре бастады, меньшевиктер бөлініп кетті — большевиктер оқшау қалдырылды! Революциялық тактика жазғырылып, «бейбіт құралдардың» мерейі үстем болды, монархиямен келісім жасасын, бұқаралық халықтық күрес жолы жойылсын.

Социал-демократтарды жікке бөліп, пролетариаттың революциялық күш-қуатын әлсіреткеннен кейін кадеттер шіміріклестен Столыпин мырзамен... келісімге келді. Газеттердің хабарына қарағанда, премьер-министр таяу күндердің ішінде Милюковты қабылдамақ көрінеді, премьер-министрдің кадет партиясын жария партия ету үшін қоятын шарты — солшылдармен ешқандай блок жасалмайтын болсын депті. Кадеттер бүкіл «солшыл»— іс жүзінде *ұсақ буржуазиялық* — блокқа (энестер, эсерлер, трудовиктер және меньшевиктер) Петербургке арналған депутаттық 6 орыннан тек 2 орын ғана береді. «Галеркаға» есе беру үшін кадеттер тілемсек ұсақ буржуазиялық блокқа 2 орынды лақтыра салуға *дайын.* Солшыл блоктың бұған бармайтынына көзі жеткен кадеттер қаражүздіктердің басшысы Столыпинмен келіс сөз жүргізуде.

Жағдай өзгеруде. Сайлау науқаны басталды. Сайлау алдындағы жиналыстар өткізіліп жатыр. Бұл жина-

лыстарда өте-мөте аз сөйлеп жүрген меньшевиктер: кадеттермен келісім болсын,— деп кібіртіктей күмілжиді. Барлық жиналыстарда сөйлеп жүрген большевиктер пролетарлар мен жартылай пролетарларды біртұтас жұмысшы партиясына—социал-демократиялық партияға шақырады, барлық сайлаушы революционерлер мен демократтарды қаражүзділер мен кадеттерге қарсы біртұтас революциялық блокқа бірігуге шақырады. Кадеттерді жұрт сөйлетпейді; большевиктерге қол шапалақтайды. Қалалық демократия — жұмысшы және ұсақ буржуазиялық демократия — кадеттердің езгісін үстерінен сілкіп тастап, солға қарай бұрылып барады.

Жағдай өзгеруде: «келісімпаздар» бұлқан-талқан болады. Олар большевиктер туралы ауыздарынан жыны шашырағанша сөйлейді. Большевиктер жойылсын!— дейді. «Новое Время» мен «Товарищ», октябристер мен кадеттер, Водовозовтар мен Громандар большевизмнің қызыл елесіне қарсы қасиетті жорық жасағалы отыр. Егер большевизм өзінің революциялық және таптық тактикасына бұрын-соңды бір ақтау іздеген болса, ол мұндай ақтауды өзіне қарсы бүкіл буржуазиялық баспасөздің аласұра шабуыл жасауынан тауып отыр. Егерде өз ұрандарын жүзеге асыруға шын пейілімен тырысатын ұсақ буржуазиялық революциялық демократияға көрнекі сабақ керек болған болса — ол мұндай сабақты ірі және орта буржуазияның оған деген өшпенділігінен, кадеттердің халықтан жасырын жүргізіп отырған келісімпаз (үкіметпен арадағы) саясатынан тауып отыр.

Революциялық социал-демократия бүкіл демократияшыл қала мен деревня кедейлеріне былай дейді: пролетариатпен одақ жасағанда ғана, кадеттік қамқорсудан құтылғанда ғана, самодержавиеге қарсы батыл да дәйекті күрес жүргізгенде ғана сен өзіңді құтқара аласың. Егер сен бұл үшін пісіп-жетілген болсаң — онда сен пролетариаттың соңынан ересің. Ал бұған пісіп жетпесең — онда сен кадеттердің қамқорсуында қала бересің, ал пролетариат, сайлау науқаны немен тынса да, сіздердің араларыңыздағы орын үшін болып жат-

қан сауда немен тынса да, өзінің ерекше, таптық, революциялық жолымен жүріп келеді және әлі де жүре бермек.

Меньшевизм ауыр сынға ұшырап отыр. Сайлау науқаны оның оппортунистік тактикасының ірге тасына айналды. Социал-демократияның бір бөлегі буржуазия идеологтарының гегемондығына түсіп кетті. Буржуазия идеологтары меньшевиктерді қашанда арқа сүйеуге болатын «баяу социалистер» («Речьтің» сөзі) ретінде аяусыз қорлап-ақ жүр. Оң жақтағы достары бұлармен есептеспейді, тек... олардың кадеттерге адал қызмет етуін ғана есепке алғысы келеді. Социал-демократияның бір бөлегі мынадай масқара жағдайға тап болып отыр: либерал буржуазия оған өзінің қолжаулығы деп қарайды, революциялық пікірдегі пролетариат *мұндай* социал-демократтарға дауыс бергеннен гөрі эсерлерге дауыс беруді артық көреді, (меньшевизмнің тірегі — Выборг ауданында уәкілдер сайлағанда осылай болды).

Оппортунизмнің дағдарысы жақындап келеді. «Келісімпаздармен» келісім жасасу меньшевизмге үзілді-кесілді соққы болып тиеді. Васильевтер, Малишевскийлер және Лариндер... молаға қарай жол салды. Меньшевиктердің арасында абыржушылық және өзін өзі аластаушылық байқалып отыр. Мартов партиядан Васильевтер мен Малишевскийлерді аластай бастады. Жұмысшылар партиядан меньшевизм рухын аластайтын болсын!

«Пролетарий» № 12,
25 январь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ ЖҰМЫСШЫ КУРИЯСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ [154]

Жұмысшылардан уәкілдер сайлау Россияның саяси өміріндегі және біздің жұмысшы қозғалысының тарихындағы әлі де болса лайықты бағаланбай отырған өте ірі оқиға болып табылады.

Пролетариатта азды-көпті тірегі бар партиялардың *бәрі* жұмысшы *бұқарасының алдында* жалпы программалармен немесе жалпы ұрандармен емес, жұмысшы бұқарасы өз мүдделерін қорғауды *қай партияның кандидаттарына* сеніп тапсырады?— деген нақты практикалық мәселемен бірінші рет шығып отыр. Әрине, жұмысшы куриясындағы сайлау жүйесінің демократиялық дұрыс өкілдіктен әлдеқайда алшақ екендігі жұрттың бәріне де мәлім. Бірақ жұмысшы бұқарасы сонда да сайлауға қатысып жүр. Сөйтіп *партиялар күресі нақ* саяси партиялар күресі ретінде Россияда *бірінші рет* қалың жұмысшы бұқарасының алдында жүргізіліп отыр.

Жұмысшылардан уәкілдер сайлау қазірдің өзінде Россияның көп жерлерінде болып өтті. Бірақ партиялардың бұл сайлаудағы күресі туралы азды-көпті толық та дәл мәліметтер жоқ. Газеттер тым жалпылама және оның үстіне шамамен, *«долбарлап»* жасалған қорытындылар ғана беруде. Егер партия қызметкерлері және әсіресе алдыңғы қатардағы жұмысшылардың өздері жұмысшы куриясы сайлауының барысы мен нәтижелерін *зерттеу* жөніндегі қажетті әрі өте-мөте маңызды істі қолға алмаса, онда, тегінде, біз партиялық жұмыс пен партиялық үгітті одан әрі дамыту үшін өте бағалы және

өте қажетті материалдан айырылып қаламыз деуге тура келетін болар.

Россиядағы жұмысшы куриясының сайлауынан алынған жалпы әсерді барлық газеттер бірауыздан былайша тұжырымдайды: барып тұрған солшылдар, ең алдымен социал-демократия, сонан соң социалист-революционерлер толық жеңіп шықты.

Социал-демократияның мынадай негізгі қағидасы сайлауда тамаша дәлелдендi: пролетариат — революцияшыл тап. Пролетар *бұқара* — өзінің талаптары мен ынта-ықласы жағынан социал-демократиялық бұқара. Пролетариат — Россияның барлық таптарының ішіндегі ең революцияшыл тап.

Россиядағы социал-демократиялық партия жұмысшы партиясы емес дейтін лақапты сайлау іс жүзінде *бекерге шығарды*. Россиядағы социал-демократияның *бұқаралық пролетарлық сипаты* бар екендігіне енді тек қасақана өтірік айтатын либералдар ғана немесе абайламай жел сөзді көптіре салатын оппортунистер ғана шүбәлана алады.

Егер осындай жалпы қорытындыдан біршама жеке қорытындыларға көшетін болсақ, онда әуелі азды-көпті толық материалдың *әлі жоқ* екенін ескерте кету қажет. Алайда біз бұдан былайғы бірсыпыра қорытындыларды *белгілеп қоюды* мүмкін ғана емес, сонымен қатар сөзсіз қажет нәрсе деп санаймыз — белгілегенде, мәселені шешіп тастау үшін емес, *өте маңызды мәселені барлық* жолдастардың талқысына *салып,* пікір алысу, материалдар жинау, т. т. үшін белгілеу қажет деп санаймыз.

Газеттердің алғашқы хабарларына қарағанда кәдімгі Россия мен өнеркәсіп, мәдениет және саяси жағынан анағұрлым артық дамыған Польшаның арасындағы айырмашылық көзге түседі. Россияда, ең болмағанда СПБ. пен Москвада, ішінара болса да пролетариатқа сүйенетін ашық буржуазиялық партиялар *жоқ*. Социал-демократтар толық басым болып отыр, буржуазиялық демократияның өзін социалистік деп санайтын ең солшыл партиясының, социалист-революционерлер партиясының, ықпалы бұлардан анағұрлым аз. Жұмысшылар арасында кадеттер жоқ немесе тіпті болмашы ғана.

Польшада кадеттерден гөрі оңшылырақ тұрған ашық буржуазиялық *халықтық-демократтар* партиясы (халықтық-демократтар, н.-д., эн-дек-тер) [155] бар және ол өзі сайлау кезінде ашық байқалды. Мұны полициялық және әскери қуғындаудың нәтижесі деп түсіндіруге болмайды. Польшада барлық поляктардың ұлттық езілуін, барлық католиктердің діни езілуін шебер пайдаланған буржуазия,— міне, сол буржуазия бұқарадан белгілі бір тірек іздеп және оны тауып та отыр. Поляк шаруалары туралы айтып та қажеті жоқ.

Алайда бұл айырмашылықтан орыс мешеулігінің өзгеше артықшылықтары туралы қорытынды шығару сорақылық болатындығы өзінен-өзі түсінікті. Жоқ, істің мәнісін тіпті оп-оңай түсіндіруге болады, істің мәнісі — ұлттық айырмашылықтарда емес, тарихи-экономикалық айырмашылықтарда. Россияда крепостниктіктің қалдықтары төменде, деревняда, аграрлық құрылыста қисапсыз көп,— соңдықтан қарабайыр, тікелей революцияшылдық та шаруалар арасында және онымен тығыз байланысты жұмысшы табы арасында көп болады. Бұл революцияшылдықта пролетарлық-таптық саналылық, сөз жоқ, кем де, жалпы демократиялық (ал мұның өзі — мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық деген) наразылық көп. Сонан соң, бізде буржуазияның жетілуі кемірек, саналылығы кемірек, саяси күрестегі әккілігі кемірек. Ол пролетариат арасындағы жұмысты елемегенде, бізден пролетариаттың ешбір бөлегін бөліп алып кете алмайтын болғандықтан ғана елемей отырған жоқ, көбінесе оған халыққа сүйенудің (Европа мен Польшадағыдай) жалпы керегі жоқ болғандықтан елемей отыр; оған әзірше өзінің пұрсаттылығына, парамен сатып алуға, дөрекі күшке сүйенудің өзі жетіп жатыр. Буржуазиядан шыққан әр түрлі адамдардың жұмысшы бұқарасына ұлтшылдықты да, қайдағы бір христиандық демократизмді де, антисемитизмді де, бұл сияқты әр түрлі басқа да сұмырайлықты апарып тықпалайтын кездері әлі бізде де болады!

Россияның өзіне келейік. Ең алдымен Петербург пен Москваның арасындағы айырмашылық ғажап. Москвада социал-демократтар эсерлерді толық жеңіп шығып

отыр. Кейбір хабарларға қарағанда,— рас, әлі де толық тексерілмеген хабарларға қарағанда,— қайдағы бір 20 шақты ғана эсерге 200-ге таяу социал-демократ уәкілі келеді деседі!

Петербургте мұның керісінше: эсер уәкілдерінің проценті *күтпеген жерден* жоғары болып шыққанына жұрттың бәрі қайран қалуда. Әрине, социал-демократтар көп, бірақ эсерлерден сөзсіз басым бола алмай отыр. Эсерлерді 33% шамасында, тіпті (мұның дұрыс болуы екіталай) 40% шамасында деп есептейді. Толық мәліметтер жинағанға дейін әзірше қай цифрды алсақ та, Петербургтегі қатардағы социал-демократтардың жұмысшы куриясында *«жеңіліп қалдық»* деп не себепті ойлайтындығы қалай дегенмен түсінікті болады. Эсер уәкілдерінің үштен бір болуының өзі астанада социал-демократияның *шын мәнісінде* жеңілгендігі болып табылады,— Россияның басқа жерлерінде біз көрген жағдайлармен салыстырғанда, біздердің, социал-демократ ретінде, бәріміздің қалыпты және қажетті нәрсе деп санайтын жағдайларымызбен салыстырғанда жеңілгендігі болып табылады.

Бұл — орасан зор маңызы бар факт... Петербургте, жұмысшы куриясында социалистерді *басым* көпшілік болудан буржуазиялық демократияның ең солшылдары ығыстырып шығарды! Бұл құбылысқа өте мұқият көңіл қою — біздің тікелей борышымыз. Социал-демократтардың *бәрі* осы құбылысты дәл зерттеп, оның себебін дұрыстап ашу үшін күш салуға тиіс.

7 және 14 январьдағы сайлаудан сасып қалған Петербург социал-демократтарының жалпы әсері мынадай: 1) «социалист-революционерлердің» социал-демократтарға берген соққысы нақ сол *ең ірі* заводтарда, ең саналы, ең революцияшыл пролетариаттың осынау алдыңғы қатарлы орталықтарында, өзгелерден гөрі көбірек сезіледі; 2) «социалист-революционерлер» *көбінесе* және ең алдымен *меньшевик социал-демократтарды* жеңді. Социалист-революционерлер кандидаты мен социал-демократ большевиктер кандидаты таласқан жерде жеңіс жиі-жиі және *тіпті көп жағдайларда* социал-демократияның жағында болып отырды.

Бұл екі қорытындының да маңызы өте зор екендігін көру оңай. Сондықтан біз қалай да мұның тек жай ғана эсер болмай, екіұшты пікір туғызбайтын дәл, тексерілген материалдан туатын шын *қорытындылар* болу жағын қарастыруға тиіспіз. Әрине, С.-Петербургтің түрлі аудандарындағы социал-демократ қызметкерлердің ортақ пікірінің қате болуы өте қиын нәрсе, тіпті мүмкін емес десе де болғандай. Әрине, нақ қазір сайлау жөнінде ұшы-қиыры жоқ көп жұмыс басып жатқан революционерлерден дәл де мұқият статистиканы талап ету адам күлерлік педанттық болар еді, бірақ сөйтсе де негізгі материалды, басты-басты цифрлар мен мәліметтерді жинауға *болады* және жинау *керек те,* өйткені мұның өзі С.-Петербургте біздің *бүкіл* социал-демократиялық жұмысымызға көпке дейін қажетті нәрсе.

Төменде біз бұл мәселеге толығырақ тоқталамыз («Социал-демократтар мен эсерлердің С.-Петербургтегі жұмысшы куриясында болған сайлаудағы күресі» деген мақаланы қараңыз) *. Ал бұл жерде С.-Петербургте жұмысшы куриясы бойынша өткен сайлауда социал-демократияның бұл *ішінара* жеңілуінің саяси маңызына баға берумен ғана шектелеміз.

Ең алдымен мынаны айта кету қажет: уәкілдер саны жағынан социал-демократтардың басым болуы социал-демократтардың ұйымдық ұялары бар *кәсіпорындар санының* басым екендігін анық көрсетеді. Бұдан да гөрі толығырақ мәліметтер социал-демократтардың октябрьдегі бостандық күндерінде байқаған жайларын сөзсіз дәлелдейтін болар, атап айтқанда: эсерлердің пролетариат арасында ешқандай тыңғылықты, баянды, елеулі ұйымдастыру жұмысын жүргізбейтіндігін, қайта, былайша айтқанда, атүсті істейтіндігін, митингілерде, жұрттың көңілі көтеріңкі тұрған кезде қарар «алдыру» даурықпа, эсерлі «революциялық» құр айқайлар мен сөздер арқылы мандаттарды да «алу» үшін кез келген өрекпуді пайдаланып қалатынын дәлелдейтін болады.

Эсерлер жеңісінің *бұл* элементін әділ зерттеушінің қай-қайсысы болса да, анығына келгенде, С.-Петербург-

* Қараңыз: осы том, 379—383-беттер. *Ред.*

тегі жұмысшы куриясының жақада ғана өткен сайлауы жөнінде де баса көрсететін болуы керек. Түптеп келгенде, бұл арада істің жайы «революциялық» ұсақ буржуазиялық партияның байсалды да табанды пролетарлық жұмыс жүргізуге қабілетсіздігіне тіреліп отыр,— жұрттың пиғылы сәл ғана өзгерсе болды, ол жұмысшылар мекені төңірегінен мүлде ғайып болады. Тек жеке жағдайларда ғана ол халықтың саяси даярлығының әлі де аздығын пайдалана алады, мәселені кеңінен қойғансып (іс жүзінде көмескі және интеллигенттік алдамшы тұрғыдан қойып) жұртты «ұйытады», таптық сананың жетілмегендігін пайдаланады, әлі деревнямен байланыс бар болған жағдайда дәстүрлі «жерге ынтықтықты» сөзуарлықпен пайдаланады, т. т. және т. с.

Революцияның буржуазиялық сипаты, әлбетте, мынаған әкеп соғады: жұмысшы кварталдарына оқта-текте радикал және шын революцияшыл буржуазия жастарының қалың тобы «қаптайды», олардың сүйенетін таптық тірегі болмағандықтан, ауада революцияның жаңа өрлеуі, жаңа тегеуіріні сезіле бастаған кезде олар бостандық үшін шындап *күрес жүргізіп* отырған бірден-бір бұқара ретіндегі пролетариатқа ішкі түйсіктің жетегімен барғыштай бастайды. Жұмысшы митингілеріндегі эсер шешендері, бұлар — пролетариаттың көңіл күйінің көтеріліп келе жатқандығын көрсететін, оның бастан кешкен жеңілістерден кейін күш жинап, біраз дем алғандығын көрсететін, пролетариат арасында ескі тәртіпке қарсы жаңа айқастарға бастайтын бір нәрсенің тағы да кең көлемде, тереңнен буырқанып қайнай бастағанын көрсететін өзінше бір дауылпаздар.

Октябрь мен «Дума» дәуірлерін қазіргі сайлаумен салыстырып қарағанда және эсерлердің берік ұйымдық ұялары туралы мәліметтерді жай ғана жинақтап көргенде бұл түсіндірме, сөзсіз, дәлелденеді.

Бірақ, осы түсіндірмемен ғана *шектеліп қалып,* нақ ең ірі, ең саналы және күресте сыналған заводтарда эсерлердің социал-демократтарды *жеңіп шыққандығына* көзді жұмып қарау, әрине, барып тұрған ұшқалақтық болар еді. Алайда, бір жақсысы, буржуазиялық демократияның ең солшылдары іс жүзінде әсте де социал-де-

мократияны емес, социал-демократия жөніндегі *оппортунистік бұрмалаушылықты* жеңгендігін біз қазірдің өзінде біліп отырмыз.

Революциялық буржуазиялық демократия іс жүзінде тек революцияшыл емес буржуаның соңынан сүйретіліп, *кадеттермен блок жасасуды жақтап жүрген* адамдарды ғана жеңіп, революциялық социал-демократиядан тайсақтап отыр. Мұны эсерлер қимылының сипаты туралы социал-демократ қызметкерлердің түсірген хабарлары да, эсерлердің меньшевиктерді «жеңу» сәті жөніндегі мәліметтер де тіпті ап-айқын дәлелдейді.

Петербургте сайлау 7 және 14 январьда болды. Петербург жұмысшылары 31 меньшевиктің Думадан орын алу туралы кадеттермен саудаласу үшін социал-демократиялық конференциядан бөлініп шыққанын нақ сол 7 январьда білді. Сонан соң, С.-Петербургтің бүкіл буржуазиялық баспасөзі меньшевиктерді мақтап, оларды кадеттермен қатар отырғызып, олардың революциядан бас тартып, *«оппозициялық блокқа»*, «баяу-социалистік партияларға» көшкендігін мадақтап, т. т. және т. с. дәріптеп апта бойы масайрап у-шу болды.

Ірі заводтарда *меньшевиктердің қирай жеңілуі — пролетариат бұқарасының* солқылдақ интеллигент оппортунистерге жасаған бірінші ескертуі!

Меньшевиктер кадеттерге қарай бұрылып еді,— Петербург пролетариаты меньшевиктерден теріс айналды.

Эсерлер социал-демократияның жікке бөлінген сәтін пайдаланды, жұмысшылардың кадет ұсқындас меньшевиктерге ыза болуын пайдаланды, пайдаланғанда да іркілмей, өжет пайдаланды. Қала төңіректерінде олар социал-демократтарды кадеттермен блок жасастыңдар деп соққылады (большевиктер туралы және РСДРП Петербург комитеті туралы жұмған аузын ашқан жоқ), ал қалада *олардың өздері кадеттермен саудаласты!* Олардың өз көзқарастарын да, кадеттермен блок жасасу жөніндегі өз қаулыларын да, энестермен жасасқан блоктарын да, *тағы, тағы, тағы сондайларын да** жұрттан не себепті осыншалықты тыққыштап жасырып келгендігі және

* Олар өздерінің Петербург комитетінің қарарын жұмысшы куриясының сайлауы болып өткеннен *кейін* барып жариялады.

қазір де жасырып отырғандығы енді түсінікті. Меньшевизмнің барлық күнәларын олар *жасырын* істейді, ал жұмысшылардың алдында меньшевизмді іске алғысыз етіп жамандау арқылы жұмысшылардан мақтау алады, мандат алады!

РСДРП-ның Семянников кіші аудандық одағының ұйымдастырушысы орасан ірі Семянников заводында болған сайлау туралы өзінің берген есебінде,— оның есебін біз төменде пайдаланып отырмыз,— былай деп жазады: большевиктердің наразылығына қарамастан, меньшевиктер X. жолдастың кандидатурасын ұсынды. «Заводта сайлау алдында болған жиналыста сөз сөйлеген эсер интеллигент кадеттермен келісім жасасуды жақтаған X. жолдастың меньшевиктік дәлелдерін аяусыз сынады, сөйтіп, жұмысшылар айтқандай, X. жолдас тақыр мұзға отырып қалды». Меньшевиктер бұқара алдында толық жеңілді. Осы есептен біз мынадай сөздерді оқимыз: «Социал-демократ кандидаттардың кадеттермен келісім жасасуды жақтайтындығын, бұл кандидаттардың меньшевиктер екендігін *бұқара білген кезде, сол жердің өзінде-ақ* (заводта): *меньшевиктерге дауыс бермейміз деп турасынан айтылды»*.

Социал-демократиялық конференция сайлауы кезінде меньшевиктердің платформалар бойынша дауыс беруге не себепті қарсы болғандығы, яғни кадеттермен блок жасасу туралы мәселе бойынша бұқараның *тікелей* өздерінің дауыс беруіне не себепті қарсы болғандығы енді әбден түсінікті болып отыр!

«...Меньшевиктердің фабрикалық кіші ауданында Нева стеарин заводында уәкілдікке белгіленген жұмысшы Н. М. тура былай деген: «Социал-демократтардың кадеттермен келісім жасасуды жақтайтындығын білгеннен соң, мен эсерлер жағына шығамын». *Ол шынымен соларға кетті де, уәкіл болып сайланды!!»*

Кадеттермен орын туралы саудаласу үшін дәл сайлау қарсаңында жұмысшы партиясынан бөлініп кетуге тайынбаған бұл сілімтік оппортунистер социал-демократияны, міне, осындай масқаралыққа жеткізіп отыр!

Пролетариат партиясының ары мен ардақты атын қадірлейтін социал-демократтың қай-қайсысы болса да

бұдан бір ғана қорытынды жасай алады: ол — Петербургте меньшевизмге қарсы аяусыз соғыс жүргізу керек деген қорытынды. Біз өзінің кадеттік саясаты арқылы жұмысшыларды социализмнен революциялық буржуазияға қарай итермелейтін адамдарды жұмысшыларға көрсетіп қоюға тиіспіз.

Эсерлер меньшевиктерден ірі-ірі заводтарды тартып алды. Біз бұларды эсерлерден қайта тартып алуға тиіспіз. Жұмысшыларға кадет сүйгіш меньшевиктердің қолынан *кадет сүйгіш* эсерлердің қолына олардың қалай түсіп қалғандығын түсіндіру үшін біз жаңа үгітші күштерін, революциялық социал-демократиялық жаңа әдебиетті нақ сол ірі-ірі заводтарға жіберуге тиіспіз!

Петербургтегі сайлау науқанының бүкіл барысы, меньшевиктердің қисапсыз бұлталақтаулары туралы, контрреволюциялық кадеттік одаққа кіруге (жұмысшы партиясынан бөлініп шыққаннан кейін) әуреленгендігі туралы, олардың *эсерлермен бірге* орын үшін кадеттермен қалай саудаласқандығы туралы мәліметтердің бәрі,— міне, осының бәрі Петербургтегі ірі заводтарда *меньшевиктерге де, эсерлерге де* қарсы күрес жүргізу үшін бізге өте бай материал береді.

Ірі заводтар революциялық социал-демократияның оппортунистер де, революциялық ұсақ буржуалар да қол жеткізе алмайтын мықты тірегі болуға тиіс және болады да.

«Простые Речи» № 3,
30 январь, 1907 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Простые Речи» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР МЕН ЭСЕРЛЕРДІҢ С.-ПЕТЕРБУРГТЕГІ ЖҰМЫСШЫ КУРИЯСЫНДА БОЛҒАН САЙЛАУДАҒЫ КҮРЕСІ

Жұмысшы куриясындағы сайлауда эсерлердің ірі табысқа жетуі көптеген социал-демократтардың еңсесін түсіріп жіберді. Шындығында мұның өзі өте елеулі факт, ол социал-демократтардың елеулі қате жібергендігін көрсетеді, сондықтан да бұл факт байыпты тексеруді талап етеді. Сайлаудың біршама ойдағыдай болмаған себептерін байыбына жете білу үшін және социал-демократияның жұмысшылар арасындағы бұдан былайғы жұмысының дұрыс жолға қойылуын қамтамасыз ету үшін мұңаймау керек, қайғырмау керек, қайта өткен сайлауды зерттеу керек.

Жұмысшылардан уәкілдер сайлау ісін осылайша зерттеу үшін 1906 жылдың 15 ноябрінен 1907 жылдың 15 январына дейінгі уақытты қамтитын РСДРП Петербург комитеті «Нева ауданының Семянников кіші аудандық одағының есебі» тамаша материал береді.

Бұл «Есепті» толық келтірмей-ақ, оның ішінен тек Петербургтің ең үлкен (және тарихи ең *көрнекті)* жұмысшы атраптарының біріндегі *23 завод пен фабрикада* болған уәкілдер сайлауындағы социал-демократ меньшевиктер мен большевиктердің социалист-революционерлерге қарсы күресі туралы *дәл цифрларды* ғана алайық.

Әрбір хабардар қызметкер біздің мәліметтерімізді тексеріп, түзете алуы үшін бұл цифрларды әрбір завод немесе фабрика бойынша жеке-жеке келтіреміз, сонымен қатар заводтарды большевик кандидаттар ұсынылған заводтарға және меньшевик кандидаттар ұсынылған за-

водтарға бөлеміз. Анық ірі заводтар, яғни бір уәкілден көп берген заводтар курсивпен терілді:

Большевик кандидаттар ұсынылған заводтар:	Сайланған уәкілдердің саны: социал-демократтар	социал-демократтарға тілектестер	эсерлер
Орыс-американ мех. заводы	1	—	—
Арматура заводы	1	—	—
Оффенбахер	1	—	—
Упэнэк	1	—	—
Шпал-майлау заводы	1	—	—
Бұрынғы Онуфриев заводы	1	—	—
Тақтай тілу заводы	—	1	—
Паль	2	—	1
Вена	1	—	—
Атлас	1	—	—
Александр вагон жасау заводы	1	—	—
Шойын заводы	—	—	1
12 завод бойынша барлығы	11	1	2
Меньшевик кандидаттар ұсынылған заводтар:			
Семянников заводы	—	—	5
Максвель	1	—	1
Торнтон	1	—	—
Громов	1	—	—
Науман	1	—	—
Грапп	1	—	—
Алексеев	1	—	—
Нева стеарин заводы	—	—	1
Варгунин	—	—	1
Обухов	—	—	4
Карта жасау заводы	анықталмаған бір кандидат		
11 завод бойынша барлығы	6	—	12
	және анықталмаған бір кандидат		
23 завод және фабрика бойынша жиыны	17	1	14
	және анықталмаған бір кандидат		

Бұл цифрлардан ең алдымен көрінетіні — жалпы айтқанда *социал-демократтар* эсерлерді *жеңіп шыққан.* Социал-демократтар 18 уәкіл өткізген (социал-демократияға тілектес бір уәкілді социал-демократтарға қосқанда), ал эсерлер тек 14 уәкіл өткізген.

Сонан соң, бұл цифрлардан мына жағдай анық көрінеді: 1) ең ірі заводтарда жалпы және тұтас алғанда эсерлер жеңген; 2) эсерлер социал-демократ меньшевиктерді жалпы жеңген; 3) социал-демократ большевиктер эсерлерді жалпы жеңген.

Расында да, ең ірі төрт заводты, яғни бір уәкілден көп берген заводтарды алып қарасақ, жиыны мынадай болады: бұларда барлығы 14 уәкіл сайланған (демек, 14 000 жұмысшыдан), бұлардың *11-і эсер және 3-і социал-демократ.* Қалған шағындау 18 заводта *15 социал-демократ және 3 эсер* сайланған. Бұл заводтардағы жұмысшылардың жалпы саны бізге белгісіз, бұларда 18 000-нан көп жұмысшы болуы мүмкін, өйткені кемінде 2000 жұмысшы бір уәкіл жібереді, бірақ жұмысшылардың саны 18 000-нан кем де болуы мүмкін, өйткені 50 және одан көбірек жұмысшылары бар кәсіпорындардың бәрі 1 уәкілден жібереді.

Демек, Нева ауданында социал-демократтардың эсерлерді жеңгені туралы жалпы қорытындыны өзгертуге тура келеді: ең ірі заводтарда *эсерлер социал-демократтарды жеңіп шыққан!* Дәл қорытынды жасауға уәкілдердің саны туралы цифрлар әлі жеткіліксіз көрінеді: *заводтар бойынша* цифрлар қажет екен және оның үстіне әрбір заводтағы жұмысшылардың саны туралы мәліметтер, сонымен қатар әрбір заводтағы дауыс бергендердің саны туралы мәліметтер қажет екен.

Сонан соң, келтірілген мәліметтерден *эсерлердің жеңіп шығуына бүтіндей меньшевиктердің кінәлы* екендігі айқын көрінеді. Меньшевиктер бүтіндей 12 орынды, 18 орыннан 12 орынды эсерлерге беріп жіберді,— ал большевиктер (14 орыннан) не бары 2 орын ғана берді.

Большевиктік заводтарда (большевиктік деп *жалпы* большевиктер жұмыс істейтін заводтарды емес, эсерлерге қарсы большевиктік кандидаттар ұсынылған завод-

тарды айтқанда) эсерлер сөзсіз жеңілді және атап айтқанда ең ірі Паль фабрикасында жеңілді, мұнда үш уәкілдің екеуін большевиктер өткізді. Егер эсерлер жалпы өз кандидаттарын ұсынған жағдайлар туралы мәліметтердің бізде жоқ екендігін, демек, Орыс-американ механикалық заводында да, Александр вагон жасау заводында да, «Атласта» да, т. т. эсерлердің жеңілуі әбден мүмкін екендігін еске алатын болсақ, онда мынадай қорытынды шығады: *жалпы алғанда, большевиктер эсерлерді жеңді.*

Керісінше, меньшевиктік заводтарда социал-демократия жеңіліп қалды: эсерлер 12 орынға ие болды, социал-демократтар тек 6 орын алды. *Жалпы алғанда, пролетариат бұқарасы алдында эсерлердің меньшевиктерді жеңіп отырғандығы* күмәнсыз.

Нева ауданы жөніндегі мәліметтерден шығарылған қорытындыларды бүкіл Петербургке қолдануға қаншалықты болатындығын біз анық білмейміз. Бірақ ірі заводтарда эсерлердің ойламаған жерден жеңіп кеткенін «бүкіл социал-демократиялық Петербург» болып айтып жүргеніне, ал социал-демократ уәкілдердің жалпы саны эсер уәкілдерінен, сірә, едәуір көп екендігіне қарағанда,— міне осыған қарағанда, Нева ауданының мәліметтері азды-көпті ортақ сипатты мәліметтер деп ойлауға болады. Васильев Аралында, *меньшевизмнің* орталығы — Балтық заводында эсерлер меньшевиктерді орасан көп дауыспен жеңіп кетті деп хабарлайды: олар 1600-ге дейін дауыс алыпты да, ал меньшевиктер — 100-ден кем дауыс алыпты. Мұның керісінше, дәл сол аудандағы ірі кәсіпорын — Труба заводында эсерлер тағы да 1600-ге жуық дауыс, ал большевиктер — 1500-ге жуық дауыс алған, оның бер жағында большевиктер бір урна қирап қалғандықтан сайлауды дұрыс емес деп жариялап, оны қайта жүргізуді талап етіп, сайлауға *наразылық білдірген.* Немесе екінші бір хабарды алайық: тым алшаңдаған меньшевиктік интеллигенттер Петербург социал-демократиялық конференциясына *бірыңғай меньшевиктік* 370 дауыс *«әкелген»* Француз-орыс заводында уәкілдікке *большевик пен эсер өткен.* Выборг ауданында, меньшевизмнің осынау тірегінде, эсерлер со-

циал-демократ меньшевиктерді жеңіп шыққан. Т. т. және т. с.

Осы хабарлардың бәрін тексеру үшін, дәл мәліметтер алу үшін, сайлаудың әсері естен кетпей тұрып, уәкілдер сайлаған фабрикалар мен заводтардың *барлығы* бойынша мәліметтерді *дереу* жинау *сөзсіз қажет*. Жергілікті социал-демократ қызметкерлерге цифрларды әрбір завод туралы жеке-жеке жинап, жазып алу оп-оңай. Ал сайлауға барынша саналы көзбен қарау үшін,— өз қателері мен кемшіліктерін күйректік жасап көмескілемей, қайта оларды партиялық сынға салу үшін және осы кемшіліктерді жоюға барлық күшті жұмсау үшін социал-демократияға осы цифрлардың жиынтығы *қажет-ақ*.

Жұмысшы бұқарасының белгілі бір партияның кандидаттарына дауыс беруі барысын мейлінше зер сала қадағалап отырмайынша С.-Петербургте байсалды социал-демократиялық жұмыс жүргізу *мүмкін емес*. Буржуазиялық партиялар үшін пәлендей мандат алу ғана маңызды. Өздерін революциялық, социалистік деп атап жүрген ұсақ буржуазиялық партиялардың бәрінен өзгеше, біздер үшін *социал-демократияның* ілімі мен тактикасын бұқараның өзі *ұғынатын* болуына қол жеткізу маңызды. Сондықтан біз С.-Петербургте жұмысшы куриясы бойынша өткен дауыс беру мен сайлау туралы дәл және толық мәліметтер алуға міндеттіміз.

Сондықтан біз социал-демократияның С.-Петербургтегі барлық жергілікті, аудандық және кіші аудандық қызметкерлерінен шамамен мынадай программа бойынша дәл мәліметтер жеткізіп беруін қатты өтіне сұраймыз: 1) аудан; 2) заводтың аты; 3) жұмысшылардың саны; 4) дауыс бергендердің саны; 5) таласқа түскен кандидаттардың бағыты: эсер, большевик, меньшевик, басқа партиялар; 6) *әрбір* кандидатқа берілген дауыстың саны. Мұндай мәліметтерді жинақтау социал-демократиялық жұмыстың әр түрлі жағын бағалауға және келесі сайлауда өзіміздің табысқа жететініміз немесе сәтсіздікке ұшырайтынымыз туралы пікір қорыту үшін тиянақты негіз болмақ.

«Простые Речи» № 3,
30 январь, 1907 ж.

«Простые Речи» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДА ҚАЛАЙ ДАУЫС БЕРУ КЕРЕК?

(ҚАРАЖҮЗДІК ҚАУІП ТУРАЛЫ ЕРТЕГІЛЕР КІМГЕ ТИІМДІ?)

Революциялық бағыттағы социал-демократтар қаражүздік қауіп туралы ертегілерді кадеттер әдейі ойдан шығарып, таратып жүргенін, бұлардың *сол жақтан төнген қауіпті* өздерінен алыстатқысы келетінін әлдеқашан-ақ көрсеткен болатын.

Социал-демократтардың сөзіне ешкім құлақ аспады. Либералдық баспасөз қаражүздік қауіп туралы жапатармағай шулады, әлі де шулап жүр. Ұсақ буржуазиялық радикалдар, халықшылдар, аңғалдықпен либералдардың айтқанын қайталады. Социал-демократияның оппортунистері де либералдардың соңынан сүйретіліп, кейде (мәселен, Петербургтегі секілді) пролетариат жөнінде тікелей штрейкбрехерлікке дейін құлдырады.

Енді қарап көріңіз, сайлау не көрсетті?

Сайлаушылардың пиғылы *солға* қарай жылжығандығын қазір жұрттың бәрі көріп отыр. Қаражүздіктер сайлауда былтырғыға қарағанда әлдеқайда қатты жеңілді. Революцияшыл социал-демократтардың айтқаны *дұрыс болып шықты.* Дауыс беру кезіндегі қаражүздік қауіп деген — халықтың сыртынан Столыпинмен саудаласып жүрген кадеттердің жайған ертегісі. Петербургте былтыр кадеттерді жақтап дауыс берген Водовозов мырза Милюковтың Столыпинге жолыққанын жұрт алдында әшкерелеп, қазір кадеттерден сырт айналып отырғаны мәлім! Ал Милюков бұл фактіні мойындауға тиіс еді. Кадеттерді жариялы жағдайға көшіру жөнінде Столы-

пиннің қандай шарттар қойғандығын Милюков әлі де халықтан *жасырып* отыр!

Өз газеттерінде кадеттер енді Столыпинге өздерінің ынсаптылығын, сыпайылығын, адалдығын, өздерінің «солшылдардан» тәуелсіздігін, оларға қарсы күресуге дайын екендігін дәлелдемек болып жанталасуда.

Әрі тиімді, әрі ыңғайлы-ақ саясат екені рас емес пе? «Солшылдардан» бас тарту арқылы, баспасөзде, жиналыстарда, сайлауда солшылдарға қарсы күресу арқылы Столыпинді және оның достарын, яғни қаражүздіктерді еліктіреді. Ал солшылдарды — немесе дұрысырағын айтқанда солшылдардың ішіндегі аңқаулар мен штрейкбрехерлерді — қаражүздік қауіп туралы айқайшу арқылы еліктіреді: дауысты бөлшектеп жібермеу үшін кадеттерге дауыс беріңдер дегенді айтады!

Кадеттер нақ осындай саясатын Москвада да жүргізді. Думаның бұрынғы мүшесі және кадеттердің ең көрнектілерінің бірі Кокошкин мырза сайлау күні «Русские Ведомостиде» былай деп жазды:

««Октябристер» мен «кадеттердің» арасында ауытқып жүрген партияда жоқтардың дауыстарын солшыл блоктың өздеріне қаратып ала алмайтындығы кімге де болса мәлім; солшыл блок «17-октябрь одағынан» бірде-бір дауысты тартып ала алмайды. Бірақ ол халық бостандығы партиясынан дауыстарды тартып алып, *реакцияның жеңуіне себепкер* бола алады, сондықтан да жеңе қалған күнде оның әрекеті *тек осындай практикалық нәтижеге ғана келіп саяды».*

Кокошкин мырза сайлау күні таңертең осылай деп жазған болатын. Ал сайлау Кокошкин мырзаның *өрескел өтірік* айтқандығын көрсетті. Солшыл блоктың әрекетінің нәтижесі, *біз кадеттерден қанша дауыс тартып алсақ та, Москвада* оңшылдардың *жеңуі* **мүмкін еместігін** көрсетті!

Москвадағы сайлау қаражүздік қауіп туралы ертегі *кадеттердің өтірігі* екендігін дәлелдеді, бұл өтірікті бұдан былайғы жерде солшылдардың ішінен тек саналы штрейкбрехерлердің ғана қайталауы мүмкін.

Учаскелер бойынша берілген дауыстардың санын алып қараңыз. Біз оларды кейінірек: «Москвадағы сай-

лау туралы алғашқы мәліметтер» деген заметкада толық келтіреміз. Бұл цифрлар — *16 учаскенің* 14-інде* октябристерді жақтап берілген дауыс санының кадеттер мен солшылдарға берілген дауыс санының жалпы жиынтығының *жартысынан кем* болғандығын көрсетеді. Демек, солшылдар *14 учаскеде* өздерінің дербес әрекеті арқылы *қайткенде де «реакцияның жеңуіне себепкер»* **бола алған жоқ.**

Солшыл блокты реакцияның демеушісі деп есептеп, Кокошкин мырза *өтірік айтты!*

Сайлаушыны солшыл блокты жақтап дауыс бергізбеу үшін, Кокошкин мырза сайлаушыларды қаражүздік қауіп туралы *жалған сөзбен қорқытты.*

Кокошкин мырза, Петербург кадеттері сияқты, керек десе цензді сайлаушының алдында да мәселені *турасынан* қоюдан, сайлаушының Столыпинмен дидарласушылар партиясына немесе социал-демократия мен трудовиктерге *принципті түрде* тілектестігі туралы мәселені қоюдан *қорқады.* Кокошкин мырзалар, Петербург кадеттері сияқты, сайлаушының саналылығын емес либералдық-жағымпаз баспасөздің қаражүздік қауіп туралы айқай-шуынан есі кеткен *мещанның зәрезаптығын* пайдаланып жалдаптық жасап жүр.

Ал Москвадағы сайлау шынында да *зәрезап мещандардың* сайлауы болды. Бұл жөнінде «большевиктерге» тілектестік білдіреді деп ешкім күдіктене алмайтын деректен дәлел келтірейік.

«Биржевые Ведомости» [156] 29 январьда өздері әдейі арнап жіберген тілшісінің сайлау жайында жазған «Москва сайламшыларды сайлайды» деген хатын басты. Әлгі тілші былай деп жазады:

«Саптан сытылып шыққан сайлаушылар оңаша ұзаңқырап барып, бірімен-бірі сырласа бастайды:

— Ал, сонымен не болды, Грингмутқа дауыс берген шығарсың, дәуде болса?— деп сұрайды мердігер өз мастерінен.

---

* Москвада барлығы 17 сайлау учаскесі бар. Бірақ 17-ші, Пятницкий учаскесі бойынша толық мәліметтер жоқ. Мұнда кадеттер кемінде 1488 дауыс, октябристер, сірә, 600-дей дауыс алса керек; солшыл блоктікі, сірә, 250-дей дауыс болар.

— Ол не дегеніңіз, Сергей Петрович, біз кадеттерді жақтаймыз ғой,— деп жауап берді кеспектей домаланғап, тапал мастер.

— Солшыл блокты жақтап неге дауыс бермеске?— деп тақақтата сұрайды мердігер.

— Қауіпті ғой ол, дауыс бөлініп кетеді,— деп жауап береді мастер».

Москвада қала тоғышарының көбісі кадеттерге дауыс берген себебі, міне, осы! Тоғышардың солшылдарға қарсы дауыс берген себебі — *оларды жек көргендіктен емес,* мұның себебі —«қауіпті болғандықтан — *дауыс бөлінетін болғандықтан»,* яғни мұның себебі — ол күнделікті либералдық газеттердің тоғышарды ақымақ қылу монополиясын пайдаланған *кадет суайттарға сеніп қалды.*

Москвада 28 январьда болған сайлау төрт тізім болғанда дауыстардың *қаралар жеңіп кетеді деген қауіп туғызарлықтай болып бөліне* **алмайтынын** корсетті.

Кадеттер Москвада зәресі ұшып қалған тоғышарды алдап соқты. Петербург сайлаушылары мұны біліп қойсын, Столыпинмен саудаласып жүрген кадеттердің қармағына екінші рет түспейтін болсын!

Сонымен қатар біз 1906 және 1907 жылғы мәліметтерді (Москваның 9 учаскесі бойынша,— бір өкініштісі, бұдан гөрі толық мәліметтер біздің қолымызда жоқ) салыстыруға оқушы назарын аударамыз. Кадеттік жандайшаптар мен солшылдардан шыққан штрейкбрехерлердің түп-түгел сенаттық түсініктемелерді айтып даурығып жүргені белгілі; бұл түсініктемелер 1906 жылдың мәліметтеріне *сүйенуге болмайтындығын* дәлелдейді-міс, 1907 жылы сайлаудан бұдан да жаман нәрсені күту керек, қазір қаражүздік қауіп туып отыр деп байбалам салады.

Ал Москва нені көрсетті? 1906 жылы 9 учаске бойынша кадеттерге 13 220 дауыс берілді, оңшылдарға 5669 дауыс (октябристер) және 690 дауыс (монархистер) қосылып, барлығы 6359 дауыс берілді (бәлкім, бұдан *біраз көп* те болар, өйткені біз келтіріп отырған цифрлардан монархистерге берілген дауыстардың саны туралы осы айтылған тоғыз учаскенің бірнеше учаскесі бойынша мәліметтер мүлде жоқ).

1907 жылы осы учаскелер бойынша қараларға қарсы 14 133 дауыс берілді (оның ішінде 11 451 дауыс кадеттерге, 2682 дауыс солшылдарға берілді), ал қараларға 5902 дауыс берілді (оның ішінен 4412 дауыс октябристерге және 1490 дауыс монархистерге берілді).

Сонымен, сенаттық түсініктемелерге қарамастан, 1907 жылғы *дауыс бергендердің* саны, керек десе, 1906 жылдағыдан біраз көп те (19 579 болса, енді 20 025 болып отыр). Қараларға қарсы берілген дауыстардың саны 1906 жылдағыдан *көбірек* (13 220 еді, енді 14 133 болып отыр); қараларға берілген дауыстардың саны 1906 жылдағыдан *кем* (6359 еді, енді 5902 болып отыр).

Москваның тәжірибесі 1906 жылдың мәліметтеріне сүйенуге *әбден* болатынын *факт жүзінде* дәлелдейді, өйткені 1907 жылдың мәліметтері жақсылыққа қарай *қадам* жасалғандығын көрсетеді.

Ал Петербург бойынша 1906 жылғы цифрлар нені көрсетеді? Бұл цифрлар 114 сайламшы беретін 9 учаскеде 1906 жылы қараларға берілген дауыстың *ең көп* саны кадеттерге берілген дауыстың ең *аз санынан екі еседен аса кем болғандығын* көрсетеді*.

Демек, қараларға қарсы дауыстар кадеттер мен солшылдарға бөлінетін болса, *Петербургте оңшылдардың* жеңуі *мүмкін емес.*

Тіпті Петербург *уезі* бойынша қала сайлаушыларының 29 январьда болған сайламшылар сайлауының өзі-ақ — қаражүздік қауіп дегеннің кадеттердің өтірік ертегісі екендігін көрсетті. Тізімдерді алу және сайлауға келу бәрінен де қиынға соққан осы сайлаушылардың арасында да қаралар *соншама аз* дауыс алғаны сондай, олар *дауыстар қалайша бөлінсе де* жеңе алмады. Кадеттерді жақтап minimum 1099 дауыс берілді, *социал-демократтарды* жақтап — 603 дауыс, октябристерді жақтап — 652 дауыс, «Орыс халқы одағын» жақтап — *20* дауыс берілді. Біз бұл арада кадеттерден қан-

* Бұл цифрлар «Зрениенің» [157] 1-номерінде *толық* келтірілген (қараңыз: осы том, 356-бет. *Ред.*). Бұлар Петербург сайлаушыларының *бәріне* мәлім болуы үшін төменде оларды *тағы да* көшіріп басып отырмыз.

ша дауысты жырып алып кетсек те, оңшылдар өте *алмаған болар еді!*

Сондықтан да біз қазір барынша үзілді-кесілді былай дей аламыз: дауыс бөлінбесін дегенді айтып, қаражүздік қауіпті сылтау қылып, Петербургте кадеттерді жақтап дауыс беруге шақыратындар,— бұлар *әдейі өтірік айтып, сайлаушыны алдайды.* Қаражүздік қауіпті сылтау қылып, бір участке бойынша болса да Петербургтегі сайлаудан бас тартатындар, міне *бұлар солшыл блок жөніндегі* өздерінің *штрейкбрехерлігін* жасыра отырып, *әдейі өтірік айтады* да сайлаушыны алдайды.

Москвадағы сияқты, Петербургте де қаражүздік қауіп жоқ, қайта кадеттік қауіп бар. Зәрезап болып қалған қараңғы тоғышардың солшыл блокты, социал-демократтар мен трудовиктерді, жек көргендіктен емес, қайта кадеттік жалған баспасөздің дауыс бөлініп кетеді деп сендіріп қорқытуынан кадетке дауыс беру қаупі бар.

Петербургте сайлаушылардың *саналы түрде* дауыс беруін тілейтіндердің бәрі *осы* «қауіпке» қарсы күресуге тиіс.

Петербургте қаражүздік қауіп жоқ, кадеттік қауіп бар. Сондықтан, дауыс бөлініп кеткен жағдайда (1906 жылдың мәліметтеріне қарағанда) қаралардың жеңуі мүмкін үш участкеде (Василеостровский, Рождественский және Литейный) *қалыс қалу* солшылдардың мүддесі жөнінде кешірімсіз штрейкбрехерлік болады. Бұл үш участке барлық 174 сайламшының (160-ы қала бойынша және 14-і жұмысшы куриясынан) 46-сын береді. Демек, *бұл участкелер сайлау нәтижесіне әсер ете алмайды.* Ал солшылдардың немесе кадеттердің жеңуіне олар *өте* әсер ете алады. Социал-демократтар мен трудовиктер 4 участкеде, Спасское, Москва, Петербург, Выборг (бірінде болмаса бірінде деп алып отырмыз) участкелерінде жеңді делік. Сонда солшылдардың 74 сайламшысы болады (60-ы қаладан және 14-і жұмысшылардан). Егер кадеттер қалған участкелердің *бәрінде* жеңіп шықса, онда бұлардың 100 сайламшысы болады да, *өз депутаттарының бәрін Думаға өткізеді!* Егер жоғарыда аталған үш участкеде қаралар (саны 46) өте-

тін болса, онда кадеттер тек 54 қана болады, сөйтіп кадеттер *Думадағы алты орынның екеуін* алып, солшылдарға қосылуға *мәжбүр* болады.

Демек, Петербургтің үш «қара» учаскесінде кімдекім қалыс қалса, ол *кадеттерге астыртын қызмет етеді*, ол солшыл блок жөнінде штрейкбрехер болып шығады!

Сайлаушы азаматтар! Сіздер Петербургте дауыстардың бөлшектену қаупі туралы айтып жүрген алдаушыларға сенбеңіздер. Петербургтегі қаражүздік қауіп туралы жалған әңгімелерге сенбеңіздер.

Петербургте қаражүздік қауіп жоқ. Дауыстардың кадеттер мен солшылдарға бөлшектенуінен оңшылдар Петербургте жеңе алмайды.

Өтірікші кадеттер (артқы есіктен Столыпинге барғыштай жүріп) ойдан шығарған «қауіптен» қорқып дауыс бермей, ар-ұждандарыңызбен және берік сенімдеріңізбен дауыс беріңіздер.

Шаруаларды күйзелтетін төлемді оларға зорлап таңғысы келетін,— шаруаның ісін либерал помещиктердің қолына беріп жіберетін,— Столыпинмен жасырын саудаласатын, қаражүздіктермен келіс сөз жүргізетін либерал буржуаларға дауыс бересіздер ме?

Әлде социал-демократиялық жұмысшы партиясына, трудовиктердің барлық партиялары қолдаған пролетариат партиясына дауыс бересіздер ме?

Азаматтар, солшыл блокты жақтап дауыс беріңіздер!

«Зрение» № 2,
4 февраль, 1907 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Зрение» газетінің текстi бойынша басылып отыр

МОСКВАДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ МӘЛІМЕТТЕР

Либералдық газеттер мен либералдарға жағынып жүрген газеттер Москва мен Петербургтегі қаражүздік қауіп туралы әлі де айқайлап жүр.

Бұл айқайлар мен құрғақ сөздердің қаншалықты *жалған* екендігін көрсету үшін Москвадағы сайлау туралы Петербург газеттерінде осы уақытқа дейін жарияланып келген мәліметтердің бәрін жүйелеп келтірейік.

Салыстыру үшін сонымен қатар 1906 жылы 28 марттағы «Наша Жизнь» газетінен Москва қаласындағы сайлау туралы 1906 жылдың мәліметтерін келтіреміз.

«Қаражүздік қауіп» туралы ертегілердің *мейлінше жалған* екендігін үсті-үстіне дәлелдейтін осы және өзге мәліметтердің маңызы туралы біз басқа жерде айтамыз.

1907 ж. Москва қаласындағы сайлауда жақтап берілген дауыстар саны:

Москва қаласының учаскелері	Кадеттер	Октябристер	Монархистер	Солшыл блок
Арбат	1 348	514	154	214
Басман	934	462	113	155
Қала	643	266	107	61
Лефорт	938	631	244	190
Мясницкий	1 331	551	191	191
Пречистенка	1 183	538	161	175
Пресня	1 196	550	187	458
Рогожье	1 565	963	267	286
Серпухов	469	189	69	101
Сретенка	1 239	403	106	303
Сущев	2 061	700	398	841
Хамовники	1 011	647	197	297
Якиман	1 153	552	171	241
Тверь	1 730	680	189	313
Яуза	1 117	299	75	162
Мещан	1 839	838	262	689
16 учаске бойынша	19 757	8 783	2 891	4 677

Москва қаласының учаскелері	Кадеттер	Октябристер	Монархистер	Солшыл блок
1906 жылы				
Арбат	1 269	700	?	—
Сущев	2 867	930	193	—
Пресня	1 662	646	150	—
Пречистенка	1 810	734	?	—
Тверь	1 810	850	174	—
Қала	571	362	50	—
Сретенка	1 368	640	40	—
Яуза	600	300	?	—
Басман	1 263	507	83	—
9 учаске бойынша	13 220	5 669	690	—
Сол 9 учаске бойынша 1907 ж.	11 451	4 412	1 490	2 682

Сонымен, Москвадағы сайлау қаражүздік қауіп туралы ертегілердің *жалған* екендігін дәлелдеді. 1906 жылы Петербургте болған сайлау туралы мәліметтердің *нақ осыны дәлелдегенін* тағы да еске саламыз.

Бірінші Дума сайлауында Петербургте берілген дауыс:

Учаскелер	Кадет тізіміне берілген дауыстардың ең аз саны	Бұл санның жартысы	Оңшыл партиялардың тізіміне берілген дауыстардың ең көп саны	Сайламшылардың саны[168]
Адмиралтейство	1 395	697	668	— 5
Александр-Невский	2 929	1 464	1 214	—16
Қазан	2 135	1 067	985	— 9
Нарва	3 486	1 743	1 486	—18
Выборг	1 853	926	652	— 6
Петербург	4 788	2 394	1 729	—16
Коломна	2 141	1 070	969	— 9
Москва	4 937	2 468	2 174	—20
Спасское	4 873	2 436	2 320	—15
Литейный	3 414	1 707	2 097	+15
Рождественский	3 241	1 620	2 066	+14
Вас.-Островский	3 540	1 770	2 250	+17

«Зрение» № 2,
4 февраль, 1907 ж.

«Зрение» газетінің тексті бойынша басылып отыр

САЯСИ ЛИДВАЛИАДА

Азаматтық инженерлер залында 24 январьдағы жиналыста «Телеграфтың»[159] хабарына қарағанда (26 январьдағы) мынадай оқиға болыпты.

«Эстрадаға В. В. Водовозов шығады да, Неметти театрында болған шатақты еске салып өтеді. «Мен сонда отырып: Милюковтың сайлаушыдан жасырын Столыпинмен келіс сөздер жүргізуі рас па?— деп сұрадым. Бұған жауап ретінде: «өтірік! жала!» деген айқайлар естілді, ал профессор Гредескул былай деп жауап берді: Милюков — адал адам, оған партия сөзсіз сенеді. Мен Милюковтың өз басының адал екендігіне ешбір күмәнданбаймын, бірақ мұндай келіс сөздер жүргізілді. Мұны Милюков та бекер демейді. Бүгін «Речь» газетінде ол: халық бостандығы партиясын жария партия деп тану жөнінде Столыпинмен сөйлестім деп жазады, мұның өзінде оған қабылдауға болмайтын ұсыныстар жасалған. *Алайда мұның қандай ұсыныстар екенін Милюков жасырады. Егер бұл сұрқиялық ұсыныстар болса, онда бұларды жариялап, бүкіл халық алдында... масқара ету керек!»*.

— Жиналысты жабамын!— деп жариялайды пристав.

Жұрт шулап, ысқырып есікке қарай бет алады. Жиналысты ұйымдастырушылар Водовозовқа қатты кінәлаған сөздер айтты, ал пристав әлде қайтеді дегендей эстрадаға екі городовойды жібереді».

Милюковтың Столыпинмен келіс сөздерін *әшкерелеуге* тырысқаны үшін Водовозов мырзаны қатты жазғырудың орнына, оған риза болу керек. Бұл үшін не *азаматтың* міндеттерін түсінбейтін *тоғышарлар* ғана, не кадеттердің айла-шарғысын халықтан *жасырғысы* келе-

тіп адамдар ғана саяси қайраткерді жазғыра алады. Кадет Набоков баяндама жасаған жиналысты ұйымдастырушылардың бұл категориялардың қайсысына жататынын біле алмадық.

Милюковтың Столыпинмен келіс сөздері туралы мәселенің орасан зор маңызы бар. Бұл мәселеге менсінбей қарауға, оған қолып бірақ сілтеуге, оны маңызы жоқ әшейін жанжалсымақ деп жариялауға бейім тұратындардың мұнысы өте-мөте теріс. Кімде-кім ол жанжалдан *қорықса*, онда ол *саяси лидвалиадаларды* әшкерелеу жөніндегі өзінің азаматтық борышын ұғынбағаны.

Ал Милюковтың Столыпинмен жүргізген келіс сөздері — нақ саяси лидвалиаданың бір пұшпағы, бұдан біз қылмыс ретінде жазаға тартылатын ақша құмарлық пен алаяқтықтың орнына, «халық бостандығы» деген ұлы сөздерге қиянат жасайтын партияның *саяси арсыздық және қылмысты* жалдаптығын көріп отырмыз.

Столыпиннің қойған «шарттарының» қандай екендігін Милюковтың *халықтан жасырып отырғандығын* біз «Труд»[160] газетінде көрсеткен едік. Ол қабылдауда бір рет болды ма әлде бірнеше рет болды ма және қашан болды — мұны да жасырады. Оны Столыпин шақырды ма немесе қабылдауға Милюковтың өзі сұранды ма, ол мұны да жасырады. Ол, ақырында, кадеттердің Петербург комитеті мен Орталық Комитетінде бұл жөнінде шешім болды ма, орталықтан провинцияға хабарланды ма — мұны да жасырады.

Кадеттік зубатовшылдықты толық бағалау осы мәліметтерге байланысты екендігін аңғару қиын емес. Халықтан *жамандықты* ғана *жасырады*. Водовозов мырзаның бұларды *жариялау керек* деуі дұрыс. Ал саяси міндеттерін ұғынатын азаматтар өзіне сенсация қуып жүрген жай ғана бір журналиссымақ деп қарамай, адал, ұстамды, табанды саясатшы деп қарасын десе, Водовозов мырза өзінің әшкерелеу әрекетін жүргізе беруге *міндетті*. Әңгіме жалпы халықтық істердегі *сұрқиялық туралы* болғанда, азаматтың *борышы* — жасырушыларды шешіліп сөйлеуге *мәжбүр ету* болмақ.

Кімде-кім бұл сұрқиялықтар туралы *бірдеңе* білетін және азаматтық борышын орындағысы келетін болса, ол Милюковтарды жала жапқаны үшін өздерін сотқа беруге *мәжбүр етуге, сөйтіп сотта* кадеттердің көсемін,— ескі тәртіпке қарсы халықтың сайлау шайқасы қызу жүріп жатқан кезде, халықтың сыртынан артқы есіктен ескі тәртіптің көсеміне барғыштап жүрген көсемін әшкерелеуге міндетті!

Біз Милюков мырза мен кадеттер партиясына мынадай сұрақтарды ашық қоямыз:

1. Столыпин мырзаның Милюковты (*және оның достарын?)* қабылдауы қашан болды немесе қабылдаулары нақ қашан болды?

2. Столыпин Милюковты өзіне шақырды ма? Және мұның өзінде Столыпиннің Милюковпен сөйлескісі келген (Водовозов мырзаның сөзімен айтқанда) «сұрқиялық» шарттар туралы Милюков *бірдеңе сезбеді ме* екен?

3. Столыпиннің *ұсыныстары* жайында кадеттердің Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің (немесе екі комитеттің біріккен) мәжілісі нақ қашан болды? Онда сол ұсыныстарды қабылдау жөнінде *кейбір шаралар* қолдану керек деп ұйғарылмады ма? Бұл туралы провинцияға *бірдеңелер* жазылмады ма?

4. Столыпиннің Милюковты қабылдауының және бұл екі адамның бір-біріне қарай жасаған жалпы *кейбір қадамдарының,*—18 январьда ұсақ буржуазиялық блокпен болған «конференциядағы» кадеттік *пиғылдың сипатына* қандай байланысы бар?

Кадетті қаражүздіктің «қабылдауы» жөніндегі әшкерелеудің жайына біз әлі қайтадан — және, тегінде, талай рет — оралатын боламыз. «Солшылдардың» кадеттермен ортақ блогының,— көптеген адамдар тілеген және біз қашанда қарсы күрескен осы блоктың — *сәтсіздікке ұшырау себебі* кадеттердің қаражүздіктермен нақ осы келіс сөздерінде жатқандығын шалғай тұрған адамның қолы жетерлік документтердің бәрін ала отырып, біз әлі дәлелдейміз.

Ал әзірге біздің айтарымыз:

Бұл саяси лидвалиаданы әшкерелеу үшін *бір ғана* Водовозов *емес*, одан басқа да талай-талай адамдардың барлық күшін салатындығын Милюков мырза мен кадеттер партиясы біліп қойсын!

«Зрение» № 2,
4 февраль, 1907 ж.

«Зрение» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Петербургте сайлау алдындағы науқан аяқталып келеді. Сайлауға үш күн қалды, сөйтіп оқушы осы мақаланы қолына алған кезде Петербургте дауыс берудің нәтижелері белгілі де болады.

Петербургте сайлау аяқталмай тұрып оның маңызы туралы айтуға да болмайтын тәрізді. Бірақ бұл олай емес. Петербургтегі сайлау алдындағы науқан тарихының ұзақтығы сонша, бұл науқанның ерекше сабақ боларлық саяси материалды көп бергендігі сонша, оның маңызы қазірдің өзінде-ақ әбден анықталып отыр. Сайлаудың нәтижелері қандай болып шықса да, 1906—1907 жылдардағы Петербург науқаны қазірдің өзінде-ақ орыс революциясының тарихында ірі және дербес кезең болып отырғаны күмәнсыз.

Петербургтің сайлау науқанында революцияның нақты жеңісі ең алдымен саяси партиялардың қарым-қатынастарын, әр түрлі таптардың пиғылын (демек, сонымен қатар мүдделерін де, бүкіл саяси жағдайын да) анықтау, сонан соң Россиядағы буржуазиялық революциядағы социал-демократиялық тактиканың *түбегейлі* мәселелеріне берілетін белгілі бір жауаптарды *іс жүзінде,* ірі, ашық, бұқаралық істе сынау болып табылады.

Петербургте сайлау алдындағы науқанның басты-басты оқиғалары құйындай ұйтқып, ілезде өте шықты. Ал осы құйын үстінде, қайткен күнде де дереу *қимылдау* керек болған кезде, әр түрлі партиялар мен ағымдар-

дың шын табиғаты мен мәні бұрынғы қай уақыттағыдан болса да айқын анықталды. Бұл қүйында ешқандай формальды байланыстар, ешқандай партиялық дәстүрлер шыдап тұра алмады,— ұйымдар жік-жік болып бөлінді, уәделер бұзылды, шешімдер мен позициялар өзгеріп отырды, күн сайын ірі-ірі жаңалықтар туып жатты. Әр түрлі партиялар мен әр түрлі ағымдардың қақтығыстары өте-мөте шиеленісті, айтыстар — жай-шылықтың өзінде бет жыртысатын айтыстар — қым-қуыт жанжалға айналды. Ал мұның өзі орыс адамының ұстамсыздығынан емес, оның астыртын жағдайда жүріп қажығандығынан емес, біздің тәрбие көрмегендігімізден емес,— тек филистерлер ғана бұлай деп түсіндіруі мүмкін.

Жоқ, қатты қақтығыстар мен аласұрған күрестің себебі таптық өзгешеліктердің *тұңғиығында* жатыр, әлеуметтік және саяси тенденциялардың *антагонизмінде* жатыр, оқиғалардың әсерімен күтпеген жерден бұл тенденциялардың тез беті ашылып, әрбір адамнан дереу «әрекет» жасауды талап етті, жұрттың бәрін қақтығыстырып, өзінің нағыз орнын, өзінің шын бағытын күрес арқылы, auskämpfen, қорғауға мәжбүр етті.

Барлық партиялардың орталықтары — Петербургте. Бұл — Россияның саяси өмірінің тоғысқан жері. Баспасөздің жергілікті емес, жалпы ұлттық маңызы бар. Сондықтан да лажсыз былай болып шықты: Петербургтегі сайлау алдындағы партиялардың күресі орыс революциясының бұдан соңғы толып жатқан парламенттік те, парламенттік емес те шайқастары мен оқиғаларының орасан зор маңызды белгісі, үлгісі мен бейнесі болды.

Әуелі күн тәртібінде барлық оппозициялық және революциялық партиялардың қаражүздік қауіпке қарсы келісім жасасуы туралы ұсақ, екінші дәрежелі, «қарапайым» сияқты көрінген мәселе тұрды. Бұл «жай» мәселенің тасасында іс жүзінде мынадай негізгі саяси мәселелер: 1) үкіметтің либералдарға, кадеттерге көзқарасы туралы; 2) кадеттердің шын тенденциялары туралы; 3) Россиядағы азаттық қозғалысында кадеттердің гегемондығы туралы; 4) ұсақ буржуазиялық,

еңбек партияларының тенденциялары туралы; 5) баяу энестер мен революцияшыл эсерлердің таптық тектестігі және саяси жақындығы туралы; 6) социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық немесе оппортунистік бөлегі туралы; 7) азаттық қозғалысындағы пролетариаттың гегемондығы туралы; 8) Россиядағы революциялық ұсақ буржуазиялық демократияның көрнекті, ашық және көрінбейтін, жасырын элементтері мен «мүмкіншіліктерінің» маңызы туралы мәселелер жатты.

Ал енді осыншама көп керемет саяси мәселелерді алға қойған да, шешкен де өмірдің өзі, сайлау науқанының барысы болды. Бұл мәселелер көп партиялардың еркіне қарсы және олардың санасынан тыс қойылды,— бұл мәселелер дәстүр атаулының бәрін бұзуға дейін барып, «зорлықпен» шешілді,— сөйтіп ақтық нәтиже науқанға қатысқан саясатшылардың орасан көпшілігі үшін мүлдем күтпеген нәрсе болып шықты.

Большевиктерге күтпеген жағдай жәрдемдесті,—дейді тоғышар, осы күтпеген жағдайлардың барлығына қайран бола бас шайқап.— Олардың жолы болып кетті!

Мұндай сөздер осы таяуда ғана шыққан Энгельстің Зоргеге жазған хаттарының бір жерін есіме түсіріп отыр. 1884 жылы 7 мартта Энгельс Зоргеге былай деп жазған болатын:

«Бұдан екі апта бұрын маған Барменде тұратын жиенім келіп кетті, тәуелсіз консерватор еді, оған мен былай дедім: «Біз қазір Германияда қолымызды қусырып отырып-ақ жауларымызды бізге қызмет етуге мәжбүр ете алатын халге жеттік. Сіздер социалистерге қарсы ерекше заңды жоясыздар ма, әлде оны бұрынғыдан да қатал ете түсесіздер ме, немесе біраз жұмсартасыздар ма,— мұның бәрібір. Сіздер не істесеңіздер де, бұларыңмен бәрібір бізге көмектесесіздер». — Иә,— деп жауап берді ол,— барлық жағдай сіздердің пайдаларыңызға қарай тамаша қалыптасып келеді.—«Әлбетте,— деп жауап бердім мен,— егер біз бұдан 40 жыл бұрынақ бұл жағдайларды дұрыс анықтамаған болсақ және өзіміз сол дұрыс анықтауға сүйеніп қимыл жасамаған болсақ, онда жағдайлар біздің пайдамызға қарай қа-

лыптаспаған болар еді».— Жиенім ешқандай жауап қатқан жоқ»[161].

Әрине, большевиктер 40 жыл деп айта алмайды,— біз бұл арада кішкентай нәрсені өте үлкен нәрсемен салыстырып отырмыз,— бірақ социал-демократияның буржуазиялық революциядағы тактикасын өздерінің айлап және жылдап алдын ала белгілегенін айта алады. Петербургтегі сайлау алдындағы науқанның ең маңызды және шешуші кезеңдерінде большевиктер іс жүзінде *қолын қусырып* отыра берді,— *ал жағдай болса бізге қызмет етті.* Біздің жауларымыздың бәрі, елеулі және мейірімсіз жауымыз Столыпиннен бастап қағаз семсерлі «жауларымыз» ревизионистерге дейін, *бізге қызмет етті.*

Бүкіл оппозиция, солшылдардың бәрі Петербургтегі сайлау науқанының бас кезінде большевиктерге қарсы болды. Қолдан келгеннің бәрі, ойға келгеннің бәрі бізге қарсы істелді. *Әйтсе де біздінше болып шықты.*

Бұл неліктен? Себебі — біз үкіметтің либералдарға көзқарасын және ұсақ буржуазиялық демократияның пролетариатқа көзқарасын көп уақыт бұрын (1905 жылы Женевада «Екі тактикадан» * бастап) әлдеқайда дұрысырақ бағаладық.

Кадеттердің *большевиктерден басқа* барлық «солшылдармен» реттеліп-ақ қалған блогын *болғызбай* тастаған қандай себеп? Милюковтың Столыпинмен келіс сөз жүргізуі. Столыпин емексітіп шақырып еді — кадет халықтан сырт айналып кетті де, қаражүздік қожайынға қарай күшікше жорғалай жөнелді.

Бұл кездейсоқ нәрсе ме? Жоқ, бұл — *қажеттілік,* өйткені либерал-монархиялық буржуазияның негізгі мүдделері әрбір шешуші кезеңде оны халықпен бірге революциялық күрес жүргізуден реакциямен келісім жасасуға қарай итермелейді.

Барлық ұсақ буржуазиялық партиялардың (халықтық және еңбек партияларының) және жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық бөлегі — меньшевиктердің *мейлінше тұрақсыз* және ұстамсыз болуының

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

себебі не еді? Олардың ауытқуының және қобалжуының, оңды-солды жүгіре беруінің, кадеттердің соңынан еріп, кадеттерге табынуының себебі не?

Мұның себебі Сидордың немесе Карптың жеке басының қасиеттерінде емес, ал ұсақ буржуаның өзіне-өзі сенбей, уақытша «оқшаулануға» шыдай алмай, буржуазиялық төбеттердің ұлығанына байсалдылықпен, қайсарлықпен қарсы тұра алмай, бұқараның, пролетариат пен шаруалардың, дербес революциялық күресіне сенбей, буржуазиялық революцияда басшы болу ролінен бас тартып, оз ұрандарынан бас тартып, Милюковтарға икемделіп және бейімделіп, либералдың ізімен жүруге, соның соңынан еруге сөзсіз ыңғайланып отыратындығында...

Ал Милюковтар Столыпинге бейімделеді!

Большевиктер өздерінің ұстайтын бағытын дербес белгілеп, халық алдында *өзінің* туын, революциялық пролетариат туын, күні бұрын көтерді.

Қаражүздік қауіп жөніндегі, Столыпиндерге барғыштау арқылы «күресу» жөніндегі екіжүзділік ертегілер жойылсын! Кімде-кім іс жүзінде халыққа бостандық тілесе, кімде-кім іс жүзінде революцияның жеңісін тілесе,— біздің соңымыздан еріп, қаражүздік шайкаға да, кадеттердің жалдаптарына да қарсы шығатын болсын.

Қайткен күнде де біз *өзіміз* шайқасқа барамыз. Біз сіздердің ұсақ-түйек және түкке тұрғысыз ұсақшылдық және бейшаралық қулықтарыңыз бен сұмдықтарыңыздан өзімізді «оқшау қалады» екенбіз деп қорықпаймыз.

Пролетариатпен бірге болып революцияны жақтайсыздар ма — немесе либералдармен бірге болып Столыпинмен келіс сөз жүргізуді жақтайсыздар ма, екеуінің бірін таңдаңыздар, сайлаушылар! екеуінің бірін таңдаңыздар, халықшыл мырзалар! екеуінің бірін таңдаңыздар, меньшевик жолдастар!

Сөйтіп *өз* бағытымызды белгілеп алған соң, біз *қолымызды қусырып отырдық*. Біз басталған жанжалдың ақырын күттік. 6 январьда конференциямыз *біздің* туымызды көтерді. 18 январьға дейін Милюков Столыпиннің аяғына оралды, меньшевиктер, халықшылдар және бейпартиялықтар Милюковтың аяғына оралды.

Бәрі де шатасты. Бәрі де қулық жасады, бәрі де жанжалдасып, жағадан алысты, сөйтіп бас қосып бірге *жүре алмайтын болды.*

Біз қулық жасағанымыз жоқ, қайта пролетариаттың революциялық күресінің анық та ашық қойылған принциптері үшін *жұрттың бәріне ұрыстық.*

Сөйтіп, *күреске қабілеттілердің* бәрі біздің соңымыздан ерді. Солшыл блок фактіге айналды. Революцияшыл пролетариаттың гегемондығы фактіге айналды. *Ол* трудовиктердің *бәрін* және меньшевиктердің, тіпті интеллигенттердің де көбін өз соңынан ертті.

Петербургте болған сайлауда *пролетариаттың* туы тігілді. Барлық партиялардың қатысуымен Россияда бірінші рет болып отырған бұл елеулі сайлаудың нәтижелері қандай болған күнде де,— өз бағытын ұстап отырған, дербес пролетариаттың туы қазірдің өзінде тігіліп отыр. Бұл ту думалық күрестің де, революцияны жеңіске бастайтын күрестің *басқа барлық* түрлерінің де үстінде асқақ желбірейтін болады.

Езілген, жаншылған шаруалар бұқарасын, қобалжыған, солқылдақ, тұрақсыз ұсақ буржуазиялық демократия бұқарасын өз дербестігінің, өз ұстамдылығының, өз бекемдігінің күшімен өз жағына қаратып алу, оны сатқын либерал буржуазиядан бөліп алу, сонымен осы буржуазияны бақылауға алу, сөйтіп халықтың бұқаралық қозғалысына бас болып, қарғыс атқан самодержавиені жаныштап тастау,— буржуазиялық революциядағы социалистік пролетариаттың міндеті, міне, осындай.

1907 ж. 4 (17) февральда жазылған

1907 ж. 11 февральда «Пролетарий» газетінің 13-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

К. МАРКСТІҢ Л. КУГЕЛЬМАНҒА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Неміс социал-демократиялық «Neue Zeit» апталығында жарияланган Маркстің Кугельманға жазған хаттарының толық жинағын жеке кітапша етіп шығарғанда, біз өзімізге орыс жұртшылығын Маркспен және марксизммен жақынырақ таныстыруды міндет етіп қойған едік. Маркстің жазысқан хаттарында, біздің күткеніміздей-ақ, оның өз басының жайларына өте көп орын берілген. Мұның бәрі биограф үшін өте-мөте бағалы материал. Бірақ жалпы қалың жұртшылық үшін, әсіресе Россия жұмысшы табы үшін, хаттардың теориялық және саяси материал келтірілген жерлері бұдан да шексіз маңызды. Нақ бізде, өзіміз бастан кешіріп отырған революциялық заманда, Марксті жұмысшы қозғалысы мен дүние жүзілік саясаттың барлық мәселелеріне тікелей үн қосып отырған адам ретінде суреттейтін материалмен жете танысу өте-мөте ғибрат аларлық нәрсе. «Neue Zeit» редакциясының «ақыл-ойы мен жігері ұлы төңкерістер жағдайында қалыптасқан адамдардың бейнесімен танысу бізді биік көтере түседі», дегені әбден дұрыс. Бұл танысу орыс социалисіне 1907 жылы екі есе қажет, өйткені бұл танысу социалистердің өз елі басынан кешіріп отырған революция атаулының бәріндегі тікелей міндеттері жөнінде толып жатқан аса бағалы нұсқаулар береді. Россия нақ қазір «ұлы төңкерісті» басынан кешіріп отыр. Біршама аласапыран 1860 жылдардағы Маркстің саясаты қазіргі

орыс революциясындағы социал-демократтың саясаты үшін жиі-жиі тікелей үлгі болуға тиіс.

Сондықтан біз Маркстің хаттарындағы теория жағынан аса маңызды жерлерді қысқаша ғана көрсетіп өтпекшіміз,— сөйтіп пролетариат өкілі ретіндегі оның революциялық саясатына толығырақ тоқталмақшымыз.

Марксизмді неғұрлым толық және тереңірек түсіну тұрғысынан қарағанда, 1868 жылы 11 июльде жазылған хат (42 және келесі беттер)[162] өте-мөте көңіл аударарлық. Маркс бұл хатта, құнның «еңбек» теориясы дейтінді *өзінің* қалай түсінетіндігін тұрпайы экономистерге қарсы айтыс түріндегі ескертпелер формасында мейлінше айқын баяндайды. Маркстің құн теориясына қарсы пікірлерді, көбінесе «Капиталды» оқушылардың даярлығы кемдерінің арасында туатын, көбіне-көп «профессорлық», буржуазиялық «ғылымның» орта қол өкілдері қағып алып, іліп әкететін нақ осындай қарсы пікірлерді — Маркс бұл хатта тұжырымды, түсінікті, тамаша айқын талдап шыққан. Маркс бұл хатта құн заңын түсіндіруге өзінің қай жолмен келгенін және қай жолмен түсіндіру керек екенін көрсетеді. Ол өзінің *әдісіне* өзіне қарсы айтылған ең қара дүрсін пікірлерді мысалға келтіре отырып үйретеді. Ол құн теориясы сияқты таза (солай болып көрінетін) теориялық және таза ой саласындағы мәселенің *«шатыстырушылықты мәңгілік етуді»* тілейтін «үстем таптардың мүдделерімен» байланысы бар екенін анықтайды. Сондықтан Маркстің ілімін үйрене бастаған және «Капиталды» оқуға кіріскен адамдардың қайсысына болса да «Капиталдың» алғашқы, неғұрлым қиын тарауларын мұқият оқып үйренумен қатар, жаңағы біз атаған хатты қайта-қайта оқысын деген тілек білдіргіміз келеді.

Хаттардың теориялық жағынан тағы бір ерекше қызықты жерлері — Маркстің түрлі жазушыларға берген бағасы. Маркстің барлық ірі идеялық ағымдарға және оларды талдауға ерекше көңіл бөле отырып, өте тартымды етіп құштарлықпен жазған пікірлерін оқығанда,— данышпан ойшылдың сөйлеген сөзін өз аузынан тыңдап отырғандай сезінесің. Дицген туралы жол-жөнекей айтылған пікірден басқа, прудонистер[163] тура-

лы (17-бет) айтылған пікірлер оқушылардың ерекше назар аударуына тұрарлық. Қоғамдық өрлеу дәуірлерінде «пролетариаттың ішіне» кіруге ұмтылатын, жұмысшы табының көзқарасын қабылдауға және пролетариат ұйымдарының «қатары мен сапында» қажырлы, байсалды жұмыс істеуге қабілетсіз, буржуазиядан шыққан интеллигент «сырбаз» жастар бірнеше сөзбен керемет айқын суреттелген[164].

Дюринг туралы пікірін алсақ (35-бет)[165], бұл пікір Энгельстің (Маркспен бірлесіп) бұдан тоғыз жыл өткен соң жазған «Anti-Dühring» деген атақты кітабының мазмұнын күні бұрын белгілеп қойған тәрізді. Мұны орыс тіліне Цедербаум аударған, бірақ амал не, сөздердің түсіп қалғаны былай тұрсын, қателері бар, тура нашар аударма. Осыған жалғас Тюнен туралы Рикардоның рента теориясына[166] да дәл осындай қатысы бар пікір айтылған. Маркс сол кездің өзінде-ақ, 1868 жылы, «Рикардоның қателерін» үзілді-кесілді теріске шығарған болатын, бұл қателерді ол «Капиталдың» 1894 жылы шыққан үшінші томында біржолата бекерге шығарды, ал енді сол қателерді ревизионистер — біздегі әсіре буржуазияшыл, тіпті «қаражүздік» Булгаков мырзадан бастап «болар-болмас ортодокс» Масловқа дейін — осы күнге дейін қайталап жүр.

Бюхнер туралы пікірі де қызықты, мұнда тұрпайы материализмге және Лангеден («профессорлық» буржуазиялық философияның әдеттегі қайнар көзі!) көшіріп алынған «үстірт мылжыңға» баға береді (48-бет)[167].

Маркстің революциялық саясатына көшейік. Бізде Россияда марксизм туралы белгілі бір мещандық түсінік — ерекше күрес формалары және пролетариаттың арнаулы міндеттері болатын революциялық дәуір бейне бір ауытқушылық, ал «конституция» мен «барып тұрған оппозиция» әдеттегі нәрсе болып табылады-мыс дейтін түсінік социал-демократтардың арасында тым көп тараған. Россияда болып отырғандай революциялық терең дағдарыс қазіргі уақытта дүние жүзінде бірде-бір елде жоқ,— және дәл Россиядағыдай революцияға скептиктік, филистерлік көзқарастағы (марксизмді төмендетіп, тұрпайылайтын) «марксистер» бас-

қа елдердің ешқайсысында да жоқ. Революцияның мазмұны буржуазиялық болғандықтан, буржуазияны революцияның *қозғаушысы* деп, бұл революциядағы пролетариаттың міндеттерін дербес міндет емес, қосалқы міндет деп, революцияға пролетарлық басшылық болуы мүмкін емес деп, бізде үстірт қорытынды жасайды!

Марксизм жөніндегі мұндай үстірт түсінікті Маркс Кугельманға жазған хаттарында қалай әшкерелейді десеңізші! 1866 жылы 6 апрельде жазылған хатты алайық. Маркс бұл кезде өзінің басты еңбегін аяқтаған болатын. Ол 1848 жылғы неміс революциясына бұл хаттан 14 жыл бұрын тұжырымды баға берген болатын[168]. Социалистік революция жақындап қалды деген 1848 жылғы социалистік жалған үмітін ол 1850 жылы өзі теріске шығарды[169]. Сөйтіп саяси жаңа дағдарыстардың өршіп келе жатқанын енді-енді ғана байқай бастаған Маркс 1866 жылы былай деп жазады:

«Габсбургтер мен Гогенцоллерндерді тайдыратын революция болмайынша, істің түптеп келгенде тағы да отыз жылдық соғысқа әкеп соғатындығын біздің филистерлер (әңгіме немістің либерал буржуалары туралы болып отыр) ақыр-аяғында түсінер ме екен...» (13—14-беттер)[170].

Таяудағы революция (ол Маркстің күткеніндей төменнен болмай, жоғарыдан болды) буржуазия мен капитализмді жояды деген жалған үміттің бұл арада көлеңкесі де жоқ. Бұл революцияның тек пруссиялық және австриялық монархияны ғана жоятыны барынша айқын әрі анық айтылып отыр. Және сол буржуазиялық революцияға деген сенімді айтсаңызшы! Социалистік қозғалыстың ілгері басуы үшін буржуазиялық революцияның орасан зор роль атқаратынын түсінген пролетариат күрескерінің революцияға деген құштарлығын айтсаңызшы!

Осыдан үш жыл өткен соң, Францияда Наполеон империясы күйреуі қарсаңында «өте қызықты» қоғамдық қозғалысты атап айта келіп, Маркс *тура шаттана* былай дейді: «алда тұрған жаңа революциялық күреске дайындалу үшін париждіктер өздерінің жуырда өткен

революциясын тағы да әбден тәптештеп зерттей бастауда». Сөйтіп өткенге осындай баға беру үстінде ашылған таптар күресін суреттей келіп, Маркс былай деп қорытынды жасайды (56-бет): «Сөйтіп қазір сиқыршы-тарихтың бүкіл қазаны қайнап жатыр! Бір кезде *бізде де* (Германияда) осыған жетеді!»[171].

Скептицизмнен әлсіреп, педанттықтан мұқалған, тәубешіл сөздерге бейім, революциядан тез қажитын, революцияны жерлеп, оны конституциялық күнделікті күйбеңмен алмастыруды мейрам деп армандайтын россиялық интеллигент марксистердің Маркстен осыны үйренгені жөн болар еді. Пролетарлардың теоретик көсемінен олардың революцияға сене білуді, жұмысшы табын өзінің тікелей-революциялық міндеттерін ақыраяғына дейін қорғауға шақыра білуді, революция уақытша сәтсіздікке ұшырағаннан кейін жасып сары уайымшылдыққа жол бермейтін берік рухта болуды үйренген жөн болар еді.

Марксизмнің педанттары: мұның бәрі этикалық мылжың, романтика, реализмнің жоқтығы! — деп ойлайды. Олай емес, мырзалар, бұл — революциялық теорияны революциялық саясатпен біріктіру, егер мұндай біріктіру болмаса, марксизм брентанизмге[172], струвизмге, зомбартизмге[173] айналып кетер еді. Маркстің доктринасы тап күресінің теориясы мен практикасын айрылмастай біртұтас етіп байланыстырды. Сондықтан, кімде-кім қазіргі барды ақтау үшін объективті жағдайды байыпты көрсететін теорияны бұрмаласа, революцияның әрбір уақытша құлдырауына қарай дереу өзгеріп, «революциялық жалған үмітті» тезірек тастап «нақты» ұсақшылдыққа бой ұруға дейін барса, ол марксист емес.

Маркс ең бейбіт уақыттарда, оның өзі айтқандай, «идиллиялық» тәрізді — «батпақтай былжыраған үмітсіз» («Neue Zeit» редакциясының айтқанындай) уақыттарда революцияның жақын екенін сезе білді және пролетариатты өзінің алдыңғы қатарлы, революциялық міндеттерін түсінуге дейін *көтере* білді. Маркстi филистерше жадағайлап жіберетін біздің орыс интеллигенттері нағыз революциялық кезеңдердің өзінде пролетариатты енжарлық, «ағыстың ыңғайына қарай» елпеңдеп ере

беру саясатына және сәнге айналған либералдық партияның ең тұрлаусыз элементтерін тайсақтай қолдау саясатына үйретеді!

Маркстің Коммунаға берген бағасы — оның Кугельманға жазған хаттарының ең биік шыңы. Ал бұл баға, әсіресе, оны Россияның оң қанаттағы социал-демократтарының тәсілдерімен салыстырған күнде өте-мөте көп пайда келтіреді. 1905 жылғы декабрьден кейін қорғаншақтап: «Қолға қару алмау керек еді» деген Плеханов мәймөңкелеп өзін Маркспен теңеуге дейін барды. Несі бар, 1870 жылы революцияны Маркс те тежеді ғой демекші болды.

Иә, Маркс *те* революцияны тежеген болатын. Алайда Плехановтың өзі келтіріп отырған, Плеханов пен Маркстің арасындағы осы салыстыруда қаншалықты түпсіз тұңғиық бар екені ашылып отырғанын қараңызшы.

Плеханов 1905 жылғы ноябрьде, бірінші орыс революциясының толқыны ең жоғары дәрежеге көтерілерден бір ай бұрын, пролетариатты үзілді-кесілді сақтандырмағаны былай тұрсын, қайта, керісінше, *қаруды меңгеріп алудың және қаруланудың* қажеттігі туралы ашық айтты. Ал бір айдан кейін күрес бұрқ ете түскен кезде,— Плеханов күрестің маңызына, оқиғалардың жалпы барысындағы оның роліне, оның бұрынғы күрес формаларымен байланыстарына мүлдем талдау жасамастан: «Қолға қару алмау керек еді» деп дереу райдан қайтқан интеллигенттің сыңайын танытуға асықты.

Маркс *1870 жылғы сентябрьде,* Коммунаға дейін *жарты жыл бұрын,* француз жұмысшыларына тікелей ескертіп: көтеріліс жасау *ессіздік* болады, деді ол Интернационалдың белгілі арнау хатында[174]. Қозғалыс 1792 жылдың рухында болуы мүмкін дейтін ұлтшылдық жалған үмітті ол *күн ілгері* ашып көрсетті. «Қолға қару алмау керек» *дегенді ол оқиғаның соңынан емес,* көптеген айлар бұрын айта білді.

Ал енді, өзінің сентябрьдегі мәлімдемесі бойынша, *үмітсіз* деп есептеген ісі 1871 жылдың мартында жүзеге аса бастаған кезде, ол өзін қалай ұстады десеңізші? Мүмкін, Маркс мұны (декабрьдегі оқиғаларды пайдаланған Плеханов сияқты) тек өзінің жауларын, Комму-

наны басқарған прудонистер мен бланкистерді «мұқатуға» ғана пайдаланған болар? Мүмкін, ол бақылаушы әйел сияқты: мен сіздерге айтқан болатынмын, мен ескерткен болатынмын, міне сіздердің романтикаңыз, сіздердің революциялық сандырағыңыз енді осыған әкеп соқты деп күңкілдеген болар? Мүмкін, ол, Плехановтың декабрьдегі күрескерлерге өзіне-өзі мәз болған филистерше: «Қолға қару алмау керек еді» деп білгішсінгені сияқты, коммунарларды ақыл айтып шығарып салған болар?

Жоқ. Маркс 1871 жылы 12 апрельде Кугельманға *шаттанып* хат жазады,—ол хатты біз әрбір орыс социал-демократының, әрбір сауатты орыс жұмысшысының төріне қуана-қуана іліп қойған болар едік.

1870 жылы сентябрьде көтерілісті ессіздік деп есептеген Маркс 1871 жылы апрельде, халықтық, бұқаралық қозғалысты көрген соң бүкіл дүние жүзілік-тарихи революциялық қозғалыстың бір қадам алға басуы болып табылатын ұлы оқиғаларға қатысқан адам ретінде көтеріліске орасан зор көңіл бөледі.

Мұның өзі,— дейді ол,— бюрократиялық-әскери машинаны бір қолдан екінші қолға беру үшін жасалған әрекет емес, оның тас-талқанын шығару үшін жасалған *әрекет*. Сөйтіп, ол прудонистер мен бланкистер бастаған *«қаһарман»* Париж жұмысшыларын шын ықыласымен дәріптейді. «Бұл париждіктердің оралымдылығы, тарихи инициативасы, жан сала қимылдау қабілеті неткен тамаша десеңізші!»,— деп жазады ол (88-бет)... «Тарих мұндай ерлікті әлі күнге дейін білген емес».

Бұқараның *тарихи инициативасын* Маркс бәрінен де жоғары бағалайды. Шіркін-ай, біздің орыс социал-демократтары орыс жұмысшылары мен шаруаларының 1905 жылғы октябрь мен декабрьдегі *тарихи инициативасына* баға беруді Маркстен үйренер ме еді!

Сәтсіздікті жарты жыл бұрын болжап білген асқан ғұлама ойшылдың бұқараның *тарихи инициативасы* алдында бас июі бар да, және де: «Қолға қару алмау керек еді» дейтін қан-сөлсіз, безерген, педанттық сөз бар! Арасы жер мен көктей емес пе?

Сөйтіп, Лондонда жер ауып жүріп-ақ, өзіне тән жалынды жігермен, құштарлықпен бұқараның күресімен бірге болған Маркс осы күреске *қатысушы* ретінде *«аспанға атой салуға да тайынбайтын»* «асқан өжет» париждіктердің тікелей әрекеттерін сынауды да қолға алады.

1906—1907 жылдары Россияда болған революциялық романтиканы жерден алып, жерге салып жүрген біздің марксистерден шыққан қазіргі «шыншыл» ақылгөйлер сол кезде болса Маркстi қандай күлкі еткен болар еді десеңізші! *Аспанға* атой салу «әрекеті» алдында бас иген *материалисті, экономисті,* утопия душпанын жұрт қандай мазақ қылар еді десеңізші! Бүлікшілдік тенденциялар жөнінде, утопизм және тағы сол сияқтылар жөнінде, аспанға шапшыған қозғалысқа мұндай баға беру жөнінде қүндақтағы адам атаулының бәрі қаншама көз жасын төгіп, қаншама мүсіркеген мысқыл немесе аяныш білдірген болар еді десеңізші!

Ал революциялық күрестің жоғарғы формаларының *техникасын* талқыға салудан қорқатын шабақтардың ақылгөйсуіне Маркс бой ұрған жоқ. Ол көтерілістің нақ сол *техникалық* мәселелерін талқылайды. Соғыс әрекеттері Лондонның дәл түбінде болып жатқандай-ақ, Маркс қорғану керек пе немесе шабуыл жасау керек пе?— дейді. Сөйтіп ол: сөзсіз шабуыл жасау керек еді, *«дереу Версальға аттану керек еді...»* деп түйеді.

Бұл ұлы қан төгіс болған май айынан бірнеше апта бұрын, 1871 жылы апрельде жазылған...

Аспанға атой саламыз деп ессіздік жасаған (1870 жылғы сентябрь) көтерілісшілердің «дереу Версальға аттануы керек еді».

Жеңіп алған бостандықтарды тартып алуға жасалған алғашқы қастандықтан күшпен қорғану үшін 1905 жылы декабрьде «қолға қару алмау керек еді»...

Иә, Плехановтың өзін Маркске теңеуі тегін емес екен!

«Екінші қате» — дейді Маркс өзінің *техникалық* жағынан сынауын жалғастыра келіп,— «Орталық Комитет» *(әскери бастықтар,*— бұған назар аударыңыздар,— ұлттық гвардияның Орталық Комитеті туралы сөз бо-

лып отыр) «Орталық Комитет өз өкілдігінен *тым ерте* бас тартты...»

Маркс *басшыларды* мезгілсіз көтеріліс жасаудан сақтандыра білді. Бірақ ол, Бланки мен Прудонның жалған теориялары мен қателеріне қарамастан, аспанға атой салушы *пролетариатқа* іс жүзінде кеңес беруші ретінде, *бүкіл* қозғалысты *жоғарғы сатыға* көтеретін бұқараның *күресіне* қатысушы ретінде қарады.

«Париж көтерілісі қайткен күнде де,— деп жазады ол,— тіпті оны ескі қоғамның қасқырлары, доңыздары және арам төбеттері жаныштағанның өзінде де, ол партиямыздың июнь көтерілісінен бергі жердегі ең даңқты ерлік ісі болып табылады»[175].

Сөйтіп, Маркс Коммунаның *бірде-бір* қатесін пролетариаттан жасырмастан, бұл *ерлікке* арнап шығарма жазды, бұл шығарма *осы уақытқа дейін* «аспан» үшін айқасқа ең жақсы басшылық болып келеді,— ал либерал және радикал *«доңыздар»* үшін ең қорқынышты құбыжық болып келеді[176].

Плеханов декабрьге арнап «шығарма» жазды, онысы кадеттердің інжіліне айналды деуге болады.

Иә, Плехановтың өзін Маркске теңеуі тегін емес екен.

Кутельман, сірә, Маркске жазған жауабында істің үмітсіз екенін айтып, романтикаға қарсы реализмді мегзейтін әлдебір күдікті аңғартатын сөздермен жауап қайырған болуы керек,— қайткенде де, ол Коммунаны — *көтерілісті* 1849 жылғы 13 июньде Парижде болған бейбіт демонстрациямен салыстырады.

Маркс Кугельманға дереу (1871 жылы 17 апрельде) қатты тойтарыс беріп тастады.

«Егер күрес тек қатесіз-қолайлы мүмкіншіліктер болған күнде ғана жүргізілетін болса,— деп жазады ол,— *дүние жүзілік тарих жасау, әрине, өте ыңғайлы болған болар еді».*

Маркс 1870 жылғы сентябрьде көтерілісті ессіздік деп атады. Бірақ *бұқара* көтеріліс жасаған кезде, Маркс кеңседе отырып нұсқау бермей, бұқарамен бірге болғысы келеді, күрес үстінде, бұқарамен бірге үйренгісі келеді. Ол мүмкіншіліктерді алдын ала *дәлме-дәл толық* есепке алуға әрекеттену шарлатандық немесе үмітсіз

педанттық болатындығын түсінеді. Ол жұмысшы табының дүние жүзілік тарихты ерлікпен, жанқиярлықпен, инициативтілікпен *жасап отырғанын бәрінен де жоғары* қояды. Маркс бұл тарихқа «алдын ала болжау қиын емес еді... қару алмау керек еді» деп көкитін мещан интеллигенттің тұрғысынан қарамай, қайта мүмкіншіліктерді алдын ала *қателеспей* болжауға мүмкіндігі болмаса да тарихты өздері *жасап отырғандардың* тұрғысынан қарады.

Маркс *бұқараның* тіпті үмітсіз іс үшін аянбай күресуінің өзі сол бұқараны бұдан былай тәрбиелеп, оны *келесі* күреске даярлау үшін қажет болатын кезеңдердің тарихта болып тұратынын да бағалай білді.

Маркстен болашақтың іргесін қалауды үйрену үшін емес, тек өткенге баға беруді ғана алу үшін одан әншейін босқа цитат келтіруге әуес біздегі қазіргі жалған марксистерге мәселенің мұндай *қойылысы* мүлдем түсініксіз, принцип жағынан тіпті жат. Плеханов 1905 жылғы декабрьден соң *«тежеу...»* міндетіне кіріскен кезде бұл туралы ойлаған да жоқ.

Бірақ Маркс, өзінің 1870 жылы сентябрьде көтерілісті ессіздік деп санағанын ешбір ұмытпастан, нақ осы мәселені қойып отыр.

«Буржуазияның версальдық сұрқиялары,—деп жазады ол,— париждіктердің алдына альтернатива қойды: не күреске шақыруды қабылдау керек, не күрессіз берілу керек. Соңғы жағдайда *жұмысшы табының берекесі қашуы* басшылардың қаншасының болсын өлгенінен гөрі *анағұрлым зор* бақытсыздық болған болар еді»[177].

Маркстің Кугельманға жазған хаттарында берілген пролетариатқа лайықты саясаттың сабақтарын қысқаша шолуды біз осымен аяқтаймыз.

Россия жұмысшы табы өзінің «аспанға атой салуға» қабілеттілігін бір рет дәлелдеді және бұдан былай да талай рет дәлелдейді.

5 февраль, 1907 ж.

1907 ж. Петербургте «Новая дума» баспасы шығарған кітапшада басылған

1907 ж. шыққан кітапшаның тексті бойынша, 1920 ж. шыққан кітапшаның текстімен салыстырылып басылып отыр

ЕКІНШІ ДУМА ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ

Петербург, 7 февраль, 1907 ж.

Оқиғалардың тез дамып отырғандығы соншалық, мұны тіпті революциялық шапшаңдық деп атамауға болмайды. Бұдан төрт күн бұрын Петербургтегі сайлау науқаны* жөнінде біз былай деп жазған болатынбыз: саяси топтасу қазірдің өзінде айқындалып отыр — реакцияның зорлықтарына қарсы, либералдардың екіжүзділігіне қарсы аяусыз күрес туын жалғыз-ақ революциялық социал-демократия дербес те батыл, ерлікпен жоғары көтеріп отыр. Ұсақ буржуазиялық демократия (жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық бөлегін де осыған қосқанда) біресе либералдарға, біресе революцияшыл социал-демократтарға қарай бұрылып, ауытқып жүр.

Бүгін Петербургте сайлау. Бұл сайлаудың нәтижелері қоғамдық күштердің көрсетілген осы ара қатынасын өзгерте алмайды. 524 мүшенің 217-сін, яғни бестен екісінен көбірегін берген кешегі Дума сайлауы екінші Думаның құрамын айқын суреттейді, біздің көз алдымызда қалыптасып жатқан саяси жағдайларды айқын суреттейді.

Істің жайын, әлбетте, кадеттердің пайдасына қарай әсірелеп көрсетуге бейім «Речьтің»[178] мәліметтері бойынша, Думаның сайланатын 205 мүшесі былайша бөлінеді: оңшылдар — 37, ұлтшыл-автономистер[179] — 24, кадеттер — 48, прогрессистер мен партияда жоқтар —

* Қараңыз: осы том, 397—402-беттер. *Ред.*

16, партияда жоқ солшылдар — 40, халықшылдар — 20 (13 трудовик, 6 эсер және 1 энес) және социал-демократтар — 20.

Бұл көріп отырғанымыз, бұрынғыға қарағанда, сөз жоқ, анағұрлым солшыл Дума. Егер бұдан былайғы сайлау нақ осындай нәтижелер беретін болса, онда Думаның 500 мүшесі мынадай ірі цифрлар бермек: оңшылдар — 90, ұлтшылдар — 50, кадеттер — 125, прогрессистер—35, партияда жоқ солшылдар—100, халықшылдар мен социал-демократтар — 50-ден. Әрине, бұл — шамамен алғандағы есеп, мұны біз айқынырақ болуы үшін ғана істеп отырмыз, алайда қорытынды ірі цифрлардың дұрыстығына қазірде шүбәлануға бола қояр ма екен. Бестен бір бөлегі — оңшылдар; бестен екісі — баяу либералдар (либерал-монархияшыл буржуа, бұған ұлтшылдар, кадеттер қосылады және, бәрі болмағанымен, прогрессистердің бір бөлегі қосылады); бестен екісі — солшылдар (мұның ішінде бестен бірі партияда жоқтар, бестен бірі — партияда барлар, халықшылдар мен социал-демократтар, бұлар теңбе-тең),— алғашқы мәліметтерге қарағанда екінші Думаның құрамы, міне, осындай болып айқындалып келеді.

Бұл не деген сөз?

Бүкіл Европадағы ең реакцияшыл, қаражүздік үкіметтің ең тағы, ең арсыз озбырлығы деген сөз. Бүкіл Европадағы ең реакциялық сайлау заңы деген сөз. Ең артта қалған елде халық өкілдігінің Европадағы ең революциялық құрамы болып отыр деген сөз!

Бұл көзге ұратын қайшылық қазіргі бүкіл орыс өмірінің негізгі қайшылығын мейлінше айқын көрсетеді, біздің бастан кешіріп отырған кезеңнің барынша революциялық кезең екендігін көрсетеді.

1905 жылғы 9 январьдағы ұлы күннен бері революцияның екі жылы өтті. Біз құтырынған реакцияның ұзақ әрі ауыр дәуірлерін бастан кешірдік. Біз бостандықтың қысқа «жарқын кезеңдерін» бастан кешірдік. Біз стачкалық және қарулы күрестің халықтық екі ұлы дүмпуін бастан кешірдік. Біз бір Думаны және екі рет қайталанған сайлауды бастан кешірдік, бұлар партиялық топтасуды біржола айқындап берді, таяуда ғана

ешқандай саяси партиялар туралы түсінігі де болмаған халықты үзілді-кесілді жіктеп топқа бөлді.

Біз екі жыл ішінде азаттық қозғалысының біртұтастығына біреулердің аңқаулық, енді біреулердің — залымдық сенімін жойдық, бейбіт, конституциялық жол жөніндегі бірсыпыра жалған үміттерді жойдық, күрестің бұқаралық формаларынан тәжірибе алдық, күрестің ең аяусыз және шұғыл тәсілдеріне, ақылға сиярлық ең соңғы тәсілдеріне дейін бардық, халықтың бір бөлегінің екінші бөлегіне қарсы қарулы күресіне дейін бардық. Буржуазия мен помещиктер өшігіп, жауыға түсті. Тоғышар қажыды. Россия интеллигентінің ұнжұрғасы түсіп, қожырап кетті. Либерал сөзуарлар мен либерал сатқындар, кадеттер, партиясы бас көтеріп, революциядан қажығандықты жалдаптықпен пайдаланды, өзінің адам айтқысыз сұрқиялық жасауға фамусовша әзір тұрғанын өзінің гегемондығы етіп көрсетпекші болды.

Ал төменде, пролетариат бұқарасы мен күйзелген, аш шаруалар бұқарасының қалың ортасында, революция ілгері баса берді, іргеден дабырасыз, білдіртпей кеулей қаза отырып, азамат соғысының дүбірімен ең маубас ұйқышылдарды оята отырып, «бостандық» пен айуандық озбырлықтың, тыныштық пен парламенттік жаңданудың, сайлаудың, митингілердің, «одақтық» жұмыс қарбаласының қат-қабат ауысып отыруы арқылы ең жайбасарлардың өзін сілкілеп, алға баса берді.

Осының нәтижесінде — бұрынғыдан да солшыл жаңа Дума пайда болды, ал алдағы уақытта — жаңа, бұрынғыдан да қаһарлы, анағұрлым күмәнсыз, *революциялық* дағдарыс болмақ.

Біздің алдымызда конституциялық дағдарыс емес, нақ революциялық дағдарыс тұрғанын қазір тіпті соқырлар да көруге тиіс. Күмән болуы мүмкін емес. Орыс конституциясының күні санаулы. Жаңа шайқас сөзсіз жақындап келеді: не революцияшыл халық жеңіп шығады, не бірінші Дума сияқты екінші Дума да абырой-атақсыз құриды, ал сонан соң сайлау заңы жойылып, sans phrases* қаражүздік самодержавие қайта оралады.

* — сылдыр сөзі жоқ. *Ред.*

Біздің осы таяуда ғана болған «теориялық» таластарымыз жаңа шығып келе жатқан революциялық күн көзінің алғашқы сәулесі түскен соң-ақ қандайлық болмашы нәрсе болып қалды десеңізші! Бейшара, үрейі ұшқан, жасқаншақ интеллигенттің сайлаудағы қаражүздік қауіп туралы байбаламы кісі күлерлік емес пе? Біздің *ноябрьде* («Пролетарийдің» 8-номерінде) айтқан: «сол жақтан төнген қауіптен өздерін құтқарып қалу үшін, қаражүздік қауіп туралы өздерінің байбаламымен кадеттер меньшевиктерді өз айтқанына көндіріп, мұрындықтап жетелеп жүр» * деген сөздеріміз тамаша расталған жоқ па?

Революция үйретеді. Революция мінезінің тұрақсыздығынан немесе ақылы жетпегендіктен ылғи ауытқи беретін адамдарды күшпен революциялық жолға қайта салады. Меньшевиктер кадеттермен блок жасасуды, «оппозицияның» бірлігін, «Думаны тұтас нәрсе ретінде пайдалану» мүмкіншілігін көздеп еді. Бірыңғай либералдық Дума құру үшін олар мүмкін нәрселердің бәрін (Петербургтегі сияқты партияны жікке бөлуге дейін барып, мүмкін емес нәрселердің де бәрін) істеп бақты.

Бұдан түк шықпады. Революция күдікшіл-оппортунистердің ойлағанынан гөрі күштірек. Кадеттер гегемон болған күнде революция тек өлексеге айналар еді, большевиктік социал-демократия гегемон болған күнде ғана революция жеңе алады.

«Пролетарийдің» 8-номерінде (1906 жылғы ноябрь) меньшевиктермен айтыста біз қалай суреттеген болсақ, Дума дәл сондай болып шықты. Мұның өзі — арасы кереғар жақтардың Думасы, революцияның тасқыны арнасын шайып кеткен баяу, тап-түйнақтай әрі-сәрілердің Думасы, Крушевандар мен революцияшыл халықтың Думасы. Большевиктік социал-демократия бұл Думада өзінің туын жоғары көтеріп, ұсақ буржуазиялық демократтар бұқарасына,—Петербург сайлауында айтқан сөзін қайталап,— былай дейді: Столыпинмен ауыз жаласып кадеттік жалдаптық жасау мен халық бұқарасы қатарында бірлесіп күрес жүргізудің бірін таңдаңыздар!

---

* Қараңыз: осы том, 130-бет. *Ред.*

Біз, бүкіл Россияның пролетариаты, осы күреске аттанамыз. Халық бостандық алсын, шаруалар жер алсын дегендердің бәрі — бізге ереді!

Желдің басқа жақтан соққандығын, саяси барометрдің тез төмен түсе бастағанын кадет әлден-ақ сезіп отыр. Қайдағы бір Милюковтардың соншалықты долдапып, тіпті жалаңаштана шешініп тастап, көшедегі «қызыл шүберек» туралы (Столыпиндердің кабинеттерінде бұл субъектілер «қызыл шүберекті» ылғи жасырын балағаттап келген болатын!) байбалам салғаны тегін емес. Бүгінгі «Речь» (7 февраль) саяси барометрдің «құбылуы» туралы, үкіметтің толқуы туралы — әлде «министрліктің орнынан түсуі екі арасында, әлде мерзімі қазірдің өзінде 14-іне белгіленіп отырған нендей бір пронунциаменто, қаражүздік-әскери қырғынның екі арасында» толқуы туралы текке айтып отырған жоқ. Сөйтіп, Россия либералының дәрмені кеткен құр сүлдер жапы күйзеліп: «стихиялық рефлекстер саясаты» тағы да келгені ме, деп қайғырады...

Солай, бұлдыр заманның бұралқы батырлары! *Тағы да* революция келе жатыр. Халықтың стихиялық ашуызасының таяныл келе жатқан толқынын біз қуанышпен құптаймыз. Бірақ біз жаңа күрестің стихиялық сипаты неғұрлым аз болып, неғұрлым саналы, ұстамды, табанды болуы үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейміз.

Үкімет өзінің зорлық істеу, ойран салу, айуандық жасау, алдау және топастандыру машинасының барлық тетіктерін әлдеқашаннан-ақ іске қосқан. Ал қазір тетіктердің бәрі тозды, селолар мен қалаларда артиллерияны қолдануға дейінгінің бәрі де істелді. Ал халық күштерінің әлсіремегені былай тұрсын, қайта дәл қазір барған сайын кеңейіп, қуаты артып, ашықтан-ашық және батыл топтасуда. Қаражүздік самодержавие және — солшыл Дума бар. Сөзсіз революциялық сипаттағы жағдай туды. Нағыз қырқысқан күрестің болмай қоймайтындығында сөз жоқ.

Ал күрес сөзсіз болмай қоймайтыны себепті де, бізге оны жеделдетіп, бастырмалатып, қамшылап жатудың керегі жоқ. Мұның қамын Крушевандар мен Столыпин-

дер-ақ жасай берсін. Біздің жұмысымыз — пролетариат пен шаруалардың алдында шындықты мейлінше айқын, тура, аяусыз-ашық *әшкерелеу,* оларға келе жатқан дауылдың маңызын түсіндіру, олардың жауды өлімге бас тігіп шыққан адамдай ұйымшылдықпен, байсалды сабырмен — алғашқы оқ атылысымен-ақ өзі де атылып жанталас шабуылға шығатын окоптағы солдатша өжеттікпен қарсы алуына көмектесу.

«Алдымен сендер атыңдар, буржуа мырзалар!» — деген болатын Энгельс 1894 жылы неміс капиталына[180]. «Алдымен сендер атыңдар, Крушеван мен Столыпин, Орлов пен Романов мырзалар!» — дейміз біз. Біздің ісіміз — қаражүздік самодержавиенің өзі бізге бас салып ұмтылған кезде, жұмысшы табы мен шаруалардың оны *жаныштап тастауына* көмектесу.

Сондықтан — мезгілі жетпей тұрып көтеріліске шақырып ешқандай *ұран салу* болмасын! Халыққа арнап ешқандай салтанатты манифест жазылмасын. Ешқандай пронунциаменто, ешқандай «жар салу» болмасын. Бізге қарай дауылдың өзі төніп келеді. Қару кезенудің керегі жоқ.

Сөздің тура мағынасында да, екінші мағынасында да айтқанда — *қаруды сайлай беру керек.* Ең алдымен және бәрінен де бұрын топтасқан, өзінің саналылығымен, өзінің батылдығымен мықты пролетариат армиясын даярлау керек. Шаруалар арасында — деревняда ашығып отырған шаруалар арасында да, өткен жылы күзде өздерінің ұлдарын әскер қызметіне жіберіп, ол ұлдары революцияның ұлы жылын басынан кешірген шаруалардың арасында да — біздің үгіт және ұйымдастыру жұмысымызды он есе күшейту керек. Әр түрлі идеологиялық әдістермен революцияны бүркемелеу, боямалау әрекеттерінің бәрін болғызбау керек, әр түрлі шүбәланушылық пен солқылдақтықты жою керек. Халыққа барынша түсінікті етіп, жай ғана, байсалды, байыпты түрде, барынша естірте, анық етіп: күрес болмай қоймайды деу керек. Пролетариат шайқастан таймайды. Бостандық үшін болатын бұл шайқасқа пролетариат бәрін де береді, өзінің барлық күшін салады. Орыстарға

бостандық әперу тағдыры шешілетіндігін күйзелген шаруалар білетін болсын, солдаттар мен матростар білетін болсын.

«Пролетарий» № 13,
11 февраль, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ ЖҰМЫСШЫ КУРИЯСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Жұмысшы куриясындағы сайлаудың барысы туралы анық материалдарды жинау ісінің шабандығына қарамастан (большевиктер сұрақ листогын басып шығарды және таратты), сайлаудың жалпы сипаты анықталып қалды.

Эсерлер біздің күткенімізден де гөрі күшейгені күмәнсыз. Мұны тіпті меньшевиктер де мойындап отыр («Наш Мир»[181] № 1). Губерниялық жұмысшы куриясында олар 10 сайламшының төртеуіне ие болды. Қалалық жұмысшы куриясынца оларды социал-демократтар жеңіп шығып, 14 сайламшыға түгелдей ие болды, алайда эсерлердің кандидаттарына берілген дауыстардың саны едәуір болып шықты (дауыс берген 269 адамның ішінен эсерлерге 110—135 дауыс, социал-демократтарға 145—159 дауыс берілді).

Сонан соң. Эсерлердің бізді әсіресе ең ірі заводтарда жеңіп кеткен фактісін тіпті ешкім бекер демейді.

Меньшевиктер біздің сәтсіздікке ұшырағанымыздың себептерін анықтау үшін неғұрлым маңызды *мынадай* фактіні, атап айтқанда: *эсерлердің көбінесе меньшевиктерді жеңген* фактісін бекер дейді.

«Наш Мирдің» 1-номерінде жұмысшы куриясы бойынша сайлау туралы жазылған арнаулы мақалада олар бұл мәселе туралы әдейі *үндемейді,* социал-демократияның фракциялық күрестен әлсірегендігін екіжүзділікпен сылтау қылады, бұл фракциялык күресті *жікке бөлінуге* дейін жеткізген және оны өз тактикасында, ал-

дыңғы қатарлы жұмысшыларды *сыртқа тепкен* «кадетшілдікке» дейін жеткізген меньшевиктердің нақ өздері екенін бүркемелейді.

Алайда қазіргі жиналып алынған мәліметтердің өзі біздің алғашқы қорытындымыздың («Пролетарий» № 12),— атап айтқанда, эсерлер *меньшевиктерді* жеңді* деген қорытындымыздың әбден дұрыс екендігін барған сайын айқын *дәлелдеп* отыр.

Нева ауданы жөнінде бұл «Пролетарийдің» 12-номерінде жеке заводтар бойынша жарияланған деректермен дәлелденген болатын. «Наш Мирдің» 1-номерінде мұның керісінше айтылған құрғақ мәлімдеме — жай тантығандық.

Москва ауданы жайында мұны осы номерде басылып отырған корреспонденция[182] дәлелдейді.

Выборг ауданы жөнінде меньшевиктердің өздері («Наш Мир» № 1) мынадай цифрлар келтіреді: *қала* бойынша (меньшевиктер) 17 социал-демократ, 12 эсер және анықталмаған екі адам сайланған. Ауданның бірыңғай большевиктер ғана жұмыс істеген *губерниялық* бөлегінде 7 социал-демократ сайланып, бірде-бір эсер өтпеген.

Бұл цифрлар әлі де толық дәлелді емес. Алайда олар жалпы алғанда біздің меньшевиктерді нақ эсерлер талқандады деген қорытындымызды *толық дәлелдейді.* «Наш Мирдің»: Выборг ауданының губерниялық бөлегінде эсерлер дауысқа мүлде түскен жоқ дегенге, «демек, ешқандай бәсеке болған жоқ» дегенге сүйенуге әрекет етуі мүлде негізсіз нәрсе. Біріншіден, мынадай сұрақ туады: С.-Петербургтің нақ осы төңірегінде эсерлердің дауысқа түспей, басқа жерлерінде дауысқа түсуінің себебі не? Бүкіл алдын ала жүргізілген жұмыс арқылы бұл арада эсерлердің «бәсекесі» күні бұрын жоққа шығарылғандығы осы жерде роль атқармады ма екен? Екіншіден, кімнің кандидат болғандығы туралы анық мәліметтерді меньшевиктер бермей отыр. Заводтар бойынша мәліметтерді де олар бермей отыр. Үшіншіден, *нақ* осы Выборг ауданында эсерлер меньшевиктерді

---

* Қараңыз: осы том, 373-бет. *Ред.*

олардың «кадетшілдігі» үшін *жиналыстарда* соққылағанын біз газеттерден білеміз.

Мысалы, 24 январьдағы «Речь» Нобель үйінде (Нюстадт көшесі, 11) 21 январьда болған жиналыс туралы хабарлайды. «Речьтің» басқан есебі бойынша, социал-демократ Гурвич сөйлеген, ол барып тұрған солшыл партияларды Думаға бойкот жасады деп кінәлаған (солшылдардың жиналысында кадеттерге көрсетілген осы көмек туралы «Речь» курсивпен жазады!). Гурвич халықшылдарды *«ұсақ саудаға»* салындыңдар, сөйтіп кадеттермен блок жасасуды болғызбай тастадыңдар деп кінәлады. Гурвичке жауап бере келіп, халықшыл Бикерман *«өзінен бұрын сөйлеген шешеннің ұсақ саудаға салынушылық жөніндегі мәлімдемесін — жала»* деп атаған. Халықшыл Смирнов меньшевик Гурвичтің «кадеттен ешбір айырмасы жоқ» екенін дәлелдеуге тырысып баққан. Смирнов кадет Гредескулдің Гурвичті жұрт алдында *«мақтағанын»* дәлелге келтірген.

«Речьтің» есебі осындай. Эсерлер меньшевикті жұмысшылар алдында соққылағанда, меньшевиктердің нақ кадеттерге көзқарасы үшін соққылағаны осыдан айқын көрінеді.

Эсерлердің Нева, Москва және Выборг аудандарындағы жеңісі жұрттың бәрінің көзіне ерекше түсті. Бұл жеңістің себебі қазір нақ осы аудандар бойынша анықталып отыр: социал-демократ оппортунистер алдыңғы қатарлы пролетариаттың алдында социал-демократияның беделін түсіріп жүр.

Бірақ біз оңшыл социал-демократтардың қырсығынан губерниялық жұмысшы куриясында 10 орынның 4-нен айрылып қалсақ, оның есесіне біз қалалық жұмысшы куриясында жағдайды түзеттік.

Кейіннен көрініп отырғанындай, біз жағдайды түзеткенде, *атап айтқанда,* барлық уәкілдердің алдында оппортунистік социал-демократияның тактикасын емес, революциялық социал-демократияның тактикасын ашып көрсету арқылы түзеттік.

Қала бойынша жұмысшы уәкілдердің саны 272 болды. Бұлардың ішінде социал-демократтар және оларға тілектестер 147, яғни жартысынан көбісі деп есептелді.

Қалғандарының біразы жарым-жартылай ғана айқындалған эсерлер (54), жарым-жартылап айқындалмаған эсерлер (55), партияда жоқтар (6), 1 *оңшыл* және 9 трудовик, «солшылдар» (бұлардың екеуі кадет) және т. с.

Петербург комитеті уәкілдер арасында мейлінше қызу жұмыс жүргізді. Жұрттың бәрі ынта қойып отырған С.-Петербургтегі сайлау туралы мәселе, тактика туралы мәселе — кадеттермен бірге болу керек пе, әлде кадеттерге қарсы болу керек пе деген мәселе талқыға салынды. РСДРП Петербург комитетінің өкілдері уәкілдерге революциялық социал-демократияның позициясын түсіндірді, меньшевиктер өз тактикасын қорғап сөйледі.

28 январьда барлық партиялар уәкілдерінің *шешуші* жиналысы болды. 200—250 адам қатысты. Көпшілік дауыспен қарар қабылданды, 10—12 адам қарсы болды; бұл *большевиктік тактиканы* бүтіндей мақұлдаған, *солшыл блокты* қолдауды талап еткен *және меньшевиктерге тікелей қарсы*, кадеттерді *«жасырын»* қолдауға қарсы бағытталған қарар болды.

Бұл қарардың тексті мынадай:

«1) қаражүздік және кадеттік тізімдерге қарама-қарсы, қалалық курия бойынша социал-демократтар, эсерлер, трудовиктер және энестер қазірдің өзінде ұсынып отырған солшыл тізімдердің жеңіп шығуының төтенше саяси маңызы бар екенін,

2) солшыл тізімдерді барлық солшыл партиялар жұмыла қолдағанда ғана мұндай жеңіс мүмкін болатынын ескере келіп:

әр түрлі фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларынан сайланған уәкілдер жиналысы барлық солшыл партияларға ортақ солшыл тізімдерді қолдауды ұсынады және қандай жағдайда болса да, Петербург қаласының бірде-бір ауданында ешқандай жеке тізім ұсынбауды және жасырын түрде болса да кадеттерге қолдау жасамауды ұсынады.

Уәкілдер жиналысы, бұқараның пікіріне сүйене отырып, социал-демократ меньшевик жолдастар солшылдардың келісіміне қосылып, Петербургтегі сайлауда солшыл тізімнің жеңіп шығуына көмектесетін болсын деген тілек білдіреді».

Сонымен, меньшевиктер губерниядан бөліп тастағысы келген Петербург *қаласында бүкіл* пролетариат өкілдері *меньшевиктер тактикасын айыптады!*

Петербургте большевиктік тактикаға тілектес саналы жұмысшылардың басым болып, осы басымдығының социал-демократиялық конференцияның өзінде-ақ анық байқалғанын уәкілдердің осы шешімі *біржолата дәлелдеді.*

Жұмысшы бұқарасының өкілдері кадеттерді «жасырын» қолдау тактикасын, солшыл блок жөнінде *штрейкбрехерлік* жасау тактикасын тастаңдар деп, меньшевиктерді *28 январьда* ақырғы рет шақырды.

Бірақ меньшевиктер сонын өзінде де пролетариаттың еркіне бағынбады. 1 февральда «Речьте» олардың үндеуінен үзінділер басылып шықты, бұл үндеуде олар солшыл блоктың жолына тосқауыл қоймақ болды. Солшыл блоктың *барлық* өкілдері меньшевиктердің шарттарын (сайламшылар үшін «қимыл бостандығы», яғни кадеттер жағына шығып кету бостандығы болсын! — деген шарттарын) қабылдауға болмайтындығын прогрессистерге түсіндіргеннен кейін іле-шала Коломна ауданының партияда жоқ прогрессистері *29 январьда түннің бір уағында* меньшевиктермен жасалған өздерінің қағаз жүзіндегі шартын *бұзды.*

30 январьда РСДРП-ға жататын және осы партияға тілектес жұмысшылардан сайланған уәкілдердің жиналысы өтті. Мұндай уәкілдер көпшілік — 98 адам болды. РСДРП Петербург комитетінің өкілі В. жолдас болашақ социал-демократ сайламшылардың Мемлекеттік дума мүшелерін сайлағанда Петербург комитетінің директиваларына бағынуы жөніндегі мәселені қарауды ұсынды. Ол былай деп көрсетті: бұл мәселе қалыпты жағдайларда ешбір күмән немесе алауыздық туғыза алмаған болар еді, өйткені Петербург комитетінің директивалары, әрине, Петербург ұйымының барлық мүшелері үшін міндетті. Бірақ қазіргі уақытта ұйымның едәуір бөлегі, меньшевиктердің көпшілігі,— бөлініп шығып, сайламшы меньшевиктер қимыл бостандығын сақтап қалады деп мәлімдеп отыр. Петербург комитетінің өкілі жұмысшылардан сайланған сайламшыларды ұйымның бөлініп шыққан, заңды түрде қалыптаспаған бөлегінің бұл директивасына бағындыру меньшевиктер бастаған жікке бөлінуді ақырына дейін жеткізгендік болар еді және сай-

лау науқанында солшыл блокқа көмектессін деп уәкілдердің жалпы жиналысының басым көпшілігі қабылдаған шешімге қайшы келгендік болар деп атап көрсетті. Петербург комитетіне мүше меньшевиктер, М. және А. жолдастар, бұған қарсы болды,— олар жұмысшылардан сайланған сайламшылар тек уәкілдердің пікірімен ғана санасуға тиіс дегенді жақтады. Петербург комитетінің атынан ұсынылған қарар басым көпшілік дауыспен қабылданды, оның мазмұны мынадай: «Жиналыс сайлау кезінде Петербург комитетінің директиваларына бағыну сайламшылар үшін міндет деп таниды».

Меньшевиктер бұл қарарға қарсы барлық күшін сала *күресті*. Ең көрнекті және *жауапты* меньшевиктер тіпті осындай сәтте, сайлау қарсаңында, Петербург комитетіне қарсы шығудан да тартынған жоқ. Олар «түзету» енгізді: Петербург комитеті деудің орнына «Петербург ұйымы» деу керек деді.

Бірақ кадеттерге бола жүргізіліп отырған меньшевиктік жікшілдік тактиканы жұмысшылар түсініп қалды. Меньшевик шешендерге жұрт «жетеді!» деп айғайлады. Жікке бөлінуді жасырын түрде ақтаған түзету басым көпшілік болып *қабылданбай* тасталды.

Бұдан кейін РСДРП-дан сайламшылыққа кандидаттар белгілеу туралы мәселеге көшті. Петербург комитеті уәкілдердің аудандық жиналыстары белгілеген 21 адамның ішінен іріктеп алынған 14 кандидаттың тізімін жиналыстың қарауына тапсырды. Бұл тізім негізге алынсын деген ұсыныс енгізілді, мұның өзі «үкіметтік қысым» болып табылады деген меньшевиктердің қарсылығына қарамастан, бұл ұсынысты басым көпшілік қабылдады да; осы жерде Петербург комитетінің өкілі В. жолдас былай деп түсіндірді: бұл арада ешқандай үкіметтік қысым жоқ, Петербург комитетінің беделді болатын себебі — мұндай беделді оған Петербургтің ұйымдасқан социал-демократиялық пролетариатының сенімі әперіп отыр, ал ұсынылып отырған тізімді тапсыру арқылы, Петербург комитеті, ұйымның басшы орталығы ретінде өзіне жүктелген міндетті ғана орындайды. Кандидатуралардың бәрі талқыланды, оның бер жағында кандидаттардың біреуі Петербург комитеті

өкілінің ұсынысы бойынша басқа кандидатпен ауыстырылды, сонан кейін дауысқа қойылды, дауыс беру нәтижесінде Петербург комитетінің бүкіл тізімі едәуір көпшілік дауыспен қабылданды.

Петербург комитетінің тізімі сайлау қарсаңында барлық газеттерде шықты.

Сайлау (1 февральдағы) топтасқан социал-демократтарды жеңіске жеткізді. *Петербург комитетінің бүкіл тізімі толық өтті.* 14 сайламшының бәрі — социал-демократтар!

Бұл 14-тің — *сегізі* большевик, төртеуі меньшевик (дұрысында, мұның біреуі меньшевик емес, синдикалист) және екеуі *солшыл блокты жақтайтын* фракциядан тыс социал-демократтар.

Губерниялық жұмысшы куриясында социал-демократия шеккен зиянның есесін большевиктер қалалық жұмысшы куриясында толтырды.

Большевиктер эсерлерге керек десе пропорциялы азшылықты да бермеді деп жүрген «Речьтің» (3 февральдағы номерін қараңыз) енді қанша долданса да еркі.

Біз эсерлерге пропорциялы болады деп еш уақытта да уәде берген жоқпыз,— оны әлі ешкім дәлелдеген де жоқ, өйткені дауыстардың саны туралы мәліметтер жоқ. Мұндай мәліметтерді бірінші болып біз ғана жинай *бастадық*.

Біз жұмысшы куриясында барлық партияларға қарсы күрес жүргізудің *толық* бостандығын өзімізде сақтап қалдық.

Сөйтіп, *революциялық* социал-демократияның қимылдәрекеті арқасында Петербург бойынша және Петербург губерниясы бойынша жұмысшылардан сайланған барлық сайламшының ішінде не бары 4 эсер және 20 социал-демократ болып шықты.

Келесі сайлауда социал-демократияның *барлық* орындарына біз ие боламыз.

«Пролетарий» № 13,
11 февраль, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПЕТЕРБУРГ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МОСКВА АУДАНЫНЫҢ II ДУМА САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕ

Оқушылардың назарын мынаған аударамыз: С.-Петербургте жұмысшылардың уәкілдер сайлауы жөніндегі мәліметтер меньшевиктердің социал-демократиялық конференцияға дауысты *қалайша* жинағандығын барған сайын әшкерелей түседі. Мысалы, олар Француз-орыс кіші ауданынан конференцияға **370** меньшевиктік дауыс «әкелді». Большевиктер бұларда бірде-бір шын партиялық дауыс бар деп есептеген жоқ. Сонда не болып шықты? Француз-орыс заводынан уәкілдікке *большевик* өтіп, ол қазір сайламшы да болып сайланып отыр!

Меньшевиктердің күтпеген жерден әшкереленгені міне осы жағынан болып шықты.

Сонан соң. Москва ауданы туралы меньшевиктік «Наш Мир» апталығы (№ 1, 28 январь) шімірікпестен... былай деп жазды: «большевиктік Нева мен Москва аудандарында уәкілдікке кілең эсерлер өтті» (14-бет). Нақ осы Нева ауданы жөнінде мұның өзі *барып тұрған өтірік* екендігі, мұнда эсерлер меньшевиктерді талқандап шыққандығы «Пролетарийдің» 12-номерінде-ақ дәлелденген болатын.

Москва ауданын алайық. Жеңіліп қалудың жауапкершілігін өзінен аудара салу керек болған кезде, меньшевиктер *енді* бұл ауданды большевиктік деп есептейді! Бірақ меньшевиктер бұл жолы оларды *тексеруге* болатындығын бекерге ұмытып отыр. Конференциядан кеткен себептері туралы 31 меньшевиктің Орталық Комитетке берген *ресми* мәлімдемесін алайық (басып

шығарылған листок, оны біз «Пролетарийдің» 12-номерінде* талдағанбыз). 31-дің ішінен: *«Москва ауданынан бесеу»* деп қойылған қолды оқимыз.

Ал конференция Москва ауданы бойынша 4 большевик пен 4 меньшевиктің мандатын бекітті.

Сабақ аларлық-ақ нәрсе емес пе?

Конференцияға меньшевик дауыстар жинау керек болған кезде, меньшевиктер 3 немесе 4 большевикке қарсы *бес* меньшевик болды деп санайды. *Бұл кезде* меньшевиктердің басым болғысы келеді!

Ал саяси жауапкершілікті өзінен аудара салу керек болған кезде, онда Москва ауданы «большевиктік» деп жарияланады...

Большевиктер Москва ауданы бойынша өздерінің дауыстарын 185 деп есептеді, ал меньшевиктердің өздері сол листокта олардың бұл дауыстарға тек «шартты» түрде ғана қарсы болғандығын, іс жүзінде бұл дауыстардың *бекітілуге тиіс екендігін* мойындайды (сол листоктың 7-беті).

Меньшевиктер Москва ауданында өздерінің дауыстарын 48 плюс 98 плюс 97, барлығы 243 деп есептеді. Бұлардың 195-і даулы болды, бірақ меньшевиктердің өздері ол кезде (өз листогының 7-бетінде) **243** дауыстың бәрі де бекітілуге тиіс деп қасарыса мәлімдеген болатын!

Демек, меньшевиктер өздерін Москва ауданында әбден басымбыз деп санады: 185 дауысқа қарсы 243 дауыс болды. ...Расында, «Наш Мир» *өте* ағаттық істеді: оның сөзіне қарағанда — меньшевиктер конференцияда *арамылық* жасаған.

Қорыта келе, уәкілдер сайлау туралы және әр түрлі кандидаттардың алған дауыстарының саны туралы әрбір завод бойынша жеке-жеке жиналған *толық* мәліметтердің өте-мөте зор маңызы бар екенін Москва ауданы бойынша бізге есеп жіберген жолдастың есіне саламыз.

«Пролетарий» № 13,
11 февраль, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің текcті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 334—338-беттер. *Ред.*

РОССИЯНЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫ КУРИЯСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕР

Жұмысшы куриясы бойынша сайлау туралы анық мәліметтер жинауды ұйымдастыру жөнінде біздің Россиядағы барлық социал-демократтарға арнаған шақыруымыз нәтижесіз қалған жоқ. Біз баспаханада бастырып шығарып, Петербургтегі жолдастарға өзіміз таратқан бланкілерден қазірдің өзінде толтырылған 93 бланкі алып отырмыз. Бұл 93 листок аудандар бойынша былайша бөлінеді: Петербург Жағы — 7, Васильевский Остров — 22, Выборг ауданы — 18, Москва ауданы — 18, Қалалық аудан — 28. Әсіресе ірі заводтар бойынша мәліметтер толық болуы үшін қалған листоктарды жолдастардың тез жіберуін сұраймыз. Сонда біз мәліметтердің жиынтығын басып шығарамыз.

Провинциядан бізге Екатеринослав губерниясының алты заводы бойынша мәліметтер келді. Партияға қандай мәліметтер керек екенін және жұмысшы куриясы бойынша партияның алғашқы сайлауының тәжірибесінен қандай қорытындылар жасауға тиіс екенімізді жолдастарға көрсету үшін бұл мәліметтерді кесте түрінде келтіреміз. [430-беттегі кестені қараңыз].

Әрине, бұл мәліметтердің қаншалықты жалпы сипаты бар екенін және олардан шығатын қорытындыларды бүкіл Екатеринослав губерниясына қаншалықты қолдануға болатындығын біз білмейміз. Тұжырымды қорытындылар жасау үшін толық мәліметтер жинау керек.

Әзірге екі жағдайды ғана көрсете кетуге болады. Дауыс беруге қатысқан жұмысшылардың проценті төмен.

Завод аты	Жұмысшылар саны	Уәкілдер саны	Уәкіл болып кім сайланды	Дауыс берген жұмысшылар саны	Жақтап берілген дауыс саны: социал-демократ большевиктер	социал-демократ меньшевиктер	эсерлер	партияда жоқтар	оңшылдар
Эзау заводы	350	1	Социал-демократ меньшевик	130	—	112	15	—	3
Паровоз шеберханасы	2 700	2	Социал-демократ меньшевик	800	—	650	—		
Паровоз депосы	700	1	Социал-демократ	230	230		—	—	—
Шеге заводы	700	1	Социал-демократ большевик	250	250	—	—	—	—
Труба прокаттау заводы	850	1	Социал-демократ меньшевик	200	—	195	—	—	5
Брянск рельс заводы	4 350	4	Эсер	1 100	—	300	800	—	—
6 завод бойынша жиыны	9 650	10	6 социал-демократ 4 эсер	2 710	250 230 1 737	1 257		—	8

Тегінде, социал-демократиялық жұмыс онша терең болмаса, бұқараға онша ықпалды болмаса керек. Жалпы алғанда, жұмысшылардың жалпы санының үштен бірінен азырағы ғана сайлауға қатысқан. Қатысушылардың проценті бәрінен де Труба прокаттау заводында төмен: 850-дің 200-і, яғни ширегінен де азырағы ғана қатысқан. Қатысушылардың проценті бәрінен де Эзау заводында жоғары: 350-дің 130-ы, яғни үштен бірінен көбірегі қатысқан.

Эсерлердің бәсекеге түскені екі заводтан: Эзау және Брянск заводтарынан көрінеді. Брянск заводында *эсерлер меньшевиктерді жеңіп кетті!* Аса ірі завод уәкілдікке *төрт эсер* жіберді.

Сонымен, оңтүстік жөніндегі бастапқы мәліметтер (рас, тым ішінара мәліметтер) *эсерлер меньшевиктерді соққылады* деген солтүстіктің қорытындысын дәлелдей-

ді: дәлелдегенде — оппортунистерге тура сабақ боларлықтай етіп! кешірімсіз жеңілтектік жасап, революциялық буржуазиялық демократиядан бойын алып қашатын және либерал-монархиялық буржуазиялық демократияның соңынан ілбитін адамдарға сабақ боларлықтай етіп! — дәлелдейді.

Уәкілдердің жалпы санында (10) эсерлер 40 процент, яғни бестен екі бөлегі болып отыр. Бірақ эсерлерге берілген дауыстың жалпы саны *үштің бірінен азырақ*, 2 710-ның 815-і ғана. Ең ірі заводта жеңіп шыққанына қарамастан, эсерлердің өздеріне тиген уәкілдер үлесіне қарағанда дауыс үлесін аз алғандығын көрсете кеткен жөн. Мұның өзі — өздерінде уәкілдер үлесінен гөрі дауыс үлесі көбірек болуға тиіс деп сендірмек болған Петербург эсерлерінің дәмесі негізсіз және құрғақ сөз болғанын көрсетеді. Заводтар бойынша берілген дауыс саны туралы мәліметтері бар документті статистикасыз мұндай пікір айтуға болмайды.

Біздің бүкіл партия өз науқанының нәтижелерін анық және дәл түсіне алуы үшін және өзінің біршама сәтсіздіктерге ұшырауы себептерін білуге үйренуі үшін бүкіл Россиядағы жолдастар жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша әлі де мәліметтер жинай береді деп сенеміз.

«Пролетарий» № 13,
11 февраль, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Петербург, 9 февраль, 1907 ж.

Петербургтегі сайлауда кадеттер жеңді. Олар 11 участке бойынша 151 сайламшы өткізді. Солшыл блок 160 сайламшының ішінен 9 сайламшы өткізіп, тек бір ғана Выборг участкесінде жеңді.

Петербург сайлауының негізгі өзгешеліктері мынада: барлық участкелер бойынша дерлік дауыс берушілердің саны көбейді, сонан соң оңшылдар әлсіреді. Кадеттер 28 798 дауыс жинап (олардың кандидаттарына берілген дауыс санының ең көбін алғанда), бірінші орында келеді. Солшыл блок екінші орында келеді, ол 16 703 дауыс алды. Үшінші орында — октябристер, 16 613 дауыс алды. Төртінші орында — монархистер, 5270 дауыс алды.

Сөйтіп, Москвамен салыстырғанда, бұл алға ірі қадам басқандық болды. Бір участке жеңіп алынды. Солшылдар тізімде үшінші орыннан екінші орынға жылжыды. Солшыл блокқа берілген дауыс проценті Москва бойынша 13 процент болды. Петербургте екі есе дерлік көп — 25 процент.

Әлбетте, бұл арада үгіттің біршама кеңірек жүргізілгені де, күткендегіден гөрі солшылдарды анағұрлым көп берген жалпы Дума сайлауының саяси ықпалы да роль атқарды. Москвада күнделікті газеттердің бірде-бірі солшыл блок сайламшыларының тізімдерін басып шығарған жоқ еді. Петербургте бірнеше газет басты: ал «Товарищ» нақ «солшылданған» күннен бастап тиражын тіпті едәуір көбейтті деседі. Москвада анықтама беретін және солшылдар тізімін толтыратын бюро болған жоқ. Петербургте бұлар болды. Москвада ұсақ бур-

жуазиялық тоғыпарлардың көпшілігі кадеттердің қаражүздік қауіп туралы ертегісіне сеніп қалды. Ал Петербургте ұсақ буржуа мен оппортунистердің бұл сенімінің әлсірегені қазірдің өзінде-ақ анық көрініп отыр.

Әр түрлі тізімдердің кандидаттарына берілген дауыстардың барлық жерде ең көп деген санын («Речьтің» цифрлары) ала отырып, учаскелер бойынша мәліметтер келтірейік:

Петербург қаласының учаскелері	Жақтап берілген дауыстардың ең көп деген саны				Кадеттер мен солшылдар алған дауыстардың арасындағы сан жағынан айырма	Жеңіп шығу үшін бізге кадеттерден қанша дауыс жырып алу керек еді?
	Кадеттер	Солшыл блок	Октябристер	Монархистер		
Спасское	3 397	1 644	1 514	624	– 1 753	877
Нарва	2 377	1 643	1 326	307	– 734	368
Литейный	2 776	919	2 153	667	– 1 857	929
Коломна	1 318	1 122	1 068	236	– 196	99
Вас.-Островский	2 313	1 949	2 102	418	– 364	183
Рождественский	2 784	1 325	1 195	537	– 1 459	730
Қазан	1 749	589	998	201	– 1 160	581
Адмиралтейство	955	246	725	196	– 709	355
Москва	4 100	1 702	2 233	706	– 2 398	1 200
Александр-Невский	2 735	1 421	799	588	– 1 314	658
Петербург	3 282	2 754	1 851	541	– 528	265
Выборг	1 012	1 389	649	249	+ 377	—
Барлығы	28 798	16 703	16 613	5 270		Үмітті бес учаске бойынша 1 573 дауыс

Бұл мәліметтер бірсыпыра қызықты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен,—«қаражүздік қауіп» туралы. Мұндай қауіптің жоқ екендігін сайлау дәлелдеді. Біз талай рет айтып, «Терпии Труда»[183] мен «Зрениеге» дейін барлық

большевиктер қайталаған мәлімдемелеріміз бен ескертулеріміз *толық ақталды.*

Дауыстар кадеттер мен солшылдардың арасында *қалай* бөлінсе де, Петербургте қаралар *өте алмайтын еді!*

Ол ол ма. Тіпті октябристер мен монархистер бірге болған күнде де (мұндай жағдайдың әсіресе Петербургте болуы мүмкін емес, мұнда Васильевский Островтағы октябрист немістер тіпті «17-октябрь одағымен» де жанжалдасып қала жаздады),— тіпті сөйткен күнде де Петербургте қаралар *жеңе* алмаған болар еді! Осы келтірілген цифрларды жай ғана есептеп шығаруға ерінбеген адамның қай-қайсысы болса да мұны көре алады. Кадеттер мен солшылдардың алған дауыстарының жалпы саны (45 мың жарым) октябристер мен монархистер дауысының жалпы санынан (22 мың) *екі еседен аса* артық. Дауыстар осы төрт тізімнің арасында қалай бөлінгенде де, оңшылдар қандай «қадам» жасаса да, қаражүздік қауіп болған жоқ.

Ұсақ буржуа — кадеттерге еріп қаражүздік қауіп туралы айқайлаған халықшылдар және социал-демократия оппортунистері — *халықты алдады.* Мұны біз сайлауға дейін айтқанбыз. Сайлау біздің айтқанымыздың дұрыс екенін *дәлелдеді.*

Петербургтегі ұсақ буржуазиялық интеллигент пен тоғышарға тән табансыздық пен саяси болжамсыздық іс жүзінде байқалды. Москвадағыдан гөрі әлдеқайда басқа дәрежеде болғанымен, Петербургтегі сайлау қайткенде де *кадеттер қорқытып, ақымақ еткен мещандардың* сайлауы болды. Петербургтегі сайлау алдында «Речьтен» бастап солшыл блокты іші-бауыры елжірей қорғаған (солшылдарға тілектес болғаны үшін ақталмақ болды ма, қалай?) «Товарищке» дейінгі бүкіл әдебиет, кадеттер мен олардың шылауындағылардың ойдан шығарған қаражүздіктерге дауыс берілуі қаупінің елесі арқылы тоғышарды қалай қорқытқандығын дәлелдейтін ұшы-қиырсыз мәліметтерге толы болды.

Кадеттер қаражүздіктерге дауыс берілуі қаупі туралы байбалам салу арқылы өздерін солдан төнген қауіптен сақтандырды, ал сол екі арада Столыпинге барғыштап, оған: ақылды боламыз, неғұрлым адал бо-

ламыз, солшылдардан бөлінеміз деп уәде берді. Бүгінгі (9 февральдағы) «Товарищтің» жазғанына қарағанда, кадеттердің оңға қарай бұл бет бұрысы туралы бірдеңе *білетіндігін* Столыпиннің өзі де мойындаған!

Сонан соң. Петербург сайлауының нәтижелері мына сұраққа жауап беруге мүмкіндік туғызып отыр: бұл сайлау бізге не берді? біз өзіміздің тікелей, антикадеттік, уағызымыз арқылы бұрын енжар болып келген сайлаушылардың *жаңа* топтарын оятып, оларды саяси өмірге тарта алдық па? либералдардың соңынан салпақтаған ұсақ буржуаны біз либералдардан қаншалықты *айырып алдық* және оларды пролетариат жағына қаншалықты тарта алдық?

Бұл жайында пайымдау үшін ең алдымен кадеттер мен солшылдардың 1906 және 1907 жылдары алған дауыстары (бұрынғыша, maxima) туралы мәліметтерді салыстырайық.

Берілген дауыстар саны (ең көбі)

Петербург қаласының учаскелері	1906 ж.	1907 жылы			Соңғы және бірінші бағананың айырмасы
	Кадеттерге	Кадеттерге	Солшылдарға	Қосып есептегенде	
Спасское	5 009	3 397	1 644	5 041	+ 32
Нарва	3 578	2 377	1 643	4 020	+ 442
Литейный	3 767	2 776	919	3 695	− 72
Коломна	2 243	1 318	1 122	2 440	+ 197
Вас.-Островский	3 777	2 313	1 949	4 262	+ 485
Рождественский	3 393	2 784	1 325	4 109	+ 716
Қазан	2 242	1 749	589	2 338	+ 96
Адмиралтейство	1 553	955	246	1 201	− 352
Москва	5 124	4 100	1 702	5 802	+ 678
Александр-Невский	2 991	2 735	1 421	4 156	+ 1 165
Петербург	4 946	3 282	2 754	6 036	+ 1 090
Выборг	1 988	1 012	1 389	2 401	+ 413
Жиыны	40 611	28 798	16 703	45 501	+ 4 890

Бұл мәліметтерден 1906 жылы және 1907 жылы оппозиция мен революцияға берілген дауыстардың арақатынасы мейлінше айқын шығады. Өзіміз жеңіп алған 17 мың дауыстың (шамалап алған цифр бойынша) біз *12 мыңын* кадеттерден жырып алдық, *5 мыңын* бұрынғы енжар (ішінара бойкотшыл) бұқарадан қаратып алдық.

Сонымен қатар «үмітсіз» учаскелер, яғни 1907 жылы біз қалай күш салсақ та жеңіске жете алмаған учаскелер мен үмітсіз емес учаскелердің арасындағы айырма бірден көзге түседі. Мәселен, «үмітсіз» учаскелердің ең алдында Адмиралтейство және Литейный учаскелері тұр. Біздің даусымыздан кадеттердің даусы орасан басым. Мұны қалай түсіндіруге болады?

Мұның себебі айқын. Халықтың құрамы — біріншісінде — чиновниктік, екіншісінде — ірі буржуазиялық (мұны «Тернии Труда» сайлауға *дейін* көрсеткен болатын[184]). Сауда-өнеркәсіп пролетариаты жоқ, чиновниктер басым жерде, мұндай жерде трудовиктер қолдаған социал-демократияның жеңуі мүмкін болмады. Мұнда тіпті дауыс берушілердің саны да кеміп кетті: ынта жоқ! Мұнда біз кадеттер даусының *тек* төрттен бір бөлегіне таяуын *ғана* солшыл блок жағына тарта алдық.

Екінші жақта үмітсіз емес учаскелер тұр, мұнда трудовиктер қолдаған социал-демократия *толып жатқан* жаңа элементтерді оятты, қала кедейлерін батпақ пен ұйқыдан саясатқа көтерді. Бұл — Александр-Невский және Петербург учаскелері. Мұнда қараларға *қарсы* дауыстар санының өсуі, яғни кадеттер мен солшылдарды қосып алғанда әрбір учаскеде *мыңнан асады*. Мұндағы солшыл дауыстардың *көбі* — кадеттерден жырып алынған дауыстар емес, *жаңа* дауыстар. Күрес даусы, социал-демократия мен трудовиктердің даусы кадеттің мәймөңкелеткен даусы оята алмағандарды оятты.

Петербург учаскесінде кадеттерден біздің барлығы 265 дауыс жырып алуымыз керек еді,— сонда біз жеңіп шығатын едік. 2754 дауысқа 265 дауыс қосылғанда,— жеңіп шығуға толық мүмкіндік бар екені айқын еді. Сонымен қатар мұнда пролетарлық сипаттан алыс жат-

қап қала кедейлері, приказчиктер, арбакештер, ұсақ пэтерпшілер, солшылдарды жақтап *шыққаны* айқын. Трудовиктер қолдаған социал-демократияның сөз салуы текке кетпегені, халықтың кадеттерден әрі баруға, кадеттерден де солшыл болуға қабілетті элементтерінің саны мұнда ұшан-теңіз көп болғаны айқын.

Александр-Невский участкесінде күрес анағұрлым қиынырақ болды. Жеңіп шығу үшін кадеттерден 658 дауысты жырып алу керек еді. **1421** дауысқа 658 дауыс қосылса — бұл едәуір көп нәрсе, бірақ бұл әлі де дауыстардың *жартысынан аз.* Біздің дауыстарымыз бір жарым есе көбейген күнде жеңіп шығуымыз мүмкін болған участкелерді үмітсіз участкелер деп санауға біздің хақымыз жоқ.

Коломна участкесінде біздің жеңіске жетуіміз оңай еді: бұл үшін кадеттерден не бары 99 дауысты жырып алу керек еді. Басты-басты үш тізім — кадеттік, октябристік және солшыл тізім — теңге таяу болған Васильевский Остров участкесінде кадеттерден 183 дауысты жырып алғанда, біз жеңіп шығатын едік. Нарва участкесінде жеңіп шығу үшін кадеттерден 368 дауысты жырып алу керек еді.

Қорытынды. Петербургтегі солшыл блок — *күмән жоқ,* приказчик пен қалалық ұсақ буржуаны өз жағына қаратып алды, олардың бір бөлегін тұңғыш рет саяси өмірге *көтерді,* олардың едәуір көп бөлегін кадеттерден *бөліп алды.*

Социалистерді трудовиктер қолдайтын аралық кезең тұсында сауда-өнеркәсіп қызметшісі социал-демократиялық идеяларды түсіне алмайды деп күдер үзген уайымшыл көзқарасты Петербург сайлауы *біржолата теріске* шығарды. Астананың әрбір участкесі бойынша жүздеген, мыңдаған қала кедейлерін біз саяси *күреске оята аламыз,* егер істегіміз келсе мұны істей де аламыз. Столыпинмен саудаласып жүрген либерал буржуа партиясынан біз әрбір участке бойынша жүздеген приказчиктерді, кеңсе қызметшілерін және т. т. бөліп әкете *аламыз.* Бұл бағытта қажымай-талмай қызмет етсек,— сонда сатқып кадеттің қала кедейлеріне гегемондығы *күйрейтін болады.* Петербургте солшыл блокқа қарсы

енді бір сайлау шайқасы болса, кадеттер мұны көтере алмайды! Егер бұлар «столыпиндік» үгіт пен милюковтық жалдаптықтың тағы да талай айларын бастан өткізіп барып ұрысқа тағы бір рет шығатын болса, онда қазіргі сайлау заңы тұрғанда олардың тас-талқаны шығады!

Шынында да солай. Осы сайлаудың өзінде жеңіп шығу үшін солшыл блокқа тіпті аз-ақ нәрсе жетіспей қалғанын аңғару қиын емес. Тек Адмиралтейство, Литейный, Спасское, Рождественский, Қазан және Москва участкелерінен ғана үміт күтуге болмады. Осы алты участкенің барлығында да бізге өз даусымыздың санын *бір жарым еседен артығырақ* көбейтуіміз керек еді,—ал мұның өзі сайлау үгітін, әдебиет таратуды және т. т. қаншама күшейткен күнде де тіпті екіталай нәрсе еді (яғни дұрысырағын айтқанда, екіталай емес, тек сайлаудың столыпиндік әскери-далалық бостандығы жағдайында мүмкін емес қой!). Бұл участкелердің алдыңғы екеуі социал-демократтар мен трудовиктер үшін әлеуметтік жағынан мүлде қолайсыз. Соңғы төртеуі қолайлы еді, бірақ мұнда біздің сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің арасындағы жұмысымыз әлі де өте-мөте әлсіз болды.

Қалған алты участкенің бірінде біз солшыл блок дербес шығысымен-ақ жеңдік. Төрт участке бойынша жеңіп шығу үшін бізге кадеттерден не бары 99—368 дауысты жырып алу ғана жетіспей қалды. Енді бір участке бойынша 658 дауысты жырып алу керек еді. Осы бес участке бойынша кадеттерден барлығы 1573 *дауыс* жырып алса жеткілікті еді,— сонда солшыл блок жеңіп шығып, *бүкіл Петербургті өз жағына тартып алатын еді!*

Социал-демократтар ұйымдасып жұмыс істеген күнде,— кадеттермен саудаласқан оппортунистер солшыл блок құруды тым ұзаққа созбаған күнде,— *меньшевиктердің бөлініп шыққан бөлегі солшыл блок жөнінде штрейкбрехерлік роль атқармаған* күнде, бес участке бойынша 1573 дауысты жырып алуға социал-демократтардың шамасы келмейді деп ешкім де айта алмас еді.

Штрейкбрехер дегеніміз не? Бұл — күресуші пролетариатпен байланысы бар және коллективтік күрес кезінде пролетариаттың аяғынан шалатын адам.

Бөлініп шыққан меньшевик осы белгілерге сәйкес келе ме? Әрине, келеді, өйткені ол Петербургтегі социал-демократиялық ұйымның бірлігін бұзды, күресушілер қатарына іріткі салды, күрестің ең қызған кезінде кадеттер жағына тайып шығып отырды, ақырында, тіпті солшыл блок жасалғаннан кейін де бізге *тікелей кедергі жасады.* Мынаны еске түсірсек те жеткілікті: солшыл блок 25 январьда жасалды, ал 28 январьда бөлініп шыққан меньшевиктер «Товарищте» бес участкеде қалыс қалуға шақырды! 1 февральда нақ сол меньшевиктер («Речьте») мещанды қаралардың қаупімен қорқытатын үндеу басып шығарды!

Бұдан да сорақысы бар. Бүгінгі «Речьтің» 3-бетінде *Петербург* бөлегіндегі сайлауды баяндап жазған жерінде біз бір бюллетеньде: *«Дауыс беруден қалыс қаламын. Меньшевик»,* деген сөзді оқимыз.

Оқушылар бұл мысалдың мәні туралы жақсылап ойланып көрсін!

Меньшевиктер 28 январьда «Товарищте» бөлініп шыққан топтың атқару органының қаулыларын басып шығарды. Бұл қаулылардың VI пунктінде *Петербург* участкесі қаражүздік қауіп бар участкелер сапынан тура *шығарылып* тасталған.

VI пунктте Петербург участкесінде солшылдармен келісім жасаған тиімді, деп тура айтылған. III пунктте солшылдармен келісім жасалмаған күнде де меньшевиктер «көрінеу» қаражүздік қауіп жоқ жерде солшылдарға дауыс беруге шақырады, деп тура айтылған. *Соған қарамастан,* Петербург участкесі бойынша «меньшевик» дауыс беруден қалыс *қалады!!* Ал бөлініп шыққан меньшевиктер басқа участкелерде не істеді десеңізші?

Қаражүздік қауіп мүлде жоқ болып отырғанда солшыл блокты Петербургтегі сайлаудың жеңісінен *құр қалдырған* нақ меньшевиктердің бір бөлегінің тура штрейкбрехерлігі екендігін — бұл *фактіні* мойындаудан енді қалайша жалтаруға болады?

Пролетариат ұсақ буржуазияның солқылдақтығы мен опасыздығынан сабақ алатын болсын. Біз *өзіміздің* туымызды қашан да болсын басқалардан бұрын көтеріп отырамыз. Біз қашан да болсын ұсақ буржуаны либералдардың қанаты астынан пролетариат жағына шығуға шақырамыз. Ал бұл тактика — буржуазиялық революциядағы бірден-бір революциялық пролетарлық тактика — бұқаралық саяси күрес жанданған қай кезде болсын бізді жеңіске жеткізеді.

Саратов, Нижний — бірінші жеңіс[185]; Москва, Петербург — бірінші тегеуірін. Жетер енді, кадет мырзалар! Либерал помещиктер мен буржуазиялық адвокаттардың қала кедейлерін алдауы тыйылатындай болды. Столыпиндер Милюковтармен бірге «қызыл шүберекті» балағаттай берсін. Социал-демократия қызыл туды көтеріп, барлық еңбекшілер мен қаналушылардың алдында өзінің постында тұр.

«Пролетарий» № 13,
11 февраль, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ДУМАЛЫҚ НАУҚАН МЕН ДУМАЛЫҚ ТАКТИКА МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА [186]

ГАЗЕТТЕ БАСЫЛҒАН ҚЫСҚАША ЕСЕП

Баяндамашы думалық тактика туралы мәселе қазіргі уақытта саясаттың сөзсіз өзекті мәселесі болып табылатынын, ал олай болса, съезд науқаны төңіректеп оралып соғып отыратын басты пункт те екенін атап көрсетті. Бұл арада съездің күн тәртібі жөніндегі өзінің жобасында Орталық Комитет белгілеген, бізге газеттерден белгілі екі мәселе, атап айтқанда: «таяудағы саяси міндеттер» туралы және Мемлекеттік дума туралы мәселелер бірінші орынға қойылып отыр.

Бірінші мәселені алатын болсақ, ол өте күңгірт тұжырымдалған. Бәлкім, меньшевиктер тура айтқысы келмей, бұл жерде кадеттік министрлікті қолдау деген пікірді білдіріп отырған болар. Қалай болған күнде де, олардың орыс революциясындағы социал-демократиялық тактиканың негізгі *принциптік* мәселелерін, IV (Бірігу) съездегі сияқты, тағы да алып тастағысы келетіні байқалып отыр. Оның бер жағында, қазірдің өзінде тәжірибе көрсетіп отырғанындай, бұл мәселелерді алып тастау социал-демократияның қандай да болса ұстамды партиялық тактикасы болмауына ғана әкеліп соғады. Орталық Комитеттің думалық, яғни кадеттік, министрлікті қолдау (1906 ж. июнь) мәселесі жөніндегі тактикасын жалпы партия ғана емес, сонымен қатар, атап айтқанда, Думадағы социал-демократиялық фракцияның да қолдамағанын еске түсірсек те жетіп жатыр. Дума қуылғаннан кейін Орталық Комитет ұсынған атақты «жаппай ішінара наразылық білдіру» деп нақ

осындай күйге ұшыраған болатын. Енді сайлауда кадеттерге көзқарас мәселесінің партияда толық айқындалмағаны соншалық, ең беделді және жауапты меньшевиктер арасынан РСДРП-ның Бүкіл россиялық ноябрь (1906 ж.) конференциясына дейін Череванин, ал ол конференциядан кейін Плеханов (Васильевті былай қоя тұрғанда) ерекше көрініп отыр.

Істің жайы осындай болып отырғанда революцияшыл социал-демократтар Россияның буржуазиялық революциясындағы социал-демократияның тактикасы туралы негізгі принциптік мәселелерді көтеру үшін V партия съезінде, поляктар, латыштар және бундшылдар тұңғыш рет қатысатын съезде, толық өкілдігін пайдалануға сөзсіз міндетті. Егер жалпы алғанда біздің революциямыздағы пролетариаттың міндеттері туралы, революцияны одан әрі дамытуға объективті жағдайлардың бар-жоғы туралы, таптар мен партиялардың қазіргі топтасуы туралы және әсіресе конституциялық-демократиялық партияның таптық сипаты туралы негізгі мәселелер анықталмаған болса, «ең таяудағы саяси міндеттер» туралы іске пайдалы сөз қозғауға болмайды. Бірінші Думаның және екінші Дума сайлауының бай тәжірибесі жеңілдететін бұл мәселелерді анықтап алмайынша, кадеттік министрлік туралы, екінші Дума қуыла қалған күндегі тактика туралы және т. т. және т. т. туралы мәселені принципті түрде ойластыра отырып шешу мүмкін емес.

Баяндамашы сондықтан өзінің белгілеген мәселелеріне қысқаша тоқталып өтті. Халықтың қалың бұқарасының экономикалық жайы революцияның негізгі міндеттері шешілмегенін күмәнсыз дәлелдеп отыр; тікелей бұқаралық қозғалыстардың болуына керекті объективті негіз дайын. Саясатта мұның өзі қаражүздік помещиктер ұйымымен жақындасып отырған самодержавие мен пролетариат бұқарасының арасында ғана емес, сонымен қатар самодержавие мен деревня кедейлері бұқарасының (солшыл сайламшылардың жұмысшы куриясынан кейінгі *ең көп* процентін, әрине, шаруа куриясы берді!) және қала кедейлері бұқарасының (кадеттердің ұсақ буржуазиялық қала демократиясына

гегемондық етуі екінші Дума сайлауында, сөз жоқ, елеулі түрде бұзылды) арасында да қайшылықтардың шиеленісуінен көрінеді. Осыдан келіп мынадай қорытынды туады: конституциялық дағдарыс емес, революциялық дағдарыс өсіп, төніп келеді, социал-демократия мен буржуазиялық демократияның Думадағы қызметі ойдағыдай күшейген сайын думалық күрес тағы да — объективті жағдайлардың әсерімен — Думадан тыс күреске соғұрлым тез көшуге мүмкіндік туғызады. Демократиялық революцияның көсемі ретінде пролетариаттың міндеттері — бұқараның революциялық санасын, батылдығын және ұйымшылдығын дамыту, ұсақ буржуазияны либералдардың басшылығынан шығарып алу. Дума алдында жауапты-мыс делінетін, ал іс жүзінде қаражүздік патша шайкасына тәуелді либералдық министрлікті қолдау туралы сөз де болуы мүмкін емес. Ондай министрлікті пайдалану мүмкіндігіне келетін болсақ, (егер бұл министрлік, кадеттерге солшылдармен блок жасатпау үшін кадеттердің жариялылығына рұқсат береміз деп Столыпиннің 1907 жылғы январьда берген уәдесі сияқты, кадеттерді алдау ниетімен берілген бос уәде болмай, ақиқат нәрсе болып шықса) — бұл мүмкіндік түгелімен *революциялық* таптардың күшіне, олардың саналылығына және топтасқандығына байланысты.

Әр түрлі партиялардың таптық мазмұнына келетін болсақ, соңғы жылда жоғарғы таптардың оңға қарай, ал төменгі таптардың солға қарай ойысуы ортақ құбылыс болғанын мойындау керек. Арадағылары — ортадағылар — әлсіреп барады, оны ілгері басқан революциялық дамудың тасқыны үңги шайып барады. Қаражүздіктер күшейіп, ұйымдасты, ескі Россияның ең ірі экономикалық-таптық күшімен, атап айтқанда, крепостник помещиктермен жақындасты. Октябристер контрреволюциялық ірі буржуазияның партиясы болып қалды. Кадеттер оңға қарай үлкен бұрылыс жасады. Бұлардың әлеуметтік тірегі либерал (орташа) помещик, орташа буржуазия және ірі буржуазиялық интеллигенция екені барған сайын анықталып келеді. Қала кедейлерін олар «халық бостандығы» туралы даурықпа сөзбен алдап,

дәстүр бойынша ғана өз соңынан ертіп отыр. Солшылдардың алғашқы тегеуірінінің өзі-ақ, ең қолайсыз жағдайларда, қала демократиясының «төменгілерін» кадеттерден едәуір дәрежеде бөліп әкететінін екінші Дума сайлауы бірден-ақ көрсетті.

Кадеттер оңға бұрылып, октябристерге қарай кетті. Демократиялық ұсақ буржуазия, қаланың және әсіресе селоның демократиялық ұсақ буржуазиясы бәрінен де көбірек нығайып, солшылданды. Баяндамашы 1906 жылы көктемде бұл ұсақ буржуазияның ашық партия ұйымы жөнінде ешқандай бұқаралық саяси тәжірибесі болмағанын еске салып өтті. Ал қазір бірінші Думадағы трудовиктерден бастап, II Думаға күтпеген жерден көп өткен «солшылдар» мен «трудовиктерге» дейін бәрінің де іс жүзінде едәуір мол тәжірибесі бар.

Либерализм жүзеге асыра алмайтын, егер шаруалар бұқарасын өзіне тартып ала алса, тек пролетариат қана жүзеге асыра алатын орыс революциясына деген большевиктік көзқарастар 1906—1907 жылдардың тәжірибесімен тамаша дәлелденіп отыр.

Революциялық социал-демократияның думалық тактикасы түгелімен жоғарыда айтылған дәлелдерден туады. Өздерінің дәйекті пролетарлық-революциялық туын бұқара алдында батыл, ашық та айқын көтере отырып, үгіт, насихат және ұйымдастыру жұмыстарын революцияны дамыту мақсатын көздей жүргізе отырып, Думадан тыс жерде жаңа ұлы күрестің болмай қоймайтынын бұқараға түсіндіре отырып, социал-демократтар Думаны революция құралдарының бірі деп есептеуге тиіс. Кадеттердің «Думаны қопарып тастау» жөніндегі сылдыр сөздері — Столыпинмен жасырын сөз байласып жүрген либералдың арам ойлы арандату әрекеті. Думаны «қопармау» — Думаны қууға жол бермеу — Столыпин мен К^{0}-ға өте қолайсыз тиетіндей еш нәрсе істемеу деген сөз. Социал-демократтар бұл полициялық-кадеттік ұранның арандатушылық сипаты бар екенін түсіндіруге және социал-демократиялық партия (меньшевиктердің де, большевиктердің де) тіпті бірінші Дума кезінде-ақ жасанды революциялық «жолдар», «жар салу» және т. с. атаулының ешқайсысын қажетті деп білмегенін

көрсетіп отыруға тиіс. Кадеттер мұны біледі, сондықтан олар бұқаралық, халықтық революцияны дамыту тактикасын «қопарулар» тактикасымен таза нововремялық сипатта алмастырады.

Біз Петербург сайлауы кезінде не істесек, социал-демократтар Думада солай істеуге тиіс: өзінің революциялық туын көтеруге тиіс; ауытқып отырған ұсақ буржуазияны біз бен кадеттердің бірін таңдауға мәжбүр етуі тиіс; бізге еріп қараларға да, кадеттерге де қарсы шығатын ұсақ буржуазиялық демократтармен үзілді-кесілді қимыл-әрекетке көшу кезеңдерінде, анда-санда ішінара келісімдер жасасудан бас тартпауға тиіс. Думада «солшыл блокты» қолдаудың маңызы мен шарттарын осылайша анықтай келіп, баяндамашы оған социал-демократтардың кейбір ретте қолын байлайтын тұрақты келісім деп қараудан, азды-көпті ұзақ уақытқа, алдын ала жасалған шарт деп қараудан қатты сақтандырды. Егер социал-демократтар Петербургте өздерін халықшылдармен, тіпті «революцияшыл» эсерлерге дейін қоса меньшевиктермен бірігіп алып, демократияны кадеттерге сатудан тайынбаған халықшылдармен, тұрақты келісім жасасып не болмаса тіпті алдын ала шарт жасасып қолын байлаған болса, онда Петербургтегі сайлауда солшыл блок болмаған болар еді! Социал-демократия буржуазиялық демократияның күреске шын қабілетті элементтерінің жәрдемдесуін өзіне қажет болған кезеңдерде ешқандай дипломаттыққа салыну арқылы да емес, ұсақ келісімдер жасау арқылы да емес,— тек дербес және берік саясат жүргізу арқылы ғана қамтамасыз ете алады.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Баяндамашы қорытынды сөзінде бұған қарсы пікір айтты[187]. Бір жағынан, тіпті нағыз қызу кезеңдердің өзінде де социал-демократтар тіпті жұмысшы, шаруа депутаттарының «ортақ» Советтерінің және т. с. ішінде де өзгеше ұйымы бар дербес, тәуелсіз партия болып қалуға тиіс. Екінші жағынан, социал-демократтар «саяси блокты» «жауынгерлік келісімге» қарама-қарсы қоятын

меньшевиктердің қатесіне ұрынбауға тиіс, өйткені қандай келісімдерді болса да белгілі бір *саяси* бағыт шеңберінде ғана жасасуға болады. Социал-демократтардың Думада белгілі бір мәселе жөнінен кадеттерге қарсы шыға отырып, егер солшылдар бұл мәселеде социал-демократтардың соңынан еретін болса және де егер парламентте кадеттерді жеңуіміз үшін (мысалы, заңды түзету; үндеулерден, мәлімдемелерден, шешімдерден және т. с. нендей бір жаман пунктті алып тастау) ондай келісім қажет болса, солшылдармен келісім жасасудан бас тартып *қала алмайтыны* түсінікті. Бірақ кіммен болса да азды-көпті тұрақты, социал-демократияға азды-көпті кедергі болатын келісіммен өз қолын байлау ессіздік және қылмыс жасау болып шығар еді.

«Пролетарий» № 14,
4 март, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Сентябрь, 1906 — февраль, 1907)

1906 ж.

РСДРП ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІРІНШІ БОЛЬШЕВИКТІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ШАҚЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРҒА ХАТ

Бұл хат жайында Е. М. Ярославский РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының 1906 жылы 16 (29) ноябрьде ашылған Бірінші конференциясы туралы өзінің естеліктерінде хабарлайды: «Мен Владимир Ильичтен осы конференцияда болуды қатты өтіндім. Кейінірек біз тіпті Әскери және жауынгерлік ұйымдардың осы конференцияны шақыру жөніндегі бюросының атынан оған хат та жаздық. Ол біздің бұл шақыруымызға хат жазып жауап берді, өкінішке қарай, ол хат сақталмаған, бірақ хаттың мазмұны менің есімде әлі сайрап тұр. Ол шақырғанымыз үшін алғыс айтты, конференцияны өте-мөте маңызды деп есептеп, оған өзінің дұрыс қарайтынын білдірді, конференцияның күн тәртібін мақұлдады және сонымен бірге бізді бүкіл принципті большевиктік бағытқа қайшы келетіндей ешдей бір шешімдер қабылдаудан өте абайлап, бірақ өте табанды түрде сақтандырды» (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 342-бет; сондай-ақ мына жинақты қараңыз: РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының бірінші конференциясы. Ноябрь, 1906 ж. М., 1932, XXIV—XXV беттер).

1907 ж.

КАДЕТТЕРДІҢ СТОЛЫПИНМЕН КЕЛІС СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ МАҚАЛА

1907 жылы 4 (17) февральда жарияланған «Саяси лидвалиада» деген мақаласында Ленин былай деп жазды: «Столыпиннің қойған «шарттарының» қандай екендігін Милюковтың *халықтан жасырып отырғандығын* біз «Труд» газетінде көрсеткен едік» (осы том, 394-бет). Ленин кадеттердің патша үкіметімен келіс сөздерін зер сала қадағалады және бірқатар мақалаларында олардың самодержавиемен сөз байласу саясатын әшкереледі. Бұл деректер кадеттердің Столыпинмен келіс сөздері туралы «Труд» газетінде жарияланған мақаланы Ленин жазды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Большевиктік «Труд» газеті осы күнге дейін табылған жоқ.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 5—30 сентябрь, 1906 ж.
№ 6—29 октябрь, 1906 ж.
№ 7—10 ноябрь, 1906 ж.
№ 8—23 ноябрь, 1906 ж.
№ 9— 7 декабрь, 1906 ж.
№ 10—20 декабрь, 1906 ж.
№ 11— 7 январь, 1907 ж.
№ 12—25 январь, 1907 ж.
№ 13—11 февраль, 1907 ж.

«ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК» ГАЗЕТІ

№ 1—30 ноябрь, 1906 ж.

Л. Г. Ханин өзінің естеліктерінде 1906 жылы Москваның Железнодорожный аудандық комитетінің темір жолшыларға арналған құпия партиялық газет шығару туралы Орталық Комитеттің алдына мәселе қойғанын хабарлайды. «Аудандық комитеттің бұл ұсыныстарын,— деп жазады Ханин,— Орталық Комитет және газетті редакциялауды өз міндетіне алған В. И. Лениннің тікелей өзі принцип жағынан мақұлдады... 1906 жылдың сентябрінде темір жол газетінің бірінші номеріне арналған материалдарды апарып беру маған тапсырылды...» («Исторический Архив», 1958, № 2, 154-бет). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Железнодорожник» газетіне арналған материалдарды редакциялауға Лениннің қатысқанын дәлелдейтін документтер сақтаулы. Мысалы, газетте басуға жіберілген корреспонденциялардың бірінде Лениннің: «NB. «Железнодорожник»» деген жазуы және текстіде астын сызған сөздері бар. Газеттің 1-номерінде бұл корреспонденция басылмаған; бәлкім, ол 2-номерге әзірленген болар, ал, Л. Г. Ханиннің айтуынша, ол номер полицияның қолына түскен.

К. КАУТСКИЙ. «ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»

Москва, «Новая эпоха», 1907

Еңбек бірінші рет неміс тілінде мына журналда жарияланды: «Die Neue Zeit», 1906—1907, Jahrg. 25, Bd. 1, №№ 9 және 10. Кітапшаның орысша аудармасы Лениннің редакциясымен және оның алғы сөзімен шықты.

К. МАРКС. «Л. КУГЕЛЬМАНҒА ХАТТАР»

Петербург, «Новая дума», 1907

Хаттар бірінші рет неміс тілінде мына журналда жарияланды: «Die Neue Zeit», 1901—1902, Jahrg. 20, Bd. 2, №№ 1—4, 6, 7, 12, 13, 15, 17, 19, 25; журнал редакциясының алғы сөзімен шықты. Хаттарды орыс тіліне М. И. Ульянова (М. Ильина) аударды. Кітапша Лениннің редакциясымен және оның алғы сөзімен шықты.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ»

«Партия конференциясы» деген мақала 1906 жылы 11 декабрьде «Вперед» бұқаралық құпия жұмысшы газетінің 5-номерінде жарияланған. Ол 1906 жылы 3—7 (16—20) ноябрьде болып өткен РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы туралы большевиктік есеп болып табылады. Мақалада конференцияның жұмысына түсінікті түрде толық талдау жасалады.

«Партия конференциясы» деген мақала өзінің мазмұны жағынан Лениннің «Сайлаушыларға арналған үндеудің жобасы», «Кадеттермен блок жасасу туралы», «Кадеттенуші социал-демократтармен күрес және партиялық тәртіп» деген еңбектерімен (қараңыз: осы том, 116—121, 122—136, 137—141-беттер) ұқсас. Ленин жазған және конференцияға ұсынған большевиктік платформаның — «Ерекше пікірдің» текстінің кейбір жерлерімен мақала сөзбе-сөз дерлік сәйкес келеді. «Партия конференциясы» деген мақалада меньшевиктердің «Жергілікті жерлердегі сайлау науқанының бірлігі туралы» қарарына конференцияда Ленин ұсынған түзетудің маңызы мен терең мәні түсіндіріледі. Ленин бұл түзетудің текстін «Кадеттенуші социал-демократтармен күрес және партиялық тәртіп» деген мақаласында келтіреді (қараңыз: осы том, 140-бет).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды: оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері мыналар болды: П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздерін «халық бостандығы партиясы» деген жалған атпен атады, ал шындығында олар конституциялық монархияны талап етуден әрі бармады. Кадеттер революциялық қозғалыспен күресуді өздерінің басты мақсаты деп есептеді, сөйтіп өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуді көздеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне ұнайтын контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы әрекеттерге және интервенттердің жорықтарына белсене қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда болған кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекетін тоқтатпады.— *2.*

[2] *«Беззаглавияшылдар»* — орыс буржуазиялық интеллигенциясының жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы (С. Н. Прокопович, Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский, В. В. Португалов, В. В. Хижняков және басқалар); бұл топ

1905—1907 жылдардағы революция қайта бастаған кезде қалыптасты. Топ өзін Петербургте 1906 жылы январь — майда Прокоповичтің редакциясымен шығып тұрған «Без Заглавия» деген саяси апталықтың атымен атады; кейін «беззаглавияшылдар» солшыл кадеттік «Товарищ» газетінің төңірегіне топтасты. Өздерінің формальды жағынан партияда жоқтығымен бүркемеленіп, «беззаглавияшылдар» буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын уағыздаушылар болды, Россия және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдады. — *2.*

3 *Кишинев ойраны* — патшалық Россияда еврейлерді қанға бөктірген ойрандардың бірі, оны 1903 жылы апрельде патшаның ішкі істер министрі В. К. Плеве ұйымдастырды. Бұл ойранның салдарынан жүздеген адам өлді және жараланды, бір мыңнан астам пәтер қиратылды және тоналды.

Седлецтегі еврей ойраны 1906 жылы августың аяғында ұйымдастырылды. Бұл ойран кезінде қалаға артиллериядан, мылтықтан оқ жаудырылды; жүздеген адам өлтірілді және жараланды. — *4.*

4 *Кавказ экспроприациясы* Тифлис губерниясының Душети қаласында жүргізілді. Душетиде орналасқан новобаязет жаяу әскер полкі солдаттарынша киінген қаруы бар алты адам 1906 жылы 13 (26) апрельге қараған түні қарауыл ретінде жергілікті казначейлікке кіріп, 315 мың сом ақшаны алып кетті.

Москва экспроприациясын 1906 жылы 7 (20) мартта эсерлер өзара кредит жөніндегі көпестер қоғамының банкінде жүзеге асырды. 20 шақты қаруланған адамдар банктің күзетін қарусыздандырып, 875 мың сом ақшаны алып кетті. — *4.*

5 *Бланкизм* — француз социалистік қозғалысындағы ағым; оны аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі —Луи Огюст Бланки (1805—1881) басқарды. Бланкистер «адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 85-бет) күтті. Революциялық партияның қызметін заговоршылардың астыртын азғана тобының әрекетімен алмастырған олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды есепке алмады және бұқарамен байланысты елемеді. — *5.*

6 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; Петербургте 1868 жылдан 1917 жылға дейін шығып тұрды; әр түрлі бастырып шығарушылардың қолында болып, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағытта болған газет, 1876 жылы А. С. Суворин оның бастырып шығарушысы болғаннан соң, реакциялық

дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан бастап қаражүзділктердің органы болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық» дегеніміз,— деп жазды ол,—шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық деген түсініктермен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар, 18-том, 276-бет). — *5.*

7 Бұл арада латыш социал-демократиясының орталық органы —«Zihņa») («Ciņa») («Күрес») газеті айтылып отыр; 1904 жылы мартта негізі қаланған газет үлкен үзілістермен 1909 жылғы авгусқа дейін Ригада, ал одан кейін — шетелде шығып тұрды. 1910 жылы газеттің жүзінші номерінің шығуымен байланысты онда В. И. Лениннің ««Zihņa»-ның мерекелі номеріне» деген мақаласы жарияланды; бұл мақалада латыш социал-демократтарының революциялық қызметіне жоғары баға берілді (Қараңыз: Шығармалар, 16-том, 273—277-беттер). Газет Ленин жазған бірқатар партиялық документтерді де жариялады. Газеттің белсенді және тұрақты қызметкерлерінің арасында Латвия Коммунистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі П. И. Стучка, халық ақыны Я. Райнис және басқалар болды.

1917 жылғы апрельден «Zihņa» жария газетке айналды, Петроградта, Ригада және басқа жерлерде шығып тұрды, ал 1919 жылғы августан бастап, Латвияда контрреволюция уақытша жеңіске жеткеннен кейін, қайтадан Ригада құпия шыға бастады. 1940 жылғы июньде Латвияда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін газет Латвия Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Латыш ССР Жоғарғы Советінің органы болды. — *5.*

8 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасағап, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұруға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк

социалистік партиясы-«революциялық фракция» делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД-ның) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияларға көше бастады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» үлкен бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясы-

нан азат етіліп, Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаның құрылысына қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды. — *9.*

9 *«Партийные Известия»* («Партия Хабарлары») — құпия газет, большевиктік Орталық Комитет пен меньшевиктік Ұйымдастыру комиссиясы қосылғаннан кейін құрылған РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің органы. Газет партияның IV (Бірігу) съезі қарсаңында Петербургте шығып тұрды. Не бары 2 номері — 1906 жылғы 7 (20) февральдағы және 20 марттағы (2 апрельдегі) номерлері ғана шықты. «Партийные Известияның» редакциясы большевиктік («Пролетарий») және меньшевиктік (жаңа «Искра») органдардың сан жағынан бірдей редакторларынан құралды. Большевиктерден редакцияға В. А. Базаров, В. В. Воровский және А. В Луначарский кірді. «Партийные Известияда» Лениннің «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы» (№ 1) және «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» (№ 2) деген мақалалары «Большевик» деп қол қойылып жарияланды. РСДРП IV съезінен кейін «Партийные Известияны» шығару тоқтатылды. — *11.*

10 Бұл арада *«РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)»* айтылып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер).

РСДРП-ның төртінші (Бірігу) съезі 1906 жылғы 10—25 апрельде (23 апрель — 8 майда) Стокгольмде өтті. Съездің алдында, февральдың екінші жартысында, В. И. Ленин большевиктердің тактикалық платформасын — революцияның барлық негізгі мәселелері бойынша съезд қарарларының жобасын әзірледі. Большевиктердің қарарлары еңбекшілер бұқарасын самодержавиеге жаңа революциялық тегеурін жасауға әзірленуге шақырды. Меньшевиктер съезге өздерінің тактикалық платформасын ұсынды, онда олар шын мәніне келгенде революциялық күрестен бас тартты. Съезге сайлаулар осы платформалар бойынша өтті. Екі платформаны талқылау және съезге делегаттар сайлау жөніндегі науқан екі айға жуық уақытқа созылды. Бұл науқанның нәтижесінде партия ұйымдарының көпшілігі большевиктік платформаны жақтады.

Съезге шешуші дауыспен 112 делегат қатысты, олар РСДРП-ның 57 жергілікті ұйымының өкілі еді; кеңесші дауыспен 22 делегат қатысты. Съезде ұлттық ұйымдардың өкілдері де болды: Польша мен Литва социал-демократиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы пар-

тиясынан — үш өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясынан және Финляндия жұмысшы партиясынан — бір өкілден қатысты. Бұған қоса, съезге Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі қатысып отырды.

Большевик-делегаттардың ішінде мыналар болды: В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский.

Съезде меньшевиктер көпшілік болды. Мұның себебі, бұқараның қарулы қимылын басқарған большевиктік партия ұйымдарының көбі талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі — Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен делегаттар аз келді. Елдің бұқаралық революциялық қимылдар болмаған өнеркәсіпті емес аудандарында меньшевиктердің ұйымдары негұрлым көп еді, сондықтан олар делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды.

Съезд мынадай күн тәртібін қабылдады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы; 3) Мемлекеттік дума сайлауының қорытындыларына және Думаның өзіне көзқарас жөніндегі тактика туралы мәселе; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Революциялық уақытша үкімет және революциялық өзін өзі басқару; 7) Жұмысшы депутаттарының Советтеріне көзқарас; 8) Кәсіптік одақтар; 9) Шаруалар қозғалысына көзқарас; 10) Социал-демократиялық емес әр түрлі партиялар мен ұйымдарға көзқарас; 11) Партия программасындағы ұлт мәселесімен байланысты Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын шақыру талабына көзқарас; 12) Партияны ұйымдастыру; 13) Ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы, Бунд) бірігу; 14) Есептер; 15) Сайлау. Алайда күн тәртібі толық талқыланған жоқ. Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және; 7) Партия уставы.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктер арасында шиеленіскен күрес болды. Ленин аграрлық мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасады, сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияға қатысты. Съезде меньшевиктердің сан жағынан басымдығы съезд шешімдерінің сипатын анықтады. Табанды күрестен кейін съезд

Мемлекеттік дума туралы, қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті, меньшевиктердің аграрлық программасын қабылдады. Буржуазиялық партияларга көзқарас туралы мәселе жөнінде съезд халықаралық Амстердам конгресінің қарарын бекітумен шектелді. Съезд кәсіптік одақтар туралы ымырашылдық қарарды және шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқыламастан қабылдады.

Сонымен бірге партия бұқарасының талап етуі бойынша съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын алып тастады. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым уставқа тұңғыш рет енгізілді.

Съезде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу туралы мәселе шешілді, олар РСДРП құрамына белгілі бір территориядағы барлық ұлттардың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйымдар ретінде кірді. Съезд Бундпен бірігу шарттарының жобасын да қабылдады, бірақ арнаулы қарарда пролетариатты ұлтына қарай ұйымдастыруға үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Съезде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының инициативасы бойынша осы партиямен бірігу туралы мәселе қойылды. алайда оның ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық сипаты себепті бұл партиямен келісім жасалған жоқ.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик кірді. Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің редакциясы тек қана меньшевиктерден құралды.

Съезд партияның тарихына «Бірігу» съезі есебінде кірді. Алайда съезде РСДРП-ның тек формальды бірігуі ғана іске асты. Ал іс жүзінде революцияның аса маңызды мәселелері жөнінен меньшевиктер мен большевиктердің өз көзқарастары, өз платформалары болды және шынында олар екі партия еді. Съезде болған күрес большевиктер мен меньшевиктер арасындағы принципті алауыздықтардың мазмұнын және терең екенін партия бұқарасына ашып берді. Съездің материалдары партия мүшелеріне және саналы жұмысшыларға идеялық күрестің мәнін түсінуге, большевиктердің революциялық бағытын анығырақ, тереңірек ұғынуға мүмкіндік берді.

Съезден кейін іле-шала Ленин большевик-делегаттар атынан партияға үндеу жазып, онда IV съездің шешімдеріне принципті баға берді, меньшевиктердің оппортунизмін әшкереледі. — *11.*

11 Әңгіме А. И. Гучковтың «Князь Е. Н. Трубецкойға жауап» деген хаты жайында болып отыр; бұл хат 1906 жылғы 10(23) сентябрьде «Русские Ведомости» газетінің 224-номерінде басылды.

1906 жылы 24 августа (6 сентябрьде) патша үкіметі әскери-дала соттарының енгізілгені туралы хабар жариялап, 1905

жылғы октябрь — декабрьдегі революциялық өрлеудің арқасында қол жеткен барлық жеңілдіктерді жоюды өзінің программасы деп есептейтінін ашық айтты. Октябристердің лидері Гучков «Новое Время» газетінде басылған интервьюінде әскери-дала соттарының енгізілуін де, сондай-ақ үкіметтің бүкіл контрреволюциялық программасын да мақұлдады. Гучковтың үкімет саясатына сөзсіз қосыла кетуі буржуазияның кейбір өкілдерінің наразылғын туғызды. Атап айтқанда, «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі князь Трубецкой Гучковқа хат жазып, бұл хатта Гучковтан «бейбіт жаңарту» партиясына ма немесе «әскери жаңарту» партиясына ма, қай партияға жататынын сұрады. Ленин айтып отырған жауап хатта Гучков үкіметтің саясатымен өзінің келісетінін толық растап, I Мемлекеттік думаның таратылуын мақұлдады. — *14.*

12 *Бүкіл россиялық октябрь стачкасы* — Россияда 1905 жылы октябрьде болған жаппай саяси стачка, ол 1905—1907 жылдардағы революцияның аса маңызды кезеңдерінің бірі болды. Стачка пролетариаттың 1905 жылғы революциялық күресінің оған дейінгі бүкіл барысында әзірленді. Москвада қаланың аса ірі кәсіпорындарының бәрін қамтыған сентябрь стачкалары Бүкіл россиялық октябрь стачкасының прологы болды. 6 (19) октябрьде Қазан, Ярославль және Курск темір жолдарының большевиктік ұйымдары өкілдерінің жиналысы большевиктердің Москва комитетінің нұсқауына сәйкес 7(20) октябрьде теміржолшылардың ереуілін бастау жөнінде қаулы алды. Көп кешікпей ереуіл елдің барлық темір жолдарын, почта мен телеграфты, фабрикалар мен заводтарды қамтыды. Стачка бүкіл россиялық стачкаға айналды; ереуіл жасаған жұмысшыларға ұсақ қызметшілер, студенттер, адвокаттар, дәрігерлер және басқалар қосылды. Стачкаға Россиядағы түрлі ұлттардың жұмысшылары қатысты. *«Бүкіл Россиялық саяси стачка,*— деп жазды Ленин,— бұл жолы шынында да бүкіл елді қамтыды, ең езілген, ең алдыңғы қатарлы таптың ерлік өрлеуіне қарғыс атқан Россия «империясының» *барлық халықтарын* біріктірді» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 2-бет). Стачкашылар саны екі миллион адамнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұрандарымен өтті. Стачкамен қат-қабат бұқаралық митингілер мен демонстрациялар болып жатты, олар полициямен және әскермен қарулы қақтығыстарға жиі ұласып отырды. Бүкіл россиялық октябрь стачкасының барысында елдің көптеген қалаларында жұмысшы депутаттарының Советтері пайда болды. Жұмысшы табының революциялық творчествосынан туған Советтер алғашқы кезде экономикалық және саяси стачкаларды басқару үшін құрылды; күрестің барысында олар көтерілісті әзірлеу органдарына айналды, сөйтіп

жаңа өкіметтің бастамасы болды. Советтердің құрылуы жұмысшы табының аса ұлы тарихи жеңісі болды.

Революциялық қозғалыстың қарқынынан үрейі ұшқан патша үкіметі 17 (30) октябрьде манифест жариялап, «азаматтық бостандықтар» беруге, «заң шығаратын» Дума шақыруға уәде етті. Большевиктер патша манифесінің жалғандығын батыл әшкерелеседі және жұмысшыларды күресті жүргізе беруге шақырды. Ал тап сол кезде меньшевиктер мен эсерлер манифестің жариялануын қанағаттанғандықпен қарсы алып, стачканы дереу тоқтатуды талап етті. Манифест жарияланғаннан кейін буржуазия тарапынан қолдау тапқан патша үкіметі меньшевиктер мен эсерлердің сатқындығын пайдалана отырып, революцияға қарсы батыл шабуылға шықты. Елді ойрандар мен арандатулар толқыны жайлады. Барлық контрреволюциялық күштер шабуылға шыққан соң ереуіл қозғалысы бірте-бірте бәсеңдей берді. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, РСДРП Москва жалпы қалалық партия конференциясы 22 октябрьде (4 ноябрьде) жаппай стачканы тоқтатуға және анағұрлым қолайлы кезеңде бой көрсетіп, стачканы қарулы көтеріліске айналдыру үшін жаңадан жаппай саяси стачка әзірлеуді қолға алу жөнінде шешім қабылдады.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы жұмысшы табының күшін және оның саяси санасының өскенін көрсетті, ол деревняда, армия мен флотта революциялық күрестің өрістеуіне қозғау салды, пролетариатты қарулы көтеріліске алып келді. — *14.*

13 *1905 жылы 17 (30) октябрьде,* Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы ең күшті өрлеген күндерде, патшаның манифесі жарияланды. Манифесте патша «азаматтық бостандықтар» беруге және «заң шығаратын» Дума шақыруға уәде етті. Манифест самодержавиенің саяси айла-шарғысы болды, оның мәнісі уақыттан ұтып, революциялық күштерді бөлшектеп, стачканы іске асыртпау және революцияны жаныштап тастау еді. Манифест шығарылған жағдайға баға бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Самодержавиенің революцияға ашық қарсы шығуға *қазірдің өзінде* шамасы келмей отыр. Жауға үзілді-кесілді соққы беруге *әзірше* революция да дәрменсіз. Тепе-тең дерлік болып отырған күштердің бұл ауытқуы өкіметті сөзсіз састырып, жазалау шараларынан жеңілдік жасауға, баспасөз бостандығы мен жиналыс бостандығы туралы заң шығаруға көшуге әкеліп отыр» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 4-бет). Манифест революция патша өкіметінен күшпен алған жеңілдік еді, бірақ бұл жеңілдік либералдар мен меньшевиктердің айтқанындай революцияның тағдырын әсте шешпейтін еді. Большевиктер манифестің шын мазмұнын әшкереледі. 1905 жылы 18 (31) октябрьде РСДРП Орталық Комитеті «Орыс халқына!» деген үндеу шығарып, онда патша манифесінің бүкіл жалғандығын түсін-

дірді, күресті одан әрі жүргізе беруге шақырды. «Ереуіл бізге әлі де қажет,— делінді үндеуде,— бізді құр қағазбен алдарқатуға болмайтынын, сіздердің шын мәніндегі правоға, нағыз күшке ие болғыларыңыз келетініп жаулар білуі керек, сол үшін де ереуіл қажет» («1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары», 1-бөлім, М., 1956, 185-бет).

17 октябрьдегі манифест туралы В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Революцияның бірінші жеңісі» және «Түйін шешілуге жақын» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 28—36, 74—84-беттер). — *14.*

14 *Октябристер* — 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін Россияда құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл ірі буржуазия мен шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді, оны белгілі өнеркәсіпші әрі Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков және ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдады. — *14.*

15 Әңгіме 1905 жылғы декабрьдегі Москвада болған қарулы көтеріліс жайында болып отыр. Большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясы жұмысшылардың ниетін білдіре отырып, 1905 жылы 5 (18) декабрьде жаппай ереуіл жариялауды және қарулы күрес бастауды ұйғарды. Москва Советінің шақыруы бойынша 7 (20) декабрьде жаппай саяси ереуіл басталды. Алғашқы екі күнде Москвада 150 мыңнан астам адам ереуілге шықты. Заводтар мен фабрикаларда көп адам қатысқан митингілер, көшелерде демонстрациялар өткізілді. Казактармен және полициямен қақтығыс басталды. Күшін шұғыл жинақтап, өкімет шабуылға шықты. Өкіметтің әрекеттеріне пролетариат баррикадалар тұрғызумен жауап берді. 10 (23) декабрьде стачка қарулы көтеріліске ұласты. Пресня, Замоскворечье, Рогожск-Симонов ауданы және Қазан темір жолы ауданы көтерілістің орталығына айналды. Күрес тоғыз күнге созылды. Пресня көтерілістің басты қамалы, оның орталығы болды; Москва жұмысшыларының таңдаулы жауынгерлік жасақтары осында шоғырланды. Москва жұмысшылары жанқиярлықпен шайқасты, бірақ көтерілісшілердің қарулы күрес жүргізуден әлі тәжірибесі жоқ еді, қажетті қару-жарақ жетіспеді, әскермен айтарлықтай байланыс жасалынбады. Декабрьдің басында Москва гарнизоны қобалжи бастап еді, алайда патша үкіметі оны өз жағына тартып алды. Петербургті Москвамен байланыстыратын темір жол үкімет қолында қалды. Меньшевиктер басқарған Петербург Советі көтеріліске қарсы болды. Москва көтерілісі жалпы россиялық көтеріліске ұласпады. Көтеріліске басшылық тұтас алғанда бұқараның стихиялы түрде өскен қозғалысы-

пан артта қалды. Көтерілістің бас кезінде большевиктердің Москва комитетінің басшы қызметкерлері тұтқынға алынған болатын. Жалпы москвалық көтеріліс жекелеген аудандардың көтерілісіне айналды. Күрестің барысында шабуыл тактикасы емес, қорғаныс тактикасы қолданылды. Меньшевиктер мен эсерлер қарулы күресті тоқтатуды талап етіп, жауынгерлік қимылдардың өрістеуіне жол бермеді. Меньшевиктер мен эсерлердің тізе бүгушілік позициясы көтерілісті жеңіліске ұшыратты. Патша үкіметі Москваға Петербургтен, Тверьден және Батыс өлкеден әскер әкелді. 17 (30) декабрьде Пресняға шабуыл басталды, ол қанға боялды. Москва партия комитеті мен Москва Советі революциялық күштерді сақтап қалу үшін және болашақ күрестерге әзірлену үшін 1905 жылғы 19 декабрьден (1906 жылғы 1 январьдан) қарулы қарсыласуды тоқтату жөнінде шешім қабылдады. Москваның ізінше 1905 жылдың декабрінде және 1906 жылдың январында көтеріліс бірқатар жерлерде: Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Донбасста, Екатеринославта, Пермьде (Мотовилихада), Уфада, Красноярскіде, Читада қыза түсті. Закавказьеде, Польшада, Прибалтикада, Финляндияда ірі қарулы бой көрсетулер болып өтті. Бірақ бұл бытыраңқы көтерілістердің бәрін патша үкіметі аяусыз басып отырды. Декабрь қарулы көтерілісі бірінші орыс революциясының жоғары өрлеуінің шыңы болды.

Большевиктер мен меньшевиктер көтерілісті әр тұрғыдан мүлде өзгеше бағалады. Меньшевиктер қарулы көтеріліске шыққан Россия пролетариатының ерлік күресін айыптады. «Қолға қару алмау керек еді»,— деп мәлімдеді Плеханов. Қарулы күрес арқылы ғана революцияның жеңіске жете алатынын бұқараға түсіндіре отырып, қайта қаруды қолға анағұрлым батылырақ алу керек еді, деді большевиктер. Декабрь котерілісінің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин: халық «жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты» деп жазды. (Шығармалар, 31-том, 554-бет). Декабрь қарулы көтерілісі жөнінде Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 407—415-беттер). — *17.*

16 Әңгіме Министрлер советінің председателі С. Ю. Витте жасаған ереже бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған I Мемлекеттік дума (Витте Думасы деп аталған) жайында болып отыр.

1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь стачкасы патшаны 17 октябрьде манифест шығаруға мәжбүр етті; онда, революция жайпап тастаған кеңесші Булыгин Думасынан өзгеше, заң шығару функциясы бар Мемлекеттік дума шақырылатыны жарияланды. Патша үкіметі жаңа Думаны шақыру арқылы революциялық қозғалысты жікке бөліп, оны әлсіретуді,

елдің дамуын бейбіт конституциялық-монархиялық жолға түсіруді көздеді. Үкімет конституциялық уәделер бере отырып, Мемлекеттік дума ұйымдастырудың формаларын, Дума құрамының қолайлы болуын қамтамасыз ететін формаларын іздестірді. Дума сайлауы жөніндегі 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заң және 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң осыған бағытталды (қараңыз: 18, 19-ескертулер).

І Мемлекеттік дума сайлауы 1906 жылғы февраль—мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсіріп тастады, сөйтіп халықтың бір бөлегінің оған деген сенімін әлсіретті, алайда сайлауды болдырмай тастау қолдан келмеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі, Думаның шақырылуын іске асыртпай тастай алатын бұқаралық революциялық өрлеудің жоқтығы болды. Меньшевиктердің шырық бұзатын нұсқаулары мен шаруалар ішінде конституциялық жалған үміттердің күштілігі де бойкоттың сәтсіздігіне себепші болды. Ал Дума қайткенмен де шақырылған соң, Ленин оны революциялық үгіт пен насихат мақсатында, Думаның халық өкілдігін сорақы бұрмалағандық екенін әшкерелеу мақсатында пайдалану міндетін алға қойды.

І Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, олардың ішінде: кадеттер — 179, автономистер — 63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер — 16, партияда жоқтар — 105, трудовиктер — 97 және социал-демократтар — 18. Сөйтіп, Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер ие болды.

І Мемлекеттік дума өзінің мәжілістерінде талқыланған мәселелердің ішінде адамның жеке басына ешкімнің тимеуі туралы, өлім жазасын жою туралы, ұждан және жиналыс бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелер болды. Алайда бұл мәселелер жөніндегі көбінесе кадеттер ұсынған заң жобалары шын мәнісінде «сөз бостандығына да *қарсы,* жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) еді. Мемлекеттік думада аграрлық мәселе негізгі орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа ұсынылды: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер помещиктік жер иеленушілікті сақтап қалуға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-саймандарымен өңделетін немесе арендаға берілетін помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып, «әділ бағамен» құнын төлетіп беруді ұйғарды.

І Мемлекеттік дума әлсіз және шешімдері жартыкеш бола тұрса да үкіметтің үміттерін ақтамады. Патша үкіметі оны 1906 жылғы 8 (21) июльде таратып жіберді. — *17.*

[17] Ленин бұл арада кеңесші Мемлекеттік думаны айтып отыр; бұл Думаны шақыру туралы заңның жобасын патшаның тапсыруымен ішкі істер министрі А. Г. Булыгин әзірлеген болатын. 1905 жылғы 6 (19) августа патшаның манифесі, Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Дума сайлауы үшін тек помещиктерге, капиталистерге және бір шоғыр үй иесі шаруаларға ғана сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан шаруаларға 51 орын ғана тиді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей шаруалар, батырақтар, демократиялық интеллигенция сайлау правосынан айырылды; әйелдер, әскери қызметтегілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмаған адамдар және патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның ешқандай заң қабылдауға правосы жоқ еді, ол патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді ғана талқылай алатын болды. Ленин былай деп жазды: Булыгин Думасы —««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет).

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандарға бағындырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуға болады деп есептеп, либерал буржуазиямен ынтымақтасуды жақтады.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу үшін пайдаланды. Булыгин Думасының сайлауы өткізілмеді, сондықтан үкімет оны шақыра алмады. Революцияның толассыз өрлеуі жәпе 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап кетті.

Булыгин Думасы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер). — *18.*

[18] *1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заң* — Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі сайлау заңы; оны патша үкіметі Москва қарулы көтерілісі қызған кезде жұмысшыларға кейбір жеңілдік беру ретінде шығарған болатын; заң сайлау праволары кеңейтілді деген жалған елес қана туғызды.

«Кеңесші» Булыгин Думасынан өзгеше, бұл заң бойынша «заң шығаратын» Дума құру көзделді. Бұрынғы белгіленген курияларға — жер иеленушілер (помещиктер), қалалық (бур-

жуазия) және шаруалар курияларына — жұмысшы куриясы қосылды және қалалық куриядан сайланатын сайламшылардың жалпы санын сақтай отырып, қалалық сайлаушылардың құрамы біраз кеңейтілді. Сайлау жалпыға бірдей сайлау емес еді. Әйелдердің, ұсақ кәсіпорындар жұмысшылары — 2 миллионнан астам еркектердің, көшпелі халықтардың, әскери қызметшілердің, 25 жасқа дейінгі жастардың дауыс беру правосы болмады. Сайлау тең праволы сайлау болған жоқ. Жер иеленушілер куриясының 2 мың сайлаушысына, қалалық курияның 7 мың сайлаушысына, шаруалар куриясының 30 мың сайлаушысына, жұмысшы куриясының 90 мың сайлаушысына — 1 сайламшыдан келді, яғни помещиктің 1 даусы қала буржуазиясының 3 даусына, шаруалардың 15 даусына, жұмысшылардың 45 даусына теңестірілді. Жұмысшы куриясының сайламшылары Мемлекеттік думадағы барлық сайламшылардың 4 процентіне ғана тең болды. Жұмысшы куриясы бойынша сайлауға кемінде 50 жұмысшысы бар кәсіпорындардың жұмысшылары жіберілді. 50-ден 1000-ға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар бір уәкіл жіберетін болды. Ірі кәсіпорындар әрбір мың адамнан бір уәкіл жіберді. Сайлау төте сайлау емес, көп сатылы сайлау еді. Жұмысшылар үшін үш сатылы, шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі тағайындалды. Іс жүзінде сайлау жасырын сайлау болған жоқ. Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басымдылығын қамтамасыз еткен 11 (24) декабрьдегі сайлау заңын Ленин «халық өкілдігін мейлінше дөрекі түрде боямалау» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 212-бет) деп есептеді. — *18.*

19 *1906 жылғы 20 февральда (5 мартта)* Мемлекеттік дума және Мемлекеттік совет туралы заң және Сенатқа екі указ шығарылды. Бұл заң мен указдар арқылы патша үкіметі шындығында өзінің 17 октябрьдегі манифесін жойды.

Құрамының жарымын патша өкіметі тағайындайтын, ал жарымы дворяндардың, ірі капиталистер мен жоғарғы дін басыларының қаражүздік топтарынан сайланатын Мемлекеттік совет жаңа заң бойынша кеңесші органнан заң шығарушы органға айналдырылды. Мемлекеттік совет Думаның қандай шешімін болсын қабылдамай тастауға право алды. — *18.*

20 Бұл заметка РСДРП Москва комитетінің партизан соғысы туралы 1906 жылғы сентябрьде қабылданған қарарына «Редакциядан» деген қосымша ретінде басылған болатын. Қарардың Ленин атап өткен дәлелдеме бөлегінің 3-пунктінде былай делінген: «... халықтың бір жолғы қимылымен өкіметті құлатуға революцияның күші келмегенімен, бірақ оның күштілігі соншалық, ол енжар күйде қала алмайды, жауға партизандық шабуылдар жасауға стихиялы түрде ұласа береді, мұны деревняларда әсіресе рекрут жинау басталысымен күту керек». — *22.*

21 Ленин бұл арада II Интернационалдың Амстердам халықаралық социалистік конгресі 1904 жылғы августа қабылдаған «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» деген қарарды айтып отыр. Қарарда социалистердің буржуазиялық партияларға көзқарасы білдірілген болатын; қарар социалистерге буржуазиялық үкіметтерге қатысуға тыйым салды және «қазіргі таптық қайшылықтарды бүркемелеп, буржуазиялық партиялармен жақындасуды жеңілдетуге тырысушылық атаулыны» айыптады. — *23.*

22 *Прогрестік-өнеркәсіп партиясы* 1905 жылы октябрьде Москвада құрылды; ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін біріктірді және өзінің саяси көзқарастары жағынан «17 октябрь одағына» жақын болды. Партия патша үкіметінің саясатын толығымен қолдады. Ол буржуазияның мүддесін көздеп, Думаның бюджеттік праволарын кеңейтуді, негұрлым кең экономикалық заңдар шығарылуын, білім беру және сот саласында кейбір реформалар жасалуын талап етті. Партияның аграрлық талаптары деревня буржуазиясы—кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасауға бағытталған Столыпиннің саясатын қорғаумен шектелді. Кейіннен Прогрестік-өнеркәсіп партиясы октябристермен қосылып кетті. — *24.*

23 *«Диск»* («Конституционалистердің демократиялық одағы») — контрреволюциялық ұйым; 17 октябрьдегі патша манифесі шығарылғаннан соң көп кешікпей Петербургте құрылды; ірі дворяндардың, өнеркәсіп буржуазиясы мен жогары бюрократияның консервативтік топтарын біріктірді. «Диск» ұйымы программасының октябристер программасынан айырмашылығы шамалы болды. Ол конституциялық монархияны Россия үшін негұрлым лайықты мемлекеттік құрылыс формасы деп есептеді. Кулактарды өз жағына тарту мақсатымен «Диск» өзінің қызметінде аграрлық мәселені шешуді бірінші кезекке қоятынын демагогтықпен мәлімдеді. Кадеттердің аграрлық программасының негізгі қағидаларын қайталай отырып, «Диск» жер иеленушілер үшін шаруашылық тұрғысынан маңызы жоқ жерлерді құнын төлеткізіп иеліктен айыру есебінен шаруалардың пайдалануындағы жер көлемін ұлғайту талабын ұсынды. 1905 жылдың аяғында «Диск» октябристер партиясына кірді. — *24.*

24 *Праволық тәртіп партиясы* — ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының, помещиктердің және бюрократияның жоғарғы топтарының контрреволюциялық партиясы; 1905 жылдың күзінде құрылды, 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін біржолата қалыптасты. «Праволық тәртіп» жалауын жамылған бұл партия шын мәнісінде патшалық режимді үзілді-кесілді қорғады. Ол I Мемлекеттік думаның таратылуын құптады; II Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде қаражүздік

«Нағыз орыс адамдары одағымен» блок жасасып, октябристерге де осы блокқа кіруді ұсынды. 1907 жылы партия тарап кетті, оның мүшелерінің біразы октябристерге, енді біразы нағыз қаражүздіктерге қосылды. — *24*.

25 *«Орыс халқы одағы»* — монархистердің барып тұрған реакциялық, қаражүздік ұйымы; революциялық қозғалыспен күресу үшін Петербургте 1905 жылғы октябрьде құрылды. «Одақ» реакцияшыл помещиктерді, ірі үйлер иелерін, көпестерді, полиция қызметкерлерін, дін басыларын, қала мещандарын, кулактарды, таптық сипатынан айрылған және қылмыскер элементтерді біріктірді. «Одақты» В. А. Бобринский, А. И. Дубровин, П. А. Крушеван, Н. Е. Марков 2-ші, В. М. Пуришкевич және басқалар басқарды. «Одақтың» баспасөз органдары «Русское Знамя», «Объединение» және «Гроза» газеттері болды. Россияның көптеген қалаларында «Одақтың» бөлімшелері ашылды.

«Одақ» патша самодержавиесінің бұлжымастығын, жартылай крепостниктік помещиктік шаруашылықтың, дворяндық пұрсаттылықтың сақталуын қорғады. Оның программалық ұраны крепостниктік право тұсындағы «православие, самодержавие, халықтық» деген монархиялық ұлтшылдық ұран еді. «Одақ» ойран жасауды, кісі өлтіруді революцияға қарсы күрестің басты әдісі етіп алды. Полицияның жәрдемімен және тікелей жол беруімен оның мүшелері алдыңғы қатарлы революцияшыл жұмысшыларды және демократиялық пиғылдағы интеллигенция өкілдерін ашықтан-ашық, қаймығусыз ұрып-соқты, тасада тұрып өлтіріп кетіп жүрді, митингілерді қуып таратып, оқ атты, еврей ойрандарын ұйымдастырды, орыс емес ұлттарды қан қақсата қудалады.

II Дума қуылған соң «Одақ» 2 ұйымға бөлінді: III Думаны контрреволюциялық мақсаттарға пайдаланбақшы болған «Михаил Архангел Палатасына» — оны Пуришкевич басқарды және ашық террор тактикасын одан әрі жүргізген «Орыс халқы одағына» — оны Дубровин басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде бұл қаражүздік ұйымдардың екеуі де жойылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл ұйымдардың бұрынғы мүшелері Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық бүліктер мен заговорларға белсене қатысты. — *24*.

26 Ленин бұл арада Орыс монархиялық партиясының мүшелерін айтып отыр; бұл контрреволюциялық қаражүздік ұйым 1905 жылдың күзінде революциялық қозғалыспен күресу мақсатында Москвада біржолата қалыптасып болған еді. Оған ірі жер иелері, патша ұлықтары және жоғарғы дін басылары кірді. Партияны реакцияшыл публицист В. А. Грингмут, протоиерей И. Восторгов, князь Д. Н. Долгоруков, барон Г. Г. Розен және басқалар басқарды, барып тұрған реакционер протоиерей Иоанн Кронштадтский партияға жақын бол-

ды. Партияның баспасөз органдары — «Московские Ведомости» газеті және «Русский Вестник» әрайлығы болды. Өзінің бағыты жағынан Орыс монархиялық партиясы ойраншы-қаражүздік «Орыс халқы одағына» жақын тұрды; ол шексіз билік жүргізетін самодержавиені қорғады, дворяндардың, православие шіркеуінің және ұлы орыс ұлтының барлық пұрсаттылығын сақтап қалуды жақтады. Монархистер кеңесші заң шығару мекемелерінің қандайына болсын қарсы шықты, Мемлекеттік думаның шақырылуына қарсы болды. 1911 жылы партия «Орыс монархиялық одағы» деп аталды. — *24.*

27 *«Бейбіт жаңартушылар»* — «бейбіт жаңарту» партиясының мүшелері, ірі буржуазия мен помещиктердің бұл конституциялық-монархиялық ұйымы 1906 жылы I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін біржолата қалыптасты. Партия «солшыл» октябристер мен оңшыл кадеттерді біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің программасы жағынан партия октябристерге жақын тұрды; сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін қорғады. Ленин «бейбіт жаңарту» партиясын «бейбіт тонау партиясы» деп атады, өйткені оның қызметі «... миллиондаған «мужик адамдардың» табан ет, маңдай терімен Россияның ақсүйек дворяндарының *правосын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек, ептірек, шеберірек, іш жағынан берігірек, сырт жағынан белгісізірек етіп қорғап қалу» (Шығармалар, 13-том, 43-бет) бағытында болды. III Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демократиялық реформалар» партиясы дейтінмен «прогрессистер» фракциясына бірікті. — *24.*

28 *Демократиялық реформалар партиясы* — либерал-монархиялық буржуазияның партиясы; 1906 жылдың басында I Мемлекеттік дума сайлауы кезінде кадеттер программасын тым солшыл деп санаған элементтерден құрылды. Партияны басқаруға К. К. Арсеньев, И. И. Иванюков, М. М. Ковалевский, В. Д. Кузьмин-Караваев, А. С. Посников, тағы басқалар белсене араласты. 1907 жылдың аяғына қарай партия өмір сүруін тоқтатты. — *24.*

29 *«Еркін ойлылар»* — 1905 жылғы ноябрьде құрылған, сан жағынан шағын буржуазиялық интеллигенттік топ — «еркін ойлылар» партиясының мүшелері. Партия өзінің негізгі міндеті орыс қоғамының «адамгершілік және мәдени дәрежесін көтеру» деп санады. «Еркін ойлылардың» программасы кадеттер партиясының программасына жақын болды, конституциялық монархия орнатылуын талап етті. Аграрлық мәселеде «еркін ойлылар» жеке меншіктегі жерлерді тиісті құнын өтеп иеліктен айыруды қорғады. II Мемлекеттік дума құыл-

ганнан кейін «еркін ойлылар» партиясы өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *24.*

30 *Радикал-демократтар* — ұсақ буржуазиялық ұйым; 1905 жылы ноябрьде қалыптасты; кадеттер мен меньшевиктер арасында аралық позиция ұстады. Радикал-демократтар «Радикал» деген газет шығарып тұрмақшы болды (бір номері шықты). Олар демократиялық республика орнату талабын қойды, әйтсе де министрлер кабинеті парламент алдында жауапты болған жағдайда конституциялық монархия орнатуға да көнді; аграрлық мәселеде мемлекеттік, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлерді ешбір төлемсіз иеліктен айыруды, жеке иеліктегі жерлерді азын-аулақ төлемін өтеп иеліктен айыруды жақтады. 1906 жылдың басында радикал-демократтар ұйымы тарап кетті, оның бұрынғы мүшелері жартылай кадеттік «Без Заглавия» және «Товарищ» баспасөз органдарына қосылды. — *24.*

31 *Халықтық еңбек социалистері* (энестер) — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлердің арасында ауытқып отыратын «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (қараңыз: осы том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін халықтық социалистер партиясы трудовиктерге қосылып кетті, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорлар мен қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *24.*

32 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы—1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы» т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иелерінің арасындағы таптық айырмашылықты көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шы-

ғарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртықтесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» жөндеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелікті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды, капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгерме түрде пайдалану талаптарының социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені бұл талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайда уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әртектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрлаусыздықты, ұйымдық алауыздықты, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы құрылды. Столыпин реакциясы кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-поме-

щиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін тартып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяғында эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өздерінің ықпалын сақтап қалуға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін тоқтатпады. — *24*.

33 *«Максималистер»* — ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік террористік топ; ол 1904 жылы эсерлер партиясынан бөлініп шығып, 1906 жылғы октябрьде Абодағы (Финляндия) құрылтай съезінде «Социалист-революционер максималистер одағы» болып ұйымдық жағынан қалыптасты. «Максималистер» революцияның буржуазиялық-демократиялық кезеңін жоққа шығарды; олар эсерлердің жерді «социализациялау» жөніндегі талабымен қатар фабрикалар мен заводтардың да дереу «социализациялануын» талап етті. Еңбекші шаруаларды революцияның басты қозғаушы күші деп санай отырып, «максималистер» сонымен қабат революциялық қозғалыста «инициативті азшылықтың» шешуші маңызы бар деп, ал күрестің негізгі құралы жеке террор болып табылады деп мәлімдеді. «Максималистердің» саяси дәйексіздігін атап көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Революцияның бүкіл ұзына бойына эсерлерден бөлінуге тырысып, бірақ біржолата бөліне алмай қойған максималистердің бөлініп шығуы халықшылдық революцияшылдықтың таптық тұрақсыздығын ғана дәлелдеді» (Шығармалар, 15-том, 143-бет). 1907 жылы, бірқатар террорлық қимылдар сәтсіз аяқталған соң және жаппай тұтқындаулардан кейін «максималистердің» ұйымдары ыдырай бастады.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «максималистер» партиясы қайта жанданды. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін «максималистер» біраз уақыт Советтерге және Бүкіл россиялық

Орталық Атқару Комитетіне кірді. Көп кешікпей «максималистер» партиясы жікке бөлінді: олардың біреулері Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті, ал басқалары большевиктердің программасын мойындап, 1920 жылы апрельде РКП(б)-ға кірді. — *24.*

34 *Еңбек тобы* (трудовиктер) — Россияның Мемлекеттік думаларындағы шаруалардан және халықшылдық түсініктегі интеллигенттерден құралған ұсақ буржуазиялық демократтар тобы. Трудовиктер фракциясы I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан 1906 жылғы апрельде құралды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шек қоюшылықтарды жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауында жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талаптарын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді теңгермелі түрде пайдаланудың халықшылдық принциптеріне негізделді: егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік, сондай-ақ жеке меншіктік жерлерден жалпы халықтық қор жасалатын болды; иеліктен айырылатын жеке меншік жерлердің құнын өтеу көзделді. Кәдімгі трудовик — шаруа, деп көрсетті В. И. Ленин, «монархиямен мәмлеге келуге, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (осы том, 27-бет).

Мемлекеттік думада трудовиктер кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқып отырды. Бұл ауытқушылық сол ұсақ қожайындардың—шаруалардың таптық жаратылысының өзіне байланысты еді. Трудовиктер қалай дегенмен де шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер патша самодержавиесіне және кадеттерге қарсы бірлесіп күресу үшін Думада жекелеген мәселелер жөнінен олармен келісімге келу тактикасын жүргізді. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады. — *25.*

35 *«Социал-Демократ»* — газет, РСДРП Орталық Комитетінің құпия органы; 1906 жылғы 17 (30) сентябрьден 18 ноябрьге (1 декабрьге) дейін Петербургте шығып тұрды, барлығы 7 номері жарық көрді. Газеттің РСДРП IV (Бірігу) съезінде сайланған редакциясына тек меньшевиктер (Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. С. Мартынов, П. П. Маслов, А. Н. Потресов) ғана кірді. Іс жүзінде газет меньшевиктердің фракциялық органы болды. — *31.*

[36] *«Пролетарий»*— большевиктік құпия газет. В. И. Лениннің редакциясымен 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар атқарды. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленді және терілді (газетті жіберілген матрицалардан басу Петербургте ұйымдастырылды; құпиялықты сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығады деп көрсетілді). Кейіннен, Россияда құпия органды шығару жағдайлары өте-мөте пашарлауы салдарынан, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешімі бойынша, «Пролетарий» редакциясы газетті шетелде шығаруға ұйғарды (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шығарылды).

«Пролетарийдің» 1—2-номерлері РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде, 3—4-номерлері — РСДРП Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің, 5—11-номерлері — РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің, 12—20-номерлері — РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь Курск және Қазан комитеттерінің, 21-номерінен бастап (редакция шетелге көшірілгеннен кейіп) ақырына дейін — қайтадан РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде шықты.

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарийдің» редакциясындағы негізгі жұмыстың бәрін Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінің әрқайсысында оның бірнеше мақаласы басылды. «Пролетарийде» Лениннің жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөніндегі 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялар мен Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, Орталық Комитеттің партия жұмысының түрлі мәселелері жөніндегі хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланды. Газеттің 46-номеріне қосымшада «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Парижде 1909 жылғы 8—17 (21—30) июньде болған кеңесі туралы хабар, сондай-ақ осы кеңестің қарарлары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтауда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылы январьдағы пленумында ымырашылдардың көмегімен меньшевиктер фракцияшыл-

дықпен күрес дегенді желеу етіп «Пролетарий» газетін жабу туралы шешім қабылдатты. — *31*.

37 *Ткачевизм* — революциялық халықшылдықтағы бланкизмге жақын бағыт; бағыттың идеологы П. Н. Ткачевтің (1844—1885) есімімен аталған. Ткачевшілдер саяси күресті революцияның қажетті алғы шарты деп есептеді, бірақ халық бұқарасының шешуші ролін жете бағаламады. Ткачевтің пікірі бойынша, революциялық азшылық саяси өкіметті басып алып, жаңа мемлекет құруға тиіс, сөйтіп халықтың мүдделері үшін революциялық қайта өзгерістер жасауы керек, ал халыққа тек дайын нәтижелерді пайдалану ғана қалады.

Ткачевтің ұсақ буржуазиялық революцияшылдығын Ф. Энгельс «Эмиграттық әдебиет» деген мақаласында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 241—264-беттер) сынады. — *31*.

38 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген, РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында

болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен біржола қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды. — *34.*

39 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; 1906 жылғы 15(28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (12 январь, 1908) дейін Петербургте шығып тұрды. Ресми түрде газет қайсыбір партияның органы болып саналған жоқ, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович пен Е. Д. Кускова белсене ат салысты. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды. — *36.*

40 *Бернштейншілдер* — халықаралық социал-демократиядағы марксизмге жау, оппортунистік ағымның өкілдері, XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болған бұл ағым ревизионизмді анағұрлым ашық білдіруші Э. Бернштейннің есімімен аталған.

1896—1898 жылдарда Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалар жариялады, оларда революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ревизия жасады. «Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды...» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 6-том, 8-бет). Бернштейншілдердің марксизмге ревизия жасауы социал-демократияны әлеуметтік революция партиясынан әлеуметтік реформалар партиясына айналдыруға бағытталған еді.

Герман социал-демократиясының солшыл элементтері өз газеттерінің бетінде Бернштейнге қарсы күрес бастады. Оңшыл, оппортунистік қанаты бернштейншілдікті жақтап шықты. Партияның Орталық Комитеті бернштейншілдік жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, оған тойтарыс берген жоқ. 1898 жылғы июльде Г. В. Плехановтың ревизионизмге қарсы бағытталған «Бернштейн және материализм»

деген мақаласымен «Die Neue Zeit» журналының бетінде Бернштейн мақалалары бойынша айтыс басталды.

1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Герман социал-демократиялық партиясының Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, бірақ лидерлерінің көпшілігі ымырашылдық позиция ұстауына байланысты партия Бернштейннен іргесін аулақ сала алмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық насихаттай берді.

Бернштейншілдік II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтерінен қолдау тапты. Бернштейншілдік теорияларды Россияда «жария марксистер» мен «экономистер» қолдады. Патша цензурасы Бернштейн кітабының орыс тіліне аударылған үш басылымына рұқсат етті, ал Москваның охранка бөлімінің бастығы Зубатов ол кітапты жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың тізіміне кіргізді.

Россияның тек революцияшыл марксистері, Ленин бастаған большевиктер ғана бернштейншілдікке және оның жақтаушыларына қарсы үзілді-кесілді, дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдерге қарсы шықты. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм мен ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген және басқа мақалаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер; 16-том, 365—370-беттер) бернштейншілдік жан-жақты сынға алынды. — *37.*

41 *«Наша Жизнь»* («Біздің Өмір») — либералдық бағыттағы күнделікті газет; 1904 жылғы 6(19) ноябрьден 1906 жылғы 11(24) июльге дейін Петербургте арасына үзілістер салып, шығып тұрды. — *38.*

42 Бұл арада кадет партиясының 1906 жылы 24—28 сентябрьде (7—11 октябрьде) Гельсингфорста болып өткен IV съезі айтылып отыр. — *41.*

43 *«Столичная Почта»* («Астаналық Почта») — күнделікті газет; Петербургте 1906 жылғы октябрьден 1908 жылғы февральға дейін шығып тұрды. Бастапқы кезде солшыл кадеттердің органы болды, 1907 жылғы февральдан Еңбек тобының трибунасына айналды. Патша үкіметі тыйым салды.— *41.*

[44] *Выборг үндеуі* — 1906 жылы 9—10 (22—23) июльде Выборг қаласында болған кеңесте қабылданған «Халық өкілдерінен халыққа» үндеу; Дума таратылғаннан кейін I Мемлекеттік думаның 200-ге жуық бұрынғы депутаттары, көбі кадеттер, Выборгке келген болатын. Үндеудің текстін осы кеңесте құрылған, құрамына кадеттер, трудовиктер және меньшевиктер кірген комиссия әзірледі. Үндеу халықты Думаның таратылуына қарсы наразылық білдіру ретінде салықтарды төлеуден бас тартуға, рекрутке кісі бермеуге, Думаның рұқсатынсыз алынған заемдарды мойындамауға шақырды. Кадеттер осындай «енжар қарсылық» шараларымен бұқаралық революциялық қозғалыстың тасқынын баяу арнаға түсірмекші болды. Кейінірек Ленин былай деп көрсетті: «Артқы есіктен Треповке жасырын жүгіргіштеп, трудовиктер мен жұмысшы депутаттарына қарсы күресе отырып, либерализм бірінші Думада халық бостандығы туралы мылжыңдады. Ол Выборг манифесі арқылы екі қоянды бірден өлтіруге тырысты, өзінің мінез-құлқын — ретіне қарай — революцияны қолдау рухында да, революцияға қарсы күресу рухында да түсіндіруге тырысты» (Шығармалар, 15-том, 54-бет). 1906 жылы сентябрьде өздерінің съезінде кадеттер «енжар қарсыласуды» қолдануға ашық қарсы шығып, Выборг үндеуінің шақыруынан бас тартты.

Выборгтегі кеңестен соң көп кешікпей-ақ патша үкіметі оған қатысушыларды сотқа тартты. 1907 жылы декабрьде сот болып, үндеу қабылдаушыларды үш айға түрмеге отыру жазасына кесті. — *41.*

[45] *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; Петербургте 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің, тағы басқалардың белсене ат салысуымен шығып тұрды. 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жауып тастады. 1918 жылғы августқа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген әр түрлі атпен шығып тұрды.— *45.*

[46] *«Полярная Звезда»* («Темір Қазық») — апта сайын шығып тұрған журнал, кадет партиясының оң қанатының органы; 1905 жылғы 15(28) декабрьден 1906 жылғы 19 мартқа (1 апрельге) дейін П. Б. Струвенің редакциясымен, Н. А. Бердяевтің, В. М. Гессеннің, А. С. Изгоевтің, Д. С. Мережковскийдің, И. И. Петрункевичтің, тағы басқалардың қатысуымен Петербургте шығып тұрды. Барлығы 14 номері шықты. «Полярная Звезда» өзінің революцияға деген өшпенділігін ашық мәлімдеп, революциялық-демократиялық интеллигенциямен күрес жүргізді. — *48.*

47 Ленин бұл арада жұмысшылардың 1906 жылдың июлінде күшейе түскен ереуілдерін, шаруалардың бой көрсетулерін, сондай-ақ Свеаборгтегі, Кронштадттағы және Ревельдегі солдаттар мен матростардың ірі қарулы көтерілістерін айтып отыр. — *48.*

48 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шыққан журнал, Петербургте 1876 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрды. 90-жылдардың басынан Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті; 1906 жылы «Русское Богатство» Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестердің) органына айналды. «Русское Богатство» өзінің атын бірнеше рет өзгертті («Современные Записки», «Современность», «Русские Записки»; 1917 жылғы апрельден — қайтадан «Русское Богатство»). — *49.*

49 *«Наше Дело»* («Біздің Іс») — меньшевиктердің апта сайын шыққан журналы; 1906 жылдың сентябрінен ноябріне дейін Москвада шығып тұрды, барлығы 10 номері шықты. Журналға Н. Валентинов (Н. В. Вольский), П. П. Маслов, Н. Череванин (Ф. А. Липкин) және басқа меньшевиктер белсене қатысты. Журнал II Дума сайлауында кадеттермен келісім жасасуды қорғады, «жұмысшы съезі» идеясын насихаттады.

1907 жылғы январь — февральда «Наше Делоның» орнына «Дело Жизни» журналы шығып тұрды — *49.*

50 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғындалды, жер аударылды. Алайда қуғындаулар социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларға астыртын жағдайдағы Орталық Комитет басшылық етті. Мұнымен бірге партия бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды,— оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті.

К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Барған сайын күшейе түскен бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды. — *53.*

51 *«Искра»* («Ұшқын») (ескі) — 1900 жылы В. И. Ленин негізін салған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет, ол Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарды.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, әсіресе халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Іс жүзінде Ленин «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

«Искра» партиялық күштерді біріктіру, партия кадрларын топтастыру мен тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды; 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП-ның II съезін әзірледі. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысын-

да партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. Партияның II съезінен кейін көп ұзамай меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына қаратып алды. «Искра» елу екінші номерінен бастап революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. — *56.*

52 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде 10(23) мартта), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері — 1902 жылдың августында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» және «Заря» редакциясының ішінде алауыздық туып, жанжал шыққан кезде В. Г. Плеханов («Заряны» өзі редакциялауды көздеп) журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп ол органдардың редакциясы үнемі ортақ қалпында қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Зарядa» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуупылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім, П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды. — *56.*

53 Ленин бұл арада Л. Мартовтың «Россиядағы саяси партиялар» деген кітапшасын айтып отыр; кітапшада автор буржуазиялық партияларды «либералдық-демократиялық» партиялар деп атаған-ды. — *57.*

54 *«Мартов пен Череванинніің буржуазиялық баспасөздегі пікірі»* деген кітапша 1906 жылы октябрьде Петербургте шықты. 1912 жылы Енисей губерниялық жандарм басқармасы бастығының ұсынысы бойынша Баспасөз істері жөніндегі комитетте қаралды. Комитет кітапшаға тыйым салды, ал Петербург сот палатасы кітапшаны құртуға қаулы шығарды. Алайда бұл уақытқа дейін кітапшаның барлық даналары тарап кеткен еді. — *60.*

55 *«Новый Путь»* («Жаңа Жол») — солшыл кадеттік бағыттағы күнделікті газет; 1906 жылғы 15(28) августан 3(16) ноябрьге дейін Москвада шығып тұрды. Газетке Е. Д. Кускова, С. Н. Прокопович, Тан (В. Г. Богораз) және басқалар қатысты. — *60.*

56 Бұл арада I Мемлекеттік думаның 33 депутаты (негізінен трудовиктер) айтылып отыр; олар Еңбек тобы депутаттарының жеке кеңесінде дайындалған «Негізгі жер заңының жобасына» қол қойған болатын. «33-тің жобасы» эсерлердің тікелей қатысуымен жасалды және олардың аграрлық мәселе жөніндегі көзқарастарын білдірді. «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу және толық жоюды негізгі талап ретінде қойды, жерді пайдалануға барлық азаматтардың тең праволылығын және жерді тұтыну мен еңбек нормасына қарай теңгерме түрде қайта бөлетін жер пайдаланудың қауымдық принципін жариялады. Трудовиктердің басқа жобаларымен салыстырғанда «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу жоюды анағұрлым батыл талап етіп, помещиктік жерлерді құнын өтеусіз конфискелеуді көздеді.

1906 жылғы 6(19) июньде Думаның карауына ұсынылған «33-тің жобасы» кадеттер тарапынан өршеленген қарсылыққа кездесті, сөйтіп 78 дауысқа 140 дауыс қарсы болып қабылданбады. — *64.*

57 В. И. Ленин Герман социал-демократиялық партиясының 1906 жылы 13—20 сентябрьде (жаңаша) болған Дрезден съезін айтып отыр. Съезд партия мүшелеріне буржуазиялық баспасөзге қатысуға тыйым салатын қарар қабылдаған болатын. — *66.*

58 Әңгіме И. С. Тургеневтің «Тіршілік ережесі» («Қара сөзбен жазылған өлеңдер» циклынан) деген өлеңі жайында болып отыр; бұл өлеңнің кейіпкері өз басындағы кемшіліктерді дұшпанына апарып таққан. — *67.*

59 *«Социал-демократия және сайлау науқаны»* деген мақала большевиктік «Пролетарий» газетінің 1906 жылғы 10(23) ноябрьдегі 7-номерінде қол қойылмай басылған. Мақаланың авторы анықталған жоқ. — *78.*

60 *«Социал-демократия және сайлау келісімдері»* деген кітапша 1906 жылы ноябрьде Петербургте басылып шықты. 1912 жылы, жарыққа шыққан соң 5 жылдан кейін, Баспасөз істері жөніндегі комитет кітапшаға тыйым салды. Петербург сот палатасы бұл тыйым салуды бекітті. 1913 жылы 30 январьда (12 февральда) Петербург қала бастығының баспаханасында кітапшаның қалған даналары жойылды. — *81.*

61 *«Око»* («Көз») — кадеттік бағыттағы либералдық-буржуазиялық күнделікті газет; бұрын бірін-бірі алмастырып шығып тұрған «Русь», «Молва», «Двадцатый Век» газеттерінің ор-

нына Петербургте 1906 жылдың 6(19) августынан 31 октябріне (13 ноябріне) дейін шығып тұрды. — *83.*

62 В. И. Ленин бұл арада кадет партиясының 1906 жылы 24—28 сентябрьде (7—11 октябрьде) Гельсингфорста болған IV съезінің шешімдерін айтып отыр. Тактика туралы мәселені талқылаган кезде кадеттер партиясының орталық комитеті Выборг үндеуінде (44-ескертуді қараңыз) жариялаңған «енжар қарсылықты» жоққа шығаратын қарар ұсынды. Солшыл кадеттер (негізінен партияның провинциялық ұйымдарының өкілдері) өздерінің қарарын усынды, онда «енжар қарсылық» партияның ең таяудағы міндеті деп саналды. Съезд көпшілік дауыспен кадет партиясы орталық комитетінің Выборг үндеуін жүзеге асырмауга шақырган қарарын қабылдады. — *88.*

63 В. И. Ленин бұл арада В. Голубевтің «Товарищтің» 1906 жылғы 28 сентябрьдегі (11 октябрьдегі) 73-номерінде басылған «Кадет партиясының міндеттері жөнінде» деген мақаласын айтып отыр. Мақалада кадет «партиясы генералдарға бай болды да, солдаттар мен нұсқаушыларға кедей болды» делінген-ді. — *88.*

64 *Төрт талап* — демократиялық сайлау жүйесінің қысқартылған аты, оған торт талап: жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы жатады. — *88.*

65 Әңгіме кадеттік *«Вестник Партии Народной Свободы»* («Халық Бостандығы Партиясының Хабаршысы») журналы жайында болып отыр; бұл журнал Петербургте 1906 жылғы 22 февральдан (7 марттан) 1908 жылғы 3(16) февральга дейін апта сайын шығып тұрды. Журнал 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін қайтадан шыга бастады; Октябрь социалистік революциясынан кейін көп кешікпей жабылып тасталды. — *92.*

66 *Гедшілдер* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы француз социалистік қозғалысындағы революциялық маркстік ағым, оны Ж. Гед пен П. Лафарг басқарды. 1882 жылы, Франция жұмысшы партиясы Сент-Этьенн конгресінде жікке бөлінгеннен кейін, гедшілдер дербес партиясын құрып, ескі атын сақтап қалды. Гедшілдер партияның 1880 жылы қабылданған теориялық бөлегін К. Маркс жазып берген Гавр программасынан айныған жоқ, пролетариаттың дербес революциялық саясатын қорғады. Францияның өнеркәсіп орталықтарында олардың ықпалы зор болды, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерін біріктірді.

Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар 1901 жылы Франция социалистік партиясына бірікті (оның мүшелері де көсемінің есімімен — гедшілдер деп

аталды). 1905 жылы гедшілдер реформистік Француз социалистік партиясымен бірікті. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде бұл партияның басшылары (Гед, Самба және басқалар) жұмысшы табының ісіне опасыздық жасап, социал-шовинизм позициясына көшті. — *97*.

67 *Жоресшілдер* —француз социалисі Ж. Жорестің жақтастары; 90-жылдарда А. Мильеранмен бірге Ж. Жорес «тәуелсіз социалистер» тобын құрды және француз социалистік қозғалысының оңшыл, реформистік қанатын басқарды. «Сын еркіндігі» талабын желеу етіп, жоресшілдер марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасады, пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымақ жасауын уағыздады. 1902 жылы олар реформистік позицияда тұрған Француз социалистік партиясын құрды. — *97*.

68 *«Саналы Россия»* — эсерлік жинақ; 1906 жылдың күзінде Петербургте В. М. Черновтың редакциясымен жария түрде шығып тұрды. 4 кітабы шықты. Үшінші кітаптан бастап «Қазіргі тақырыптарға жинақ» деген тақырыпшасы болды. — *100*.

69 *РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы* Таммерфорста 1906 жылы 3—7 (16—20) ноябрьде болып өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 32 делегат: меньшевиктерден — 11, бундшылдардан — 7, большевиктерден — 6, Польша мен Литва социал-демократиясынан — 5, Латыш өлкесі социал-демократиясынан—3 делегат қатысты. Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының мүшелері кеңесші дауыс правосымен қатысты.

Конференция мынадай күн тәртібін қабылдады: 1. Сайлау науқаны. 2. Партия съезі. 3. Жұмысшы съезі. 4. Қаражүздікке және ойрандарға қарсы күресу. 5. Партизандық қимылдар.

Меньшевиктік Орталық Комитет бірқатар жалған ұйымдардың өкілдігін ұйымдастырып, конференцияда меньшевиктердің көпшілік болуын қамтамасыз етті. Мұның өзі конференцияға бірқатар мәселелер жөнінен меньшевиктік қарарлар қабылдаттыруға мүмкіндік берді. Конференцияда Петербургтің, Москваның, Орталық-Өнеркәсіпті облыстың, Поволжьенің, поляк және латыш социал-демократтарының 14 делегаты большевиктік бағытты қорғады. II Мемлекеттік думаға сайлау науқаны туралы мәселе жөнінде конференцияда төрт баяндама тыңдалды. Кадеттермен блок жасасуға қарсы большевиктік тактиканы қорғап, В. И. Ленин және Польша мен Литва социал-демократиясының өкілі А. Варский (А. С. Варшавский) баяндамалар жасады. Кадеттермен блок жасасудың меньшевиктік тактикасын Л. Мартов және бундішыл Р. А. Абрамович қорғады.

Баяндамалар талқыланғаннан кейін конференция 14 дауысқа қарсы 18 дауыспен (меньшевикер мен бундшылдар)

«РСДРП-ның сайлау науқанындағы тактикасы туралы» меньшевиктік қарарды қабылдады, бұл қарарда кадеттермен блок жасасуға жол берілді. Бұл оппортунистік қарарға қарама-қарсы Ленин 14 делегаттың атынан «Ерекше пікір» — сайлау науқанындағы большевиктік платформаны ұсынды, онда жұмысшы табы партиясының ұйымдық және идеялық дербестігі қажет екені атап көрсетілді. «Ерекше пікір» ұсақ буржуазиялық демократияның өкілдері ретінде тек трудовиктермен және эсерлермен ғана уақытша келісімдер жасасуға болады деп есептеді (қараңыз: осы том, 113—115-беттер). Ленин конференцияда Орталық Комитеттің конференцияның бекітуіне ұсынған сайлау платформасының меньшевиктік жобасын сынап сөз сөйледі, оған бірқатар түзетулер енгізуді ұсынды. Большевиктердің қысымымен конференция сайлау платформасының жобасына түзетулер енгізу туралы қарар қабылдады.

Конференция «Жергілікті жерлердегі сайлау науқанының бірлігі туралы» қарарды Лениннің түзетуімен қоса қабылдады. Бұл түзету меньшевиктік Орталық Комитеттің жергілікті жерлерде кадеттермен блок жасасу тактикасын жүргізуіне шек қоятын еді (қараңыз: осы том, 140-бет).

Ленин конференцияда партияның төтенше съезін шақыру қажеттігін қорғады. Конференция кезекті съезді 1907 жылғы 15 (28) марттан кешіктірмей шақыруға қаулы алды. Большевиктердің «Жұмысшы съезін» жақтап үгіт жүргізуді партия тәртібін бұзушылық болады деп есептеп, осы мәселені талқылауды талап еткеніне қарамастан, конференция бұл мәселені талқыламады, «Жұмысшы съезін жақтап үгіт жүргізудің шектері туралы мәселе жайында» деген ымырашылдық қарар қабылдаумен шектелді.

Қаражүздіктер мен ойрандарға қарсы күресу туралы және партизандық қимылдар туралы мәселелер уақыттың тарлығынан талқыланған жоқ. Конференция Орталық Комитетке қарарлардың барлық жобалары мен ерекше пікірлерді конференция туралы қысқаша есепте жариялауды тапсырды. Алайда меньшевиктік Орталық Комитет өзінің органы «Социал-Демократта» конференцияның қарарларын ғана жариялап, большевиктердің «Ерекше пікірін» баспай қойды.

Лениннің мына мақалаларында конференцияның жұмысына талдау жасалып, сын айтылған: «Кадеттермен блок жасасу туралы» және «Кадеттенуші социал-демократтармен күрес және партиялық тәртіп» (қараңыз: осы том, 122—136, 137—141-беттер). — *107.*

73 Лениннің баяндамасының негізіне большевиктік қарар алынды, ол қарар кейіннен конференцияға Польша, Латыш өлкесі, Петербург, Москва, Орталық-Өнеркәсіпті облыс және Поволжье социал-демократиясы делегаттарының атынан «Ерекше пікір» ретінде ұсынылды (қараңыз, осы том, 113—115-беттер). — *109.*

71 Әңгіме Думадағы социал-демократиялық фракция декларациясының Ленин жазған большевиктік жобасы жайында болып отыр. Бұл жобаны азғана қысқартып Ленин «Біздің Думалық фракцияның декларациясы жөнінде» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 247—253-беттер) келтірген. — *111*.

72 Ленин бұл арада Бундтың 1906 жылғы августың аяғында — сентябрьдің басында болған VII съезінде қабылданған «Тактика туралы» қарарды айтып отыр. — *113*.

73 *Сионист-социалистер* — 1904 жылы құрылған ұсақ буржуазиялық еврей ұлтшылдық ұйымы — Сионистік-социалистік жұмысшы партиясының мүшелері. Сионист-социалистер еврей пролетариатының басты міндеті өзінің меншікті территориясы болу үшін және өзінің ұлттық мемлекетін құру үшін күресу болып табылады деп есептеді. Олар еврей буржуазиясымен таптық ынтымақты уағыздады, орыс және халықаралық пролетариатының революциялық қозғалысынан еврей жұмысшыларын оқшаулауды көздеді, түрлі ұлттардың жұмысшылары арасында дұшпандық сезім туғызуға тырысты. Сионист-социалистердің ұлтшылдық әрекеті еврей жұмысшыларының таптық санасын қараңғылады, жұмысшы қозғалысына зор нұқсан келтірді. Халықаралық социалистік бюро 1908 жылғы октябрьде сионист-социалистерден іргені аулақ салды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Сионистік-социалистік жұмысшы партиясы Социалистік еврей жұмысшы партиясымен («Серп») Біріккен еврей социалистік жұмысшы партиясына бірікті. — *115*.

74 Ленин бұл арада патша үкіметі крепостник-помещиктердің мүдделерін көздеп жасаған 1861 жылғы «Шаруалар реформасын» айтып отыр. 1861 жылы 19 февральда II Александр Манифеске және крепостниктік тәуелділіктен босаған шаруалар туралы «Ережеге» қол қойды. Реформаның қажеттігі елдің экономикалық дамуының бүкіл барысынан және крепостниктік қанаушылыққа қарсы бұқаралық шаруалар қозғалысының өсуінен туды. «Шаруалар реформасы» крепостниктер жүргізген буржуазиялық реформа болды. Помещиктік жер иеленушілік сақталып қалды. Шаруа заңмен тағайындалған норма бойынша ғана (онда да помещиктің келісімімен), құнын төлеп үлесті жер ала алатын болды. Шамамен алынған есептер бойынша, реформадан кейін дворяндардың — 71,5 миллион десятина, шаруалардың — 33,7 миллион десятина жері болды. Реформаның нәтижесінде шаруалар жерінің $^1/_5$ бөлігінен астамын, тіпті $^2/_5$ бөлігін помещиктер өз жерлеріне қосып алды. Шаруалардың үлесті жерлерінің таңдаулысы («кесінді жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалар) помещиктердің қолында

қалды, бұл жерлерсіз шаруалар өз беттерімен шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Шаруалардың үлесті жерлерін өз меншігіне сатып алуы оларды помещиктер мен патша үкіметінің тікелей тонауы еді. Шаруалардың патша үкіметіне борышын өтеуі үшін 6 процент төлемімен 49 жылға мәулет берілді. Құнын өтеп алу операциялары бойынша берешектер жылдан жылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне құнын өтеп алу операциялары бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал шаруалардың қолына көшкен жерлердің рыноктық құны 544 миллион сомнан аспайтын еді. Іс жүзінде шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруалар шаруашылықтарының күйзеліске және шаруалардың жаппай қайыршылыққа ұшырауына әкеп соқтырды.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүдделері үшін шаруаларға жасалған алғашқы жаппай зорлық, помещиктердің капитализм үшін «жерді тазартуы» деп атады. 1861 жылғы реформа туралы Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетарлық-шаруа революциясы» (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер). — *120.*

75 Әңгіме Г. В. Плехановтың «Тактика және әдепсіздік туралы хаттары» жайында болып отыр; бұл хаттарда Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі меньшевиктік тактика белгіленген болатын (қараңыз: Г. В. Плеханов. Шығармалар, XV том, 1926, 91—145-беттер). — *124.*

76 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 205-бет. — *128.*

77 Ленин бұл арада 1906 жылғы 13 (26) июньде I Мемлекеттік думаның 26-мәжілісінде Ф. И. Родичевтің сөйлеген сөзін айтып отыр. — *129.*

78 Әңгіме «Товарищ» газетінің 1906 жылғы 1 (14) ноябрьдегі 102-номерінде жарияланған бас мақала жайында, сондай-ақ Е. Д. Кускованың «Г. В. Плехановтың хаты жөнінде» деген мақаласы жайында болып отыр. Бұл мақалалар Г. В. Плехановтың социал-демократтарды II Мемлекеттік дума сайлауы кезінде буржуазиялық партиялармен келісім жасасуға шақырған «Саналы жұмысшыларға ашық хатын» мақұлдады. Мақалаларда «партиялардың айырмашылығына қарамастан» «бүкіл орыс демократиясын» топтастыру талабы қойылды. — *134.*

79 Ленин бұл арада РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы туралы 1906 жылғы 15 (28) ноябрьде «Век» газетінің 46-номерінде басылған бас мақаланы айтып отыр.

«Век» («Ғасыр») — солшыл кадеттік бағыттағы газет; Москвада арасына үзілістер салып 1906 жылғы январьдан 1907 жылғы январьға дейін шығып тұрды. — *134.*

80 *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, Женевада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолға алынды, бірақ не бары бір номері шықты. Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов барып тұрған оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды жүзеге асырды, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады. 1909—1912 жылдары Плеханов құпия партия ұйымдарын жою жолына түскен жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шықты («Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлері). Алайда ол тактиканың негізгі мәселелері жөнінен меньшевиктік позицияларда қалды. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінен Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді. — *134.*

81 Әңгіме Г. В. Плехановтың кадеттік «Товарищ» газетінің 1906 жылғы 31 октябрьдегі (13 ноябрьдегі) 101-номерінде жарияланған «Саналы жұмысшыларға ашық хаты» жайында болып отыр. Бұл хат туралы мынаны қараңыз: ««Социал-демократия және сайлау науқаны» деген мақалаға постскриптум» (осы том, 78—80-беттер). — *138.*

82 Курсивпен айрықша көрсетілген текст меньшевиктердің «Жергілікті жерлердегі сайлау науқанының бірлігі туралы» қарарына Лениннің РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясында енгізген түзетуі болып табылады.— *140.*

83 *«Волна»* («Толқын») — большевиктік күнделікті газет; 1906 жылғы 26 апрельден (9 майдан) 24 майға (6 июньге) дейін Петербургте жария шығып тұрды. 25 номері шықты. «Волнаны» 9-номерінен бастап іс жүзінде В. И. Ленин редакциялады. Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов және басқалар қатысты. Газетте Лениннің 25-ке жуық мақаласы жарияланды, олардың көбі бас мақала ретінде басылды. Бұқараның революциялық күресіне большевиктердің басшылық етуінде, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығын көтеруде «Волна» үлкен роль атқарды.

Қоғамдық-саяси бөлім газеттің едәуір бөлігін алды, бұл бөлімнің материалдары саяси оқиғаларды талдауға және түсіндіруге, пролетариаттың революциядағы тактикасын жа-

сауға және насихаттауға арналды. Партия өмірі бөлімінің: «Саяси партиялар өмірінен» және «Аудандарда» деген екі рубрикасы болды. Бірінші рубрикамен көбінесе партияның қарарлары және басқа басшылыққа алынатын документтері, сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың қызметтері туралы хабарлар жарияланып тұрды. Екінші рубрикамен — аудандық және бастауыш партия ұйымдарының өмірі туралы материалдар берілді. Газет елдегі жұмысшы қозғалысын жазуға көп көңіл бөлді. Бұл материалдар «Фабрикалар мен заводтарда», «Кәсіптік одақтарда», «Жұмыссыздар арасында» деген рубрикалармен берілді. «Мемлекеттік дума» бөлімінде Дума мәжілістері жөнінде есептер, Дума мәжілістерінен тыс әңгімелерден репортаждар басылды. «Газеттер мен журналдар әлемінде» бөлімінде баспасөзге шолу жасалды.

Патша үкіметі «Волнаны» қуғынға салды: редактор бірнеше рет сотқа тартылды, газеттің көптеген номерлеріне тыйым салынды; 1913 жылғы 26 июньде (9 июльде) Петербург сот палатасы газеттің 10, 18, 19, 22—25-номерлерін басу үшін дайындалып қойған стереотиптерімен бірге жойып жіберуге қаулы алды. 1906 жылғы 24 майда (6 июньде) патша үкіметі газетті жауып тастады. «Волна» жабылғаннан кейін Петербургтегі Коппель заводының жұмысшылары былай деп жазды: «Полиция жауып тастаған социал-демократиялық «Волна» газеті жұмысшы табының түпкілікті талаптары мен мақсаттарын толық білдіре және қорғай отырып, сонымен бірге бізге, жұмысшыларға, қазіргі басымыздан кешіріп отырған кезеңдегі біздің таптық міндетіміз туралы нерұрлым айқын және қарапайым тілмен айта білгенін, бізге кадеттердің әрекетін және олар мен Мемлекеттік думаға біздің көзқарасымызды неғұрлым ұғымды және дұрыс түсіндіргенін мойындай келіп, жабылған «Волнаға» біз жолдастық тілектестігімізді білдіреміз және оның орнына шығатын газетті асыға күтеміз» («Вперед» № 2, 27 май, 1906 ж.). «Волнаның» орнына «Вперед» газеті, ал одан соң «Эхо» шыға бастады. — *142.*

84 *«Армавирский Пролетарий»* («Армавир Пролетары») — газет, РСДРП Армавир комитетінің құпия органы; 1906—1907 жылдарда шығып тұрды. — *142.*

85 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан бастап Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар, 19-том, 120-бет)

ерекше ұштастырды деп атап көрсетті. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды. — *143.*

86 *«Мемлекеттік думаға кімді сайлау керек?»* деген листовка II Дума сайлауының алдында жазылған. Ленин «Үкіметтің Думаның өңін айналдыруы және социал-демократияның міндеттері» деген мақаласында бұл листовканы Дума сайлауына қатысушы «*басты* үш партия туралы» плакат деп атады (қараңыз: осы том, 216-бет). Листовканы Выборгте «Пролетарийдің» редакциясы газеттің 8-номеріне қосымша ретінде басып шығарды; 1906 жылы Петербургте үш рет басылып (бір рет толық, екі рет қысқартылып) шықты. Листовканы қысқартылған күйінде РСДРП Иваново-Вознесенск, Кострома және Харьков комитеттері, РСДРП Обь тобы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті мен Латвия социал-демократиясының Орталық Комитеті де басып шығарды. — *145.*

87 Әңгіме Г. В. Плехановтың «Товарищ» газетінің 1906 жылғы 24 ноябрьдегі (7 декабрьдегі) 122-номерінде басылған ««Товарищтің» оқушыларының біріне жария жауап» деген хаты жайында болып отыр. Ленин Плехановтың оппортунистік хатын Ф. Лассальдің 1863 жылы жазылған «Лейпцигтегі жалпы герман жұмысшы конгресін шақыру үшін бекітілген Орталық Комитетке жария жауап» деген кітапшасымен кекесінді түрде салыстырады. — *153.*

88 *Ноздрев* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» поэмасы кейіпкерлерінің бірі, оның образында менмепсіген, дөрекі, суайт адамның типі көрсетілген. — *154.*

89 Қараңыз: К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 479-бет). — *156.*

90 *«Әйгілі Париж келісімі»* — самодержавиеге қарсы күрестегі «негізгі принциптер мен талаптар» туралы келісім 1904 жылы ноябрьде Париж конференциясында қабылданған болатын, бұл конференцияға социалист-революционерлер партиясының, Поляк социалистік партиясының (ППС), грузин буржуазиялық-ұлтшылдық партиясының («Сакартвело»), армян буржуазиялық-ұлтшылдық партиясының («Дрошак»), Поляк ұлттық лигасының («Лига народова»), Финляндияның белсенді қарсылық көрсету партиясы, «Азаттық одағының» және басқаларының өкілдері қатысты.

РСДРП және ұлттық социал-демократиялық ұйымдар делегаттарының РСДРП Советі шақырған кеңесі Париж конференциясына қатысудан бас тартты, өйткені өзінің саяси талаптары жөнінен таптық өрісі тар, жартыкеш әрі дәйексіз

буржуазиялық демократиямен кеңес келісім жасасуға болмайды деп есептеді. — *160.*

91 *«Голос Труда»* («Еңбек Үні») — меньшевиктік күнделікті жария газет; бұрын шығарылып келген «Курьер» газетінің орнына, Петербургте 1906 жылғы 21 июньнен (4 июльден) 7 (20) июльге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. — *162.*

92 *«Отклики Современности»* («Заман Үндері») — меньшевиктік жария журнал; 1906 жылғы марттан июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың 5 номері шықты. — *162.*

93 В. И. Ленин бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезіне большевиктер ұсынған «Демократиялық революцияның қазіргі кезеңі» атты қарардың жобасын айтып отыр (қараңыз: КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 160—162-беттер). — *163.*

94 Әңгіме РСДРП III съезінің «Қарулы көтеріліс туралы» қарары жайында болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 120—121-беттер). — *166.*

95 В. И. Ленин бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезіне большевиктер ұсынған «Қарулы көтеріліс» деген қарардың жобасын айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 163—165-беттер). — *166.*

96 *«Народная Свобода»* («Халық Бостандығы») — газет, кадеттер партиясының органы; 1905 жылы декабрьде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен Петербургте шығып тұрды. — *168.*

97 *Иван Федорович Шпонька* — Н. В. Гогольдің «Иван Федорович Шпонька және оның апасы» деген повесінің кейіпкері, оның образы арқылы автор өресіз, еш нәрсеге көңіл бөлмейтін, енжар адамды көрсеткен. — *168.*

98 В. И. Ленин бұл арада 1849 жылы майда оңтүстік-батыс Германияда бұрқ ете түскен халық көтерілістерін айтып отыр. Революциялық-демократиялық қозғалыс Рейн провинциясын, баварлық Пфальц пен Баденді қамтыды; қозғалыс империялық конституция жолындағы күрес ұранымен өтті, көтерілісшілер конституцияны патшалардан құтылудың және Германияны біріктірудің құралы деп білді. Қозғалысқа басшылық еткен ұсақ буржуазияның тартыншақтығы мен қорқақтығы салдарынан Пруссия әскерлері 1849 жылдың июлінде көтерілісті басып тастады. — *173.*

99 Әңгіме Париж жұмысшыларының 1871 жылғы 18 марттағы көтерілісі жайында болып отыр, бұл көтерілістің нәтижесінде тарихта тұңғыш рет пролетариат диктатурасының үкіметі — Париж Коммунасы құрылды. Париж Коммунасы туралы В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Париж Коммунасы туралы баяндаманың үш конспектісі» «Коммуна туралы баяндама жоспары», «Коммунаның сабақтары», «Коммунаны еске түсіру», «Мемлекет және революция», III тарауы (Шығармалар толық жинағы, 8-том, 515—526-беттер; 9-том, 358—361-беттер; Шығармалар, 13-том, 487—490-беттер; 17-том, 122—127-беттер, 25-том, 428—447-беттер). — *173.*

100 *Бельгиядағы жаппай стачка* 1902 жылдың апрелінде парламентте жұмысшы, либералдық және демократиялық партиялардың өкілдері қойған жалпыға бірдей сайлау правосы талабын қолдау ретінде жарияланды. Стачкаға 300 мыңнан астам жұмысшы қатысты; бүкіл елде жұмысшылардың демонстрациялары өтті. Алайда сайлау реформасы туралы заң жобасын парламент қабылдамай тастаған соң, ал әскерлер демонстрацияшыларға оқ атқаннан кейін, жұмысшы партиясының оппортунистік басшылығы (Вандервельде және басқалар) тізе бүкті, сөйтіп либерал буржуазия ішіндегі өздерінің «одақтастарының» қысымымен жаппай стачканы тоқтатты. Бельгия жұмысшы табының 1902 жылғы апрельдегі жеңілісі бүкіл дүние жүзінің жұмысшы қозғалысы үшін сабақ болды. «Оңай табысқа үміттеніп, революциялық принциптерді құрбандық ететін оппортунистік тактиканың практикалық нәтижелері қандай болатынын социалистік пролетариат көреді,— деп жазды «Искра» 1902 жылғы 1 июньдегі 21-номерінде. — Егер өзінің жауға саяси қысым жасау үшін қолданып отырған құралдарын логикалық жағынан ақырына дейін жеткізуге әзірлігі болмаса, онда бұл құралдардың бірде-бірі көздеген мақсатқа жеткізе алмайтынын пролетариат тағы да өз көзімен көреді». — *173.*

101 Ленин бұл арада К. Маркстің «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап» деген еңбегінің екінші тарауының 1-параграфын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 128—147-беттер) айтып отыр. — *174.*

102 *Рабочемысльшілдер* —«Рабочая Мысль» газетін (1897 жылдың октябрінен 1902 жылдың декабріне дейін шығып тұрды, К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады) шығарған «экономистер» тобы.

Топ оппортунистік көзқарастарды ашық уағыздады. Ол жұмысшы табының саяси күресіне қарсы шықты, оның міндеттерін «осы сәттің мүдделерімен», жекелеген ішінара реформалар, негізінен экономикалық сипаттағы реформалар талаптарымен шектеді. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығына ден қойған рабочемысльшілдер дербес пролетарлық

партияны құруға қарсы болды, революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетіп, социалистік идеология стихиялық қозғалыстан тууы ықтимал деп пайымдады.

Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында, «Не істеу керек?» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер, 6-том, 1—211-беттер), сондай-ақ «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында «Рабочая мысль» тобының көзқарастарын халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретінде сынады.

Акимовшылдар — «экономизм» өкілдерінің бірі, барып тұрған оппортунист В. П. Акимовты (Махновецті) жақтаушылар. — *176.*

103 *«Белорус социалистік громадасы»* — ұлтшылдық ұйым, 1902 жылы «Белорус революциялық громадасы» деген атпен пайда болды. Ол белорус буржуазиясының, помещиктері мен кулактарының мүдделерін қорғады, революциялық тап күресін бекерге шығарды, орыс революциялық жұмысшы табынан белорус халқын бөліп әкетіп, оқшау қалдыруға тырысты. Бұл әрекеттер белорус халқының еңбекшілер бұқарасынан ешқандай қолдау тапқан жоқ. Ұлт мәселесінде «мәдени-ұлттық автономия» талабын қойды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Белорус социалистік громадасы» буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Белорус громадасы бірнеше контрреволюциялық топтарға бөлініп ыдырап кетті, ол топтар ақ гвардияшылармен және шетел интервенттерімен бірге Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді. — *179.*

104 Ленин бұл арада 1906 жылы сентябрьдің бас кезінде РСДРП Петербург комитеті шақырған Петербургтің әр түрлі аудандары жұмысшыларының жиналысы қабылдаған «жұмысшы съезі» туралы қарарды айтып отыр. Бұл қарардың екінші пунктінде «жұмысшы съезін» жақтаған үгіттің «практика жүзінде көбінесе пролетариат пен ұсақ өндірушілер арасындағы айырмашылықты ескергісі келмейтін ұсақ буржуазиялық бағыттарға да («Еңбек тобы», «Халықтық-социалистік еңбек партиясы», эсерлер және т. б.), сондай-ақ пролетариаттың нағыз жауларына да бірдей қызмет ететіні» көрсетілді («Пролетарийдің» 1906 жылғы 8 сентябрьдегі 3-номері). — *181.*

105 Ленин «Пролетарийдің» 1906 жылғы 7 (20) декабрьдегі 9-номерінде жарияланған «Меньшевиктер және кадеттермен келісімдер» деген мақаланы айтып отыр. — *183.*

106 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шыққан большевиктік құпия газет; 1904 жылдың 22 декабрінен (1905 жылдың 4 январынан) 1905 жылдың 5(18) майына дейін Женевада

шығып тұрды. 18 номері шықты. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Редакция құрамына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен барлық хат-хабар алысуын Н. К. Крупская жүргізді. Ленин газеттің мазмұнын белгілей келіп: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). Ленин «Впередке» басшы мақалалар жазып қана қойған жоқ, оның қаламынан сондай-ақ көптеген әр түрлі заметкалар мен өңдеген корреспонденциялар да жарық көрді. Кейбір мақалаларды Ленин редакцияның өзге мүшелерімен (Воровский, Ольминский, тағы басқалар) бірлесіп жазды. Әр түрлі авторлардың қол жазбаларының сақталған бөлектерінде Ленин жасаған үлкен түзетулер мен елеулі қосымшалар айқын сезіліп тұрады. Ленин газеттің әрбір номерін беттелген күйінде үнемі қарап шығып отырды. Тіпті, Лондонда III съезде жұмыс сондайлық басынан асып жатқанның өзінде, Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарауға уақыт тапты. Тек газеттің 18-номері ғана Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты оның редакторлық қарауынсыз шыққан сияқты. «Вперед» газетінде Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. Газеттің кейбір номерлерін, мысалы, 1905 жылғы 9 январь оқиғасына және Россиядағы революцияның басталуына арналған 4 және 5-номерлерін түгелдей дерлік Ленин дайындады.

«Вперед» газеті шыға бастасымен-ақ жергілікті партия комитеттерінің құрметіне ие болды, олар оны өздерінің органы деп таныды. Жергілікті партия комитеттерін лениндік принцип негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды, Лениннің газет бетінде ұсынған және дәлелдеген нұсқаулары съезд шешімдерінің негізіне алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен үнемі байланыс жасап тұрды. Әсіресе РСДРП-ның Петербург, Москва, Одесса, Екатеринослав, Баку және басқа комитеттерімен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. Лениннің «Вперед» газетіндегі мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары жиі-жиі көшіріп басты, жеке листовкалар немесе кітапшалар етіп шығарып отырды. «Впередтің» 4-номеріндегі Лениннің «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» («Вперед» № 11) деген мақаласын РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп шығарды. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократия-

лық диктатурасы» («Вперед» № 14) деген мақаласын РСДРП Кавказ одағы комитеті грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіп шығарды. Партияның үшінші съезі арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру жолындағы күрестегі, революциялық қозғалыс алға тартқан тактика мәселелерін көтере, жаза білудегі, съезд шақыру үшін күрестегі көрнекті ролін атап өтті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына «Пролетарий» газеті шығарыла бастады. — *184.*

107 Ленин бұл арада «Біздің ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттер» деген кітапшаны айтып отыр; ол кітапша 1904 жылы Женевада «Рабочий» деген бүркеншік атпен шыққан-ды, алғы сөзін П. Б. Аксельрод жазған болатын. Партияны құрудың лениндік ұйымдық жоспарына қарсы шыға отырып, кітапшаның авторы меньшевиктердің «демократизмі» шындығында партиядағы басшы орындар үшін күреске саятынын мойындауға мәжбүр болды. В. И. Ленин «Бұлбұлды ертегімен жемдемейді» деген мақаласында бұл кітапшаға толық сипаттама берген. «Бұл кітапша,—деп жазды Ленин,—«әсем сөз» серілерін олардың өз жақтастары қалай әшкерелейтіндігінің тамаша үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 173-бет). — *186.*

108 *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір») — большевиктік тұңғыш жария газет; Петербургте 1905 жылы 27 октябрьден (9 ноябрьден) 3(16) декабрьге дейін күн сайын шығып тұрды. Ресми түрде «Новая Жизнь» газетінің шығарушы-редакторы болып ақын Н. М. Минский, бастырып шығарушысы болып М. Ф. Андреева есептелді. В. И. Ленин 1905 жылы ноябрьдің басында эмиграциядан Петербургке қайтып келгеннен кейін газет Лениннің тікелей басшылығымен шыға бастады. Редакция және қызметкерлер құрамы өзгертілді. «Новая Жизнь» іс жүзінде РСДРП-ның Орталық Органы болды. В. Д. Бонч-Бруевич, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский және басқалар газетке ат салысты. А. М. Горький «Новая Жизньге» белсене қатысты, сондай-ақ газетке үлкен материалдық жәрдем беріп тұрды.

«Новая Жизньде» Лениннің 14 мақаласы басылды. Газет бұқараны саяси ағарту және ұйымдастыру ісінде үлкен роль атқарды, бұқараны қарулы көтеріліске жұмылдырды. Ол партия ұйымдарымен, революцияшыл жұмысшылармен тығыз байланыс жасады, олардың арасында үлкен беделге ие болды. Редакцияға хаттар елдің түкпір-түкпірінен келіп жатты, хаттардың авторлары жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, әскери адамдар, студенттер еді. Редакция үйі партиялық кездесулер, жиналыстар, кеңестер өтетін орын болды. Газеттің күнделікті тиражы 80 мың данаға дейін жетті. 1905 жылғы октябрьде Ленин «Новая Жизнь» жөнінде:

«Пролетариатқа біздің ықпал жасауымыз үшін *енді* ең кең трибуна Питерде шығатын *күнделік* газет болып табылады» деп жазды (Шығармалар, 34-том, 368-бет).

«Новая Жизнь» талай рет қудаланды. Патша үкіметі 27-номері жарыққа шыққаннан кейін 2 декабрьде газетті жауып тастады. Соңғы 28-номері құпия түрде шықты. — *186.*

109 Бұл арада, ескі, лениндік «Искрадан» өзгеше, *меньшевиктік «Искра»* айтылып отыр.

РСДРП II съезінде «Искра» партияның Орталық Органы деп танылды, съезд редакцияның құрамын бекітіп, оған В. И .Ленинді, Г. В. Плехановты және Л. Мартовты енгізді. Алайда меньшевик Мартов, съездің шешіміне қарамастан, II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциясымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшті және съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылғы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, Орталық Комитеттен оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциясымен шықты, ал 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына редакцияның бұрынғы меньшевик-редакторлары Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздайтын трибунаға айналдырды. 1905 жылы октябрьде газетті шығару тоқтатылды. — *187.*

110 Ленин бұл арада «Пролетарийдің» 1906 жылғы 7(20) декабрьдегі 9-номерінде жарияланған «Меньшевизмнің дағдарысы» деген өзінің мақаласын (қараңыз: осы том, 162—188-беттер) айтып отыр. — *189.*

111 Ленин бұл арада РСДРП IV съезін шақыру туралы Орталық Комитеттің «Барлық партия ұйымдарына және барлық жұмысшы социал-демократтарға» үндеуін айтып отыр. Үндеу Лениннің ұсынысы бойынша қабылданып, 1905 жылы 10(23) ноябрьде «Новая Жизнь» газетінің 9-номерінде жарияланды (қараңыз: «КПСС съездерінің конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 142—145-беттер). — *190.*

112 Бұл арада 1905 жылы 12—17 (25—30) декабрьде Таммерфорста (Финляндия) өткен РСДРП бірінші конференциясы айтылып отыр. Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасына байланысты туған революциялық жағдай, сондай-ақ большевиктер мен меньшевиктердің партиялық жағынан бірігуі туралы төменгі ұйымдардың талаптары партияның кезекті съезін шақыруды күн тәртібіне қойды. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша Орталық Комитет IV съезді 1905 жылғы 10(23) декабрьде шақыру туралы «Барлық партия ұйымдарына және барлық жұмысшы социал-демократтарға» үндеу жолдады. Үндеуді Орталық Комитеттің толық құрамы бірауыздан қабылдады. Алайда темір жолдардағы ереуіл, Москва қарулы көтерілісінің басталуы және Россияның басқа қалаларындағы революциялық оқиғалар салдарынан съезд өткізілмеді. Таммерфорсқа жиналған делегаттар конференция ұйымдастырды. Конференцияға 26 ұйымның өкілдері қатысты. Ленин конференцияның председателі болып сайланды. Қатысқандардың ішінде: Л. М. Книпович, Л. Б. Красин, Н. К. Крупская, П. Ф. Куделли, С. А. Лозовский П. Н. Мостовенко, В. И. Невский, В. А. Радус-Зенькович, И. В. Сталин, В. Ю. Фридолин, Е. М. Ярославский және басқалар болды. Меньшевиктерден өкіл болып Э. Л. Гуревич (В. Даневич) қатысты.

Конференцияның күн тәртібі мынадай болды: 1) Жергілікті жерлерден баяндамалар; 2) Ағымдағы кезең туралы баяндама; 3) Орталық Комитеттің ұйымдық есебі; 4) РСДРП-ның екі бөлегін біріктіру туралы; 5) Партияны қайта құру туралы; 6) Аграрлық мәселе; 7) Мемлекеттік дума туралы.

Ленин ағымдағы кезең жөнінде және аграрлық мәселе жөнінде баяндамалар жасады. Конференция партияның бірлігін қалпына келтіруді және теңдік негізде большевиктер мен меньшевиктердің практикалық орталықтарын, олардың әдеби Орталық Органдарын қосуды, сондай-ақ жергілікті жерлердегі қосарлас ұйымдарды қосуды қолдады; біріккен Орталық Комитетке бірігу съезін шақыруды тапсырды. Конференция «Партияны қайта құру» қарарында кең көлемді сайлау негізін және демократиялық централизм принципін қолдануды ұсынды. Бұл принциптен тек аса қиын практикалық кедергі кездескен жағдайда ғана шегіну мүмкін деп танылды. Конференция «Аграрлық қарарда» (Лениннің баяндамасы бойынша) III съездің шешімін дамыта отырып, партияның аграрлық программасының «кесінді жерлер» туралы пункттін барлық мемлекеттік, помещиктік және шіркеулік жерлерді конфискелеу талабымен ауыстыруды ұсынды. Конференция I Мемлекеттік думаға белсенді бойкот жасау туралы қарар қабылдады. Москвада қарулы көтеріліс болып жатқандықтан, Лениннің ұсынысы бойынша, конференция өз жұмысын шұғыл аяқтады да, делегаттар көтеріліске тікелей қатысу үшін жер-жерге жүріп кетті. — *190.*

113 *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет, Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін қалаған. 1905 жылы газет Россияда басталған революцияны құттықтап,— «өзінің 89-жылын жасап жатқан орыс ұлтымен» француз халқының ынтымақтастығын білдірді. Газет редакциясы орыс революциясына арнап ақша жинауды ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы Француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен газеттің басшысы және оның саяси директоры болды. 1918—1920 жылдарда газет қарулы күштерін Совет республикасымен күресуге жұмсаған француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет оның орталық органы болды. Екінші дүние жүзілік соғыстың басында, 1939 жылғы августа, француз үкіметі газетке тыйым салды, сөйтіп ол құпия жағдайға көшті. Францияны гитлерлік әскерлер оккупациялаған кезеңде (1940—1944) газет құпия шығып тұрды, Францияны фашистік басқыншылардан азат ету жолындағы күресте орасан зор роль атқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде газет елдің ұлттық тәуелсіздігін нығайту жолында, жұмысшы табының қимыл бірлігі жолында, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту жолында, демократия және әлеуметтік прогресс жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. — *190.*

114 *«La Tribune Russe»* («Орыс Трибунасы») — эсерлер партиясының шетелдік бюллетені, 1904 жылғы январьдан 1909 жылғы декабрьге дейін және 1912 жылғы октябрьден 1913 жылғы июльге дейін Парижде француз тілінде шықты; 1904 жылы айына екі реттен, одан соң ай сайын шығып тұрды. — *190.*

115 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа шығармалары бірінші рет жарияланды. Энгельс өзінің ақыл-кеңестерімен журналдың редакциясына ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінуге жол берілгені үшін оны талай рет сынады да. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық

жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, П. Лафарг, Г. В. Плеханов және басқалар қатысып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары үнемі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары басылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстады, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады. — *192.*

116 Ленин А. В. Пешехоновтың «Құнын төлеп алу туралы мәселе» деген мақаласына сілтеме жасап отыр; бұл мақала 1906 жылы «Халықтық-Социалистік Шолудың» екінші жинағында (2-кітап) басылған болатын.

«Халықтық-Социалистік Шолу» — жартылай кадеттік «халықтық-социалистік» партия шығарған жинақтар; 1906—1907 жылдарда Петербургте шығып тұрды. 11 жинағы шықты. — *196.*

117 Ленин бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезінде Г. В. Плехановтың аграрлық мәселе жөнінде сөйлеген сөздерін айтып отыр. Буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңетініне сенбеген Плеханов жерді национализациялаудың большевиктік программасына қарсы шықты, кейбір түзетулер енгізе отырып, жерді муниципализациялаудың меньшевиктік программасын қорғады, бұл программа аграрлық мәселені самодержавиені сақтай отырып, бейбіт жолмен шешу мүмкіндігіне үміт артқан болатын (қараңыз: РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Апрель (апрель—май), 1906 жыл. Протоколдар. М., 1959, 58—61, 137—143-беттер). — *197.*

118 *«Современная Жизнь»* («Қазіргі Өмір») — меньшевиктік журнал; 1906 жылғы апрельден 1907 жылғы мартқа дейін Москвада шығып тұрды. Журналға Г. В. Плеханов, Л. Мартов және басқа меньшевиктер қатысты. — *197.*

119 В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің «Дағдарыс және контрреволюция» деген мақаласын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 431-бет) айтып отыр. — *203.*

120 Әңгіме «Польшадан» және «Латыш социал-демократиясы партизандық күрес туралы» деген мақалалар жайында болып отыр; бұл мақалалар «Пролетарий» газетінің 1906 жылғы 8(21) сентябрьдегі 3-номерінде, 29 октябрьдегі (11 ноябрьдегі) 6-номерінде және 10(23) ноябрьдегі 7-номерінде жарияланған болатын. — *204.*

121 *«Volkszeitung»* («Халық Газеті») — күнделікті газет, Бундтың органы; 1906 жылғы 19 февральдан (4 марттан) 1907 жылғы 19 августқа (1 сентябрьге) дейін Вильнода еврей тілінде шығарылды. — *204.*

122 Бұл арада РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясының «Сайлау платформасының Орталық Комитет ұсынған жобасына түзету» деген қарары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 205-бет). — *207.*

123 Бұл арада Мемлекеттік дума сайлауы туралы 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заңның түсініктемелері айтылып отыр; бұл түсініктемелерді II Дума сайлауы алдында Үкіметтік сенат шығарған болатын. Сенат бұл түсініктемелерімен заңдағыға қосымша жұмысшылардан, шаруалардан және орыс емес ұлттардың өкілдерінен халықтың жаңа топтарын сайлау правосынан айырды. В. И. Ленин оларды ««конституцияның мәнін» столыпиндік тұрғыдан ғажап түсіндірулер» деп атады. — *213.*

124 Әңгіме ішкі істер министрлігінің 1906 жылы 12(25) декабрьде жарияланған нұсқауы жайында болып отыр. Осы нұсқауға сәйкес қалалық және земство басқармалары сайлау жазбалары бланкілерін «саяси мақсат көздейтін қоғамдар мен одақтардың және олардың бөлімдерінің тек тізімге енгізілгендерінің ғана», яғни үкімет жария жағдайға қойғандарының ғана «әкімдеріне немесе басқармаларына» беретін болды. Сөйтіп жаңа нұсқау бойынша сайлау бланкілерін тек қаражүздік партиялар ғана алатын еді. — *213.*

125 *Балалайкин* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Қазіргі заманғы идиллия» деген шығармасының кейіпкері; либерал мылжың, авантюрист және суайт. — *214.*

126 1906 жылы 9(22) майда Петербургте Панинаның Халық үйінде патшаның салтанатты жиында сөйлеген сөзіне Дума жолдаған жауап адреске байланысты митинг ұйымдастырылды. Митингіге үш мыңға жуық адам қатысты, олардың едәуір бөлігі жұмысшылар еді. Бұл митингіде Карпов деген фамилиямен В. И. Ленин Россияда бірінші рет ашық сөз сөйледі. РСДРП-ның Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі тактикасына арналған Лениннің сөзі оның алдында сөз сөйлеген шешендерге — патша үкіметімен астыртын сөз байласқаны үшін кадеттерге қойылған айыпты бекерге шығаруға тырысқан кадеттер В. В. Водовозов пен Н. А. Огородниковқа қарсы, сондай-ақ кадеттермен блок жасасуды жақтаған «халықтық социалист» В. А. Мякотин мен меньшевик Ф. И. Данға берілген жауап болды. Ленин халық есесінен

самодержавиемен мәмлеге келу жөніндегі кадеттік саясатты әшкереледі. Митингіге қатысқан А. Г. Шлихтер өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Мінеки Ильич сөзін бастап кетті:

Огородниковтың айтуынша, келісім болмаған, тек қана келіс сөздер жүргізілсе керек. Сонда келіс сөздер деген не? Келісімнің басталуы. Ал келісім деген не? Келіс сөздердің аяқталуы.

Айтыстың мәнін бұлай етіп тым қарапайым, бірақ сондай айқын және дәлме-дәл тұжырымдау барлық, шын мәнінде барлық тыңдаушыларды күтпеген жерден таңдандырып, сүйсіндіргені есімде сайрап тұр. Келісімге, мәмлеге келумен тынған келіс сөздер жайында тағы да бірер сөз, бірер тарихи анықтама айтылған кезде,— үлкен залда тыңдаушылар әдетте сөйлеп тұрған адамға барынша зейін қойып тына қалған жағдайда болатын кәдімгі, ерекше тыныштық орнады... Ильичтің большевиктік сенімді дәлелдері орасан зор митингіні баурап алды» (А. Шлихтер. Еңбекшілердің ұстазы және досы. Ленин туралы естеліктерден. М., 1957, 10—11, 12-беттер). Митингіге қатысушылар Ленин ұсынған қарарды орасан көпшілік дауыспен қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 106—107-беттер).

Лениннің сөйлеген сөзі реакциялық топтар мен либералдарды абыржытып тастады. Кадеттер тарапынан жасалған шабуылға Ленин «Қарар және революция» деген мақаламен жауап берді, онда ол былай деп жазды: «Панинаның үйінде болған халық жиналысы кадет мырзаларды өте-мөте ызаландырды. Бұл жиналыста сөйлеген социал-демократтардың сөздері осы сасыған батпақтың астан-кестеңін шығарды» (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 117-бет). Патша үкіметі митинг жөніндегі есепті және онда қабылданған қарарды басқаны үшін «Волна» және «Призыв» газеттерінің редакторларын жауапқа тартты, митингіге қатысқандардың сотқа берілетіні жөнінде хабарлады және митинг жасауға тыйым салды. — *215.*

127 Ленин бұл арада Г. В. Плехановтың «Түсінісетін кез келді (Редакцияға хат)» деген мақаласын айтып отыр; ол «Товарищ» газетінің 1906 жылғы 14(27) декабрьдегі 139-номерінде жарияланған-ды. Плеханов бұл мақаласында кадеттік партияны Думаның жартылай өкімет идеясын қорғаушы «халықтық жартылай бостандық» партиясы деп атады. — *216.*

128 Әңгіме Франкфурт ұлттық жиналысының — жалпы герман Ұлттық жиналысының депутаттары жайында болып отыр, жиналыс Германиядағы 1848 жылғы март революциясынан кейін шақырылды және өзінің мәжілістерін 1848 жылы 18 майда Майндағы-Франкфуртта бастады. Жиналыстың басты міндеті саяси бытыраңқылықты жою және жалпы герман-

дық конституция дайындау болды. Алайда Жиналыстың либерал көпшілігінің қорқақтығы мен қобалжуынан және ұсақ буржуазиялық сол қанатының тартыншақтығы мен дәйексіздігінен Жиналыс елдегі жоғарғы өкімет билігін өз қолына алудан қорықты, 1848—1849 жылдардағы герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстай алмады. Ол жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін түк істеген жоқ. Польша мен Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалысын қолдамады, қайта езілген халықтар жөнінде Австрия мен Пруссия жүргізіп отырған езушілік саясатты қуаттады. Жиналыстың депутаттары контрреволюцияның шабуылына тойтарыс беру үшін және 1849 жылы мартта өзі дайындаған империя конституциясын қорғау үшін халық күштерін жұмылдыруға батылы бармады. Олар «толып жатқан демократиялық «шешімдер» қабылдады, толып жатқан бостандықтар «құрды», ал іс жүзінде өкімет билігін корольдің қолында қалдырды» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 11-том, 21-бет).

Көп ұзамай Австрия, одан кейін Пруссия үкіметтері өздерінің депутаттарын қайта шақырып алды, олардың ізінше басқа герман мемлекеттерінің де либерал депутаттары Франкфурт жиналысын тастап кетті. Жиналыстың құрамында қалған ұсақ буржуазиялық, сол қанаттағы депутаттар Жиналыстың мекенін Штутгартқа көшірді. 1849 жылы июньде Вюртемберг үкіметінің әскері Жиналысты таратып жіберді. — *218.*

129 *Национал-либералдар* — неміс буржуазиясының, ең алдымен Пруссия буржуазиясының партиясы; 1866 жылдың күзінде буржуазиялық прогрессистер партиясының жікке бөлінуі нәтижесінде құрылды. Национал-либералдар неміс мемлекеттерін Пруссияның қол астында біріктіруді өздерінің негізгі мақсаты етіп қойды; олардың саясаты неміс либерал буржуазиясының Бисмарктың алдында тізе бүккенін көрсетті. 1878 жылы олар социалистерге қарсы ерекше заңды енгізуді жақтап дауыс берді. Одан арғы жерде национал-либералдар герман монополистік капиталының партиясына айналды. Олар Германияның империалистік сыртқы саясатын жақтаушылар болды, қару-жарақты көбейтуді және отарлық басқыншылықты ұлғайтуды қолдады. 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін национал-либералдық партияның үлкен бөлегі «Халықтық партия» деген жаңа ат алды, ол 1933 жылы фашистердің өкіметті басып алуына жәрдемдесті. — *218.*

130 Ленин К. Маркстің «Гота программасына сын» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 24-бет) деген еңбегінен қағида келтіріп отыр. — *218.*

131 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шыққан журнал, 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5(18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархиялық либерализм идеяларын дәйекті түрде жүргізді. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылды (және 1904 жылдың январында қалыптасып болды), бұл одақ 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошы-конституционалистермен бірге «освобождениешілдер» 1905 жылы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) ұйтқысы болды. — *224.*

132 В. И. Ленин *«Жұмысшы партиясының міндеттері және шаруалар»* деген мақаласын Самара большевиктерінің өтініші бойынша большевиктік «Самарская Лука» жария газетіне арнап жазған болатын; іс жүзінде бұл газеттің редакторы М. Т. Елизаров еді. Ленин қолжазбада тақырыптың алдына мынадай қосымша жазған: «Редакцияның мақаланы қайта өңдеуіне және тақырыбын өзгертуіне ерік беремін. Егер баса қалсаңыздар, маған бірнеше данасын жіберуді өтінемін». Ленин мақаланы Петербургтен Самараға газет редакциясының адресіне жіберді, бірақ жолда жандармдардың қолына түсті. Қолжазба Самара губерниялық жандарм басқармасының архив материалдарынан 1927 жылдың декабрінде ғана табылды. — *228.*

133 Ленин, сірә, мына мақалаларды айтып отырса керек: «Volkszeitung» газетінің 1906 жылғы 18(31) декабрьдегі 235-номерінде жарияланған «Москвадан Тверь арқылы Петербургке», сондай-ақ «Наша Трибунаның» 1906 жылғы 13 (26) декабрьдегі 1-номерінде және 1906 жылғы 27 декабрьдегі (1907 жылғы 9 январьдағы) 3-номерінде жарияланған «Тактика мәселелері жөнінде», «Өтінбеген делдалдық. «Товарищтің» кадеттерді эсдектермен қалай біріктіргені және бұдан не шыққаны туралы повесть» және «Келісімдер туралы мәселе жөнінде». Бұл мақалаларда бундшылдар кадеттермен блок жасасу мүмкіндігі туралы Г. В. Плехановтың позициясын сынаған болатын.

«Наша Трибуна» («Біздің Трибуна») — Бундтың апталығы; 1906 жылғы декабрьден 1907 жылғы мартқа дейін Вильнода шығып тұрды. 12 номері шықты. — *234.*

134 Ленин бұл арада И. В. Жилкиннің «Сайлау жөнінде» деген мақаласын айтып отыр; бұл мақала 1906 жылы 14(27), 15(28) және 17(30) декабрьде «Товарищ» газетінің 139, 140 және 142-номерлерінде жарияланған болатын.

1906 жылы 13(26) декабрьде осы газеттің 138-номерінде «нағыз оппозициялық бағыттағы топтар мен партиялардың

сайлау алдында мейлінше кең бірігуі қажет» деп есептеген трудовиктер лидерлерінің бірі С. В. Аникиннің интервьюінен үзінділер басылды. Ол мұндай партиялар қатарына кадеттер партиясын да қосқан еді. — *253.*

135 Әңгіме П. Н. Милюковтың «Сыншы ма әлде бәсекелес пе?» деген мақаласы жайында болып отыр, бұл мақала М. деп қол қойылып, «Речь» газетінің 1906 жылғы 11(24) ноябрьдегі 214-номерінде жарияланған болатын. Мақала «халықтық социалистер» партиясын ұйымдастырушылардың бірі В. А. Мякотиннің кадет партиясын сынауына байланысты жазылған-ды. — *253.*

136 Ленин бұл арада «Плехановтың соңғы мақаласы жөнінде» деген мақаланы айтып отыр, бұл мақала «Цин» газетінің 1906 жылғы 8(21) декабрьдегі 1-номерінде жарияланған болатын.

«Цин» («Алға») — меньшевиктік күнделікті жария газет, РСДРП Закавказье ұйымдары облыстық комитетінің органы, 1906 жылғы декабрьден 1907 жылғы мартқа дейін Тифлисте грузин тілінде шығып тұрды. 28 номері шықты: 1, 2-номерлері — 1906 жылғы декабрьде, 1—26-номерлері 1907 жылғы январь — мартта шықты. Газетті патша үкіметі жауып тастады. — *256.*

137 *РСДРП Петербург ұйымының жалпы қалалық және губерниялық конференциясы* 1907 жылы 6(19) январьда Териокиде жиналды. Конференция құрамында шешуші даусы бар 70 делегатпен (42 большевик және 28 меньшевик) өтетін болып белгіленді. Кеңесші дауыспен меньшевиктік Орталық Комитет пен Орталық Органның 4 өкілі, РСДРП Петербург комитеті мен большевиктік «Пролетарий» газетінің редакциясынан бір өкілден және басқалар қатысты. Мандаттарды тексергенде мына жағдай анықталды: Петербург комитетінің кадеттермен келісімге бару керек пе деген мәселені партия мүшелері талқылағаннан кейін ғана конференцияға делегаттар сайлауды талап еткен қаулысы негізінен меньшевиктер өткен кейбір кіші аудандарда бұзылған. Конференция мұндай мандаттарды заңсыз деп тапты. Орталық Комитет өкілінің қазіргі сайлау округтеріне сәйкес конференцияны екіге (қалалық және губерниялық) бөлу туралы ұсынысын конференция көпшілік дауыспен қабылдамай тастады, өйткені бұл ұсыныс конференцияда меньшевиктердің басымдылығын қолдан жасауға бағытталған еді. Бұл шешімдерді меньшевиктер революциялық социал-демократиямен қатынасты үзіп, кадеттермен сөз байласуға сылтау ретінде пайдаланды; олар конференциядан кетіп қалды,

сөйтіп мұнысымен сайлау қарсаңында Петербург ұйымын екіге бөлді.

Қалған делегаттар конференцияның жұмысын жалғастыра беруге қаулы алды. Дума сайлауындағы сайлау келісімдері туралы мәселе жөнінде Ленин баяндама жасады. Баяндаманы талқылағаннан кейін конференция РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясында большевиктер ұсынған «Ерекше пікірді» (қараңыз: осы том, 113—115-беттер) бекітті. Конференция кадеттермен блок жасаспауға ұйғарды және сайлау кезінде, егер эсерлер мен трудовиктер кадеттермен бірігу атаулыдан бас тартатын болса, оларға келісім жасасу ұсынылсын деген қаулы қабылдады.

Петербург конференциясының жұмысы Лениннің: «Социал-демократия және Дума сайлауы», ««Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң»... (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)» деген кітапшаларында, «Жұмысшы партиясының Петербургтегі сайлау науқаны», «Социал-демократияның Петербургтегі сайлау науқаны», «31 меньшевиктің наразылығы» деген және басқа мақалаларында (қараңыз: осы том, 271—297, 298—318, 264—270, 319—328, 334—338-беттер) егжей-тегжейлі көрсетілген. — *263.*

138 *«Жұмысшы партиясының Петербургтегі сайлау науқаны»* деген мақала большевиктік орган «Простые Речидің» 1-номерінің бас мақаласы ретінде басылды.

«Простые Речи» («Қарапайым Сөздер») — аптасына бір рет шыққан большевиктік жария газет; 1907 жылы В. И. Лениннің мықтап ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Барлығы үш номері: 1-номері — 14 (27) январьда, 2-номері — 21 январьда (3 февральда), 3-номері — 30 январьда (12 февральда) шықты. Аталған мақаладан басқа газетте Лениннің «Социал-демократияның Петербургтегі сайлау науқаны» (№ 2), «Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау» және «Социал-демократтар мен эсерлердің С.-Петербургтегі жұмысшы куриясында болған сайлаудағы күресі» (№ 3) деген мақалалары басылды. Газетке патша үкіметі тыйым салды. — *264.*

139 *«Социал-демократия және Дума сайлауы»* деген кітапшаны 1907 жылғы январьда «Новая дума» кітап баспасы Петербургте большевиктік «Дело» жария баспаханасында басып шығарып, РСДРП Петербург комитеті оны 4300 дана мөлшерінде таратты. 1912 жылы патша үкіметі кітапшаға тыйым салды. — *271.*

140 *Лидвалиада* — ірі аферист әрі алыпсатар Э. Лидвальдің және ішкі істер министрінің орынбасары В. И. Гурконың ісі. Гурконың жәрдемімен Лидваль Россияның ашаршылық жайлаған губернияларына 1906 жылдың октябрь—декабрь ішінде 10 миллион пұт қара бидай жіберуге патша үкіметімен келі-

сім жасасты. Аванс ретінде Гуркодан мемлекеттің едәуір қаржысын алып алған Лидваль 1906 жылғы декабрьдің ортасына дейін барлық берeсі астықтың не бары $^1/_{10}$ бөлігіне де толмайтын мөлшерін ғана темір жолдарға жеткізді. Қазынаны ұрлау және ашаршылықты пайдаланып алыпсатарлықпен баю әрекеттерінің әшкереленуі дүйім жұртқа әйгілі болып, патша үкіметін істі сотқа дейін апаруға мәжбүр етті. Алайда бұл сот Гурконы қызмет орнынан босатудан басқа ештеңе істей алған жоқ. Лидвалиада патша үкіметінің халыққа қарсы саясатын әшкерелеуге, II Мемлекеттік дума сайлауында оңшыл партиялардың сәтсіздікке ұшырауына себепші болды. — *292.*

141 Ленин бұл арада I Мемлекеттік думаның мүшесі кадет М. Я. Герценштейнді өлтірушілерге (Финляндияда 1906 жылы 18 (31) июльде қаражүздіктер өлтірді) патша үкіметі құрған кісі күлерлік сотты айтып отыр. Өлімге айыптылар жұртшылықтың қалың көпшілігіне мәлім болғанына қарамастан, патша үкіметі кісі өлтірушілердің жазаланусыз қалуы үшін барлық шараны қолданып бақты. Тергеу әдейі ұзаққа созылып, сот бірнеше рет кейінге қалдырылды, сөйтіп, ақырында, 1907 жылы 3(16) апрельде іс тоқтатылды. — *292.*

142 *««Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң»... (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)»* деген кітапшаны 1907 жылғы январьда «Новая дума» баспасы большевиктік «Дело» жария баспаханасында Петербургте басып шығарды. Көп кешікпей полиция кітапшаның барлық даналарын түгел дерлік конфискеледі. 1912 жылы патша үкіметі кітапшаға тыйым салды. — *298.*

143 *«Сегодня»* («Бүгін») — либералдық-буржуазиялық күнделікті кешкілік газет; 1906 жылғы августан 1908 жылғы январьға дейін Петербургте шығып тұрды. Газетте хроникалық материалдар тым көп басылып, саяси мәселелер мардымсыз жазылды. Ленин «Сегодняны» тоғышарларға арналған газет деп атады. — *298.*

144 *«Родная Земля»* («Туған Жер») — апталық газет, трудовиктерге жақын позиция ұстады; 1907 жылғы январьдан апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 15 номері шықты. Газетке кадеттер қатысты. Газетке патша үкіметі тыйым салды. — *298*.

145 В. И. Ленин А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» деген комедиясының басты кейіпкері Чацкийдің сөздерін келтіріп отыр. — *310.*

146 В. И. Ленин В. Я. Брюсовтың «Жақындарға» деген өлеңінің соңғы жолын келтіріп отыр. — *314*.

[147] Бұл арада 1906 жылғы июльде, I Дума қуылғаннан кейін шығарылған мына үндеулер айтылып отыр: «Армия мен флотқа»,— Мемлекеттік думадағы Еңбек тобы және социал-демократиялық фракцияның атынан шығарылды; «Бүкіл Россия шаруаларына манифест» — Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның комитеті, Мемлекеттік думадағы Еңбек тобы комитеті, РСДРП Орталық Комитеті, эсерлер партиясының Орталық Комитеті, Бүкіл россиялық шаруалар, темір жол және мұғалімдер одақтары қол қойған; «Бүкіл халыққа» — Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның, Еңбек тобының комитеттері, РСДРП Орталық Комитеті, эсерлер партиясының Орталық Комитеті, Поляк социалистік партиясының Орталық Комитеті және Бундтың Орталық Комитеті қол қойған. Үндеулерде қарулы көтерілістің қажеттігі атап көрсетілді. — *314.*

[148] Әңгіме 1905 жылы 6(19) декабрьде большевиктердің ұсынысы бойынша Москва Советінің IV пленумы қабылдаған «Барлық жұмысшыларға, солдаттарға және азаматтарға!» деген үндеу жайында болып отыр. Жаппай саяси ереуілге және қарулы көтеріліске шақырған үндеуге жұмысшы депутаттарының Москва Советі, РСДРП Москва комитеті, РСДРП Москва тобы мен Москва округтік ұйымы, сондай-ақ социалист-революционерлер партиясының Москва комитеті қол қойды. — *315.*

[149] В. И. Ленин бұл арада сайлаушылардың саяси партияларға көзқарасын анықтау үшін солшыл кадеттік «Век» газетінің редакциясы мен сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің «Күш — бірлікте» кәсіптік одағы жинаған анкета деректерін айтып отыр.

«Век» газетінің редакциясы өзінің жаздырып алдырушыларына жыртып алатын листок жіберді, онда сайлауға қатысушы партиялардың тізімі берілді. Оқушы алдағы сайлауда өзі дауыс бермекші партияны көрсетіп, әлгі листокты редакцияға жіберуге тиісті болды. Бұл пікір сұраудың нәтижелері «Век» газетінің 1907 жылғы 9(22) январьдағы 5-номерінде «Біздің анкета» деген тақырыппен басылды; 1523 адамнан 765 адам кадеттерді, 407 адам социал-демократтарды, 127 адам эсерлерді жақтап шықты, азғана оқушылар қалған партиялар мен топтарды жақтады.

1906 жылғы ноябрьде «Күш — бірлікте» одағының мүшелері арасында осындай пікір сұраған 15 000 листок таратылды. 1906 жылдың 9(22) декабріне дейін алынған 1907 жауаптан 996 адам кадеттерді, 633 адам социал-демократтарды, 95 адам эсерлерді жақтады, қалған азғана дауыстар барлық басқа партиялардың үлесіне тиді.

Сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің «Күш — бірлікте» кәсіптік одағы 1905 жылғы октябрьде Москвада құрылды. 1906

жылдың июлінде одақ жария жағдайда жұмыс істеуге көшті. Патша үкіметі тарапынан одаққа ұдайы қуғын жасалуы салдарынан оның мүшелері 1905 жылдың октябріндегі 3000 адамнан 1906 жылдың октябрінде 900 адамға дейін азайып кетті. 1906 жылғы декабрьде патша үкіметі одақты таратып жіберді.— *316.*

150 В. И. Лениннің *«Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі»* деген кітапшасын Петербургте «Новая дума» баспасы басып шығарды, ал РСДРП Петербург комитеті оны 3000 дана мөлшерінде таратты. Партия ұйымдарының наразылық және қарсылық білдіргеніне қарамастан, меньшевиктік Орталық Комитет бұл кітапша үшін Ленинді «партиялық сотқа» тартты; сот 1907 жылғы мартта болды. Сотта Ленин өз дұшпандарын айыптаған жарқын сөз сөйледі. Ол меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеттері мен оппортунистік саясатын әшкереледі, сөйтіп өзіне жасалған сотты меньшевиктерге жасалған сотқа айналдырды (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 414—430-беттер). Өзінің жеңіліске ұшырағанына көзі жеткен соң, Орталық Комитет сот ісін тоқтатуға мәжбүр болды. — *339.*

151 *«Русь»* — либералдық-буржуазиялық күнделікті газет; 1903 жылдың декабрінен бастап Петербургте шығып тұрды. Газеттің шығарушы-редакторы А. А. Суворин болды. 1905 жылғы революция кезінде «Русь» кадеттерге жақын болды, бірақ олардан да баяу позиция ұстады. «Русь» 1905 жылы 2 (15) декабрьде жабылды. Кейіннен газет, арасына үзілістер салып, «Русь», «Молва», «XX Век», «Око», «Новая Русь» деген әр түрлі аттармен шықты. — *357.*

152 *«Страна»* («Ел»)—күнделікті газет, демократиялық реформалар партиясының органы; 1906 жылғы 19 февральдан (4 марттан) 1907 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. — *357.*

153 *«Голос Приказчика»* («Приказчик Үні») — приказчиктердің кәсіптік одағының аптасына бір рет шыққан газеті; 1906 жылдың апрелінен октябріне дейін Петербургте шығып тұрды. 14 номері шықты; 3, 6 және 12-номерлері конфискеленді. Газет сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің экономикалық және саяси жағдайын жақсарту үшін күресу мақсатында олардың күштерін біріктіруді өзіне міндет етіп қойды. «Голос Приказчика» қызметшілерді жұмысшылардың кәсіпкерлерге қарсы күресінде оларды қолдап отыруға шақырды. Газет беттерінде кадеттер қатты сыналды. Петербург сот палатасының үкімі бойынша 1906 жылы ноябрьде газеттің шығарылуына тыйым салынды. — *361.*

154 *«Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау»* деген мақала бірінші рет 1907 жылы 25 январьда (7 февральда)

«Пролетарийдің» 12-номерінде басылды. Мақаланың неғұрлым толық тексті «Простые Речи» газетінің 1907 жылғы 30 январьдағы (12 февральдағы) 3-номерінде жарияланды.—*370.*

155 *Халықтық демократтар партиясы* (халықтық демократия, национал-демократия, эндектер) — поляк помещиктері мен буржуазиясының басты реакциялық, ұлтшылдық партиясы; католиктік шіркеумен тығыз байланысты болды; 1897 жылы құрылды, оның лидерлері: Р. Дмовский, З. Балицкий, В. Грабский және басқалар. Эндектер «таптық үйлесімділік» және «ұлттық мүдделер» деген ұрандарды ұсына отырып, халық бұқарасын өз ықпалына бағындыруға және оларды өздерінің реакциялық саясатының арнасына тартуға тырысты. Поляк халқының социалистік және жалпы демократиялық қозғалысымен күресудің құралы ретінде нағыз өршеленген ұлтшылдық пен шовинизмді уағыздап, эндектер поляк халқын орыс революциялық қозғалысынан оқшаулап тастауға тырысты. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Поляк Корольдігінің автономиясы негізінде патша өкіметімен мәмлеге келуге күш салып, эндектер патша өкіметін қолдау және «барлық шаралар арқылы, жасырын шағым беруге және өлтіруге дейін» (В. И. Ленин. Шығармалар, 12-том, 185-бет) революциямен күресу жолына түсті. РСДРП бесінші (Лондон) съезі «Халықтық демократия туралы» арнаулы қарарында «революцияға қарсы күресте патша өкіметінің одақтастары болып отырған ұлтшыл-демократтардың контрреволюциялық, қаражүздік сиқы мен істерін қажымастан және аяусыз әшкерелеудің» қажеттігін атап көрсетті («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 234-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) эндектер патшалық Россияның жеңетіндігіне, Австрия мен Германияның езгісіндегі поляк жерлерінің қосылуына, сөйтіп Россия империясы шеңберінде Польшаға автономия берілуіне үміттеніп, Антантаны толығымен қолдады. Патшалық режимнің құлатылуы эндектерді француздармен жақындасу бағытына көшуге итермеледі. Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетінің қас жаулары болған эндектер, солай бола тұрса да, өздерінің немістерге қарсы дәстүрлі позициясына сәйкес, 1926 жылдан бастап Польшаны билеп-төстеген пилсудскийшілдер тобының авантюристік антисоветтік сыртқы саясатын үнемі толық қолдап отырған жоқ. Қазіргі уақытта эндектер партиясының жекелеген топтары поляк эмиграциясының реакцияшыл элементтері арасында әрекет жасауда. — *372.*

156 *«Биржевые Ведомости»* («Биржа Ведомостары») — буржуазиялық газет; 1880 жылы коммерциялық мақсатпен ұйымдастырылған. Петербургте әуелі аптасына үш рет, сосын төрт рет, содан соң күнде шығып тұрды. 1902 жылғы ноябрьден

бастап күніне екі рет: таңертең және кешке шықты. Жалтақтығы, сатқындығы, принципсіздігі газеттің атын жалпы атауға («биржевка») айналдырды. «Биржевые Ведомостиді» 1917 жылы октябрьдің аяқ кезінде Петроград Советі жанындағы әскери-революциялық комитет жауып тастады. — *386*.

157 *«Зрение»* («Жанар») — апта сайын шығып тұрған большевиктік жария газет; Петербургте 1907 жылы II Мемлекеттік дума сайлауының науқаны кезінде В. И. Лениннің мықтап ат салысуымен шығарылды; газетке В. В. Воровский қатысты. Барлығы екі номері (бірінші номері — 25 январьда (7 февральда), тиражы 11 000 дана және екінші номері — 4 (17) февральда, тиражы 25 000 дана) шықты, бұларда Лениннің төрт мақаласы басылды. Баспасөз істері жөніндегі Петербург комитетінің жарлығымен екі номердің екеуі де конфискеленді. Петербург сот палатасының қаулысымен газеттің шығарылуы тоқтатылды. — *388*.

158 Кестенің бұл бағанасындағы плюстер, егер сайлауда дауыстар кадеттер мен солшыл блок арасында қақ бөлінетіндей болса, қаражүздіктердің үлесіне тиюі ықтимал сайламшыларды көрсетеді. — *392*.

159 *«Телеграф»* — либералдық-буржуазиялық күнделікті газет; 1907 жылғы 20 январьдан (2 февральдан) 18 февральға (3 мартқа) дейін Петербургте шығып тұрды. 26 номері шықты. — *393*.

160 *«Труд»* («Еңбек») — 1907 жылы Петербургте апта сайын шығып тұрған большевиктік газет. Газеттің номерлері осы уақытқа дейін табылған жоқ. — *394*.

161 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 364-бет. — *400*.

162 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 223—225-беттер. — *404*.

163 *Прудонистер* — ғылымға жат, марксизмге дұшпан ұсақ буржуазиялық социализм ағымын жақтаушылар; бұл ағым өзінің негізін қалаушы француз анархисі Прудонның есімімен аталған. Ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынай отырып, Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгі-бақи сақтауды армандады, «халықтық», «айырбас» банктерін ұйымдастыруды ұсынды, осы банктердің жәрдемімен жұмысшылар өз меншіктеріне өндіріс құрал-жабдықтарын сатып ала алады-мыс, қолөнерші болып, өз өнімдерін «әділетті түрде» өткізе алады-мыс деп есептеді. Прудон пролетариаттың тарихи ролі мен маңызын түсінбеді, тап күресіне, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына теріс қарады; мемлекеттің қажеттігін анархистік позициялар-

дан бекерге шығарды. Прудонның өз көзқарастарын I Интернационалға таңбақшы болған әрекеттеріне қарсы Маркс және Энгельс дәйекті түрде күрес жүргізді. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде прудонизм өлтіре сыналды. Маркстің, Энгельстің және олардың жақтастары тарапынан прудонизмге қарсы жүргізілген үзілді-кесілді күрес I Интернационалда марксизмнің прудонизмді толық жеңуімен аяқталды.

Ленин прудонизмді жұмысшы табының көзқарасын ұғынуға қабілетсіз «мещан мен филистердің топастығы» деп атады. Прудонизм идеяларын буржуазиялық «теоретиктер» таптық ынтымақты уағыздау үшін кеңінен пайдаланды. — *404.*

164 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 199-бет. — *405.*

165 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл· баспасы, 1958, 214-бет. — *405.*

166 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 213-бет. — *405.*

167 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXV том, 1936, 544-бет. — *405.*

168 Марксизмнің негізін қалаушылардың 1848—1849 жылдардағы герман революциясының аса маңызды мәселелері жөніндегі көзқарастары Ф. Энгельстің «Германиядағы революция және контрреволюция» деген еңбегінде баяндалған; бұл еңбек 1851 жылдың 25 октябрінен 1852 жылдың 23 октябріне дейін «New-York Daily Tribune» («Нью-Йорк Күнделікті Трибунасы») газетінде сериялы мақалалар түрінде басылды, оған К. Маркстің қолы қойылды, ол мақалаларды газетке жіберер алдында қарап шықты. Маркс пен Энгельстің бір-біріне жазған хаттарының жариялануымен байланысты, тек 1913 жылы ғана бұл еңбекті Энгельстің жазғаны анықталды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 3—113-беттер)· — *406.*

169 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Үшінші халықаралық шолу. Майдан октябрьге дейін» (Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 466—467-беттер.) — *406.*

170 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXV том, 1936, 473-бет. — *406.*

171 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 234—235-беттер. — *407.*

172 *Брентанизм* — жұмысшы мәселесін капитализм шеңберінде фабрикалық заң шығару және жұмысшыларды кәсіподақтар-

ға ұйымдастыру арқылы шешу мүмкіндігін уағыздайтын, «пролетариаттың революциялық емес «тап» күресін мойындайтын либералдық-буржуазиялық ілім» (В. И. Ленин. Шығармалар, 28-том, 225-бет). Ол неміс буржуазияшыл экономисі Л. Брентаноның есімімен аталды. — *407.*

173 *Зомбартизм* — либералдық-буржуазиялық ағым; либерализм идеологтарының бірі, немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі В. Зомбарттың есімімен осылай аталған. Зомбарт, деп жазды Ленин, «Маркстің терминологиясын қолдана отырып, Маркстің жеке пікірлерін дәлелге келтіре отырып, марксизмді бетке ұстай отырып, марксизмді брентанизммен» ауыстырды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 353-бет). — *407.*

174 Ленин бұл арада «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеуін» айтып отыр, оны К. Маркс жазған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 450—457-беттер). — *408.*

175 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер. — *411.*

176 В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегін айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 433—503-беттер). — *411.*

177 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 284-бет. —*412.*

178 В. И. Ленин бұл арада «Екінші сайланған Мемлекеттік дума» деген заметканы айтып отыр, бұл заметка «Речь» газетінің 1907 жылғы 7 (20) февральдағы 31-номерінде жарияланған болатын. — *413.*

179 *Ұлтшыл-автономистер* деп В. И. Ленин II Мемлекеттік думадағы Польшаның депутаттарын атап отыр. — *413.*

180 Ф. Энгельстің 1891 жылы жазған «Германиядағы социализм» деген еңбегін қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 245-бет). Осы ойын Энгельс 1895 жылы К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген кітапшасына «Кіріспеде» қайталап айтты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 108—109-беттер). — *418.*

181 *«Наш Мир»* («Біздің Дүние») — апта сайын шыққан меньшевиктік журнал; 1907 жылы январь — февральда Петербургте шығып тұрды. Төрт номері шықты. — *420.*

[182] Бұл арада II Мемлекеттік думаның сайлауы туралы Петербург қаласындағы Москва ауданының есебі айтылып отыр, бұл есеп 1907 жылы 11 (24) февральда «Пролетарийдің» 13-номерінде басылды. Есепте былай делінген: «... кейбір заводтарда социал-демократтар жеңіліске ұшырады, мұны тек меньшевиктердің кадеттермен блок жасасуды жақтаған үгітінен ғана деуге болады. Меньшевиктердің ықпалы өте-мөте күшті болған Речкиннің заводында социал-демократ кандидаттың өтпей қалуы да бұған айқын мысал бола алады. Социал-демократ неліктен өтпей қалды деген сұраққа мұнда кейбір жұмысшылар: эсерді сайлаған себебіміз «кадетті» сайлағымыз келмеді деп тура жауап берді. Меньшевиктер бұл заводта, тілектестерді есептемегенде, тек партия мүшелерінің өзі ғана 250-ге жуық болады деп есептегеніне қарамастан, оларды жақтап не бары 94 дауыс (оның ішінде өзінің кандидатын ұсынбаған 10 большевиктің дауыстары да бар) қана берілген, ал эсерлердің кандидатын жақтап 500 дауыс берілді». — *421.*

[183] *«Тернии Труда»* («Еңбек Бейнеті») — большевиктік жария апталық; 1906 жылғы 24 декабрьден (1907 жылғы 6 январьдан) 1907 жылғы 6 (19) январьға дейін Петербургте Лениннің белсене қатысуымен шығарылды. Барлығы 3 номері шықты. 1-номері Лениннің «Саяси жағдай және жұмысшы табының міндеттері» деген мақаласымен ашылады, 2-номерінде Лениннің «Дума сайлауына буржуазиялық партиялар мен жұмысшы партиясы қалай қарайды?» деген мақаласы басылды (қараңыз: осы том, 220—227, 249—254-беттер). Полиция апталықтың барлық номерлерін конфискеледі, Петербург сот палатасының қаулысымен басылымға тыйым салынды. — *433.*

[184] Ленин бұл арада 1907 жылы 6 (19) январьда «Тернии Труданың» 3-номерінде басылған «Петербургте қаражүздік қауіп бар ма?» деген мақаланы айтып отыр. — *436.*

[185] Саратовта және Нижний Новгородта II Мемлекеттік дума сайлауының бірінші сатысында солшыл блоктың кандидаттары жеңіске жетті. Саратовта 80 сайламшының 65-і солшылдардан, 15-і кадеттерден сайланды, Нижний Новгородта — 39 солшыл, 38 кадет және 3 октябрист сайланды. — *440.*

[186] *Петербург (қалалық және округтік) социал-демократиялық ұйымының конференциясы* 1907 жылы февральда өтті. Конференцияның жұмысына тек большевиктер ғана — шешуші дауыспен 27 адам және кеңесші дауыспен 14 адам қатысты. Конференция мынадай күн тәртібін бекітті: 1) Петербург қаласында алдағы Мемлекеттік думаға депутаттар сайлау және жұмысшы куриясы. 2) Социал-демократияның Дума науқаны және думалық тактикасы. 3) Съезд науқаны, яғни

партия съезіне әзірлік. 4) Петербург ұйымын қайта құру. 5) Н. Лениннің ісі жөніндегі сот (бұл арада өзінің «Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» деген кітапшасын жариялағаны үшін Ленинді меньшевиктік Орталық Комитеттің жауапқа тартуы айтылып отыр). 6) Бөлініп шыққан меньшевиктерге көзқарас. 7) Петербургтегі әдеби үгіт.

Бірінші мәселені талқылаған соң, конференция Мемлекеттік думаға депутаттыққа екі кандидатты белгіледі және жұмысшы уәкілдерге, сайлаушыларға және депутаттарға тапсырылатын аманат жобасын әзірлейтін комиссия сайлады.

Екінші мәселе бойынша Ленин баяндама жасады. Конференция Лениннің баяндамасын мақұлдады; Петербург ұйымының ұйымдық құрылысының негізгі принциптерін — Петербург комитеті әзірлеген принциптерді бекітті.

Меньшевиктік Орталық Комитеттің Ленинді сотқа тартуы туралы мәселе жөнінде конференция толығымен Ленинді қолдады, II Мемлекеттік дума сайлауы қарсаңында Петербург социал-демократиялық ұйымының жікке бөлінуіне меньшевиктерді кінәлы деп тапты және Орталық Комитет мүшесі меньшевик Ф. И. Данның жікшілдік әрекеттерін айыптады. Конференция партиялық баспасөзді бақылап отыратын комиссия құруға, Петербург ұйымының өкілдерін «Пролетарий» және «Вперед» газеттерінің редакцияларына жіберуге ұйғарды. Конференцияда РСДРП V съезіне платформаны әзірлеу үшін бірнеше большевиктік ұйым өкілдерінің кеңесіне делегаттар сайланды. — *441.*

187 В. И. Лениннің баяндамасы бойынша жарыс сөзде социал-демократиялық партияның революциялық демократиямен келісімдерін тек қана жауынгерлік жағдайлармен (көтеріліс, ереуіл) шектеген жөн болмас па екен және «мұндай реттерде ортақ, бірыңғай революциялық ұйым керек емес пе» деген мәселе қозғалды. — *445.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

«Волна», Спб., 1906, № 14, 11 мая, стр. 1—2. — *142.*

«Вперед», Женева. — *184, 201.*

— 1905, № 1, 4 января (22 декабря 1904), стр. 2—3. — *186.*

«Вперед», Спб., 1906, № 2, 27 мая, стр. 2. — *51, 71, 112, 160—161, 261, 441.*

Вторая дума.— «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 4, 20 октября, стр. 1—2. — *72.*

Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904]. 397, II стр. (РСДРП). — *52, 53, 157.*

Выборгское воззвание — қараңыз: Народу от народных представителей.

Выборы в Государственную думу в городах с отдельным представительством. — «Вестник Партии Народной Свободы», Спб., 1906, № 7, 19 апреля, стлб. 545—546. — *92.*

Выборы в Петербурге. — «Речь», Спб., 1907, № 33, 9 (22) февраля, стр. 2—3. — *433, 438.*

Выборы 7 февраля. — «Речь», Спб., 1907, № 31, 7 (20) февраля, стр. 2. — *417.*

[*Главная управа «объединенного русского народа»...*]. — «Товарищ», Спб., 1906, № 131, 5 (18) декабря, стр. 4. в отд.: Из жизни партий. — *217.*

Гоголь, Н. В. Иван Федорович Шпонька и его тетушка. — *168.*

— *Мертвые души.* — *154.*

— *Повесть о том, как поссорился Иван Иванович с Иваном Никифоровичем.* — *307.*

«Голос Приказчика», Спб. — *361.*

«Голос Труда», Спб. — *162.*

Голубев, В. К задачам партии к.-д. — «Товарищ», Спб., 1906, № 73, 28 сентября (11 октября), стр. 2. — *88.*

Гончаров, И. А. Обломов. — *307.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

мая, стр. 4; № 76, 18 (31) мая, стр. 5. — *88, 119—120, 127, 230.*

Законопроект о собраниях.—«Речь», Спб., 1906, № 89, 2 (15) июня. Приложение к № 89 «Речи». Государственная дума, стр. 4. — *88, 119—120, 230, 237.*

[*Заметка о листовке В. И. Ленина «Кого выбирать в Государственную думу?»*]. —«Товарищ», Спб., 1906, № 131, 5 (18) декабря, стр. 4, в отд.: Из жизни партий. — *217, 318.*

«Заря», Stuttgart. — *56.*

Заявление 3-х членов ЦК. В ЦК РСДРП. 20 июля 1906 г. [Листовка]. Б. м., [1906]. 1 стр. (Только для членов партии). Подпись: Члены ЦК РСДРП Максимов, Зимин, Строев. — *188.*

*[*Заявление 31 члена петербургской конференции РСДРП о неправильном представительстве организации на конференции, внесенное на заседании конференции 6 (19) января 1907 г.*]. — В листовке: Почему мы были вынуждены оставить конференцию? (Заявление 31 члена конференции, внесенное в ЦК). [Спб., 1907], стр. 4—5. — *273, 285, 321—322.*

[*Заявление 31 члена петербургской конференции РСДРП об отказе участвовать в обсуждении вопроса о разделении конференции на две секции и в голосованиях, внесенное на заседании конференции 6 (19) января 1907 г.*]. — Там же, стр. 5. — *273, 285, 321—322.*

[*Заявление 31 члена петербургской конференции РСДРП об отказе участвовать в работах конференции, внесенное на заседании конференции 6 (19) января 1907 г.*]. — Там же, стр. 5. — *273, 282.*

«Зрение», Спб. — *433.*

— 1907, № 1, 25 января, стр. 1—2. — *388.*

— 1907, № 2, 4 февраля, стр. 1—2, 4. — *385, 388, 391.*

Из жизни партий.—«Товарищ», Спб., 1906, № 78, 4 (17) октября, стр. 3. — *48, 51.*

Из жизни партий.—«Товарищ», Спб., 1906, № 80, 6 (19) октября, стр. 3. — *52.*

Из итогов четвертого съезда к.-д. партии.—«Сознательная Россия». Вып. I. Спб., 1906, стр. 101—105, в отд.: Отклики.— *100.*

Из Москвы через Тверь в Петербург.—«Фольксцейтунг», Вильно, 1906, № 235, 18 (31) декабря, стр. 1. На еврейском яз. — *234, 255—256, 320.*

Из Польши. —«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 3, 8 сентября, стр. 4—5. На газ. место изд.: М. — *204.*

Избирательная арифметика. —«Товарищ», Спб., 1906, № 131, 5 (18) декабря, стр. 2. Подпись: Избиратель. — *216, 230.*

Избирательная платформа Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [1906]. 2 стр. (РСДРП). — *300—301.*

Извещение о VII съезде Бунда. Женева, тип. Бунда, сентябрь 1906. 17 стр. (Всеобщий еврейский рабочий союз в Литве, Польше и России (Бунд)). — *34, 113.*

Изгоев, А. С. «Левый блок».—«Речь», Спб., 1907, № 28, 3 (16) февраля, стр. 2. — *426.*

Инструкция о выборах в Государственную думу. —«Речь, Спб., 1906, № 240, 12 (25) декабря, стр. 3.— *213, 215, 216, 217, 218—219.*

«Искра» (старая, ленинская), [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева]. — *56, 159.*

«Искра» (новая, меньшевистская), [Женева]. — *160.*

— 1905, № 110, 10 сентября, стр. 1—2. — *187.*

К армии и флоту. От социал-демократической фракции и Трудовой группы Государственной думы. 12 июля 1906 г. [Листовка]. Спб., тип. ЦК РСДРП, 1906. 2 стр. — *314, 315.*

К вопросам тактики. —«Наша Трибуна», Вильно, 1906, № 1, 13 декабря, стр. 9—11. Подпись: Г. Р. Ф.— *234, 255—256, 320.*

К избирателям. [Листовка]. Изд. Армавирского комитета РСДРП. Ноябрь 1906. — *143.*

К созыву 4-го съезда РСДРП. Ко всем партийным организациям и ко всем рабочим социал-демократам.—«Новая Жизнь», Спб., 1905, № 9, 10 ноября, стр. 2. — *189.*

К характеристике момента. —«Социал-Демократ», Спб., 1906, № 1, 17 сентября, стр. 3—4. — *56, 57—58, 71.*

Крылов, И. А. Лебедь, Щука и Рак. — *80.*

— *Лисица и Осел.* — *38.*

— *Любопытный.* — *301.*

— *Свинья под Дубом.* — *172.*

Кто виноват: ситуация или позиция? — «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 3, 13 октября, стр. 3—5. — *73—77.*

«Курьер», Спб., 1906, № 4, 20 мая (2 июня), стр. 2—3; № 5, 21 мая (3 июня), стр. 2—3. — *38, 124.*

Кускова, Е. К письму Г. В. Плеханова. — «Товарищ», Спб., 1906, № 102, 1 (14) ноября, стр. 2. — *134.*

— *Чем это кончится?* — «Товарищ», Спб., 1907, № 161, 10 (23) января, стр. 1. — *290.*

Credo. — В кн.: [Ленин, В. И.] Протест российских социал-демократов. С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899, стр. 1—6. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»). — *134, 257, 259, 291.*

Ларин, Ю. [Письменное заявление в бюро IV (Объединительного) съезда РСДРП]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1906, стр. 197. — *187.*

— *Широкая рабочая партия и рабочий съезд.* [М.], «Новый мир», [1907]. 95 стр. — *162—188, 189, 190, 219, 257, 320.*

Лассаль, Ф. Гласный ответ Центральному Комитету общего германского рабочего конгресса в Лейпциге. Спб., Врублевский, 1906. 65—98 стр. — *153.*

Латышская социал-демократия о партизанской борьбе. — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 6, 29 октября, стр. 4—5. Подпись: Латышский социал-демократ. На газ, место изд.: М. — *204.*

Латышская социал-демократия о партизанской борьбе. — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 7, 10 ноября, стр. 3—5. — Подпись: Б. На газ. место изд.: М. — *204.*

Левицкий, В. [Выступление на собрании прогрессивных избирателей в театре Неметти 19 января 1907 г. Краткий

газетный отчет]. — «Товарищ», Спб., 1907, № 170, 20 января (2 февраля), стр. 4, в отд.: Вечерние известия. — *347—348, 349.*

Левицкий, В. Петербургский пролетариат на выборах. — «Наш Мир», Спб., 1907, № 1, 28 января, стр. 5—7. На № 1 дата: 28 января 1906 г. — *420.*

[*Ленин, В. И. Большевистский проект думской декларации РСДРП*]. — «Эхо», Спб., 1906, № 1, 22 июня, стр. 2—3, в ст.: [Ленин, В. И.] По поводу декларации нашей думской фракции. — *128.*

— *Борьба с.-д. и с.-р. на выборах в рабочей курии в С.-Петербурге.* — «Простые Речи», Спб., 1907, № 3, 30 января, стр. 4. — *374.*

— *Вооруженное восстание.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 6. Под общ. загл.: Проект резолюций к Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — *166—167.*

— *Выборы в Петербурге и кризис оппортунизма.* — «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 12, 25 января, стр. 1. На газ. место изд.: М. — *421.*

— *Готовится новый государственный переворот!* — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 5, 30 сентября, стр. 1—2. На газ. место изд.: М. — *213.*

*— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *58, 184, 201, 400.*

— *Доклад об Объединительном съезде РСДРП.* Письмо к петербургским рабочим. М. — Спб., тип. «Дело», 1906. 111 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *11.*

— *Значение выборов в Петербурге.*—«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 13, 11 февраля, стр. 1—2. На газ. место изд.: М. — *413.*

— *К событиям дня.* — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 1, 21 августа, стр. 3—4. На газ. место изд.: М. — *1.*

— *Как голосовать на выборах в Петербурге?* (Есть ли опасность победы черносотенцев на выборах в Петербурге?). — «Зрение», Спб., 1907, № 1, 25 января, стр. 1—2. — *388.*

— *Партизанские боевые выступления.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 6—7. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — 11.

[*Ленин, В. И.*] *Политический кризис и провал оппортунистической тактики.* — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 1, 21 августа, стр. 2—6. На газ. место изд.: М. — *52.*

— *Предварительные данные о московских выборах.* — «Зрение», Спб., 1907, № 2, 4 февраля, стр. 4. — *385—386, 388.*

— *Проект обращения к избирателям.* — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 1. На газ. место изд.: М. — *122, 128.*

— *Протест российских социал-демократов.* С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899. 15 стр. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»). — *257, 291.*

— *Протест 31-го меньшевика.* — «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 12, 25 января, стр. 4. На газ. место изд.: М. — *427—428.*

— *Резолюция о вооруженном восстании,* [*принятая на III съезде РСДРП*]. — В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XVII—XVIII. (РСДРП). Под общ. загл.: Главнейшие резолюции. — *166, 186—187, 261.*

— *Роспуск Думы и задачи пролетариата.* М., «Новая волна», 1906. 16 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *187.*

— *Современный момент демократической революции.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—6. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — *162—163.*

— [*Тактическая платформа к Объединительному съезду РСДРП.* Проект резолюций к Объединительному съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9. — *11, 162—163, 166.*

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902. VII, 144 стр. После загл. авт.: Н. Ленин. — *182.*

— *Шаг вперед, два шага назад.* (Кризис в нашей партии). Женева, тип. партии, 1904. VIII, 172 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *185.*

— *Эсеровские меньшевики.* — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 4, 19 сентября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *48, 179—180.*

Либкнехт, В. Никаких компромиссов, никаких избирательных соглашений! Пер. с немецкого Д. Лещенко. С предисл. Н. Ленина. Спб., «Новая дума», 1907. 64 стр. — *233—240.*

«Листок «Освобождения»», Париж, 1904, № 17, 19 ноября (2 декабря), стр. 1—2. — *159—160.*

М. — *қараңыз:* Медем, В.

Манифест. 17 (30) октября 1905 г. — «Правительственный Вестник». Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *14, 28, 116, 118—119, 214, 216.*

Манифест ко всему российскому крестьянству [от комитета социал-демократической фракции Государственной думы, комитета Трудовой группы Государственной думы, Всероссийского крестьянского союза, Центрального Комитета РСДРП, центрального комитета партии социалистов-революционеров, Всероссийского железнодорожного союза, Всероссийского учительского союза]. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [июль 1906]. 2 стр. — *49, 314, 315.*

Манифест [*об изменении учреждения Государственной думы и Государственного совета*]. 20 февраля (5 марта) 1906 г. — «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 41, 21 февраля (6 марта), стр. 1. — *18.*

Манифест Совета рабочих депутатов — *қараңыз:* Ко всем рабочим, солдатам и гражданам!

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Третий международный обзор. С мая по октябрь. 1 ноября 1850 г. — *406.*

Маркс, К. Второе воззвание Генерального совета Международного Товарищества Рабочих о франко-прусской войне. 9 сентября 1870 г. — *407, 408, 410, 411, 412.*

— *Гражданская война во Франции.* Воззвание Генерального совета Международного Товарищества Рабочих о гражданской войне во Франции 1871 г. Ко всем членам Товарищества в Европе и Соединенных Штатах. Апрель — май 1871 г. — *156.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г. — *404, 405.*

Маркс, К. Капитал. Критика политической экономии, т. III, ч. 1—2. 1894 г. — *405.*

— *Кризис и контрреволюция.* 11, 12, 13 и 15 сентября 1848 г. — *192.*

— *Критика Готской программы.* Замечания к программе германской рабочей партии. 5 мая 1875 г. — *218.*

— *Нищета философии.* Ответ на «Философию нищеты» г-на Прудона. Первая половина 1847 г. — *173—174.*

*— *Письма к Л. Кугельману.* С предисл. редакции «Neue Zeit». Пер. с немецкого М. Ильиной под ред. и с предисл. Н. Ленина. Спб., [«Новая дума»], 1907. XI, 96 стр. — *403—412.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 6 апреля 1866 г. — В кн.: Маркс, К. Письма к Л. Кугельману. С предисл. редакции «Neue Zeit». Пер. с немецкого М. Ильиной под ред. и с предисл. Н. Ленина. Спб., [«Новая дума»], 1907, стр. 13—14. — *406.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 9 октября 1866 г. — Там же, стр. 16—18. — *404—405.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 7 декабря 1867 г.—Там же, стр. 30—31. — *404.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 6 марта 1868 г. — Там же, стр. 35—36. — *404, 405.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 11 июля 1868 г. — Там же, стр. 42—45. — *404.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 5 декабря 1868 г. — Там же, стр. 48—50. — *404, 405.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 12 декабря 1868 г. — Там же, стр. 50—51. — *404.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 3 марта 1869 г. — Там же, стр. 54—56. — *407.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 12 апреля 1871 г.—Там же, стр. 88—89. — *408, 409—411, 412.*

*— *Письмо Л. Кугельману.* 17 апреля 1871 г. — Там же, стр. 89—90. — *411, 412.*

М[*еч*], *В. «Наше Дело» № 1.* — «Современная Жизнь», [М.], 1906, сентябрь—октябрь, стр. 254—255, в отд.: Критика и библиография. Под общ. загл.: Периодическая печать. Среди журналов. — *197*.

[*Милюков, П. Н.*] *Критик или конкурент?* — «Речь», Спб., 1906, № 214, 11 (24) ноября, стр. 2. Подпись: М. — *253*.

— *Мое «соглашение» с П. А. Столыпиным.* (Ответ «Слову» и В. В. Водовозову).—«Речь», Спб., 1907, № 19, 24 января (6 февраля), стр. 1. — *384, 394*.

Митава. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10952, 9 (22) сентября, стр. 2, отд.: Телеграммы наших корреспондентов. — *5*.

Митава. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10955, 12 (25) сентября, стр. 2, в отд.: Телеграммы наших корреспондентов. — *5*.

Москва, 27 марта. — «Наша Жизнь», Спб., 1906, № 405, 28 марта (10 апреля), стр. 3. Под общ. загл.: Выборы. — *391, 392*.

Москва, 10 октября. [Передовая]. — «Новый Путь», М., 1906, № 46, 10 октября, стр. 1. — *60, 61*.

Москва, 15 ноября. [Передовая].—«Век», М., 1906, № 46, 15 ноября, стр. 1. — *134*.

«Народная Свобода», [Спб.], 1905, № 5, 20 декабря (2 января), стр. 1. — *168*.

«Народно-Социалистическое Обозрение». Вып. 1. Спб., 1906, стр. 10—30, 1—14, 16. — *25—26, 48, 99—100, 298*.

— Вып. 2. Спб., 1906, стр. 1—17. — *196*.

Народу от народных представителей. [Выборгское воззвание. Июль 1906 г.]. [Листовка]. Б. м., 1906. 1 стр. — *41, 42, 43, 44, 45, 215, 216—217*.

Национальная революция и наши задачи. — «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 1, 17 сентября, стр. 1—3. — *33—34, 52, 54—56, 70*.

«Наш Мир», Спб., 1907, № 1, 28 января, стр. 5—7, 14. На № 1 дата: 28 января 1906 г. — *420, 421, 427, 428*.

Наша анкета. — «Век», М., 1907, № 5, 9 января, стр. 4. — *316*.

«Наша Жизнь», Спб. — *38*.

работников]. — В кн.: Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905, стр. 23—24. (РСДРП).— *202.*

[*О заметке Г. И. Жилкина «Странички жизни» в газете «Товарищ»*]. — «Речь», Спб., 1907, № 14, 18 (31) января, стр. 2, в отд.: Печать. — *326.*

[*О лозунгах в избирательной кампании.* Резолюция Всероссийской конференции РСДРП]. — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 2. На газ. место изд.: М. — *132, 133—134.*

О современном моменте революции и задачах пролетариата. [Проект резолюции меньшевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 9. Под общ. загл.: Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры». — *163.*

[*О тактике РСДРП в избирательной кампании.* Проект резолюции, внесенной делегацией Бунда на Всероссийской конференции РСДРП 6 (19) ноября 1906 г.]. Рукопись [1]. — *113.*

О тактике. [Резолюция, принятая на VII съезде Бунда]. — В кн.: Извещение о VII съезде Бунда. Женева, тип. Бунда, сентябрь 1906, стр. 9—11. (Всеобщий еврейский рабочий союз в Литве, Польше и России (Бунд)). — *113.*

[*О течениях в партии 17 октября по вопросу о блоках*]. — «Товарищ», Спб., 1906, № 131, 5 (18) декабря, стр. 4, в отд.: Из жизни партий. — *216.*

[*О числе членов РСДРП*]. — «Товарищ», Спб., 1906, № 84, 11 (24) октября, стр. 4, в отд.: Из жизни партий. — *70.*

[*Об единстве избирательной кампании на местах.* Резолюция Всероссийской конференции РСДРП]. — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 2. На газ. место изд.: М. — *139—141, 286.*

Об избирательной кампании. —«Социал-Демократ», Спб., 1906, № 3, 13 октября, стр. 1—2. — *71.*

Об избирательных соглашениях. — «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 5, 27 октября, стр. 1—2. — *71, 79—80, 105.*

[1] Жоба сақталмаған.

[1] Жоба сақталмаған.

24 января (6 февраля), стр. 4, в отд.: Предвыборные собрания. — *422.*

[*Отчет о предвыборном собрании кадетов в зале Тенишевского училища 22 января (4 февраля) 1907 г.*]. — «Речь», Спб., 1907, № 19, 24 января (6 февраля), стр. 4, в отд.: Предвыборные собрания. — *360.*

Отчет Семянниковского подрайонного союза Невского района РСДРП. От 15 ноября по 15 января 1907 г. — «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 12, 25 января, стр. 6—7. На газ. место изд.: М. — *377, 379—382, 421, 427.*

Парвус. Социал-демократия и Государственная дума. — «Искра», [Женева], 1905, № 110, 10 сентября, стр. 1—2. — *187.*

[*Парижское соглашение*]. — «Листок «Освобождения»», Париж, 1904, № 17, 19 ноября (2 декабря), стр. 1—2, в протоколе конференции оппозиционных и революционных организаций Российского государства. — *160.*

Партизанские выступления. — «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 1, 17 сентября, стр. 4. — *31—32.*

«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9, 9—11, 12. — *11, 162—163, 166—167, 195—196.*

Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП). — *202.*

Перед решением. — «Речь», Спб., 1907, № 14, 18 (31) января, стр. 1. — *326.*

Пешехонов, А. В. Вопрос о выкупе. — «Народно-Социалистическое Обозрение». Вып. 2. Спб., 1906, стр. 1—17. — *196.*

— *На очередные темы.* Наша платформа (ее очертания и размеры). — «Русское Богатство», Спб., 1906, № 8, август, стр. 178—206. — *49, 313.*

— *Революция наоборот.* — «Народно-Социалистическое Обозрение». Вып. 1. Спб., 1906, стр. 10—30. — *99—100.*

— *Хроника внутренней жизни.* — «Русское Богатство», Спб., 1906, № 7, июль, стр. 164—181. — *49, 51.*

— *Хроника внутренней жизни.* — «Русское Богатство», Спб., 1906, № 9, сентябрь, стр. 154—175. — *49.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 1-е]. [Листовка]. Б. м., [ноябрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии). — *186.*

Письмо к партийным организациям. [№ 4]. 14 июля 1906 г. [Листовка]. [Спб., 1906]. 5 стр. (РСДРП). Подпись: ЦК РСДРП. — *52, 70, 187—188, 441.*

Письмо к партийным организациям. № 5. 29 июля 1906 г. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [1906]. 4 стр. (РСДРП). Подпись: ЦК РСДРП. — *52.*

План земской кампании «Искры» — қараңыз: Письмо к партийным организациям. [Письмо 1-е].

Плеханов, Г. В. [Вопросы к нерусским социал-демократам о характере русской революции и о тактике, которой должны держаться русские социал-демократы].—В кн.: Каутский, К. Движущие силы и перспективы русской революции. Пер. с немецкого. («Neue Zeit», №№ 9 и 10. 25 Jg., Bd. I). Под ред. и с предисл. Н. Ленина. М., «Новая эпоха», 1907, стр. 29. — *241—248.*

— *Еще о нашем положении.* (Письмо к товарищу X.).—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12. — *408—409, 410, 411, 412.*

— *К вопросу об избирательных соглашениях.* Гласный ответ одному из читателей «Товарища». — «Товарищ», Спб., 1906, № 122, 24 ноября (7 декабря), стр. 2. — *153—161, 185, 208—209, 215—216, 218—219, 239, 255—259, 320, 365, 441—442.*

— *Наше положение.*—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1905, № 3, ноябрь, стр. 1—23. — *408.*

— *О чрезвычайном партийном съезде.* —«Социал-Демократ». Спб., 1906, № 1, 17 сентября, стр. 6. — *33—34, 51—52, 69, 80, 183.*

— *«Общее горе».* —«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1906, № 6, август, стр. 1—12. — *79, 134—135, 158.*

— *Открытое письмо к сознательным рабочим.* —«Товарищ», Спб., 1906, № 101, 31 октября (13 ноября), стр. 2. Под общ. загл.: Г. В. Плеханов об избирательных соглашениях. — *71—72, 78—79, 105, 112, 134, 135, 138, 218—219, 234, 255—258; 326, 365.*

Плеханов, Г. В. Письма о тактике и о бестактности. Письмо первое. —«Курьер», Спб., 1906, № 4, 20 мая (2 июня), стр. 2—3; № 5, 21 мая (3 июня), стр. 2—3. — *38, 124.*

— *Письма о тактике и о бестактности.* С прилож. статьи: «Где же правая сторона и где «ортодоксия»?». [Прилож. к журн. «Дневник»]. Б. м., Малых, [1906]. 69 стр. — *124, 194—195, 236.*

— *Пора объясниться.* (Письмо в редакцию).—«Товарищ», Спб., 1906, № 139, 14 (27) декабря, стр. 2—4.— *216, 257—258, 260, 261, 320—321.*

— *Vademecum для редакции «Рабочего Дела».* Сборник материалов, изданный группой «Освобождение труда». С предисл. Г. Плеханова. Женева, тип. Группы старых народовольцев, 1900. II, 67 стр. — *257, 291.*

По поводу последней статьи Плеханова.—«Цин», Тифлис, 1906, № 1, 8 (21) декабря. На грузинском яз. — *256, 320—321.*

«Полярная Звезда», Спб. — *48.*

Поправка [к проекту избирательной платформы, предложенному Центральным Комитетом РСДРП, принятая на Всероссийской конференции РСДРП].—«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 2—3. На газ. место изд.: М. — *128, 207.*

Португалов, В. Класс для партии или партия для класса? — «Товарищ», Спб., 1906, № 77, 3 (16) октября, стр. 1. — *53—54.*

[*Постановление Петербургского комитета партии с.-р.*]. — «Речь», Спб., 1907, № 15, 19 января (1 февраля), стр. 4, в отд.: Из жизни партий. — *331—332.*

Постановления и резолюции Объединительного съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. [Спб.] тип. ЦК, [1906]. 4 стр. (РСДРП). — *80, 195—196.*

[*Постановления центральной избирательной комиссии, утвержденные исполнительным органом выделившейся части петербургской конференции РСДРП*]. —«Товарищ», Спб., 1907, № 177, 28 января (10 февраля), стр. 2, в отд.: Вечерние известия. — *439.*

**Почему мы были вынуждены оставить конференцию?* (Заявление 31 члена конференции, внесенное в ЦК). [Спб., 1907]. 8 стр. — *273, 282, 285, 321—322, 334—338, 427—428.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *14, 28, 116, 118—119, 214, 215—216.*

— 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1. — *17, 18, 19, 20, 116, 117, 155, 213, 220, 249—250, 302—303, 414,- 415, 437.*

— 1906, № 41, 21 февраля (6 марта), стр. 1—2. — *18.*

— 1906, № 94, 28 апреля (11 мая), стр. 1. — *45.*

Предисловие к таблицам: [*Выборы в Государственную думу.* Избрание выборщиков. Составлено на основании газетных сведений, а также сообщений, поступивших в центральный комитет к.-д. партии по 27 марта]. —«Вестник Партии Народной Свободы», Спб., 1906, № 5, 28 марта, стлб. 318 — 320. — *93.*

[*Предисловие редакции «Товарища» к статье Л. Мартова «К вопросу «о блоке левых»*]. —«Товарищ», Спб., 1906, № 81, 7 (20) октября, стр. 2. — *67.*

Предисловие редакции «Neue Zeit» [к книге К. Маркса «Письма к Л. Кугельману»]. — В кн.: Маркс, К. Письма к Л. Кугельману. С предисл. редакции «Neue Zeit». Пер. с немецкого М. Ильиной под ред. и с предисл. Н. Ленина. Спб., [«Новая дума»], 1907, стр. 1—7. — *403, 407.*

[*Прения по докладу В. И. Ленина на конференции петербургской организации по вопросу о думской кампании и думской тактике.* Краткий газетный отчет]. —«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 1—2, в ст.: Третья сессия конференции спб. с.-д. организации. На газ. место изд.: М. — *445.*

Приветственное слово [*Николая II*] *Государственному совету и Государственной думе.* —«Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 94, 28 апреля (11 мая), стр. 1. — *45.*

[*Примечание к резолюции петербургского комитета партии с.-р. от 16 января 1907 г.*]. —«Товарищ», Спб., 1907, № 170, 20 января (2 февраля), стр. 5, в отд.: Из жизни партий. — *342.*

Программа и организационный устав партии социалистов-революционеров, утвержденные на первом партийном съезде. Изд. центрального комитета п. с.-р. Б. м., тип. партии соц.-рев., 1906. 32 стр. (Партия социалистов-революционеров). — *48.*

Программа конституционно-демократической партии, выработанная учредительным съездом партии 12—18 октября 1905 г. [Листовка]. Б. м., [1905]. 1 стр. — *237—238.*

Програма Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии. — В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *52, 53, 157.*

Программа трудовой (народно-социалистической) партии. (Подлежит утверждению учредительного съезда партии).— «Народно-Социалистическое Обозрение». Вып. 1. Спб., 1906, стр. 1—14. — *25—26, 48.*

Проект избирательной платформы, предложенный Центральным Комит[етом] РСДРП. — «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 6, 3 ноября, стр. 1—2. На газете дата: 3 октября 1906 г. — *111, 128—129, 296.*

Проект основного земельного закона, [внесенный 33-членами Государственной думы]. — В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. II. Заседания 19—38 (с 1 июня по 4 июля). Спб., гос. тип., 1906, стр. 1153—1156. (Государственная дума). — *88, 313—314.*

Проект основных положений [земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы]. — В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 560—562. (Государственная дума). —*313.*

[*Проект порядка дня V съезда РСДРП, выработанный ЦК РСДРП 31 января (13 февраля) 1907 г.*]. —«Товарищ», Спб., 1907, № 181, 2 (15) февраля, стр. 5, в отд.: Из жизни партий. — *441.*

Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры».— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 9—11.— *163.*

Прокопович, С. Н. Рабочее движение на Западе. Опыт критического исследования. Т. I. Германия и Бельгия. Спб., Пантелеев, 1899. II, 212, 120 стр. — *180.*

«Пролетарий», Женева. — *201.*

«Пролетарий», [Выборг — Женева — Париж]. На газ. место изд.: М. — *204, 365.*

— 1906, № 1, 21 августа, стр. 2—6, 8. — *1, 32, 52, 60—61, 62, 320.*

— 1906, № 3, 8 сентября, стр. 4—5. — *181, 204.*

— 1906, № 8, август, стр. 178—206. — *49, 313.*

— 1906, № 9, сентябрь, стр. 154—175. — *49.*

«Русь», Спб. — *357.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. В среде умеренности и аккуратности. — *214.*

— *За рубежом.* — *259, 303.*

— *Либерал.* — *217, 251, 261—262, 282—283, 285.*

— *Премудрый пискарь.* — *217, 410.*

— *Современная идиллия.* — *214.*

С.-Петербург, 20-го декабря. [Передовая]. — «Народная Свобода», [Спб.], 1905, № 5, 20 декабря (2 января), стр. 1. — *168.*

С.-Петербург, 1 ноября. [Передовая]. — «Товарищ», Спб., 1906, № 102, 1 (14) ноября, стр. 1. — *134.*

С.-Петербург, 25 ноября. [Передовая]. — «Речь», Спб., 1906, № 226, 25 ноября (8 декабря), стр. 1—2. — *159—161, 320.*

С.-Петербург, 13-го декабря. [Передовая]. — «Речь», Спб., 1906, № 241, 13 (26) декабря, стр. 1. — *215, 216, 250.*

С.-Петербург, 14 января. [Передовая]. — «Речь», Спб., 1907, № 11, 14 (27) января, стр. 1. — *295, 296—297, 298, 316—317, 323—324, 331, 346, 366—367, 376.*

С.-Петербург, 15 января. Черносотенная опасность и соглашения. — «Родная Земля», Спб., 1907, № 2, 15 (28) января, стр. 1. — *298—316, 325.*

Свод отчетов фабричных инспекторов за 1903 год. Спб., тип. Киршбаума, 1906. XVI, 208 стр. (М-во торговли и пром-сти. Отдел пром-сти). — *181.*

«Сегодня», Спб. — *298, 357.*

— 1907, № 121, 13 (26) января, стр. 1. — *298, 366.*

Сегодня, 13 января. [Передовая]. — «Сегодня», Спб., 1907, № 121, 13 (26) января, стр. 1. — *298, 366.*

«Современная Жизнь», М. — *257.*

— 1906, сентябрь—октябрь, стр. 254—255. — *197.*

«Сознательная Россия». Вып. 1. Спб., 1906, стр. 26—42, 42—46, 101—105. — *100.*

— Вып. 2. Спб., 1906, стр. 1—21. — *100.*

[*Сообщение о совещании представителей с.-р., Трудовой группы, н.-с. и меньшевиков с кадетами.* 18 (31) января 1907 г.]. — «Речь», Спб., 1907, № 15, 19 января (1 февраля), стр. 4, в отд.: Из жизни партий. — *331—332, 339.*

[*Сообщение о совещании представителей с.-р., Трудовой группы, н.-с. и меньшевиков с кадетами.* 18 (31) января 1907 г.]. — «Товарищ», Спб., 1907, № 169, 19 января (1 февраля), стр. 4, в отд.: Вечерние известия. — *331, 339.*

[*Состав организационного комитета трудовой (народно-социалистической) партии*]. — «Народно-Социалистическое Обозрение». Вып. 1. Спб., 1906, стр. 16. — *48, 298.*

«Социал-Демократ», Спб. — *70, 79—80, 101, 112.*

— 1906, № 1, 17 сентября. — *31—35, 71.*

— 1906, № 1, 17 сентября, стр. 1—4, 6, 7. — *31—35, 52, 54—56, 57—58, 69, 70, 71, 80, 183—184.*

— 1906, № 2, 6 октября. — *71.*

— 1906, № 2, 6 октября, стр. 3—4. — *69, 80.*

— 1906, № 3, 13 октября, стр. 1—2, 3—5. — *71, 73—77.*

— 1906, № 4, 20 октября, стр. 1—2. — *72.*

— 1906, № 5, 27 октября, стр. 1—2, 6. — *71, 79—80, 105.*

— 1906, № 6, 3 ноября, стр. 1—4. На газете дата: 3 октября 1906 г. — *111, 122—126, 128—129, 131, 132, 164, 207—208, 296—297, 416—417, 445—446.*

Социал-демократическая конференция и соглашения. — «Речь», Спб., 1907, № 8, 11 (24) января, стр. 1. — *287—288, 289—290, 295, 296, 297, 316—317, 323—324, 331, 369, 375—376.*

Социал-демократия и избирательная кампания. — «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 7, 10 ноября, стр. 1—2. На газ. место изд.: М. — *78.*

— 1906, № 73, 28 сентября (11 октября), стр. 2. — *50, 59, 65, 88.*

«Товарищ», Спб., 1906, № 77, 3 (16) октября, стр. 1. — *53—54.*

— 1906, № 78, 4 (17) октября, стр. 3. — *48, 51.*

— 1906, № 80, 6 (19) октября, стр. 3. —*52.*

— 1906, № 81, 7 (20) октября, стр. 2. — *58—59, 60, 61, 62—63, 64—65, 67, 71, 78, 79, 83, 88—89, 105, 112, 138, 218—219, 320.*

— 1906, № 84, 11 (24) октября, стр. 4. — *70.*

— 1906, № 85, 12 (25) октября, стр. 3. — *60.*

— 1906, № 86, 13 (26) октября, стр. 2, 4. — *63—64, 67, 83, 88—89.*

— 1906, № 101, 31 октября (13 ноября), стр. 2. — *71, 78—79, 105, 112, 134, 135, 138, 218—219, 234, 255—258, 320, 365.*

— 1906, № 102, 1 (14) ноября, стр. 1, 2. — *134.*

— 1906, № 122, 24 ноября (7 декабря), стр. 2. — *153—161, 185, 208—209, 215, 219, 239, 255—258, 320, 365, 441—442.*

— 1906, № 131, 5 (18) декабря, стр. 2, 4. — *216, 230, 318.*

— 1906, № 136, 10 (23) декабря, стр. 2. — *193.*

— 1906, № 138, 13 (26) декабря, стр. 2. — *252—253.*

— 1906, № 139, 14 (27) декабря, стр. 2—4. — *216, 252—253, 257—258, 259—260, 261, 320.*

— 1906, № 140, 15 (28) декабря, стр. 2. — *252—253.*

— 1906, № 142, 17 (30) декабря, стр. 1—2. — *228—229, 231, 239, 252—253, 257—261, 441—442.*

— 1906, № 150, 28 декабря (10 января 1907), стр. 4. — *261—262.*

— 1907, № 161, 10 (23) января, стр. 1. — *289—290.*

— 1907, № 167, 17 (30) января, стр. 1—2. — *326.*

— 1907, № 168, 18 (31) января, стр. 3. — *326.*

— 1907, № 169, 19 января (1 февраля), стр. 4. — *331, 339.*

— 1907, № 170, 20 января (2 февраля), стр. 4, 5. — *339—350, 377.*

Устав Бельгийской рабочей партии. — В кн.: Ларин, Ю. Широкая рабочая партия и рабочий съезд. [М.], «Новый мир», [1907], стр. 73—79, в отд.: Приложение 2. — *180.*

[*Устав конференции петербургской организации РСДРП по вопросам избирательной кампании в Государственную думу.* Листовка. Спб., декабрь 1906]. 1 стр. Гектограф. — *275, 279—280.*

«Фольксцейтунг», Вильно, 1906, № 208, 16 (29) ноября, стр. 2. На еврейском яз. — *204—208, 212.*

— 1906, № 235, 18 (31) декабря, стр. 1. На еврейском яз. — *234, 255—256, 320.*

Характерные признаки. — «Речь», Спб., 1906, № 175, 27 сентября (10 октября), стр. 2. — *50, 63—64, 67.*

[*Хижняков, В. В.*] *Разговор.* — «Товарищ» , Спб., 1906, № 66, 20 сентября (3 октября), стр. 1—2. Подпись: В. В. Х—ов. — *36—39.*

«Цин», Тифлис, 1906, № 1, 8 (21) декабря. На грузинском яз. — *256, 320.*

Череванин, Н. Москва, 24 сентября 1906 г. — «Наше Дело», М., 1906, № 1, [24 сентября], стр. 1—7. — *50, 51, 52, 54, 58, 63—65, 67, 71, 79, 83, 105, 138, 320, 441—442.*

— *По поводу письма Л. Мартова.* (Письмо в редакцию). — «Товарищ», Спб., 1906, № 86, 13 (26) октября, стр. 4, в отд.: Из жизни партий. — *63—64, 66—67, 83, 88.*

Чернов, В. Организация или распыление революции? — «Сознательная Россия». Вып. 2. Спб., 1906, стр. 1—21. — *100.*

Чернышевский, Н. «Политико-экономические письма к президенту Американских Соединенных Штатов» Г. Ч. Кэри. — *290.*

— *Русский человек на rendez-vous.* — *305.*

Чехов, А. П. Человек в футляре. — *410.*

Шекспир, В. Гамлет. — *38.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг — *қараңыз:* Энгельс, Ф. Философия. Политическая экономия. Социализм.

— *Введение [к работе К. Маркса «Классовая борьба во Франции с 1848 по 1850 г.»]*. 6 марта 1895 г. — *418.*

— *Революция и контрреволюция в Германии.* Август 1851 г. — сентябрь 1852 г. — *406.*

— *Социализм в Германии.* Около 24 октября и конец декабря 1891 г. — *418.*

— *Философия. Политическая экономия. Социализм.* (Переворот в науке, произведенный Дюрингом). Пер. с 3-го немецкого издания. Спб., Яковенко, 1904. XXIV, 478, II стр. — *405.*

Эсперов, П. Москва выбирает выборщиков.—«Биржевые Ведомости». Вечерний выпуск, Спб., 1907, № 9720, 29 января, стр. 3. — *386.*

«Эхо», Спб., 1906, № 1, 22 июня, стр. 2—3. — *128.*

Юдин, И. Настоящий момент и его задачи. — «Наша Трибуна», Вильно, 1906, № 1, 13 декабря, стр. 1—7. — *341.*

---

* *Briefe und Auszüge aus Briefen von Joh. Phil. Becker, Jos. Dietzgen, Fridrich Engels, Karl Marx und A. an F. A. Sorge u. Andere.* Stuttgart, Dietz, 1906. XII, 422 S. — *399.*

Engels., F. [Der Brief an F. A. Sorge]. 7. März 1884.—In: Briefe und Auszüge aus Briefen von Joh. Phil. Becker, Jos. Dietzgen, Friedrich Engels, Karl Marx und A. an F. A. Sorge u. Andere. Stuttgart, Dietz, 1906, S. 193—195. Unterschrift: F. E. — *399.*

— *Herrn Eugen Dührings Umwälzung der Wissenschaft.* 3-te durchgesehene und vermehrte Auflage. Stuttgart, Dietz, 1894. XX, 354 S. — *405.*

Gesetz gegen die gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. Oktober 1878.—«Reichs-Gesetzblatt», Berlin, 1878, N 34, S. 351—358. — *53.*

«L'Humanite», Paris, 1906, N 974, 17 decembre, p. 2. — *190.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam]. — In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904, S. 31—32. — *23, 242—243, 245—246.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14 bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904. 78 S. — *23, 242—243, 245—246.*

Kautsky, K. Die Aussichten der russischen Revolution.—«Vorwärts», Berlin, 1906, N 23. 28. Januar, S. 1. Unterschrift: K. K. — *3.*

— *Die soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution, Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1902. 56 S. — *195.*

— *Die soziale Revolution.* II. Am Tage nach der sozialen Revolution. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1902. 48 S. — *195.*

— *Triebkräfte und Aussichten der russischen Revolution.* — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, Jg. 25, Bd. I, N 9, S. 284—290; N 10, S. 324—333. — *192—203, 241—248.*

Kugelmann, L. [*Der Brief an K. Marx*]. 15. April 1871. — *411.*

Kwihtes. — «Zihņa», [Riga], 1906, N 47, 23 augustâ, S. [7]. — *5.*

Liebknecht, W. Kein Kompromiß! Kein Wahlbündniß! Hrsg. im Auftrage von Genossen Berlins und Umgebung. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1899. 32 S. — *233.*

Manuilov, A. A. Die Agrarfrage und ihre ökonomische Lösung. — In: Zur Agrarbewegung in Rußland. Nach dem Russischen bearbeitet und eingeleitet von B. Braude. Leipzig, Teutonia, 1907, S. 37—80. — *194.*

Marx, K. Briefe an Dr. L. Kugelmann. — «Die Neue Zeit», Stuttgart. 1901—1902, Jg. 20. Bd. 2 N 1, S. 26—32: N 2. S. 60—64: N 3, S. 91—96: N 4, S. 125—128: N 6, S. 188—192: N 7, S. 221—224; N 12, S. 381—384; N 13, S. 412—416; N 15, S. 472—480; N 17, S. 541—544; N 19, S. 604—608; N 25, S. 797—800. — *403.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart. — *403, 407.*

— 1901—1902, Jg. 20, Bd. 2, N 1, S. 26—32; N 2, S. 60—64; N 3, S. 91—96; N 4, S. 125—128; N 6, S. 188—192; N 7, S. 221—224; N 12, S. 381—384; N 13, S. 412—416; N 15, S. 472—480; N 17, S. 541—544; N 19, S. 604—608; N 25, S. 797—800. — *403.*

— 1906—1907, Jg. 25, Bd. I, N 9, S. 284—290; N 10, S. 324—333. — *192—203, 241—242.*

Petrunkewitsch, J. J. Die Agrarkrisis und die politische Lage Rußlands. — In: Zur Agrarbewegung in Rußland. Nach dem Russischen bearbeitet und eingeleitet von B. Braude. Leipzig, Teutonia, 1907, S. 7—35. — *194.*

[*Plechanow, G. Der Frageboden über den Charakter der russischen Revolution und die Taktik, die von den russischen Sozialisten zu befolgen ist*]. — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, Jg. 25, Bd. I, N 10, S. 331, im Art.: K. Kautsky.. Triebkräfte und Aussichten der russischen Revolution. — *192—193, 197, 198, 199, 200, 201, 241—248.*

Programm der deutschen Arbeiterpartei. — In: Protokoll des Vereinigungskongresses der Sozialdemokraten Deutschlands, abgehalten zu Gotha vom 22. bis 27. Mai 1875. Leipzig, Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875, S. 3—4. — *53.*

Protokoll des Vereinigungskongresses der Sozialdemokraten Deutschlands, abgehalten zu Gotha vom 22. bis 27. Mai 1875. Leipzig, Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875. 88 S. — *53.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1903. 448 S. — *66.*

«Reichs-Gesetzblatt», Berlin, 1878, N 34, S. 351—358. — *53.*

Remy, L. Le parti socialiste-revolutionnaire et les èlections. — «L'Humanitè», Paris, 1906, N 974, 17 decembre, p. 2. Sous le titre gènèral: En Russie. — *190.*

«La Tribune Russe», Paris. — *190.*

«Volkszeitung» — *қараңыз:* «Фолькспейтунг».

«Vorwärts», Berlin, 1906, N 23, 28. Januar, S. 1. — *3.*

«Zihņa», [Riga — Bruxelles — Petrograd]. — *5.*

— [Riga], 1906, N 47, 23 augustâ, S. [7]. — *5.*

Zur Agrarbewegung in Rußland. Nach dem Russischen bearbeitet und eingeleitet von B. Braude. Leipzig, Teutonia, 1907. 96 S. — *194.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

А.— қараңыз: Гольдман, Л. И.

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кең көлемді «жұмысшы съезін» шақыру жөнінде оппортунистік идея ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция жылдарында — жойымпаздық басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады. — *32—33, 51, 53, 179, 183, 191, 202.*

Алексинский, И. П. (1872 ж. туған) — Москва университеті хирургия кафедрасының профессоры; земство қайраткері, Владимир губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат; кадет, кейіннен «халықтық социалистер» қатарына көшті. — *88, 89.*

Аникин, С. В. (1869—1919) — трудовик, Саратов губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, Думада Еңбек тобы лидерлерінің бірі; селода мұғалім болды, Шаруалар одағына кірді. «Русское Богатство» журналына жазып тұрды; 1908 жылдың

аяғында — «Бодрое Слово» журналы редакторларының бірі. Кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. — *253.*

Анненский Н. Ф. (1843—1912) — экономист-статистик әрі публицист, либералдық-халықшылдық қозғалыстың көрнекті қайраткері; бірқатар губернияларда земство статистикасына басшылық етті, оның басшылығымен және редакциясымен көптеген статистикалық еңбектер шықты. «Егіншілік шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына тигізетін әсері» (1897) деген екі томдық жинаққа қатысты, «Дело», «Отечественные Записки» журналдарына мақалалар жазып тұрды; либералдық-халықшылдық «Русское Богатство» журналы редакциясының құрамына кірді. 1904—1905 жылдары либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» басшыларының бірі болды. 1906 жылы кадеттерге жақын, эсерлердің оң қанатынан бөлініп шыққан ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» партиясының ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарында саяси қызметтен шеттеп кетті. — *48, 253, 327.*

Б

Бадамшин, Г. С. (1865 ж. туған) — солшыл кадет, Қазан губерниясынан I және II Мемлекеттік думаларға депутат, I Думаның қарауына трудовиктер енгізген «33-тің жобасы» деп аталатынға қол қойды. — *88.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметін 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі, Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік позиция ұстап, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясының қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және Европа жұмысшы қозғалысының дамуына едәуір ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипаттағы бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен жеткілікті дәрежеде күрес жүргізбеу, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.). — *173.*

Беннигсен (Bennigsen), *Рудольф* (1824—1902) — немістің реакцияшыл саяси қайраткері, национал-либералдық партияның оң қанатының лидері; 1873—1883 және 1887—1898 жылдарда — герман рейхстагының депутаты; Бисмарктің ішкі және сыртқы саясатын сөзсіз қолдап отырды; социалистерге қарсы ерекше заңның нағыз қызу жақтаушысы болды. Өзінің қызметінде монополистік капиталдың мүдделерін қорғаушы болды. — *174*.

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл философ-идеалист және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінің өзінде-ақ «жария марксизм» позициясын ұстап, Маркстің іліміне неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасады, кейін марксизмнің ашық жауы болды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында марксизмге жау діни-философиялық құдай іздемпаздық ағым өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасап, оны өсіп келе жатқан коммунизмнен құтқаратын бірден-бір нәрсе деп білді. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда философиялық мистицизмді одан әрі уағыздай берді, контрреволюция идеологтарының бірі болды. — *16*.

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітап болып басылып шықты; бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейннің

және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей сатқындық жасауға әкеліп соқты, ал мұның ақыры бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *247.*

Бикерман, И. М. (1867 ж. туған) — буржуазияшыл публицист және қоғам қайраткері; өзінің саяси көзқарастары жөнінен «халықтық социалистерге» жақын болды; «Русское Богатство» журналына және либералдық-буржуазиялық «День» газетіне жазып тұрды, 1908 жылы өзі негізін қалаған «Бодрое Слово» журналын редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда әр түрлі эмиграттық антисоветтік ұйымдарға қатысты. — *422.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» атанған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салу әрекеті нәтижесіз болды. 1890 жылы мартта орнынан түсті. — *15, 174, 218.*

Бланки (Blanqui), *Луи Огюст* (1805—1881) — аса көрнекті француз революционері, утопиялық коммунизмнің көрнекті өкілі, 1830—1870 жылдар ішіндегі Париж көтерілістері мен революцияларға қатысты, бірқатар құпия революциялық қоғамдарды басқарды. Бланки өмірінің 36 жылынан астамын түрмеде өткізді. Революционер-заговоршылардың шағын тобымен өкіметті басып алуды көздеген ол революциялық күрес үшін бұқараны ұйымдастырудың шешуші ролін түсінбеді. Бланкидің революциялық қызметін жоғары бағалай отырып, Маркс және Ленин сонымен бірге оның қателерін және заговорлық

тактикасының теріс екенін қатты сынға алды. «Бланкизм дегеніміз,— деп жазды Ленин,— тап күресін теріске шығаратын теория. Бланкизм адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды күтеді» (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 85-бет). — *411.*

Богучарский (Яковлев, В. Я.)* (1861—1915) — либерал-буржуазияшыл қайраткер және Россиядағы халықшылдық қозғалыстың тарихшысы. 90-жылдарда «жария марксизмге» қосылды. 1902—1905 жылдарда П. Б. Струве басқарған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылы бұл журналдан шығып, Е. Д. Кусковамен және С. Н. Прокоповичпен бірге «Без Заглавия» журналын және «Товарищ» газетін шығара бастады. 1906—1907 жылдарда В. Л. Бурцевтің қатысуымен «Былое» журналын шығарып тұрды. 1914—1915 жылдарда Ерікті экономикалық қоғамның ғылыми секретары болып істеді. Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің авторы және редакторы. Олардың ішінен неғұрлым ірісі: «XIX ғасырда Россияда болған мемлекеттік қылмыстар» (1906) деген ресми материалдар жинағы. — *246, 326.*

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932) — француздың мемлекет қайраткері және дипломат; кәсібі жөнінен адвокат. Біраз уақыт социалистердің сол қанатына қосылды. 1902 жылы парламентке өтіп алып, жұмысшы табына ашық дұшпан реакцияшыл буржуазияшыл саясатшы болды. 1906 жылы Бриан ағарту министрі ретінде буржуазиялық үкіметке кірді. Социалистік партиядан шығарылған соң, ол «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды; бұл топ 1911 жылы «республикалық социалистік партия» деп аталды. 1909 жылы Бриан «үш ренегат кабинетінің» (Бриан — Мильеран — Вивиани) премьері болды. 1910 жылы Бриан темір жолдарды соғыс жағдайында деп жариялап, теміржолшылардың ереуілін қаталдықпен басып-жаныштады. 1913, 1915—1917, 1921—1922 жылдарда — премьер-министр; 1924 жылы Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды. 1925 жылы СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерінің жасалуына қатысты. 1926—1931 жылдарда француз сыртқы саясатын басқарды. 1931 жылы Бриан президент сайлауында жеңіліске ұшырағаннан кейін саяси қызметтен қол үзді. — *64.*

Брюсов, В. Я. (1873—1924) — орыстың белгілі ақыны және аудармашы. 90-жылдарда орыс поэзиясындағы декаденттік пен символизмнің негізін салушылардың бірі болды. 1904—1909 жылдарда символистердің жетекші органы — «Весы» журналына басшылық етті. XX ғасырдың басындағы революциялық оқиғалардың ықпалымен Брюсовтың поэзиясы нақты өмірмен

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

жақындасады; ол буржуазиялық өмір шындығына мещандық қанағаттанушылыққа қарсы шығады, орыс ақындарының ішінен бірінші болып капиталистік қала туралы, адамның творчестволық еңбегінің ұлылығы туралы жазады, сонымен бірге ол капиталистік қоғамның әлеуметтік қайшылықтарын ашып көрсетеді. Брюсов бірінші орыс революциясын тілектестікпен қарсы алды, бірақ оған баға беруге анархистік-дарашылдық позициялардан қарады; революцияны тек қиратқыш күш қана деп білді.

Брюсов Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды, буржуазиялық интеллигенцияны Совет өкіметімен белсене ынтымақтасуға шақырды. 1919 жылы ол большевиктер партиясына кірді. 1921 жылдан Москва мемлекеттік университетінің профессоры болды және өзі негізін қалаған Жоғары әдеби-суреткерлік институтын басқарды. — *314.*

Булацель, П. Ф. (1867—1919) — ірі помещик, адвокат, қаражүздіктер лидерлерінің бірі; буржуазиялық «Свет», «Россия», «Юридическая Газета» газеттеріне жазып тұрды. Қаражүздік «Орыс халқы одағы» құрылған уақыттан бастап Булацель оның советіне кірді және оның органы — «Русское Знамя» газетін редакциялады. — *218.*

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, философ-идеалист. 90-жылдары «жария марксист» болды. Булгаков Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне ревизия жасады, халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» дейтінмен түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан — священник. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді. — *405.*

Бюхнер (Büchner), *Фридрих Карл Христиан Людвиг* (1824—1899) — немістің буржуазияшыл философы, тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі, буржуазияшыл реформист; кәсібі жөнінен дәрігер. 1852 жылдан Тюбинген университетінде сот медицинасы кафедрасының приват-доценті. Өзінің «Kraft und Stoff» (1855) («Күш және материя») деген негізгі шығармасында тұрпайы материализмді жүйелі түрде баяндап берді. Жаратылыс тануды дүниеге көзқарастың негізі деп санай отырып, алайда, Бюхнер диалектикаға мән бермеді, табиғат пен қоғамға механикалық көзқарастарды жандандырды. Кейінгі жылдары Дармштадтта дәрігер болды. Бірқатар еңбектер жазды: «Der Mensch und seine Stellung in der Natur...» (1869), («Адам және оның табиғаттағы орны...»), «Darwinismus und Sozialismus» (1894) («Дарвинизм және социализм») және т. б. — *405.*

В

формизм пролетарлық революцияға қарсы» шығады (Шығармалар, 28-том, 327-бет). — *173.*

Васильев, Н. В. (1857—1920) — меньшевик, кәсібі жөнінен дәрігер; Жаңа мақта иіру фабрикасында болған ереуілге (Петербург, 1878) қатысқаны үшін Архангельск губерниясына жер аударылды. Көп ұзамай айдаудан Швейцарияға қашып кетті. Бір кезде Лондонда тұрды, мұнда Markспен танысты. Швейцарияның социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты. 1905 жылы Россияға қайтып келді. II Мемлекеттік дума сайлауы кезінде барып тұрған оңшыл меньшевиктік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — қорғампаз. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» тобына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Тұтынушылар қоғамдары одағында жұмыс істеді. — *240, 255, 258, 259, 260—261, 369, 441—442.*

Вергежский, А. — қараңыз: Тыркова, А. В.

Вивиани (Viviani), *Рене* (1863—1925) — француздың саяси және мемлекет қайраткері; кәсібі жөнінен адвокат. 1893 жылдан бастап бірнеше рет парламент мүшесі болып сайланды, парламентте буржуазиялық партиялармен ашықтан-ашық ынтымақтасқан «тәуелсіз социалистер» деп аталатындарға қосылды; 1906—1910 жылдарда Вивиани — әуелі Клемансоның кабинетінде, содан кейін Брианның кабинетінде еңбек министрі. 1906 жылы социалистік партиядан қол үзіп, Мильеранмен және басқа ренегаттармен бірге 1911 жылы буржуазиялық «республикалық социалистік партия» деп аталатынды құрды. 1914 жылы — премьер-министр және сыртқы істер министрі, кейіннен — юстиция министрі. 1920—1921 жылдарда Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды, 1921—1922 жылдарда Вашингтон конференциясында Францияның өкілі болды. — *64.*

Винавер, М. М. (1863—1926) — адвокат, кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, бірнеше жыл бойы оның Орталық Комитетінің мүшесі. В. Д. Набоковпен бірге буржуазиялық «Вестник Права» журналын редакциялады; адвокаттар одағын құруға белсене қатысты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болып сайланды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, Қырым өлкелік үкіметі құрамына сыртқы қатынастар министрі болып кірді. 1919 жылы Қырым эвакуациясы алдында үкіметтің басқа мүшелерімен бірге өлкелік банк пен Севастополь казначейлігінің бағалы қазынасын француздарға берді. Парижге эмиграцияға кетіп, онда кадеттердің Париж комитетін басқарды, эмигранттық «Последние Новости» газетіне қатысып тұрды. — *362.*

Виноградов, П. Г. (1854—1925) — тарихшы, Москва, ал кейін Оксфорд университеттерінің профессоры. Оның ғылыми еңбек-

терінің көпшілігі Англияның орта ғасырлық тарихына арналған. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен кадеттерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революцияны либерал буржуазия позициясынан қарады, бұл оның 1905 жылы 5 августа «Русские Ведомости» газетінде жарияланған «Саяси хаттарынан» көрінеді. Осы хаттарында ол, В. И. Ленин көрсеткендей, «құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді...» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 244-бет). Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.

«Англияның орта ғасырлардағы әлеуметтік тарихы жөніндегі зерттеу», «Англиядағы орта ғасырлық поместье» деген және басқа еңбектердің авторы. — *16.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — орыстың мемлекет қайраткері, Витте патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші болды, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға болмашы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты аяусыз қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август, 1892), финанс министрі (1892—1903), Министрлер советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) бола отырып, Витте финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы саласындағы шаралары, шетелдік капиталдың енуін барынша қолдау арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелді болуының күшейюіне себепші болды. «Министр-маклер», «біржаның агенті» — оған В. И. Ленин осындай сипаттама берді. — *214, 360.*

Водовозов, В. В. (1864—1933) — либералдық-халықшылдық бағыттағы экономист және публицист. 1904 жылдан — «Наша Жизнь» газеті редакциясының мүшесі; 1906 жылы солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне жазып тұрды, II Мемлекеттік дума сайлауы науқаны кезінде трудовик болды. Кадеттер, «халықтық социалистер» және жойымпаз-меньшевиктер жазып тұрған — «Запросы Жизни» журналында 1912 жылы еңбектері басылды. 1917 жылы Водовозов «Былое» журналының редакциясына енді, либерал-буржуазиялық «День» газетіне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1926 жылдан эмиграцияға кетіп, ақ гвардиялық баспасөзге қатысты. — *293, 360, 368, 384, 393, 394, 395.*

Войтинский, В. С. (В.) (1885 ж. туған) — 1905 жылдың басында большевиктерге қосылды, Петербургте және Екатеринославта партия жұмысын жүргізді. 1909 жылдың көктемінде әскери сот оны большевиктік әскери ұйымның ісі бойынша каторгаға кесті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — меньшевик. 1917 жылғы октябрьде Войтин-

ский Керенский — Красновтың Октябрь қарулы көтерілісін басып жаныштау үшін Петроградқа жасаған контрреволюциялық соғыс жорығына қатысты, генерал П. Н. Красновпен бірге тұтқынға алынды, қамаудан босатылғаннан кейін Грузияға кетіп, онда меньшевиктік «Борьба» газетін редакциялады. Кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *424, 425.*

Г

Гейден, П. А. (1840—1907) — граф, ірі помещик, земство қайраткері, октябрист. 1895 жылдан — Псков губерниясында уездік дворяндар жетекшісі. 1904—1905 жылдары земство қозғалысына белсене қатысты. Либерализмді бүркеніш етіп, буржуазия мен помещиктерді өрлеп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы күресте біріктіруге тырысты. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін ашықтан-ашық контрреволюция лагеріне ауысты. I Мемлекеттік думада оңшыл депутаттар тобын басқарды. Дума таратылғаннан кейін «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Ленин Гейденді өз табының ортақ мүдделерін шеберлікпен қорғаған «кәдуілгі контрреволюцияшыл помещик» деп сипаттады (қараңыз: В. И. Лениннің «Граф Гейденді еске түсіру» деген мақаласы— Шығармалар, 13-том, 38—46-беттер). — *217.*

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі және оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. I Мемлекеттік думаның мүшесі. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірді. — *292, 345.*

Гольдман, Л. И. (А.) (1877—1939) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 1893 жылдан бастап қатысты, Вильно мен Минскінің жұмысшы үйірмелерінде насихат жүргізді, 1897 жылы сентябрьде Бундтың құрылтай съезіне қатысты. 1900 жылы шетелге кетіп, онда «Искра» ұйымына қосылды. 1901 жылдың басында Мюнхенде В. И. Ленинмен кездесіп, Россияда «Искра» баспаханасын құрудың жоспарын талқылады. 1901 жылдың майында Кишиневте құпия баспахана ұйымдастырды, онда «Искра» және басқа социал-демократиялық басылымдар басылып тұрды. 1902 жылғы мартта тұтқынға алынып, кейін Сибирьге жер аударылды. 1905 жылы айдаудан Женеваға қашып барып, меньшевиктерге қосылды; меньшевиктік «Искра» редакциясының секретары болды. 1905 жылы меньшевиктерден РСДРП Петербург комитетіне енді. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Орталық Комитетке сайланды. 1907 жылы Уралда жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Иркутск Советінің председателі және меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. 1921 жылдан бастап саяси

қызметтен шеттеп, шаруашылық және редакциялық-баспа жұмысында болды. — *425.*

Гредескул, Н. А. (1864 ж. туған) — юрист және публицист, профессор, кадет. 1905 жылы «Мир» газетін шығаруға қатысты, бұл газет «үкіметке қарсы» сипаттағы мақалаларды жариялағаны үшін сол жылы декабрьде жабылды, ал Гредескул тұтқынға алынып, 1906 жылы Архангельск губерниясына жер аударылды. Айдауда жүріп, I Мемлекеттік думаға мүше болып сырттан сайланды, Петербургке қайтып келіп, Дума председателінің орынбасары болды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін тұтқынға алынды. Бірқатар буржуазиялық либералдық газеттерге қатысып жазып тұрды. 1916 жылы кадеттер партиясынан шықты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін большевиктер партиясына қарсы үгіт жүргізген буржуазиялық «Русская Воля» газетін шығаруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың жоғары оқу орындарында профессор болды. 1926 жылы «Бұрынғы және қазіргі Россия» деген жазбаларын бастырып шығарып, онда Октябрь революциясы мен оның жеңістерін мойындады. — *45, 360, 422.*

Громан, В. Г. (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. РСДРП IV (Бірігу) съезіне ұсынылған аграрлық программа жобаларының бірінің авторы; меньшевиктік «Наше Дело» журналын редакциялауға қатысты. Реакция жылдарында — жойымпаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясының басынан Петроградта азық-түлік ісін басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірнеше жыл әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды. 1931 жылы контрреволюциялық қызметі үшін сотталды. — *50, 368.*

Гурвич, Ф. И. — *қараңыз:* Дан, Ф. И.

Гурко, В. И. (1863—1927) — патшалық Россияның реакцияшыл қайраткері. 1902 жылы ішкі істер министрлігінің земство бөлімінің басқарушысы, ал 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. I Мемлекеттік думада крепостник-помещиктердің мүдделерін жақтап, аграрлық заң жобаларына қарсы шықты. Горемыкин үкіметінде көрнекті роль атқарды, В. И. Ленин бұл үкіметті «дворяндық-буржуазиялық программасы бар» Гурко — Горемыкин кабинеті деп атады. Кейін Гурко қазына мүлкіне қол сұғып, талан-таражға салғаны ашылып, Сенаттың үкімі бойынша қызметінен босатылды. 1912 жылы — Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Россияның оңтүстігінде Совет өкіметіне қарсы күресті, одан кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *294, 352, 355, 359, 360.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — орыстың ірі капиталисі, октябристер партиясының ұйымдастырушысы және лидері. 1905—1907

жылдардағы революция дәуірінде үкіметтің жұмысшы табы мен шаруалар жөнінде аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтап, революциялық қозғалысқа барынша қарсы шықты. Реакция жылдарында — Мемлекеттік қорғаныс комиссиясының председателі және III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) Орталық соғыс-өнеркәсібі комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының соғыс және теңіз министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты, майданда тұтқынға алынды, бірақ Уақытша үкімет босатып жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант. — *14, 15—16, 28, 43, 91.*

Д

Дан, Ф. И. (Гурвич, Ф. И.) (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен дәрігер. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» енді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды; 1903 жылы сентябрьде шетелге қашып барып, онда меньшевиктерге қосылды. Дан РСДРП IV (Бірігу), V съездеріне және бірқатар конференцияларына қатысты. Реакция жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) — барып тұрған қорғампаз; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы. Совет мемлекетінің бітіспес жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуып жіберілді. — *67, 195, 327, 330, 340. 346, 422.*

Дицген (Dietzgen), *Иосиф* (1828—1888) — немістің жұмысшы-былғарышысы, көрнекті социал-демократтардың бірі, өз бетімен диалектикалық материализмге жеткен философ. Германиядағы 1848 жылғы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшыраған соң шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 20 жыл бойы Америка мен Европаны аралап шықты, әр түрлі кәсіпорындарда жұмыс істеді, философиялық зерттеулермен шұғылданды. 1864 жылдан 1868 жылға дейін Дицген Россияда тұрды, Петербургте былғары заводында жұмыс істеді. Мұнда ол «Адамның ми жұмысының мәні» деген кітап және К. Маркстің «Капиталының» бірінші томына рецензия жазды. 1869 жылы Дицген Германияға қайтып келді, К. Маркспен танысты, герман

социал-демократиялық партиясының жұмысына белсене қатыса бастады. Маркс диалектикалық материализмді түсінуде Дицген кейбір қателіктер мен жаңсақтыққа ұрынғанына қарамастан, «көптеген тамаша, жұмысшының дербес ойлауының жемісі ретінде таңдануға болғандай пікірлер» айтты деп көрсетті (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 232-бет). 1884 жылы Дицген қайтадан Америка Құрама Штаттарына кетті, онда ол Америка Социалистік жұмысшы партиясы Атқару комитетінің органы — «Социалист» газетін және Чикагоның «Arbeiterzeitung» («Жұмысшы Газеті») газетін редакциялады, бірқатар философиялық еңбектер жазды. Махизмнің реакциялық философиясына қарсы күресте В. И. Ленин Дицгенге жиі сілтеме жасап, ресми буржуазиялық философия мен попшылдық жөніндегі оның өткір сипаттамаларын келтіріп отырды.

Дицгеннің негізгі еңбектері: «Адамның ми жұмысының мәні» «Социалистің таным теориясы саласына экскурсиялары», «Логика туралы, атап айтқанда пролетарлық-демократиялық логика туралы хаттар», «Философия аквизиті», «Социал-демократия діні». Дицгеннің шығармалар жинағы 1919 жылы Штутгартта 3 том болып басылып шықты. — *404.*

Доррер, В. Ф. (1862—1909) — граф, Курск губерниялық дворяндар жетекшісі, қаражүздік «Орыс халқы одағының» негізін салушылардың бірі; Курск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. — *218.*

Дурново, П. Н. (1844—1915) — патшалық Россияның ең реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1884—1893 жылдарда полиция департаментінің директоры болды; 1900—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылы октябрьде ішкі істер министрі болып тағайындалып, бірінші орыс революциясын басуға қатал шаралар қолданды, қаражүздік ұйымдарды ойрандар жасауға рухтандырып отырды. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. — *360.*

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономист, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Оның реакциялық-утопистік «социалитарлық» шаруашылық жүйесі шаруашылықтың пруссиялық жартылай крепостниктік формаларын дәріптеді. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегі ішінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» (1877—1878) деген кітабында сынады. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.

Дюрингтің негізгі еңбектері: «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы» (1871), «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы» (1873), «Философия курсы» (1875). — *405.*

Е

Елпатьевский, С. Я. (1854—1933) — орыс жазушысы және публицист, кәсібі жөнінен дәрігер. «Халық еркі» ұйымында болғаны үшін 80-жылдардың басында 3 жылға Шығыс Сибирьге жер аударылды. Кейін «Русское Богатство» журналы басшыларының бірі болды, «Русские Ведомости» газетіне жазып тұрды. 1906 жылы Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрушылардың бірі болды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Елпатьевский жойымпаздарға қосылды, большевиктік партияға қарсы шықты. В. И. Ленин оны радикал буржуа немесе буржуазияшыл демократ ретінде сипаттады. — *48.*

Ж

Жилкин, И. В. (1874—1958) — журналист, трудовиктер лидерлерінің бірі. «Уралец» газетінің редакторы, «Неделя» журналының секретары болып істеді, «С.-Петербургские Ведомостиге», одан кейін солшыл кадеттердің «Наша Жизнь» және «Товарищ» газеттеріне жазып тұрды. 1906 жылы Жилкин Саратов губерниясынан шаруалар депутаты ретінде I Мемлекеттік думаға сайланды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін сотталды. Жазасын өтегеннен кейін белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті, әр түрлі буржуазиялық басылымдарға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін советтік әр түрлі мекемелерде қызмет істеді, 1925 жылдан журналистикамен шұғылданды. — *228, 229, 230, 231, 253.*

Жордания, Н. Н. (Костров) (1870—1953) социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады, Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты; V съезде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция жылдарында формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына қатысып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократия-

лық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды: 1921 жылдан — ақ эмигрант. — *112*.

З

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848 жылғы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң (1852) Америкаға эмиграцияға кетті; Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы болды. I Интернационал Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге — «Құрама Штаттардағы жұмысшы қозғалысы» деген кітаптың авторы, бірқатар мақалалар жазды, олар негізінен герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен, тағы басқалармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. 1907 жылы бұл хаттар В. И. Ленин жазған алғы сөзбен орыс тілінде шықты. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады. — *399*.

Зубченко, Г. Л. (1859 ж. туған) — шаруа, болыс старшинасы, кадеттер партиясына қосылды; Киев губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. I Думаның қарауына трудовиктер ұсынған «33-тің жобасы» деп аталатынға қол қойды. — *88*.

И

Игнатьев, А. П. (1842—1906) — граф, патшалық Россияның мемлекет қайраткері. 1859 жылдан 1885 жылға дейін әскери қызметте болды. 1885 жылдан 1896 жылға дейін — әуелі Иркутскіде, одан соң Киевте генерал-губернатор. 1896 жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып тағайындалды, 1898 жылдан 1905 жылға дейін заң департаментінде қызмет істеді, мемлекеттік тәртіпті қорғау жөніндегі және дін тұту мәселесі жөніндегі комиссиялардың председателі болды. Күшті монархиялық өкімет болуын жақтайтын ол революциялық қозғалысқа қарсы барып тұрған қатал жазалар қолдануды талап етті, Мемлекеттік дума шақыруға қарсы болды. — *20*.

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист», бір кездері социал-демократтарға қосылды.

1905 жылы кадеттер партиясына кірді. Кадеттердің орталық органы — «Речь» газетінде, кадеттік «Южные Записки», «Русская Мысль» журналдарында және контрреволюциялық «Вехи» жинағында большевиктерге өршелене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Изгоев бір топ декадент интеллигенттердің журналы — «Вестник Литературыға» қатысып тұрды. 1922 жылы контрреволюциялық публицистік қызметі үшін шетелге қуылды. — *16, 172, 199, 246.*

Иорданский, Н. И. (Ник. И — ский) (1876—1928) — социал-демократ; РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. 1904 жылы — меньшевиктік «Искра» газетінің тұрақты қызметкері; 1905 жылы Петербург Советінің Атқару комитетіне енді. 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің кеңесші даусы бар делегаты, РСДРП біріккен Орталық Комитетінің (меньшевиктерден) өкілі. Реакция жылдарында партияшыл-меньшевиктерге — плехановшылдарға жақын болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл плехановтық «Бірлік» тобын жақтаушы, буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы армиялар жанындағы комиссары. 1921 жылы РКП(б) қатарына кірді; 1922 жылы Сыртқы істер халық комиссариатында және Мемлекеттік баспада істеді, одан кейін Италияда уәкілетті өкіл болды. 1924 жылдан бастап әдеби қызметпен шұғылданды. — *218, 320.*

К

Каутский (Kautsky), *Карл,* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің ең қауіпті әрі зиянды бір түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарасы лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутскийдің оппортунизмге қарай ауытқығаны аңғарылды, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектер жіберілген қателіктеріне қарамастан марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемеленген оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) Каутский социал-шовинизм позициясында болды, оны интер-

национализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген және басқа еңбектерінде әшкерелеген болатын. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет). — *2, 3, 11, 192, 193, 194—195, 196, 197—198, 199—203, 241—242, 243—244, 245—246, 247—248.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. Саяси қызметін III Наполеон империясына дұшпандық пиғылдағы солшыл республикашыл ретінде бастады. 1871 жылғы Париж Коммунасы күндерінде, Париждің бір округінің мэрі болып тұрып, пролетариат пен буржуазияны ымыраға келтіруге әрекет жасады. Одан кейінгі жылдарда муниципалитеттік қызметпен шұғылданды, Париж муниципалитетінің председателі, ал 1876 жылы Францияның Депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. 80-жылдардан — радикалдар басшыларының бірі. 1902 жылы Сенатқа сайланды, ал 1906 жылдан 1909 жылға дейін француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. В. И. Ленин былай деп жазды: «Францияны капиталистердің атынан билеп отырған радикал Клемансо пролетариат арасындағы республикалық-буржуазиялық жалған үміттердің ақырғы қалдықтарын жою жөнінде ерекше қимыл көрсетуде. «Радикалдық» үкіметтің бұйрығы бойынша әскерлердің жұмысшыларды атуы, — Клемансоның тұсында, сірә, бұрынғыдан жиілене түспесе, кеми қойды ма екен» (Шығармалар, 15-том, 181—182-беттер). Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) қарсаңында радикалдар партиясынан қол үзді. Соғыс кезінде барып тұрған шовинист болды. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо француз үкіметін қайтадан басқарды, елде соғыс диктатурасы режимін енгізді. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, орыс контрреволюциясын қолдап отырды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға алуды» және тұншықтыруды жүзеге асыруға тырысты. 1919

жылы Париждегі бейбітшілік конференциясында француз империалистерінің мүдделерін қорғады, бірақ өз мақсатына толық жете алмады. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті. — *64.*

Кокошкин, Ф. Ф. (1871—1918) — буржуазияшыл саяси қайраткер және публицист; Москва университеті мемлекеттік право кафедрасының приват-доценті. Кадет партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды; Москва губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. 1907 жылдан — «Русские Ведомости» газетінің және либералдықбуржуазиялық «Право», «Русская Мысль» журналдарының және басқаларының белсенді қызметкері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Кокошкин — буржуазиялық Уақытша үкіметтің министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты. — *385, 386.*

Костров — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Котляревский, С. А. (1873—1940) — профессор, публицист. Өзінің саяси сенімі бойынша — кадет, кадет партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің христиан дінінің православиелік түрінен басқа және өзге діндерді тұту істері жөніндегі комиссары, ал 1917 жылдың июлінен — синод обер-прокурорының орынбасары және дін тұту министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі контрреволюциялық ұйымдарда болды. 1920 жылы «Тактикалық орталық» дейтіннің ісі бойынша сотқа тартылып, шартты түрде 5 жылға түрмеге жабылуға кесілді. Кейініректе Москва университетінде істеді, Советтік право институтының мүшесі болды. — *229.*

Крушеван, П. А. (1860—1909) — реакцияшыл публицист, қаражүздік «Бессарабец» газетін бастырып шығарушы, антисемиттік «Друг» газетінің редакторы, Кишиневтегі ойранды (1903) ұйымдастырушы және қаражүздік «Орыс халқы одағы» басшыларының бірі; Кишинев қаласынан II Мемлекеттік думаға мүше. — *109, 416, 417.*

Крюков, Ф. Д. (1870—1920) — жазушы-публицист, трудовик; Дон облысынан I Мемлекеттік думаға депутат; Думада Еңбек тобына кірді. Халықтық-социалистік еңбек партиясын ұйымдастыруға қатысты. Либералдық-буржуазиялық «Северный Вестник», «Русское Богатство» журналдарына және «Русские Ведомости», «Сын Отечества», «Петербургская Газета» газеттеріне жазып тұрды. — *48.*

Кугельман (Kugelmann), *Людвиг* (1830—1902) — неміс социал-демократы, Маркстің досы, Германиядағы 1848—1849 жылдарда-

ғы революцияға қатысушы, I Интернационалдың мүшесі. Кугельман Интернационалдың Лозанна (1867) және Гаага (1872) конгрестеріне делегат болды, Маркстің «Капиталының» басылуына және таратылуына жәрдемдесті. 1862 жылдан 1874 жылға дейін К. Маркспен хат-хабар алысып, Германиядағы істің жайын оған хабарлап тұрды. Маркстің Кугельманға жазған хаттары бірінші рет 1902 жылы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; 1907 жылы бұл хаттар орыс тіліне аударылып, В. И. Лениннің алғы сөзімен бастырылып шығарылды.— *403, 406, 408, 409, 411, 412.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — орыстың буржуазияшыл қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускованың бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документі «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобының тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері болды. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруды көздеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты. 1921 жылы «Ашыққандарға жәрдемдесудің қоғамдық комитетіне» кірді, бұл ұйымның басқа да басшыларымен бірге оны Совет өкіметіне қарсы күресу үшін пайдалануға тырысты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. — *134, 153, 199, 246, 290—291, 365.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды; II және III Мемлекеттік думалардың мүшесі, кадеттердің аграрлық программасы жобасы авторларының бірі. Бұл жобаны және Кутлердің позициясын В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе туралы сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 253—289-беттер; 13-том, 244—245, 381—387-беттер) жан-жақты сынға алды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан СССР Мемлекеттік банкі басқармасының мүшесі болды. — *290, 294, 309, 355, 360, 362.*

Л

Ланге (Lange), *Фридрих-Альберт* (1828—1875) — немістің буржуазияшыл неокантшыл философы. Цюрих және Марбург университеттерінің профессоры. Буржуазиялық профессураның «Кантқа қарай шегінейік» дейтін реакциялық ағымы инициаторларының бірі. Ланге материализмнің жауы болды; ол материализм табиғатты зерттеу әдісі ретінде жарамды болғанмен, философиялық ілім ретінде қанағаттанғысыз, сондықтан идеализмге апаруға тиіс деп есептеді. Ланге «өзіндік затты» субъективтік ұғымға айналдыру арқылы Кант философиясының дуализмін жоюға тырысты. Биологияның заңдарын адамзат қоғамына көшіре салып, социал-дарвинизм позициясында тұрды, Мальтустің артық халық туралы теориясын жақтады. «Жұмысшы мәселесі. Оның қазіргі және болашақтағы маңызы» (1865), «Материализм тарихы және оның мәнінің қазіргі уақытта сыналуы» (1865) және басқа шығармалардың авторы. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында Лангені материализмді бұрмалап, шатастырушы деп сипаттады. Лангенің ғылымға жат философиялық және социологиялық көзқарастарын қазіргі буржуазиялық философия пайдаланып отыр. — *405.*

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик, жойымпаздар лидерлерінің бірі. 1901 жылдан революциялық қозғалысқа қатысты, Одессада, Симферопольде істеді. 1905 жылы — РСДРП Петербург меньшевиктік комитетінің мүшесі. 1906 жылы партияның Петербург біріккен комитетінің құрамына кірді; РСДРП IV (Бірігу) съезінің шешуші даусы бар делегаты. Жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады, «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Партияның V съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — жойымпаздықты ашық және белсенді уағыздаушылардың бірі. Бірқатар жойымпаз-меньшевиктік орталық басылымдарда істеді.. Ларин антипартиялық Август блогына қатысты; оның ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» деген журнал шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктер мен эсерлерді қатыстырып «біртекті социалистік үкімет» деп аталатынды құру жөніндегі оппортунистік позицияны қостады. Рыковтың және басқа оппортунистердің Халық Комиссарлары Советінен шығу туралы мәлімдемесіне қосылды. Кейіннен совет және шаруашылық жұмысында болды. — *162, 163, 164, 165, 166—169, 170—171, 172—173, 174—176, 177, 178—179, 180, 181, 182—183, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 218, 257, 320, 369.*

Лассаль (Lassalle), ***Фердинанд*** (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін қалаушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакцияшыл Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационал жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананы қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын», В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар). — ***153.***

Левицкий, В. (Цедербаум, В. О.) (1883 ж. туған) — меньшевик. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғында араласты, Бундтың Двинск ұйымында жұмыс істеді. 1906 жылдың басында РСДРП Петербург біріккен комитетінің мүшесі болды; IV (Бірігу) съезіне Петербург ұйымынан делегат. II Мемлекеттік дума сайлауы кезінде кадеттермен блок жасасуды жақтады. Реакция жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі; меньшевиктік орталыққа кірді, партияны жою туралы «Ашық хатқа» қол қоюшылардың бірі болды; «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа жойымпаз меньшевиктік мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — социал-шовинист, қорғампаздардың барып тұрған оңшыл тобын қолдады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1919 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейіннен әдеби жұмыспен шұғылданды. — ***348, 349.***

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер. — ***9—10, 11, 31, 32, 48, 52, 58, 61, 62, 63, 124, 154, 158, 184, 185—186, 201, 213, 216, 257, 374, 400, 416.***

Ленин, Н. — қараңыз: Ленин, В. И.

Либкнехт (Liebknecht), ***Вильгельм*** (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Герман социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның көсемдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849

жылдардағы революцияға белсене қатысты, бұл революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, содан соң Англияға эмиграцияға кетіп, мұнда К. Маркспен және Ф. Энгельспен жақын танысты; солардың ықпалымен социалист болды. 1862 жылы Германияға қайтып оралды. I Интернационал құрылғаннан кейін—оның революциялық идеяларының ең белсенді насихаттаушыларының бірі және Германияда Интернационал секцияларын ұйымдастырушы болды. 1875 жылдан өмірінің ақырына дейін Либкнехт Герман социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік-герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан Герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакцияшыл сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент трибунасын шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады, оның қызметіне бағыт беріп отырды, бірақ сонымен бірге Либкнехттің оппортунистік элементтер жөніндегі ымырашылдық позициясын сынады. — *233—234, 235, 236, 237—238, 239—240.*

Лидваль (Lidvall), *Эрик Леонард* — ірі алыпсатар және аферист, швед азаматы; 1906 жылы ашаршылыққа ұшыраған Тамбов, Пенза және басқа губернияларға азық-түлік сатумен айналысты. Ішкі істер министрінің орынбасары В. И. Гурконың Лидвальға мемлекет қаржысынан көп ақша беріп, оның алыпсатарлық қулық-сұмдықтарына қатысқанын баспасөздің әшкерелеуі арқасында, бұл іс дүйім жұртқа мәлім болып, патша үкіметі Гурконы Сенат сотына беруге мәжбүр болды. Алайда кейіннен іс тоқтатылған болатын. — *359.*

Ложкин, С. В. (1868 ж. туған) — земство дәрігері, солшыл кадет, Вятка губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат; I Мемлекеттік думаның қарауына трудовиктер ұсынған «33-тің жобасы» деп аталатынға қол қойды. — *88.*

Львов, Н. Н. (1867—1944) — помещик; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша — «контрреволюцияшыл дворянсымақ», «сатқын кадеттің үлгісі». 1893—1900 жылдары Балашов уездік дворяндар жетекшісі болды; 1899 жылдан бастап Саратов губерниялық земство басқармасының председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. «Азаттық одағының» және кадет партиясының негізін қалаушылардың бірі, кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. Кадеттердің алдауына түскен шаруалардың дауыс беруі арқасында I Мемлекеттік думаға сайланған ол, шаруалардың талаптарына үзілді-кесілді қарсы шықты. II Мемлекеттік думаның мүшесі. «Бейбіт жаңарту» партиясын құрушылардың бірі. III және IV Думаларда «прогрессистердің» лидері ретінде көрінді. 1917 жы-

М

әзірлеуге қатысты, оның редакциясы құрамына кірді, РСДРП II съезінде —«Искра» ұйымынан делегат, съездің оппортунистік азшылығын басқарды, содан бастап — меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Реакция жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) центристік позицияда болды; Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жауларының лагеріне өтті. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *47, 57, 58—59, 60, 61—62, 63, 64—65, 66—67, 69, 71, 78, 79, 80, 83, 87, 88, 105, 112, 138, 183, 218, 320, 369, 405.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына жазып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктер жағынан аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, съезд оны Орталық Орган редакциясына сайлады. Реакция жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. — *50, 195, 405.*

Медем, В. Д. (Гринберг, В. Д., М.) (1879—1923) —Бунд лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 1899 жылдан бастап қатысты; 1900 жылдан бастап Бундтың Минск ұйымында жұмыс істеді; 5 жылға Сибирьге жер аударылды, сол жақтан 1901 жылы шетелге қашып кетті. РСДРП II съезінде — Бундтың Шетелдік комитетінен делегат, антиискрашыл. 1906 жылы Бунд Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, РСДРП V съезінің жұмысына қатысты, меньшевиктерді қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшадағы Бунд ұйымдарын басқарды; 1921 жылы Америка Құрама Штаттарына кетіп, онда оңшыл социалистік еврей газеті — «Vorwards» («Алға») беттерінде Советтік Россияға қарсы жалақорлық мақалалар жазды. — *204, 207, 212.*

Мельгунов, С. П. (1879 ж. туған) — буржуазияшыл тарихшы және публицист, кадет партиясының көрнекті қайраткері, осы партияның орталық органдарына және «Русские Ведомости»

газетіне жазып тұрды. 1913 жылдан либералдық-буржуазиялық «Голос Минувшего» тарихи журналы редакторларының бірі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды; шетелге эмиграцияға кетіп, онда ақ эмиганттық баспасөз органдарында редактор болды. — *193.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанатының лидерлері және теоретиктерінің бірі; тарихшы, публицист әрі әдебиет зерттеуші. 60-жылдардың аяғынан — радикал буржуазияшыл-демократияшыл публицист, 1876—1882 жылдары буржуазиялық либерализм позициясында болды, соңынан біртіндеп солшылдық бағытқа ойысты, демократиялық «Volks-Zeitung» («Халық Газеті») редакторы болды, социал-демократияны қорғап Бисмаркке қарсы шықты; 1891 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді. Партияның теориялық органы — «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының белсенді қызметкері және оның редакторларының бірі болды, кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. 1893 жылы оның «Лессинг туралы аңыз» деген еңбегі жеке кітап болып шықты, 1897 жылы төрт томдық «Герман социал-демократиясының тарихы» басылып шықты. Меринг Маркстің, Энгельстің және Лассальдың әдеби мұраларын бастырып шығаруға көп еңбек жұмсады; 1918 жылы оның К. Маркстің өмірі мен қызметі туралы кітабы жарық көрді. Мерингтің еңбектерінде марксизмнен бірқатар шегінушіліктер, Лассаль, Швейцер, Бакунин сияқты қайраткерлерге теріс баға беру, Маркс пен Энгельстің философияда жасаған революциялық төңкерісін түсінбеушілік бар. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортуинизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. 1916 жылдан бастап революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды. — *233.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал; 90-жылдарда социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасының жендеті болған генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік түптамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге

«тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдарда — Француз республикасының президенті. 1924 жылғы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін орнынан түсуге мәжбүр болды. 1925—1927 жылдары сенатор болып сайланды. — *64.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыстың империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан — Москва университетінің приват-доценті. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, «жеңіске жеткенге дейін» соғысты соза беру керек деген империалистік саясат жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюцияшыл Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі және ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды. — *16*, *44*, *174*, *253*, *290*, *294*, *326*, *327*, *329*, *333*, *349*, *360*, *367*, *384*, *393*, *394—395*, *401*, *417*, *440*.

Муромцев, С. А. (1850—1910) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері, юрист, Москва университетінің профессоры. 1879 жылдан 1892 жылға дейін — либерал-буржуазиялық «Юридический Вестник» журналының редакторы. 1904—1905 жылдарда земство съездерінің жұмысына қатысты. Кадеттер партиясын құрушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1906 жылы — I Мемлекеттік думаның депутаты және оның председателі. 1908—1910 жылдарда публицистік қызметпен шұғылданды. Муромцевке мінездеме бере келіп, Ленин былай деп жазды: ол «керек десе демократ емес те еді. Ол бұқараның революциялық күресінен қорқатын. Ол Россия үшін бостандықты мұндай күрестен емес, патша самодержавиесінің қайырымдылығынан, орыс халқының осы мейірімсіз, қас дұшпанымен жасалатын *келісімнен* күтетін». (Шығармалар, 16-том, 384-бет). — *172, 176.*

Мякотин, В. А. (1867—1937) — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы лидерлерінің бірі, тарих-

Н

О

ның комиссары және Балтық флотының бас комиссары етіп тағайындады. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет мекемелерінде жұмыс істеді. — *120.*

П

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик. 90-жылдардың аяғы — 900-жылдардың бас кезінде Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп, оның сол қанатына қосылды; «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды, Булыгин Думасына қатысуға шақырды, кадеттермен ұсақ келісімдер жасасу тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимарксттік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрестің құралына айналдырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алыпсатарлықпен айналысып, әскерге жабдық жеткізуден байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды, оны Ленин «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың органы» (Шығармалар, 21-том, 432-бет) деп сипаттаған болатын. — *187.*

Петрункевич, И. И. (1844—1928) — помещик, земство қайраткері, кадет. 1904 жылы либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Кадеттер партиясының негізін салушылардың және оның көрнекті лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің председателі, партияның орталық органы — «Речь» газетін бастырып шығарушы. I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Петрункевичтің қоғамдық қызметі либерал буржуазияның саяси жағынан самодержавие алдында құрдай жорғалауының мейлінше типтік бейнесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *194, 362.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазияшыл қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдарда — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либерал-буржуазиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне қатысып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді, 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан

кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант. — *26, 48, 49, 50—51, 52, 53, 100, 313.*

Плеве, В. К. (1846—1904) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, 1881—1884 жылдары — полиция департаментінің директоры; 1902 жылдан — ішкі істер министрі. Оның тұсында Полтава және Харьков губернияларында шаруалар қозғалысы аяусыз басып жаншылды, бірқатар земстволар талқандалды; Плеве Россияның шет аймақтарында реакциялық орыстандыру саясатын қолдап отырды. Бұқараның назарын самодержавиеге қарсы күрестен басқа жаққа аудару үшін орыс-жапон соғысын тұтандыруға түрткі болды; осы мақсатпен еврей ойрандарын ұйымдастырып отырды, «зубатовшылдықты» қолдады. Өз саясаты арқылы өзіне деген орыс қоғамы қалың топтарының өшпенділігін туғызды. 1904 жылы 15 июльде эсер Е. С. Сазонов өлтірді. — *95.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербург жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. XIX ғасырдың 90-жылдарында Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда үлкен роль атқарған және ғылыми социализмнің қазынасына бағалы үлес болып қосылған мынадай бірқатар еңбектер жазды: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының бастамасы болатын. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияларда болды; шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазиямен одақтасуды талап

етті; пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және революциялық жаңа өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл-меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинизм позициясында болды, меньшевиктік қорғампаздық тактиканы қорғады, марксизмнен біржола қол үзді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциядан кейін Россияға қайтып келіп қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп есептеп, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады, сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады. —*33, 37—38, 51, 69, 71, 78—79, 80, 105, 112, 124, 133—135, 153, 154—155, 156—161, 183, 191, 193, 195, 196—198, 199—200, 201, 202, 209, 215, 216—217, 234, 235, 236, 239—240, 242, 243, 244—245, 247, 255, 256, 257, 258, 260, 261, 291, 320, 321, 365, 408—409, 410, 411, 412, 441—442.*

Победоносцев, К. П. (1827—1907)— патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, III Александр патшалық құрған кезде іс жүзінде үкімет басшысы және жүгенсіз кеткен крепостниктік реакцияның басты дем берушісі; ол II Николай тұсында да көрнекті роль атқарды; революциялық қозғалысқа қарсы қасарыса күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, тежеусіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. 1905 жылы октябрьде революцияның өрлеуі кезінде отставкаға шығуға мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді. — *18.*

Португалов, В. В. (1874 ж. туған) — кадет публицист; «Саратовский Листок», «Товарищ», «Смоленский Вестник» газеттеріне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, Б. В. Савинковтың контрреволюциялық эмиграциттық ұйымына кірді; ақ эмиграиттық баспасөзге қатысты. — *53, 54, 172, 246.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ кезінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек либерал-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы

Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының бастырып шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позициядан жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — *134, 153, 172, 180, 194, 199, 234, 246, 247, 257, 259, 261, 291.*

Прудон (Proudhon), *Пьер Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі; кәсібі жөнінен әріп терушi. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады, ол «тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтары болып, қолөнершіге айналуына мүмкіндік жасайтын арнаулы «халық банкін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру жөніндегі утопиясының да нақ осындай реакциялық сипаты болды, ол осы банктер еңбекшілердің өз еңбектерінің өнімін «әділетті түрде» өткізуін қамтамасыз етеді-міс және сонымен қатар өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншіктің болуына тиіспейді деп санады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, ол «мемлекетті» бейбіт жолмен «жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске теріс көзқарасты уағыздады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезеңінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; ол Францияда Екінші империя режимінің орнауына әкеп соқтырған 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапарттық төңкерісті мақұлдады. — *173, 180, 411.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакцияшыл-қаражүздік, монархист. 1900 жылдан ішкі істер министрлігінде істеді, 1904 жылы — Плевенің ішкі істер министрлігі жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновник. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил Архангел палатасы» ұйымын құрды; Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «Пуришкевичтің сөзі тағы помещик әрі ескі

ұр да жықтың сөзі еді» (Шығармалар, 15-том, 428-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Пуришкевич соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізу үшін күшті өкімет құруды талап етті. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті. — *218.*

Р

Р. М. — ««Рабочая Мысльге» бөлек қосымшада» (сентябрь, 1899) басылған «Біздегі өмір шындығы» деген мақаланың авторы, бұл мақалада «экономистердің» оппортунистік көзқарастары ашық баяндалды. — *180.*

Реми (Remy), *Леон* — француз социалисі. — *190.*

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) деген және басқа еңбектердің авторы, бұл еңбектерде классикалық буржуазиялық саяси экономия аяқталады. Феодализм қалдықтарымен күресінде буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни айналыс сферасында пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын ашты.

Алайда Рикардоның таптық өрісінің тарлығы оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгілік және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын ашпады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сыналды. — *405.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Мемлекеттік думаның барлық сайлауында думаға депутат болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-де-

Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы халық комиссариатында жұмыс істеді. — *48, 51, 215.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдарда Россия министрлер советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған өте қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы «Столыпин реакциясы») Столыпиннің есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда патша самодержавиесіне тірек боларлық кулактардың мықты шаруашылықтарын құру мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Бірақ самодержавиені сақтай отырып, буржуазия мен помещиктердің мүдделерін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау арқылы буржуазиялық-помещиктік құрылысты нығайтуға тырысу әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Киевте 1911 жылы эсер Богров өлтірді. — *16, 95, 158, 174, 217, 230, 231, 250, 305, 326, 327, 329, 333, 349, 360, 367, 384, 385, 387, 390, 393, 394, 395, 400, 401, 417, 418, 434, 437, 440, 444.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағызсдады; ол марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуді көздеді. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың асқан шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» (1903—1905) теоретиктерінің және ұйымдастырушыларының бірі және одақтың құпия органы — «Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант. — *17, 43, 44, 55, 172, 199, 246, 261, 262, 309.*

Т

Таг — ин — қараңыз: Троцкий, А. Г.

Тан (Богораз, В. Г.) (1865—1936) — халықшылдық бағыттағы жазушы-публицист, этнограф және тіл маманы. 80-жылдарда

халық ерікшілдік қозғалысқа қатысты, 1889 жылы Сибирьге жер аударылды; айдаудан қайтып келген соң «жария марксистердің» «Начало» және «Жизнь» журналдарының редакциясы құрамына енді. 1905 жылы Шаруалар одағын құруға қатысты. 1906 жылы ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды, трудовиктерге жақын позиция ұстаған «Родная Земля» газетіне жазып тұрды. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Ленинград мемлекеттік университетінің этнография профессоры және Ғылым академиясының Антропология және этнография музейінің бөлім меңгерушісі; кейін — СССР Ғылым академиясының Дін тарихы музейінің директоры; Солтүстік Комитетін құрудың, Солтүстік халықтары үшін жазуды жасаудың инициаторларының бірі, чукот тілінің алғашқы оқулықтарының, сөздіктерінің және грамматикасының авторы болды. — *298, 310—311, 325.*

Троицкий, А. Г. (Таг—ин) — статистик. 1905 жылы эсерлер партиясының сол қанатына — «максималистерге» қосылды. 1907 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін қайтадан «максималистерге» қосылды, бірақ көп ұзамай олардан қол үзіп, эсерлер партиясына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін біраз уақыт РКП(б) мүшесі болды; 1921 жылы партиядан шықты, саяси қызметтен қол үзді; бірқатар совет мекемелерінде статистик болып істеді. — *100.*

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, идеалист-философ. Киев университетінде, одан кейін Москва университетінде право философиясының профессоры болды. Публицист, орыс идеалистерінің «Идеализм проблемалары» (1902) деген программалық жинағына қатысты, «Русские Ведомостиге» және басқаларына жазып тұрды. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан — конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны жаныштауында, елде столыпиндік режим орнатуда белсенді роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) — орыс империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникиншіл. Бірқатар философиялық дінимистикалық еңбектердің авторы. — *14, 15.*

Тыркова, А. В. (Вергежский, А.) (1869 ж. туған) — кадет партиясының көрнекті публицисі. Әдеби қызметін 1899 жылы бастады. 1906 жылы кадеттер партиясы Орталық Комитетіне кірді; кадеттер партиясы қаржы беріп отырған «С.-Петербург баспасөз бюросының» меңгерушісі болып істеді. «Речь» газетіне және басқаларына жазып тұрды. Октябрь социалистік рево-

Х

Ц

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары — эсерлердің орталық органы — «Революционная Россия» газетінің редакторы. Марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жазып, Маркстің теориясын ауыл шаруашылығына қолдануға жарамайды-мыс дегенді дәлелдеуге тырысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің егін шаруашылығы министрі болды, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау шараларын қолдануды ұйымдастырушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп те антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ. — *100, 327.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россияның 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалысының идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол социализмге шаруалар қауымы арқылы өтуге болады деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруалар революциясы идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 107-бет). Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский тек қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы еді. Чернышевскийдің материализмі революциялық, пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатал сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта жасауға ұмтылды. Саяси экономия, тарих, эстетика, көркем сын саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің шығармаларын зерттеген К. Маркс бұл шығармаларды өте жоғары бағалады және Чер-

нышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский - 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін тұтас философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс тұрмысының артта қалуы себепті Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Чернышевскийдің қаламынан философия, саяси экономия, тарих, әдебиет, этика, эстетика саласында толып жатқан тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романынан тәлім-тәрбие алды. — *290, 305.*

Чиркин, В. Г. (Х.) (1877—1954) — жұмысшы; революциялық қозғалысқа 1903 жылдан араласты. 1905 жылдың басында меньшевиктерге қосылды. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Меньшевиктерден РСДРП V (Лондон) съезіне делегат болып сайланды. 1906 жылдан—кәсіптік қозғалысқа белсене қатысты. Бірнеше рет тұтқынға алынды және жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Советтердің I және II съездерінің делегаты. 1918 жылы меньшевиктерден қол үзді, 1920 жылы большевиктер партиясына кірді. Шаруашылық саласында жауапты қызметте болды. — *377.*

Ш

Шипов, Д. Н. (1851—1920) — ірі помещик, земство қозғалысының көрнекті қайраткері, баяу либерал. 1893 жылдан 1904 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының председателі болды. 1904 жылдың ноябрінде —«Земство қайраткерлері жеке кеңесінің» председателі. 1905 жылғы ноябрьде — «17-октябрь одағын» ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің председателі. 1906 жылы «Одақтан» шығып, «бейбіт жаңарту» партиясы лидерлерінің бірі болды; нақ сол жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. 1911 жылы саяси қызметтен қол үзді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, «Ұлттық орталық» деген контрреволюциялық ақ гвардиялық ұйым басшыларының бірі болды. — *29, 217.*

Щ

Щедрин — қараңыз: Салтыков-Щедрин, М. Е.

Э

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Сентябрь, 1906 — февраль, 1907)

1906

1906 жылғы сентябрь — 1907 жылғы февраль.	Ленин Финляндияда, Куоккалада, «Ваза» дачасында тұрады; большевиктердің жұмысына басшылық етеді. Ленинге большевиктік органдардың редакция мүшелері, РСДРП Петербург комитетінің және басқа комитеттердің өкілдері келеді.
	Ленин большевиктік құпия газет — «Пролетарийді» редакциялайды; мақалаларды және жергілікті жерлерден келген корреспонденцияларды қарайды, оларды газетте басуға әзірлейді.
	Ленин бұқаралық құпия жұмысшы газеті — «Вперeдке» («Пролетарий» газетінің басылымы) басшылық етеді.
30 сентябрь (13 октябрь).	Лениннің «Мемлекеттік жаңа төңкеріс әзірленіп жатыр!» (бас мақала), «Партизан соғысы», «Орыс саяси партияларын жіктеу тәжірибесі» деген мақалалары және «Партизан соғысы туралы мәселе жөнінде» деген заметкасы «Пролетарий» газетінің 5-номерінде жарияланды.
Октябрьдің басы.	Ленин ««Социал-Демократтың» 1-номері жөнінде заметкалар» жазады.
10 және 28 октябрь (23 октябрь мен 10 ноябрь) аралығында.	Ленин «Партияның төтенше съезін шақыру туралы» деген мақала жазады. Мақала оған постскриптуммен қоса 1906 жылы 10 ноябрьде «Пролетарий» газетінің 7-номерінде жарияланды.
13 (26) октябрьден кешірек.	Ленин «Мартов пен Череваниннің буржуазиялық баспасөздегі пікірі» деген кітапша жаза-

ды. Кітапшаны 1906 жылы октябрьде Петербургте «Пролетарское дело» баспасы шығарды.

18 (31) октябрь. Лениннің «Орыс радикалының ақылы кейін келеді!» деген мақаласы большевиктік «Вестник Жизни» жария журналының 12-номерінде басылды.

29 октябрь (11 ноябрь). Лениннің «Кадеттік съездің қорытындылары жөнінде» (бас мақала) және «Революциялық ортадағы тоғышарлық» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 6-номерінде жарияланды.

Октябрьдің аяғы. Ленин «Социал-демократия және сайлау келісімдері» деген кітапшасын жазады. Кітапшаны 1906 жылы ноябрьде Петербургте «Вперед» баспасы шығарды.

2 (15) ноябрь. Ленин Таммерфорста РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы делегаттарының конференцияның жұмыс тәртібін белгілеу жөніндегі алдын ала өткен мәжілісіне қатысады.

3 (16) ноябрь. Ленин РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясының бірінші мәжілісінде президиумға сайланады.

Ленин конференцияның күн тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді; жергілікті партия ұйымдарында Бундпен бірігу қалай өтіп жатқаны туралы мәселені талқылауды жақтаған пікір айтады.

3—7 (16—20) ноябрь. Ленин конференция мәжілістерінің арасындағы үзілістерде большевиктік фракцияның кеңестеріне басшылық етеді, партия ұйымдарының жергілікті жерлердегі жұмысы туралы большевик-делегаттармен әңгімелеседі; Поволжьеден келген делегат А. Богдановпен (А. Волжскиймен) әңгімесінде большевиктердің шаруалар арасындағы жұмысы жайында сұрайды.

4 (17) ноябрь. Ленин конференцияда II Мемлекеттік дума сайлауы науқаны туралы мәселе бойынша баяндама жасайды және қорытынды сөз сөйлейді.

6 (19) ноябрь. Ленин конференцияда сайлау платформасының РСДРП Орталық Комитеті ұсынған меньшевиктік жобасын сынап сөз сөйлейді; Лениннің ұсыныстары сайлау платформасының жобасына түзетулер енгізу туралы қабылданған қарардың негізі етіп алынды.

Ленин конференцияның 14 делегаты атынан сайлау науқанындағы большевиктік платформаны — «Ерекше пікірді» ұсынады.

Ленин жарыс сөздерде партияның төтенше съезін шақыруды жақтап сөз сөйлейді.

7 (20) ноябрь. Ленин «жұмысшы съезін» жақтаған үгіт туралы мәселені конференцияның «партиялық тәртіпті бұзу туралы мәселе ретінде» талқылауын талап етеді.

Конференция «Жергілікті жерлердегі сайлау науқанының бірлігі туралы» қарарға Лениннің түзетуін қабылдайды.

10 (23) ноябрь. Лениннің «Тарих қалай жазылады...», ««Социал-демократия және сайлау науқаны» деген мақалаға постскриптум» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 7-номерінде жарияланды.

16 (29) ноябрьден ертерек. Куоккаладағы Ленинге Е. М. Ярославский мен И. Х. Лалаянц — РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының Таммерфорстағы большевиктік бірінші конференциясын шақыруды ұйымдастырушылар келеді. Ленин олармен әңгімесінде конференция шақыру идеясын мақұлдады.

Конференцияны әзірлеуге арналған кеңесте Ленин ұйымдастыру бюросына әскери және жауынгерлік ұйымдардың өкілдерімен қатар конференцияға аса ірі большевиктік партия ұйымдарының өкілдерін де шақыруды ұсынды.

Ленин конференцияны шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросынан конференцияның жұмысына қатысуға шақырған хат алады.

Ленин РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының большевиктік Бірінші конференциясын ұйымдастырушыларға хат жолдайды, онда конференцияның талқылауына

	қойылған мәселелердің маңыздылығы атап көрсетіледі.
1906 жылғы 15 (28) ноябрь және 1907 жылғы 15 (28) январь аралығында.	Ленин Петербургте Нева ауданындағы Семянников кіші ауданының жұмысшыларына «Батыстағы және біздегі сайлау келісімдері» деген тақырыпта лекция оқиды.
22 ноябрь (5 декабрь).	Ленин РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының Бірінші конференциясына қатысушылар — М. Н. Лядовпен және И. А. Саммермен (Любичпен) конференцияның қорытындылары жайында әңгімелеседі.
22 ноябрьден (5 декабрьден) кешірек.	Ленин II Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі сайлау науқанына большевиктердің қатысуына басшылық ету үшін, сондай-ақ РСДРП V съезіне делегаттар сайлауды ұйымдастыру үшін М. Н. Лядовты Уралға жібереді.
23 ноябрь (6 декабрь).	Лениннің «Сайлаушыларға арналған үндеудің жобасы» (бас мақала) «Кадеттермен блок жасасу туралы», «Кадеттенуші социал-демократтармен күрес және партиялық тәртіп», «Армавир социал-демократтары сайлау науқанын қалай жүргізуде?» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 8-номерінде басылды.
	Ленин жазған «Мемлекеттік думаға кімді сайлау керек?» деген листовка «Пролетарий» газетінің 8-номеріне қосымша түрінде басылды.
29 ноябрь (12 декабрь).	Петербург комитетінің бір топ үгітшілері сайлау науқанында үгітшілер коллегиясына басшылық ету Ленинге тапсырылатын болсын деген шешім шығарды.
30 ноябрьден (13 декабрьден) ертерек.	Ленин Москва торабы РСДРП темір жол бюросының органы—«Железнодорожник» газетінің 1-номерін редакциялауға қатысады (Финляндияда «Пролетарий» газетінің баспаханасында басылды).
7 (20) декабрь.	Лениннің «Сенаттық жаңа түсініктеме» (бас мақала) және «Меньшевизмнің дағдарысы» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 9-номерінде жарияланды.
10 (23) декабрь.	Ленин «Пролетариат және оның орыс революциясындағы одақтасы» деген мақала жазады.

	Мақала 1906 жылы 20 декабрьде «Пролетарий» газетінің 10-номерінде жарияланды.
10 (23) декабрьден кешірек.	Ленин К. Каутскийдің «Орыс революциясының қозғаушы күштері және перспективалары» деген еңбегінің орысша аудармасын редакциялайды және осы кітапшаға алғы сөз жазады. Кітапша Лениннің редакциясымен 1907 жылы Москвада шықты.
14 (27) декабрь.	Ленин «Үкіметтің Думаның оңін айналдыруы және социал-демократияның міндеттері» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 20 декабрьде «Пролетарий» газетінің 10-номерінде бас мақала болып жарияланды.
20 декабрь (2 январь, 1907 ж.).	Лениннің «Бундтың органындағы бір мақала жөнінде», «Жұмысшы съезі және эсерлермен бірігу» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 10-номерінде жарияланды.
24 декабрь (6 январь, 1907 ж.).	Лениннің «Саяси жағдай және жұмысшы табының міндеттері» деген мақаласы большевиктік «Тернии Труда» апталығының 1-номерінде бас мақала болып жарияланды.
27 декабрьден (1907 ж. 9 январьдан) кешірек.	Ленин В. Либкнехттің «Ешқандай ымыра, ешқандай сайлау келісімі болмасын!» деген кітапшасының орысша аудармасына алғы сөз жазады. Кітапша 1907 жылы Петербургте шықты.
28 декабрь (10 январь, 1907 ж.).	Ленин Самара большевиктерінің сұрауы бойынша «Жұмысшы партиясының міндеттері және шаруалар» деген мақаласын жазып, оны Петербургтен Самараға большевиктік «Самарская Лука» газетінің редакциясына жібереді.
31 декабрь (13 январь, 1907 ж.).	Лениннің «Дума сайлауына буржуазиялық партиялар мен жұмысшы партиясы қалай қарайды?» деген мақаласы «Тернии Труда» апталығының 2-номерінде бас мақала болып жарияланды.
Декабрьдің аяғы.	Ленинге қарындасы Мария Ильинична Ульянова келеді.
Декабрь.	Ленинге Москва темір жол аудандық партия комитетінің мүшесі Л. Г. Хаин келеді; ол «Железнодорожник» газетінің екінші номері-

не арналған материалдарды әкеледі. Ханинмен әңгімесінде Ленин Москва темір жолшылары арасындағы партиялық жұмыстың жайын сұрайды.

1907

6 (19) январь. Ленин РСДРП Петербург ұйымының Териокиде өткен конференциясына қатысады (Москва ауданының Обводный және Сапожный кіші аудандарынан делегат болып сайланды).

Ленин конференция президиумына сайланады, мандаттарды бекіту туралы мәселе жөнінде жарыс сөзде сөйлейді.

Ленин конференцияда алдағы Дума сайлауындағы сайлау келісімдері туралы баяндама жасайды.

6 және 14 (19 және 27) январь аралығында. Ленин «Жұмысшы партиясының Петербургтегі сайлау науқаны» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 14 январьда большевиктік «Простые Речи» апталық газетінің 1-номерінде бас мақала болып жарияланды.

7 (20) январь. Лениннің «Плеханов пен Васильев» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 11-номерінде жарияланды.

13—14 (26—27) январь. Ленин «Социал-демократия және Дума сайлауы» деген кітапша жазады. Кітапша 1907 жылы январьда Петербургте шығарылды.

15 (28) январь. Ленин ««Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң»... (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)» деген кітапша жазады.

16 (29) январь. Полиция департаменті Петербургтің охранка бөліміне Куоккалада тұратын В. И. Ленинде «көп адам қатысқан жиналыстар жиі өтетінін» хабарлайды.

18 (31) январь. Ленин «Социал-демократияның Петербургтегі сайлау науқаны» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 21 январьда «Простые Речи» газетінің 2-номерінде жарияланды.

19 январь (1 февраль). Ленин «Бір сатыдан бір саты» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 25 январьда «Пролетарийдің» 12-номерінде жарияланды.

19 немесе 20 январь (1 немесе 2 февраль).	Ленин «31 меньшевиктің наразылығы» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 25 январьда «Пролетарий» газетінің 12-номерінде жарияланды.
20 январь (2 февраль).	Ленин «Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» деген кітапша жазады. Кітапшаны 1907 жылы январьда «Новая дума» баспасы шығарды.
21 және 25 январь (3 және 7 февраль) аралығында.	Ленин «Петербургтегі сайлау және оппортунизмнің дағдарысы» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 25 январьда «Пролетарий» газетінің 12-номерінде бас мақала болып жарияланды.
25 январь (7 февраль).	Лениннің «Петербургтегі сайлауда қалай дауыс беру керек? (Петербургтегі сайлауда қаражүздіктердің жеңіп кету қаупі бар ма?)» деген мақаласы «Зрение» газетінің 1-номерінде жарияланды.
30 январь (12 февраль).	Лениннің «Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау» және «Социал-демократтар мен эсерлердің С.-Петербургтегі жұмысшы куриясында болған сайлаудағы күресі» деген мақалалары «Простые Речи» газетінің 3-номерінде басылды.
Январьдың аяғы.	Ленинді «Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» деген кітапшасы үшін меньшевиктік Орталық Комитет партия сотына тартады.
Февральдің басы.	Ленин партия сотында сөйлейтін қорғану сөзін (немесе меньшевиктік Орталық Комитетке қарсы айыптау сөзін) жазады; бұл сөзді Петербургтегі 234 большевиктің жиналысы, Петербург (қалалық және округтік) социал-демократиялық ұйымының конференциясы, сондай-ақ Петербург большевиктерінің көптеген аудандық және заводтық жиналыстары қолдады.
	Ленин қалалық жұмысшы куриясы бойынша сайламшылардың РСДРП Петербург комитеті ұсынған тізіміндегі адамдарға берілген дауыстар санын есептеп шығарады. Бұл есептеу РСДРП Петербург комитетінің листовкасы қағазында жасалған және Ленин оны «Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау

	қорытындылары» деген мақаласында пайдаланды.
4 (17) февральдан ертерек.	Ленин кадеттердің Столыпинмен келіс сөздері туралы мақала жазады. Мақала большевиктік «Труд» газетінде жарияланды.
4 (17) февраль.	Лениннің «Петербургтегі сайлауда қалай дауыс беру керек? (Қаражүздік қауіп туралы ертегілер кімге тиімді?)», «Москвадағы сайлау туралы алғашқы мәліметтер» және «Саяси лидвалиада» деген мақалалары «Зрение» газетінің 2-номерінде басылды.
	Ленин «Петербургтегі сайлаудың маңызы» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 11 февральда «Пролетарийдің» 13-номерінде жарияланды.
5 (18) февраль.	Ленин К. Маркстің Л. Кугельманға жазған хаттарының орысша аудармасына алғы сөз жазады. Кітапша Лениннің редакциясымен 1907 жылы Петербургте шықты.
7 (20) февраль.	Ленин «Екінші Дума және революцияның екінші толқыны» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 11 февральда «Пролетарийдің» 13-номерінде бас мақала болып жарияланды.
7 және 16 (20 және 29) февраль аралығында.	Ленин Петербург (қалалық және округтік) социал-демократиялық ұйымы конференциясының үшінші сессиясында дума науқаны және социал-демократтардың думадағы тактикасы туралы мәселе бойынша баяндама жасайды.
9 (22) февраль.	Ленин «Петербургтегі сайлаудың қорытындылары» деген мақала жазады. Мақала 1907 жылы 11 февральда «Пролетарийдің» 13-номерінде жарияланды.
	Ленин Москва ауданындағы солшыл партиялар блогынан II Мемлекеттік думаға депутаттар сайлау үшін сайламшылыққа өтеді.
11 (24) февраль.	Лениннің «Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау қорытындылары», «Россияның оңтүстігіндегі жұмысшы куриясы бойынша сайлау туралы кейбір мәліметтер» және «Петербург қаласындағы Москва ауданының II Дума сайлауы туралы есебі жөнінде» деген мақалалары «Пролетарийдің» 13-номерінде басылды.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1907 ж.

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.
Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1976.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).

Т. 14. Сентябрь 1906 — февраль 1907.
606 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар:
С. Ф. Буточникова мен *М. М. Виссер*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. А. Кашницкая

Есімдер көрсеткішін дайындаған
А. Е. Иванов

Редактор *К. А. Остроухова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 23/VI 1975 г. Подписано к печати 24/V 1976 г
Формат 84×108$^{1}/_{32}$—19,75+2 вкл. $^{1}/_{8}$ п. л. 33,3 усл. п. л. (31,2 уч.-изд. л.)
Тираж 15000 экз. Бумага тип. № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 1106. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.